Глобальный индекс кибербезопасности является многосторонней инициативой созданной для оценки уровня кибербезопасности в различных странах. Уровень развития страны в сфере кибербезопасности оценивается по пяти категориям: правовые меры, технические меры, организационные меры, повышение качества и сотрудничество[Международный союз электросвязи, 2019].

Основная часть

Согласно последнему отчету МСЭ в Глобальном индексе кибербезопасности за 2018-2019 гг. лидирующие позиции заняли Великобритания(1 место) и США (2 место).

Среди стран СНГ лидирующую позицию заняла Россия (26 место). Казахстан находится на 40 месте, Узбекистан 52 место, Азербайджан 55 место. Далее следуют Беларусь (69), Армения (79), Таджикистан (107), Киргизстан (111) и Туркменистан (143).

Рассмотрим более подробно опыт отдельных стран, достигших значительных результатов в сфере противодействия киберпреступлениям.

США

Первая стратегия кибербезопасности появилась в 2003 году в США. Основные направления деятельности и понятийный аппарат в сфере обеспечения безопасности страны в киберпространстве впервые были изложены в «Национальной стратегии обеспечения кибербезопасности США», опубликованной в 2003 году.

США после событий 11 сентября 2001 года, когда террористическим нападения подверглись башни Торгового центра в Нью-Йорке, стали на путь усиления национальной безопасности, т.е. обеспечения кибербезопасности, информационной безопасности, защищаясь от несанкционированных вторжений в страну.

Сразу после нападения, Конгрессом США был принят новый антитеррористический закон «Патриотический Акт 2001 года»[1], в котором было дано законодательное понятие «кибертерроризма», с отнесением к нему квалифицированных форм хакерства и нанесения ущерба защищенным компьютерным сетям граждан, юридических лиц и государственных ведомств.

Специальный раздел этого закона (Sec. 217) санкционирует перехват незаконных компьютерных сообщений и даёт определение «компьютерного правонарушителя», которым считается лицо, добившееся несанкционированного доступа к защищённому компьютеру.

В 2002 г., Конгресс США одобрил Закон об укреплении кибербезопасности (Cybersecurity EnhancementActof 2002)[2], основное содержание которого состоит в корректировке уголовного кодекса в отношении наказаний за киберпреступления, ужесточая действия хакера и дает свободу правоохранительным органам.

В июле 2011 года Пентагоном принята «Стратегия действий министерства обороны США в киберпространстве», которая официально закрепила за киберпространством статус одной из ключевых сфер ведения боевых действий наряду с традиционными [Гаврилов В., 2012].

Наряду с Министерством обороны, в США действуют другие органы отвечающие за кибербезопасность страны. Одним из таких организаций является Национальный центр кибербезопасности (англ. NationalCybersecurityCenter, NCSC) – подразделение министерства внутренней безопасности США, созданное в марте 2008 года в соответствии с Национальной Директивой по безопасности Президента 54/ Внутренней безопасности Президентской директивой 23 (NSPD-54/HSPD – 23), находится в прямом подчинении министра внутренней безопасности. На Центр возложена защита сетей связи правительства США, включая мониторинг, сбор и обмен информацией о системах, принадлежащих АНБ, ФБР, Пентагону и министерству внутренней безопасности[Национальный центр кибербезопасности США, 2016].

Говоря об американской системе управления воздушным движением, эксперты по кибербезопасности отмечают ее обособленность от связанной с Интернетом административной системы Федерального авиационного агентства (FAA). Поэтому захватить самолет «дистанционно» в принципе не возможно.

Федеральные агентства стараются не приобретать стандартные (готовые) программные продукты и настаивают на разработке собственных специализированных (уникальных) ведомственных информационных систем. Конечно, это порождает неэффективность расходов, но с другой стороны обеспечивает защиту от внешних проникновений – кроме разработчиков, подобные специализированные системы никто не может знать настолько, чтобы взломать их. В этом смысле известную несовместимость компьютерных систем, ФБР и Эмиграционной службы США можно считать положительным явлением, позволяющим им защититься от хакерских атак [Роговский Е.А., 2007]

В 2002 г. в США был принят Закон об исследованиях в области кибербезопасности (CybersecurityR esearchandEducationActof 2002), где определены понятие «кибербезопасности».

Кроме того, основной целью Закона было создание базы знаний по защите компьютерных и информационных систем от несанкционированного доступа, а также подготовку специалистов в области кибербезопасности.

[1] URLhttps://www.justice.gov/archive/ll/highlights.htm

[2] URL https://www.congress.gov/bill/107th-congress/house-bill/3482

Суть этого Закона состоит в том, чтобы обеспечить под эгидой Национального научного фонда (NationalScienceFoundation) финансирование и запустить в ВУЗах США реализацию ряда программ, расширяющих подготовку специалистов по кибербезопасности, в частности, программ послевузовской специализации студентов (аспирантуры), а также программ, стимулирующих наиболее продвинутых студентов участвовать в реальных исследованиях и разработках по актуальным вопросам кибербезопасности (так сказать, «на докторском уровне»).

В 2006 году США принял закон о киберпространстве, который был негативно воспринят интернет пользователями так как, был установлен запрет на конфиденциальность в интернет пространстве.

Тогда же подготовлен законопроект «Защита киберпространства как национального достояния», который позже (2010 г.) был заменен на «Исполнительный законопроект о координации в киберпространстве», дающий право Президенту США отключать пользователей от сети Интернет на всей территории страны сроком до 120 дней в случае чрезвычайных обстоятельств, в том числе на информацию, направленную на информационное воздействие на общественное и индивидуальное сознание, связанное с преднамеренным искажением и распространением недостоверной информации в ущерб национальной безопасности.

Согласно Акту о защите детей от Интернета 2001 годаФедеральная комиссия по связи США в досудебном порядке имеет право заблокировать путем фильтрации интернет-контента в школах, публичных библиотеках и университетах сайты, содержащие информацию непристойного и порнографического содержания, а также материалы вредные для несовершеннолетних.[3]

В настоящее время конгресс США рассматривает новый законопроект о кибербезопасности, который предусматривает ужесточение наказания за киберпреступления и фактическое уравнивание определения их общественной опасности с реальными преступлениями.

Грузия

Грузия привела законодательство о кибрепреступности в соответствии с принципами и правилами Будапештской конвенции (принятой в 2001 году) с точки зрения материальных и процедурных аспектов. Незаконное проникновение в информационную систему, данные и создание проблем в системе, и злоупотребление устройствами караются Уголовным кодексом Грузии [BlackSeaPress, 2017].

Грузия полностью придерживается рекомендациям НАТО, где одним из ключевых факторов по успешному противодействию киберпреступности является создание собственного механизма кибероборонь.

В этой связи в 2013 году в стране была разработана стратегия и первый план действий по кибербезопасности на 2013-2015 годы. Основными задачами стратегии явились: проведение исследований в области кибербезопасности, совершенствование нормативной базы, координацию на институциональном уровне,повышение осведомленности граждан при помощи информационно-разъяснительной и образовательной деятельности и международное сотрудничество.

В конце 2015 года был разработан новый План действий по стратегии и развитию в области кибербезопасности на 2016-2018 годы включающий в себя новые проекты и меры, необходимые для обеспечения кибербезопасности.

Кроме того в Грузии принят «Закон об информационной безопасности». Основной задачей которого является определение обязанностей и ответственности государственного и частного секторов, создание механизмов государственного контроля исполнения политики в области информационной безопасности и поддержка эффективной реализации закона.

Специальными подразделениями ответственными за кибербезопасность в Грузии являются Агентство по обмену данными и Бюро кибербезопасности Министерства обороны Грузии.

Агентство по обмену данными при Министерстве юстиции было создано в 2010 году. Основными задачами Агентства являются

– разработка стандартов для электронного управления, инфраструктур обмена данными и информационно-коммуникационной сферы Грузии, а также реализация политики в области информационной безопасности. В компетенцию Агентства входит обеспечение кибербезопасности всей правительственной сети, включающей 36 объектов критической инфраструктуры. Агентство устанавливает минимальные требования по информационной безопасности для критических информационных систем.

[3] https://www.fcc.gov/consumers/guides/childrens-internet-protection-act

В структуре Агентства функционирует Компьютерная группа реагирования на чрезвычайные ситуации (CERT) – она отвечает за реагирование на киберинциденты и наблюдение за работоспособностью правительственной сети Грузии. CERT уполномочен требовать доступ к критическим информационным системам или активам.

Уголовное преследование киберпреступлений в Грузии осуществляет Отдел по борьбе с киберпреступностью Центрального отделения криминальной полиции при МВД Грузии.

В рамках Отдела функционирует круглосуточный контактный центр, в функции которого входит обмен информацией о киберпреступлениях с другими членами Конвенции Совета Европы о киберпреступности.

В Уголовном кодексе Грузии существует специальный раздел «Киберпреступления» включающий в себя три состава преступления:

– самовольное проникновение в компьютерную систему (статья 284);

– незаконное использование компьютерных данных или (и) компьютерных систем (статья 285);

– посягательство на компьютерные данные или (и) компьютерную систему (статья 286).[4]

Закон Грузии «О порядке планирования и координации политики национальной безопасности» определяет информационную безопасность как составную часть национальной безопасности. Согласно документу, органами, отвечающими за планирование политики в области национальной безопасности, являются Совет национальной безопасности и Совет по государственной безопасности и управлению кризисами.[5]

В 2012 году Грузия ратифицировала Конвенцию Совета Европы о компьютерных преступлениях (Будапешт, 23 ноября 2001 года), тем самым разделяет общие руководящие принципы стран-участниц Конвенции. Страна планирует создать эффективную нормативную базу на национальном уровне и развивать международное сотрудничество.

В 2014 году Бюро кибербезопасности Министерства обороны Грузии разработала новую политику кибербезопасности. На сегодняшний день Бюро осуществляет разработку эффективных систем в области информационных технологий для Министерства обороны и структурных подразделений Генштаба.

Компьютерная группа реагирования на чрезвычайные ситуации при Бюро ведет мониторинг и защиту критической инфраструктуры и инфраструктуры связи Министерства обороны от киберугроз и рисков.[Гоциридзе А., 2016**]**

Впервые элементы кибероборонны были включены в военные командно-штабные учения «Дидгори-2014» и «Дидгори-2015». Наряду с Генеральным штабом в учениях приняли участие МВД, Совет государственной безопасности и управлению кризисами и а также другие службы. Международное сотрудничество с НАТО в области кибербезопасности и совместное реализация с НАТО таких проектов как «Умная оборона» является одной из ключевых факторов для развития кибероборонны Грузии.

В 2014 году сотрудники Бюро приняли участие в военных учениях НАТО «Сомкнутые щиты» и «Киберкоалиция» в качестве слушателей. Грузия ведет активные переговоры по укреплению сотрудничества с НАТО с целью участия в его учениях. Саммит НАТО прошедший в 2014 году признал чрезвычайную важность кибербезопасности для НАТО. Представители Альянса отметили, что совместные киберученья не только желательны, но и необходимы.

Республика Корея

В целях противодействия киберпреступности в Корее в 2012 году был основан Центр кибербезопасности прокуратуры (Prosecutor'sCybersecurityCenter). Способ организации службы кибербезопасности в Генеральной прокуратуре Республики Корея на деле доказал свою эффективность, т.к. с момента создания ЦКБП не отмечено ни одного значительного инцидента кибербезопасности[Службакибербез опасности Кореи, 2012].

Увеличение количества кибератак на сайты государственных органов, средства массовой информации и банковскую систему в период с 2009 по 2011г.г. заставило правительство обучить 5000 экспертов в сфере кибербезопасности.

ЦКБП представляет собой центр мониторинга информационных систем (система электронного документооборота, сервер электронной почты и других информационных ресурсов и систем) и систем кибербезопасности (анализ электронных журналов и корреляция событий, анализ вирусной активности, средств предотвращения утечек информации и других источников событий).

[4] URL https://matsne.gov.ge/ka/document/download/16426/143/ru/pdf.
[5] URL https://matsne.gov.ge/en/document/download/2764463/2/ru/pdf

ЦБКП функционирует в режиме 24/7 без праздников и выходных. Для обеспечения такого режима организовано дежурство в 4 смены по 2 человека в смене. Общая численность ЦБКП составляет 4 штатных специалиста Генеральной прокуратуры Республики Корея и 13 работников подрядной организации.

Таким образом, при сопоставимой штатной численности с Генеральной прокуратурой Республики Казахстан, в центральном аппарате Генеральной прокуратуры Южной Кореи вопросами кибербезопасности занимается 17 высококвалифицированных специалистов по кибербезопасности.

Необходимо отметить, что в настоящее время все дежурные специалисты ЦКБП являются работниками подрядной организации. Однако Генеральная прокуратура Республики Корея, в силу не озвученных обстоятельств, пришла к выводу о целесообразности полного кадрового обеспечения ЦКБП специалистами из собственного штата. В этой связи с 2016 года планируется соответствующее увеличение штатной численности Генеральной прокуратуры Республики Корея.

Израиль

Являясь самой компьютеризированной страной на Ближнем Востоке, Израилем при Общей службе безопасности (ШАБАК) был создан отдел по информационной безопасности, контролирующий критически важные национальные инфраструктуры, в том числе производство электроэнергии, водоснабжение и т.д. [Служба безопасности Израиля, 2019]. Осознание растущих кибернетических угроз, как в военной, так и в гражданской области, привело к решению о создании специальной группы, состоящей из почти сотни специалистов, которая год спустя представила рекомендации относительного нововведений на национальном уровне ради подготовки к будущим угрозам кибервойны. Нововведения касались не только разработки конкретных технологий, но и создания необходимой инфраструктуры, включающей сотрудничество промышленных и академических кругов со структурами национальной безопасности, образовательные программы в рамках школьной системы обучения, создание академических центров повышения квалификации, критических национальных систем и многие другие проекты [Инфокоммуникационный холдинг «Зерде», 2019]

В итоге в 2011 году для обеспечения контроля, планирования и осуществления указанных нововведений было создано Национальное бюро израильской кибербезопасности. По мере того, как эта проблема становилась все более актуальной в мировом масштабе, накопленный в Израиле опыт и соответствующая правительственная стратегия постепенно превратили отдельные частные компании в мощный сектор экономики страны. Сегодня инфраструктура сферы кибербезопасности в Израиле включает примерно полторы сотни компаний, в том числе уже состоявшиеся фирмы вроде CheckPoint, и стартапы, венчурные фонды, инвестирующие именно в эту сферу, вроде JerusalemVenturePartners (JVP) CyberLabs, а также научно-исследовательские проекты, реализующие сотрудничество между высокотехнологическими компаниями и академическими кругами. Другими словами, по мере увеличения количества и развития израильских компаний намечается новая тенденция. Из поставщика стартапов Израиль постепенно превращается в международный центр высоких технологий, и в первую очередь в ведущего мирового лидера в области кибербезопасности.

Сингапур

В целях противодействия киберпреступлениям страны в Сингапуре было создано специальное Агентство кибербезопасности[Агентство кибербезопасности Сингапура, 2019]. Агентство является государственным органом при Канцелярии Премьер Министра и осуществляет функции надзора в сфере кибербезопасности, координирует работу и обеспечивает защиту госдарственных и частных структур, взаимодействует с различными заинтереосванными сторонами в целях повышения осведомленности о киберугрозах, а также обеспечение кибербезопасности страны.

При Генеральной прокуратуре в создан отдел по преступлениям в сфере информационных технологий (TechnologyCrimeUnit) входящий в Департамент по финансовым и информационным техонологиям. Сотрудникам отдела предоставляется специальная подготовка, включая обучение в области цифровой криминалистики и других технических областях. Кроме того, сотрудники отдела на постоянной основе посещают конференции и семинары по киберпреступности и кибербезопасности, чтобы быть в курсе последних событий и тенденций.

Правовое регулирование вопросов кибербезопасности в Сингапуре основано на Законе о кибербезопасностикоторый был принят 5 февраля 2018 года и подписан президентом 2 марта 2018 года. Закон

устанавливает правовую основу для надзора и поддержания национальнойкибербезопасности в Сингапуре. Основные цели Закона заключаются в следующем:

1. Усиление защиты критической информационной инфраструктуры (КИИ) от кибератак..

2. Наделение Агентства по кибербезопасности полномочиями по предотвращению и быстрому реагированию на угрозы и инциденты в кибербезопасности. Закон уполномочивает Комиссара по кибербезопасности расследовать угрозы и инциденты в кибербезопасности для определения их воздействия и предотвращения дальнейшего ущерба или инцидентов, связанных с кибербезопасностью.

3. Создание структуры для обмена информацией по вопросам кибербезопасности. Закон также способствует обмену информацией имеющей существенное значение, поскольку своевременная информация помогает правительству и владельцам компьютерных систем выявлять уязвимости и более эффективно предотвращать инциденты в киберпространстве.

4. Установление упрощенной формы лицензирования субъектов предоставляющих услуги кибербезопасности. Агентство по кибербезопаности использует облегченную форму лицензирования двух видов: тестирование на проникновение и мониторинг центра управления безопасностью.

Несоблюдение закона или препятствование его выполнению, является преступлением, которое может повлечь за собой тюремное заключение сроком до 10 лет и штраф в размере 50 тыс. сингапурских долларов (около 40 тыс. долларов США)[SecurityLab, 2013].

Заключение

Анализ опыта зарубежных стран, занимающих лидирующие позиции в мировых рейтингах кибербезопасности имеют следующие преимущества и особенности:

– разработана эффективная нормативная правовая база (приняты ряд законов, утверждены планы и стратегии по кибербезопасности,);

– созданы специализированные ведомства (Агентства, Центры, Отделы ит.д.) по противодействию киберпреступности и расследованию преступлений в сфере информационных технологий

– реализуются проекты по информационной безопасности и повышению уровня грамотности населения в сфере IT технологий;

– на постоянной основе ведется специальная подготовка, ученья и тренинг специалистов в области кибербезопасности;

– налажено международное сотрудничество с зарубежными организациями и правоохранительными органами

– ратифицированы основные конвенции в области кибербезопасности, созданы специальные круглосуточные контакт центры (24/7) при различных правоохранительных и государственных органах для быстрого реагирования на киберугрозы.

Таким образом, высокие темпы информатизация и масштабы угроз от киберпреступлений требуют от государства серьезного внимания к развитию национальной системы в области обеспечениякибербезопасности. Государство должно предусматривать разработку необходимой нормативно-правовой базы и повышение эффективности работы соответствующих институциональных структур с учетом зарубежного опыта в этой сфере.

С учетом проанализированного нами зарубежного опыта в целях эффективного противодействия киберугрозам, пологамемнеобходимым формировать налаженную инфраструктуру используя специальные программы, которые противостоят кибератакам, выбирать надежные защитные программы воздержившись от использования программ, признанных ненадежными на международном уровне, а также на постоянной основе проводить анализ и исследования в области киберугроз.

Примечание

Статья написана в рамках грантового исследования Министерства образования и науки Республики Казахстан по проекту «Совершенствование методов противодействия кибермошенничеству, киберпреступлениям и обеспечению информационной безопасности» (№ проекта AP05133002).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Послание Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 г. Режим доступа: URL https://www.akorda.kz/ru/special/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvarya-2018-g. (датаобращения 13.04.2020).

2. Глобальный индекс кибербезопасности 2018-2019. Режим доступа: URL https://www.itu.int/en/ITU-D/Cybersecurity/Pages/GCI.aspx (дата обращения 01.03.2020)

3. Грузия является мировым лидером по кибербезопасности.Информационное агентство BlackSeaPress.Режим доступа: URL https://www.newsgeorgia.ge/gruziya-yavlyaetsya-mirovym-liderom-po-kiberbezopasnosti.(дата обращения 01.03.2020)

4. Уголовный кодекс Грузии от 22 июля 1999 г. Режим доступа: URL https://matsne.gov.ge/ka/document/download/16426/143/ru/pdf.(дата обращения 01.03.2020)

5. Закон Грузии О порядке планирования и координации политики национальной безопасности Режим доступа: URL https://matsne.gov.ge/en/document/download/2764463/2/ru/pdf (дата обращения 01.03.2020)

6. Гоциридзе А. Защита киберпространства в Грузии. Режим доступа: URL https://digital.report/zashhita-kiberprostranstva-v-gruzii/. (дата обращения 01.03.2020)

7. Патриотический Акт США 2001 года (TheUSAPATRIOTAct 2001).Режим доступа: URLhttps://www.justice.gov/ (дата обращения 01.03.2020)

8. Закон об укреплении кибербезопасности (CybersecurityEnhancementActof 2002). Режим доступа: URL https://www.congress.gov/bill/107th-congress/house-bill/3482.(дата обращения 01.03.2020)

9. Гаврилов В. Взгляды Министерства обороны США на обеспечение национальной безопасности в кибернетическом пространстве. Режим доступа: URLhttp://pentagonus.ru/publ/vzgljady_ministerstva_oborony/_ssha_na_obespechenie_nacionalnoj_bezopasnosti_v_kiberneticheskom_prostranstve_2012/80-1-0-2252 (дата обращения 01.04.2020)

10. Национальный центр кибербезопасности (США). Режим доступа: URL https://en.wikipedia.org/wiki/National_ Cybersecurity_Center (дата обращения 05.04.2020)

11. Роговский Е.А. Россия в борьбе с международным терроризмом. Режим доступа: URL http://www.rusus.ru/print.php?id=66 (дата обращения 05.04.2020)

12. Акт о защите детей от Интернета 2001 года (Children'sInternetProtectionAct) Режим доступа: URL https://www.fcc.gov/consumers/guides/childrens-internet-protection-act (дата обращения 05.04.2020)

13. СлужбакибербезопасностиГенеральной прокуратуры Кореи. Режим доступа: URLhttp://www.spo.go.kr/eng/about/sic.jsp (дата обращения 10.04.2020)

14. Отдел информационной безопасности Общей службы безопасности Израиля. Режимдоступа: URLhttps://www.shabak.gov.il/english/ cybertechnology/Pages/technology.aspx(датаобращения 10.04.2020)

15. Кибербезопасность в международном и национальном законодательстве. Режим доступа: URLhttps://zerde.gov.kz/activity/ict/ publication/2221/(дата обращения 10.04.2020)

16. Агентство кибербезопасности Сингапура. Режим доступа: URL https://www.csa.gov.sg/about-us/our-organisation (дата обращения 10.04.2020)

17. Сингапур принял поправку к закону о кибербезопасности.SecurityLab.Режим доступа: URLhttp://www.itsec.ru/newstext.php?news_id= 89514 (дата обращения 10.04.2020)

ТИЛЕУКАНОВА ДИАНАРА ТИЛЕУКАНОВНА
докторант
Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗІЛУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Түйін. *Мақалада шет елдерде бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін құқықтық негіздері талданады. Негізінен бұқаралық жария іс-шаралар мысалында, рұқсат етушілік және алданала хабарламалық тәртібінің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шараларды жүргізу мәселесі талданады.*

Түйінді сөздер: *бұқаралық іс-шаралар, жария іс-шаралар, рұқсат етушілік тәртіп, қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік*

Резюме. *В статье дается анализ правовых основ организации и проведения массовых мероприятий в зарубежных странах. В основном на примере публичных мероприятий рассматривается особенности разрешительных и уведомительных порядков. Также проводиться анализ осуществления мер по обеспечению общественного порядка и общественной безопасности во время проведения массовых мероприятий.*

Ключевые слова: *массовые мероприятия, публичные мероприятия, разрешительный порядок, общественный порядок, общественная безопасность.*

Summary. *The article analyzes the legal basis for organizing and holding mass events in foreign countries. In general, the author uses the example of public events to consider the features of resolution and notification procedures. Also, author analyzes the implementation of measures to ensure public order and safety during mass events.*

Key words: *mass events, public events, resolution order, public order, public safety.*

Бұқаралық іс-шаралар қоғамның саяси, спорттық, мәдени өмірінде маңызды орын алады.

Бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуі адам және азаматтардың мемлекеттің қоғамдық-саяси, мәдени өміріне тікелей қатысуымен, өздерінің пікірлерін білдіруге, спорттық, мәдени, экономикалық басқа да қажеттіліктерін жүзеге асыру, еркін жиналу деген құқықтарын жүзеге асыруымен байланысты. Бұл өз кезегінде мемлекеттің бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, оларға қатысу кезінде адам және азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді іс-әрекеттерді жүзеге асыруына себеп болып табылады.

Шет елдерде бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуінің құқықтық реттелуі құқықтық зерттеу тұрғысынан қызығушылық танытады. Аталған мәселенің конституциялық реттелуінен, мемлекеттік немесе жергілікті деңгейде арнайы заңдар немесе басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдануы әр мемлекеттің ұстанатын құқықтық саясатымен тығыз ұштасып отырады.

Шет елдерде бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі қандай құқықтық нормативтік актілер негізінде реттеледі? Бұқаралық іс-шаралар өткізу барысында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қалай жүзеге асырылады? Бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында құқық қорғау органдарының ролі қандай? Қандай жағдайда бұқаралық іс-шараларды тоқтата тұруға не болмаса тоқтатуға жол беріледі? Осы сұрақтар айналасында кейбір шет елдердің заңнамасына талдау жасауды жөн көрдік.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін қабылдаған «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар мен пикеттер өткізу туралы» Заңымен салыстырғанда, бірқатар шет мемлекеттердің бұқаралық іс-шараларды құқықтық реттеу саласында қабылданған заңдарының ұзақ уақыттық әрекет ету тарихы бар. Және де бір айтары нормативтік-құқықтық актілер, тікелей бұқаралық іс-шаралар туралы деп аталмайды. Мысалы, Ұлыбританияда 1986 жылғы «Қоғамдық тәртіпті қорғау туралы» Заң, Италияда 1975 жылғы «Қоғамдық тәртіпті қорғау туралы» Заң, Францияда 2012 жылғы «Ішкі қауіпсіздік кодексі» әрекет етеді.

«Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық Пактінің 1-бабына сәйкес, «бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет

етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес». Пактіге қатысушы мемлекеттер ішкі заңнамасында осы қағидатты басшылыққа алады. Олар адам және азаматтардың бейбіт, қарусыз және ерікті түрде жиналып, өз пікірлерін білдіруін, шерулер т.б. саяси шараларға қатысуын конституциялық құқық деп таниды және қандай да заңды негіздерсіз шектемейді. Өзге бұқаралық іс-шараларға қатысты да осылай, дегенмен де мемлекетің дамуы ерекшелігіне, қоғамдық-саяси өміріне, мемлекеттің құрылыс нысанына және басқа да себептерге байланысты заңнамасы әр қилы қалыптасқан.

Сол себепті де зерттеуде негізінен бұқаралық жария іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу негіздері туралы қарастырылады.

Бірінші кезекте назар аударатын жайт, көптеген мемлекеттердің заңнамасында бұқаралық іс-шаралар және олардың жекелеген түрлерінің анықталуы. Ұлыбританияның «Қоғамдық тәртіп туралы» заңында «жария жиналыс» және «жария шеру» ұғымдарының анықтамасы берілген. «Жария жиналыс» – толығымен немесе жекелей ашық аспан астындағы қоғамдық орындағы екі немесе одан көп адамдардың жиналысы деп, ал «жария шеру» қоғамдық орындағы шеру деп көрсетілген. (16 бап). Германияда әрекет ететін заңы бұқаралық іс-шаралардың жекелеген анықтамаларын бермейді, Францияда әрекет ететін заңға сәйкес те бұқаралық жария іс-шаралардың түсінігі берілмеген.

Ал егер бұрынғы КСРО құрамында болып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен берілген мәселеге қатысты заңнамасында өзгерістер алған мемлекеттердің бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысты заңдарынан берілген ұғымға қатысты анықтамаларды көруге болады. Мысалы, Ресей Федерациясындағы 2004 жылдың 19 маусымындағы «Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер туралы» Заңының 2 б. 1 б. жария іс-шара – Ресей Федерациясы азаматтарының , саяси партиялары, өзге қоғамдық ұйымдары және діни бірлестіктерінің бастамасымен, соның ішінде көлік құралдарын қолдана отырып жүзеге асыратын ашық, бейбіт, әркім үшін қол жетімді, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру немесе пикет нысанындағы немесе осы нысандардың әр түрлі үйлесімі түріндегі акциясы...» деп анықталып, оның жекелеген нысандарының түсінігі келтірілген.

Белорусь Республикасындағы Бұқаралық іс-шаралар туралы 1997 жылдың 30 желтоқсанындағы Заңда: бұқаралық іс-шара – жиналыстар, митингілер, көше шерулері, демонстрациялар, пикет қою және өзге де бұқаралық іс-шара. Өзге де бұқаралық іс-шара – ашық аспан атындағы немесе ғимараттағы арнайы бұндай мақсатқа арналмаған орындарда өткізілетін спорттық-бұқаралық, мәдени ойын-сауық, басқа да ойын-сауық немесе мәдени іс-шара, діни іс-шаралар» (2 б.) деп көрсетілген. Ары қарай жария іс-шаралардың анықтамалары берілген. Бірқатар мемлекеттер бұқаралық іс-шараны қатысатын адамдар санына қарай жіктейді.

Шет мемлекеттердің бұқаралық іс-шараларға қатысты назар аудартатын тағы бір маңызды қыры оларды өткізуге рұқсат беру немесе тыйым салу тәртібі болып табылады. Мемлекеттердің бұл тұрғыда саясаты рұқсат берушілік және алдын ала хабарламалық болып екі сипатта жүргізіледі. Біріншісінің мазмұны, арнайы мемлекеттік уәкілетті органға жиналыстар, митингілер өткізуге рұқсат беруі үшін алдын ала өтініш беріліп, рұқсат берілген жағдайда ғана өткізіледі. Екінші жағдайда тек арнайы уәкілетті органдарға алдын ала хабарлама жіберіліп, іс-шараны өткізу үшін олардың рұқсаты талап етілмейді.

Алдын-ала хабарламалық тәртіп кезінде мемлекет бұқаралық жария іс-шараның өткізуге рұқсат беруі үшін емес, мемлекеттік органдардың оның өткізілуі үшін тиісті жағдай жасау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге дайындық жасау, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу сияқты шаралар үшін (мысалы, шеру кезінде жол қозғалысының шектелуі) қажетті уақыты болуы үшін беріледі.

Халықаралық стандарттарға сәйкес мұндай іс-шаралар адам және азаматтардың конституциялық құқығы ретінде танылатынын ескерсек, бірінші кезекте мемлекеттің оларды өткізуге рұқсат беру тәртібі көп қолдауға ие бола қоймайды. Дегенмен де әр мемлекеттің бұл мәселеге байланысты ұстанымы белгілі бір себептерге және объективті факторларға байланысты екенін ескерген жөн.

Осы мәселеге байланысты жекелеген мемлекеттердің заңдарына көз жүгіртсек, Германия Федеративті Республикасының Негізгі Заңында «Барлық немістер алдын ала хабарлаусыз немесе рұқсатсыз бейбіт әрі қарусыз жиналуға құқылы. 2. Ашық аспан астындағы жиналыстар үшін бұл құқық заңмен немесе заң негізінде шектелуі мүмкін» делінген (8 бап). Осылайша Германия заңнамасы бұқаралық жария іс-шараларды екі түрге бөледі: ашық аспан астындағы және өзгелері деп. Ал 1953 жылы 24 шілдеде қабылданған «Жиналыстар және демонстрациялар және шерулер туралы» Заңына

сәйкес, бұқаралық іс-шараның өткізуге тыйым салынуы мүмкін нақты шарттар көрсетілген, мысалы, 5 бапқа сәйкес, өткізуші бұндай іс-шараны өткізуге немесе қатысуға құқығы жоқ тұлға болып табылған жағдайда. Бұл норма ашық аспан астындағы іс-шаралар үшін көзделген. Сонымен қатар Германияда спонтанды түрде көшеде жиналу құқығы да танылады.

Ал Ұлыбританияда, демонстрациялар мен митингілер өткізу үшін полиция органдарына өтініш беріледі. «Қоғамдық тәртіпті қорғау туралы» 1986 жылғы заңға сәйкес, ұйымдастырушылар іс-шара өтуге дейін 6 күн бұрын полиция учаскесіне жазбаша түрде хабарлама жіберуі тиіс, онда іс-шараның өтетін уақыты, орны, өту уақытының жобамен мерзімі, сонымен қатар ұйымдастырушылардың біреуі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс (11 б.). «Егер кез-келген уақытта полиция басшысы негізді түрде ауданның қандай да бір округінде немесе бөлігінде орын алып жатқан ерекше жағдайларға байланысты бұқаралық іс-шара жаппай тәртіпсіздікке алып келуі мүмкін деп есептесе, ол округ кеңесіне бұндай іс-шараны өткізуге 3 айдан аспайтын мерзімге тыйым салу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы» (12 б.).

Ресей Федерациясында «Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер және пикеттер туралы» Заңға сәйкес, алдын-ала хабарламалық тәртібі бекітілген, Заңның 7 бабында іс-шараны ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға іс-шара өтетін күнге дейін 15 күннен ерте емес және 10 күннен кеш емес мерзімде хабарлама жіберуі тиіс деп көрсетілген. Онда іс-шараның мақсаты, нысаны, өтілетін күні мен орны т.б. ақпараттар көрсетіледі (7 бап).

Францияда жария және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізу тәртібіне қатысты 1881 жылғы «Жиналыстар бостандығы туралы» Заң бар. Ашық жолдардағы шерулер, демонстрациялар өткізу тәртібі 1935 жылы қабылданған арнайы Декрет-Заңмен реттеліп келді, алайда 2012 жылы оның баптарының күші тоқтатылып, Францияда 2012 жылы 12 наурызда «Ішкі қауіпсіздік Кодексі» қабылданып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке байланысты қатынастарды реттеу, соның ішінде шерулер, митингілер өткізу тәртібі де осы кодекс аясына біріктірілді. Кодексе сәйкес ортақ қолдану жолындағы барлық шерулер, парадтар және митингілер міндетті түрде хабарлануы тиіс. Ал іс-шара өткенге дейін 15 күннен ерте емес және 3 күннен кеш емес мерзімде жергілікті мэрияға, ал Парижде полиция басқармасына өтініші берілуі тиіс. (L211-1 – L211-2). Жергілікті муниципалитет басшылығы өткізілуінен 24 сағат бұрын іс-шараны өткізуге тыйым салуы мүмкін. (L211-3) Егер уәкілетті полиция органы жоспарланып отырған демонстрация қоғамдық тәртіпті бұзады деп санаса, ол оның өткізілуіне өзінің қаулысымен тыйым салады және хабарлама жібергендерді дереу ескертеді. (L211-4)

Испанияның 1978 жылғы Конституциясында: «азаматтардың бейбіт әрі қарусыз жиналуы танылады. Бұл құқықты жүзеге асыру үшін алдын ала келісім қажет емес» делінген. Дегенмен де осы баптың екінші бөлігінде қоғамдық орындарда өтетін жиналыстар мен демонстрациялар туралы билік органдары алдын ала хабарландырылуы тиіс екендігі, және қажет болған жағдайда қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында оларды өткізуге тыйым салу мүмкіндігін де жоққа шығармайды (2 бап).

АҚШ-да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі әр штаттың заңнамасымен реттеледі. Адамдардың жиналу құқығына тыйым салынбағанымен де, АҚШ-да бұқаралық іс-шараны өткізу үшін жергілікті билік органдарынан рұқсат алу керек. Сонымен қатар өтініш беру мерзімі АҚШ-да анағұрлым ұзақ, яғни іс-шара өткізу мерзімінен 15-40 күн бұрын берілуі тиіс. Мысалы, Бостон қаласы мэриясының ресми сайтында, 30 күн бұрын өтініш беру тәртібі көзделген (үлкен іс-шара үшін), сонымен қатар ұйымдастырушыға бірнеше арнайы мемлекеттік органдардан рұқсат алынуы тиіс. Ал арнайы рұқсатсыз өткізілген кез-келген іс-шара санкцияланбаған іс-шара ретінде бағаланады [Электронный ресурс].

Белорусь Республикасындағы Бұқаралық іс-шаралар туралы Заңда рұқсат етушілік және алдын-ала хабарламалық тәртібі көзделген. Соңғы енгізілген өзгерістердің бірінде Белорусь мемлекетінде азаматтар «бекітілген» орындарда ұйымдастырушылардың жергілікті атқарушы және өкімдік органға іс-шараны өткізуден 10 күн бұрын хабарлама жіберу арқылы бұқаралық іс-шараны өткізуге құқылы (9 бап), салыстыру үшін айта кетсек рұқсат алу үшін өтініш беру мерзімі іс-шара өткізілуінен 15 күн бұрын берілуі тиіс (5 бап). Алайда хабарламалық тәртіпте бір назар аударатын жәйт, іс-шара мемлекетпен арнайы «бекітілген» орында өткізілуі тиіс, сол себепті де жергілікті атқарушы және өкімдік орган іс-шараны ұйымдастырушыға оны өткізуден 5 күннен кем емес мерзімде, бұқаралық іс-шараны өткізуге жол берілмейтіндігі туралы хабарлауға құқылы, егер аталған «орында» іс-шара өткізу туралы ертерек басқа ұйымдастырушыдан хабарлама келіп түскен болса, не болмаса хабарлама заң талаптарына сәйкес келмейтін жағдайда.

Посткеңестік мемлекеттер ішінде Грузияда, Азербайжан Республикасында, Қырғызстан Республикасы мемлекеттері де алдын-ала хабарламалық тәртіпті ұстанады.

Жоғарыда келтірілгендер негізінде бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен оған қатысу құқығы мемлекеттер адамдардың конституциялық құқығы деп танып, шектеу қоймайтындығын байқауға болады. Дегенмен де мемлекет қалыптасқан «рұқсат берушілік» немесе алдын-ала хабарламалық тәртібіне қарамастан, қажет жағдайларда «факторларды» ескере отырып, олардың өткізілуіне тыйым салу құқығын «өзіне» қалдырады. «Бостандық – анархияны, бәріне жол берушілікті білдірмейді. Тәртіпсіздіктерді көздейтін демонстрация, пикеттер, жиналыстар заңға қайшы келеді және заңмен тыйым салынады [Сапаргалиев Г.С., 2002,126 б.].

Бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынуына негіз болуы мүмкін факторлар қатарына негізінен – адам және азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке тигізілуі мүмкін зардаптар, басқа адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шектелуі, іс-шара өткізілуі жоспарланатын «орынның» сол уақытта бос болмауы немесе қолайсыздықтар тудыруы сияқты себептер аталады, бірқатар мемлекеттерде хабарламаның тиісті тәртіпте берілмеуі не болмаса онда дұрыс мәліметтердің көрсетілмеуі де іс-шараны өткізілуіне жол берілмеуіне әкеп соғады. «Барлық мемлекеттер үшін жария іс-шараларды өткізу үшін міндетті түрде сәйкес мемлекеттік органдардың рұқсатының болуы ортақ ереже болып табылады. Бұл демократиялық мемлекет қағидаларына қайшы келмейді, себебі жария іс-шараларды өткізу құқығын шектемейді, тек басқа азаматтардың құқығын тәртіпсіздіктерден қорғайды, яғни қоғам жария іс-шаралардың бейбіт өтуіне мүдделі болуы тиіс» [Прокофьев К.Г.,2016, 168 б.].

Осы орайда тағы бір назар аударатын мәселе бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Бірінші кезекте әрине міндет құқық қорғау органдарына жүктеледі. Дегенмен де бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік үшін ұйымдастырушыларға тікелей міндет жүктелетін мемлекеттер де бар. Бұл жағдайда құқық қорғау органдары, әсіресе, полиция органдары екінші кезектегі ролді атқаратын жайы бар. Сөзіміз дәйекті болуы тағы да бір-екі мемлекеттің заңнамасына көз жүгіртіп кетейік.

Ұлыбританияда қоғамдық-саяси бұқаралық іс-шаралармен қатар өзге де іс-шаралар, концерттік, спорттық және басқалары ірі масштабта өтеді. Жоғарыда полиция басқармасы шерулер мен жиналыстар өткізуге заңда көзделген себептерге рұқсат бермеуі мүмкін, сонымен қатар оларды өткізу барысында да қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қамтамасыз етілуіне зор мән береді. Алайда бұл ретте бірінші кезекте міндет ұйымдастырушыға жүктеледі. «Бұқаралық іс-шара барысында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – полицияның бірінші міндетіне жатпайды» [6]. Спорттық іс-шаралар барысында да, мысалы, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті бірінші кезекте стадион басшылығына, яғни иесіне жүктеледі.

Герман Федеративті Республикасында «Жиналыстар және демонстрациялар және шерулер туралы» Заңына орай жиналыстың жетекшісі оның барысын анықтайды. Ол жиналыс кезіндегі тәртіп үшін жауапты болып табылады. Ол кез келген уақытта жиналысты тоқтатуға немесе жабуға құқылы. Заңның берілген нормасы ашық аспан астындағы жиналыстар үшін де қолданылады. (8 бап). Жиналысқа полиция қызметкерлері жіберілген жағдайда, оларға үй-жай берілуі тиіс. Жалпы тәртіп үшін ұйымдастырушы жауап бергенімен, полиция жиналыстың өтуін бақылауында ұстайды. Полицияға сонымен қатар заңда көзделген жағдайда жария іс-шаралар барысында немесе сонымен байланысты қатысушылардың фото немесе бейнажазбасын және магнитофондық жазбасын жүргізу құқығы берілген. Бұған қатысушылар қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпке елеулі қауіп төндіреді деген болжам фактілі түрде негізделген жағдайда жол беріледі, сонымен қатар үшінші тұлғаларға да қауіп төнгенде бұндай шаралар қолданылуы мүмкін (12 а) (үй-жайлардағы іс-шаралар үшін). «Жалпы полицияның басты міндеті – іс-шараның кедергісіз өтуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар оның қатысушыларының мүдделерін неміс полициясы автомобиль жүргізушілері, жолай өтушілер мен айналадағы үйлер тұрғындарының мүдделеріне қарағанда көбірек ескереді» [Жолквер Н.] .

Ресей Федерациясының «Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер және пикеттер туралы» заңына сәйкес, бұқаралық іс-шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді өз құзыреті шегінде «ұйымдастырушы» атқарады (5 б .4 б. (5 п.), алайда негізгі функция ішкі істер органдарына жүктелген (14 бап).

Ал егер «Белорусь Республикасындағы бұқаралық іс-шаралар туралы» Заңға көз жүгіртсек, оларды өткізу барысында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Ішкі істер органдарының қызметі үшін арнайы ақы төленуі көзделген (6 б. (3 б.). Сонымен қатар Белорусь Республикасы Министрлер Кеңесімен қабылданған қаулысымен бектілген, Бұқаралық іс-шараларда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін ішкі істер органдарының қызметін, медициналық қызмет көрсетумен, өткізілгеннен кейін территорияны жинаумен байланысты шығындарды төлеу тәртібі туралы Ережеге (аударма автордікі), сәйкес ішкі істер органдарының қызметіне ақы төлеу тәртібі мен төленетін ақы көлемі бекітілген, атап айтқанда

– 3 базалық шама – 10 адамға дейін қатысушысы бар іс-шаралар үшін;

– 25 базалық шама – 11-ден 100-ге дейін қатысушысы бар іс-шаралар үшін;

– 150 базалық шама – 100-ден 1000-ға дейін қатысушысы бар іс-шаралар үшін;

– 250 базалық шама – 1000 аса қатысушысы бар іс-шаралар үшін (п 3.1) көзделген [4].

Бұндай ақы төлеу тәртібі республикалық және жергілікті бюджеттен төленетін іс-шараларға қатысы жоқ екендігін бірден ескерткен жөн.

Белорусь мемлекетінде ұйымдастырушылар бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік үшін жауапты, олар «ішкі істер органдары қызметкерлері мен қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша міндетті атқарушы қоғам өкілдерінің заңды талаптарын орындауы, және оларға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қолдау көрсетуі тиіс» (Белорусь Республикасындағы бұқаралық іс-шаралар туралы Заңының 10 бабы).

Бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында (біз негізінен жария іс-шараларды, яғни қоғамдық-саяси іс-шараларды қарастырып отырғанымызды ескере отырып) қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тиісті талаптар орындалмаған жағдайда заңнама оны тоқтата тұру немесе тоқтатып, қатысушылардың тарауын талап ету жағдайларын көздейді.

«АҚШ полициясына адамдардың бұқаралық жиналуында қамауға алуға немесе жиналғандарға белгілі бір талаптар қоюына, соның ішінде «таралауын» талап етуге құқық берілген. Қамау және «таралу» туралы талапқа егер жиналғандар жергілікті биліктің өкімдерін бұзған, сәйкес рұқсатсыз демонстрация өткізген жағдайды; егер жиналғандар арасында құқыққа қайшы күштеу әрекеттеріне тікелей шақыру жүргізілсе; егер жиналғандар көшедегі қозғалысты шектесе немесе қандай ді бір жолмен басқа азаматтарға қоқан-лоққы көрсетсе; егер жиналғандар бұзақылық немесе өрескел әрекеттер жасағанда жол беріледі» [Нургалиева Е.Н.].

Германияда егер де демонстрация бақылаудан шыға бастаса, егер қатысушылары қорлайтын ұрандарды айтып, бетперде кисе, ал ұйымдастырушылар халықты баса алмаса, халықтың қалың ортасына өршуді басу әдісімен оқытылған конфликтіге қарсы полиция күштері жіберіледі. Олардың міндеті ашулы демонстранттарды басу болып табылады. Және егер де бұл тиісті нәтиже бермесе, полиция шеткі шараға барады – демонстрацияны таратылған деп жариялайды және оның әсіре шулы қатысушыларын ұстауды жүзеге асырады [Жолквер Н.].

Ресей Федерациясындағы «Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер және пикеттер туралы» Заңның 16 -17 баптарында бұқаралық жария іс-шараны тоқтата тұру немесе тоқтату негіздері және тәртібі қарастырылған. Қысқаша тұжырымдағанда, атқарушы орган бұқаралық жария іс-шараны ұйымдастырушыға іс-шараны тоқтата тұру немесе тоқтату туралы нұсқау беруі мүмкін, ал полиция тарапынан тоқтату әрекеттері нұсқау орындалмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бұқаралық іс-шараларға қатысу конституциялық құқық деп танылғанымен де, оны ұйымдастыру мен өткізу қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қайшы келмеуі тиіс.

Сонымен мемлекеттер адамдардың қандай да бұқаралық іс-шараға қатысу құқығын заңда көзделген реттерден басқа жағдайларда шектемейді, олар халықаралық стандарттарды ұстана отырып, ішкі заңнамасымен бұқаралық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілу тәртібін реттеп отрады, алайда барлық елдердің заңдарында дерлік бұқаралық іс-шараны өткізу кезіндегі ұйымдастырушылардың құқықтары мен міндеттері анықталғанмен, тиісті өкілетті органдар, әсіресе, ішкі істер органдарының функциялары толық ашып көрсетілмеген. Сонымен қатар заңнамаларда полиция қызметкерлерінің фото-бейне жазба жасау құқығын (Германия), іс-шараға келушілерді және олардың жеке заттарын тексеруін (Белорусь мемлекеті) қарастыратын, полиция органдары қоғамдық тәртіпті сақтауға, сонымен қатар азаматтардың демонтрация өткізуге деген құқығын қорғау тиіс (Франция, Германия) деп көрсететін нормалар бар.

Заңда жария іс-шараларды өткізуге рұқсат берілген орындарда өткізу (Белорусь), немесе оларды өткізу тыйым салынған орындар тізімі берілген мемлекеттер (Ресей, АҚШ, Германия) бар, тарихи ескерткіштердің сақталуын, мемлекеттік мекемелердің жанына белгілі бір қашықтықтың сақталуын талап етеді.

Сонымен қатар қатысушыларға қойылатын талаптардың ішінде іс-шараға бетпердемен немесе адамның жеке басын анықтауға қиындық тудыратын басқа да көлегелейтін затпен келуге тыйым салынған. Бұл өз кезегінде екі жақты пікір тудырады. Бірі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында қажет деп таныса, мысалы, террористік пиғылдағы адамдар болуы мүмкін деген қауіппен, адамдардың бетпердемен келуіне тыйым салу керек деп санайтын. Екінші бір пікір, бұл талап адамдардың құқығын бұзуы мүмкін деп, әсіресе, діни сеніміне байланысты жабық киім киетіндер жиналысқа қатысу құқығынан айырылуы мүмкін деген көзқарасты тудырады.

Мемлекеттердің заңнамасы жария іс-шараны мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін көздейді. Оның себептері ретінде келесілерді көрсетуге болады:

1. Жиналыстың не өзге іс-шараны өткізу туралы рұқсаттың болмауы немесе алдын -ала хабарламаның берілмеуі;

2. Бұқаралық іс-шара барысында қоғамдық тәртіп қауіпсіздікке, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төнеді деген күдік болғанда немесе тікелей қауіп төнгенді;

3. Ұйымдастырушылар немесе қатысушылар жиналыс өткізудің тәртібін бұзғанда, мысалы, қарумен келмеу; алкогольдік немесе басқа да масаң күйде келмеу;

4. Жиналыстың өту барысы мен мазмұны өтініште немесе хабарламада көрсетілген жиналысты өткізу мақсатына сай келмесе немесе одан ауытқыса;

Мемлекеттердің бірқатар жиналысты тоқтату туралы талап қою құқығын ұйымдастырушыларға (Германия), кейбірі жергілікті орган өкіліне береді (Белорусь), және көп жағдайда бұл талап орындалмаған кезде ғана полицияның араласуын қарастырады.

Барлық дерлік мемлекеттердің заңнамасы бұқаралық іс-шаралардың бейбіт әрі қарусыз өтуін бірінші кезектегі талап ретінде атап өтеді. Заңдарда

– бұқаралық іс-шараларға қарумен немесе басқа да жарылғыш, не болмаса өмірге қауіпті заттармен келуге;

– ұлттық, рулық, діни және басқа да алауыздықтарды тудыратын, конституциялық құрылысты өзгертуге шақыратын әрекеттер, экстремистік әрекеттер жасауға;

– осындай сипаттағы ұрандарға, транспаранттар, эмблема т.б. ұстауға,

– азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіпті бұзуға;

– құқық қорғау органдары, бірінші кезекте ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызметіне кедергі келтіруге, олардың заңды талаптарын орындаудан бас тартуға;

– іс-шараға алкогольдік немесе басқа да масаңдану күйінде қатысуға;

– көліктердің, басқа азаматтардың қозғалысына кедергі келтіруге және басқа да қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, денсаулығына зиян келтіретін әрекеттерді жасауға тыйым салады.

Популярность цифрового сторителинга неуклонно растет и в настоящее время практикуется во многих местах, в том числе в школах, библиотеках, общественных центрах, музеях,медицинских компаниях и т.д. В образовательных учреждениях учителя и ученики от детского сада до аспирантуры создают цифровые истории по всем мыслимым темам, от искусства до зоологии. Цифровое рассказывание историй также стало явлением во всем мире: практикующие специалисты со всего мира создают цифровые истории, чтобы интегрировать технологии в класс, поддержать изучение языка, облегчить обсуждение, расширить присутствие в обществе и многое другое.

Цифровой сторителинг сочетает в себе искусство рассказывать истории, используя цифровые средства массовой информации, включая текст, изображения, записанные аудиофрагменты, музыку и видео. Эти мультимедийные элементы смешиваются вместе с помощью компьютерного программного обеспечения, чтобы рассказать историю, которая обычно вращается вокруг определенной темы и часто содержит определенную точку зрения. Большинство цифровых историй относительно короткие, от 2 до 10 минут, и сохраняются в цифровом формате, который можно просматривать на компьютере или другом устройстве, способном воспроизводить видеофайлы. Кроме того, цифровые истории обычно загружаются в интернет, где их можно просматривать через любой популярный веб-браузер. Существует много различных типов цифровых историй, но авторыпредлогают классифицировать основные типы по следующим трем категориям: 1) личные повествования – истории, содержащие отчеты о значительных инцидентах в жизни человека; 2) исторические документальные фильмы – истории, которые исследуют драматические события, которые помогают нам понять прошлое, и 3) истории, которые информируют или инструктируют зрителя о конкретной концепции или практике [BenmayorR, 2008, с. 188-204].

Дефинирование и терминологизация понятия цифровой сторителинг

Цифровой сторителинг – это относительно новый термин, который описывает новую практику людей, которые используют цифровые инструменты, чтобы рассказать свою «историю». Цифровые истории часто представлены в эмоционально привлекательных форматах и могут быть интерактивными.

Чем же отличается цифровые истории от традиционных? Чтобы получить ответ на данный вопрос необходимо разобраться в различиях между понятиями аналоговый и цифровой. Данные понятия чаще всего используется в следующих сочетаних: аналоговый/ цифровой сигнал, аналоговая/ цифровая техника (фотоаппарат, телефон, телевизор, термометр и т.д.), аналоговая/ цифровая волна, аналоговая/ цифровая система и т.д. Аналоговый сигнал является непрерывным сигналом, который представляет физические измерения. Цифровые сигналы – это сигналы дискретного времени, генерируемые цифровой модуляцией. Хотя цифровые представления являются дискретными, представленная информация может быть либо дискретной, такой как числа или буквы, либо непрерывной, такой как звуки, изображения и другие измерения непрерывных систем. К примеру, живой голос человека можно рассмотреть в качестве аналогового сигнала, в то время как голос, записанный посредством оцифровования сигналов, является цифровым сигналом. Таким образом, разница между аналоговыми и цифровыми технологиями заключается в том, что в аналоговых технологиях информация преобразуется в электрические импульсы различной амплитуды. В цифровой технологии перевод информации осуществляется в двоичном формате (ноль или единица), где каждый бит представляет две различные амплитуды.

Термин цифровой сторителинг может также охватывать целый ряд цифровых повествований (веб-истории, интерактивные истории, гипертексты и повествовательные компьютерные игры). Иногда его используют для обозначения кинопроизводства в целом, а в последнее время его используют для описания рекламных текстов цифрового формата коммерческих и некоммерческих предприятий[Нургалиева Ә., 2018, с. 159-164].

Можно определить цифровой стрителинг как процесс, посредством которого разные люди делятся своими историями жизни и творческим воображением с другими. Эта новая форма повествования историй возникла с появлением доступных технологий производства медиаданных, аппаратного и программного обеспечения, включая, помимо прочего, цифровые камеры, цифровые диктофоны, iMovie, WindowsMovieMaker, FinalCutExpress и WeVideo. Эти новые технологии позволяют людям делиться своими историями через Интернет на YouTube, Vimeo, компакт-дисках, подкастах и других системах электронного распространения [BurmarkL., 2004, с. 4-5].

Можно считать, что цифровой стрителинг является современным продолжением древнего искусства повествования, которое теперь переплетено с оцифрованным неподвижным и движущимся изображением и звуком. Благодаря новым медиа и цифровым технологиям люди могут подходить к рассказыванию историй с уникальных позиций. Многие люди используют сложные нетрадиционные формы истории, такие как нелинейные и интерактивные рассказы.

Проще говоря, цифровые истории – это мультимедийные презентации, которые объединяют различные коммуникативные элементы в рамках повествовательной структуры. Мультимедиа может включать любую комбинацию из следующего: текст, изображения, видео, аудио, элементы социальных сетей (например, твиты) или интерактивные элементы (например, карты).

Развитие цифровой грамотности посредстом цифрового сторителинга в образовательном процессе

Цифровые истории могут использоваться в качестве выразительного средства обучения в классе, чтобы объединить предмет с существующими знаниями и навыками всей учебной программы. Студенты могут работать индивидуально или совместно, чтобы создавать свои собственные цифровые истории. После завершения эти истории могут быть легко загружены в Интернет и доступны для международной аудитории, в зависимости от темы и цели проекта.

«Короткометражное кино» – определение цифрового сторителинга – получено из производственного семинара Даны Эчли в Американском институте кино в 1993 году, который был адаптирован и усовершенствован Джо Ламбертом в середине 1990-х годов в метод обучения, продвигаемый в районе залива Сан-Франциско [AusubelD., 1978, с. 255-270].

Стивен Хольцман говорит о создании цифровых миров, которые, по его словам, уникальны, потому что они предлагают возможности, которых нет в других жанрах. Среди них – возможность мгновенно поделиться ими с остальной частью сообщества, то есть, в частности, с другими студентами, которые могут быть заинтересованы в работе своих сверстников. Согласно Sylvester [SylvesterR.,2009,с.284-295], цифровой сторителинг связано с развитием множества навыков, которые описываются как сочетание различных типов грамотности. Robin [RobinB., 2016, с. 80] обобщает их следующим образом:

Цифровая грамотность – способность общаться с постоянно расширяющимся сообществом для обсуждения проблем, сбора информации и обращения за помощью; Глобальная грамотность – способность читать, интерпретировать, отвечать и контекстуализировать сообщения с глобальной точки зрения; Технологическая грамотность – способность использовать компьютеры и другие технологии для улучшения обучения, производительности и производительности; Визуальная грамотность – способность понимать, производить и общаться через визуальные образы; Информационная грамотность – умение находить, оценивать и обобщать информацию.

В StoryCenter (бывший Центр цифровогосторителинга) цифровые истории создаются в интенсивных мастерских. Продукт представляет собой короткометражный фильм, сочетающий в себе рассказ о личности, фотографических и других неподвижных изображениях и музыкальный саундтрек. Технология позволяет тем, у кого нет технических знаний, создавать произведения, рассказывающие историю, используя «движущиеся» изображения и звук. Более низкие требования к обработке и памяти для использования фотографий по сравнению с видео, а также легкость, с которой так называемый панорамирующий эффект «Кен Бернс» можно создавать с помощью онлайн или обычного программного обеспечения для редактирования видео, позволили легко создавать эстетичные, но короткие фильмы [Gregori-SignesC., 2014, с. 237-250].

Цифровое повествование было интегрировано в общественное вещание в рамках проекта BBC-CaptureWales, работающего с такими организациями, как BreakingBarriers. В следующем году аналогичный проект был запущен BBC в Англии под названием TellingLives. SverigesUtbildningsradio создал RumforBerättande (Комната для сторителинга).Образовательное телевидение Нидерландов Teleac / NOT создало программу для молодежи из разных частей страны. KQED, RockyMountainPBS, WETA и другие общественные телевизионные станции в США разработали собственные проекты.Цифровой сторителинг развивается от простого рассказываемого видео к интерактивным формам, которые выглядят лучше. К ним относятся веб-сайты и онлайн-видео, созданные для популяризации причин, развлечения, обучения и информирования аудитории.

Существует множество способов использования цифрового повествования в образовании. Один из первых вопросов, накоторыйнеобходимоответить перед тем, как приступить к использованию этого инструмента в учебной программе, – это будет ли преподаватель создавать цифровые истории или же его ученики будут делать это. Некоторые преподаватели могут решить создать свои собственные истории и показать их своим ученикам как способ представить новый учебный материал. Захватывающая, насыщенная мультимедианая цифроваяистория может служить упреждающим набором или приемом для привлечения внимания учащихся и повышения их интереса к изучению новых идей. Ряд исследователей поддерживают использование упреждающих наборов в начале урока, чтобы помочь вовлечь студентов в процесс обучения [Gregori-SignesC., 2014, с. 4-5] и в качестве моста между существующими знаниями и новым материалом [AusubelD.,1978, с. 255-270].

Созданные преподавателем цифровые истории могут также использоваться для улучшения текущих уроков в рамках более крупной группы, как способ облегчения обсуждения тем, представлен-

ных в рассказе, и как способ сделать абстрактный или концептуальный контент более понятным. В то время как у многих преподавателей до сих пор нет единого плана по интеграции мультимедиа в их обучение, все большее число учителей заинтересованы в поиске способов вовлечения своих учеников путем включения изображений, аудио и видео элементов в свое обучение. Исследователипоказали, что использование мультимедиа в обучении помогает студентам сохранять новую информацию, а также помогает в понимании сложного материала[FletcherC., 2009, с. 109-130]. А цифровой сторителинг может предоставить преподавателям мощный инструмент для использования в классах.

Цифровой сторителинг также может служить незаменимым инструментом для студентов, которые учатся создавать свои собственные истории. После просмотра примеров цифровых рассказов, созданных их учителями или другими разработчиками рассказов, ученикам могут быть даны задания, в которых их сначала просят исследовать тему, а затем выбрать конкретную точку зрения. Этот вид деятельности может вызвать интерес, внимание и мотивацию для учащихся «цифрового поколения» в современных классах. Этот процесс может извлечь выгоду из творческих талантов студентов, когда они начинают исследовать и рассказывать собственные истории, когда они учатся использовать библиотеку и Интернет для исследования богатого, глубокого контента, анализируя и синтезируя широкий спектр контента. Кроме того, учащиеся, участвующие в создании цифровых историй, могут развивать улучшенные коммуникативные навыки, обучаясь систематизировать свои идеи, задавать вопросы, высказывать мнения и составлять повествования. Это также может помочь студентам, когда они учатся создавать истории для аудитории, и представлять свои идеи и знания индивидуально и осмысленно. Кроме того, когда цифровые истории публикуются в Интернете, студенты получают возможность поделиться своей работой со сверстниками и получить ценный опыт в критике своей работы и работы других студентов, что может способствовать росту эмоционального интеллекта и социального обучения. Цифровой сторителингподходит к студентам с различными стилями обучения, а также может способствовать сотрудничеству, когда студенты могут работать в группах, и обеспечивает ценность в улучшении опыта учащихся посредством личной собственности и достижений.

Заключение

Цифровой сторителинг – это мощный технологический инструмент, который может эффективно использоваться в школах, музеях, общественных организациях, медицинских центрах и т. д. Процесс создания цифрового сюжета, ранее ограниченного настольными компьютерами или ноутбуками, теперь возможен благодаря менее дорогим и простым в использовании мобильным устройствам и веб-инструментам, которые могут использовать специалисты всех возрастов. Создаваемые цифровые истории можно легко обмениваться в Интернете с другими пользователями по всему миру и просматривать на компьютерах, планшетах, смартфонах и во все большем количестве цифровых устройств. По мере развития цифрового сторителинга историй мы ожидаем, что еще больше людей и групп найдут новые и инновационные способы интеграции цифрового рассказывания историй в преподавательскую и учебную деятельность в расширяющейся вселенной возможностей и возможностей.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ausubel, D. P., J. D. Novak, & H. Hanesian, (1978). Educational psychology: A cognitive view. 2nd edition. New York: Holt, Rinehart, and Winston. 255-270.

2. Benmayor, R. (2008). Digital storytelling as a signature pedagogy for the new humanities. Arts and Humanities in Higher Education 7(2), 188-204.

3. Burmark, L. (2004). Visual Presentations that Prompt, Flash & Transform. MediaandMethods, 40(6), 4-5.

4. Fletcher, C., &Cambre, C. (2009). Digital storytelling and implicated scholarship in the classroom. Journal of Canadian Studies, 43(1), 109-130.

5. Gregori-Signes, C. (2014). Digital storytelling and multimodal literacy in education. Porta Linguarum, 22, 237-250.

6. Нургалиева Ә.Е., Мынбаева А.К. Сторителинг и цифровой стрителинг: история развития технологии обучения. Наука и жизнь Казахстана. №2/3 (57) 2018 Педагогика.с. 159-164.

7. Robin B.R., The Power of Digital Storytelling to Support Teaching and Learning. Digital Education Review – Number 30, December 2016– http://greav.ub.edu/der/

8. Sylvester R., W.Greenidge, Digital Storytelling: Extending the Potential for Struggling Writers. December 2009. The Reading Teacher 63(4):284-295

АШИРБАЕВ ШЕРМАТ
гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы
Философия кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

МУРЗАГУЛОВА МЕЙРАМКУЛ
педагогика ғылымының магистрі, оқытушы
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕЙ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Түйін. *Шығыстың көрнекті философ ойшылы, адамзаттың екінші ұстазы саналатын Әбу-Насыр әл-Фарабидің шығармашылық тәуелсіз Қазақстанның рухани өміріндегі басымдыққа ие дүниелердің қатарынан орын алады. Отырарлық ортағасырлық ойшылдың жазып қалдырған ғылыми мұраларын өскелең ұрпақтың оқып игеруі жас азаматтардың биік тұлғалық болмысының қалыптасуына, бір жағынан, екінші жағынан жетілген, ізгілікті қоғам құруға мүмкіндік береді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өзі есімін иеленген ойшылдың философиялық ілімін жоғары мектептің инновациялық технологияларымен оқыту егемен Қазақстанның тұрақтылығының артуы мен нығаюын қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады. Мақалада әл-Фарабидің шығармашылығын зерттей оқытудың тәжірибелік жолдары, оларды жетілдіруге бағытталған әрекеттердің нақтылы мысалдары сөз болады. Философия мен ғылыми таным процесінде бірінші кезекті маңызды бар ақпаратты аршып алу, соның нәтижесінде өзіндік ой, қорытынды түю өзектілігі жоғары мәселелерден саналады. Бұл мәселенің тиімді шешімін таба білу жоғары мектеп педагогикасы саласында еңбек ететін кадрлардың толассыз ізденістері мен еңбектерімен байланыстылығы күман тудырмайды.*

Түйінді сөздер: *Педагогикалық технология, ақпараттық технология, инновациялық педагогика, философиялық теория, таным мәселесі, әл-Фарабидің философиялық мұрасы, сабақ игерудің тиімді жолдары, сыни ойлау, зерттей оқыту, ойлау операциялары, анализ, синтез, сапалы білім.*

Резюме. *Философское наследие видного восточного мыслителя и второго учителя человечества Абу Насыр аль-Фараби занимает особое место в духовном наследии современного Казахстана. Изучение и освоение творчества средневекового мыслителя из Отырара подрастающим поколением современности способствует становлению высокой личности , с одной стороны, и построению совершенного общества, с другой стороны. Обучение философского наследия аль-Фараби в национальном университете носящего его имя с применением инновационных технологий обучения в высшей школе является важнейшим фактором обеспечивающим устойчивость и развитие суверенного Казахстана. В статье рассматривается практические примеры и пути совершенствования исследовательского обучения философского наследия Фараби в высшем учебном заведении. Умение отличать первостепенное от второстепенного, и выведение собственного заключения является важной задачей как философии так и научном познания. Решением этого вопроса занимаются педагогические кадры высшей школы.*

Ключевые слова: *Педагогическая технология, информационные технологии, инновационная педагогика, философская теория, когнитивная проблема, философское наследие аль-Фараби, эффективные способы обучения, критическое мышление, предварительное исследовательское обучение, мыслительные операции, анализ, синтез, качественное образование.*

Summary. *The philosophical heritage of a prominent Eastern thinker and second teacher of humanity, Abu Nasr al-Farabi, occupies a special place in the spiritual heritage of modern Kazakhstan. Studying and mastering the work of the medieval thinker from Otyrar by the younger generation of modernity contributes to the formation of a high personality, on the one hand, and the construction of a perfect society, on the other hand. Teaching the philosophical heritage of al-Farabi at the national university of his name with the use of innovative teaching technologies in higher education is the most important factor ensuring the stability and development of sovereign Kazakhstan. The article discusses practical examples and ways to improve research training of the philosophical heritage of Farabi in a higher educational institution. The ability to distinguish between primary and secondary, and deriving one's own conclusion is an important task of both philosophy and scientific knowledge. The pedagogical personnel of higher education are engaged in the solution of this question.*

Key words: *Educational tehnology, information technology, innovative pedagogy, philosophical theory, cognitive problem, al-Farabi s philosophical heritage, effective ways of learning, critical thinking, research training, mental openrations, analysis, synthesis, guality education.*

Әл-Фараби – ортағасырлық шығыс философиясындағы көрнекті тұлғалардың бір және бірегейі. Ғұламаның өмірі мен шығармашылығы шығыс елдерінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінің игі жетістіктерінен саналады. Есімінің толық атауы – Әбу-Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед Ибн Тархан Ибн-Узлаг әл-Фараби ат-Турки. Фарабидің жасаған философиялық туындылары бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің рухани өміріндегі басымдыққа ие дүниелерінің қатарынан орын алады.

2020 жыл – ортағасырлық отырарлық оқымысты, һәм ғұлама ойшыл Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде ресми аталып өтуде. Мерейтойлық шараның орындалуы мен жүзеге асуының жауапкершілігі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жүктелгені жұртшылыққа белгілі. Бұл мәртебелі жауапкершілік аталған университет мамандарының – ғылыми және профессорлық-педагогтық құрамының зор жетістігі мен мақтанышы болып табылады.

әл-Фарабидің шығармашылығының бүгінгі заман талаптары тұрғысынан, оның кемшілігін және артықшылық ерекшеліктері қарастырылуы мен зерттелуі өскелең ұрпақтың санасы мен жадына оңтайлы ықпал ететін аса зор маңызды фактордан болып отыр. Және, айта кетерлік жайт, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында Отырар маңынан шыққан оқымыстының шығармашылығын зерттеу мен оқыту тек мерейтойлық шараның қарсаңында ғана емес, одан ондаған жыл бұрын қолға алынған шара болатын. Сол себептен де Фарабидің философиялық еңбектерін ортағасырлық оқымыстының есімін иеленген оқу ордасында оқыту бұрыннан қалыптасқан дәстүр және осы дәстүр оның өзге оқу ошақтарынан дараландырып тұрған басты ерекшелігі деп айта аламыз.

ҚазҰУ-де Әбу-Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің шығармашылығына назар аудару, зейін қою кездейсоқ құбылыс емес еді. Шығыстық ойшылдың философиясын оқу оның түркі тектес ұлт өкілінің болуынан немесе оның қазіргі қазақ жерінің аумағынан шығу фактісіне орайластырылған дүние деп қарауға болмайды. Олай дейтініміз, ортағасырлық исламдық шығыс әлемінің ғылыми-шығармашылық кеңістігінде Орталық Азия мен Қазақстанның аумағынан шыққан тұлғалар аз болмаған. Профессор Ә. Дербісалиннің зерттеулерінде Ұлы даланың төсінен түлеп ұшқан шығармашыл жандардың қарасы көптеп табылған. Ә. Дербісалиннің «Қазақ даласының жұлдыздары» деп аталатын еңбегінде Әбу-Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағуни, Махмұд Қашқарилерден бөлек Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби, Исмайыл әл-Жауһари әл-Фараби, Әлам ад-Дин әл-Жауһари, Ахмад әл-әл-Исфиджаби, Жамал ад-Дин Саид Туркістани, Хусам ад-Дин әл-Баршынғали, Шайхы баба Сығанақи және тағы да басқа ондаған оқымыстылардың аттары аталып, еңбектері оқырман назарына ұсынылады. [Ә. Дербісалин, 1995, 235 б.]

Алайда, әл-Фарабидің философиялық еңбектері, жасампаздық дүниелерінің деңгейі өзге оқымыстылардан оқ бойы озық, мазмұндық тұрғыда тұңғиық терең екені мойындалған ақиқат. Олай болатыны, Әбу-Насыр әл-Фараби өзінің шығармашылық жұмыстарында ислам дінін ұстанған мұсылман ретінде және Аристотельдің философиясымен сусындаған ойшыл ретінде ақиқат ұғымына жақын баруға тырысып-баққан бірегей оқымыстылард.ың бірі. Ақиқат, философиялық дүниетанымда да, исламдық танымда да – уақыт ағымына бағынбайтын, өткінші де, құбылмалы құбылыстарға, мазмұнсыз тіршілікке бой алдырмайтын, тұрақты да, мызғымас, сонымен қатар адам баласының болмысына аса қажет философиялық категория ретінде танылады. «Ақиқатты іздеудің ұлы жолы, сананың ғаламат зор қуатына сену философиялық білімнің алғы шарты ғана. Адам баласы өзін өзі құрметтеуі, сонымен қатар ол өзін әлдеқандай биік нәрсеге лайық екенін білуі және тануы тиіс. Соның өзінде де, рухтың ұлылығы мен қуаттылығы туралы биік ұстанымға ие болу жеткіліксіз. Ғаламның жасырынып тұрған негізі танымның ұлы ізденіс ұмтылысына қарсы тұра алмайды, ол (ғаламның жысырын негізі) танымның ұлы мақсатты ізденісіне өзінің барлық байлығын, өзінің тұңғиық терең табиғатын көрсетіп, одан рақат алуға жол ашуы тиіс» дейді Гегель [Гегель Г.В., 1929, Т.1. Ч.1, 16 б.].

Гегель өзінің «Философия ғылымдарының энциклопедиясы» деп аталатын шығармасында ақиқатты жайлы түсінікті былайша кеңейте сипаттай түседі: «Әрбір түсініктің өзіне тән нақты бір жақтылығы болады; сол себептен әрбір түсінік өзге түсінікке ауыспайды, ол өзінің өзге (жоғары деңгейдегі, авт.) түріне ауысады. Соңғы (өзгеріс, авт.) тағы да өзінің соңғы күйіне өзгереді, одан тағы да жоғары деңгейге – «(өзгермейтін, авт.) абсолюттік және толық ақиқатқа, өзін ойлай алатын идеяға жеткенге дейін өзгере береді» [Гегель Г.В., Энциклопедия ф.н., 1974, Т. 1, 419 б.]. Гегель өзінің бұл ойын Аристотельдің мен ойымен сәйкестендіре отыра, «ойлаудың ойлауы» деген тұжырым жасап, «Логиканың» биік шыңын көрсетеді.

Ақиқат ұғымы Аистотельдің ілімінде де жоғары, жаратушы (алғашқы қозғағыш) күш ретінде қарастырылады [Аристотель Сочинения, Т.1. 1975, 251б.]. Фарабидің тұжырымдарында да алғашқы

себеп – Жаратушы құдіретке барып саяды [Аль-Фараби Философские трактаты, 1972, 252 б.]. Фарабидің пайымдауында адам баласының шын бақыты да осынау ақиқатты білу, ақиқатқа ұмтылумен, яғни өмір бойы толассыз білім алу ұстанымымен сәйкестенеді. Адам баласының танымдық әрекеті ұлғайған сайын оның өмірінің ішкі мазмұны да, сыртқы сипаты да жақсара береді.

Отырарлық ортағасыр ойшылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің тұлғалық келбетінің биік болуы оның ғылыми еңбектерінің мың жылдан астам уақыт ағымында оның қойған қатал сынынан өтіп келуі, жоғарыда айтып өткеніміздей, ақиқат, яғни танымның ең биік дәрежесімен байланыстылығында, тұтастығында. Оқымыстының шығармаларының бүгінгі күні де – ғылым мен техниканың, технологиялық үдерістердің қарыштап дамыған кезінде де адамзат баласының кәдесіне жарауы айтып отырған ойымыздың айқын дәлелі.

Ләззатты, яғни бақытты өмір сүру сүру барлық тірі жаратылыс иелерінің басты мұраты екендігін ескерсек, Фарабидің мазмұны терең, сапалық деңгейі биік те, жоғары болып келетін философиялық шығармаларымен танысу бүгінгі заманның азаматтарын да шын мәнісінде бақытты ғұмыр кешуге жол сілтейтін шара немесе құрал деп қарастыруымызға әбден болады. Фарабидің ілімінде, философиясында адам баласының бақыты тек таным мен білімнің, ғылымның арқасында ғана мүмкін болатын дара және жалғыз жол болып қала бермек. Оның басқаша болуы әсте мүмкін емес.

Отандық білім беру стратегиясы мен Әбу-Насыр әл-Фараби философиясының сабақтастығы

Сапалы білім беру Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басымдыққа ие маңызды стратегиялық бағыттарынан болып саналады. Бұл жайт «Қазақстан 2050» ҚР мемлекеттік стратегиялық бағдарламасында және негізгі мемлекеттік құжаттарда айқын көрсетілген.

1999 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО ның кеңесі бойынша білім берудің жаңа кезеңіне көшкені белгілі. Қазіргі кезде мемлекеттік білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, сонымен қатар 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстанның ұлттық экспорттық стратегиясы жүзеге асырылуда және ол 2025 жылға дейін ұзартылды. Мемлекеттегі білім беру саласын сапалы тұрғыда жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңына (2007; 2015) өзгертулер енгізілді.

Бүгінгі күні білім берудің педагогикалық механизмдері, дәлірек айтқанда, инновациялық технологиялары сапалы білімді игерудің ең тиімді және төте жолдарын айқындап келеді. Білім берудің инновациялық технологиялары сабақтың тақырыбын жан-жақты зерттеуге, кең диапазонда дерек көздерін іздеуге, табуға, талдауға және алынған мағлұматтардан тиімділігі жоғары қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Инновациялық педагогикалық технологиялар адамның бойындағы жасырын интеллектуалдық қабілет-мүміндіктерін оятуымен, білімді игерудің жан-жақты тетіктері мен механизмдерін іске қосуымен, мотивациялық, мақсаттық ұстанымдардың қуаттылығын артырумен ерекшеленеді.

«Әл-Фараби шығармаларын бүгінгі таңдағы инновациялық технологиялармен оқытудың ерекшелігі қандай болуы тиіс?» деген мәселе осы зерттеу мақаласы авторларының – ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті Философия, Педагогика және білім беру менеджменті кафедралары зерттеп-оқыту оқытушыларының құрамы алдына қойылған мәселе болғаны рас. Білім берудің теорияларына сүйене отырып алдын ала жасалған болжамдар мен жоспарлардың нәтижесінде қойылған мәселенің тетіктері, элементтері айқындалып, зерттеу процесіне ауысты.

Зерттеу процесі түсінікті болу үшін алдымен қысқаша теориялық принциптерге тоқталсақ. Педагогикалық технологияның педагогикалық методикадан айырмашылығы – соңғы алынатын нәтиже болып табылады. Педагогикалық методикада білім берудің соңғы нәтижесі негізгі объект болып табылмайды. Ол жағдайда педагог өзінің методикасымен, яғни өзінің эмпирикалық тұжырымдарымен жұмыс істей береді. Ал педагогикалық технологияда жағдай басқаша: педагог нақтылы нәтижеге бағытталған талап пен жоспар бойынша қимыл-әрекет жасайды [Караев Ж. А., Кобдикова Ж. У. 2014, 31– 33 б]. Кейінгі кездері білім беру жүйесіне оқытудың инновациялық технологияларының кеңінен тартылуы осы мақсатпен түсіндіріледі. Педагогикалық технология сабақтың тақырыбы бір ғана оқытушының теорияны айтуымен немесе түсіндіруімен емес, оқытушы мен оқушының, яғни оқытушы мен студенттің бірге жұмыс істеуін, білім игеруін қарастырады. Педагогикалық инновациялық технология оқытушы мен студенттің бірігіп жұмыс істеуінің дамыған кезеңдерін қамтиды.

«Әл-Фараби және қазіргі заман», «Философия» пәндерінің семинар сабақтарын инновациялық педагогика және технология тұрғысынан зерттеу мен жетілдіру процесі шартты болып табылатын

үш кезеңге кезеңге бөлініп, жүзеге асырылды. Зерттей оқыту сабақтары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің «Психология», «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Исламтану», «Саясаттану» мамандықтарының 2 және 4 курс, Шығыстану факультетінің «Шет тілдері филологиясы», «Шығыстану», «Аймақтану», «Аударма ісі» мамандықтарының 2 курс, Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Логистика», «Менеджмент», «Экономика» мамандықтарының 2 курс студенттері тартылды.

Семинар сабақтарын жүргізу студенттерге әл-Фарабидің өмірбаяны мен шығармашылығын («әл-Фараби және қазіргі заман» сабағында), философиялық теориялар мен түсініктерді («Философия» сабағында) меңгерту, сонымен қатар игерген білімдерін практика жүзінде қолдана алу мәселесіне арналады. Сабақ білім беру бағдарламасының силлабусында көрсетілген талаптарға сай орындалды.

Зерттей оқыту сабақтарын ұйымдастырудың алғашқы кезеңінде әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы жайлы студенттердің дайындалған материалдары бойынша сұхбат жүргізу және сұхбаттың нәтижесі бойынша қорытынды жасау мен бағалау мақсаты қойылды. Бағалау талабына студенттің сұхбатқа қатысу белсенділігі, келтірген фактілері мен дәлелдері, оқытушы тарапынан қойылған сауалдарға жауаптың нақтылығы, сондай-ақ тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, болжам, өзіндік пікір айта білуі сияқты параметр, көрсеткіштері белгіленді. Сабақты ұйымдастыру барысында студенттердің мотивациялық ұстамынын ояту мақсатында сабақтың ең маңызды да қызықты болып келетін сауалдары таңдалды. Мысалы, алғашқы сабағымызда «әл-Фараби кім? Ол не себепті адамзаттың екінші ұстазы атанды?» деген, бір жағынан оңай, екінші жағынан күрделі, ізденісті талап ететін сауалдан бастадық. Студенттердің көпшілі бұл сауалға: өйткені, ол Аристотельдің шәкірті, Аристотельдің философиясын ешкім түсінбеген, тек әл-Фараби ғана түсіндіріп берген, сондықтан ол екінші ұстаз деп аталады» деген жауаптарды естідік. Мұндай ойды аудиториядағы студенттердің барлығы ұстанды деуімізге болады. Студенттердің бір жағынан жеңіл, екінші жағынан салмақты болып келетін сауалға берілген жауабын естігеннен кейін, Сократтың диалогтық әдісін пайдалана отырып, келесі сауалды жолдадық: «Дұрыс делік. Философияда, кез келген мәселенің ақ қарасын ажыратуда айтылған ойдың, пікірдің логикалық шыңына дейін алып барған жөн. Келісеміз бе?» Студенттер келіседі. «Алдымен Фарабиді не себептен екінші ұстаз деп атағанын білу үшін, «не себептен Аристотельді алғашқы ұстаз дейміз?» деген сауалға жауап іздеп көрсек». «Аристотель мықты ғұлама» деген жауапқа «Аристотельден басқа ғұламалар болмады ма? Аритотельдің ұстазы Платон, ал Платонның ұстазы Сократ. Не себептен Платонды немесе Сократты алғашқы ұстаз демей, Аристотельді айтамыз? Осы жерде біз танып білмеген мәселе бар. Ол не мәселе?» қарсы сауал тасталады. Студентер ойланады. Өздерінің болжам пікірлерін айтады. «Мынадай сұраққа бұрын-соңды ойланбаған едік, қызығып кеттік, дұрыс жауабын табуға көмектесесіз бе? деген өтініш сауалдар да кездеседі. «Әлбетте, қойылған мәселеге дұрыс және толыққанды жауап табу – біздің сабағымыздың негізгі мақсаты. Сондықтан міндетті түрде дұрыс жауапты айтатын боламыз. Бірақ, оған дейін өзіміз жауап табуға тырысайық». Студенттер тағы да дұрыс жауапты табу үшін тақырыптың терең мазмұнына қайта сүңгиді. Әркім өзінің шамасына қарай, біреу алыс, біреу жақын, дұрыс жауапқа қатысты ойларын білдіреді. Жауапқа жақын жауаптарды талдай отырып, білім үйренушілер дұрыс нәтижеге қарай жетеленеді.

Семинар сабағының уақыты елу минут. Елу минутта жиырмадан астам студенттен жауап алып, бағалау процесі күрделі де, жауапкершілігі мол іс болып табылады. Бұл жерде педагогикалық шеберлік, педагогикалық шығармашылық тәжірибелері көмекке келеді. Зерттей оқытуымыздың алғашқы кезеңінде біз жиырмадан асатын студенттерді үш, төрт топқа бөліп, сауалдарды топтарға шашыратып, бірде реттік нөмірімен, бірде жасырын түрде жазылған сауалдарды үлестіру тәсілдерімен семинар ұйымдастырылды. Алайда, өткен сабақтарды талдау барысында біз топтық әдіспен сабақ айту процесінің тиімділігі төмен деген тұжырымға келдік. Оның бірнеше себептері бар екен. Біріншіден, сабақ тақырыбы бойынша қойылған сауаптарға жауап айту аудиториядағы емес, топтың ішіндегі студенттердің сабақты толыққанды игеруіне тосқауыл болып табылады. Топтық жауап әдісінде студент өзіне тиісті емес сауалға ізденуді қажет деп таппайды, ал өзге топтың сауалдарына, тіпті, енжар, үстірт қарайды. Студент, тақырыпты толық емес, фрагменттік, кесінді түрде игеруге, сол арқылы балл алуға күш салады. Екіншіден, тақырыпты фрагменттік түрде меңгерген студент өзге студенттердің қаншалықты дұрыс жауап айтып жатқанын бақылай алмайды. Бақылау болғанның өзінде де, терең болмайды. Үшіншіден, толық игерілмеген тақырыптан қорытынды түю, оны есте сақтау қиынға соғады. Осындай себептерге орай, сабақ игерудің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында зерттей оқытудың екінші кезеңіне көштік. Ол сабақ оқудың екінші аптасына сәйкес келді.

Семинар сабақтарында студенттер қойылған сауалдарға ғана жауап айтумен шектелмей, өзіндік ой, пікір түюге, ғылыми терминмен айтқанда анализдік процестен кейін синтездік білімге қол жеткізуі, соған қарай ұмтылуы тиіс.

Студент жастар бүгінгі заманның ағымына сай сабаққа дайындалу барысында Интернет желісін кеңінен және молынан пайдаланады. Бір жағынан бұл жақсы үрдіс. Олай дейтініміз, қазіргі жастардың заманауи ақпараттық технологиялардан хабардар болуы және оларды өздерінің тәжірибесінде қолдана білуі құптарлық жайт. Сөйте тұра, Интернет желісінде дұрыс ақпартпен қоса бұрыс немесе керексіз мағлұматтардың молынан кездесуі маман болып қалыптаспаған жас азаматтардың дүниетанымына кері әсер тигізеді. Алайда, сабақ барысында Интернет желісінен алынған мағлұматтардың басым көпшілігін теріске шығару білім алушылардың мотивациялық ұстанымына, өз өзіне деген сенімділігіне нұсқан келтіруі мүмкін. Осы жәйтті ескере отырып, сабақ барысында студенттерге Интернет желісінде мұқият болуды үйрету қажеттігі туындайды. Бұл істе бізге көмекке философияның сыни ойлау категориясы келеді. Жаңа сабақты, жаңа тақырыпты игеру барысында әрбір алынған мағлұматты сын таразысына салу «әл-Фараби және қазіргі заман», «Философия» пәндерін оқудағы негізгі ұстанымдардың бірі екендігі түсіндіріліп, дәлелденеді. Сындарды, сыни ойлау дегеніміз – кез-келген құбылыстың, процестің тек кемшілік жақтарын ғана қарастыру емес, сонымен қатар оны жасырын жатқан жақсы тұстарын да қарастыру болып табылады. Сыни ойлау барысында кішігірім көлемдегі зерттеу жұмысы жүзеге асады. Мәселеге жан-жақты қарау оны шешудің мүмкін болатын жолдарына барлау жасау, соның нәтижесінде тиімді, рационалды шешімге тоқталу – сыну ойлаудың негізігі қағидасы. Сонымен қатар, сыни ойлау өзгелердің пікірімен емес, ең алдымен әрбір адамның, біздің жағдайымызда әрбір студенттің өзіндік ойлау, ойлаудың жоғары сатыдағы әрекетімен жүзеге асатын процесс болып табылады. Сыни ойлау, осы себептен де, жаңа сабақты немесе тақырыпты игеру, тың табиғатты ашудағы басты механизм, басты қозғаушы күш екендігі көрсетіледі.

«әл-Фарабидің не себептен адамзаттың екінші ұстазы атанды?» деген сауал студенттердің көпшілігі Фарабидің Аристотель еңбектерін ислам әлеміне алып келгендігімен байланыстырады.

Жауап, әрине дұрыс, бірақ толыққанды емес. Олай дейтініміз, әл-Фарабиге дейін Аристотельді мұсылмандардың шығыс әлеміне алып келген, зерттеу жұмыстарын бастаған әл-Кинди болатын [Касымжанов А., 2019, 55 б.]. Әл-Фарабидің өзін Аристотельдің философиясына үйреткен оның ұстазы Абу-Бишр Матта бен Йунус болатын [Касымжанов А., 2019, 20 б.]. «Осындай фактілер бола тұра, не себептен әл-Фарабиді адамзаттың екінші ұстазы деп атаймыз? Неге әл-Киниди, неге Абу-Бишр-Маттаны емес?»

Осындай тәртіптегі сұрақтар әл-Фарабидің шығармашылығына байланысты стереотиптік, яғни бұрын-соңды естіп білген, Интернет желілерінде қалыптасқан пікірлерден өзгеше, жаңаша, өзіндік ой қалыптастыруға жетелейді. Ең бастысы, сабақта қойылған сауалдардың жауабына бірге бару, тапқан мағлұматтарды бірге талдау мен қорытындылау нәтижесінде жаңа, синтезделген ой қорыту «Әл-Фараби» сабағын шығармашылық тұрғыда ұйымдастырудың жолы болып табылады. Педагогикадағы инновациялық технологиялар да осындай мақсатты қарастырады.

Талдауға ұсынылатын тақырып сауалдарының қарапайым да, өмір шындығымен үндестікте болуы студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыратын фактор болып табылады. Осы себептен теориялық сауалдарды дайындау кезінде олардың өмірмен байланыстылығына назар аудару талабы қойылады. Мұндай жәйттер сабағымызда былайша көрініс тапты: «Студенттер, сіздер ортағасырлық мұсылмандық дүниетанымға Аристотельді жақсы түсіндірген әл-Фараби деп айттыңыздар. Дұрыс делік. Енді мынадай сұрақ: Қалай ойлайсыздар, Аристотельді әл-Фарабиге үйреткен адамды Аристотельді терең білмейді дей аламыз ба?.. Тереңірек ойлап қарасақ, мәселе бұл жерде Аристотельдің философиясын терең не таяз меңгеруде болмаса керек. Одан басқа да жағдайлар болуы мүмкін. «Қандай жағдай?» Жаңа, басқаша жағдайлар туралы интернет желістерінде ақпарат берілмеген. Кейбір студенттер осы ахуалды алға тартты да. Алайда , ол алға қойылған мәселенің шешімі емес. Сондықтан мәселенің шешімін іздеуге байланысты ой жұмысын жүргізу, тереңнен іздену қажет.

Аристотель көптеген ғылым бағыттары бойынша еңбектер жазды. Аристотельдің ұстазы Платон– негізінен идея саласына көбірек зейін қойса, Сократ тек адам болмысының ізгілік қағидаларынан әріге бармады [Спиркин А.Г., Философия. 1999, 59 бб]. Философия тарихын зерттеушілер Аристотельдің өзіне дейінгі философияны жүйелеп, бүкіл ғылымдардың негізін қалағандығын айтады [Спиркин А.Г. Философия. 1999, 53 -59 бб]. Яғни, Аристотель қазіргі заманғы ғылымдардың негізін салушы тұлға, ол

бүкіл ғылым мен білімдерді жүйелеп, олардың әрі қарайғы дамуына жол ашты. Аристотельдің алғаш ұстаз атануының себебі де осы жерде. Ал әл-Фараби ше? әл-Фарабидің екінші ұстаз атануы қандай жағдаймен байланысты? Әл-Фарабидің екінші ұстаз атануының басты себебі – оның Аристотельдің еңбектерін меңгеріп қана қоймай, сол меңгерудің нәтижесінде жаңа синтездік білімге қол жеткізуінде еді. Басқаша айтар болсақ, әл-Фараби Аристотель еңбектерін анализдеу нәтижесінде, оны жаңа синтезді таба білді, оларды деңгейге көтере білді. Отырарлық ойшылдың жасаған «Ғылымдар энциклопедиясы» немесе «Ғылымдар классификациясы»деп аталатын еңбегі тек орта ғасырлық ислам кеңістігіндегі ғана жетістік емес, сонымен қатар дүние жүзіндегі теңдесі жоқ таңғажайып туынды болып табылды. әл-Фараби бұл еңбегінде бүкіл-ғылымның өзара байланыста, өзара тұтастықта болатынын паш етті. Барлық ғылым мен білімнің басында тіл тұрады. Тілсіз білім болмайды, кез-келген ғылым тіл арқылы игеріледі, тіл арқылы өзгелерге беріледі. Тіл білімінің терең де, ауқымды болуы оның ғылым мен білімді қойнауына молынан сыйғызуына, бір жағынан, екінші жағынан, ғылымның өзін дамытуға ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады. Өз кезегінде, тілдің терең де ауқымды болуы оның логикамен байланыстылығына барып саяды. Дұрыс, қисынды логикалық құрылымға іргесі қаланған тілдің жеке адамға да, бүкіл қоғамға да берері көп. Логика – дұрыс ойлаудың қағидалары, ережелері. Өз кезегінде, логиканың мықты болуы оның математиканың байланысымен негізделеді. Ал, математика ғылымы, әл-Фарабидің жасаған жіктеу жүйесінде арифметика, геометрия, оптика, жұздыздар туралы ғылым, музыка, статика және айла-әрекет туралы (механика) ғылымдардың жүйесінен тұрады.

Фарабидің жасаған «Ғылымдар классификациясы» жүйесінде логикалық бірізділік, бірін бірі толықтырып тұратын ғылымдардың тізбегін көреміз. Арифметика, есептеу ғылымы, өсе келе геометрияның іргесін құрайды. Геометрия арифметикасыз болмайды. Ал геометрияның дамыған деңгейі оптиканың өзегіне барып саяды. Оптика – алыс қашықтықта орналасқан объектілерді танып білуде қателіктерге жол бермеуге арналған ғылым. Мысалы, төрт бұрыш пішінді зат алыстан қарағанда кішкентай дөңгелек болып көрінуі әбден мүмкін. Осы секілді қателіктерді жібермеуді оптика ғылымы қамтамасыз етеді.

Математикалық ойлау әрекетін жетілдіретін амалдардың бірі ретінде Фарабидің философиясы музыканы қарастырады. Музыка, әуездік, әуендік толқындар желісі математикалық тұрғыдан қарастырғанда математикалық заңдылықтардың формасы мен формуласының сипаттарына келеді. Бұл математика мен музыканың, сана мен сезім табиғаттарының біртұтастығына байлам жасайды.

Статикалық, яғни ауырлық туралы ғылым кез келген заттың, объектінің салмағын, ауырлық күшін анықтауға арналған ғылым түрі. Ол айла-әрекет – механика ғылымымен сыңарлас. Ауыр заттарды көтеру, жылжыту, тасымалдау амалдары адамзат тіршілігінде, нақтырақ айтқанда құрылыс және өзге де салаларға пайдаланылады.

Физика – қоршаған орта мен адамның тәндік табиғатын, ал метафизика – физикалық заттар мен құбылыстардың арғы жағындағы заңдылықтарды, негіздерді қарастырады. Физика мен метафизикадан кейін азаматтық ғылым басталады.

Фарабидің ғылымдар жіктемесі тіл мен логикадан басталып, математика, физиканы қамтып барып метафизикаға шығады. Содан соң, осы білімнің барлығы да адам баласына қызмет етуге келеді.

Зерттей оқытудың екінші және үшінші кезеңдері

Зерттей оқытудың екінші кезеңінде енгізілген әдістің артықшылығы – студенттің білімін бағалау процесі бірінші әдіске, яғни студенттердің топ болып жауап беру үрдісімен салыстырғанда сапалық және объективтілік тұрғыда жоғары болып келуінде еді. Бірінші сатыда бағалау процесі жалпы топтың жауабына қатысты жүргізілетін болса, екінші кезеңде студенттердің білімін бағалау екі сатылы жүйеге ауыстырылды. Оның бірінші сатысында бағалау студенттердің ауызша сабақ айтып, пікір айтуымен бағаланатын болса, екінші сатысында үй тапсырмасында орындап келген эссе жазбасы бағаланады. Бағалау қорытындысы екі сатының қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Зерттей оқытудың екінші кезеңінде студент, бір жағынан, өзінің жазғаны бойынша еркін пікір бөлісуге дағдыланса, екінші жағынан әңгімелесу барысында жазу барысында жіберіп алған қателіктеріне көз жеткізуге мүмкіндік алады. Бұл технологияда әрбір студенттің сабаққа қатысу белсенділігі, жауапкершлігі артады, тақырыпты тереңірек игерудің жағдайы туындайды.

Зерттей оқыту сабақтарына сыни тұрғыда қарау, атқарылған жұмыстар бойынша талдау жүргізу екінші кезеңнің де кемшіліктерін көрсетті. Екінші кезеңнің жұмыстарын талдау барысында студенттердің

өз бетімен материалдарды іздеу барысында дұрыс емес ақпарат көздеріне тап болатыны, сонымен қатар, көп ақпараттың ішінен керекті материалдарды аршып алу қиындықтарымен кездесетіні және алынған материалдарды талдау мен синтездеу барысында кемшіліктерге бой алдыру жәйттері мәлім болды. Зерттей оқытудың үшінші сатысында студенттерге сабаққа дайындалу материалдарын дұрыс іздеу, дұрыс таңдау жасау және олармен сауатты жұмыс жүргізу мәселесі қойылды. Мысалы, материалдарды іріктеу барысында жалған ақпарат беретін сайттарға қайтып кірмеу, ал дұрыс ақпараттардың өзімен сауатты жұмыс істеу нақты жұмыс істеу әрекеттерімен көрсетілді. «әл-Фараби және қазіргі заман» және «Философия» пәндерін зерттей оқытудың соңғы үшінші сатысы инновациялық оқыту технологиясының талаптарына толығырақ жауап береді деген тұжырымға келдік. Зерттеу оқытудың осы кезеңі студенттердің сабаққа қызығушылық мотивациясын, белсенділігін жоғарылатады, оқытушы мен студенттердің арасында әріптестік достық қарым-қатынас, өзара сенімділік орнайтыны белгілі болды. Ең бастысы, сабақты игерудің үшінші кезеңдегі технологиясы студенттердің басқа сабақтарды игеруде де орасан зор көмегін тигізетіндігі айқындалды.

Қорытынды

Әбу-Насыр әл-Фарабидің шығармаларын бүгінгі таңда оқып игеру және оларды өскелең ұрпаққа тәрбиелеуде кеңінен пайдалану қоғам өміріндегі, соның ішінде білім, тәрбие беру процесіндегі тиімділігі жоғары іс-әрекет болып табылады. әл-Фарабидің философиясы адам баласының өмірінде айқын және позитивті мақсат қоюда зор маңызға ие. Ортағасырлық отыраршық ойшылдың ғылыми шығармашылығы адам баласының бақытты тақырыбына қатысты және адам бақытының негізі білім мен ғылымға, таным мен білімнің жоғары қабаттарындағы негіздермен тығыз байланыстылығымен дәлелденеді. Фарабидің бұл ойы Ежелгі грек ойшылдары Аристотельдің, Платон, Сократ секілді философтардың «Зұлымдық білместіктен шығады» деген тұжырымдамаларымен сәйкес.

Адам баласы табиғатынан мейірімді және ізгі. Ол сананың жоғары бөліктерімен байланыстағы процесс. Жоғарғы сана ақиқат танымына қатысты тоқтаусыз жүзеге асатын дүниетанымның нәтижесінде мүмкін болмақ. Ортағасырлық оқымыстының философиясын семинар сабақтарында оқып уйрену студент жастардың санасы мен жадында тұлғалы азамат болып қалыптасуына ықпал ететін жоғары идеялардың сіңуіне мүмкіндік береді. Семинар сабақтарында педагогикалық инновациялық технологияларын кеңінен пайдалану, сабақ ұйымдастырудың жаңа шығармашылық әдістерін іздестіру сабақ игеруші жастардың сабаққа қызығушылығын мотивациясын арттырады. Инновациялық сабақ уйрену технологияларында күрделі ғылыми терминдерді, сөйлемдерді, түсініктерді студенттердің санасына лайықты деңгейінде түсіндіру, қарапайым ойлау операцияларымен сабақтастыру, оларды анализдеу мен синтездеу студенттердің сабаққа қатысу белсенділігін, яғни сапалы білім алу әлеуетін жоғарылатады.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз, семинар сабақтарында сабаққа топтық әдіспен дайындалудан гөрі, индивидтік түрде сөзге шығу, пікірталастыру, аргументтер келтіру, конструктивтік диалогқа жаттығу дағдыларының тиімді екендігін көрсетті. Топтық жұмыста, әдетте, сабақты игермеген студенттер тақырыпты меңгерген қатарласының көлеңкесінде қалып қояды, жауапкершілігі жоғары болмайды. Керісінше, жекелеген жауап айту түрінде әрбір студенттің жауапкершілігі артады, тақырыпты толыққанды игеруге деген ұмтылыс пайда болады.Түсініксіз тұстарын бүкпесіз айтуға батылдық алады. Ең бастысы, сабақты түсіне бастаған студенттерге, тақырыпқа қатысты оның өмірдегі орнына байланысты сан алуан сауалдар туындайды. Сабақ барысында уақыт ресурсының ыңғайына және сауалдардың жеңіл немесе күрделілігіне қарай жауаптар қарастырылады: жеңіл сауалдар сабақ барысында талқыланса, күрделі және терең мазмұнды мәселелер алдағы уақыттың ізденіс материалы ретінде қалдырылады.

Әл-Фарабидің ілімі – абстракциялық ойларға құрылған философия емес, ол нақты өмірдің сауалдары мен өмірді жақсартудың мәселелерімен етене байланысты, қызық та маңызды пән. Фарабидің философиясын түсіну баянды өмірдің басты құралдарының бірі деуге болады, ол дегеніміз: өзіңді-өзің тәрбиелеу, өзіңді-өзің жетілдіру, қоғамдық дамудың іргелі қағидаларын тану, ғылым мен білімнің биік сатыларына көтеріле білу. Бұл мәселелер қай заманда да өзектілігін жоғалтпаған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» секілді бағдарламалары тәуелсіз Қазақстанның әлемнің дамыған елдері мен терезесі тең, керегесі кең болып ғұмыр кешуін мұрат тұтады. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ де Әбу Насыр

әл-Фарабидің шығармашылығын кеңінен зерттеу, насихаттау, оқып уйрену қазіргі қазақ қоғамының биік мұрат мақсаттарына жетудегі маңызды іс-әрекет болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ә. Дербісалин. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, Рауан, 1995, – 238 б.
2. Гегель Г. В. Ф. Сочинения, Москва, Литература, 1929. Т.1. Ч.1. – 473 с.
3. Гегель Г. В. Ф. Энциклопедия философских наук, Москва, 1974, Т. 1. – 452 с.
4. Аристотель. Сочинения. Москва, «Мысль», Т.1. 1975. 550 с.
5. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алмат-Ата. «Наука». 1972, 251 – 430 с.
6. Караев Ж. А., Кобдикова Ж. У. Актаульные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. Алматы, Зерде, 2014. –312 с.
7. Касымжанов А. Аль-Фараби. Алматы, Қазақ университеті, –202 б.
8. Сонда, 20 б.
9. Спиркин А.Г. Философия. Москва. Гардарики, – 1999. –816 с.
10. Асмус В. Ф. Античная философия. 3-е издание. Москва, Высшая школа, 2005. – 408 с.

БАЗАРБЕКОВА РАБИГА ЖОЛШИЕВНА
кандидат педагогических наук
Центр образовательных программ «НИШ»

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ НАЧИНАЕТСЯ С САМОГО ДЕТСТВА

Түйін. *Қазіргі ғылым дамуы бір жағынан дифференциациялану, екінші жағынан интеграциялау үдерістерін бастан кешіріп отырғандығы әлем мен адамды тануды тереңдету қажеттілігінен, ғылыми танымның өзіндік ішкі сұраныстарынан туындап отыр. Соның бірі – бала болмысы жөніндегі ілімнің интегративті және дифференциалды тұрпатына байланысты болып келуі.*

Бала болмысын ересектер «бақытты балалық шақ» де бағалайды, шындығында ол солай ма? Баланың болашаққа экзистенциалдық алаңдауы өзінің ішкі психологиялық толғаныстары арқылы жүріп отырады, ол ересек адамдарға қарағанда өзіндік қырларымен және көп жағдайда қиналыстарымен ерекшеленеді. Мысалы, баланың тәжірибесі мен білімінің ересекке қарағанда аз болуы, физиологиялық және әлеуметтік жағынан жетілмеген дәрменсіздігі,өз болмысын өзі қалыптастыруда елеулі кеселдер келтіруі. Бұл ахуалдың тек қана экзистенциалдық аспекті екендігін есепке ала отырып, психоаналитикалық, тарихи-салыстырмалы т.б. аспектілерді қатар қолдану арқылы бала болмысын жан-жақты зерделеу қажет деп ойлаймын.

Түйінді сөздер: *бақытты балалық шақ, дифференциация, әлеуметтік жағдай, көңіл-күйдегі күйзеліс, өзін-өзі бағалау, мінез-құлықтағы өзгеріс.*

Резюме. *Развитие современной науки, с одной стороны, переживает процессы дифференциации, с другой, интеграция требует углубленного исследования мира и человека, обусловлена внутренними потребностями научного познания. Одним из них является тот факт, что учение о природе ребенка должно учитывать и интегративный, и дифференцированный аспект исследования.*

Взрослые определяют детство как «счастливое», действительно ли это? Экзистенциальное беспокойство ребенка о будущем происходит через его внутренние психологические проблемы, которые в большинстве случаев отличаются от видения взрослых их собственными переживаниями и трудностями.

Например, у ребенка значительно меньше опыта и знаний, чем у взрослого, соответственно, создается ситуация, когда у ребенка из-за нехватки духовной пищи появляются серьезные затруднения в психическом развитии, его физиологические и социальные несовершенства могут вызвать серьезные проблемы в формировании собственной идентичности.Учитывая, что эта ситуация является исключительно экзистенциальным аспектом, полагаю, что необходимо всесторонне изучать природу ребенка с одновременным использованием психоаналитических, историко-сравнительных и других аспектов.

Ключевые слова: *счастливое детство, дифференциация, социальное положение, стрессоустойчивость в настроении, самооценка, изменения в поведении.*

Summary. *At present, the development of science, on the one hand differentiation, on the other hand the integration process comes from the inner query of scientific knowledge, the need to improve knowledge about the world and man. The first question that we will consider is the kind of research in the direction of the nature of children, which is associated with the integration and differentiation.*

Adult call the nature of children «happy childhood», is it true? Children worry about the future in existential way, and it has its aspects and suffering. For example, a little experience and knowledge compared to adult looks as it is not enough, accordingly, this is the position of psychological reflection of spirits shows dullness and seems too long. For example, ability of adult to take speciality according to the future plan, and children has no speciality and, they try to put in order the chaos. This is the position only in existential perspective, we want to specify that hermeneutics, psychological analisis, historical-comparative aspects are really necessary.

Keywords: *happy childhood, differentiation, socialstatus, emotional discomfort,self-determination,changes in the nature of children.*

Что мы знаем о детстве? На первый взгляд, мы все знаем, что такое детство. «Детство –самый счастливый незабываемый период в жизни человека». Однако мы не хотим признавать, что это понятие (явление) является для нас тайной и загадкой. Полное уважение к ребенку можно проследить в следующем простом тезисе: «Сегодняшний ребенок – завтрашние мы, сегодняшние мы – вчерашний ребенок». У казахского народа есть пословица: «народ начинается с колыбели», поэтому «будущее начинается с ребенка». На самом деле, мы, взрослые, вспоминая о детстве, получаем хорошие впечатления. Когда мы вырастаем, мы пытаемся забыть проблемы и волнения детства. Тем не менее, еще долгие годы события из детства остаются в памяти. И даже более того, проблемы в детстве становятся препятствием на протяжении всей жизни человека.

Конечно, прошлое нельзя изменить, но многие вещи мы можем понимать, и понимать осмысленно, с пользой для себя. До конца средневековья детство не считалось социальным явлением, отдельной категорией или периодом человеческой жизни. Детей считали «маленькими взрослыми», которые ничего не могли сделать, и они были «никто». Французский просветитель Ж.Ж. Руссо высказал идею о защите прав ребенка такой крылатой фразой: «Природа желает, чтобы дети были детьми, прежде чем стать взрослыми». Американский ученый Ллойд Демос (де Моз)представил свой взгляд на взаимоотношения детей и взрослых.

В мире существует уникальная историческая типология отношений с детьми:

1. Инфантицид (Infanticide) – с древних времен до IV века: у ребенка нет души, он не «важен», поэтому его можно убить.

2. Оставление («Abandoning») – с IV до XII в.: «У ребенка есть душа, но это не имеет значения».

3. Контрастировать («Ambivalent») – с XIV по XVII в.: возможно формирование ребенка в соответствии со взрослыми желаниями.

4. Усталость, назойливое поведение («Intrusive») – XVIII в.: формирование воли и поведения ребенка[Ллойд Демос, 2000].

До недавнего времени детство как объект социологии рассматривался в рамках психолого-педагогических традиций. Чтобы проиллюстрировать эту парадигму, Андреас Ланг предлагает акроним «OPIA»:

– «онтологическая информация»: определительные вопросы не играют важной роли, возрастные границы определяются началом и концом детства;

– «пассивная»: дети считаются пассивными на любом социальном уровне, то есть они не являются активнымиреципиентами социализации;

– «идиллическая»: детство рассматривается по существу как защищенное социальное место;

– «вне политики»: проблемы детства не играют решающей роли в политике[Хайнц Зюнкер, Дорис Бюлер-Нидербергер. 2002].

В настоящее время детство часто рассматривается как социальное устройство. В этом случае дети являются непосредственными участниками социального процесса со своим мировоззрением, своими интересами и правами. Все это А. Ланг выражает аббревиатурой «CAMP»:

– «конструированный непоследовательно»: признание детства в качестве особого, самостоятельного этапа развития человека;

– «активно действующий»: дети все больше понимаются в социальных науках не жертвами, а компетентными актерами и индивидуумами, преследующими свои собственные интересы;

– «модернизированный»: различные подходы модернизации стали основой современных дебатов о детстве;

– «политически мотивированный»: сегодня вопросы детства стали политической площадкой для взаимных разногласий, эти обсуждения ведутся не только об улучшении жизни детей, но также проводятся все сторонние дебаты о социальном статусе детей[Хайнц Зюнкер, Дорис Бюлер-Нидербергер. 2002].

Польский писатель Я. Корчак пишет: «Мы не знаем хорошо детей, мы говорим «знаем»,только лишь опираясь на слепую веру. Но на самом деле мы не знаем душу ребенка, особенности его физического развития и даже не можем понять причины видимых глазу изменений. Врачи или воспитатели не могут понять причины, почему ребенок иногда бывает чрезмерно взволнованным, лихорадочным, слишком спокойным или уставшим, слабым, пассивным»[Корчак Я., 1980].

– Как изменились в настоящее время мнения о детстве?

– Какие факторы влияют на их текущее положение?

– Какие причины влияют на то, что у детей нет проблем, они счастливы и не волнуются?

Исследования, проведенные российскими учеными, выявили разнообразие, разные уровни детства, разные характеристики, положительные и отрицательные стороны детства. Сравнивая развитие современных детей с их сверстниками 20 лет назад, ученые пришли к выводу, что по развитию первые не отстают и не преобладают над вторыми. Только можно сделать вывод, что «настоящие дети другие».

Психолог Д.И.Фельдштейн в своем докладе «Характер и степень изменений современного детства и проблемы организации образования на исторически новом уровне развития общества» выделил следующие изменения в характере детей за последние годы:

Во-первых, в последние годы у детей дошкольного возраста значительно снизилось когнитивное развитие.

Во-вторых, в характере детей теряется стойкость и решимость, желание действовать падает. Наоборот, усиливается эмоциональный дискомфорт.

Согласно статистическим данным, в 1967-1968 гг. волнение и беспокойство среди детей отмечалось у 12-16%, тогда как в последние годы – у 72-75%. А это конечно же отражается на ухудшении здоровья, увеличении психосоматических заболеваний.

В-третьих, в детском саду, в начальной школе проводится не так много сюжетно-ролевых игр, потому что сегодняшним детям они неинтересны.

В-четвертых, у детей дошкольного возраста не развита моторика рук, графические навыки. Серьезную обеспокоенность вызывают отсутствие гибкости в умах и навыков в рисовании и письме.

В-пятых, у 25% детей отмечается отсутствие социальной компетентности. Часто можно наблюдать, что они не могут общаться со сверстниками и не могут решать небольшие конфликты.

В-шестых, по данным за 10 лет (2010-2020), у 6, 7, 8, 9, 10-летних (от 40% до 60%) очень часто наблюдается недостаток в развитии речи.

В-седьмых, много детей дошкольного возраста, которые не хотят ходить в школу и не хотят учиться. Имеются также изменения в физиологическом развитии детей, они слабые, их мускулатура слабо развита. Таким образом, психологическое и физиологическое развитие современного поколения имеет ряд проблем, стоящих перед человеком [Фельдштейн Д.И., 2013].

В настоящее время одним из достижений современной человеческой эволюции являются одаренные дети и гиперталантливые дети (индиго). И сегодня продолжается дальнейшее улучшение и развитие их природного таланта. Но их нынешний и будущий онтологический, социальный статус, место в обществе не рассматриваются. И хотя талантливые дети и индиго – это дети, которые имеют интеллектуальные способности выше, чем у взрослых, но когда между людьми двух эпох возникают споры или социальные противоречия, возникает вопрос «как мы должны их решить?».

Российский ученый Е.В. Субботский в своей книге «Ребенок открывает мир» пишет: «Детское сознание, мир ребенка сохраняется в вашей памяти. Он существует в нашем, то есть в мире взрослых. Он смотрит на нас глазами ребенка и говорит голосом ребенка. В наших действиях мы можем иногда видеть ребенка. Если это так, то как мы должны смотреть на ребенка? Есть только один способ, это открыть дверь в детское сознание и его мир. Без этого мы не сможем не только воспитывать других, но и узнать себя»[Субботский Е.В., 1991].

В педагогической(Ш.А.Амонашвили, М.С.Каган), психологической (Л.С. Выготский, З. Фрейд, Д.Б. Эльконин) и социальной науке (И.С. Кон, М.Мид) есть целый ряд исследований, которые изучают особенности детства с разных точек зрения.

Однако педагогика не изучает в целом ребенка, она рассматривает его как биофизиологический объект образования и воспитания. Психология ограничивается исследованием подростков до зрелого возраста, она изучает особенности психологии, и далее ограничивается изучением его возрастной психологии и психологических процессов, таких как становление, формирование и развитие поведенческих установок ребенка. Андрагогика и геронтология обращает внимание на обучение взрослых и старения, а первоначальная фаза физиологического возрождения ребенка все еще игнорируется. И философия мало что может сказать о ребенке, в антропологии, которая в целом изучает человека, тоже нет специального раздела по изучению ребенка. Гендерный подход касается прав мужчин и женщин, их место в обществе, делит их на «девочек» и «мужчин» и не рассматривает их как общего ребенка. А детская медицина, т.е. педиатрия, ориентирована исключительно на их здоровье. Такой дифференцированный подход в науке рассматривает ребенка с разных сторон, но не изучает его внутреннюю природу.

На первый взгляд, нет никакой социальной дискриминации и неуважения к ребенку, а образование и воспитание – это социальный процесс, при котором о нем заботятся и его уважают. Создается впечатление, что, выполняя обязанности по защите детей, мы делаем все возможное. На самом деле, например, отправляя детей за границу, отдавая в детские дома, а также при разводе и т.д., мы не учитываем и не понимаем интересов детей, а это в результате порождает дискриминацию.

В настоящее время образовательные и социальные институты в обществе выстраивают определенные общечеловеческие и общенациональные ценности, стандартизируют образовательные модели ребенка. Однако, поскольку это в основном субъективно и предназначено на определенный период вре-

мени, и со временем, когда ребенок становится взрослым, он не сможет показать эту связь с реальной жизнью и ее эффективность. Вследствие этого возникают конфликты и разногласия между понятием «воспитание и дети». Например, некоторые родительские комплексы были переданы ребенку через призму их ценностей, что является чисто субъективным свойством. Когда ребенок вырастает, его системы ценностей и поведения, которые были заложены в детстве, не совпадают со стремительно меняющейся реальной жизнью, поскольку педагог учит лишь тому, что важно с точки зрения его времени. Правда ли, что взрослые оценивают детство ребенка как «счастливое»? Экзистенциальная самооценка ребенка заключается в его внутреннем психологическом наполнении. Он отличается от взрослых своим видением и, в большинстве случаев, трудностями.Например, опыта и знаний у ребенка меньше, чем у взрослого, физиологически и социально он еще несостоявшийся, у него имеются серьезные проблемы в самооценке собственной личности и т. д.Взрослый перестраивает свои планы на будущее в соответствии с приобретенными им профессией и способностями, а у ребенка нет профессии и критериев для самоопределения, а необходимое для мышления и идей духовное начало весьма хаотично.

В заключение следует отметить, что, во-первых, нужно проводить тщательное исследование появившихся групп гиперталантливых детей, их бесспорное влияние на будущее общество, их существование, социальный статус и статус в обществе и т. д., потому что это фундаментальная проблема, которая меняет модель образцового общества.

Во-вторых, важно постараться ответить на такие вопросы: «Чему следует учить ребенка, насколько это будет ему нужно в будущем, сможет ли он противостоять смене времен и эпох?». Также необходимо рассмотреть концепцию «ребенок-молодежь-взрослый» как основу для изучения детства, чтобы начать обсуждение вопросов, начиная от социальной гармонии между тремя поколениями до их биологической совместимости.

Таким образом, целое и углубленное изучение ребенка может дать множество ответов для решения важных вопросов общественной жизни.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ллойд Демос. Психоистория. -Ростов-на-Дону: Феникс, 2000.https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/Lloid/index.php

2. Хайнц Зюнкер, Дорис Бюлер-Нидербергер. От исследований социализации к социологии детства // Доклад на международной научной конференции «Педагогическая антропология: концептуальные основания и междисциплинарный контекст».– М.,2002г. http://rl-online.ru/articles/4-03/251.html

3. Корчак Я. Как любить ребенка. – М:, «Книга», 1980.

4. Фельдштейн Д.И.»Характер и степень изменений современного детства и проблемы организации образования на исторически новом уровне развития общества» Образование и наука, 2013. №9 (108) https://cyberleninka.ru/article/v/problemy-formirovaniya-lichnosti-rastuschego-cheloveka-na-novom-istoricheskom-etape-razvitiya-obschestva

5. Субботский Е.В.Ребенок открывает мир. – М., 1991.

6. Амонашвили Ш. А.: Без сердца что поймем. Амрита-Русь, 2018

7. Кон И.С. Этнография детства. Историографический очерк / Этнография детства. Традиционные формы воспитания детей и подростков у народов Восточной и Юго-Восточной Азии. – М., 1983.

ӘОЖ 378.147



ЕДИГЕНОВА АЛМА ЖУНУСБЕКОВНА
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ДЕҢГЕЙЛІ БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚОСЫМША КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІ РЕФЛЕКЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Түйін. *Мақалада Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орны студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы іс-тәжірибеге рефлекциялық талдау берілген. Осы бағдарлама аясында студенттермен өткізілген сабақтарда әр түрлі әдістер мен тәсілдердің қолданылу тиімділігі және оқытушы мен студенттердің өзара бірікккен іс-әрекеттері ашылады. Қолданылған әдістер мен тәсілдердің оқыту процесінің соңғы нәтижесіне ықпалына рефлекциялық талдау жасалады.*

Түйінді сөздер*: білім беру, студент, оқытушы, әдіс, тәсіл, оқыту.*

Резюме. *В статье проведен рефлексивный анализ практики реализации программы дополнительного профессионального образования студентов высших учебных заведении, осуществляющих подготовку педагогических кадров, разработанных на основе уровневых программ повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. В рамках данной программы раскрывается эффективность использования различных методов и приемов на занятиях, совместная деятельность между студентами и преподавателями. Делается рефлексивный анализ на конечный результат учебного процесса по используемым методам и приемам.*

Ключевые слова: *образование, студент, преподаватель, метод, приемы, обучение*

Summary. *The article provides a reflexive analysis of the practice of implementing the program of additional professional education for students of higher educational institutions engaged in the training of teachers, developed on the basis of tiered continuing education programs for teachers of the Republic of Kazakhstan. This program reveals the effectiveness of using various methods and techniques in the classroom, joint activities between students and teachers. A reflexive analysis of the final result of the educational process is made based on the methods and techniques used.*

Keywords: *education, student, teacher, method, techniques, training.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес қазір барлық білім беру деңгейлерінде қарқынды жаңарулар мен өзгерістер жүріп жатқаны белгілі. Сонымен қатар, әлемдік білім беру кеңістігіне де жол ашық, сондықтан бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру түйткілді мәселелердің бірі болып қала бермек. Осыған сәйкес білім беру мазмұнына жаңа көзқарастар, жаңа бағыттар, жаңа парадигмалар ендіріліп, оларды іске асыру жолдары қарастырылып, білім беру жүйесінде батыл қадамдар жасалуда.

Білім беру әлеуметтік маңызы бар институттардың бірі ретінде әлемдік қауымдастықтың күннен-күнге қызығушылығын тудыруда. Мұның бірқатар себептері де бар, оның ішінде ең бастысы қоғам өмірінде болып жатқан қарқынды өзгерістер және әлемдік дағдарыстар. Білім беру үздіксіз процесс, себебі қазіргі уақытта ақпараттар легінің көптігі сонша, бұрынғы білімдер ескіріп, алған білімдерді үнемі жаңартып, толықтырып отыруға тура келеді, әлбетте білім беру мазмұны өзгеріп, жан-жақты кеңейе түседі, барлығы автоматтандырылған, техникаландырылған.

Қазіргі ағымдағы осы аталмыш жағдаяттарға, жаһануға қатысты жағдаяттарға зер салсақ оның басты шарттарының қатарын қарқынды өтіп жатқан инновациялық процесстер мен жаңа технологи-

ялар және сапа алатындығын байқау қиын емес. Осыдан шығатын түйін, іс – әрекеттің қай саласына болмасын, мейлі ол; өндіріс, бизнес, білім беру болсын, оларға аса жоғары жаңа талаптар қойылады. Демек, осы талаптарға жауап беретін маман қажет. Міне, осы ретте білім беру саласы, мамандар даярлау сапасы, нақтырақ айтқанда кәсіби білім беру түйткілді мәселе болары сөзсіз.

Жоғары білім берудің басты мақсаты кәсіби білікті қазіргі заман талабына сай маман даярлау. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында болашақ мамандарды даярлауда кәсіби-педагогикалық бағыттылыққа, сонымен қатар кәсіби маңызы бар сапалардың қалыптасуын қамтамасыз етуге баса мән беріледі.

Заманауи қоғамға рухани дамыған, бай шығармашыл үнемі жаңалыққа ұмтылатын тұлға керек. Ал жоғары оқу орнында болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру – бұл аса күрделі және көп қырлы процесс. Әрине бұл процестің дұрыс болуы, ең әуелі оны ұйымдастыру және жоспарлау, жоғары білімді маманға қажетті сапалардың дамуы үшін сыртқы және ішкі жағдайды қамтамасыз ету, білім алушылардың білім, іскерлік және дағдыларын толықтыру арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күні бұл үшін батыл қадамдар жасалуда. Сондай маңызды қадамдардың бірі елімізде педагогтардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының әзірленіп жүзеге асырылуы деп ойлаймыз. Соған сәйкес жоғары оқу орны студенттеріне де осы деңгейлі бағдарлама негізінде кәсіби білім беру жүзеге асырылуда. Бұл деңгейлі бағдарлама бірнеше модульді қамтиды: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сын тұрғысынан ойлауға үйрету; оқу үшін бағалау және оқуды бағалау; талантты және дарынды балаларды оқыту және т.б. [Нұсқаулық, 2015, 9 бет].

Біз аталмыш модульдерді жүзеге асырудағы іс-тәжірибемізге өзіндік талдау жасап, оның тиімді жақтарын және алдағы уақытта педагогикалық процесте жетілдіруді қажет ететін тұстарын көрсетеміз.

Негізгі бөлім

Болашақ мамандарға қосымша кәсіби білім беруді деңгейлі бағдарлама негізінде ұйымдастыруда қарастырылатын модульдердің бірі оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Бөлім күрделі, сонымен қатар өте жауаптылықты және мұқият түсінуді қажет ететіндіктен оның теориялық аспектісін педагогикалық ғылымдардағы осы мәселе жайлы деректермен ұштастырып қарағанды тиімді деп ойлаймыз.

Отандық оқулықтарда бағалау – оқыту процесінің маңызды компоненттерінің бірі деп сипатталады. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау сұрағы өте ертеден-ақ басты назардағы мәселелердің бірі болды. Бағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу дәрежесін анықтау. Бағалау қызметтерінің сандық көрсеткіші баға – яғни баға оқушылардың білім, ептілік, дағдылар дәрежесінің шартты сан не ұпаймен белгіленуі. Оқу нәтижесі тек баға емес, басқа да жолдармен анықталуы мүмкін. Мысалы: ол ауызекі қолдау не қолдамау, алғыс жариялау, мақтау парағы не медальдармен мадақтау және т.б. Білім бағалауда шынайылық, білім сапасын анықтаудағы бірыңғай талап үлкен маңызға ие. Себебі, білімдік баға оқушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы. Көтеріңкі баға шәкіртті қуантады, қанаттандырады. Әсіресе болымсыз бағаның әсері күшті: ол баланың оқуға деген ықыласын арттыруы да не тіпті оқудан бас тартуға ықпал жасауы мүмкін (мотив мәселесі) [Нұсқаулық, 2015, 128-129 беттер]. Сондықтанда кейінгі жылдары бағалау, баға қою мәселесі үлкен пікір талас туғызып отыр. Келесі бір оқулықта бағалау педагогикалық процестің маңызды компонентіт және оның нәтижелілігі мен тиімділігін көрсетеді дейді [Қоянбаев Б.Ж., 1996, 279-280 беттер]. Бұл жерде негізгі мақсат – оқушылардың оқу жұмысын бақылау, олардың үлгерімін және кері байланысын есепке алу. Отандық педагогика оқулықтарында бағалауды осылай сипаттайды. Осында баяндалған мәселелерді студентке арналған нұсқаулықта бағалаудың негізгі мақсаттарының тізбесі деп береді. Мәселен: оқудағы қиындықтарды анықтау, кері байланыс, уәж (мотивация), бақылау, болжау [Нұсқаулық, 2015, 51-52 беттер].

Студентке арналған нұсқаулықта оқу үшін бағалауды оқушылардың оқуына ықпал етуге арналған оқытудың бөлігі ретінде қарайды, отандық педагогика оқулықтарында да бағалауды оқыту процесінің маңызды компоненттерінің бірі дейді және білімдік баға оқушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы деп тұжырымдайды. Бұл арадағы білімдік баға дегенді оқу үшін бағалау деп түсінген дұрыс сияқты. Олай дейтінім, білімдік баға деген де оқушының не студенттің оқудың қай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екенін іздеуге бағытталған процесс тәрізді.

Жоғары оқу орнындадағы педагогикалық процесте, яғни болашақ мамандарды даярлау барысында қалыптастырушы бағалау (оқу үшін бағалау) әдіс-тәсілдерін ендіріп, нәтижесін бақылап көрдік. Айта

кету керек, жоғары оқу орындарында студенттің білімін бағалау шартты түрде баллдық жүйемен, сонымен қатар басқа да жолдармен жүзеге асырылады. Мәселен: студент реферат жұмысын орындайды және соңында қолданылған әдебиеттер деп көрсетіледі, сонымен қатар студенттерге оның жазылу талаптары да түсіндіріледі.

Жұмысты қарап бағалау кезінде бір студентке талаптарды толық ескергенсің, негізгі ой ашылған деймін, келесі студентке 7 әдебиет қолданғансыз, дегенмен жұмыстың тақырыбына қарап, әдебиетті соған сәйкес қолдансаңыз, жұмысыңыздың сапасы жақсарар еді дейміз, келесіге тапсырма мазмұны жағынан жақсы, сәл қорытынды жетіспейді, тағы біріне әдебиеттер дұрыс таңдалған, бірақ мазмұнын ашуға мән берсеңіз т.б. Бұл ауызекі құптау немесе ұсыныстар түріндегі бағалаулардың алдағы уақытта студенттің тапсырманы орындауда мұқият болуына ықпалы болары сөзсіз.

Бұдан басқа әр сабақтың барысында кері байланысты жүзеге асырамыз. Кері байланыс – үн қату, жауап беру дегенді білдіреді. Онда әр түрлі әдістер қолдандық. Мысалы: Ассоциативті парақты толтыру, Венн диаграммасы, «Сатылар» (автор) т.б. Соның ішінде «Сатылар» әдісі біздің ойымызша, әр студенттің жаңа сабақты меңгеру деңгейі туралы шынайы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Парақ әр студентке беріледі, ондағы сұрақтарға жауап беріп, сатылармен жоғары көтеріліп отырады, саты жоғарылаған сайын берілетін тапсырма да күрделене түседі, бұл студенттен жинақылықты, белсенділікті және өздігінен жылдам әрекет етуге даяр болуды талап етеді.

Жоғары оқу орнындағы сабақтар барысында келесі әдістермен қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырып көрдік. Мәселен: «Ыстық орындық -1, 2» әдістерін қолданған уақыттағы студенттердің сұрақтар құруы және қоюы, оларға берген жауаптарын бағалау үшін студенттерге сол процесс туралы, сұрақтар, оларға берілген жауаптар туралы ойларын айтуын сұрадық, бұл бір жағынан өзара бағалау және өзін-өзі бағалау да болады.

Студенттік шақ балалық шақтан жеке өмір сүруге, жауапкершілік жасына өту этапын білдіреді. Бұл жаста өзі туралы қатынастары орнығады. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей тұлғаның өзі туралы пікірі, оның өз іс-әрекетін реттеудің маңызды тірегі болады. Өзіндік бағалау – өзіндік сана сезімдердің бірлігі, тұлғаның қасиеттеріне, сапасына деген қатынасы. Өзіндік бағалауға икемділік, орнықтылық, адекваттылық (жағымды, теріс) сияқты сипаттамалар тән болады [Пірәлиев С., 2007, 112-124 беттер].

Әр сұрақ қойылған соң, сұрақ қойған студенттен «Жауапқа көңілің тола ма? Мүмкін өзің толықтырғың келетін шығар...?» т.б. сұрап отырдық. Олардың көпшілігінің жауапқа көңілдері толады. 1 студент жауаптың берілгенін, бірақ өзіде толықтырғысы келетінін айтты. Бірақ бұл арада байқалған жайт, студент сұрақты қойған соң оған берілетін жауапты өзі тыңдауы керек, кейбірі жауапты тыңдамаған тәрізді себебі бәріне келісіп тұр. Бұл алдағы уақытта студенттердің тыңдау дағдыларын дамтуға мән беру қажет дегенді білдіреді.

Өзіндік бағалауды жүзеге асыру үшін өткен сабақтарда **т**оптық жұмыстарда ұсынылған оқу материалдарын қолданып, тақырып бойынша салыстырмалы талдау жасаған кестені топтарға өзара алмастырып, ондағы берілген тапсырманың нұсқау бойынша орындалуын және талдау айқын көрсетілген бөлімдерін анықтауға тапсырма бердік. Студенттердің іс-әрекеттерінен мынаны байқадық, олар тапсырманы орындауға белсенді кірісіп, кестені дауласып талқылады, мен оларды бақылай отырып, олардың айтқандарын белгілеп отырдық: «түйсіктің қасиеттерін толық қарамаған... «, «қорытындыда айырмашылықтарын анық көрсетпеген...», «біздің кестеде мына бөлім түсінікті қаралған деп ойлаймыз...» т.б. Бұл студенттердің өздерінде бар білім аясында басқаның жұмысын бағалауға даяр екендігін білдіреді. Тағы бір айтатынымыз, ол айтылған пікірлерден студенттердің оқу материалын меңгергенін көруге болады.

«Сөйлемді аяқта...» әдісіндегі берген жауаптарына талдау жасау, олардың өзін бағалауын білдіреді. Мысалы: студент Ж. «Менің сұрақ құруда қиналған себебім, тақырыпты дұрыс түсіне алмадым», студент А. «Мен сұрақты құрайын дегенмін, бірақ қиналдым», студент Ә. «Сұрақты дұрыс құру үшін бізге тақырыпты түсіну керек» т.б. Бұл алдағы уақытта осы студенттермен берген жауаптардың сипатына сәйкес жұмыс жасау керек дегенді білдіреді. Студент Ә. «Сұрақты дұрыс құру үшін бізге тақырыпты түсіну керек» деген жазбасы бір жағынан студенттердің оқу материалын тереңірек меңгеруге деген ниеттерінің бар екенін меңзейді, сондықтан алдағы уақытта сабақты өткізуде бұл да ескерілу керек.

Тағы бір өзара бағалау эссені орындаған соң олардың арасынан үздік эссені таңдау керек деген тапсырма берілген де жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде эссені жазды, келесіде әр топ өз араларын-

да ең жақсы жазылған эссені таңдады. Осыдан кейін әр топтан таңдалған ең жақсы эссенің авторлары оны топқа оқып берді, содан кейін барлық студенттер осылардың ішінен ең үздігін таңдап алды. Бұл процесті студенттер өздері жүзеге асырады, біз оқытушы тек бақылаушы боламыз. Оларға эссені бағалау үшін оның критерийлері берілді. Оларды бақылай отырып байқағанымыз, студенттер екінші кезең жұмысына мұқият болды, қайта-қайта бір-бірінің жұмысын оқып, мүмкіндіктерінше объективті болуға талпынды, бұл сол сәттегі процестен анық көрініп тұрды. Тек соңғы кезеңде бір эссені таңдау керек болғанда, әркім өз тобының студенті орындаған эссені жақсы жазылған деп алға тартты. Бұл уақытта олар берілген критерийді ескермеді (ұмытып кетті). Демек, келешекте осы бағытта жұмыс жүргізу қажет.

Осы бөлім бойынша іс-әрекеттерді талдай келе, мынаны түсіндік студент-болашақ педагог осы процесті мектепте өзі жүзеге асырады, сондықтан, бағалау критерийлері және оларды бағалау процесінде қалай ескеру керек екендігі туралы ақпараттарды және қалыптастырушы бағалаудың әдістәсілдерінің түрлерін тереңірек меңгерту қажет.

Бұдан басқа деңгейлі бағдарлама негізінде студенттерге қосымша кәсіби білім беруде дарынды және талантты балалардың, сонымен қатар түрлі жастағы балалардың қажеттіліктерін ескеру мақсатында оқуды саралау стратегияларын енгізуге талдау жүргізсек.

Педагогикалық процесте білім алушылардың жастық және даралық ерекшеліктерін ескеру мәселесі өте ертеден-ақ ғалымдардың назарында болды. Психология ғылымдарында студенттік шақ келесі кезеңдермен сипатталады: бозбалалық кезең деп оны екі кезеңге бөледі: бірінші кезеңі 15-17 жас арасы; екінші кезең 17-21 жас арасы.

Ғылым саласында жіктелуіне қарай студентті оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде сипаттаймыз: ақыл-ой, адамгершілік тұрғысынан толысқан, сенімділік, дүниеге көзқарасы қалыптасқан, өздігінен әрекет ете алады, сыни көзқарасы бар, жаңаны түсініп, қабылдай алады, ақыл-ой жағынан дамуға мүмкіндіктер бар, жауапты шешім қабылдай алады, болашағы туралы ойлайды.

Әр тұлға дүниеге келген сәтінен түрлі факторлардың ықпалында, түрлі ортада өмір сүреді. Сонымен қатар ол біркелкі дамымайды, бұл заңдылық, яғни бала психикасының әр қырының өзіне тән қолайлы даму кезеңдері бар, соның ішінде жоғары психикалық функциялардың (түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау) даму заңы бар. Мұны педагогтың білгені абзал. Демек, адамдардың психикалық процестері ұқсас болғанымен, әр адамның ортаны қабылдауы, әрекет етуі әр түрлі. Адамдар бір-бірінен қабілеті, мінезі, ерік қасиеттері, эмоциясы, сезімі, қызығушылығы, бейімділігі т.б.тәрізді қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан әр адам өзінше жеке дара тұлға.

Жоғарыда аталған қасиеттер ішінде осы модульдің негізгі сұрағы болатын ол – қабілет. Қабілет дегеніміз тұлғаның әр түрлі іс-әрекет түрлерін нәтижелі орындауында көрінетін дара психологиялық ерекшелік. Дұрыс бағыт, тәрбиенің нәтижесінде қабілеттілік қасиеті дамиды. Дарынды және талантты балалармен жұмыс туралы айтқанда ең әуелі жалпы қабілет мәселесі айтылады, яғни жалпы қабілет бар адамда бар, бәріміз жазамыз, оқимыз, тыңдаймыз, ал кейбір адамдар жеке бір іс-әрекет түрлерінен жоғары нәтиже көрсетуі мүмкін. Мәселен: біреу математикаға жақсы, бірақ ауызша білім көрсететін жағдайда ондай нәтиже көрінбеуі мүмкін; енді бір адамда әнге немесе басқада іс-әрекет түріне ерекше қабілет болуы мүмкін. Бұл психологиялық ғылымдарда арнайы қабілет деп аталады. Қабілеттің дамуына негіз болатын әр адамда туа берілетін анатомиялық-физиологиялық ерекшелік нышан болады. Демек, ол нышан қандай болмасын қасиеттің негізі, яғни дамытып жағдай жасау керек, олай болмаған жағдайда ол өшіп қалуы мүмкін. Әр педагогқа өз жұмысын ұйымдастыруда осы мәселені есте ұстаған абзал. Бұл бағыттағы педагогикалық процесс отбасында жалғасын табуы қажет [Грабовский А.И., 2003, 13-18 беттер].

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға талпынады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл – ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Аталмыш міндеттердің шешімін қарасыту үшін жоғары оқу орнында іс-тәжірибе барысында сабақ беретін топтардағы студенттердің қажеттіліктерін ескеру мақсатында жұмыс ұйымдастырылып жүргізілді. Студенттердің білім деңгейін саралау үшін олардың оқу нәтижелерін саралаудың критерийлері өткізілген сабақтарға негізделіп құрастырылды. Мәселен: сабақтың тақырыбы: «Түйсік туралы жалпы түсінік». Осы тақырып бойынша студенттердің оқу нәтижелерін саралау критерийлері келесідей болды:

Барлық студенттер: тақырып мәтінін түсінеді және түйсікті сипаттай алады.

Студенттердің көпшілігі: түйсіктің түрлерін ажыратады және қасиеттерін атай алады.

Студенттердің кейбірі: түйсік түрлерін ажыратып, физиологиялық механизмін сипаттай алады.

Жоғары да айтып өткендей әр студенттің өзіндік ерекшелігі бар, сабақта ол ескеріледі, сонымен қатар жастық дамуда (1,2,3,4 курс) назарда ұсталды. Жалпы сабақ беретін педагог курстан курсқа көшкенде олардағы дамуды байқайды, себебі олар әр кезеңде тәжірибе жинақтайды және олар меңгеретін білім мазмұны кеңейіп отырады.

Сабақ мақсатына жету үшін және студенттердің білімінің әр түрлі деңгейін ашуға мүмкіндік беретін әдістер мен стратегиялар сабақтарда қолданылды. Мәселен: ассоциативті парақты толтыру, Венн диаграммасы, «Сатылар», «Еркін жазу стратегиясы», «Ыстық орындық-1» және «Ыстық орындық-2». т.б. Осы әдістермен жұмыс барысында студенттердің іс-әрекеттерін үнемі бақыладық. Бақылау көрсеткендей әр студент өз мүмкіндігіне, қабілетіне қарай берілген тапсырмаларға қатысып отырды.

Мәселен: студент Н.,А., Г.,Ж., барлық тапсырмалар берілгенде белсенді кіріседі және тапсырма міндетіне сәйкес сұрақтар қояды, олардың әрекеттері процесте айқын көрініп тұрды. Студент Ә. Тапсырманы орындауға талпынады, бірақ іске кірісу үшін көп ойланады, біраз қиналады, қасындағы серіктестеріне қарап отырып, бірлесіп әрекет етуге кіріседі, ал студент Ж. өте баяу қимылдайды, оған нақты немен айналысу керек екенін жеке өзіне көрсеткен жағдайда әрекет етуге кірісе бастайды, көп жағдайда басқаның көмегін қажет етеді. Студент Д. тапсырманы орындауға ниет білдіргенмен, қасындағы серіктестері жолын айтқанша тосады, сосын барып онда ойлар пайда бола бастайды, дегенмен оқу материалын, күнделікті білімді игереді. Студент Н. өзіне сенімді, байланыстырып ойын айтуы жақсы, өз іс-әрекетінің нәтижесін көрсете алады, топта жұмыс істеу дағдысы бар, басқаның айтқанын тыңдайды, белсенді қимылдайды. Студент А. бұл студент студент Н-мен білім деңгейі жағынан жақын келеді, бірақ студент А. өзін салмақты ұстайды, бірден ашық белсенділік көрсете бермейді, оған біраз уақыт керек. Студент Г. білім деңгейі жақсы, іс-әрекеттен нәтиже көрсете алады, пән бойынша меңгерілген білімін қолдана алады, дегенмен іс-әрекетке бірден кіріспейді, ойланып, біраз уақыттан соң тапсырманы шешу амалдарын ойлауға кіріседі.

Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады, қандай болмасын тапсырмаларды орындауда даралық айырмашылықтарды ескеру. Даралық айырмашылықтарды білу нышанның құрылымына енетін кейбір табиғи алғы шарттарды білуге және өлшеуге бағытталған [Психология одаренности детей и подростков, 1996, 224-225 беттер]. Тұлғаның кративтілігін дұрыс түсіну үшін, шығармашылық, зияткерлік қабілеттер мен дарын арасындағы айырмашылықты түсіну қажет. Талантты және дарынды балаларға бағытталған өзгеріс енгізу стратегиясының бірі оқушыларға сыныпта және сыныптан тыс жерлерде өтетін оқудың күрделендірілген бағдарламасын ұсыну болып табылады. Тапсырманы кеңейту анағұрлым тереңдетіп оқыту, кең көлемді жобалар немесе зияткерлік тапсырмаларды кеңейту түрінде берілуі мүмкін

Өзіндік сана адам тұлғасының өзіндік тереңдігі бар сипаттамасы болғанымен, оның дамуы (тұлғаның белсенділігі мен жұмысқа қабілеттілігі) тек іс-әрекет үстінде көрінеді. «Ыстық орындық-1» әдістемесі бойынша кері байланыс өткізгенде студент Н. бірінші шақырылды, ол қойған сұрақтардың себеп-салдарлық байланысы бар, ойлануды қажет ететін сұрақтар болды және сұрақтарға жауап қайтаруда да талдау, қорыту, жүйелеу байқалады. Студент Г. студент Н. қарағанда сұрақтар қоюы және жауаптар қайтарып қатысуы, пән бойынша меңгерілген білім аясында болды, бірақ студенттің танымдық белсенділігі бар. Бұл жұмыс барысында студенттер Ә., Ж. сұрақтар құрастыруда қиналды. Келесі сабақта постерлік баяндама даярлауға берілген тапсырманы топқа бөліп бердік, бірақ әр топтың нақты бір бағыты болды. Сол бағыт бойынша олар баяндамаларын әзірлеп іледі, тапсырма мақсаты, берілген бағыт мазмұны жағынан ашылуы керек (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау). Бұл тапсырманы орындау студенттерден білімнің кеңдігін, жеделдігін, икемділігін, жинақылығын және саналылығын талап етеді және ойлау дағдыларын қолдана білу іскерлігі қажет болады. Сонымен қатар оқу материалын есте сақтау мен қайта жаңғырту жылдамдығы, жүйелілігі мен нақтылығы маңызды. Бұл тапсырма әр студенттің қабілеті мен мүмкіндіктерін анық байқауға қолайлы. Студенттердің тапсырманы орындау сәтін бақылаудан бақағанымыз, студент Н., А. тапсырманы қиындықсыз орындады, бірден түсініп іске кірісті, ал студент Г. біраз ойланып, сосын барып орындай бастады, студент Ж. орындаған баяндаманы оқыған топтағылар, біраз сын айтты, мәселен: теорияға баса мән беріп, дәлел келтірмеген, студент Ә. баяндамасында да дегеніміз, түрлері тәрізді деген сияқты оқулықтағы тақырып бойынша берілген материалдар баяндалған.

Осы талдаулардан шығатын қорытынды бұл алдағы уақытта тапсырма құрастырғанда әлі де болса әр студенттің қабілетін, дара ерекшелігін мұқият ескеру қажет дегенді және кейбір студенттердің білім қажеттілігін сезінуіне, басты мәселені бөліп ала білуіне, білімді әр түрлі жағдаяттарда қолдана білу іскерліктері мен дағдысының қалыптасу сапасына жіті көңіл бөлу дегенді білдіреді.

Қорытынды

Біз бұл мақалада жоғары білім берудегі қосымша кіәсіби білім берудің мәні туралы ой қозғадық. Кәсіби білім дегеніміздің өзі белгілі бір жүйедегі мамандығы бойынша алынған білім, білік, және дағдаларының жиынтығы. Бұл күнделікті педагогикалық процесте назарда ұсталады. Ең бастысы ұйымдастырылып өткізілетін жұмыс түрлерінің бір тұтас болуы, ол жоғары оқу орнында оқыту және тәрбиелеу әдістерін, тәсілдерін, түрлерін, құралдарын жүйелі және кешенді қолдануды білдіреді.

Айтпағымыз, студенттерде өмірлік қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеудің қажеттігі, нақтырақ айтсақ оларда бағыттылық, қабілеттілік, саналылық, тәртіптілік, адамдармен жұмыс істеу іскерлігі, өзін-өзі сынау, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және т.б. жеке бас ерекшеліктері мен қасиеттерін қалыптастыру мақстатымен олардың психикасы мен іс-әрекетіне әсер етуді көрсетеді.

Сабақтарға жасалған талдаулар оқытушы мен студенттің біріккен іс-әрекеті, оның барысындағы студенттің іс-әрекеттің субъектісі ретінде дамуы, оның тұлғалық сапа-қасиеті мен өзіне берілген міндеттерді дербес орындауға деген құлшынысы мен қабілеттілігінің болуы басты жайттар екендігін нақтылады.

Сабақта қолданған әдіс-тәсілдер бізге таныс болғанымен, оларды жаңа қырларынан білуге болады және әр оқытушы өзінің оқыту әдістемесіне ой жүгіртіп зерделесе артық болмас. Дегенмен, әр нәрсенің «+» және «–» болады, мұны заңдылық деп қабылдағанымыз дұрыс болар. Бұл бойынша мақсатты бағытта жұмыс жүргізіп, оның соңғы нәтижесін көру керек (бақылау, талқылау). Әрине, бұл процесс дәстүрлі мен жаңаны үйлестіре отырып жүзеге асырылғаны жөн.

Байқап қарасаңыз, студенттердің кәсіби даму процесі көп қырлы, ал оған талдау жасау бірқатар жайттарға назар салудың қажеттігін білдіреді. Біз осы мақалада аталмыш мәселенің бірқатар жауаптарын бере алдық деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Студентке арналған нұсқаулық.– «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы.– Бірінші басылым, 2015. – 185 бет.

2. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. – Алматы, 1996. – 237 бет.

3. Педагогика: Оқулық/ Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы. – Алматы: Print-S, 2005. – 430б.

4. Пірәлиев С., Керімов Л. Таным және студент.– Алматы: Санат, 2007.

5. Грабовский А.И. К вопросу о классификации видов детской одаренности //Педагогика, 2003,№8.– С.13 – 18.

6. Психология одаренности детей и подростков/ Под ред. Н.С. Лейтеса. – М.: Издательский центр «Академия», 1996. – 416 с.

ЖАҚСЫЛЫҚОВА АИДА САБИТОВНА
магистрант
e-mail: Zhaksylykovabm@inbox.ru

ЖАКИПБЕКОВА САУЛЕ СОТИЯЛДИНОВНА
философия докторы (PhD)
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қаласы

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: *Мақалада мұғалімнің шығармашылық құзыреттілігін көтерудің қажеттілігі мен маңыздылығы баяндалған. Болашақ педагогті әзірлеуде педагогикалық іс– тәжірибе мазмұны қарастырылады. Шығармашыл, білімді, білікті педагог жұмысты жоғары деңгейде орындап қана қоймай, оның нәтижелі болуына ықпал етеді. Сондықтан мұғалімдердің шығармашылығын арттыру көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады.*

Кілттік сөздер*: шығармашылық, педагог, кәсібилік,шебер, тұлғалық даму.*

Аннотация: *В статье изложена необходимость и важность повышения творческой компетентности учителя. В разработке будущего педагога рассматривается содержание педагогической практики. Творческий, образованный, квалифицированный педагог не только выполняет работу на высоком уровне, но и способствует ее результативности. Поэтому развитие творчества учителей является одной из актуальных проблем.*

Ключевые слова*: творческое, педагогический ,профессиональное, умелый, личное развитие.*

Annotation: *The article outlines the need and importance of increasing the creative competence of a teacher. The content of pedagogical practice is considered in the development of a future teacher. A creative, educated, qualified teacher not only performs work at a high level, but also contributes to its effectiveness. Therefore, the development of teachers' creativity is one of the urgent problems.*

Key words*: creative, pedagogical, professional, skillful, personal development.*

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Шығармашыл мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты, с*ондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр»* деген болатын. Бүгінгі таңда мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істейтін, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады *[ҚР Президентінің жолдауы, «Қазақстан-2050»]*.

Шығармашылық – қоғамның көпқырлы қажеттілігін қанағаттандыратын, жаңа сападағы материалдық және рухани құндылықтарды жасайтын адам әрекет процесі. Оқыту процесіне қатысты шығармашылықты, қоғамдық субъект ретіндегі адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда қоғамдық маңызға ие болатын – баланың өзі үшін сапалы жаңа құндылықтарды жасап шығаруға бағытталған әрекет түрі ретінде қарастыру қажет [Энциклопедиялық сөздік, 346 б].

Педагогикалық шығармашылық – оқу тәрбие үрдісінің үнемі өзгеріп тұратын жағдайында, балалармен қарым-қатынаста мұғалімнің оңтайлы және ұтымды педагогикалық шешімдер тауып, жүзеге асыруы. Педагогикалық шеберлік педагогтің терең әрі жан-жақты білімділігін, теориялық және әдіс-темелік қағидаларды педагогикалық іс-әрекетке ұштастыру шеберлігін, мол тәжірбесін жаңа жағдайда қолдана білетіндігін және педагогикалық кемел шеберлігін көрсетеді [терминологиялық сөздік. 87 б]

1. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан,

әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті – ұстаздардың қолында [http://saryagash-bilim.kz].

«Адамның адамшылығы – ақылы, ғылымы, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – деп Абай Құнанбаев айтқандай, бүгінгі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білімді құрметтеген, ұстазын қадір тұтқан тарихта ақыл – парасатымен ерекшеленетін тұлғалардың көбі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым еске алғаны белгілі. Айта кететін болсақ, Абылай хан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқожаны, Жамбыл – Сүйінбайды ұстаз әрі ақылшы көрген. Себебі, шәкірт білім, тәрбие, өнер, кәсіп, әдепті үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп ардақтап, сыйлап өтеді. Серке Қожамқұлов өзінің ұстазы туралы сөзінде « Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген. Әбділда Тәжібаев «Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интелектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек» – деген болатын. Жоғарыда атап көрсетілгендей маман болу үшін: қажетті білім, білік, тәрбие беру, тыңбай еңбек етіп, үнемі білімін шыңдап, білім берудің тиімді жолдарын оқушыларына ұсынып, шығармашылық жұмыстармен әрдайым айналысатын мұғалім ғана әрбір оқушының жүрегінде мәңгі сақталып қалатыны сөзсіз.

Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағытының болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс.

Шығармашыл мұғалім – әр сабағына жете дайындалып, өз уақытын жұмсап балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс істегенде, еңбегінің зая кетпейтінің жақсы түсінеді. Сол себептен оқушыларымен өзін керек жағдайда бала сияқты ұстап олармен сырласып, табиғат аясына саяхатқа шығарып, мерекелік іс– шараларды ұйымдастырып, әр сабақтын ерекше, тиімді өтуін қадағалайтын маман.

Педагогикалық шығармашылық – кәсіби-тұлғалық мотивация жағдайында пайда болады. Осы идеяның негізінде әр мұғалімге қажет жеке шығармашылық тұжырымдама жасалады. Мұндай тұжырымдама болмаса, мұғалімдердің өзіндік педагогикалық көзқарастары болмайды, тек болжам пікірлері болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық стилін игерген мұғалім, өзінің таңдаған мамандығы бойынша алға қойылған міндеттерді әрі қарай анықтауға, оларды шешуге жауапкершілікпен қарауға, стандарттар жасай білуге, кәсіби мінез-құлықтың белгіленген үлгілерінің шеңберінен шығуға дайын екендігін түсінетін белсенді субъектісіне айналады. Мұнда маман өзінің жұмысында пайда болатын белгілі бір жағдайларға тәуелсіз әрекет ете алатын, осы жағдайларды жасайтын, өзінің кәсіби қызметінің стратегиясы мен тактикасын жасап, жүзеге асыра алатын белсенділік деңгейіне жетеді. Студенттен шығармашыл ұстазды тәрбиелеу шығармашыл оқытушының болуымен байланысты. Шығармашыл мұғалімнің қалыптасуы ісінде университеттің ғылыми жұмыстары ерекше маңызға ие, олар тек мұғалімнің шығармашылық тұлғасын оқытуға ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орны оқытушы ұстаздардың сапалы өсуін қадағалайды. Университет қабырғаларында кафедралық және факультетаралық ғылыми семинарлар, халықаралық конференциялар өткізеді.

Шығармашылыққа байланысты педагогикалық технологиялар студенттердің өзін-өзі дамытуға, жеке қасиеттерін ашуға мол мүмкіндік береді. ЖОО-дағы мұғалімдердің сабақ беру шеберліктері соншалықты ерекше және көп қырлы, сол себептен университет оқытушыларының шығармашылық қасиеттерін зерттей отырып, студент өзінің мұғалім ретіндегі өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік алады, бұл көбінесе практика кезеңінде және оқу аяқталғаннан кейін байқалады.

Педагогтың шығармашылық тұлғасын дамыту процесін келесі әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық шарттардың жиынтығын орындау арқылы қамтамасыз етуге болады:

– болашақ мұғалімнің объективтен субъективтік позицияға ауысуын қамтамасыз ететін мұғалімнің шығармашылық тұлғасының дамуы мен өзіндік дамуы;

– болашақ кәсіптік қызметтің субъектісі ретіндегі тұлғаның қазіргі және жеке ерекшеліктеріне педагогикалық мамандық бойынша адамға қойылатын талаптар деңгейіндегі мұғалімнің жеке басын қалыптастыру процесінің бағыттылығының бірлігі;

– адамның педагогикалық қызметіне кәсіби жарамдылығын және субъективті даму мүмкіндігін анықтайтын адамның шығармашылық әлеуетінің болуы;

– болашақ мұғалімнің тұлғасын қалыптастыру және оның шығармашылық тұлғасын дамыту процесіне кәсіби-педагогикалық жарамдылықтың ғылыми-практикалық диагностикасын органикалық және қажетті түрде қосу;

– мұғалімнің жеке басының дамуы мен өзін-өзі дамыту үшін жеке және практикалық бағытталған педагогикалық технологияларды көздейтін мұғалімді даярлаудың гуманистік парадигмасын жүзеге асыру.

Тарихи-педагогикалық талдау көрсеткендей даралық категориясы оның мәнінің әртүрлі көріністерінде және терминологиялық құрылымға қарамастан ежелгі дәуірде, сипатталған және дамыған кезде де дами бастаған.

Қазіргі кезеңдегі орта білім беру жүйесінің негізгі мақсаты білім мен білік сомасын беру емес, оқушылардың шығармашылық дамуы, олардың өмір бойы өзін-өзі белсендіруге қабілеттілігі болып табылады. Мектеп өзін-өзі басқаруға қабілетті тұлғаның психикалық жағдайын, мінез-құлқын, қызметін және қарым-қатынасын қалыптастыруға жағдай жасауы тиіс. Мұны тек жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінде ғана жасауға болады. Осылайша, мектепке осындай білімді іске асыруға арналған мұғалім қажет. Университет қабырғасында білім алып жүрген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашыл болу керектігін жаңартылған білім беру бағдарламасы да талап етіп отырғаны бәрімізге мәлім.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу [https://kopilkaurokov.ru].

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастырады.

3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттертәсілдеріне үйретеді.

Әрдайым сұрақ қою арқылы жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Мысал келтіретін болсақ, жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарлау қажет, сонда оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпашларды, мақал-мәтелдерді де бала шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отырған жөн.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақты мынадай жолдармен өткізу тиімді болмақ:



1. Сабақты түрлендіріп өткізу;

2. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

3. Сабақ кезінде оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4. Интерактивті тақтамен слайдтарды қарау;

5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Шығармашылық тапсырмаларды барлық сабаққа еркін кіргізуге болады. Математика сабағын алатын болсақ «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол

ұтады дегендей, өтіп жатқан тақырыпқа байланысты ойын құрастырып сабаққа қосса болады. Осы ойын түрлерінің арқасында балалардың білімі тереңдей түседі, жаңа өткен тақырып тез есте сақтайды. Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Оқушылар ойында әр нәрсеге мұқият зейін қояды, алға қойылған мақсатты тез және оңай орындай алады. Қазақ тілі сабағында қолданылатын шығармашылық тапсырма. «Шығармашылық үзіліс» Берілген тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Мәңгілік ел қақпасы» тақырыбына әңгіме құрастыр.

Тірек сөздер: «Мәңгілік ел» тәуелсіздік қақпасы, монумент, сәулет, «Отан ана», «Әйел ана», «Ақсақал» ескерткіштері, тұрақтылық, «Тайқазан» , қонақжайлық.

Жоспар:

1. Қақпаның жалпы көрінісі
2. Қақпадағы мүсіндер
3. Қақпаның маңызы [Қазақ тілі оқулығы 4 – сынып. 74 б].

Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылар берілген жоспарға сай өз ойларын қағазға түсіреді. Оқушыларға шығарма жазғызу сөздік қорын қаншалықты екенің айқындаса, диктант жазғызу арқылы есте сақтау қабілетін дамытады.

Шығармашылық қабілетін арттыруда оқушы мынадай нәтижеге жетеді:

1. Өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайды
2. Бүгінгі әлеуметтік сұранысқа сай
3. Белсенді әрекетке түсе біледі
4. Тез шешім қабылдайды
5. Өзін-өзі бағалай алатын, жаңалықтарға қызығушылығы басым. Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Қорыта келгенде, мұғалім тарапынан бұл бағдарламаның жаңашылдығымен бірге әр ұстаздың бойында шығармашылыққа толы, заманауи технологияны саналы түрде оқып – білуде, көп жаңалықты үзбей кәсіби шеберлікте жиі пайдаланамын. Білімнің шексіз жаңалықтарын орынды, тиімді іске асыру жолдарын тиянақты орындауға болады. Біз бүгінгі міндеттерді жүзеге асыру арқылы Қазақстанның дамуына өз үлесімізді қосатын боламыз. Шәкірттің білімді болуы – ұстаз қолында». XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы


2. Білім және ғылым «Энциклопедиялық сөздік» 346 б.

3. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік «Педагогика « 87 б.

4. http://saryagash-bilim.kz/index.php/zha-aly-tar/7-rpa-bolasha-y-stazdar-olynda 5.https://kopilkaurokov.ru/na-chalniyek-lassi/prochee/baiandama_zhan_artylg_an_bilim_nieghizindie_ok_ushylardy_shyg_armashylyk_k_a_bau

6. Қазақ тілі оқулығы 4 – сынып, 1 – бөлім, 74 б.

УДК: 17.022.1 Ж.83



ЖУБАТЫРОВА БОТАГОЗ ТАНЖАРБАЕВНА
«Дефектология» мамандығының докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ

БИЛИНГВИЗМ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Түйін. *Мақалада болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылған. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу мәселесі аясында ғылыми еңбектері зерделеніп, талданды. Мақалада зерттеу тақырыбы бойынша автордың ұстанымдары, ойлары берідген.*

Түйінді сөздер: *құзырет, құзыреттілік, билингвизм, критери», көрсеткіштер, деңгейлер, педагогикалық жағдайлар.*

Резюме. *В статье рассматривается проблема развития языковой компетентности будущих дефектологов. Были изучены и проанализированы научные труды казахстанских и зарубежных ученых по изучаемой проблеме. В статье представлена авторская позиция исследуемого вопроса.*

Ключевые слова:*компетенция, компетентность, билингвизм, критерий, показатели, уровни, педагогические условия.*

Summary. *The article deals with the problem of developing the language competence of future speech special education teacher. Scientific works of Kazakh and foreign scientists on the studied problem were studied and analyzed. The article presents the author'sposition on the issue under study.*

Keywords: *competence, competence, bilingualism, criteria, indicators, levels, pedagogical conditions.*

Кіріспе

Қазіргі қазақстандық кәсіби білім беру саласы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, үнемі кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қабілетті маман дайындауға бағытталған. Кәсіби қажетті құзыреттіліктер мен оларды дамыту жолдарын анықтауға көптеген қазақстандық және шетелдік ғалымдар үшін ғылыми зерттеу тақырыбы, талқылау және әдістемелік пікірталастар тақырыбына айналды.

Жоғары кәсіби білім беру саласындағы жаңғырту үдерістері аясында «құзырет» және «құзыреттілік» негізгі ұғымдарға айналды. Бәсекеге қабілетті маманға әлеуметтік тапсырыс өзгерді, ол білімді, іскерлікті және дағдыларды игерген ғана емес, оларды қолдануға дайын болуға, дербес шешім қабылдауға, жоспарланған нәтижеге жетуге қабілетті болуы тиіс.

Білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдануға дайын, дербес шешім қабылдауға, жоспарланған нәтижеге жетуге қабілетті – бәсекеге қабілетті маман дайындау әлеуметтік тапсырысқа айналды.

Қазақстан білім алушылары екі (қазақ және орыс) тілде білім алатын көпұлтты ел болып табылады. Билингвалды білім берудің міндеті – әр түрлі сөйлеу жағдаяттарында еркін байланысқа түсе алатын билингвалды тұлғаны қалыптастыру.

Ғылыми зерттеулерді талдау барысында екі тілді білу және оны жетік меңгеру қазіргі еңбек нарығы жағдайында Қазақстан Республикасының мамандарына қойылатын маңызды талап және болашақ дефектологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылатынын дәлелдейді.

Сапалы кәсіби білім беру өзгерістерінің негізі болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытудағы теориялық ережелер мен әдістемелік тәжірибені одан әрі жинақтаудың маңыздылығымен зерттеудің өзектілігі анықталады.

Болашақ мамандардың оқу үрдісінде арнайы білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын меңгеру ғана емес, сонымен қатар билингвизм жағдайында тілдік құзыреттілігін дамыту кәсіби маңызды болып табылады.

Кәсіби маңызды құзыреттіліктерді дамыту бойынша көптеген көзқарастардың болуына қарамастан, болашақ дефектологтардың университетте жан-жақты білім алу аясында тілдік құзыреттілігін дамыту мәселесі неғұрлым толық зерттеуді қажет етеді.

Негізгі бөлім

Болашақ дефектологтарды дайындау сапасын арттыру үшін олардың мамандық туралы түсінігін дамытумен байланысты міндеттерді шешу педагогикалық ғылымның маңызды мәселесі болып отыр. Ш.Т. Таубаева: Педагогикалық білім беру жүйесін қайта құруда тұжырымдамалық тұғырды пайдалана отырып, тәлімгерлік, білімділік, құралдық-технологиялық, әдіснамалық-инновациялық парадигмалар төңірегінде қарастыруды ұсынады [Таубаева Ш.Т., 2017, 6-11б.].

Қазақстанның тарихи даму кезеңдері әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты мемлекеттің саясатымен, білім беру саласындағы заңнамалармен, психологияның, педагогика мен медицинаның тоғысындағы интеграцияланған білім саласы аясында арнайы (түзету) ғылымының даму деңгейімен байланысты.

Қазақстандық арнайы білім беруде заманның жаңа талаптарына сай болашақ дефектологтардың білімін жан-жақты толықтыруда және олардың кәсіби маман, жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізетін ғылыми зерттеулер айтарлықтай. Ж.И.Намазбаева, Қ.Қ.Өмірбекова, Р.А.Сулейменова еңбектерінен бастау алған қазақстандық А.Н. Аутаева [Аутаева А.Н., 2018, 8-12б.], Л.К. Макина [Макина Л.К., 2018, 40-50б.], А.К. Ерсарина [Ерсарина А.К., 2018, 2-8б.], Н.Б. Жиенбаева[Жиенбаева Н.Б., 2018, 2-5б.], А.Т. Баймуратова [Баймуратова А.Т., 2018, 99-107б.], И.А. Денисова[Денисова И.А., 2018, 70-75б.] және т.б. ғалымдардың еңбектерін екі тілде оқи отырып,болашақ мамандар нарық әлемінде өз орындарын таба алады.

Бірнеше тілді меңгеру тек оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де жүзеге асырылуы маңызды. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілір Г.Ю. Аманбаева, Зартер Гайдемари, С.А. Шункеева өз еңбектерінде мемлекетіміздің тіл саясатына байланысты ойларын жазған [Аманбаева Г.Ю., 2018, 9-17б.].

Нарық әлемінің талаптарына төтеп бере алатын құзыретті маман дайындау көптеген еңбектерде зерделенген. Жалпы кәсіби құзыреттер мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша одан әрі жүйелі нұсқауларды іздеу өзекті және қажет болып отыр. К.А. Абулханова-Славская, Н.А. Алекссв, Б.Г. Ананьев, Е.В. Бондаревская, В.В. Давыдов, В.В. Краевский, А.Н. Леонтьев, А.К. Маркова және т.б. еңбектерінде бұл тәсілдерді іске асыру ерекшеліктері ұсынылған.

Бұл ретте «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары, олардың құрылымдары, қалыптасу және даму шарттары туралы пікірталастар (В.И. Байденко, В.А. Болотов, Г.В. Горланов, А.Н. Дахин, Ю.Г. Татур, А.В. Хуторской, С.Е. Шишов және т.б.) жалғасуда. Бұл мәселенің маңыздылығы – құзырет пен құзыреттілік мәселелерін талқылау арнайы (түзету) білім беру мамандарын дайындау жөніндегі нормативтік құжаттармен тікелей байланысты.

«Тілдік құзырет», «тілдік құзыреттілік» ұғымдарын түсіндіруде түрлі көзқарастардың болуы, олардың мәні мен құрылымдарына қатысты келіспеушіліктердің болуын дәлелдейді (И.Л. Бим, М.Н. Вятютнев, Н.И. Гез, П. Дуайе, И.А. Зимняя, М. Кэналь, Е.И. Пассов, Дж. Равен, С. Савиньон, Д. Хаймз және т.б.).

А.В. Хуторскойдың пайымдауынша: «құзырет – білім алушыға білім беру дайындығына қойылатын талап, ал құзыреттілік – оның тұлғалық сапасы (мінездеме)» [Хуторской А.В., 2003, 58б.]. Біз өз зертеуімізде А.В. Хуторскойдың және П.Вейллдың: «...жоспарланған нақты нәтиженге қол жеткізу қабілеті» деген ұстанымдарымен көзқарастарымен келісе отырып, оларды негізге алатынымызды атап өткіміз келеді [Вейлл П., 2007, 327б.].

Білім беру саласы үшін «құзырет» және «құзыреттілік» терминдерін бөлу, оның мәнін анықтау ғана емес, сонымен қатар олардың өлшеу көрсеткіштері мен құралдарын әзірлеу және «Құзыреттілікке үйретуге бола ма?» деген сұраққа жауап беру маңызды болып отыр. Осы орайда өздерінің билингвалды білімдерін әр түрлі жағдайларда мәселелерді шешуге қабылетті, екі тілдің тілдік құралдарын сауатты қолдану дағдылары мен біліктерін іске асыруға дайын болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туындайды.

Жүргізілген зерттеулерді талдау барысында педагогикалық ғылымда қалыптасқан «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өзара байланыс

олардың ішкі бағыныштылығын анықтау арқылы байқалуы мүмкін. Құзырет оқытудың мазмұндық компонентін құрайтын білім, дағды, іскерлік кешенін білдіреді. Құзыреттілік тұлғаның құзыреттілік негізінде әрекетті орындауға қабілеттілігімен анықталатын қабілеті ретінде түсініледі. Яғни, нақты құзыреттерді меңгеру, құзыреттілікке ие екенін дәлелдейді деп пайымдауға болады деп ойлаймыз.

Біздің зерттеуімізде, құзыреттілік – өз білімін, іскерлігін, құндылықтарын басшылыққа ала отырып, туындаған мәселелер мен міндеттерді шеше алатын, жоспарланған нәтижесіне жету үшін еңбектенуге дайын тұлғаның интегралдық қасиеті; құзырет –нақты іс-әрекет барысында қолданылатын білім, білік, дағды. Құзырет құзыреттіліктің негізі болады.

Ресей ғалымдары В.И. Байденко, И.Г. Галымина, Ю.Г. Татур және т.б. ойынша, жоғары білімді жас маман өзін тұлға және маман ретінде сипаттайтын құзыреттерге ие болуы қажет: жалпығылыми және жалпыкәсіби, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтіг-тұлғалық. Бұл құзыреттер оған нарық әлемінде орындарын табуға мүмкіндік береді [Татур Ю.Г., 2004, 20б.].

А.В. Хуторскойдың ойынша, құзырет білім алудың басты мақсатымен; тұлғаның өмірлік дағдыларға ие болуына септігін тигізетін жеке және әлеуметтік тәжірибесімен анықталады [Хуторской А.В., 2003, 63-64б.].

Зерттеуімізде болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамытуда А.В. Хуторскойдың жіктемесін және ҚР «Дефектология» мамандығына арналған типтік бағдарламасын (Алматы, 2016ж.), білім беру бағдарламаларын негізге алдық.

Салыстырмалы талдау негізі болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің құрылымын әзірлеуге мүмкіндік берді. Болашақ педагог-дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамытуда келесідей құзыреттер қарастырылды:

1.Құндылық-мағыналық құзырет. Тұлғаның құндылықтық түсінігімен байланысты дүниетаным саласындағы құзыреті, оның қоршаған әлемді көру мен түсінуі, өмірде бағдарлануы, өзінің рөлі мен мақсатын ұғынуы, өз іс-әрекетінің мақсатты және мағыналық ұстанымдарын таңдай білуі, шешім қабылдауы. Құзырет білім алушының оқу немесе практикалық әрекет барысында өзін-өзі анықтау механизмін қамтамасыз етеді. Білім алушының жеке білім алу траекториясы және оның өмір сүру бағдарламасы оларға байланысты.

Оқытушының міндеті – студенттерге кәсіби өзін-өзі дамыту мотивациясына педагогикалық қолдау көрсету және қазақ-орыс тілдерін құндылық ретінде, тілдерге қызығушылығын арттыру, педагог-дефектолог ретінде өзіне жаңа рөлді ұғыну, екі тілді меңгерудің мақсатты ұстанымдары білім алу үрдісіндетұлға ретінде табысты алға жылжу үшін ғана емес, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметте де қажеттігін түсінуге көмектесу.

2. Оқу-танымдық құзыретіөзіндік танымдық іс-әрекет шеңберінде логикалық, әдіснамалық, жалпы оқу іс-әрекетінің элементтерімен байланысты білім алушының құзырет жиынтығын білдіреді. Бұл құзырет оқу-танымдық іс-әрекетті, талдау мен рефлексияны жоспарлау, мақсатты болжауды ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау білігі мен білімін қамтиды. Оқытушының міндеті – студенттің оқу-танымдық іс-әрекет шеңберінде мақсатты болжау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау технологияларын, мәселелерді шешудің эвристикалық әдістерін және тиісті педагогикалық жағдаяттарды меңгеруіне жағдай жасау болып табылады.

3. Коммуникатитік құзырет тілдік құралдарды, қоршаған ортамен қарым– қатынас тәсілдерін, топта әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді, ұжымда жұмыс жасау дағдыларын қамтиды. Оқытушының міндеті– білім алушы өзін таныстыру, хат жазу, сауалнаманы, іскерлік қағаздарды, өтініштерді толтыру, пікірталас жүргізе білу, әңгімелесушіні тыңдау және оны есті білу, сұрақ-жауап қабілеті, өз сөзіне жауапты болуды үйрету.

4.Ақпараттық құзырет білім алушының оқу пәндері мен білім салаларындағы ақпараттармен жұмыс істеу дағдыларын әртүрлі нысандар мен технологиялардың көмегімен (аудио-бейнежазба, электрондық пошта, БАҚ, интернет, факс, компьютер, теледидар және т.б.) қамтамасыз етеді. Білім алушы қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуді, талдай білуді және іріктеп алуды, оны ұйымдастыруды, өзгертуді, сақтауды және басқа жерге жібере білуі қажет.

5. Тұлғалық өзін-өзі дамытуқұзыреті кәсіби және мансаптық өсу тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Өз мүддесі мен мүмкіндіктері үшін әрекет ету тәсілдерін меңгерген білім алушының өзі даму объектісі болып табылады, бұл оның үздіксіз өзін-өзі тануында, қажетті жеке қасиеттерін дамытуда, психологиялық сауаттылықты, ойлау мәдениетін және мінез-құлықты қалыптастырумен сипатталады. Бұл құзырет

жеке тұлғаның өмір сүру негізімен байланысты қасиеттер кешенін, өзінің дамуы мен кәсіби жетілуіне өз бетінше еңбек ете білуді қамтиды. Оқытушының міндеті – болашақ дефектологтардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін оқу-танымдық, ғылыми және шығармашылық тапсырмаларды орындаумен сипатталатын педагогикалық жағдай жасау.

Біздің ойымызша, билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің құрылымы жоғарыда көрсетілген құзыреттердің жиынтығынан тұрады. Айта кетерлігі, әрбір құзырет түрлі сапалармен сипатталады.

Зерттеуде болашақ дефектологтардың билингвизм жағдайында тілдік құзыреттілігі тұлғаның кәсіби маңызды интегративті сапасы ретінде ұғынылады, ол екі тілдің тілдік жүйесі бойынша білімін, мотивациясын, құндалықтарын, іскерлікпен қабілеттер жиынтығын қамтиды. Яғни, билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігі –тұлғаның кәсіби маңызды интегративті сапасы, екі тілдің тілдік жүйесін бірдей меңгерумен сипатталатын (ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуын диагностикалау мен болжау жасауға үйретуде билингвалдық білімді қолдану), мотивациясының (жоғары деңгейлі кәсіби маман болуға, тұлғалық жетілуге ұмтылу), құндылықтарының (түзету педагогикалық іс-әрекетке құндылық ретінде қарау, ерекше қажеттілігі бар адамдарға эмпатиялық қатынасы), іскерліктерінің (коммуникацияға түсу үшін дұрыс тілдік құралдарды таңдау; электрондық ресурстармен және Интернет-көздрімен жұмыс жасау; өзіндік тілдік әрекеті мен сөйлеу тәртібіне рефлексия жасауҢ өз мүмкіндіктерін бағалау), қабілеттерінің (ерекше бала мен ата-аналарға консультациялық, әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету) жиынтығы.

Арнайы (түзету) білім беру түлектеріне ҚР-ның құзыретті маман дайындауға көшуіне байланысты жаңа талаптар қойылытыны туралы жоғарыда айтқанбыз. Кәсіби білім берудің базалық мақсаттарының бірі – еңбек нарығында құзыретті, бәсекеге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын, өзінің билингвалды кәсіби-бағдарлы білімімен еркін жұмыс істейтін білікті маманды даярлау болып табылады. Демек, кәсіби даярлаудың ажырамас компоненті болып табылатын тілдік құзыретті дамыту мәселесі туындайды. Тілдік құзыреттілік оның тілді меңгеру деңгейін және оқу үрдісінде нақты іс-әрекетті орындау барысында бар білімін қолдана білуімен анықталады.

Ғалымдардың (И.Л. Бим, М.Н. Вятютнев, Н.И. Гез, П. Дуайе, И.А. Зимняя, М. Кэналь, Е.И. Пассов, Г. Пифо, Д. Равен, С.Савиньон, В.В. Сафонова, М. Свейн, Д. Хаймз және т.б.) жұмыстарында тілдік құзыреттілік мәселесінің көптеген аспектілері қарастырылса да, билингвизм жағдайында тілдік құзыреттілікті дамыту мәселесі тиісті қарастырылмаған. Олардың арасында: «тілдік құзыреттілік» ұғымының анық анықтамасы, тілдік құзыреттіліктің құрамдас құрамы, билингвизм жағдайында даму ерекшеліктері, оның даму өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау мәселелері.

Билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тілдік құзыреттілік ұғымының негізінде, авторлық мазмұнға ие педагогикалық модель дайындалды.

Билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің педагогикалық моделі үш технологиялық компоненттер жиынтығына негізделген: мотивациялық-когнитивті, құралдық-әрекет және рефлексивті-бағалау.

Бұл компоненттер болашақ мамандардың тілдік құзыреттілікке ие болу қажеттілігін негіздеуді; оқыту үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді; жеке тұлғаның сапаларын бағытталған өзгерту процесін іске асыру шарттары мен механизмін анықтайды; қойылған мақсатқа жетуді, бағалауды қамтиды.

Мотивациялық-когнитивті компонент болашақ педагогтардың танымдық іс-әрекет құралы ретінде тілдік құзыреттілігіне ие болу қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Құралды-әрекеттік екінші маңызды технологиялық компонент– оқытудың нақты мазмұнын әзірлеу, оқу және әдістемелік әзірлемелер, нұсқаулықтар кешенін дайындау, билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамыту үрдісін жүзеге асыру шарттары мен механизмін, екінші тілді оқытудың тиімді әдістері мен формаларын анықтау.

Педагогикалық модельдің құралдық-әрекеттік компонентінің негізгі элементі – студенттің белсенділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар кешені, студенттің нәтижелердің маңыздылығын ұғынуы. Жағдайлар ретінде:

- дефектологтардың білім алу үрдісін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету және оны жүзеге асыру;
- болашақ педагог-дефектологтарды жеке және кәсіби даму үшін билингвалды білімді, іскерлікті және қабілеттілікті меңгеруге және оны қолдануға мотивациялау;

• билингвизм жағдайында тілдік құзыреттілікті дамыту үрдісінің нәтижелілігін талдау және өзін-өзі бағалауға үйрету;

• оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруына және оқу жағдаяттарына қатысуына байланысты.

Педагогикалық модельдің үшінші – рефлексивті-бағалау компонентінің негізгі ұғымы студенттің өзін-өзі бағалау мен талдау негізінде белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкес тілдік құзыреттіліктің дамуы болып табылады.

Болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің дамуы деп (құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру) белгіленген құзыреттердің нақты бір өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлербойынша оқу-танымдық және болашақ кәсіби әрекетін жүзеге асыру аясында екі тілді меңгеру және оны пайдалану деңгейіндегі оң динамикасының болуымен түсіндіріледі.

Болашақ арнайы білім беру педагогтарының тілдік құзыреттілігін дамыту деңгейін анықтайтын критерийлер ретінде:

– кәсіби өзін-өзі дамыту мотивациясы және қазақ-орыс тілдерін құндылық ретінде үйренуге қызығушылығы;

– билингвалды кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

– қазақ және орыс тілдері жүйесі туралы базалық білімдері.

Белгіленген құзыреттерге сәйкес келесідей көрсеткіштері бар.

Құндылықтық-мағыналық құзырет– болашақ мамандық үшін алған билингвалдық білімдерінің қажеттілігін түсіну; студенттің өзінің тілдік құзыреттілігін дамыту мен өзін-өзі дамыту қажеттілігі; қазақ, орыс тілдерін үйренудің маңыздылығын түсіну және Қазақстанда билингвалдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру аясында кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде оларды пайдалану қажеттілігі;

оқу-танымдық құзыретке тән: тілдік нормаларды, кәсіби саланың категориялық-ұғымдық аппаратын және екі тілдің лексикалық материалдарын, тілдік материалдарын іздеу барысында өзін-өзі ұйымдастыра білу; диагностика үшін көптілді материалды дұрыс таңдау, қазақ және орыс тілдерінде түзете-дамыту бағдарламасын құра білу;

ақпараттық құзырет– ақпаратты оқу және түсіндіру тәсілдерін меңгерумен сипатталады; рефераттау; кәсіби ақпаратты таныстыру және қорытындылау; кәсіби ақпаратты өзге тілдегі мәтіннен алу; кітапханада (соның ішінде вертуалды кітапханада) және Интернет-көздерінде кәсіби маңызы бар тілдік материалдарды іздеу және зерделеу бойынша дербес іс-қимыл тәсілдерін меңгерумен сипатталады;

коммуникативтік құзырет үшін жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын, көпшілік алдында сөйлеу тәсілдерін, аргументация, дискуссия және полемика жүргізу дағдыларын меңгеру тән; іскерліктер: басқа мәдениет иелерімен қарым-қатынас жасай білу; кәсіби-бағытталған материалды өңдеу, жүйелеу және жалпылау; оймен алдағы қарым-қатынас жағдайын алдын ала жоспарлау қабілеті; ауызша және жазбаша сөйлеуді қисынды, дәлелді және анық құра білу; анықтамалар беру, мысалдар мен дәлелдер келтіре білу;

тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреті үшінстуденттердің өзінің билингвалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға ұмтылуы; тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы; студенттің мәдени-адамгершілік, интеллектуалды, кәсіби өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу тәсілдерін саналы меңгеруі тән.

Жоғарыда айтылған мәлеметтерді талдай отырып, арнайы (түзету) білім беруде болашақ педагогтардың тілдік құзыреттілігін құрайтын құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттерінің даму деңгейін өлшемдер мен оларға сәйкес көрсеткіштер негізінде диагностикалауға мүмкіндік беретін үш деңгейін анықтадық: төмен, орташа, жоғары.

Билингвизм жағдайында студенттердің тілдік құзыреттілігін дамытудың авторлық педагогикалық моделі ашық және әмбибап болып табылады деп ойлаймыз. Жүйенің ашықтығы дефектолог-студенттердің әлеуетінде және де түзету, тұлғалық-дамытушылық оқу жағдайларын құру мүмкіндігінде көрініс алды және олар арқылы құзыреттіліктің төмен деңгейінен жоғары даму деңгейіне көшу қамтамасыз етіледі.

Модельдің әмбибаптығы – құзыреттердің даму өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері (құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру) бойынша дефектологтың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Зерттеген еңбектерде тілдік құзырет туралы айтылады. Біздің пікірімізше, студенттердің билингвизм жағдайында екінші тілді меңгеруі және оны тәжірибеде қолдануы –тілдік құзыреттілік нәтижесі деп айтуға болады.

Қорытынды

Зерттеп отырған мәселе аясында ғылыми еңбектерді талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми көзқарастарын зерттеу және ҚР-дағы тілдік жағдайды талдау, қазақстандық жоғары кәсіби білім берудің мақсатының өзгеруіне байланысты бірқатар мәселелердің туындағанын көрсетеді. Ғалымдардың мәселені шешуі жас кадрларды дайындауда құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруда көрінеді. Нақты әрекет түрлерінде білім, іскерлік, дағды, қабілет, іс-әрекет тәсілдерін меңгеру және пайдалану – жас кадрларды дайындауда құзыреттілік тәсілдің негізі.

2. Зерттеу соңғы онжылдықта арнайы (түзету) білім беру аясында қазақстандық нормативтік құжаттарда білім беру нәтижелерін бағалаудағы өзгерістерге байланысты «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «тілдік құзыреттілік» ұғымдарының енгізілгенін көрсетеді. Қазіргі уақытта бұл ұғымдар мен олардың жіктелуіне байланысты бірыңғай пікір жоқ.

3. Кәсіби білім берудің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын, тиісті деңгейдегі және бейіндегі білікті қызметкерлерді даярлаумен сипатталады. Бұл жұмыста тілдік құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің ажырамас компоненттерінің бірі болып табылады. Бұл қоғамдық, мәдени, саяси, экономикалық салалардың интернационалдануына байланысты. Тілдік құзыреттілік тілді кәсіби меңгеру деңгейін және қажетті жағдайда бар білімін қолдана білу деңгейімен сипатталады.

4. Отандық және шетелдік зерттеулерді талдау барысында «тілдік құзырет», «тілдік құзыреттілік» ұғымдарын анықтауда айқындық жоқ екенін байқадық – бұл синонимдер немесе түрлі ұғымдар. Сондайақ тілдік құзыреттіліктің компоненттік құрамы, билингвизм жағдайында оның даму ерекшеліктері, даму критерийлері мен көрсеткіштері аясында бірыңғай көзқарастың жоқтығы.

5. Зерттеуде біз билингвизм жағдайында «тілдік құзыреттілік» ұғымының авторлық түсіндірмесін ұстанамыз. Тілдік құзыреттілік кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті екі тілдің тілдік жүйесін (қазақ және орыс) меңгерген, тұлғаның кәсіби маңызды интегративті сапасы ретінде негізделген.

6. Болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің құрылымын әзірлеу мүмкін деп есептейміз (құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық, тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құзыреттері). Құзыреттілікті дамыту білім алушылардың дайындық деңгейін анықтайды.

7. Болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған педагогикалық моделін әзірлеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Құрылған модельдің негізін технологиялық компоненттердің жиынтығы анықтайды: мотивациялық-когнитивті, құралдық-әрекет және рефлексивті-бағалау. Компоненттер мыналарды қамтиды: болашақ мамандардың тілдік құзыреттілікке ие болу қажеттілігін негіздеу; оқыту үрдісіне әдістемелік нұсқауларды әзірлеу; тұлғаның сапалық қасиеттерін бағытталған өзгерту әрекеттерін іске асыру шарттары мен механизмін анықтау; түпкі мақсатқа жетуді бағалау. Модельдің ашықтығы мен оның динамикасы жеке-дамытушы, оның ішінде түзетуші оқыту жағдайларын құру мүкіндіктерінен тұрады, олар арқылы студенттің тілдік құзыреттілікті дамытудың төменнен жоғары деңгейіне көшу қамтамасыз етіледі.

8. Болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамыту аясында педагогикалық жағдайлар кешені ұсынылды. Кешеннің құрамы: дефектолог-студенттердің білім алу үрдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және іске асыру; тұлғалық және кәсіби дамуүшін билингвалды білімді, іскерлік пен қабілеттілікті игеру және пайдалануда болашақ дефектологтардың мотивациясына педагогикалық қолдау көрсету; билингвизм жағдайында тілдік құзыреттілікті дамыту үрдісінің нәтижелілігін талдау және бағалау; білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыруына және оқу жағдаяттарына қатысуына байланысты оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау.

9. Болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігін дамытудың моделін іске асырудың нәтижелілігін бағалау үшін «тілдік құзыреттіліктің дамуы»түсінігін анықтау қажет болады. Билингвизм жағдайында болашақ дефектологтардың тілдік құзыреттілігінің дамығандығы деп біз екі тілдің тілдік жүйесін меңгеру мен қолдану, мотивация, құндылықтар, іскерліктер, қабілеттер жиынтығы деңгейінде құзереттердің (құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру) дамуындағы оң динамиканың болуы деп түсінеміз.

10. Болашақ дефектологтардың (құндылық-мағыналық, оқу-танымдық, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру) құзыреттернің дамуын анықтайтын критерийлерге мыналар ұсынылды: кәсіби өзін-өзі дамыту мотивациясы және қазақ-орыс тілдерін құндылық ретінде үйренуге қызығушылығы; билингвалды кәсіби қарым-қатынас дағдылары мен іскерліктерін дамыту;қазақ және орыс тілдері жүйесі бойынша базалық білімі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Таубаева Ш.Т. Білім беру мазмұнын құрастырудағы білім беру идеалының орны мен рөлі // Педагогика және психология. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми-әдістемелік журналы (Алматы), 2017. №3, 6-11б.

2. Аутаева А.Н., Исабек А.А. Кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілін естіп қабылдауын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018. № 3, 8-12б.

3. Макина Л.К., Рахым Ж. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың интонациялық мәнерлігін зерттеу әдістемелері және нәтижелері // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018. № 4, 40-50б.

4. Ерсарина А.К., Юлдабаева Д.Р., Шолпанкулова Г.М., Достай А.К. Кохлеарлық имплантациядан кейінгі ерте жастағы балалардың ата-аналарымен бірге топтық жұмыс жүргізу жағдайындағы психологиялық-педагогикалық оңалтылуы // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018. №3, 2-8б.

5. Жиенбаева Н.Б., Қошжанова Г.А. Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесіндегі болашақ педагог-дефектологтардыңимиджін қалыптастырудың педагогикалық негіздері // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018.№ 4, 2-5б.

6. Баймуратова А.Т., Пашигорева И.В.Этапы и результаты апробации технологии включения родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с кохлеарным имплантом в детских садах // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018.№3, 99-107б.

7. Денисова И.А., Зиминская М.В. Особенности чтения детей 8-9 лет с тяжелыми нарушениями речи // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018. № 2, 70-75б.

8. Аманбаева Г.Ю., Зартер Гайдемари, Шункеева С.А. «Тілдік саясат», «тілдік жоспарлау», «тілдік идеология» түсініктердің өзара шарттылық мәселесі // Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2018. № 1, 9-17б.

9. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы // Народное образование. – Москва. 2003. № 2, с.60.

10. Борытко Н.М. Компетентность – «Живое знание» в структууре профессиональной деятельности педагога / Н.М. Борытко // Компетенции вв образовании: опыт проектирования: сб. научн. тр. / под ред. А.В. Хуторского. – Москва: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. 327 с.

11. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалиста // Высшее образование сегодня. – Москва. 2003. № 2, С. 20

12. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы //Народное образование. – Москва. 2003. №2, с.63-64.

ӘОЖ 378.147:004.9

ИСАЕВА КҮЛМАРАШ РАМАТУЛЛАҚЫЗЫ
педагогика ғылымы кандидаты, профессор
Көлік және кәсіптік оқыту кафедрасы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ТОҚТЫБАЕВА ГҮЛЖАХАН САУЛЕБЕККЫЗЫ
педагогика ғылымы магистры, аға оқытушы
Дизайн және көркем өнер кафедрасы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ИНФОГРАФИКАНЫ КӨРНЕКІЛІК РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Түйін. *Инфографика қазіргі заман талабына сай оқытушылардың өз пәндеріндегі ақпараттарды қысқа әрі нақты, студенттердің білім біліктілігін қалыптастырып, олардың кеңістіктік визуальдық қабілеттерін, визуальды коммуникация, визуальды ойлау қабілеттерін дамыту және инфографиканы жүйелі түрде қолдануы талданады*

Түйінді сөздер: *инфографика,кеңістіктік визуальдық қабілет, визуальды коммуникация, визуальды ойлау, ақпараттық графика, компьютерлік графика.*

Резюме. *В статье анализируется краткая и достоверная информация о применении инфографий в своих дисциплинах, формирование у студентов знаний, развитие их пространственных визуальных способностей, визуальных коммуникаций, визуального мышления при систематическом использовании инфографики.*

Ключевые слова:*инфографика, пространственные визуальные способности, визуальные коммуникации, визуальное мышление, информационная графика, компьютерная графика.*

Summary. *The article analyzes brief and reliable information about the use of infographics in their disciplines, the formation of students ' knowledge, the development of their spatial visual abilities, visual communications, visual thinking in the systematic use of infographics.*

Keywords*: infographics, spatial visual abilities, visual communication; visual thinking, information graphics, computer graphics.*

Педагог мамандарды даярлауда инфографиканы көрнекілік ретінде қолданудың педагогикалық негізін келесідей құруға болады:

– суреттегі сандар, бұл өте кең тараған категория, сандық көрсеткіштерде қолданылады;

– кеңейтілген тізім, статикалық деректер, уақыт сызығы, нақты деректер жиынтығы визуальды түрде берілуі мүмкін;

– үрдіс және перспектива, қиын үрдістерді визуализациялау үшін қызмет етеді немесе кейбір перспективаны елестету.Визуализациялауда бірнеше мысалдар бар, олардың көбісі өнер нысандарымен байланысты келесідей қолданылады;

– статистика және есептер, өте кең жанр, яғни берілгендер уақытпен бірге көрсетіледі.

– анықтамалық ақпараттар, негізгі мәтінге қосымша ретінде, берілгендерді көрнекі түрде иллюстрациялау. Айталық, динамика туралы көрсеткіштерді жалпылама немесе бір үрдісте, оның этаптарын көрсету;

– интерактивті сервистер: жобалар және өнімдер, инфографика және интерактивтілік барлық компьютерлік бағдарламалардың көптеген бөлшектерін және мамандандырылған жүйелерімен араласып байланысады;

– иллюстрация: бұл таза жанр емес, өз бетімен берілгендерді тұрғызу үшін, әдемі кескіндерді тәжірибеде қолдану. Олар өзінше мағынаға ие, бірақ олардың негізгі тапсырмасының негізгі құндылығы – орындау сапасы.


Сонымен инфографика барлық пәндерде қолданылады, бұдан шығар тұжырым, әрбір оқытушы өз пәнін оқу-тәрбие мазмұнының ыңғайына қарай іске асырып, оқытудың ерекшелігін ескереді.Студенттердің кеңістіктік визуальдық қабілеттері, визуальды ойлау қабілеттері, визуальды коммуникация

және инфографиканы жүйелі түрде қолдану келесі жағдайларда ұсынылады:

1. Белгілермен (әріптер, сандық көрсеткіштер, диаграмма, матрица, схема және т.б.);
2. Схемаға түсірілген нұсқалармен;
3. Символдық таңбалармен немесе абстрактылы ұғымдармен, тұспалдаулармен, астарлаулармен;
4. Жүйелермен;
5. Үлгілермен.

«Итак, мы убедились в том, что любая сформулированная вами идея всегда может быть выражена с помощью одного из пяти типов сравнения. При этом неудивительно, что каждому из этих типов сравнения соответствует один из пяти основных типов диаграмм: круговая, линейчатая, точечная диаграммы, гистограмма или график» [Желеязнь Д., 2004, 220 б].

Графикалық құрылғылардың әртүрлілігіне қарамастан коммуникацияда бірнеше түрлері (таблицалар, схемалар, графиктер, матрицалар және карталар), яғни берілгендердің иллюстрациялауда диаграммалардың бес түрі қолданылады, Джин Желеязнь статистикалық суреттер, графиктерді былай жіктейді, ол келесі 1 суретте көрсетілген[Желеязнь Д]:



Сурет 1. Диаграммалардың түрлері: шеңберлі, сызықтық, гистограмма, график, нүктелі

Шеңберлі диаграмма өте жиі қолданылады. Бұл көбінесе баяндама немесе презентацияларда қолдануға ыңғайлы.

Сызықтық диаграмма бұл универсальды диаграмма болып табылады.

Гистограмма біздің ойымызша өте қажетті диаграмма түрі, график болса ол «жұмыстың атшабары» сияқты, ал нүктелі диаграмма қазіргі таңда ескірген диаграмма түріне жатады.

Қолданыстағы қағидаларға сүйене келе біз Исаева К.Р., Тоқтыбаева Г.С. өз зерттеуімізде болашақ педагог мамандардың инфографикалық сауаттылығын былай түсіндіріп сипаттаймыз:

– кеңістіктік визуальдық қабілет – кинетикалық тұлғаларға арналған (яғни, қозғалыс арқылы, физикалық көшіру және орындау) және логикалық ойлау (үлгілер және жүйелер арқылы математикалық ойлау);

– визуальды ойлау қабілеті – «көрнекі үлгілермен манипуляциялау арқылы қорытындысында жаңа ойлар туындату, көбінесе абстрактылы ойлау арқылы мағыналы жүктемені көрнекті көрсету» адамның ойлау қызметінің ерекше түрі;


– ақпараттық графика – технологиялық үрдісте, тапсырманы, деректерге ашық әрі жеңіл талдау нобайын ұсыну, нысанның кеңістіктік уақытының арақатынасын, алгоритмін, құрылымын көрсету;

– визуальды коммуникация – ол жаңашыланған ұрпаққа, көбінесе өзінің классикалық кинофильмдер, музыка, әдебиетті яғни барлық іскерліктеріне талдау жасау, қабілеттерінің қажеттігі жоқтығымен сипатталады [Исаева К.Р., Тоқтыбаева Г.С., 2015, 29 б].

Сонымен қоса саны көп ақпараттарды беруде тек диаграммаларды ғана емес, визуальды формада көрнекі түрде беруге болады. Оның ішінде өзара байланыстық, бірізділік, үрдіс, өзара қарым қатынас түрлері көп қолданылады.

Әрине оларды докладтарда, презентацияларда және мақалаларда қолдануға болады. Оларды екі үлкен категорияға бөлуге болады: «визуальды концепция» бұл абстрактылы геометриялық формалардан (мысалы, шеңбер, үшбұрыш, бағыт т.б.) және «визуальды метафоралар» оған метафоралар, басқыштар, лабиринттар, басқатырғыштар т.б. жатады [Желеязнь Д].

Коммуникация мәселесінің визуальды шешімін іздеуде келесі кескіндерді, өзіңіздің қажетіңізге сай қысқартып, үлкейтіп, өзгертіп қолдануға болады. Содан кейін жазулармен, сол мәселенің негізін көркемдейтін диаграммалармен байланыстыру 2 суретте көрсетілген [Желеязнь Д]:




Сурет 2. Схеманың құрылысы

Эдвард Тафти жалпақ қағаз және экран әлемінен, қарапайым және көп өлшемді ақпаратты берудің жүздеген тамаша мысалдарын оқырмандарға көрсете отырып, жеңілдетуді ұсынады. Эдвард Тафтидің дизайн-бағытталған кітаптарының бірі бола отырып,» ақпаратты ұсыну « карталар мен схемаларды, ғылыми презентациялар мен диаграммаларды, компьютерлік интерфейстерді, статистикалық графиктерді және кестелерді, стереофотографияларды, сот залынан алынған айғақтарды, кестелерді, сондай-ақ басқа да көптеген тамаша мысалдарды, тіпті жаймалайтын кітапшалардан жасалған жайылатын суреттерді де қамтиды. Күрделі материалды көрнекі құралдармен қалай түсіндіру туралы практикалық ұсыныстармен қамтамасыз етеді және көрнекті мысалдарда ақпаратты берудің іргелі қағидаттарын көрсетеді.

Эдвард Тафтивизуальды концепцияларды былай бөледі:

– горизонталь және вертикаль қозғалыстар
– шеңбер бойынша қозғалыстар
– әрекеттестік
– қозғалмалы күштер
– бағытын өзгерту
– фильтрлар
– өзара байланыс
– үрдістер
– сегментация жатады.

Горизонталь және вертикаль қозғалыс 3 суретте көрсетілген [Эдвард Тафти. 2004, 240 б]:



Сурет 3. Горизонталь және вертикаль қозғалыстары

Визуальды метафораларға келесілер жатады: ойындар,спорт, мозайкалар, лабиринттар, оптикалық иллюзиялар, басқыштар, шартты белгілер, сөздер, тамшылар, офистік қажеттіліктер, жол жүру және қайту т. б. жатады.

Осыдан визуальды ойлау «көрнекі үлгілермен манипуляциялау арқылы қорытындысында жаңа ойлар туындату, көбінесе абстрактылы ойлау арқылы мағыналы жүктемені көрнекті көрсету» адамның ойлау қызметінің ерекше түрі деп түсінуге болады. Осыдан бейне немесе үлгі ойлаудың жан жақты категориясы. Бейне немесе үлгі ойлау негізіне жатады, яғни тек қана визуальды емес. Бейне немесе

үлгі ойдың негізгі қызметін атқарады: «Қайтадан туындаған ойлар жаңа ойларға ұласады (жаңа білім), ойлау үрдісінен басқа бейнелер немесе үлгілермен (біліммен) байланысуы мүмкін»[Эдвард Тафти 2004, 242 б].

И.А.Серикованың жұмысына үңілсек, визуальды ойлау танымдық қажеттіліктермен меңгерілген, диалект ретінде ойлау түсінігін толықтырады. Сонымен қоса визуальды ойлаудың «жетістігі» ерекшеленеді. Бұдан, визуальды шығармашылыққа талпыныс жоғарғы оқу орындары студенттерінің шығармашылықты сезінуімен қоса, шығармашылық қабілеті сапасының талаптары кіреді, яғни дивергентті ойлау, жан жақтылық қабілет, таба білу [Серикова И. А., 2005].

А.Ж. Әбіловтыңзерттеулерінде, оқыту – оқу іс-әрекетінің дұрыс жүруіне қатысты ұйымдастыру және бақылау жасау, нәтижесінде студенттер меңгеруге тиісті білім мазмұнын (стандартқа сай) парасатты іс-әрекеті мен креативтік пайымдау қабілеттілігінің деңгейінде меңгеруді растайды. Бұрынғыдай «дәріс» деген ұғымның мазмұны түбірімен өзгеріске ұшырап, дәстүрлі сабақтардың орнына инновациялық іс-әрекеттер жүйесі енгізілді [Әбілов А.Ж.. 2007, 93 б] .

Әрине, өзіне етене жақын үйреншікті амал-тәсілдерді тәжірибеден ығыстыру үшін белгілі бір тұлғаның әдіснамалық дүниетанымы қоғам сұранымына сай құбылып, өзгеріп, динамикалы сипатқа түсіп отыруы орынды.

Білім беру кеңістігінде технологияның өнімді нәтижеге қол жеткізбеуінің бір факторы – ол тұлғаның аталмыш технологияға ожырая қарауы сөзсіз. Міне, осындай кереғар қайшылықтардың шоғырлануынан көптеген жеке тұлғалардың экономикалық парасат бағамдары болу керек нұсқадан төмен көрсеткіштерде қалып қояды. Сондай келеңсіздіктің орын алуынан педагогика ғылымының басқа ғылымдардан қалыс қалып, басымдық рөлін жойып, халық алдында беделін әлсіретіп жүргені белгілі.

Инфографиканың негізгі мақсаты – ақпараттау. Яғни тақырыптың толық көлемді мағынасын түсіндіруде, мәтіндік ақпаратқа толықтырушы ретінде ұсынылған құрал. Жалпы айтқанда, инфографиканың педагогикадағы байланысы, тірек – сызбамен оқыту – заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр – сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үдеріс.

Оқыту жүйесінде инфографиканы жетілдірудің дидактикалық тиімділігін арттыру оқытушы-профессорлардың нұсқаушылық-бағдарлау іс-әрекетін түсіндіру, ұғындыру, баяндау сияқты конструктивті мәнде өтілуіне басымдық беріледі.Педагогикалық жүйенің мақсаттылығы оқытудың жүйе құрастырушы элементтерін көрсетеалатын ұқсас коэффициенттер мен жүйе құрастырушы жекелеген элементтерге қатыстыбілім беру аймағындағы «инфографика» мазмұнын құрастыратын, студенттердің әдістемелік даярлығының мазмұнын бейнелейтін көрсеткіштермен бағаланады.

Чернилевский Д. В., Морозов А. В. егер ақпараттың берілген стилі туралы айтатын болсақ, онда ол өте әртүрлі болуы мүмкін дейді, яғнибарлығы бірінші кезекте құрастырушының қандай мақсатқа бағыттауына байланысты. Оның сол ақпарат арқылы өзгелерге жеткізуі басты болып табылады. Осыдан ақ инфографиканың қазіргі заман талабына сай педагог мамандарды даярлауда өте қажеттігінің қолайлылығын көруге болады. Білім беру саласындағы инфографика сапасының шыңы – интерактивті графика. Ол өте көлемді ақпараттардың көлемін ұйымдастырылған түрде, қабылдаушыға ыңғайлы түрде көрсетеді. Бүгінгі әлемде бұл өте қымбат дүние [Чернилевский Д. В., Морозов А. В.. 2004, 560 б].

Қазіргі таңда студенттер әлеуметтік желіде, фотоқоймаларда, блогтарда қоғамдық ақпараттарды жеңіл түрде жеткізе алатын қабілеттері бар. Әрине бұл аралықтада инфографиканың ең қолайлы құрал екенін, яғни әлеуметтік желіде студенттер қажетті ақпараттарын тарата алады.

Сапалы да логикалы және жүйелі құрылған инфографика, оқу материалы және алдын-ала ойлап ұйымдастырылған студентпен жұмыс жүргізу жақсы нәтиженің кепілі бола алады. Әрбір студенттің өзіне тән әлемі бар. Сондықтан жаңа сабақты қабылдауда әрқайсысының өзінше қабылдау әдістері қалыптасқан. Міне оқытушы-профессорлар сол кілттің мөлшеріне сай ұғымдар мен әдістерді пайдалануы қарастырылады.

Қайшылықтың шарықтау шегін оқытатын пәнінің ғылымын оқытушы-профессорлар құрамы дәріс сапасына қалай түсіреді? Ол оқу материалын студентке қалай түсіндіреді? Логикалар түйістігі бола ма? Міне, осындай сұрақтарға әрбір оқытушы жауап іздесе, онда сабақтың студент қызығушылық уәжіне әсер етерліктей сапада ұйымдастырылатыны даусыз. Сонымен бірге білім мазмұнын меңгеру үдерісінде студент өз-өзіне қайшылықта болады. Мәселен, алғашқы қабылдаған білім көлемімен жаңа қабылдайтын білімнің арасында қайшылық туады. Ол – заңды құбылыс.

К.Өстеміров қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдарын былайша жіктейді: заттарды және объективтік шындықтың құбылыстарын шартты құралдармен (сөз, белгі, графика) көрсететін оқу құралдары текстік кестелерді, схемаларды, графикаларды, диаграммаларды, жоспарларды, карталарды, оқу кітаптарын: оқулықтар мен оқу құралдарын, есептер жинақтарын, өзіндік жұмысқа арналған нұсқауларды, дидактикалық материалдарды және т.б. қамтиды [К.Өстеміров , 2007, 32-33б.].

Инфографика қазіргі заман талабына сай тек қана студенттердің ғана емес, оқытушылардың өз пәндеріндегі ақпараттарды қысқа әрі нақты, студенттердің қызығушылықтарын арттыра отырып түсіндіруде, қажетті ақпаратты біраз шағындалған түрде жеткізуде ыңғайлы құрал.

Инфографиканы берілген ақпаратқа сай ұйымдастыра құру, оқытушының яғни кескінделген бейнені қабылдаушыға жеңіл түсіндіруі барысында, түзулерді, нүктелерді, жазықтықты, шартты белгілеулерді, ықшамдауларды, диаграммаларды, графиктерді, таблицаларды, фотосуреттерді, видеороликтерді қолдануы тәжірибе барысында үлкен жетістіктерді көрсетуде. Инфографикада безендіру дизайны ол ең басты емес, сондықтан кез-келген ақпаратты оқытушы нақтылай сараптамадан өткізіп студенттерге қысқа әрі нұсқа түрде жеткізе білгені ол үлкен жетістік, керемет шеберлер қажетті хабарламаны тіпті майлыққа жазып жеткізе білген.

Әрине, оқулықтағы барлық материалдарды сызба немесе көрнекілікке айналдыруға болмайды. Педагогикалық талап – білім беру жолында қолданылатын білім мазмұнын, яғни теория мен практиканы басшылыққа ала отырып, мұғалім оқушылардың алған теориялық білімін практика жүзінде меңгерту мақсатталады.

Н.Н. Иманқұл»Мазмұн дегеніміз белгілі бір заттар мен құбылыстарды құрайтын элементтер мен процестердің жиынтығы, олардың байланыстарының даму қайшылықтары мен тенденцияларының бірлігін бейнелейтін ұғым.

Форма (латынның түр, сырт деген сөздерін білдіреді)мазмұнның өмір сүру тәсілі, оның құрамы, сыртқы көрініу әдісі. Форманы қазақ тілінде пішін, қалып, түр деп те атауға болады. Мазмұн мен форма қандай да құбылысқа болмасын іштей тән, онымен тығыз байланысты, сондықтан оларды бір-бірінен бөліп алуға болмайды» – дейді [Иманқұл Н.,1998, 81б.].

Осыдан инфографикада тірек материалдарын, сигналды кәртішкелерді, символдарды мол пайдалану педагогикалық технологияның бір тармағы – жеделдетіп оқытуға жатады, себебі өзінің мазмұнына сай келетін форма жаңаның дамуына әсер етеді. Ол күштеусіз оқытуға жеке тұлғаның мүмкіндігін ашуға септігін тигізеді.

Педагогика саласындағы инфографика: берілгендерді теориялық мағынасын елестету, яғни көрнекіліктің сапасымен байланысты. Көбінесе ол қиын кескіндер, яғни берілгендердің көлемі және олардың өзара байланысы «оқуға» қиын болғанда, суреттерді кезеталдау.

Елбасымыз жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды «Қазақстан-2050» бағдарламасында былай деп атап көрсеткен.Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Жеткіншек ұрпақ қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды.Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары, бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан заманауи мектепте білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек.

Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет.

Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын жетілдіру.

Бүкіләлемдік тәжірибенің көрсетуінше, бүкіл инновациялық өндірістік циклды жеке бір елде жүзеге асыруға тырысу – велосипед ойлап шығару деген сөз. Бұл – өте қымбатқа түсетін және әрдайым нәтижелі, жемісті бола бермейтін іс. Табысқа жету үшін ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көп терребайт көлеміне негізделген дербес ғылыми база қажет болады.

Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз.

Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режімінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз.

Қазіргі уақытта көптеген жоғары оқу орындарында аз мөлшердегі уақыт шығынымен үлкен жетістіктерге жетудің маңыздылығы, студенттердің оқу жетістіктерінің көрсеткішін, жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесін енгізе отырып, уақыттың шығын талаптарын белсендірудің қолайлылығын тәжірибе жүзінде көруге болады.

Ақпаратты деректер және білімдерді визуальды елестету арқылы қабылдау «ақпараттық графика», немесе «инфографика» терминімен анықталады. Ақпараттық графиканың негізгі тапсырмасы, деректерге ашық әрі жеңіл талдау формасын ұсыну болып табылады. Ақпараттық графиканының ең жай нұсқасы схемалардан, графиктерден, диаграммалардан, ал күрделі және қызықты нұсқасында автор мәтіндік блоктарды, суреттерді, карталарды, кестелерді, диаграммаларды біріктіреді [Горлицына О. А..Педагогика и просвещение. 2012. № 2.] .

Соңғы уақытта көптеген желілік басылымдар өздерінің ақпараттық және аналитикалық беттерін инфографика арқылы орналастыруда, яғни осындай туындыларды жасайтын алғыр мамандарға сұраныстың қажеттілігін туғызуда. Инфографика тақырыбы интернетте кеңінен талқылануда, сонымен қоса сәйкесінше ресурстар пайда болуда.

Телебағдарлама, онлайн-ресурстар әрі веб-жобалар редакторы, медиатренер Н.Қожабекова, NewReporter сайтында инфографиканың онлайн медиада көп қолданылатынын, ал инфографика жасау үшін, форматпенсауатты жұмыс істеу ерекшеліктерін білу керек екендігіне тоқталады: – «Инфографика форматы бүгінде онлайн медиада көп қолданылады. Алайда, шын мәнінде сапалы инфографика жасау үшін, форматпен жұмыс істеу ерекшеліктерін білу керек.

Қарапайым болсын, күрделі болсын, кез келген инфографика жасау – майда детальдармен – ақпарат жинаудан бастап деректерді визуалдауға дейін – жұмыс істеу деген сөз.

Сіздің сайтыңызға бұл не үшін керек? Күрделі тақырыпты қызық та қарапайым етіп әдемі, түсінікті суретпен айтып беру әрқашан тиімді болады. Оның үстіне, тым болмаса, айына бір рет осындай инфографикалық тосын сый ұсынып отырсаңыз, оқырмандарыңыз келесісі қашан болады екен деп күтіп жүреді (әрине, дұрыс та сапалы жасалған болса).

Инфографикажасау – командалықжұмыс. Оған редактор, журналист, дизайнер қатысады. Инфографиканеғұрлымкүрделіболса, команда да соғұрлымүлкенболуытиіс.

Сондықтан, сайтыңызда инфографика жасағыңыз келсе, алдымен журналистпен және дизайнермен ақылдасыңыз. Дизайнердің қатысуы міндетті! Олинфографика жасау үшін қандай ақпарат керек екенін және журналист қандай деректерді табуы тиіс екенін айтады. Сондай-ақ, о бастан дизайнер жұмыстың басы-қасында жүрсе, қажет ақпарат жиналып болғанға дейін графиканың жартысы дайын тұруы мүмкін, бұл уақытты үнемдейді.» [Қожабекова Н.. 2016].

Инфографиканың тарихы өткен ғасырларға көз жүгіртеді. Леонардо до Винчидің сызбаларымен суреттеріндегі адамның иінін тұрғызу, машинаның горизонталь айналуы немесе жинау үрдісін туындыларында түсіндіру, алғашқы ақпараттық графика деп атауға болады.

Эскизбен жұмыс үрдісінде деректің, ақпараттың, өздігімен орындалатын тапсырманың визуализацияның қай типіне жататынын анықтау керек: кеңістіктік, жылнамалық, сандық немесе құрамдалған. Бұл әрине технологиялық үрдістің сипаттамасын, нысанның құрылымының мәліметтерін елестету немесе нақты статистика, жүйелеу және т.б. болуы мүмкін. Содан кейін дәрісхананың мақсатты есебімен, қаріптердің және өлшемдердің түстік үйлесімі туралы шешім қабылданады. Нысандарды орналастыру, мәтіннің сандық байланысы мен графикасы композиция заңына және көзбен қабылдау қасиеттерімен байланысты болу керек[Козлов И. И., 2001].

Нақты ойды жүзеге асыру векторлық және растрлық редакторлы компьютерлік бағдарламаларды қолдану әдістерін игерумен іске асады. Көптеген студенттердің графикалық редакторлармен жұмыс істеу дағдылары бастапқы қолданбалы негізде болғандықтан, өз бетімен оқып білімін жетілдіру қажеттігі туындайды. Базалық векторлық және растрлық редакторлы деңгейдегі шығармашылық білімдерін нығайту үшін, электронды түрде әртүрлі деңгейдегі жеңілден қиынға негізделген бірізділікпен орындауға арналған тапсырмалар дайындау керек.

Оқытушының міндетті тапсырманың вариативті тізбесін дайындауға, студенттердің бастапқы дайындығы деңгейі есебімен құрастырылған, сол тапсырмаға тест өткізу арқылы, жіберілген қатесінің болғандығы немесе болмағандығын, бірден нұсқауын түсіну кіреді. Студенттердің желіде орналасқан ақпарат көздерін таңдау іскерліктерін, сонымен қоса ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, дәлсіздікті саралау, белгілі бір жүйеде ақпаратты байланыстырып құрылымдауды үйрету қажет. Әрине қосымша көмек ретінде интернет желісіндегі оқу ресурсы, бүгінгі күні іс жүзінде барлығына қолжетімді.

Инфографика бойынша қорытынды жобаны кезеңмен орындауда, оқытушы студенттерге жаңа компьютерлік бағдарламаларды графикалық нысандарды өңдеу және тұрғызу тәсілдерін кеңінен нақты қолдануда, графикалық редакторлы бағдарламаларды таңдау сұрақтары бойынша кеңес көмек береді. Болашақ педагог мамандықтары студенттері алдында, мектепте педагогикалық іс тәжірибеден өту барысында оқушыларға өз пәндерінің сабақтарын дұрыс жеткізіп түсіндіру үшін, айқын және қысқа нұсқадағы көрнекі құралдарды дайындауда инфографиканы тұрғызу тапсырмасы қойылған [Исаева К.Р., Тоқтыбаева Г.С.,2014.296-б.].

Инфографика презентациялық мәліметтерді тұрғызуда маңызды орын алатын коммуникациялық форманың бір түрі. Бір ғана сауатты кескін мың сөзден тұрады. Оның мағынасын ықшамдап, сол уақытта қажетті барлық ақпараттарды береді. Кескіндеу ақпаратты тартымды және көрнекті етеді. Білім беру саласында инфографиканы қолдану топтық қабылдаудың негізгі тізбесін көрсетеді. Интернет желісінде танымал суреттерді бірнеше сайттарда әртүрлі тілдік (орыс, қытай, француз немесе ағылшын) топтамада көреміз. Олар аударманы қажет етпейді.

Сондықтан, оқу үрдісінде студенттер инфографиканың түрлерін әртүрлі салада қолдану туралы, инфографиканы тұрғызу бойынша жобаны орындау кезеңдерін, ақпараттың біртұтастығын әркелкі елестету тәсілдері туралы, сонымен қоса графикалық ақпараттарды өңдеп тұрғызуда, интернет желі ресурстарын және жаңа графикалық редакторлар көмегімен практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі кеңінен қолданылатын көрнекі кешендерде инфографиканың әртүрлілігі болып табылады. Ақпараттық графика технологиялық үрдісте, оның тенденциясын, нысанның кеңістіктік уақытының арақатынасын, алгоритм жұмысын немесе құрылымын көрсету қажеттілігінде өте тиімді.

Сондықтан, жоғары оқу орындары студенттерінің болашақ педагог мамандарын,тіптен барлық мамандарды ақпараттық графикамен байланыстыра оқыту, осы уақыттың басты тапсырмасы екендігін көрсетеді. Студенттер практикалық тапсырмаларды орындау барысында инфографиканы бірізділікпен эскиз арқылы электрондық үлгісін тұрғызуды үйретеді.

Оқыту мақсаты қазіргі бағдарламалық құрылғылардың көмегімен ақпараттық графиканың әртүрлі түрдегі өнімдерін өңдеу үшін, компьютерлік технология саласында өзін-өзі жетілдіруде студенттердің білімін және іскерлігін қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Желеязнь Д. Говори на языке диаграмм: Пособие по визуальным коммуникациям для руководителей / Пер. с англ. – М.: Институт комплексных стратегических исследований, 2004. – 220 с.

2. Исаева К.Р., Тоқтыбаева Г.С. Болашақ педагог мамандардың инфографикалық сауаттылығын қалыптастыру. Дуальная система образования: образовательные программы, модели, технологии. Сб.науч.тр./ Международной научно-практической конференции. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2015. – 29 с.

3. Эдвард Тафти «Представление информации». 2004. – 242с. –https://ru.bookmate.com/books/kwwoqrGG

4. Серикова И. А. Развитие визуального мышления младших школьников на уроках изобразительного искусства в общеобразовательной школе: дисс.. к. пед. н. Екатеринбург, 2005.

5. Әбілов А.Ж.Көлемді-кеңістіктік композиция бойынша аудио-визуальдықондырғылар мен видеомагнитоф ондарғаарналғанокуқуралы. Алматы: ҚарМСҚА. 2007. –93 б.

6. Чернилевский Д. В., Морозов А. В. // Креативная педагогика и психология: учебное пособие. – Москва: Традиция: Академия Проект, 2004. – 560 с.

7. К.Өстеміров.Қазіргіпедагогикалықтехнологиялар мен оқытуқұралдары. Алматы, 2007. –Б.32-33.

8. Иманқұл Н. Ойлаутуралыойлау. Алматы, 1998. – 206 бет.

9. Горлицына О. А. Обучение студентов педвузов визуализации знаний // NB: Педагогика и просвещение. 2012. № 2.

10. Қожабекова Н. Инфографика: не? қалай?/ Медиасауат. 19/01/2016–https://newreporter.org/kz/2016/01/19/infografika-ne-qalaj/

11. Козлов И. И. Визуальное мышление: эпистемологические и эстетические смыслы: дисс.. к. филос. н. М., 2001.

12. Исаева К.Р., Тоқтыбаева Г.С. Жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлауда инфографиканы жетілдірудің маңызы. –Ізденіс . – 2014. – № 1(1) – Б.296-301.

ГРНТИ 14.07.07

ҚҰРАҚБАЙ МЕРУЕРТ САЛИҚЫЗЫ
2 курс магистранты
Өнер және мәдениет факультеті
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ғылыми жетекші:
СУЛТАНОВА МАЙРА САКТАГАНҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
«Музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Түйін. *Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егер де біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізіміз келсе,онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет.*

Көптеген дамыған елдердегі білім беру жүйесінде тың өзгерістер мен табыстылық мұғалімдер тәжірибесіне критериалды бағалауды ендіру және оны дамыту арқылы жүзеге асырылуда. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты – бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Түйінді сөздер: *баға, бағасыз оқыту, кәсіби біліктілік, танымдық біліктілік. кері байланыс.*

Резюме. *Оценка в первую очередь необходима для определения качества образования. Если мы хотим добиться значительного успеха в нашей работе, то нам необходимо определить прошлые и настоящие результаты, то есть определить и оценить правильность и недостатки нашей работы.*

Во многих развитых странах изменение и успех системы образования происходит благодаря внедрению и развитию основанной на критериях оценки педагогической практики. Целью системы оценки на основе критериев является предоставление учащимся всей информации, необходимой для получения истинных знаний об образовательных достижениях учащихся на основе критериев оценки и улучшения процесса обучения.

Ключевые слова: *ценообразование, неопытное обучение, профессиональные квалификации, когнитивные квалификации, обратная связь.*

Summary*.The assessment is primarily needed to determine the quality of education. If we want to achieve significant success in our work, then we have to find out past and present results, that is, to define and evaluate the right and the shortcomings of our work.*

In many developed countries, the change and success of the education system is through the introduction and development of criteria-based assessment of teacher practice. The purpose of the Criteria-based Assessment System is to provide the students with all the information needed to obtain a true knowledge of the educational achievements of the students on the basis of assessment criteria and to improve the learning process.

Key words*: pricing, inexperienced teaching, professional qualifications, cognitive qualifications, feedback.*

Білім беру саласындағы өзгерістер, реформалар дәстүрлі оқыту мазмұнын сын тұрғысынан ойлауға ауыстыруға әкелді. Ал оның негізгі мазмұны – оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін міндетті түрде білім негіздерін өз еркімен үйреніп, іс-әрекетінің мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жетуі тиіс. Оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі, оны басқарудың түйінді кілті болып табылатын – бағалау деп айтуға болады. Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Білімді бағалау жүйесінде мұғалім көптеген қиындықтарға кезігіп жатады: «баға қою» мектеп пен мұғалім тарапынан сыртқы бағалау функциясын атқарады, мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Оқушының өздігінен оқуын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Оқытуды даралауға

қиындық келтіреді. Бұрынғы алған білімімен салыстырғанда әр баланың қаншалықты деңгейге, нәтижеге жеткенін айқындау қиын. Оқушылар білім үшін емес баға үшін оқиды.

Байқағанымыздай, мұғалімдер тәжірибесінде оқушының жеткен нәтижесінен бұрын жұмыстың көлемі мен формасын бағалау әдетке айналған. Бағалау үдерісінде оқушыларды бір-бірімен салыстыруға екпін жасалатындықтан оқушылардың оқуға ынтасы, белсенділігі жойылады, орта деңгейде оқитын оқушылардың ынтасы мүлдем жойылады, ал жақсы оқитын оқушылардың жетістікке жетуіне, олардың дамуына еш жағдай жасалмайды. Қазірде бес балдық жүйенің білім жүйесін қанағаттандыра алмауы – оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесін қолдануды қажет етеді. Сол себептен, оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда [Әлімов А., 2013,19 б.].

Әдетте «баға – жазалау құралы» деген ұғым бар, себебі кейде мұғалім оқушыны оқуға мәжбүрлеу үшін осы әдісті қолдануы мүмкін екендігі белгілі. Мұндай баға сыныптың бағалау журналына түсіп, оқушының пәнге, мұғалімге деген кері көзқарасын қалыптастыруы мүмкін. Тіпті оқушыға көтере баға қою арқылы баланың пәнге ықыласын арттыруға болатыны да белгілі, әрине бұл әдіс бір балаға қатысты үнемі қолданылғанда кері нәтиже беретіні сөзсіз. Оған қоса, мұғалімнен тек жақсы баға алу үшін ғана оқитын балалардың қалыптасу қаупі болса, төмен баға алған балалардың «нашар баға» алуға үйреніп алуы сияқты жағдай орын алуы мүмкін. Олай болса, бағаны қалай тиімді қолдануға болады? Бағалау арқылы қалайша оқушылардың оқуға, сабаққа деген қызығушылығын туғызуға, сабақты терең меңгертуге, пән бойынша білімін тереңдетуге болады? Бағалаудың қандай түрлері бар және оларды қалай қолдануға болады? Осындай сұрақтар төңірегінде жауап іздеуді жөн көрдік.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Критериалды бағалау» ұғымын алғаш рет Роберт Юджин Глейзер қолданған және бұл ұғым оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және де потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды. Ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері қарастырылп, ұсынылатын болса, бұған жетуге әбден болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, білім алушы да оқытудың қай сатысында, олар білім алуда неге талпынады, оған жетуге көмектесу үшін не істеу керек екенін түсінеді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты:бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері: оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту; жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау; бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу; білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы, мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы, ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы, басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы қолжетімді де нақты, үздіксіз ақпараттар ұсыну [Әлімов А., 2013,9 б.].

Бағалау критерийлері Блум таксономиясы (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) және сөйлеу әрекеті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлері негізінде, әртүрлі деңгейлік тапсырмалар бойынша құралады. Сабақтың үш кезеңінде 3 тапсырма мен 3 әдісті және де рефлексияға қатысты төртінші әдісті қолдану қажет дегенді озық тәжірибелі ұстаздар алға тартады. Ол да болса, сабақтың құрылымын ықшамдайды, ауытқудан арылтады деп ойлаймыз.

Білім алу үдерісінде оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылатынын білеміз, олар: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Барлығымызға мәлім,жиынтық бағалаумұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық

бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия жасау, өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

Оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын қалыптастырушы бағалауғакеңірек тоқталайық. Ол тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы да бар. Оның ұтымдылығы сонда, білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Ол үшін жоспарлау кезеңінде мұғалімге:

• оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

• оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

• тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;

• бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

• әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады [Можаева О.И., Шилибекова А.С., ЗиеденоваД .Б., 2017, 11 б.].

Мұғалім өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар анықтайды. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі өзіне де оқушыларға да анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар білім алушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды [Можаева О.И., Шилибекова А.С., Зиеденова Д.Б., 2017, 15 б.]. Олай болса, «Музыка» пәні бойынша 2 сыныпта педагогикалық практика барысында құрастырған сабақтағы тапсырмалар үлгісі мен бағалау критерийлеріне тоқталайық.

1-кесте

«Музыка» пәні бойынша бағалау критерийлері, 2 сынып

Бөлім	**Дені саудың – жаны сау**
Бөлімше	**Пинг-понг**
Осы сабақты меңгеруге қол жеткізетін оқыту мақсаттары.	2.1.2.2 Екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау. 2.2.1.1 Музыкалық фразалар шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Түсіну, қолдану
Бағалау критерийі	«Пинг-понг» спорттық ойынының екпіні мен ырғағын түсінеді, сол ырғақты шулы музыкалық аспаптармен ойнайды. Музыкалық фразалар шығарады. Ырғақ пен екпінге импровизация жасайды.

1-тапсырма.

Видеороликпен танысып, пинг-понг ойын түрінің ерекшеліктеріне қатысты екпін мен ырғақты шулы музыкалық аспаптармен ойнау.

2-тапсырма.

Спорт туралы мақал-мәтелдерге музыкалық фразалар шығару

3-тапсырма.

Мансұр Сағатовтың «Спорт – біздің досымыз» әнін орындауда ырғақ пен екіпінге байланысты импровизация жасау

Бағалау критерийі	**Дескриптор**
	Білімалушы
«Пинг-понг» спорттық ойынының екпіні мен ырғағын түсінеді, сол ырғақты шулы музыкалық аспаптармен ойнайды	– спорттық ойын түрінің ырғағы мен екпінін шапалақпен сала алады; – үшбұрыш, ұрмалы шулы музыкалық аспаптармен әннің ырғағына салып, тура ойнайды
Музыкалық фразалар шығарады	Мақал-мәтелдерді еске түсіріп, ырғағына байланысты оған музыкалық фразалар құрастырады
Ырғақ пен екпінге импровизация жасайды.	Әнді орындау барысында ырғағын ұрмалы музыкалық аспаптармен импровизация жасай алады.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру бойынша дағдыларды жетілдіру үшін мұғалім:

• тапсырмаларды қолдана отырып, қалыптастырушы бағалауды қолдану тәсілдерінің санын, сапасын арттыруы;

• кері байланыс берудің тиімді формаларын қолдануы;

• қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерісін көрсететін сабақ жоспарын құруы;

• тәжірибені жетілдіру мен рефлексия үшін (білім алушылар жұмысының сапасы; бағалау құралдарының сапасы; білім алушылардың, ұжымның кері байланысы; ата-аналармен әңгімелесу және т.б.) сабаққа талдау жүргізу қажет [Можаева О.И., Шилибекова А.С., Зиеденова Д.Б., 2017, 25 б.].

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырма орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Нәтижелерге талдау жасау мұғалімдердің тәжірибесіне оң әсер етуі үшін:

• әрекет ету мен шешімді талап ететін нақты, маңызды, тәжірибелік бағыттағы мәселелерді анықтау;

• орындалған тапсырмалар мен нақты мақсаттарға жету үшін талдау жүргізу;

• талдауда дәйектерді, дәлелдерді негізге алу;

• шешімнің сыни нұсқаларын қарастыру, яғни, мәселені шешудің жоспарлылығын, баламалылығын (альтернативтілігін), жетістігін, кемшілігін, жақсы және нашар жақтарын талдау;

• мәселені шешу, кемшілікті жою үшін өз тәжірибесін нақты қалай өзгертуге болатыны туралы іс-әрекеттің толық жоспарын құру;

• талдау нәтижелерін тіркеуде қысқа, түсінікті стильді ұстану (күнделік, портфолио, мақала, таныстырылымдар және т.б.);

• ұжымда өз әрекеті нәтижелерімен бөлісу;

• ұжымға көмектесу, білім алушылардың қажеттілігіне бағыттай отырып, сабақтастықты сақтай отырып, жүйелі талдау жүргізу ұсынылады [Можаева О.И., Шилибекова А.С., Зиеденова Д.Б., 2017, 27 б.].

Мұғалім әрекетінің тиімділігін, оқудың сапасын арттыруға мүмкіндік беретін мәліметтерді жинау және талдау жасау үшін мұғалімге бақылау парағын, журналды, күнделікті, басқа да қалыптастырушы бағалау нәтижелерін тіркеудің формаларын жүргізу ұсынылады. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау мұғалімнің өз шешіміне қарай жүзеге асырылатынын және есеп беру құжаттарын толтыруды қажет етпейтінін атап өтуіміз қажет.

Демек, музыка сабағында қалыптастырушы бағалау үдерісін жүзеге асыру үшін мұғалім сыныптағы мәдениетті сақтауға және тиімді өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлуі, қалыптастырушы бағалауда қолданылатын әдістердің әр түрлілігін және сапасын арттыруы, кері байланыстың тиімді формасын қолдануы қажет. Сонымен қатар, қалыптастырушы бағалауды қолдану үдерісін көрсететін сабақ жоспарын құруы, рефлексия және тәжірибені жетілдіру үшін сабаққа талдау жасауы (білім алушылар жұмысының сапасы, бағалау құралдарының сапасы, білім алушылардан, әріптестерден, кері байланыс, ата-аналармен әңгімелесу және т.б.) қажет.

Олай болса, музыка сабағының негізі болып танылатын дұрыс ұйымдастырылған қалыптастырушы бағалау үдерісі сөзсіз сабақтың нәтижелілігін, жиынтық бағалаудың әділ де нақты өтетіндігін айғақтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әлімов А.Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері: Оқу құралы. – Алматы, 2013.

2. МожаеваО.И., ШилибековаА.С., ЗиеденоваД.Б.Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал /– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 54 б.

УДК 615.851

KEREYMAGANBETOVA ZHANAR NURLYBEKOVNA
senior teacher, master
Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

TAGANOVA ARU MEREKEEVNA
candidate of pedagogics, docent
Aktobe regional state University after Zhubanov

THE USAGE OF FAIRY TALE THERAPY IN DEVELOPING THE CAPACITY AND RESOURCES OF CHILDREN OF PRIMARY SCHOOL AGE

Түйін. *Мақалада қазіргі психология үшін өзекті болып табылатын кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасаудағы психотерапияны қолдану мәселесі қарастырылады. Бірінші кезекте, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін арт-терапия техникалары мен жаттығуларын қолдану мәселелері. Шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдердің мысалдары келтіріледі.*

Түйінді сөздер: *арт-терапия, кіші мектеп жасы, психотерапия, арт-педагогика, шығармашылық қабілет.*

Резюме. *В статье рассматриваются проблемы применения психотерапии в работе с детьми младшего школьного возраста, которые являются актуальными для современной психологии. В первую очередь, вопросы применения техники и упражнений арт-терапии для развития творческих способностей. Приводятся примеры методических подходов, направленных на развитие творческих способностей.*

Ключевые слова: *арт-терапия, младшая школа возраст, психотерапия, арт-педагогика, творческие способности.*

Summary. *The article deals with the problems of using psychotherapy in working with children of primary school age, which are relevant for modern psychology. First of all, the issues of applying art therapy techniques and exercises for the development of creative abilities. Examples of methodological approaches aimed at developing creative abilities are given.*

Keywords: *art therapy, Junior school age, psychotherapy, art pedagogy, creativity.*

Introduction

Everyone knows that nowadayseach person needs to intensify and develop children's psychological resources. That is why the role of the school in developingpeople's activity, creative initiative, with high thinking is increasing. The creative personality is always ready for new changes, as well as to be able and necessary to satisfy these changes in solving non-standard problems.

The modern knowledge system includes the disclosure of the creative potential of the child, and everyone tries to use it in planning his/her life path in future. The possibilities of creativity of the child are important at all stages of school.

It is very important to enhance creativity and psychological resources for the development of the child as a person. It is one of the main problems nowadays. Many Soviet scientists presented psychological principles for the development of the creative potential of children of primary school age. For example: Podyakov N.N., T.D. Zinkevich-Evstigneeva, A.V. Zepilov, A.V.Zaporozhets. Foreign scientists are also presented psychological models: J.Guilford, E.DeBono, J.Gallair, P.Torrens. The creative activity of the child allows them to engage in artistic work. The main way to develop a child's creative potential and psychological resources is fabulous therapy.

The main part

The fairy tale has been coming to us for many centuries. For thousands of years, folk oral literature has demonstrated the necessary knowledge of the world how a person should live and communicate in life without violating the laws of nature. The wisdom of the fairy tale, this knowledge is provided to the listener in an accessible form. That is why the fairy tale affects the listener with symbols, where the symbols would be various. Everyone during reading the tale can understand the new meaning of the symbol, now it is relevant. That is why, as for adult and a child it will be able to get the value in which they needs. Finally, everyone has the ability to look at one object, one situation in different views.

We can say that fairy therapy is a kind of knowledge and treatment of the soul, like any other psychotherapy. It studies fairy tales as a form of passage and manifestation of mental processes, creates fairy tales that positively affect the psyche. It draws attention to the network of mental processes, in other words, to the phenomena which takes place in the soul of a person. They are generally universal for all people, and do not depend of their culture and time. Fairy therapy rely human's unconscious in development and the manifestation of themselves in a real image. The number of its variants is considerably limited and can be recognized. Fairy therapy is a form of deep psychotherapy, but, at the same time, due to its comprehensiveness and universality, it is also used for «upper» and «current» tasks. D.D. Zinkevich-Evstigneeva proves that it was during this period when fabulous therapy is developed as transmitted from time to time. The wide issue of such certificates, T.D. Zinkevich-Evstigneeva specifies that if we consider fairy therapy as a fabulous treatment, first we can say that «this work has a disclosure of knowledge which has a psychotherapeutic effect in the modern world of the child.» So, the fairy tale therapy is the treatment, where everyone with the child can discover the world of knowledge, and can find the definition of the therapeutic soul.

Fairy tales help a person in conditions of uncertain emotional experience and prepare him in advance for crisis and experiences in life. The lesson learned by the child through the fairy tale remains at the level without leaving his consciousness. A person can use this experience in difficult times of life, for example in solving difficult situations. Undoubtedly, the fairy tales helps to find a decision and be ready in any kind of crisissituations which deserves much attention. In the fairy tale any person becomes the best, that is, the fairy tale raises a person, demonstrates the path of spiritual development. A fairy tale allows activating the left side and realizing the opportunities and abilities that a person possesses. In addition, the fairy tale explains to a person what it sells if it refuses spiritual development, and it replaces genuine values with false values.

The fairy tale is the work of art. B.Bechtelheim says that every person in different years of his life can understand the meaning of the fairy tale in different way. Like any kind of art, the fairy tale turns into psychotherapy in its ranks, as every person (every child) reveals his solution in existing problems in life.

On the other hand, humanity's cultural heritage finds its shadow in the fairy tale and they will be communicated to children through the fairy tale. The folk tale is especially important, as they are transmitted from mouth-to-mouth, from generation to generation. It can be changed several times. But they're not just changes. They are taken out of the listener's reaction and the speaker is changed. The person considers the importance for himself through the changes. B.Bechtelheim said that millions of people «work» over the folk fairy tale, removing unnecessary details, adding important ones. The fairy tale really increases the human mind and many experiences. It is the result of the consciousness and unconscious work of man. Therefore, fairy tales show all understandable and incomprehensible issues that occur in human life, as well as the process of solving these problems. Through fabulous therapy, it is possible to identify ways to influence the creativity and resources of children of primary school age, as well as to conduct classes using specially selected methods of fabulous therapy, to contribute to the development of aesthetic and creative abilities of children of primary school age.

Psychotherapy of fairy tales, psycho-correction and attractiveness to the formation of a child's personality, fairy tales manifest themselves in the following:

* Lack of didactics, mental learning in fairy tales.
* Uncertainty of the main character's place of activity.
* Figurativeness of language. Mind. Language Metafornost.
* Which means the target. Psychological safety.
* The presence of secrets and miracles.

Fairy therapy is one of the earliest methods of practical psychology in human civilization and in modern scientific practice. At this time, there are many definitions of the term fairy therapy. Fabulous therapy is a treatment of fairy tale, that is knowledge that lives with the client in the shower and psychotherapeutic at the moment. Fabulous therapy is the process of finding meaning, finding knowledge in the world and solving the relationship system in it. Fairy therapy is the process of forming a link between fabulous conditions and behavior in real life. This is the process of moving fabulous meanings to reality. Fabulous therapy is the process of activating resources, the potential of the individual. Fabulous therapy-process of ecological upbringing of children. Fabulous therapy is the process of objecting problem situations and improving the inner nature and surrounding world.

Fabulous therapy can be effectively used in both types such as diagnosis and correction; it gives a person to allowforming a personality capable of easily entering into psychological protection and solving the prob-

lems. The technique « A day in the window» aimed to identify the creativity of children in a primary school age; A «logical pattern» technique aimed at diagnosing the thought activities of children of primary school age; «Board» methods aimed at diagnosing the level of development of children of primary school age. Through these methods we can consider and to develop the children's cognitive processes, creative abilities, thinking of children of primary school age.

At present, the fairy-tale typology, the theory of art therapy are proposed by D. Zinkevich-Evstigneev who include the elements (folk and author), psychotherapeutic, psycho-correction, didactic, meditative, which is also widely recognized. Fabulous therapy according to D.Zinkevich-Evstigneeva is not a direction of ordinary psychotherapy, but a synthesis of many achievements of psychology, pedagogy, psychotherapy and various philosophical cultures. According to the researcher, fairy therapy is divided into the period of development of historical relations:

First stage-oral creativity of the people;

Second stage-collecting, checking fairy tales and legend;

The third stage is psycho technical (psycho diagnostics of fairy tales for the development of personality, a method of application in correction);

The fourth stage-formation of the complex concept of fairy-tale therapy, spiritual approach to fairy tale, limited perception in systems of human upbringing, is integratively connected with fairy tales tested by many of our ancestors.If during these periods we teach the child to choose the right and turning path and find the positive significance of what is happening, he will help the child to develop, strive for life, and believe in his forces.

The wisdom of the fairy tale, this knowledge is provided to the listener in an accessible form. Because the fairy tale affects the listener with symbols, and the symbols are different. The new listening to the fairy tale allows the listener to reveal the new meaning of the symbol, which is currently relevant to him and he will be able to understand. Therefore, the fairy tale can be heard by both an adult and a child, and everyone can get the value he needs. At the same time the listener has the ability to consider one object, the same situation with different views.

Fairy tales help a person in conditions of uncertain emotional experience and prepare him for crisis experiences. Lessons received by the child through the fairy tale will remain at a level different from his consciousness, and the person can use this experience in difficult times of life, as specifically learned to find a solution to difficult situations. The fairy tale deserves certainly a lot of attention, but not limited to the fact that there are existing emotional problems in terms of preparation for crisis situations. In the fairy tale any person becomes the best, that is, the fairy tale raises a person, demonstrates the path of spiritual development. That is allows to activate the left side and realize the opportunities and abilities that a person possesses. In addition, the tale shows what happens if it has abandoned spiritual development, it sells itself if it replaces true values with false values.

Humanity's cultural heritage finds its shadow in the fairy tale, and they will be communicated to children through the fairy tale. The folk tale is especially important, as they are transmitted from mouth-to-mouth, from generation to generation. It is subject that changes many people's mind. But they're not just changes. They change from the listener 's reaction. These changes, changes which the person considers importance for himself. B.Bechtelheim said that millions of people «work» over the folk fairy tale, removing unnecessary details, adding important ones. This tale really increases the human mind, experience, is the result of the work of consciousness and unconscious man. Therefore, fairy tales show all understandable and incomprehensible issues that occur in human life, as well as the process of solving these problems.

Fabulous language is clear to the child. The fairy tale is simple and mysterious. The fairy tale affects the development of fantasy, which is necessary for the child to solve his problems. Just as the fabulous style is also understandable to the child. The child does not yet know how to think logically, and the fairy tale does not make the child difficult with logical thoughts. The fairy tale does not teach him directly. The fairy tale gives the child certain images that enjoy these images, and itself, without noticing, receives the important information necessary for itself.

The fairy tale poses moral problems and helps them solve. That is why, all the characters have a clear moral focus. They will be completely good or completely bad. This is very important in order to determine the sympathy of the child, to distinguish between good and bad, to solve their complex and ambivalent feelings. The child compares himself to a pleasant character. B.Bechtelheim believes that this is not a good child in its

nature, but because this character condition is more attractive than others. Thus, according to B.Bechtelheim, the fairy tale develops kindness in the child. S. Büller specifically explored the role of the fairy tale in the development of the child. In his opinion, fabulous characters are simple and typical; they are deprived of any individualism. Often their names don't come either. Their characteristic is characterized by two or three qualities understood by the child. But these characteristics reach an absolute level. In addition, fabulous characters, like ordinary people: eat, drink, work, marry, etc. All this allows the child to better understand the fairy tale.

Each fabulous situation has many limitations and meanings. In every situation the time can change and every person can can understand this fairy tale in different ways... Often children ask parents and educators to read only one fairy tale. Thanks to more meanings, one fairy tale can help the child solve topical problems in each period of life.

For children tales of animal-human relationships become clear and close. At this age, children compare themselves to animals, copy their behavior and easily turn into them.

From 5 years the child is similar to the dominating person with characters: princesses, princesses, soldiers, etc. Every year, the child reads history and tales about people with great pleasure, as these stories talk about how a person knows the world. About 5-6 years the child wants to read wonderful fairy tales. In adolescence, parables-tales and tales can be interesting. Terrible fairy tales and tales of evil can help the child to work with fears.

Psycho-correction fairy tales on Zinkevich-Evstigneev are formed for soft influence on the behavior of the child; at the same time, he says that in psycho-correction there is a «transition» of inefficient style of behavior to the product, and understands the importance of what is happening. The concept of such psycho-correction is not quite fair, as character change is a bichevioristic direction of the direction of psychotherapy, therefore, the boundaries between therapy and correction are turned off, the basis of division of psycho-correction fairy tales into separate groups is lost. But if, for the purposes of positive change, a different concept of psycho-correction is adopted, which explains the psychological impact on individual structures of the psyche, it is entitled to have such a kind of fairy tale as psycho-correction. For the purposes of such a fairy tale, we are one of the results of changing productivity, psychological problems, his behavior, which affect the decisions of children and adolescents.

When a child recognizes himself and begins to study the structures of the world around him, he has many questions. Many childhood issues lead to adults failing to explain. It 's not easy to explain to a child why things happen, and «what 's good, what 's bad.» Watching the fate of heroes, experiencing fabulous situations, perceiving fabulous images, the child in most cases forms an image of the world, and according to this the child will accept different situations and act differently.

Conclusion

The sign of a real fairy tale is a good ending. This allows the child to feel psychological safety. In the fairy tale, everything ends well, no matter how it happens. They were necessary for them to be strong and smart. On the other hand, the hero who did something bad sees that he will receive a decent punishment. And everything shows its good qualities in the past, and are evaluated. Hence the legality of life: as you look at the world, he looks at you, too.

In conclusion, the psychologist should know how much she loved the fairy tale. Amazing games based on the fairy tale allow you to reveal and see the weaknesses and strengths of a person. In addition, identifies the causes of some negative aspects of behavior. In the educational process fabulous therapy is used in combination with a complex of development and correction trainings, it is possible to achieve great success in the development of personal harmony of the child. After all, fabulous therapy performs psychedignostic, psychoprophylactic and psycho-correction activities.

REFERENCES:

1. Zinkevich-Evstigneeva T. D. Journey to the Country of Fairy Tales: Practical Manual. – M.: HIGHER SCHOOL, 2005. – S. 14-115.

2. Zinkevich-Evstigneeva T.D. Workshop on Fairy Therapy./.– SPb., 2000.-58-68c..

3. Zinkevich-Evstigneeva T. D. Forms and methods of work with fairy tales./– SPb.– M.: Higher School, 2005.

4. Vachkov, Igor Victorovich Introduction to fairy therapy/Vachkov Igor Victorovich. – M.: Genesis, 2015. – 607 S.

5. Zinkevich-Evstigneeva T. Grabenko t. Games in fairy therapy – SPb.– M.: Higher School, 2006. – S. 6-208.

ӘОЖ 37

МОЛБАСЫНОВА ЖУМАКУЛ МАРАТОВНА
аға оқытушы
Педагогика және психология кафедрасы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

БЕКМЕТОВА АРУНА КЕРНЕЕВНА
аға оқытушы
Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
Құқық және экономика факультеті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ БОЙЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. *Мақалада студенттер тобындағы көшбасшылық ерекшеліктері қарастырылады. Отандық және шетелдік әдебиеттерде кездесетін көшбасшылық құбылысының интерпретациялары келтірілген. Топтағы көшбасшылық рөлін саралау құбылысы талданады.Көшбасшылыққа сәйкестендіру процесін қолданудың әлеуметтік-перцептуалды механизмі қарастырылған.*

Түйінді сөздер: *көшбасшылық, көшбасшылық рөлдер, көшбасшылық қасиеттер, оқытушы, студент, студенттік топ, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, көшбасшылықты рөлдік саралау, эмоциялық көшбасшы, іскер көшбасшы, сәйкестендіру.*

Резюме. *В статье рассматриваются особенности лидерства в студенческой группе. Представлены трактовки феномена лидерства, существующие в отечественной и зарубежной литературе. Анализируется феномен ролевой дифференциации лидерства в группе.Рассматривается социально-перцептивный механизм применения процесса идентификации к лидерству.*

Ключевые слова: *лидерство, лидер, лидерские роли, лидерскиекачества, преподаватель, студент, студенческая группа, ролевая дифференциация лидерства, эмоциональный лидер, инструментальный лидер, идентификация*

Summary. *The article discusses the features of leadership in a student group. Interpretations of the leadership phenomenon existing in domestic and foreign literature are presented. The phenomenon of role differentiation of leadership in the group is analyzed. The socio-perceptual mechanism of applying the identification process to leadership is considered.*

Key words: *leadership, leader, leadership roles, leadership qualities, teacher, student, student group, role differentiation of leadership, emotional leader, instrumental leader, identification.*

Қазақстан өз тарихында жаңару мен жаңғыру кезеңдерін бастан өткеріп отыр. Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында Жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру, әлеуметтік белсенділігін дамыту, республиканың мемлекеттік тәуелсіздігінің нығаюы барысындағы жастардың орны мен рөліне, жастардың көшбасшылығық қасиетін қалыптастыруна бағыт беру мәселесіне кеңінен тоқталады [НазарбаевН. Ә. жолдау 2017.электрондық ресурс]. Себебі, бүкіл әлемдік қауымдастықта жастар әлеуметтік өзгерістердің маңызды субъектісі, қоғамның адамгершілік деңгейінің барометрі, өте үлкен инновациялық күш пен стратегиялық ресурс және қоғамның даму тенденциясын айқындайтын фактор болып табылады.

XXI ғасыр – жастардың қоғамдық қозғалыстар мен жаңарудың белсенді, алдыңғы топтағы әлеуметтік күшіне айналуымен айқындалып отыр.

Сол себепті, қазіргі уақытта студенттердің кәсіби дайындық сапасына жоғары талаптар қойылады. Бағдар студенттің өзін-өзі дамытатын, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеуге, көшбасшылыққа және өзінің кәсіби қызметін сәтті орындауға дайын болуға бағыттау болып табылады. ЖОО-да оқу барысында студент тек өз бетінше шешім қабылдауды ғана емес, сонымен қатар олар үшін жауапты болу керек. Білім кеңістігінің интеграциясындағы заманауи талаптарға сәйкес білім беру жүйесіндегі тұтас педагогикалық процестің басты мақсаты студент тұлғасын дамыту, оның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру болып табылатындығын сезіне отырып, оқытушы көшбасшылықтың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы тиіс.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа парадигмалары, педагогикалық жүйелерді ұйымдастырудың жаңа бағыттары, білім берудің көшбасшылық теорияларының қалыптасуына ықпал жасай отырып, көшбасшылық бағыттағы ғылыми зерттеулердің жаңашылдығына, ғылыми тәжірибелердің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне баса назар аударуы қажет[Андреева Г.М.,1996, 56б.].

Ғылыми-теориялық әдебиеттерге шолу жасағанда көшбасшылық мәселелерін Г.М. Андреева, Р.Л. Кричевский, Л.И. Уманский , О.В. Евтихов, С.Р. Кови, Э. Берн, П.У. Бендер, Дж. Максвелл, Ф.О. Хессельбайн, Д.Б. Эльконин, К.В. Сельченок және басқа да ғалымдар зерттеген [Кричевский Р.Л., 2007, 22б.].

Көшбасшылық –билік функцияларын жүзеге асырумен байланысты қоғамдық өмірдегі ерекше құбылыстардың бірі. Ғылымдағы көшбасшылық құбылысының бірнеше түсіндірмелері бар. Олардың біріне сәйкес көшбасшылық – бұл топтық процестердің шоғырлануы, ал көшбасшы – топтық процестер мен қатынастарды біріктіретін топтың мүшесі.Көшбасшылық сонымен бірге жеке тұлғаның өзіне және оған тигізетін әсерлерге тән қасиет ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл тұрғысынан, көшбасшы – бұл топтың басқа мүшелерімен салыстырғанда ең үлкен жеке қасиеттер мен сипаттар жиынтығына ие және басқаларды топтық тапсырманы орындауға итермелейтін тұлға

Біздің пайымдауымызша, мұғалімдердің дидактикалық даярлығы: орын алатын «кемшіліктерді түзету»; педагогика теориясы мен практикасын коррекциялау емес, керісінше дидактикалық білімдер мазмұнын талдау іскерлігі негізіндегі педагогикалық рефлекцияны меңгеруін қамтиды. Бұл, өз кезегінде, білім берудің полифункционалдық теориясына – адамдардың іс-әрекет құрылымында білім беру мен әрекеттің өзара байланысын ашуға алып келеді. Себебі, білім беру мазмұны, оның мәндік сипаты – мұғалім мен білім алушылардың әрекеттерінің жемісі болып табылады. Ал, теориялық, әдіснамалық, оқыту мен білім берудің теориясы ретінде дидактиканың қолданбалы негіздері жөніндегі білімдерді: дидактикалық іскерліктерді (мұғалімнің арнайы әрекеттері) сындарлы және шығармашылық деңгейлерде орындауды; әрекет обьектілері мен субьектілеріне эмоционалдық -құндылық қатынастары тәжірибесін; белсенді түрде, алға қойған мақсаттың дұрыстығын талдау; оларды нақтылы міндеттерге «аудару»; қолданылған әдістер, тәсілдер мен формалардың және педагогикалық әрекет құралдарының тиімділігін; қолданылған ұйымдастыру формаларының, материалдар мазмұнының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін; оқыту мен тәрбие үдерісіне қойылған міндеттерді шешудегі жетістіктер мен сәтсіздіктердің; қателіктер мен қиындықтардың себептерін; өзінің іс-әрекеті тәжірибесінің ғылымда анықталған критерийлер мен нұсқауларға сәйкестігін, оқытудың бірден-бір міндеті оқушыларды өз әрекеттеріне дәлелді, сенімді, жауапкершілікпен өзбетінше талдау жасай алуға үйрету болып табылады.

Болашақ мұғалім оқу бағдарламасын жүзеге асыруда жоғарыдағы сапаларды қалыптастыруға, дамытуға қажетті әртүрлі педагогикалық бағыттарды өзі меңгеруі және оларды тиімді пайдалана білуі тиіс. Осы тұрғыда,К.Шамшидинова, «біз мамандардың дағдылары тек когнитивті емес екенін де түсінуіміз керек, бірақ біз жоғары деңгейдегі дағдылар туралы ойлауымыз керек – талдау, синтез, қорытынды жасай білу, қызығушылық» – деген пікірге де назар аударған жөн – дегенпікір айтады [ШамшидиноваК. https://abai.kz/ 05.03.19]. Сондай-ақ, білім мазмұнын жаңарту, білім берудің барлық деңгейлерінде «жұмсақ дағдыларға» ерекше назар аудару қажет. Бұл, білім беру жүйесіндеқарым-

қатынас, мотивация, эмоционалды интеллект, проблемаларды шешу және қақтығыстар, шығармашылық сияқты «кәсібиліктен жоғары» әлеуметтік дағдыларды дамытуға барынша көп көңіл бөлінуі керектігін меңзейді. Қазіргі пәндік парадигма, оқу нысандардарының ғылыми негңздерін меңгертуге бағытталған, Дегенмен, осы тұрғыда,М.М. Рубинштейннің «ғылым ешуақытта да өмір мен тәжірибені алмастырған емес және алмастыра да алмайды, өйткені олар әрқашанда ауқымды, оның мәні механикалық тұрғыда транскрипциялауда емес, оны өмірге қосымша ретінде енгізу, нәтижесінде өзіңнің қорытынды жасауыңда» – деген пікірімен санаспауға болмайды [Проблемы учителя, 2004.с. 83].

Көрсетілген мәселелер, болашақ кәсіби оқыту мұғалімдерінің дидактикалық даярлығы олардың кәсіби әрекеттерінің басты контекстіне айналуы қажет екенін көрсетеді.

Қазіргі ұсынылып отырған мектептегі оқыту құрылымын зерделеу, соған лайықты болашақ мұғалімдердің дидактикалық әрекетін модельдеу, оларды даярлау мазмұнында дидактикалық модульдерді анықтау, құрылымдау, болашақ мұғалімдерді өзінің оқыту және тәрбие үдерісіндегі іс-әрекетеріне, дидактикалық талдау жасау әрекеттеріне үйрету керек екендігіне саяды.

Қазіргі күні қалыптасқан мұғалімнің дидактикалық даярлығы шынайы сипаттағы мұғалімнің әдістемелік қызметінен әлде қайда ауқымды екендігі ескерілмей келеді. Бұл, өз кезегінде төмендегі қарама-қайшылықтардың:

– дидактикалық әрекетпен оны қалыптастыру арасындағы айырмашылықты талдаудың жойылмағаны;

– дидактикалық әрекет мазмұнын қарастыруға қажеттіліктің ұдайы артып отырғанымен оны модельдеу принципінің ғылыми тұрғыдан тұжырымдалмағандығы;

– болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы мазмұны, функциясы және ұйымдастыру формаларының «кәсібиліктен жоғары» (қарым – қатынас, мотивация, эмоционалды интеллект, проблемаларды және қақтығыстарды шешу және т.с.с.) әлеуметтік дағдыларды дамыту контекстінде қарастыру мәселесінің қолға алынбауы;

– болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы педагогикалық үдерістің бір компоненті ретінде, негізінен практикалық іс-әрекет барысында реттелінеді делінгенмен, педагогтің жеке, өздігінен дамуын, оның өзін-өзі жаңалау, жаңғырту мәселесінің қолға алынбауы;

– жоо дидактика мәселесінің өзі әлі де қалыптасу кезеңінде екендігі орын алып отырғанын көрсетеді.

Ал, бұл педагог мамандардың кәсіби даярлығы үдерісінде дидактикалық даярлығының ерекшелігі мен оның маңыздылығы арасындағы қарама-қайшылықтың бар екендігін дәлелдейді. Мұғалімдердің дидактикалықдаярлығы мәселесі алғаш рет зерттеліліп отырған жоқ. Бұл бағытты XX ғасырдың соңы мен XXI-дың басында бірқатар зерттеулер, оларға қатысты ғылыми тұжырымдар орын алды. Дегенмен, олардың мазмұны пәндік парадигма сипатында, мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық, әдістемелік даярлығы ретінде педагогика, дидактика және арнайы пәндер мазмұны мен әдістемесін меңгеру барысындағы қалыптасқан білім, іскерлік және дағдылардың оқыту үдерісінде іске асырылу жағдайлары ретінде қарастырылған. Сол себепті де, мұғалімдердің дидактикалық даярлықтары олардың болашақта кәсіби атқаратын әрекетін: мақсаттық, мазмұндық, технологиялық және нәтижелік компоненттер негізінде қарастырады. Солай бола тұра, бұл әрекет компоненттері мұғалімнің болашақ әдістемелік даярлығы мазмұнына да тән. Осы тұрғыда қарастырылған мұғалімдердің дидактикалық даярлық моделін зерделесек, онда «Дидактикалық даярлық» ұғымы – біздің пайымдауымызша, жалпы, оқыту үдерісін ұйымдастырудағы мұғалімнің кәсіби даярлығы, ұжымдық танымдық әрекеттерді, оқытудың әлеуметтік және гумандылық сипатын, оқыту үдерісінде оқушылардың тұлға ретінде әлеуметтенуін, мұғалімдер әрекетінде олардың кәсіби ойлауын ұйымдастыру және басқаруға тән. Осы сұрақ төңірегінде жүргізілген зерттеулер, маманның кәсіби сапаларын анықтауда бірнеше нұсқаларды алға тартады. Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасының инвариантты, мұрат етілген параметрлері болу керек деп есептейді. Олар, бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтыратын жалпы азаматтық сапалар, мұғалімнің кәсіби ерекшелігін көрсететін сапалар және мамандық бойынша арнайы білім, іскерлік және дағдылар түріндегі үш негізгі компоненттерді атайды.

Болашақ мұғалім өзінің жеке тұлғалық (психологиялық-физиологиялық) сапаларымен педагогтық қызметті атқаруға даяр болуы мүмкін. Десекте, теориялық немесе практикалық жағынан толыққанды даяр деуге ертерек сияқты. Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы ұғымын құрайтын оның тұлғалық және кәсіби іс-әрекеттері білім беру мазмұны мен оқыту технологияларында толық шешімін таппаған

дүние. Себебі, болашақ мұғалімнің қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық даярлығы, арнайы білімі мен әдістемені толық меңгерген деуге әлі ертерек. Білім беру мазмұнында мұғалімнің атқаратын функциясындағы іс-әрекет компоненттері оның кәсібилігінің шешуші белгісі болып табылады. Сонымен қатар, ол, болашақ мұғалімнің дидактикалық дарялығының да бір көрсеткіші ретінде саналады.

Болашақ кәсіби оқыту мұғалімінің дидактикалық даярлық мазмұнына тоқталмас бұрын «даярлық» сөзінің мағынасын ашып алуды жөн көрдік. «Даярлық» мәселесі көптеген ғалымдар тарапынан кәсіби дайындықтың маңызды факторы ретінде зерттеліліп келе жатыр. Психологиялық зерттеулерде «даярлық» ұғымына әр түрлі анықтамалар берілген. Осыған байланысты даярлықтың нақтылы бір формалары ретінде: кәсіби іс-әрекет, спорттық іс-әрекет, тәрбие жұмысына даярлық ұғымдары талданады. «Даярлық» ұғымына талдаулар жасауда, В.А. Крутецкийоны «белгілі бір жұмысқа адамның жарамдығы немесе жарамсыздығы, жұмысқа қабілеттілігі мен қабілетсіздігі...» – деп қарастырады[Крутецкий В.А.,1976,с.75].

М.И.Дьяченко., А.А.Кандыбовичтержалпы және ұзақ мерзімдік даярлықтан басқа уақытша даярлық орын алады және оны «дайындық алды» кезең деп атайды. Сондай-ақ, «даярлықты» тұлғаның мотивациялық аймағының маңызды көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, даярлықтың аспектілері ретінде эмоционалды-еріктік және мазмұндық операциялық компоненттерді жеке бөліп қарастыруды алға тартады[ДьяченкоМ.И.,КандыбовичА.А. 1976, с.28].

Авторлар, даярлық құрылымына төмендегілерді: қандай да бір іс-әрекетке, мамандыққа оң көзқарасын; іс-әрекет, кәсіп талаптарына мінез-құлық, темперамент, мотивацияның сәйкес келуін; қажетті білім, іскерлік, дағдыларды; тұрақты кәсіби-маңызды ерекшеліктер: қабылдау, зейін, ойлау, эмоционалды және еріктік процестерді жатқызады.

Олай болса, психологиялық зерттеулер, «даярлықтың» кез келген іс-әрекетті сәтті орындаудың бастапқы және іргелі шарты болып табылатынын көрсетеді. Аталған мәселе төңірегіндегі зерттеулер, «даярлық» мазмұны мен құрылымы туралы нақтылы бір анықтаманың орын алмайтынын көрсетеді.

Біз, өз зерттеуімізде бірқатар зерттеушілер тобымен қатар, даярлықтың **мотивациялық** (іс-әрекетті орындаудағы жауапкершілік); операциялық (қажетті білім, іскерлік, дағдыларды және іс-әрекет әдіс-тәсілдерін меңгеру); еріктік (өзін-өзі бақылау, басқару); бағалаушылық (кәсіби міндеттерді шешуге сәйкес өз даярлығын бағалау) [Тлемисова А.Д., 2018, с.230] құрылымдары тұрғысынан қарастырамыз. Жалпы, психологиялық тұрғыдан, «даярлық» – мамандыққа қойылатын талаптарды ескере отырып тұлғаның жан-жақты дамуын көрсетеді. Педагогикалық еңбектерде қандай әрекетке болса да, «даярлық» мазмұнында тұлғалық тұғырдың маңыздылығына назар аударылады.

А. Саипов – «Даярлау» ұғымы – жан-жақты дайындықты қамтиды: қандай да бір нәрсенің орындалуына алдын ала әзірлігі. Даярлау ұғымы дайындық ұғымынан әлдеқайда ауқымды. Даяр және дайын ұғымдары бір сөз сияқты көрінгенімен, даяр сөзінің астары қандай да бір істі атқаруға, орындауға жан-жақты әзірлікті меңзейді (жоспарлау, сызбалау, конструкциялау, жасау, жинақтау, әрлеу,сәндеу және т.б.). Дайын сөзі қайсы да бір істің бітіп, аяқталғанын көрсетеді де, көлемі жағынан шағындау болып келеді: орын дайын (отыруға), тағам дайын (ішуге), көлік дайын (мінуге) және т.б – деп қарастырады [Саипов А., 2010. б.16].

Әлеуметтану ғылымында,Л.П.Буева -»даярлық» – тұлғаның әлеуметтік ұстанымы, құндылық бағдары ретінде, білімі мен іскерлігін қоғамдық жұмыстарға арнауын атайды[Буева Л.П., 1978. с.202].

Олай болса, «даярлық» ұғымының құрылымына: адамгершілік, өз құндылығын дамыту, тұлға ұғымының маңызды бөлшегі және өз мінез-құлқын басқару механизмі, өзінің жекелей мәнділігі және өзінің қоршаған ортаға қажеттілігін ұғыну, тұлғаны әлеуметтендіру, ереже, ойлау, жүріс-тұрысты білдіретін тәсілдерді, қимыл-амалдарды үйретуге негізделінген компоненттерді жатқызуға болады.

Даярлық мәселесіне, әлеуметтік-педагогикалық әрекет тұғыры тұрғысынан келетін зерттеу жұмыстары да орын алады. Мысалы,М.А.Галагузова,даярлықты әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жүзеге асыратын көп деңгейлі, интегративті тұлғалық қасиеттерге жатқызады [Галагузова М.А.,1998.-Вып.3,с.205]Осылайша, жоғарыда келтірілген зерттеулерді талдай келе, адамның белгілі бір іс-әрекетке даярлығы теориялық тұжырымдамалар ерекшеліктері мәселесі функционалдық немесе тұлғалық деңгейде қарастырылуына байланысты негізделеді. Жалпы алғанда, «даярлық» қандай да болмасын іс-әрекет бастауы, негізі болып табылады. Осы бағытта, болашақ мұғалімдердің «дидактикалық даярлығы» педагогикалық даярлықтың жалпы мақсаты бар (жан жақты жетілдірілген тұлғаны қалыптастырушы),

өзара байланысты және өзара тәуелді сипаттағы әртүрлі элементтер құрылымымен белсенді түрде сыртқы ортамен әсерлесетін, жеке іштей ұйымдастырылған интеграцияланған тұтастықты сипаттайды.

Дидактикалық даярлық жалпы – педагогикалық даярлықтың құраушысы ретінде, студенттерді педагогикалық оқу орындарында оқытудың негізгі фундаментальді жетекшісі рөліне ие. Мамандар «мұғалімдердің дидактикалық даярлықтары мәселесі бойынша шектеулі ғана зерттеулер орын алады. Оның үстіне, зерттеулерде, бұл үдеріс мәнін және компоненттерін айқындауда біртекті тұжырым жоқ, А.Г.Мороз, «дидактикалық даярлықты қалыптастыру механизмі және оны дамыту қарастырылмаған» – деген пікірлер айтады [Мороз А.Г., 2001, с.337].

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар «дидактикалық даярлық» ұғымына келесі тұжырымды: ең алдымен, педагогикалық пәндерді ұйымдастыру және оларды оқып үйрену тәртібін (ретін), сондай-ақ, пәндердің функциональдығын қамтамасыз ету, олардың өту бірізділігі мен мерзімін анықтап алу тиіс екеніне алып келді. Даярлық кезеңі: «Мамандыққа кіріспе», «Педагогикалық психология», «Педагогика тарихы»; базалық кезең: «Дидактика»; инвариантық: дидактикалық жеке пәндер – әдістеме, арнайы курстар, арнайы семинарлар; қолданбалы : педагогикалық іс – тәжірибе, курстық және дипломдық жұмыстар барысында іске асады.

Дидактикалық даярлықты, психологиялық категория болып табылатын әрекетке негізделген үдеріс ретінде түсіну маңыздырақ. Егер, дидактикалық даярлықты әрекеттік бағыт үдерісі ретіндегі көзқарасқа сүйенсек, онда, А.Н. Леонтьев тарапынан жасалған әрекет құрылымы мен оның компоненттері педагогикалық әрекетке және оның дидактикалық құраушысына қатысты инвариантты болып табылады. Сол себепті: дидактикалық даярлық мәнін, психолог елестеткендей, оның құрылымын талдай отырып, мақсат, мотив, әрекеттің бірлігі екенін айтуға болады [Леонтьев А.Н. Т.2,2005, б.100].Қалай болғанда да, педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің педагогикалық және дидактикалық әрекеттері құрылымын: мотивті мақсатты, процессуальді мазмұндық және бақылау реттеушілік компоненттері құрайтын болады.

Сонымен, қазіргі кезеңдегі педагогикалық жоғары оқу орнындағы студенттердің педагогикалық әрекеттері базалық болып табылатын дидактикалық әрекеттерді қамтиды. Болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің дидактикалық даярлығы үдерісі оқыту үдерісін (мұғалім әрекеті) және оқуды (студенттер әрекеті) қарастырады. Дидактикалық даярлықтың жалпы мақсаты: болашақ мұғалімдерде – студенттерде оқыту әрекеттеріне қажетті білім және іскеліктерді қалыптастыру болып саналады.

Болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің дидактикалық даярлығына қойылатын талап дидактика тарапынан – әдістемелік қызмет түрінде көрініс тауып отыр, бұл кәсіптік оқытудың кейбір оқу пәндерінің оқыту әдістемесі арқылы, дидактиканы шамалы іргелендіру және интеграцияландыру қажет екендігіне саяды.

Педагогикалық әрекетке көпфункционалдық тән болғандықтан, кәсіптік оқыту мұғалімін мектеп жағдайында анық орын алатын әрбір оқиғаның көптеген мәнін аңғара алатындай етіп даярлау керек. Сайып келгенде,біз болашақ кәсіптік оқыту мұғалімін дидактикалық – әдістемелік функциясын жүзеге асыруға сеп болатын дидактикалық білімдер, іскерліктер, дағдылар, технологиялар жүйелерімен ғана қаруландыра аламыз. Десекте, мұндай мамандар еңбек нарығы заманында бәсекелестікке қабілетті бола алулары екі талай, өйткені олардың білімдері мен іскерліктері, нақты педагогикалық әрекеттерден алшақ формальді сипат алады. Болашақ мұғалімді бір мезетте бірнеше өлшемдерде әрекет етуге, келесі әрекетін болжамдау, ағымдағыны стихиялы сезіну, болжауды оқиға барысымен сәйкестендіру, түзетулер ендіру, өткенге мән беретін көзқарасты талдауларға үйрету керек.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген аспектілер қазіргі кезеңдегі кәсіптік оқыту мұғалімдеріне аса қажетті болып табылатын кәсіби – педагогикалық даярлық жүйесіндегі, оның ішінде дидактикалық даярлықтарында көніл бөліне бермейтін, әртүрлі: перспективтік(келешектік), ситуативтік (жағдайлық) және и ретроспективтік (өткенді шолатын) рефлексивтік іскерліктерге тиісті. Сонымен, теориялық қорытындылаулар деңгейінде «дидактикалық даярлық» ұғымын: мақсатқа бағытталынған педагогикалық циклдар жүйесіндегі пәндерді ұйымдастыру және оқып үйрену, олардың фундаментальдік негізін құрайтын «Дидактиканы» құрал ретінде, дидактика-әдістемелік, өндірістік функцияларды атқаруға қабілетін қамтамасыз ететін болашақ кәсіби – педагогикалық әрекеттер мен оларға сәйкес келетін

кешенді біліктіліктерге негізделінген, психологиялық-педагогикалық категорияға негізделінген әрекет болып табылатын үдерісті түсінеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ШамшидиноваК. https://abai.kz/ 05.03.19

2. Рубинштейн М.М.Проблемы учителя: Учеб.пособие для студ. высш.пед.учеб. заведений / Под ред. В.А. Сластёнина. – М.: Изд.центр «Академия», 2004. – 176с.

3. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. М.: Просвещение,1976– 236с

4. Дьяченко М.И., Кандыбович А.А. Психологические проблемы готовности к деятельности.-Минск: БГУ, 1976. -176с.

5. Тлемисова А.Д. Формирование мотивации учения как детерминанта организации учебной деятельности студентов// Национальное здоровье, (Политематический научный журнал), 2018, №1-2. – С.228-235

6. Тлемисова А.Д.Мотивационная основа позновательной деятельности студентов// Научные технологии, 2018,№6.– С.83-86

7. Саипов А. Болашақ мұғалімдердің көркемдік-еңбек даярлығының теориясы және практикасы. Пед.ғыл. докт....дисс. автореферaты. Шымкент, 2010. – 36 б.

8. Буева Л.П. Человек: деятельность и общение.-М.: Мысль, 1978.– 202 с.

9. Галагузова М.А. Категориально-понятийные проблемы социальной педагогики//Понятийный аппарат педагогики и образования: Сб. науч. тр./ Отв. ред. М.А. Галагузова. - Екатеринбург, 1998. - Вып. 3. - Б. 201-205.


10. Мороз А.Г. Учебный процесс в высшей педагогической школе: Учебное пособие /Под общ. ред. академика А.Г. Мороза. – Киев: НПУ им. М.П. Драгоманова, 2001. – 337 с.

11. Леонтьев А.Н. Іс-әрекет, сана, тұлға // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.2, 2005, – 480 б.

ӘОЖ 373.1.013



САИПОВ АМАНГЕЛДІ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Кәсіптік оқыту кафедрасы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті



ТЛЕМИСОВА АЛИЯ ДАНИБЕКОВНА
PhD докторант
Кәсіптік оқыту кафедрасы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті



АСАНОВ ТАЛҒАТ ИБАДУЛЛАЕВИЧ
PhD докторант
Педагогика және психология кафедрасы
академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҚТАРЫН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Түйін. *Мектептердің қазіргі кезеңдегі реформаларына назар аударар болсақ, дидактика мен оқыту әдістемесі арасындағы қатынасты жалпы және жалқы ретінде қарастыра отырып, қандай жағдайда дидактика мәселесі оқыту теориясы мен практикасы үшін басымдыққа ие болатынын аңғаруға болады, яғни қашан мектепте түбегейлі өзгеріс жайлы қажеттілік болмаса, онда дидактикаға деген қажеттілік те болмайды. Ал, мектептерде және ондағы оқытуды қатаң сынға алу басталса, мектептегі тәртіп, ережелер*

ұнамаса, оқытудың жаңа жолдарын іздестіру басталады. сонда орын алып отырған оқыту әдістерін қайта қарау мәселелері орын ала бастайды, міне осындай реформалау кезеңдерінде оқытудың жалпы және ықшамды, орнықты құралдарына кепілдік беретін дидактикаға деген қажеттілік туындайды.

Түйінді сөздер: *дидактика, дидактикалық даярлық, модернизация, мақсат, мақсат қою.*

Резюме. *Если обратить внимание на текущие реформы школ, рассматривая отношения между дидактикой и методами обучения как общие и частные, можно заметить, что в конкретном случае проблема дидактики имеет приоритет перед теорией и практикой обучения, то есть когда нет необходимости в радикальных изменениях в школе. тогда нет необходимости и в дидактике. И когда школы и обучение в школах подвергаются критике, не нравятся правила и нормы в школах, начинается поиск новых способов обучения, пересмотреть существующие методы обучения, и для реализации таких реформ возникает необходимость в дидактике, гарантирующей общие универсальные и компактные средства обучения.*

Ключевые слова: *дидактика, дидактическая подготовка, модернизация, цель, формулировка целей*

Summary. *If you pay attention to the current reforms of schools, considering the relationship between didactics and teaching methods as general and particular, you can see that in the particular case the problem of didactics takes precedence over the theory and practice of teaching, that is, when there is no need for radical changes in the school. then there is no need for didactics. And when schools and schooling are criticized, they don't like the rules and regulations in schools, the search for new teaching methods begins, the existing teaching methods are reviewed, and for the implementation of such reforms there is a need for didactics guaranteeing universally universal and compact teaching tools.*

Key words: *didactics, didactic training, modernization, goal, goal statement.*

Кіріспе

Мұғалімдердің дидактикалық даярлығын модернизациялау қажеттілігі олардың жалпы педагогикалық даярлығы жүйесіндегі ең маңызды екенін, қазіргі кезеңдегі мұғалімдер үшін оның мәні мен маңызын ғылыми тұрғыда тұжырымдау болып табылады. Қазіргі кезеңде дидактикаға қажеттілік біріншіден, адамзат баласын тұлға ретінде әртүрлі беделдер қысымынан құтқару болса, екіншіден, әдіснамалық және дидактикалық мәселелерді қолға алуға байланысты. Мұндай кезеңдердің кейбірін, басқаша жоғары деңгейде табуға болады: мысалы, қоғамның барлық сферасын ізгілендіру және демократизациялау, әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірімізді реформалауға ұмтылылысымыз арқылы.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңдердегі мектеп реформаларына назар аударар болсақ, П.Ф. Каптеревтің пікірімен келіскен жөн. Ол, дидактикамен оқыту әдістемесі арасындағы қатынасты, жалпы және жалқы ретінде қарастыра отырып, қандай жағдайда дидактика мәселесі оқыту теориясы мен практикасы үшін басымдыққа ие болатынын төмендегіше сипаттайды: «...қазірше мектепте түбегейлі өзгеріс жайлы қажеттілік болмаса, жоғарыдан төменге қарай қайта құру қажеттілігі болмаса, онда дидактикаға деген қажеттілікте болмайды, мектепте тыныш, қалыпты өмір орын алады, мұнда бәріде орынды, орын алып отырған тәртіп, ережелер мен нәтижелерге бәрінің көңілі толады. Олай болса жаңа мәселелерді көтеру қажеттілігі де жоқ. Ал, мектептерде және ондағы оқытуды қатаң сынға алу басталғаннан бастап мектептегі тәртіп, ережелер ұнамайтын болғаннан бастап, оқытудың жаңа жолдарын іздестіру басталады, сонда орын алып отырған оқыту әдістерін қайта қарау мәселелері орын ала бастайды, міне осындай реформалау кезеңдерінде оқытудың жалпы және ықшамды, орнықты құралдарына кепілдік беретін дидактикаға деген қажеттілік туа бастайды [Каптерев П.В., 1982, с.210]. Сол себепті, реформациялық кезеңде дидактикаға қажеттілік біріншіден, адамзат баласын тұлға ретінде әртүрлі беделдер қысымынан құтқару болса, екіншіден, әдіснамалық және дидактикалық мәселелерді қолға алуға байланысты. Мұндай кезеңдердің кейбірін қазіргі кезде басқаша, жоғары деңгейде кездестіруге болады: мысалы, қоғамның барлық сферасын ізгілендіру және демократияландыру, әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірімізді реформалауға ұмтылысымыз.

Соңғы «әдістемелік» табыс алдыңғы қатарлы жаңашыл мұғалімдер аттарымен тығыз байланысты, десекте, олар мектепке реформа жасауға екпін бере алмады. Қазіргі мектеп, сапалық тұрғыдан өзгертуге үміт артатын дидактикалық теорияға бет бұрып отыр. Сондықтан, бұл мәселе орынды қойылып отыр деуге негіз бар. Мұғалімдерді даярлау мәселесі барлық уақытта педагогика ғылымдарының ең басты және көкейкесті мәселесі болып қала бермек.

Мұғалім мамандығы (оның әлеуметтік мәнділігі, мазмұны, құрылымы, оқушыларға тұлғалық әсері) көптеген іргелі еңбектерде атап өтілді. Әсіресе, бұл мәселе тарихтың ауыспалы кезеңінде (60 жылдардан бастап, біздің ғасырымызға дейін) көкейкестілігін жоғалтқан жоқ, педагогика мен психологияның,

сондай-ақ, әлеуметтік педагогиканың бірден-бір өзекті мәселесі болып отыр.

Іргелі және қолданбалы зерттеулерде бұл мәселе ғалымдар тарапынан, педагогтің тұлғалық профессиограммасы және іс-әрекеті, оларды даярлау мақсаты, мазмұны, формасы және мұғалімнің жалпы педагогикалық даярлығы, оның кәсіби-педагогикалық даярлығы, педагогтің гуманистік мәдениеті, мұғалімді индивидуальдік тұрғыдан қалыптастыру мәселелері қарастырылды [Пошаев Д.Қ., Саипов А., Адырбекова Г., 2010, б.106].

Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық даярлығы мазмұнында оның дидактикалық даярлығы бірден-бір құраушысы ретінде ендірілді. Мұғалімдерді даярлаудың қазіргі заманауи тұжырымдарында Ш.Қ. Қарабаев, «дамып келе жатқан ғылым және әлеуметтік-саяси ақпараттар мен оларды өңдеудің ескі тәсілдері, сақтау, беру, яғни дәстүрлі педагогикалық технологиялар, педагогтардың кәсіби шеберліктеріне қойылатын талаптардың артуы және қазіргі кездегі біліктіліктің жетімсіздігі, педагогикалық еңбек қызметіне деген қоғамның қажетсінуі және мұғалімдердің жұмыс уақытының қысқартылуы, мұғалім мамандығының объективті әлеуметтік мәнінің артуы мен педагогикалық еңбектің кейбір жастар арасында тартымдылығының төмендеуі ішінара қарама-қайшылықтарды есепке ала отырып орын алып отыр» [Қарабаев Ш.Қ., 2009, б.406] деген пікірді алға тартады.

Заманауи теория және мұғалімдерді даярлау практикасы мамандарға деген өндірістік және географиялық қажеттіліктерді есепке ала отырып мамандар даярлауға бағытталған. Десекте, педагогикалық даярлық барысында орын алып отырған нақтылы шындық арасындағы қарама-қайшылық бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Шындығында, бүгінгі күні мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлығы өмір талаптарынан әлде қайда қалып келеді. Заманауи мұғалім әлеуеті өскен, бірақ оқушылар мен мұғалімдер арасындағы әлеуметтік айырмасы артып отыр. Мұғалімге оқушылармен байланысты реттеу қиынға соғып отыр. Оқушылар тарапынан мұғалімдерді мойындамау орын алып отыр, оның ішінде кімде жоғары кәсіби даярлық, қажетті іскерлік және адамгершілік сапалар тұрғысынан ерекшеленбесе бұл жағдай өрши беретін секілді. Оқушылардың мұғалім беделіне деген қарым-қатынасы өзгере бастады. Олардың бағалау мөлшері ересектердің критерийлеріне жақындап келеді және олар негізінен қоғам тарапынан мұғалімге қойылатын талаптармен сәйкес келеді деуге болады. Осы мәселе бойынша, болашақ мұғалімдер және мектеп басшылары арасындағы жүргізілген біздің зерттеулер жоғарыдағы келтірілген қорытындалар нәтижесіне жақын болып шықты.

Студенттер, мұғалімдер және мектеп басшылары арасында сауалнама, оқытылып жатқан, оқытылған пәндердің болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық үшін маңыздылығы қандай екенділігі, ең маңыздысы және өздерінің кәсіби іс-әрекеттеріне даярлығы деңгейіне қалай әсер ететініне назар аударсақ, басымдылыққа ие пәндердің ішінде, сауалнамаға қатысқан бірде-бір топ адамдардың ішкі және сыртқы мәдениеттерін қалыптастырушы философияны, әлеументану, мәдениеттанымдық пәндерді (тіпті олардың мұғалімдердің жалпы педагогикалық даярлығына қажеттілігі ескерілмеді) ендірмеді. Зерделеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, пәндердің маңыздылығы әр топта әртүрлі сипатқа ие (іс-әрекеттегі құндылықтары артық бағаланғандығы байқалады). Егер, болашақ мұғалім әдістемеге басымдық (оқыту және тәрбие жұмысы) берген болса, ол, бірінші орынға мұғалімдер сияқты оқу пәні бойынша білімді қойса, мұғалімдердің кейбірінің білімнің маңыздылығына деген пікірі өзгеріп отырады: психология мен педагогиканың құндылығы күрт артып (білімгерлерге қарағанда 9% және 12% ден 32% және 29%) отыр; пәнді оқыту әдістемесінің маңызы даяр білім ретінде төмен көрсетілген, себебі, жеке өзінің тәжірибесі мен жұмыс жүйесі жасалынады. Мектеп басшылыларының пікірінше «құндылық» төмендегіше бағаланған: пәнді оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысы және сынып жетекшілігі, даяр білімдер мен икемділіктердің жиынтығы, сондай-ақ соңғы екеуін бір бірінің синонимдері іспетті қарастырады. Мұнда психология мен педагогиканың маңыздылығына (36% және 15%) назар аударады. Бізді қызықтыратыны, респонденттердің қай-қасысы болмасын, педагогиканың арнайы саласы ретіндегі дидактикаға мән бермеуі, тіпті ол туралы еске де алынбағаны болып тұр. Кәсіби маңызды іскерлік ортасында барлық топта ұйымдастырушылық икемділігі (46% – 53% – 40% – білімгерлерден бастап мектеп директорларына дейін), коммуникативтік (27% – 36% – 17% – студенттерден мектеп директорларына дейін), оқушылармен жұмыс жасау (21% -32% -27%) және шығармашылық (5% – 17% – 12% – білімгерлерден бастап мектеп жетекшілеріне дейін).

Сондай-ақ, іс-әрекетті жоспарлау, өзін дұрыс ұстау, индивидуальдік бағытты іске асыру, мақсатты анықтау, мақсат қою, сияқты оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда маңызды әрекеттерге деген қажеттілік орын да алмады (оларға берген баға 2% -дан да аспайды). Келтірілген мәліметтерге қарағанда – болашақ

мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық даярлығындағы дидактикалық даярлығы оның бір құрылымдық элементі қатарында қарастырылатыны, ал, дидактикада, бұл мәселе, білім беру теориясы мен оқытуда басты назар оның екінші бөлігі – оқытуға бағытталады, яғни өзбетіншелік мақсаты болмайтын, білім беру құралына аудырылған. Мұғалімдердің жалпы педагогикалық даярлығы мектепте білім, икемділік және дағдыларды қалыптастыруға бағдарланған болса, сол сияқты, мұғалімдердің дидактикалық даярлықтарында да солар көрініс тауып отыр деуге болады.

Мұғалімдердің кәсіби әрекеттерін жүйелілік-функциональдық бағытта қарастыру ЖОО мұғалімдерді даярлауда, оқыту және тәрбие үдерісінде маңызды болып саналатын келесі: әрекетті жоспарлау және мақсат қою, ұйымдастыру, бақылау, талдау, әрекетті реттеу (коррекция), зерттеу, коммуникативтілік икемділіктерін меңгертуге бағдарлау қажеттігін көрсетті. Мұғалімдердің сабақтағы әрекеттерін жетілдіруге байланысты жұмыстарда, оқушыларды оқу-танымдық әрекеттері өзбеттерінше басқару, яғни келесі икемділіктерге: жоспарлау, мақсат қою және т.с.с оқытуға ой салады. Біз, бұл тенденцияны мұғалімдердің дидактикалқ даярлығын дамытуға қосқан үлес ретінде танимыз. Осылайша, заманауи мұғалімнің дидактикалық даярлығын қайта қарастыру мектептегі білім беру мазмұнына сәйкес заңдылық болып табылады. Дегенмен, педагогтың тұлғалық моделін жасауда қазіргі кездегі орын алып отырған мұғалім-адам, азамат пен оның кәсіби білімі, икемділігі және дағдысы арсындағы алшақтықты жою қажет. Осы тұрғыда, Д.К. Пошаев және басқалар, мәселе, болашақ мұғалімнің тұлғалық позициясын, оның кәсіби білім мен икемділіктерін интеграциялау туралы болып [Пошаев Д.К., Дмитриев Ю.,А. Рыскулов А., 2020, б.56] отырғанын дөп көрсетеді.

Бұл бірлік – жиынтық категория емес, сапалық тұрғыдан жаңа білім беру, тұтастық және оның ішкі құрылымы мұғалімінің тұлғасын және даярлау мақсатын білдіреді. Тұлғалық деңгейде мұғалім нормативтік әрекеттен дербестенуі мүмкін емес деп түсіндіріледі, керісінше ол белсенді субъектке айналады. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы оқу жоспары және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейінде қарастырылады, бұл идеяның негізі әрекет қана болып қалмастан, тұлғалық бағдары бар, индивидуальді-шығармашылық бағыт, яғни икемді және вариативті болуы керек

Білім берудің тұтастық ұстанымы, болжамдық және іргелілігі жаңартылған бағдарламаға енуі, ал мұғалімнің кәсіби даярлығы әмбебаптық бағытта болуы керек. Яғни, педагогикалық білім беру динамикалық және ілгерілемелік сипатқа ие болуы керек. Осы тұрғыдан қарағанда, болашақ мұғалімдердің дидактикалық әрекеті блоктық сипат алуы керек. Сондықтан, педагогтардың дидактикалық даярлығын модернизациялау білім беру мазмұнындағы әлеуметтік жағдаяттар ерекшеліктерін ескеретін (динамикалықты, әртүрлі деңгейлік мақсаттар мен олардағы құндылықтардың үйлесімділігі, субъектінің басымдығы) блоктарға бағытталуы тиіс. Біз зерттеу барысында, аталынған жағдаяттардың, мұғалімдерді даярлауда әлеуметтілік және даралық идеясы тұрғысында маңызды рөл атқаратынына назар аударуды жөн көрдік. Өйткені, білім беруде мұғалімнің оқушыларды оқытуын және танымдық әрекеттерін басқаруда теориялық, практикалық, шығармашылық және адамгершілік-психологиялық дайындығын ескермеуге болмайды. Яғни, дидактикалық даярлық мазмұны болашақ мұғалімдердің «МЕН-концепциясын» қалыптастыру бағытында болуы тиіс. Мен-концепциясы педагогикалық ойлаумен үйлесімді болуы керек. Теориялық даярлық – білім емес (фундаментальді, теориялық, әдістемелік), ол мұғалімнің «МЕН-концепциясымен» педагогикалық әрекетке даярлығы. Мұғалімнің практикалық даярлығы педагогикалық үдерісті тұтас іске асыруға даярлығы оның педагогикалық сана мен сезімдерінен шабыттандырылуы керек.

Отандық мұғалімдіктің «Әлеуметтік портреті» әлеуметтік маңызды қасиеттері мен сапасының сипатынан (білімділік деңгейі және жасы, демографиялық және әлеуметтік құрамы, құндылықтары) индивидуальді-типтік және мұғалімнің индивидуальдігіне дейін дамыды. Сондықтан, маңызды индивидуальді-тұлғалық және типтік белгілер арасында: кәсіби-педагогикалық әрекетті таңдау мотиві және оның дамуы, мұғалімнің кәсіби бағдарының іске асырылуы, кәсіби позициясының динамикасы белгілері анықталынды. Мұғалімнің еңбек сипатындағы әлеуметтік-педагогикалық тенденцияны дамыту, ғалымдарды мұғалімдердің функциональдық сауаттылығын, олардың кәсіби құзіреттілігін зерделеуге алып келді. Осы, әлеуметтік-педагогикалық контексте мұғалімдердің бірқатар: мотиві, позициясы, құндылық бағдары, құлық типтері негіздерінде типтік «портреттері» айқындалды. Мұның барлығы мұғалімнің дидактикалық даярлығы мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік жасады. Мысалы, жетекші бағыттар ретінде: тұлғалық-әрекеттік бірлігін; диалогтық және индивидуальді-шығармашылық бағыттарды;

дидактикалық даярлық мазмұнына зерттеу және рефлекциялық икемділіктер; ЖОО мұғалімнің индивидуальдігін қалыптастыруға бадарлануын айтуға болады. Сол себепті, ЖОО мұғалімдерді кәсіби педагогикалық даярлығының мәні мен мазмұнын казіргі кезге дейін, инструментальдық саналатын (тар функциональді), оқыту және тәрбиелеу әрекетінен кең гуманистік негізде дамитын тұлғаны даярлау тенденциясына көшу керек. Бұл жерде біздің пайымдауымызша, әдіснамалық тұрғыдан мұғалім санасындағы бастапқы әрекет идеясы және принципі, кәсіби-педагогикалық стратегиясы ретіндегі тұтастай әрекет жобасы оның өзімен-өзі өткізетін ішкі диалогіне жолдау табуы қажет.

Болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығы жөнінде пікір жасай отырып, оны мұғалімдердің дидактикалық сауаттылығы мен дидактикалық мәдениетіне бағыттау, сондай-ақ, мұғалімнің әрекетіне жоғары гумандық мән берілуі тиіс деп есептейміз. Біз, дидактикалық даярлықты болашақ мұғалімдерді гуманитарлық маман ретінде психологиялық-педагогикалық білім беру мазмұнын меңгерудің «тіректік» құралы деп түсінеміз. Сонымен біз, педагогикалық ЖОО дидактикалық даярлықты, нақты түрде оның мазмұнын мұғалімнің әлеуметтік-педагогикалық функциясын кеңейтетін гумандылық жағына бағыттауды алға тартамыз.

Дидактикалық даярлық деп, біздің түсінігімізше субъект тарапынан келесі дидактикалық білім мазмұнын:

1) дидактиканың теориялық, әдістемелік және қолданбалы негіздерін білім беру мен оқыту теориясы ретіндегі білімдерді;

2) мұғалімнің арнайы даярлығының әрекеттік негізін құрайтын, конструктивті және шығармашылық деңгейлеріндегі дидактикалық икемділіктерін қолдану тәжірибесін;

3) әрекеттің объектісіне және субъектісіне қатысты эмоционалдық-құндылықтық тәжірибесін;

4) педагогикалық рефлекцияны меңгеруін айтамыз.

Осыған байланысты, біз, қолданбалы дидактика ретінде «Оқытушылық әркеттің практикалық технология» элективті курсын алға тартамыз. Бұған қосалқы арнайы семинар «Сабақты дидактикалық талдау» және оқытудың рефлекциялық бағыты «Өмір сүру философиясы» тарауларында қарастырылды. Осылайша, болашақ мұғалімдердің дидактикалық даярлығының дидактикалық модулі құрылды.

Курс мақсаты мен міндеті бірнеше мақсаттар тобынан тұрады.

Бірінші мақсаттар тобы (дүниетанымдық, құндылықты-бағдарлық):

Білім беру адамдардың әрекет құрылымдарында және тұлғалық басымдылығында; оқыту білім берудің гумандық мақсатқа, тәрбиеге және тұлғаны дамытуға жету құралы; психологиялық-педагогикалық білімдердің дидактикалық даярлық арқылы әмбебаптылығы мен жалпыламалылық идеясының орын алуы, «адам-адам» жүйесі мамандығында қосымша педагогикалық, мысалы, әлеуметтік педагог мамандығын алуына сеп болады; білім беруге өзіндік құндылық ретіндегі қатынасын тәрбиелеу; мұғалім тұлғасының гумандық менталитетін қалыптастыру; жалпы (оқыту), ерекше (оқыту үдеріс) және дара (сабақ, нақтылы оқыту формасы) категорияларының диалектикасын ұғыну.

Екінші мақсаттар тобы (жетекші білімдер мен икемділіктер): оқу үдерісінің, оқыту үдерісінің, оқытудың заманауи концепцияларының әдіснамалық және психологиялық негіздерін зерделеу; дидактикалық ұғымдарды, заңдылықтарды және принциптерді меңгеру; дидактиканың басқа ғылымдардағы атқаратын функциясын және дара пәндік әдістемелердегі, мұғалімнің практикалық әрекеттеріндегі олардың көрініс деңгейлерін түсіну; оқытудың әрекеттік бағытын мұғалімдердің кәсіби әрекеттеріндегі индивидуальдік стилин қалыптастыру, ынтымақтастықты дамыту; өз әрекетіне рефлекция жасау және оны оқушыларға өзін-өзі тану мақсатында үйрету; педагогикалық қарым-қатынас жүйесінде коммуникативтік икемділіктерді білім беру және дамытушылық міндеттерді іске асыру өнері ретінде меңгеру;

Үшінші мақсаттар тобы (қосалқы білімдер): оқушылардың әртүрлі жас ерекшеліктеріндегі психологиясын білу; оқушылардың қабілеттерін анықтау әдістері мен әдістемесін меңгеру; оқытудың индивидуальдік бағдарламасын (жеке білім алу траекториясы) анықтау икемділігі, оқушыларда ондай бағдарламаларға қызығушылығын және бейімділігін қалыптастыру; оқушылардың қызығушылығын, бейімін, талантын диагностикалау материалдарын пайдалану әдістемесін меңгеру; педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балалар мәселесін білу; сыныпта психологиялық невроздықты жеңуге және психологиялық жайлы климат жасау іскерлігі;

Төртінші мақсаттар тобы (тұлғалық сапаны қалыптастыру): білім беру, оқыту және өздігінен білім алудың рөлдері арқылы мұғалімдер санасында «өмір философиясын» (ғасырлар өмір сүр – ғасырлар

бойы оқы) ұғымын қалыптастыру; сөз мәдениетін қалыптастыру (кәсіби сөйлеу мәдениеті), сөз, ой және қимыл (дидактиканың ғылыми жағын өнер ретінде меңгеру); үйлесімі; білім беру мақсатының соңғы нәтижесіне – моральдық деңгей, ынталандыру мен мінез-құлықтың мотивациясына масаттану; ең жақсы қасиеттерді тәрбиелеу: интелектуальдық, адамгершілік, мінез-құлықтық. Аталған элективті курстың бастапқы идеясы психологиялық-педагогикалық білімдердің әмбебаптығы мен жалпыламалылығы, екінші – жоо мономоделінен «аттап өту» (жоо профиліне байланыссыз біркелкі функциялылығы) және білім берудің полифункциональдық моделін (сондай-ақ стратегиясын) дамыту идеясы. Осы тұрғыдан қарағанда, біздің зерттеу мақсатымызда дидактикалық білім мазмұнының іргелілік жағын күшейту –біржағынан, екнішіден – осы идея негізінде дидактиканың қолданбалы аспектілерін іске асыруға мүмкіндіктер (әлеуметтік мазмұндағы іс-әрекеттерге икемді қосымша мамандықтарға) жасау.

Қорытынды

Аталған бағыттағы зерттеуіміздің тұжырымдық негізі ретінде, білім беру теориясын ізгілендіру, әрекет құрылымында білім берудің полифункциональдығы; оқыту үдерісін басқаруда жүйелілік бағыт; дидактикалық жағдайлардың психологиялық негізін жасауда: мәдени– тарихи сана арқылы тұлғаны дамыту, әрекет теориясы басшылыққа алынды. Элективті курс мазмұны мен жетекші идеясы, мұғалімнің дидактикалық даярлығы құрылымына сәйкес келетін гуманизация, ізгілендіру, білім беруді демократияландыру, индивидуализациялау және оқытуды дифференциациялау бағытында болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Каптерев П.В. Дидактические очерки. Избр.пед.соч. –М.: Педагогика, 1982. -560 с
2. Пошаев Д.Қ., Саипов А., Адырбекова Г. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі. Оқу құралы, Астана, – 2010. – 160 б
3. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы, Алматы: Экономика, 2009. – 608 б.
4. Пошаев Д.К., Дмитриев Ю.,А. Рыскулов А. Интегрированный подход в процессе обучения //Наука и мир. Международный научный журнал, №2(78), Волгоград, 2020, том 2 SCIENCE AND WORLD International scientific journal № 2 (78), 2020, Vol. II Founder and publisher: Publishing House «Scientific survey» The journal is founded in 2013 (September) Volgograd, 2020.-С.56-59.

ӘОЖ:378.14 (574)

СЕИТОВА АКБОТА ЛЕСПЕКОВНА
2 курс PhD докторанты
Педагогика және психология кафедрасы
Педагогика және психология институты
Абай атындағы Казақ Ұлттық педагогикалық университеті

АХМЕТОВААЙГҮЛ ИГЕНҚЫЗЫ
PhD доктор, аға оқытушы
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы
Педагогика және психология институты
Абай атындағы Казақ Ұлттық педагогикалық университеті

«МЕКТЕП-ЖОО» ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ САНА-СЕЗІМІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ РЕСЕЙЛІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

Түйін. *Мақалада болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамыту мәселесінің ресейлік зерттеулерінде қарастырылу жағдайы сипатталынған. Ресей ғалымдарының зерттеулеріндегі кәсіби сана-сезімнің анықтамасы қаралып, оның құрымындағы компоненттерге талдау жасалынған. Сонымен қатар, кәсіби сана-сезімнің түрлі даму деңгейіндегі сапалық көрсеткіштері қарастырылған (аффективтік-бағалаушылық, когнитивтік, мінез-құлықтық, рефлексиялық).*

Түйінді сөздер. *Кәсіби құзыреттер, санасезім, құрылымдық компоненттер, көрсеткіштер, даму деңгейлері, кәсіби мотивтер, ниеттер, рефлексия, бағалау, кәсіби іс-әрекет, кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындық.*

Резюме. *В статьеописано состояние изученности в российских исследованиях проблемы развития профессионального самсосознания будущих педагогов. В трудах российских ученых сформулированы определения к понятию «профессиональное самосознание» и дан анализ его структурным компонентам. Вместе с тем, рассмотрены качественные показатели различного уровня развития профессионального самосознания педагогов (афективно-оценочные, когнитивные, поведенческие, рефлексивные).*

Ключевые слова. *Профессиональные компетенции, самосознание, структурные компоненты, показатели, уровни развития, профессиональные мотивы, намерения, рефлексия, оценивание, профессиональная деятельность, готовность к профессиональной педагогической деятельности.*

Summary. *In the article the state of studied is described in Russian researches of problem of development of professional consciousness of future teachers. In labours of the Russian scientists опрделения is set forth to the concept «Professional consciousness» and an analysis is given to his structural components. At the same time, the quality indexes of different level of development of professional consciousness of teachers (highly emotional-evaluation, cognitive, behavioral, reflection) are considered.*

Keywords. *Professional competencies, self-awareness, structural components, indicators, development levels, professional motives, intentions, reflection, assessment, professional activity, readiness for professional pedagogical activity.*

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы және Болон үдерісіне қосылуы «мектеп-ЖОО» жүйесінде болашақ педагогтарды жоғары оқу орны жағдайында дайындау мәселесінің туындауына себеп болды. Соңғы жылдары Қазақстанның білім беру жүйесінің реформалары, білім берудің жоғары ақпараттануы, дәстүрлі жүйеден тұлғаға бағытталған жүйеге білім берудің ауысуы, сонымен бірге заманауи мектептердің, жүйелер мен үлгілердің педагогикалық инновациясының құнды тәжірибесі, Назарбаев зияткерлік мектептерінің инновациялық іс-әрекеті үздіксіз талдау, жалпылау, қорытындылау, жүйелеу мен жіктеуді қажет етеді. Осы жағдайда жалпыланған мәліметтерді ескеру негізінде болашақ педагогты дайындау жұмысын тиімді ету қажеттілігі бар.

Еңбек нарығы жағдайында бәсекеге қабілетті жәнехалықаралық стандарттар деңгейіндегі кәсіби іс-әрекетін жүзегеасыруғаболашақ педагогты дайындау мәселесіне қойылатын заманауи талаптар, сонымен қатар орта білім берудің жаңартылған бағдарламасын ендіру жағдайындағы ұсыныстар жоғары білім берудің жаңа сапасын айқындайды.

Осы жағдайда, «мектеп-ЖОО» жүйесінде болашақ педагогтың кәсіби сана-сезімін дамыту мәселесі өзекті болып табылады. Өйткені кәсіби маманды қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі басым көпшілігіндеакадемиялық білімді ұлғайтуға бағдарланған, керісінше осы мәселенің тұлғаның жеке әлеуетін ескеру негізінде оның кәсіби құзыреттерін және сана-сезімін дамытуға бағдарлануы жеткіліксіз. ЖОО-да оқу үдерісінің технологиялық қамтамасыздануы оқытудың дәстүрлі құралдар, формалар және әдістеріне жүгінеді.

«Мектеп-ЖОО» жүйесінде болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамыту мәселесінің ресейлік зерттеулерінің қарастырылу жағдайына тоқталайық. Жоғары білім беру кеңістігігінде субъектілердің өзараәрекеттесуінде тұлғаға бағдарланушылық, құзыреттілік, интегративтік жәнеакмеологиялық әдіснамаларға сүйену тәжірибесіаз кездеседі (М. Т. Громкова, А. И. Жук, Е. А. Климов, В. В. Кузьмин, Ю. А. Лобейко, Л. В. Мозгарёв, Т. Н. Прохорова, А. Р. Фонарёв).Ресей мемлекетіндегі жоғары білім берудің сапасы суммативті түрде келесі құрылымдық компоненттерден құрылған (по А. И. Субетто): жоғары білім беру нәтижесінің сапасынан, яғни педагогикалық жоғары оқу орындары бітірушілерін дайындаудың сапасынан; Ресейдегі жоғары білім беру сапасы саласындағы мемлекеттік саясат жүйесіндегі мақсаттардың сапасын анықтайтын, білім беру бағдарламалары сапасының нормативтік базасын айқындайтын, мемлекеттік білім беру стандарттардың сапасынан; жоғары білім берудің оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық, тәжірибелік базасы сапасынан; білім беру технологияларының сапасынан; профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми-зерттеу кадрлардың; тәрбие берудің және басқарудың сапасынан.

Осы жоғарыда қарастырылған элементтердің жиынтығы білім беру жүйелерінің іскеасуының сапалық базасын анықтайды, осылайша нәтижелік көрсеткіштің тиімді деңгейін, яғни «мектеп-ЖОО» жүйесінде болашақ педагогты дайындаудың сапасын қамтамасыз етеді. Сол себептен жоғары білім берудің заманауи жүйесі дамуы «мектеп-ЖОО» жүйесінде өзара-әрекеттесу тәжірибесінің қажеттілігімен айқындалады. Ал білім берудің мақсаты ретінде рефлексияға қабілетті, динамикалық түрде дамитын, дамыған кәсіби сана-сезімі бар, маман болуға бағдарланған жәнекәсіби әрекетті орындауғадайындығы бар болашақ педагог қарастырылады.Жалпыланған мәліметтерді ескере отырып, кәсіби педагогикалық құзыреттері қалыптасқан, сонымен қатар инструменталдық және операционалдық деңгейде педагогикалық үдерісті және өзіндік кәсіби әрекетті жобалау жолдарын игерген болашақ педагогты дайындауды тиімді ету қажеттілігі бар.

Сонымен, жоғары оқу орындарының мүмкіншіліктерін болашақ педагогтың тұлғасын жан-жақты және шығармашылықпен дамытуға пайдалану мүмкіндігі қазіргі таңда оның кәсіби сана-сезімін қалыптастыру шеңберінде іскеасады. Кәсіби санасезім феноменің мән-мағынасы оны өзектендірудің үлгісін болашақ педагог тұлғасының құрылымында қалыптастыру қажеттілігін айқындайды.

Оны оқу-кәсіби іс-әрекеті шеңберінде қалыптастыру тиімділігі білім беру субъектілерінің өзара-әрекеттесуінің семантикалық алаңы анықталады: заманауи қоғамның мәдени-шығармашылық контексін, сонымен бірге жүзегеасу тәсілін орнатады – жоғары білім беруге қойылатын өзекті талаптары мен технологиялық құралдар арқылы. Осы орайда, бір жағынан, болашақ педагогтың кәсіби сана-сезімін дамытудың қозғаушы күші ретінде мамандық туралы көзқарастар мен оның шынайы мағынасы арасындағы қайшылық, ал екінші жағынан, болашақ кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі өзі туралы пікірлер мен өзінің шынайы мүмкіншіліктері арасындағы қайшылық қарастырылады.

Сонымен, болашақ педагогты жоғары оқу орны жағдайында дайындау міндеті ретіндегі кәсіби өзін-өзі жетілдіру тұлғаның идентификациялау категорияларында шешілуі мүмкін. Онда индентификация үдерісінің нәтижесі ретінде педагогтың әлеуметтік және кәсіби бірігейлігі қарастырылады. Оның барысында кәсіби тұлға сана-сезімінің басты компоненті қалыптасады – «Мен-тұжырымдамасы». Ол тиісті жағдайларда мінез-құлықты реттеуші ролін атқаратын когнитивті жүйе ретінде қаралады.

Болашақ педагогтардың кәсіби санасезімі дамуының **өлшемдеріне** кәсіби іс-әрекет **түрткілері,** кәсіби **ниеттері,** кәсіби іс-әрекеткед**айындығы** мен **кәсіби құзыреттердің қалыптасуы** деңгейлерінің **сапалы көрсеткіштері** жатады.

Сондықтан, болашақ педагогтар тек функционалдық міндеттерін шешуге қабілетті болып қана қоймай, сонымен бірге психологиялық-педагогикалық тұрғыдан педагогикалық іс-әрекетке олардың даярлығы болуы тиіс [Ахметова А.И., 2016,271с].

«Мектеп-ЖОО» жүйесінде болашақ педагогты дайындау болашақ педагогтың кәсіби сана-сезімін дамыту бойынша психологиялық-педагогикалық білімдерді игерудің мағынасын өзгертеді, осылай

игерілген білімдер тұлғаның ішкі әлемінен туындайды және оның ажырамас құрамдас бөлігінеайналады. Бұл жоғарыда қарастырылған ережелерді ұғыну мен болашақ педагогтардың «мектеп-ЖОО» жүйесінде санасезімін дамытудың ресурстарын іздестіруге жол ашады.

Кәсіби еңбек саласында санасезімнің реттеуші ролінің арнайы зерттеулері Ресей ғалымдарының Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская, В.Д. Шадриковтың және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Бірақ «кәсіби санасезім» термині жақын арада пайда болған.

Мысалы, С.В. Васьковская «кәсіби сана-сезімді»адам психикасының ерекше феномені ретінде түсіндіреді,кәсіби талаптарды, кәсіби мүмкіншіліктерді және кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзіне деген эмоциялық қатынасты тану негізінде кәсіби саладағы өзіндік әрекеттерін өздігінен реттеуді айқындайтын феномен ретінде.

А.К. Маркова «кәсіби санасезімді адамның өзі туралы кәсіби маман ретінде көзқарастарының жиынтығы, маман ретіндегі өзі туралы тұтас бейнесі, маман ретінде өзіне деген қатынастар мен бағдарлар жүйесі» [Маркова А.К 1993, 145с, 1996, 198с].

Кәсіби санасезім тұлғаның өзін-өзі анықтауының белгілі бір деңгейін сипаттайды. Кәсіби салада өзін-өзі анықтаған тұлға – бұл кәсіби саладағы өзін-өзі жүзегеасырумен байланысты кәсіби ниеттерін орындайтын (нені қалайды), өзінің тұлғалық және физикалық сапаларын (маман ретінде өзін қалай қабылдайды), өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін, дарынын (не істей алады, өзін-өзі жетілдірудің шегаралары), іс-әрекет пен кәсіби топтың қоятын талаптарын (одан нені талап етеді) қабылдайтын және өмірлік мақсаттары мен жоспарларын ұғынатынадам.

Адамның кәсібилігі өскен сайын оның кәсіби санасезімі де өседі. Ол дамыған мамандықтың жаңа белгілерінің қосылуымен кеңее түседі. Олар адамға, яғни маманға жаңа талаптарды ұсынады; маман ретінде өзін бағалаудың өлшемдері деосы кезедеөзгеріске түседі. Кәсіби санасезімнің кеңеюі маманның санасындабейнеленетін кәсіби іс-әрекет белгілері санының өсуімен, маман бейнесінің стереотиптерін жоюмен, бүкіл кәсіби іс-әрекетінің контексінде өзін тұтас қабылдауменайқындалады.

Key Words: *history teacher, training, methodological issues, curriculum, school.*

Қазақстан Республикасының экс-президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», – дей отырып [Назарбаев Н.Ә., 2006, 84-85б], білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттілігін баса айтқаны баршаға мәлім. Мектепте, жоғары оқу орнында білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны іске асыратын басты тұлға мұғалім болса, бүгінгі таңда мұғалімдерге

қойылып отырған талаптар өте жоғары. Елімізде жаңа экономика құру үшін барлық оқу орнында кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мұғалімдер жұмыс істеуі тиіс.

Кез келген пән мұғалімдерін даярлаудың пайда болуы мен даму тарихы бар. Солардың бірі немесе бірегейі тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихы. Тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихы біріншіден КСРО кезеңіндегі болашақ пән мұғалімдерін даярлаумен және мектептік оқу пәнін оқытумен өзара байланысты. Сол себепті де, тарих пәні мұғалімдерін даярлау тарихын өткен ғасырдың басындағы білім берумен байланысты қарауға болады. Бұл бағытта біздерге педагогика тарихы бойынша ғылыми жұмыс жазған ғалымдардың (Сейталиев К.Б., Жарықбаев Қ., Қалиев С., т.б.) еңбектері басшылыққа алынады.

Қазақ жеріндегі білім беру жүйесі, тарихы кеңестік кезеңнің дамуымен өзара байланысты. Кеңестік кезең мектебін құрудағы негізгі міндеттердің бірі халық ағарту саласындағы ескі кадрларды қайта тәрбиелеп, жаңа кадрлар даярлау болды.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ жерінде мектеп пен ағарту саласында елеулі өзгерістер туындай бастады. Халықты қажытқан жаһандық және азамат соғыстарының қиян-кескі, зобалаң зардаптарына қарамастан өлкедегі мектеп саны едәуір өсе түсті. Сол кездегі ағарту саясатындағы басты мәселенің бірі жаңадан ашылып жатқан ауыл-село мектептерін мұғалім кадрларымен камтамасыз ету жайы еді. Бұл міндет үш түрлі жолмен жүзеге асты [Жарықбаев Қ., Қалиев С., 1195, 58б]. Мұның біріншісі – бұрынғы патшалық Ресей кезіндегі ескі мұғалім кадрларын мектепке тарту, екінші жол – білімге құштар, сауатты жастарды қысқа мерзімді курстардан өткізу, үшіншісі – арнайы педагогикалық оқу орындарын көптеп ашу арқылы мұғалім даярлау.

1917 жылға дейін Қазақстанда кәсіби тарихшыларды даярлайтын жоғары оқу орны болмады. 1920 жылдың қыркүйегінде Ташкентте қазақ жастары үшін даярлық бөлімі бар Түркістан мемлекеттік университеті ашылды. Сонымен қатар, ұлттық интеллегенция кадрлары Мәскеуде орналасқан Шығыс еңбекшілеріне арналған коммунистік университет пен басқа да жоғары оқу орындарында даярланды.

XX ғасырдың 20-жылдары Қазақстанда алғашқы жоғары білімді педагог-мамандарды даярлайтын оқу орындары ашылғанға дейін педагогикалық кадрлар Қазақстаннан тыс жерлерде даярланып келді. Әсіресе, қолөнері мен техникалық, ауыл шаруашылық еңбегіне баулитын пән мұғалімдері (инспекторлар). Педагог кадрларды орталықтағы жоғары оқу орындарында даярлау үдерісі одан кейінгі жылдары да жалғасты [Дуйсенбаев К.А., 1995, с.115-116].

Мұғалімдер даярлау мазмұнын анықтаудағы басты кезең ретінде педагогикалық білім беру бойынша Бүкілресейлік конференция ұйымдастырылды (1924 жылы), оның шешімдерінде аудандық халық шаруашылығы жоспарының қандай-да бір бөлігін оқытушылар мен студенттердің күшімен орындауы, күн тәртібіндегі мәнді мәселелерге кедергі келтіретін міндеттерді шешуі қажет болды [Дуйсенбаев К.А., 1995, 117б]. Осыған сәйкес сол кезеңдердегі мұғалімдердің білім беру жөніндегі пәндер кешенін төмендегідей етіп бөлуге болады: қоғамдық–саяси; мектептегі және баланы зерделейтін пәндер; арнаулы пәндер және өндірістік-өлкелік жұмыстар (экономикамен, техникамен, мәдениетпен және жергілікті аймақтың тұрмысымен танысу).

XX ғасырдың 20-30-жылдары мектепте тарихи білім берудегі негізгі оңды өзгерістер төмендегідей болды:

– мектеп оқу жоспарына социализм тарихы, еңбек тарихы, өнер тарихы пәндері ене бастады (1918 жылдан);

– қоғамтану курсы бойынша бағдарлама жасалды (1921 жылы);

– ұстаздарға арналған ғылыми-әдістемелік бағыттағы журналдар «Жаңа мектеп», «Қазақстан мектебі» шыға бастады (1925 жылы), т.с.с.

Кемшіліктер ретінде қарастырылды:

– тарих, қоғамтану оқулықтарында тарихи материалдар социологиялық түрінде берілді және оларда нақтылы фактілер, оларға әсерлі сипаттама беру болмады. Қиындық тудыратын күрделі материалдар саяси, әлеуметтік, экономикалық ұғымдар нақты тарихи материалдарға сүйенбей енгізілді;

– 1923 жылы мектептерде тарих жеке пән ретінде жойылды.

Аталған мәселелер өз кезегінде тарих мұғалімдерін даярлауда кемшіліктердің орын алуына алып келді.

Республика жоғары оқу орындарында құрылған гуманитарлық факультеттер Қазақстанда тарих мұғалімдерін даярлауға өз септігін тигізді. «1928 жылы Алматыда Қазақ Педагогикалық институты

ашылды. Ал, 1935 жылы жоғары оқу орнына Абайдың есімі берілді. Жоғары оқу орнының директоры болып белгілі ғалым, қоғам қайраткері, «Қазақстанның ежелден бергі тарихы» кітабының авторы Санжар Асфендияров тағайындалды» [Дулатова Д.И., 1984,45б].

XX ғасырдың 30 жылдарында жоғары педагогикалық оқу орындарында тұрақты оқу жоспарлары болмады және олардың болмау себептерін К.Сейталиев төмендегіше түсіндіреді: «Қазақстанда жоғары педагогикалық оқу орындарының алғашқы қалыптасу жылдарында оқу жоспары мен бағдарламаларын әрбір жоғары оқу орнының өзі жеке жасаған болатын. Тұрақты оқу жоспары мен бағдарламасы болған жоқ. Жергілікті жағдайды ескере отырып, жоғары педагогикалық оқу орындары оқу жылының өзіндік құрылымын жасады (оқу жылының басталуы, аяқталуы және ұзақтығы)» [Сейталиев К.Б., 1996, 62б]. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында оқу жоспары 3 цикл бойынша құрылды: қоғамдық-саяси, политехникалық және арнаулы. Педагог-ғалым Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының оқу жоспары циклдер мен екі бағыт бойынша жасалғандығын айта келіп, біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын төмендегідей талдау жасайды: 1. Агропедагогикалық бөлімге барлығы 3960 сағат, 2. Индустриалдық педагогикалық бөлімге барлығы 5720 сағат бөлінген.

Әрине, республика педагогикалық институттарының оқу жоспарлары өзгеріп отырды. Еліміздегі жоғары оқу орындары негізінен РСФСР халық ағарту комиссариатының ұсынған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын басшылыққа алды. Халық ағарту комиссариаты 1933 жылы 23-ақпанда педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарларын бекітті [Сейталиев К.Б., 1996, 63б].

1931/1932 оқу жылының басында педагогикалық институттар техникалық және педагогикалық пәндердің үлесі арттырылған жаңа оқу жоспарына көшірілді және оларда үш политехникалық пәндер тобы бөлінді. Бұл мәселе 1933 ж. бекітілген оқу жоспарында көрініс тапты [Учебные планы педагогических институтов, 1993, 13б].

Білім беру жүйесінде 1929 жылы республика араб алфавитінен латын графикасына көшуі және 1940 жылы латын графикасынан елді кириллицаға көшіру ісі өркениет жолындағы тағы бір үлкен соққы болды. Оқу-ағарту саласындағы осындай өрескел бұрмалаулар ұлт мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізді. Бұл қоғамның дамуына және тарихты тануға үлкен кедергі болғаны кейіннен белгілі болып отыр.

Қазақстанда 1930-1931 жылдары университеттердің барлық педагогикалық факультеттері педагогикалық институттарға айналды. Ал педагогикалық институттар педагогикалық жоғары оқу орындарының ректорлары Кеңесінің шешіміне сәйкес төмендегідей 3 топқа топтастырылды [Сейталиев К.Б., 1996, 46б]. Олар: агропедагогикалық, индустриялық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық институттар.

1932 жылы 1қазаннан бастап Орал қаласында халық ағарту институтының базасында педагогикалық институт ашылды. Алғашында оның құрамында: физика-математика, химия-биология, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих-экономика бөлімдері жұмыс жасады [Культурное строительство в Казахстане,1965,124б]. Осылайша жаратылыстану-математикалық бағытпен қатар қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бөлімдер, факультеттердің ЖОО ашылуы жүзеге асырыла бастады.

1933 жылы 23-ақпанда педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарларын халық ағарту комиссариаты бекітті. Бекітілген жаңа оқу жоспарында ұлт педагогикалық институттарында оқыту мерзімі 4 жыл болып қалды да, ал оқу жоспарына қосымша пәндер енгізілуіне байланысты жоғары курстарда оқу жүктемелері көбейтілді. Енгізілген пәндер:

1. Жергілікті ұлттардың революциялық қозғалыс тарихы;
2. Ұлт республикаларының экономикалық географиясы;
3. Ана тілінен практикалық сабақтар;
4. Ана тілі әдістемесі;

Одақ кезіндегі кең көлемде өріс алған ауыр индустрияның базасы педагогикалық кадрларды даярлау үшін пайдаланылды. Осы мақсатта 1933 жылдың 6-қаңтарынан бастап Семей халық ағарту институтын (ИНПРОС) индустриялық-педагогикалық институтына айналдыру белгіленді [Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 95 т]. Осы жылдың (1933ж.) наурыз айында Қазақ АКСР халық ағарту комисариаты жанынан ғылыми-зерттеу институты ашылды. Оның негізгі міндетінің бірі – қазақ мектептері үшін оқу-әдістемелік құралдар жасауда халық ағарту органдарына көмектесу [Әлжанов Ш., 1933, 24б]. Ғылыми-зерттеу институтының бірінші директоры болып, педагог-ғалым Ш.Әлжанов қызмет атқарды. Ұлттық педагогикалық кадрларды даярлауда педагог-ғалым үлкен үлесін қосты.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін кадрлар даярлау» туралы қаулысының негізінде 1934 жылы Қазақ Мемлекеттік университеті ашылды. «Университет алдына мынадай міндеттер қойылды: ең алдымен, халық шаруашылығы мен жоғары және арнаулы оқу орындары үшін оқытуға қажетті жоғары кәсіби ұлттық кадрларды даярлау» [Дулатова Д.И., 1984, 46 б]. Қазақ Өлкелік Комитетінің 1934 жылы 23-маусымында Семей қаласында республика бойынша үшінші Семей педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы қаулы қабылданды және институтқа оқушы қабылдау жөнінде Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарын бекітті. 1934 жылдың 1-қыркүйегінен бастап институттың құрамында 5 бөлім ашуды жоспарлаған болатын, олар: физика, қазақ тілі мен әдебиеті, биология, тарих және экономика бөлімдерінің әр қайсысы 38 адамнан, барлығы – 153 адам қабылдау белгіленді. Сонымен қатар, қосымша математика, химия, география бөлімдерін ашу көзделді [Сейталиев К.Б., 1996, 54-55б]. Осылайша еліміздегі тарих және басқада пән мұғалімдеріне деген сұраныстарды еліміздің ЖОО даярлау жүзеге асырды. Маманға деген сұранысты қанағаттандыру үшін 1934 жылдан екіжылдық мұғалімдер институттары ұйымдастырыла бастады. Атап айтқанда, 1934 жылы қыркүйек айында Петропавл, бір жылдан кейін, 1935 жылы Ақтөбе мұғалімдер институттары ашылды. Сонымен қатар, Орал педагогика, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институттары жанынан мұғалімдер институттары ұйымдастырылды. Мұғалімдер институттары негізінен 5-7-сыныптар үшін мұғалім кадрларын даярлауға тиіс болды. Мұғалімдер институтын бітіргендер мектепте 3 жыл жұмыс істегеннен кейін, педагогикалық институттың қалаған факультетінің 3 курсына емтихансыз түсуге тиісті болды. Мұғалімдер институттарында негізінен тарих, тіл және әдебиет, физика-математика, география және жаратылыстану бөлімдері ашылды.

БК(б)П Орталық комитетінің 1934 жылғы 16-мамырда шыққан «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулысы мектепте тарихты оқытудың негіздерін белгіледі. Аталған қаулы тарихты хронологиялық ретімен, оқушыға түсінікті әрі нақты формада жүйелі түрде баяндауды талап етті. Тарих курсы тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыда талдап, қорытынды жасауды қамтамасыз етуге және осының нәтижесінде оқушыларды тарихты маркстік тұрғыдан түсінуіне жетелеуге тиіс болды [Абдугулова Б.К., 2004, 70б]. Сонымен қатар, 5-10 сыныптар үшін тарихты оқыту мазмұнын ұсынды.

1937 жылғы мәліметтерді 1925 жылмен салыстырғанда мұғалім кадрларының саны мен сапасы артып, тарих пәні мұғалімдерін даярлау мазмұны мен әдістері жақсарды.

Республикамыздың ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының іс-әрекет бағыттарын өзгерту XX ғасырдың 30-40-жылдары белең алды. Сол кезеңдерде Қазақстанда қалыптасқан педагогикалық білім беру жүйесінің бірқатар кемшіліктері болды. Олардың негізгілері [Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, т. 19]:

– оқу жұмыстарының барлық түрлері сөздік-кітаби сипатта болуы;

– политехникалық принципті оқытуда жеткілікті енгізбеуі;

– оқу жұмыстарының әдістемелік жағынан баяу қаруланuы;

– педагогикалық мектептердің ғылыми-әдістемелік орталыққа айналмай отырғандығы және әдістемелік жағынан мектеп пен ағарту мекемелері жүйелеріне ықпалының болмауы;

– педагог мамандарды даярлауда жергілікті жердің ерекшеліктерінің ескерілмеуі және оқытудың ана тіліне көшірілуінің тым баяу жүргізілуі.

- педагогикалық білім беру жүйесі құрамында фабрика-зауыт жетіжылдық, балалар қозғалысының, көркемдік білім беру, дене шынықтыру, политехникалық еңбек қызметкерлерін даярлайтын арнаулы мектептер мен бөлімдердің жоқтығы, т.б.

Республикамызда халық ағарту комиссариатының коллегиясы аталған кемшіліктерді жою мақсатында педагогикалық білім беру жүйесіне түбірлі өзгерістер енгізуді жүзеге асырды [Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, т. 20].

Сондай-ақ, XX ғасырдың 30-жылдары мұғалім сөзі оқушыларға тарихи білім берудің бірден-бір көзі болып табылды. Көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында білім беру жүйесіне төмендегідей түбірлі өзгерістер енгізуге шешім қабылданды:

– оқу жұмысының әдістерінің белсенділігін арттыру бағытында педагогикалық үдерісті қайта құру;

– оқушылар жұмысының барлық түрлерін, оның ішінде қоғамға пайдалы жұмысты педагогикалық мектептің оқу-тәрбие міндеттерімен үйлестіру.

XX ғасырдың 30-40-жылдары мектептегі тарихи білімнің қалыптасуы демократияны қаталдықпен жаныштады және Сталиндік партия тарихы тұжырымдамасына орай мектептегі тарих оқулықтарында

тарихи шындық бұрмаланды. Бұл өз кезегінде болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға ықпал етті. Мектеп тарих курсы мазмұнының дұрыс анықталмауы мен бұрмалануы болашақ мамандарды даярлауға кері әсерін тигізді, себебі, болашақ мамандар «мектепте нені оқытамын?» деген сұрақты дұрыс шешуге даярлық көрмеді.

XX ғасырдың 30-40-жылдары аралығында педагогикалық мамандарды, оның ішінде тарихшы мұғалімдерді даярлауда төмендегідей кемшіліктер орын алды:

– 1933 жылы бекітілген оқу жоспарында көппәнділіктің орын алуы және арнаулы мамандандыру пәндеріне сағат санының жеткіліксіздігі мен студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына қажетті уақыттың берілмеуі;

– педагогика курсының педагогикалық үдеріс заңдылықтарын нақты бала өмірімен, мектеп өмірімен байланысты болмауы.

Сонымен қатар, оңды тәжірибелер болды, олар:

– 1934 жылдың өзінде бірнеше оқулықтар қазақ тіліне аударылды, пәндер бойынша терминологияны жасауда көптеген жұмыстар жүргізілді;

– 1935 жылы бекітілген оқу жоспарында мамандық бағыты бойынша арнаулы пәндерге бөлінген сағат сандарының артуы, көппәнділікті азайтуы және педагогикалық институттардағы жоғары курс студенттерінің өз бетінше істейтін жұмысына уақыт бюджеті арттырылды;

– психология пәніне бөлінген сағат мөлшерінің көрсетілген мерзім ішінде 40 сағаттан 80 сағатқа дейін артуы және 1938-1939 оқу жылынан бастап жалпы психология курсын студенттер ана тілінде оқи бастады.

XX ғасырдың 40-жылдарындағы тарих мұғалімдерінің әдістемелік даярлығында мұғалімнің сабақты түсіндіріп, айтып беруі алдыңғы орында болды. Оқушылардың өзбетінше білім алуына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Оқулықтарда фактілер үстемдік етті, оқулықтарға енген күрделі тарихи ұғымдардың мәні жеткілікті дәрежеде ашылмады.

Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының 1940-шы жылғы мәліметіне сүйенсек, осы жылы Қазақстанның төмендегідей жоғары оқу орындарында: 1. Алматы педагогикалық (ҚазПИ); 2. Алматы мұғалімдер (ҚазПИ іргесінде); 3. Орал педагогикалық және мұғалімдер; 4. Қызыл-Орданың педагогикалық; 5. Семейдегі педагогикалық және мұғалімдер; 6. Шымкенттегі мұғалімдер; 7. Петропавл мұғалімдер; 8. Қарағандының мұғалімдер; 9. Ақтөбенің мұғалімдер; 10. Гурьевтің мұғалімдер институттарында тарих факультеттері болған [Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, л. 70].

XX ғасырдың 30-40 жылдары Қазақстанда педагогикалық сала бойынша ашылған ЖОО-дағы тарих факультеттерінің білімдік бағыттары негізінен бір мақсатты көздеген. Ол мақсат – педагогикалық тәрбиеде коммунистік идеологияны алдыңғы орынға шығарып, орыстық шовинизмді күшейту болды деген [Берлібаев Б.Т., 2010, 213б] қорытынды шығаруға болады. Қазақстанда ЖОО мамандар даярлау тарихына үңілсек, ол педагогикалық оқу орындарының көптігімен ерекшеленеді. Тарихи білімнің негізінде кеңестік идеологиялық ұстындардың халық санасында орнығуы дәл осы оқу орындарының жұмыс бағыттарына байланысты болды да, олардың мөлшері саясат арқылы өлшеніп, оған қатысты мәселенің бәрі коммунистік идеология шеңберінен аспағаны белгілі.

Қорыта айтқанда,тарих пәні мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулердің тәуелсіздік жағдайында жаңа мақсатқа жұмылып, мемлекеттік мүддеден туындаған міндеттерді іске асыруға жұмылдырылғандығын аңғарамыз. Болашақ тарих пәні мұғалімдерін отандық құндылықтарды оқытуға даярлауда – осы кезге дейін қалыптасқан тарихи-әдіснамалық жүйенің негізіндегі мемлекеттің алдында тұрған қазақстандық патриотизм негіздерін қалыптастыруға қызмет жасауы тиіс деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауы. // Қазақ тарихы. 2006. – №1. – Б. 350-358.

2.Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

3. Дуйсенбаев К.А. Развитие содержания профессионально-педаго-гического образования учителя труда в вузе. – Алматы: Ғылым, 1995. – 350 с.

4. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 жж.). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1984. – 272 с.

5. Сейталиев К.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің дамуы: оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 154 б.

6. Учебные планы педагогических институтов. //Бюллетень народного комиссариата просвещения РСФСР. – 1933. №7. – С. 12-20.

7. Культурное строительство в Казахстане. // Сб. документов и материалов. / под ред. Абдулкадырова М.А., Бейсембаев С. М., Голубятников С.С., Хабиев Х. Х. – Т.1. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 294 с.

8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 81-қор, І-тізім, 78 – іс, 95 – табақ.

9. Әлжанов Ш. Проблема национальной культуры в Казахстане и задачи научно-исследовательского института. // Болшевик Казахстана. 1933. – №6. – 46 б.

10. Абдугулова Б.К. Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 140 б.

11. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 81-қор, 3-тізім, 113-іс, 19–20 табақ.

12. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 1692-қор, 3-тізім, 331-іс, 70-табақ.

13. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): тар. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 354 б.

ӘОЖ 378.1.147



ШАГИРБАЕВА БАҚТЫГҮЛ ҚОШҚАРБАЙҚЫЗЫ
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс (PhD) докторанты
Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

ЖОО-ДА АКСИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. *Мақалада оқу мен тәрбие үдерісінде білім алушы бойында ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастырудың мәселелері айқындалады. Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып жасалғаны жайлы баяндалады. Ұлттық құндылықтарды меңгертуді қарастыра отырып білім алушылардың бойында ұлттық сана-сезім мен отаншылдық қасиеттерді сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу мәселелері қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *оқыту әдістемесі, тәрбие, ұлттық құндылықтар, оқу бағдарламасы, жаңғыру, үрдіс.*

Резюме. *В статье определены вопросы формирования системы национальных ценностей в процессе обучения и воспитания. Стандартная учебная программа для обновленного контента основана на национальных и духовных ценностях. С учетом изучения национальных ценностей будут изучаться вопросы воспитания высокообразованных людей, обладающих чувством национального самосознания и патриотизма, ответственных за судьбу своей страны.*

Ключевые слово: *методы обучения,воспитание, национальные ценности, образовательная программа, возрождение, процесс.*

Summary*. The article defines the issues of formation of national values system in the process of education and upbringing. The standard curriculum for updated content is based on national and spiritual values. Considering the study of national value the students will consider the issues of education of a person responsible for national fate and national consciousness and patriotism.*

Keywords: *teaching methods, education national,values,educational programs,revival process.*

Кіріспе

Қазіргі таңда аксиологиялық тұрғыда толыққанды дамыған, көп мәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған, ұлттық құндылықты жоғары ұстанатын тұлғаны қалыптастыру күн тәртібінде тұрған мәселе.

Білім берудің құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнына сай пәнді оқыту үдерісі білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау қабілетін қалыптастыруды және аксиологиялық құндылықтар жүйесін таным-түйсігіне негізгі ұстаным етіп алуына бағыттайды. Себебі, адам танымы ішкі және сыртқы әлемді белгілі бір бағалауыштық өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол – құндылықтар жүйесі. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Бағалаушы құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі тілде сақталады және тіл арқылы беріледі.

Негізгі бөлім

Философиялық сөздікте: «құндылық» – бұл танымның, білгілі бір обьектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» – деген анықтама беріледі [Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік, 2004, 156-б].

Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады»-деп сипаттайды [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том,1985, 122б]. Демек, құндылық – идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие обьектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы.

Осы тұжырымдардан тұлға қалыптастыруда құндылық ұғымын білім алушыға аксиолингвистикалық тұрғыдан меңгертудің қажеттілігі туындайды. Себебі, құндылықтың келешек ұрпақты тәрбиелеуші тіл маманының бойында білім, білік дағдысын қалыптастыруға көмектесетін әлеуетті көрсетеді.

Тіл білімінде аксиологиялық құндылықтарды аксиологиялық лингвистика зерттейді. В.И.Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры–концепт, яғни тілдік аксиологияның нысаны «тіл-сана-мәдениет-адам» ретінде қарастырылады [В.И. Карасик, 2009, 27б]. Е.В. Бабаева [Е.В. Бабаева, 2004, 10б] лингвомәдениеттанымның бір саласы аксиологиялық лингвистика зерттеу обьектісін «тіл – адам – құндылықтар – мәдениет» үштігінде қарастырса, ал Ж.А.Джамбаева «акциологиялық концептілердің басты ерекшелігі – олар адамның ділдік әлемі мен мәдени әлемінің түйісінде пайда болды», – деген пікірді айтады [Ж.А.Джамбаева,2017, 57б.]. Демек, аксиологиялық концептілер ұлттық ойлау ерекшелігіне тән құбылыс. Аксиологиялық концептілер ұлттың өмір сүру ортасы, салты, дүниені тану ұстанымдарымен байланысты тілде жинақталған әлемді бағалаудың өлшемдері – құндылықтар жүйесі. Осы аксиологиялық құндылықтар – адамға құнды мен құнсыз, жақсы мен жаманды, маңызды және маңызды емес, жақын мен алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры.

Осы пікірлерге сүйене отырып ұлттық дүниетанымдағы аксиолингвистикалық құндылықтар жүйесін екі бағытта қарастырамыз: 1) ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық концептілерді ұлттың даму тарихында құндылық ретінде танылған ұғымдарды анықтау, оны концепт ретінде негіздеу үшін тілдік материалдарды тақырыптық-лексикалық тұрғыдан іріктеу, семантикалық талдау жасау, мультимедиялық жаттығулардың көмегімен санадағы моделін жобалау; 2) ұлттың өмір сүру салты мен дәстүрінде таңбалық сипатқа ие этнотаңбалар түрлерін анықтау. Этнотаңбалар ұлттық салт-дәстүрлері мен қалыптасқан ережелері мен әдет-ғұрыптармен байланысты қолданылатын материалдық заттар. Этнотаңбалардың тілдегі қолданыстарына сипаттама беріп, тілдік талдау. Олар: сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер, мифтік-культтік ұғым атаулары.

Аксиолингвистикалық пәнді оқытуда аксиологиялық құндылықтардың мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау білім алушының таным әрекетіне сай тапсырма түрлерін құрастыруды талап етеді. Ол тапсырмалар жүйесін құрастыруда төмендегі мәселені басшылыққа аламыз.

1. Аксиологиялық құндылықтар ұлттың дүниетаным мәдениетін бейнелейтін білім қоры.
2. Аксиологиялық құндылықтарда бағалауыштық компонент басымдыққа ие. Бағалауыштық компоненттің мазмұнын ұлттық мәдени код анықтайды.
3. Аксиологиялық құндылықтар ретінде ұлттың тарихында маңызға ие ұғым-түсініктер, қарым-қатынас, өмір сүру салтымен байланысты қалыптасқан ережелер жиынтығы мен этнотаңбалар.
4. Аксиологиялық құндылықтарды сипаттайтын әдістер: ассоциативті өрістерді құру, сөз тіркестерін құрастыру, синонимдер қатарын құрау, фразеологизмдер және мифтік-культтік ұғым атауларын жинақтап анықтау.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік нұсқаулығында аксиологиялық құндылықтар концептосферасының мазмұнын ашып түсіндіреді және оқу процесіне енгізуді міндеттейді. Енді осы мемлекеттік құжаттарда көрсетілген құндылықтар жүйесін аксиолингвистикалық құндылықтар жүйесінің арақатынасын қарастырсақ.

1-кесте

ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты	Аксиолингвистикалық құндылықтар
1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;	Отан, мемлекет, туған жер, шаңырақ, ар, намыс, ұят
2) құрмет	Отбасы, ұрпақ, ата-ана (әке, ана, әже, ата)

3) ынтымақтастық	Бейбітшілік, бірлік, әділдік, тұрақтылық, келісім, толерантылық
4) еңбек пен шығармашылық	Қанағатшылық, еңбекқорлық, шыдамдылық, төзім, сенім
5) ашықтық	Қонақжайлылық, еркіндік, тәуелсіздік, бостандық, дастархан
6) өмір бойы білім алу	Зерде, зеректік, даналық, шындық, жігер, батылдық, ізденімпаздық

Мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған құндылықтар жүйесі универсалды, жалпыадамзатқа тән құндылықтардан тұрады. Ал филолог-маман үшін пәнді оқыту барысында аксиологиялық құндылықтарды ұлттық танымға сай ұсынған жөн.

2-кесте

Ұлттық құндылықтар	Түркі халықтарына ортақ құндылықтар
1) Адам, инсан	Отан, Ел, мемлекет: ту, елтаңба, Жер, су, табиғат, тіл, жазу: руна жазуы, көне ұйғыр (манихей), араб, латын жазуы, ұрпақ, уақыт, сенім, құт, шындық, ар, намыс, ұят, жігер, батырлық, әділдік, зерде, бақыт, даналық, көрегендік, ынтымақ, бірлік, бостандық, еркіндік, тәуелсіздік, тұрақтылық, келісім, ұлттық ұстанымы
2) Туыстық атаулар	Халық, жұрт, тайпа, ру, отбасы, ата-ананы құрметтеу: Әке, ана, әже, ата, баба, үлкенге құрмет, нағашы, аға, іні, сіңілі, әпке
3) Этнонимдер	Тымақ, бас киім, қамшы, ертоқым, киіз үй, шаңырақ, кереге, уық, есік, табалдырық, өмілдірік, наурыз мейрамы, төрт түлік, мәсі, шаруашылығы, ырымдары, аңшылық, егіншілік, алтын, күміс әшекей бұйымдар, көк тәңірі, жер тәңірі, кіреуке (батырлар киген), саржа (садақ), мақал-мәтел, нақыл сөздер, жылқы аяқ (жыл мезгілінің ауысуы), айтыс, жоқтау, бал бал тастар, тағамдары, қымыз,торсық, саба, шөгел(құсбегілік), күрес,аламан бәйге, орда, кеңес, кедей, бай, азамат, қарашы, хан талау – салт, хан сарқыты-салт, домбыра, бесік
4) Әскери терминдер мен атақ-лауазымдар	Қаған,Тархан-Тарқұт, аға тәңіркұт, құт аға, білге, хан, әмір,ұлан-оғлан, тете, кіші, бек, басжасауыл, уәли, ордабек, күзетбасы, даяшыбасы, бас абыз,тұтқауыл, бұйрық, мыңбасы, жүзбасы, онбасы, бас жасауыл, төреші абыз, уәзірбасы, аламанбасы, аймақбасы, шабандоз, қорғаушы тұтқауыл бек, сардарбасы, тілмаш, сол бас сақа, ішкі бек, басқақ, нақбек, ер, батыр, би, ханзада, ақсүйек, қожа, шора, патша, төре, сұрқылтай-жұлдызшы, сұлтан, төлеңгіт, бегім, бектік, киле, туман, котыйчык, тубал(түркілерге ортақ сауыт түрлері), батырлары: Күлтегін батыр, Білге қаған, Елтеріс, Қапаған, Елбілге
5) Мифтік-культтік ұғым атаулары	Діні, ділі, аспан әлемі, тәңір, құдай, Көкбөрі, қасиетті, киелі, тірі болу, өмір сүру,аруақ, қыдыр, ырым, жерлеу ғұрпы
6) Тарихи-мәдени құндылықтар	Өнер-білім, Орхон-Енисей, Талас жазбалары, ұйғыр жазуының нұсқалары, Махмұд Қашқари «Дивани лұғат ат-түрік» сөздігі, Жүсіп Баласағуни «Құтты білік», Хұсрау мен Шырын, «Алып Ер Тоңға», «Шу батыр» дастаны, Мухаббатнаме, Гүлстан бит Түрки, Ақиқат сыйы, Ахмет Йүгінеки, Нахадж әл Фаради, Киссасул-Әнбиә, «Қорқыт» (VIII ғ.), «Оғыз-наманы» (IX г.), Мұхаммед Хорезми, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, «Кодекс куманикус», «Жүсіп-Зылиха», «Гүлстан», «Домбауыл», Қожанасыр, Алдар көсе, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Көроғлы, Отырар, Бағдадта «Баит әл-хакма» атты кітапхана болған, Ахмет Иассауи, Арыстан Баб, Ұлы Жібек жолы

Болашақ филолог-маманға аксиологиялық құндылықтарды меңгертуді мақсат ететін тапсырма түрлерін таным-түсінігіне, қабылдау, талдау жасау қабілетін ескерген дұрыс. Себебі, талдау, есте сақтау, қолдана білу дағдыларыэмпирикалық жүйеде қалыптасса,аксиологиялық құндылықтарды жіктеп ажырата алады. Ол үшін оқыту әдісін тиімді таңдап, қолдану. Осы ретте, педагог-ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның «Ұлттық тілді зерттеу дегеніміз – тіл иесінің қоғамдық-әлеуметтік өмірін, тіршілігінің көзін, рухани мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын танып білу; ұлттық психологияның, ұлттық дүниетанымының қыры мен сырын зерделеу, өз ұлтының табиғатын тану» деген ойын, пікірін басшылыққа ала отырып, пәнді меңгертуде зерттеушілік тәсілді қолдану тиімді.

Зерттеушілік тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, білім алушыда танымдық қызығушылық қалыптастырады. Мәселен мынадай тапсырмалар:

1. Тапсырма: Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы туыстас түркі тілдерінен алынған төмендегі сөздерді салыстыра отырып, олардың бір-бірімен жақындығын, тектестігін, сонымен қатар өзара айырмашылықтарын талдап көрсетіңіз.

Қазақша	Қарақалпақша	Қырғызша	Өзбекше	Ұйғырша	Түрікменше	Татарша
Ата	ата	ата	ота	ата	Ата	аткәй
Ана	әне	әне	она	ана	Әне	әни
Іні	ини	ини	ини	ини	Ини	әне
Келін	келин	келин	келин	келин	гелин	килен
Күйеу	күйеу	күйее	куев	күйоғул	гиев	кияу


2. Тапсырма: Төмендегі қазақ сөздерімен салыстырып берілген туыстас түркі тілдерінің сөздерін сөздікке сүйене отырып, қай тілден екенін ажыратыңыз. Жеке сөздерді салыстырып, дыбыстық ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Тау-тоо, тары – таруу, сүйек – соок, күйеу – күйоо, мал – мал (қой, ешкі), уақыт – маал, ер – эр (адам), ер – эр (атқа ер сал), ауыл – аал, аар – ара, саусақ – салаа, аас – ауыз, ас –дән, хаас – қайыс (белбеу), йаз – сас – жаз (етістік), толық – болуқ,өзгеше – узгаша, көрмеген – көрбеген, арқа – орқа, ешкі – эчки, жұлдыз – юлдуз – йолдыз.

Сондай-ақ тапсырманы орындау, қабылдау, зерттеу қабілеттерін тексеру мақсатында оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері мен интерактивті технологияны тиімді қолдану білім алушылардың арнайы-пәндік құзіреттілігін дамытады.

Мультимедиялық интерактивті платформасы тапсырмаларды түрлендіріп өткізуге көмектеседі. Бұл қосымша сервистері тапсырманың ауыр-жеңілдігіне қарай түрлі викториналық сұрақтар, ойындар, кроссворд пен тесттік тапсырмаларды іске асырады. Олар: Learningapps.org, Kahoot, Simpoll, Bubbl.us, Mentimeter.

3. Тапсырма. «Learningapps.org» мультимедиялық интерактивті платформасы.



Нәтиже:

Бұл тәсіл белгілі бір сұраққа қатысты оқушылардың ойлары мен жауаптарының жиынтық тізімін жасауға көмектесетін, құрылымдалған, ақпараттық немесе ойлау қабілетін арттыру әдісі. Өздерінің ойларын белгілеу немесе қаралып отырған сұрақ бойынша ұсыныс енгізу үшін жұмыс істейді. Сондай-ақ олар басқа топтардың идеяларын бірлесіп бағалап, сұрақтарға өздерінің жауаптарын қалыптастыру үшін осы идеяларды әлеуетті негіз ретінде пайдалана алады.

Болжам

Бұл әдіс оқытушыларға қиындықтарды ерте анықтауға, ал студенттерге оқытушыдан алдын ала көмек сұрауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Аксиолингвистика пәнін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін аксиологиялық концептілерді семантикалық жүйе ретінде көрсету керек деп қорытынды жасауға болады.

Аксиологиялық концептілер туралы толық ақпарат алу үшін оның көрінетін барлық тілдік (сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, мифтік ұғым атауларын, мәтін)жағдаятын кешенді қарау және меңгерту маңызды. Соның нәтижесінде студент бойында ұлттық мәдениет пен тілге адамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарау, айналасындағы шынайы өмірді ұлттық дүниетаным құндылықтары тұрғысынан бағалау дағдылары қалыптасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік // Құрастырған Т.Ғабитов, А.Құлсариева. -Алматы: Раритет, 2004.-320б.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том // жалпы редакциясын басқарған А.Ы.Ысқақов.-Алматы:Ғылым, 1985.-591б.

3. Карасик В.И. Языковые ключи.-М.:Генезис, 2009.-С.520

4. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира:дисс.д-ра филол.наук.-Волгоград, 2004. – С.438

5. Джамбаева Ж.А. Ключевые понятия лингвоконцептологии и средства репрезентации концептов // Ш.Уәлиханов Хабаршысы, 2017.№4.-52-57бб.

6. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 368 б.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

УДК 811.111

ABNASSIROVA AKTOTY KENZHEGULOVNA
senior teacher, master
Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

SHAKEEVA AISLU SERIBAEVNA
senior teacher
Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

AMERICAN ENGLISH VS BRITISH ENGLISH

«We are two countries separated by a common language» G.B. Shaw
«We have really everything in common with America nowadays,
except, of course, the language» (from The Canterville Ghost)
O. Wilde

Түйін. *Бұл мақала оқырмандарға американдық және британдық ағылшынша көптеген сұрақтарды анықтауға, сонымен қатар олардың ақыл-ойқа білеттерін нығайтуға көмектеседі. Мұнда автор британдық және американдық ағылшындардың арасындағы айырмашылықты нақты көрсетеді, сонымен қатар оның стилін, грамматикасын, пунктуациясын, типографиясын және лексикасынада маңызды мәдени айырмашылықтармен көптеген жолдарды анықтап ашып отыр.*

Түйінді сөздер: *білім, стиль, грамматика, пунктуация, типографика, лексика, айырмашылық.*

Резюме. *Данная статья помогает читателям на пути к открытию тонких нюансов американского английского и британского английского, а также укреплению их умственных навыков. Здесь автор четко показывает различия между британским и американским английским, который включает не только орфографию, но и стиль, грамматику, пунктуацию, типографию и лексику – не говоря уже о важных культурных различиях и многих способах.*

Ключевые слова: *позновать, стиль, грамматика, пунктуация, типографика, лексика, разница.*

Summary. *This article helps readers on their way to discovering the subtle nuances of American English and British English, as well as strengthening their mental skills. Here, the author clearly shows the differences between British and American English, which includes not only spelling, but also style, grammar, punctuation, typography, and vocabulary – not to mention important cultural differences and many ways.*

Key words: *discover, style, grammar, punctuation, typography, vocabulary, difference.*

Introduction

It's no wonder why we have chosen these humorous comments of the outstanding Irish writers as the titles. The English language that some time united both countries, now is transformed into two entirely different kinds of the same phenomenon. So how could it be possible that the original language is divided into two? The causes lie deeply in the history to which roots we should refer to make the today's situation more clear. And the aim of the article is to help readers on their journey to discovering the subtle nuances of American English and British English as well as strengthening their mental skills. For 150 years America was a British colony. At that time British and American English were almost exactly the same. When America won the War of Independence in 1776, it became a free country. In 1782, its citizens were proudly christened «Americans», and in 1802, US leaders began to talk about «the American language». The USA was quickly growing richer and more powerful.

The main part:

Millions of Europeans came to America to start a new life there. There were settlers from Italy, Germany, Spain, Ireland, France and other countries and all of them brought new words and expressions to the language. The USA became a «melting pot» of cultures. As a result, English in America began to 80 develop a character of its own and today there are certain differences in pronunciation, grammar, vocabulary, spelling, punctuation, idioms and even in formatting of dates and numbers between American and British English. One particular contribution towards formalizing these differences came from Noah Webster, who wrote the first American

dictionary (published in 1828) with the intention of showing that people in the United States spoke a different dialect from Britain, much like a regional accent. American and British English spelling differences. In the early 18th century, English spelling was not standardised. Differences became noticeable after the publishing of influential dictionaries. Today's British English spellings follow, for the most part, those of Samuel Johnson's «A Dictionary of the English Language» (1755), whereas many American English spellings follow Noah Webster's «An American Dictionary of the English Language» (1828). In many cases American English strayed in the 19th century from mainstream British spelling, but it has also kept some older spellings. In America, for example, it is rare for a word to end with -re, whereas this is common in Britain. Some examples include center/centre and meter/metre. American English also drops the «u» in British words like colour (color) and flavour (flavor) and an «l» in traveller (traveler) and reveller (reveler). Some irregular verb endings are also commonly used in British English but not in American English, for example burnt (burned in AmE), learnt (learned), smelt (smelled). The most striking differences between the spelling of American English and British English are in these suffixes: -ence for British (licence, defence) and -ense for American English (license, defense); -ize (American) and -ise (British) (organize vs. organise; realize vs. Realise); -yze (American) and – yse (British) (analyze vs. analyse; paralyze vs. paralyse). As I have already said that the man chiefly responsible for these differences was Noah Webster, whose name you will still find on the front of America's most popular dictionaries. Webster was a strong proponent of English spelling reform for reasons both philological and nationalistic. He wanted to simplify English spelling and saw the political benefits of a new country having its own language. But many spelling changes proposed in the United States by Webster himself, and in the early 20th century by the Simplified Spelling Board, never caught on. Later spelling adjustments in the United Kingdom had little effect on 81 today's American spellings and vice-versa. There are some grammatical differences between British and American variants. In British English the past participle of get is «got». In American English the past participle of get is «gotten». Speakers of American English generally use the present perfect tense far less than speakers of British English. In spoken American English it is very common to use the simple past tense as an alternative in situations where the present perfect would usually have been used in British English. The two situations where this is especially likely are: In sentences, which talk about an action in the past, that has an effect in the present: Jenny feels ill. She ate too much. (American variant) Jenny feels ill. She's eaten too much. (British variant) In sentences which contain the words already, just or yet: Are they going to the show tonight? – No. They already saw it. (American variant) Is Samantha here? – No, she's just left. (British variant) Use of prepositions. In British English, at is used with many time expressions, e.g.: at Christmas/five 'o' clock; at the weekends. In American English, on is always used when talking about the weekend, not at, e.g.: will they still be there on the weekend?; She'll be coming home on weekends. In British English, at is often used when talking about universities or other institutions, e.g.: she studied chemistry at university. In American English, in is often used, e.g.: she studied French in high school. In British English, to and from are used with the adjective different, e.g.: this place is different from/to anything I've seen before. In American English from and than are used with different, e.g.: this place is different from/than anything I've seen before. In British English to is always used after the verb «write», e.g.: I promised to write to her every day. In American English, to can be omitted after write, i.e.: I promised to write her every day. Americans check out the situation, while the British check up on it. The British look out of the window, throw something out of the window, and even fall out of the window. Americans simply look out the window. American English generally prefers the singular for collective nouns: «the government is considering», where British has «the government are...». Thus, while «the United States is topping the medals table», «England are losing another Test Match». Some American words are simply unknown on the other side of the Atlantic 82 and vice versa. But a lot of words exist in both variants and that leads to trouble. In his book «How to Scrape Skies» George Mikes gives several examples of this verbal misunderstanding: «You must be extremely careful concerning the names of certain articles. If you ask for suspenders in a man's shop, you receive a pair of braces, if you ask for a pair of pants, you receive a pair of trousers and should you ask for a pair of braces, you receive a queer look.» British visitors to America are often surprised at the different meanings that familiar words have acquired there. If an Englishman asks in an American store for a vest, he will be offered a waistcoat. If he wants to buy a handbag for his wife, he should ask for a purse, and if she wants to buy a pair of tights, she should ask for pantyhose: tights in America are what ballet dancers wear. There is another group of words that vary in the two countries for historical reasons. The American word «fall» predates the British «autumn», which only became the favoured British English word after the American civil war, when French was highly fashionable. The USA kept the older word. The same is

true with «candy» (sweets in Britain) and «faucet» (tap in Britain). Meanwhile some older English words like «fortnight», meaning two weeks, have fallen out of use in the USA, but are still in common use in Britain. The misunderstanding is worse when a word means the opposite in the two variants.

Conclusion:

One American author was distressed when his British publisher told him on the telephone that his latest book was a bomb in Britain. In America to «bomb» – it is not normally used as a noun – is to flop. In British English, words like «can't», «don't», etc. are not generally used in advertising or publicity material but Americans would consider «cannot» and «do not» as too formal. Americans tend to use «utilize» when «use» would do perfectly well, and we are all familiar with the dreadful «at this time» when we would say «now». «We cannot utilize your services at this time» is the euphemistic way the Americans have of saying «You're fired!» Another important stylistic difference is that Americans tend to use «that» when the British would be using «which». I was recently given a document to translate, which began «We appreciate your attention to this required documentation». What they were trying to say is «Thank you for taking the time to complete this form». As for punctuation, in books, Americans use double quotation marks rather than single and the full stop (known as a period) and comma are always inserted 83 inside the quotation marks, rather than outside, but are generally outside brackets if this is appropriate to the meaning. In British typography, a dash is an en-dash surrounded by two spaces, in American typography a dash is an em-dash without spaces around it. Semi-colons and colons are rarely used in American punctuation but commas are used more lavishly than in British English, and the so-called 'Oxford comma' (placing a comma before 'and' in a string of nouns) is standard. However, as with any issue, the more you think about it, the more variations you will encounter on your research way, and it would be impossible to cover them all in one article. The differences between British and American English involve not just spelling, but style, grammar, punctuation, typography and vocabulary – to say nothing of the important cultural differences and many ways in which Brits and Yanks express the degree to which they do, love, hate, esteem, disparage, or qualify something. As one can see the distinctions I have mentioned are only the tip of the language iceberg, where the most part of it is concealed under the water. The question is if they are two siblings from the same parentage among many modern-day varieties or they may be rivals that lead a constant tug of war over the English language. And it's up to you to decide what side to take!

REFERENCES:

1. Crystal D., Davy D. Explore The English Style. – Longmans, Ldn, 1979.
2. Enqvist, N. E. linguistic stylistics. Mouton, the Hague, 1982.
3. Essays on style and language, ed. author: Fowler R. LDN, 1987.
4. Literary style: Symposium, LDN, new York, 1989.
5. English for children. English for children. Moscow: Saint Petersburg: Petropavlovsk, 1992.
6. Andriushkin, A. p. Business English. Buisness English / A. p. Andryushkin. – M.: Andreev and sons, 1992.
7. Afanasieva, N.A. Palette of styles. Textbook on the style of the Russian language for foreigners / N.A. Afanasieva, T.I. Popova. – Moscow: Zlatoust, 2009.

УДК 81`27



АНАФИНОВА МАДИНА ЛАТЫПОВНА
кандидат филологических наук, доцент
Кафедры иностранной филологии
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева



КЕНЖЕБЕКОВА РАЗИЛА САГИНГАНОВНА
докторант 1 года обучения
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА КОММУНИКАЦИЙ

Түйін. *Жақында лингвистикалық зерттеулерде бейвербалды қарым-қатынас құралдар туралы мәселе үнемі көтеріліп келеді. Кез келген адам ым-ишараттарды және оның қолдану заңдылықтарын игере алады. Әртүрлі халықтар таңба элементтері ретінде түрлі бейвербалды амалдарды қолданады.*

Түйінді сөздер*: бейвербалды семиотика, бейвербалды құралдар, ым-ишарат, паралингвистика, интернет–коммуникация.*

Резюме. *В последнее время в лингвистических исследованиях постоянно поднимается вопрос невербальных средств коммуникации. Любой человек может освоить способы и правила жестикуляции и их применения. Различные народы используют невербальные средства как знаковые элементы по-разному.*

Ключевые слова*: невербальная семиотика, невербальные средства, жесты, паралингвистика, интернет-общение.*

Summary. *The problem of non-verbal means of communication is constantly increased n linguistic studies of recent times. Anyone can master ways and rules of gesticulations and their application. Various people use different non-verbal means as symbolic elements.*

Key words*: nonverbal semiotics, nonverbal means, gesture, paralinguistic, internet-communication.*

В виртуальном миреучастники коммуникации используют невербальные средства общения для того, чтобы передать свои мысли, настроения и возмущения. Коммуникация в виртуальной сети дает возможность осуществления обменатекстовыми сообщениями и изображениями. При применении невербальных средств надо быть внимательным. Несмотря на то, что участники беседы взвешивают свои слова при онлайн коммуникации. Неверная интерпретация невербальных средств коммуникации может препятствовать межкультурной коммуникации или привести к непониманию.

Появление новых современных средств коммуникации способствует развитию нового способа общения. В этой связи интересна точка зрения Т.С. Юсупова, предлагающего новый тип дискурса,

основанного на электронном способе передачи информации: обмен сообщениями в чатах, на форумах общение при помощи СМИ и т.п.

Такжеможно обмениваться различными видами информации: текстами, звуками, видео, GIF-анимацией, эмодзи, эмотиконами и т.д. Как Интернет начал развиватьсябольшинство эмодзи и GIF-анимация стали неотъемлемой частью виртуального общения.

В письменной речи виртуальных личностей используются невербальные средства коммуникации и служит своего рода индикатором принадлежности личности к определенному обществу «своих».

Материалом исследования является несколько жанров интернет-общения: 1) электронная почта; 2) форумы; 3) веб-конференции; 4) чаты (обмен текстовыми репликами; 5) блоги (дневники, читатели которых могут оставить свои комментарии); 6) социальные сети, организующие общение групп людей с одинаковыми интересами (Twitter, Facebook, Инстаграм, ВКонтакте и др.).

Невербальные средства – знаки разных семиотических систем, которые принимают участие в высказываниях. Невербальный язык включает такие формы самовыражения, которые не опираются на слова и другие речевые знаки.

Благодаря невербальному языку можно определить и передать настроение и мысли человека. Понимание особенностей языков жестов помогает усовершенствовать отношения с окружающими людьми.

Описание специфики невербальных средств коммуникации относится к числу приоритетных направлений современной лингвистики. Данную проблематику в разные периоды и в разных аспектах разрабатывали такие ученые, как Т.М. Николаева, Г.В. Колшанский, И.Н. Горелов, Г.Г. Почепцов, Р.К. Потапова, В.В. Богданов, В.Г. Костомаров, Н.И. Смирнова, Г.Е. Крейдлин; в казахстанской лингвистике М.М. Муканов, С. Татубаев, М.П. Ешимов, Б.К. Момынова, С.Б. Бейсембаева, Ж. Нурсултанкызы, Р.Ш. Бердалиева, А.Т. Оналбаева, С. Магжан, В.Д. Нарожная и другие.

Проблема концепции жестов и мимики различных культур всегда была актуальной и очень сложно понять тот или иной жест без знания соответствующих традиций и обычаев в разных культурах. Жесты являются основным средством невербального коммуникативного общения. Посредством языка тела мы мгновенно улавливаем настроение нашего собеседника.

Эффективное общение носителей различных языков и культур обусловлено рядом национальных и культурных особенностей невербального поведения собеседников.

Таким образом, применение невербальных средств коммуникации в различных прикладных вопросах и их роль в общей теории делает актуальным теоретическое исследование вопросов паралингвальной картины мира в интернет дискурсе.

Невербальные средства – это знаки различных семиотических систем, которые участвуют в организации высказывания.

Базовыми понятиями семиотики являются понятия знака, знаковой системы и семиотической реальности.

С точки зрения семиотики, информацией считаются любой акт общения, выражения чувств и мыслей.

Сегодня под словом семиотика понимается наука, исследующая свойства знаков и знаковых систем, а также изучающая естественные и искусственные языки как знаковые системы. Знаковыми системами, изучаемыми семиотикой, могут быть не только естественные и искусственные языки, но и системы предложений научных теорий, химическая символика, алгоритмические языки и языки программирования, информационные языки, системы сигнализации в человеческом обществе и животном мире (от азбуки Морзе и системы знаков уличного движения до языка птиц). При определенных условиях в качестве знаковых систем могут рассматриваться языки изобразительных искусств и музыки. Основоположниками науки семиотики можно назвать таких ученых– классиков лингвистики как У. Оккама, Т. ГоббсаЧ.С. Пирса, Ф. де Соссюра, Г. Фреге, Ч.И. Моррис, К.Л. Бюлер, Р.О. Якобсон, Э. Бенвенист, И.Д. Гельби Г. Лейбница. Корни современной семиотики можно найти в работах языковедов-философов В. фон Гумбольдта, А. А. Потебни, К. Л. Бюлера, И. А. Бодуэна де Куртенэ.

Основы семиотики заложили представители европейского структурализма Пражской лингвистической школы и Копенгагенского лингвистического кружка1920–1930-х гг. (Н.С. Трубецкой, Р.О. Якобсон, Л. Ельмслев, В. Брендаль).

Американский ученый Чарльз Пирс является основоположником новой науки о знаках, которую он назвал семиологией. По Пирсу язык как система знаков, выражающих идеи являются наиважнейшей из семиотических систем. Знак следует понимать, как своего рода эманацию его объекта. (Если речь идет

об иконе, схоласт мог бы сказать, что »вид» объекта, исходящий (emanating) от него, осуществил себя в иконическом знаке. Если это индекс, – мы можем рассматривать его в качестве фрагмента, оторванного от объекта, причем означенная пара в своем существовании есть одно целое или часть некоторого целого. Если мы имеем дело с символом, то о последнем можно сказать, что он воплощает »ratio» или основание объекта, от него исходящего. Все это не более чем фигуры речи, что не делает их вовсе бесполезными [Ч.С.Пирс 2000, с. 352].

В своем учении Пирс говорит о языковых знаках и разграничивает материальные качества означающего любого знака и его «интерпретацию», под которой понимается означаемое. Для Пирса знак – это «репрезентамен» – представлять, подсказывает репрезентативную функцию знака: «репрезентамен» суть нечто обозначающее что-либо для кого-нибудь в определенном отношении или объеме, тогда как «интерпретанта» – мысль, вызываемая знаком [Пирс, Ч. С., 2000, с.205].

Р.О. Якобсон один из первых ученых заметил, что типология Пирса можно использовать для анализа знаковой системы языка.

Якобсон, развивая теорию Пирса, уделяет большое внимание иконическим знакам на фонологическом, морфемном, лексическом и синтаксическом уровнях языка, а также индексальным знакам [Р. О. Якобсон,1972, с. 95].

Мы считаем, что языковые знаки недостаточно исследованы с точки зрения семиотики**.** В этой связи новый ракурс открывается исследованиями, сопряженными с когнитивным подходом к семиотическим феноменам, который был начат Е.С. Кубряковой, продолживший труды Пирса и Якобсона. Е.С. Кубрякова отмечает, что иконы, индексы и символы являются знаконосителями, можно понять особенности языковых знаков и их интенциональную природу. Языковые знаки используют для передачи значения, а естественные знаки такого значения не имеют. В самом слове и в его вербальной дефиниции фиксируются результаты когнитивных усилий человеческого разума.

Невербальная семиотика тесно связана с положениями теорий невербального поведения, межкультурной коммуникации, лингвокультурологии и психолингвистики. Невербальная семиотика как самостоятельная наука стала выделяться, в ее объектную сферу включают невербальную коммуникацию, невербальное поведение и взаимодействие людей [Крейдлин, Г.Е., 2000, с.28].

По мнению Г.Е. Крейдлина, современную невербальную семиотику составляют такие разделы, как паралингвистика, кинесика, окулесика (наука о языке глаз и визуальном поведении людей во время общения), проксемика (наука о пространстве коммуникации, его структуре и функциях), аускультация (наука о слуховом восприятии звуков и их семиотических функциях, а также об аудиальном поведении людей в процессе коммуникативного взаимодействия), гаптика (наука о знаковых икоммуникативных функциях пищи и напитков, приема пищи и угощений), ольфакция (наука о языке запахов и их роли в коммуникации), хронемика (наука о времени коммуникации, о его структурных, семиотических и культурных функциях), системология (наука о системах объектов, которыми люди окружают свой мир, о функциях и смыслах, которые эти объекты выражают и передают другим в процессе коммуникации) [Крейдлин, Г.Е., 2000, с.28].

Границы объектов исследований и объем паралингвистики и кинесики четко не определены.

Г.В. Колшанский в своей работе приводит определение паралингвистики (греч. Para –» около» – лингвистика) – языковедческая дисциплина, изучающая невербальные, неязыковые средства (фонационные, кинетические, графические) включенные в речевое общение и передающие вместе с вербальными средствами смысловую информацию [Колшанский Г.В., 2017].

Языковые и паралингвистические явления, реализуясь вместе в речевом поведении людей, представляют собой тесное речеповеденческое единство. Поэтому изучение языка, речи обязательно должно сопровождаться изучением «параязыка».

По мнению Г.В. Колшанского, свойства звуковой фонации, а также мимика, жесты и другие выразительные движения, сопровождающие речевое высказывание и несущие дополнительную к его содержанию информацию относятся к паралингвизмам. [Колшанский Г.В., 2017, с. 96]

Дж. Трейгер считает, что при узком подходе к понятию «паралингвизм» и как паралингвистические рассматриваются явления звукового характера, сопровождающие речь [Trager, G., 1958, с. 32-36].

Вслед за Дж. Трейгером, паралингвизмы рассматривают как коммуникативные единицы параязыка, производимые или воспроизводимые артикуляционным аппаратом, а именно: интонация, паузирование и атипичные индивидуальные особенности говорящего, которые в определенном контексте способны передавать различного рода дополнительную информацию.

Соответственно в сферу кинесики попадают все явления, за исключением тех, которые создаются речевым аппаратом человека. В широком понимании кинесика – наука о языке тела.

Кинесика – общая моторика различных частей тела, отображающая эмоциональные реакции человека. К кинесике относятся выразительные движения, проявляющиеся в жестах и мимике, в пантомимике, а также визуальном контакте.

Язык жестов – самый древний способ достижения понимания. В различные исторические эпохи и у разных народов были свои общепринятые способы жестикуляции. Например, при пандемии новой коронавирусной инфекции COVID – 2019, люди начинают менять свои привычки, отказываются от физических контактов при приветствии истали использовать иные формы приветствия вместо традиционных рукопожатий. Первое безопасное приветствие придумали в городе Ухань, где и началось распространение коронавируса. Вместо пожимания рук, люди здороваются локтями, ногамии применяют намасте, чтобы уберечь себя от заражения и распространения микробов, а в социальных сетях коммуникантынашли нестандартные способыприветствия без физического контакта –реверансы, жест Ваканды, вулканское приветствие или джазовые ладожки.Сейчас уханьское приветствие набрало популярность по всему земному шару, куда добралась эпидемия.

На фоне пандемии коронавируса люди учатся приветствовать друг друга жестом намасте, чтобы избежать физического контакта. Намасте́ – индийское и непальское приветствие, произошло от слов «намах» – поклон, «те» – тебе. Намасте как жест представляет собой соединение двух ладоней перед собой.

В словаре современного языка английского сленга Urban Dictionary появился новый термин «Covidiot», этот термин употребляется во время пандемии коронавируса, а также этим словом называют тех, кто чрезмерно паникует из-за пандемии коронавируса и игнорирует правила защиты от инфекции. Также им называют тех, кто скупает товары в магазинах и аптеках.

На сегодняшний день существуют огромное количество мануальных жестов с использованием кинесических элементов в казахском языке. Например, жест қос қолды кеудеге қою означает обе руки прикладываются к груди. «Қол құсырып иіліп сәлем беру» – данный жест комбинируется с движением всего корпуса и означает наклониться всем корпусом вперед, приложить, скрестив обе руки к груди. Этот жест можно использовать не только в свадебных обрядах, где молодая невеста приветствует родственников мужа, но и во время пандемии, чтобы не заразить другого коммуниканта.

Полноценное владение казахским языком немыслимо без знания и использования казахских кинем. Система невербального общения является, как и язык, неотъемлемой частью национальной культуры. В кинесике любого этноса находят отражение глубинные архетипические оппозиции, древние верования.

По словам Д. Кристала, языковые и кинетические акты взаимодействуют в коммуникативной ситуации с паралингвистическими факторами, передавая объединенные акустико-визуальные сигналы, которые одновременно принимаются и интерпретируются индивидуумом, знакомым с условной связью между знаками и ситуацией. Но, язык отличается от паралингвистических средств как степенью организации так и функционально. Паралингвистика не имеет грамматической функции, она относится к ситуации в целом, выполняя роль прямой поддержки или усилителя языка, который является единственной предпосылкой высказывания. [D.Crystal,1923,p. 26]

Мимика – движение мыщц лица, и это главный показатель чувств. С помощью глаз передаются самые точные сигналы о состоянии человека, потому что они занимают центральное положение в человеческом организме, а зрачки ведут себя полностью независимо – расширение и сужение зрачком не поддается сознательному контролю. Если человек возбужден или заинтересован сравнению с нормальным состоянием. [Лабунская В.А.,1986, с.136]. Ярким примером является паралингвистического использования мимики являетсяамериканская вежливая улыбка, которая указывает на отсутствие агрессивных намерений, поэтому улыбка обязательна при приветствии и в ходе общения; совершенно нормально улыбаться незнакомым людям. В Казахстане и России же улыбка считается выражением искренних чувств, поэтому чаще люди улыбаются родным и близким, чем незнакомцам.В казахской и русской культурах чрезмерная улыбка в процессе общения воспринимается как несерьезный, глупый жест. Возможной причиной разного отношения к улыбке во время коммуникативного акта являются противоположные функции: «… демонстрация при улыбке верхних и нижних зубов, как это делают американцы, считается в русской культуре неприятной, вульгарной, а такая улыбка называется оскалом или «лошадиной»[Прохоров Ю.Е., Стернин И.А., 2006, с. 83].

Существуют распространенные мимические выражения как «бетін шымшу» со значением выражение стыда. [Момынова Б., Бейсембаева С.,2003, с.136]

Просодика – общее название ритмико-интонационных сторон речи, как высота, громкость голоса, его тембр. Чувства, испытываемые говорящим, отражаются в тоне голоса. В нем они находят свое выражение от произносимых слов. Определенные аспекты интонации могут рассматриваться как часть параязыка. По звучанию голоса можно определить психическое состояние говорящего в момент речи. Звуковое оформление речи у каждого народа существует специфические особенности, который различает от других языков.

Такесика изучает прикосновения в ситуации общения. К таксическим средствам общения относятся динамические в форме рукопожатия, похлопывания, поцелуя. Еще первобытные люди при встрече протягивали друг другу руки раскрытыми ладонями вперед – показать, что в них нет оружия. Со временем появились варианты – такие, как помахивание рукой в воздухе, приложение ладони к груди [Лабунская В.А., 1986, 136 с].

В дискурс вовлеченность участников в коммуникацию может быть осуществлена за счет использования экстралингвистических(мимика и жесты) и паралингвистических средств оформления речи(интонация, пауза в речи). В интернетдискурсе экстралингвистические факторы компенсируются пунктуацией, смайликами.

Таким образом, в каждой культуре имеется свой аппарат по теории невербальной коммуникации, обусловленный национальной ментальностью и психофизиологическими особенностями коммуникантов. Жесты меняются от культуры к культуре и от местности к местности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ч.С.Пирс. Начала прагматизма и Логические основания теории знаков, Том 2, СПб.: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алетейя, 2000. —С. 352

2. Пирс 2000, Пирс, Ч. С. Логические основания теории знаков / Ч. С. Пирс; пер. с англ. В. В. Кирющенко, . В. Колопотина. – СПб.: Алетейя, 2000. – 349 с. С.205

3. Р. О. Якобсон. Шифтеры, глагольные категории и русский глагол. / Успенский Б.А. (ред.) Принципы типологического анализа языков разных стран. М., 1972. С. 95

4. Крейдлин, Г.Е. Невербальная семиотика в ее соотношении с вербальной: автореф. дис. д-ра филол. наук: 10.02.04 / Г.Е. Крейдлин. – М., 2000. –С. 28

5. Колшанский Г.В. Паралингвистика/ Г. В. Колшанский. Изд. стереотип. URSS. 2017. С. 96

6. Trager, G. Paralanguage: a First Approximation / G. Trager // Studies Linguist. – № 13. – 1958. – С. 32-36.

7. D. Crystal. A perspective for Paralanguage. «Le maitre phonetique», 1923, № 78, p. 26

8. Лабунская В.А. Невербальное поведение. –Ростов-на-Дону, 1986. –с.136.

9. Прохоров Ю.Е., Стернин И.А. Русские: коммуникативное поведение. Изд. 2 , испр. и доп., М.: Флинта: Наука, 2006. –С. 83

10. Момынова Б., Бейсембаева С., Казахско– русский толковый словарь мимики и жестов казахского языка. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, с.136

УДК27.28.20

АЙТИМОВ МҰРАТБЕК КЕНЖЕБАЙҰЛЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ҚАМЗАЕВА КҮЛШАТ САЛИККЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ
(Қуаныш Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романы негізінде)

Түйін. *Бұл мақалада Қуаныш Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романындағы табиғат – адам – қоғам қарым-қатынастарын әлеуметтік – психологиялық сарынмен жазу ерекшеліктері ғылыми байыпталды. Экологиялық зардаптарды идеялық желі еткен романдағы қазіргі заман адамдары жан әлеміндегі отаншылдық – азаматтық, пенделік -ұсақтық, қайраткерлік пен тоғышарлық т.б. қарама – қайшылықты мінез – құлық психологиясының әр алуандығы, шындығы бейнеленуі сипаты да сыншыл реалистік болмысымен дәйектелген. Реалистік сипат пен көркемдік қиял тоғысуы арқылы эпикалық шығармалардағы кейіпкер мен табиғат, қоғамдық – әлеуметтік орта байланыстары аясындағы поэтикалық мағына айқындалады. Сонымен қатар мақалада қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы арқылы шығармаларға арқау болған қайшылықтар мен қақтығыстар негізі, жеке адам мен қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның үндестігі мен үйлесімсіздігі, т.б. мәселелер поэтикалық тұтастықпен анықталып, әйел – ана махаббаты арқылы өсіп-өркендеген адамзат өркениеті дамуының ұлы жолы айқындалады.*

Түйінді сөздер: *әдеби кейіпкер, поэтикалық ерекшеліктер,аналық ұстанымы,адамгершілік, имандылық, реалистік сипат, көркемдік қиял.*

Резюме. *В данной статье рассматриваются особенности социально-психологического изображения взаимоотношений природа-человек-общество в романе Куаныша Жиенбай «Даңқ түрмесінің тұтқыны» (Узник тюрьмы славы). В романе, идейной линией которого стало изображение последствий экологических проблем, реалистично отражается психология души современного человека, такие его качества, как патриотизм, гражданственность, безгрешность, мелочность, смелость, деятельность и другие противоречия поведенческой психологии человека. В статье определяется поэтическое значение контекста взаимосвязей персонажа и природы, общественно-социальной среды через сочетание реалистического характера и художественного вымысла в эпических произведениях. Также автором рассматривается, как в современных казахских романах через целостность реалистического характера и художественного вымысла показана гармония и сосуществование отдельного человека и общественно-социальной среды. Анализируются и другие проблемы, например, роль женской, материнской любви в развитии человеческой цивилизации.*

Ключевые слова: *литературный персонаж, поэтические особенности, материнская позиция, человечность, милосердие, реалистический характер, художественный вымысел.*

Summary. *This article discusses the features of the socio-psychological image of the relationship nature-man – society in the novel Kuanysh jianbei the «Dank tresn thin» (Prisoner of prison fame).*

The novel, whose ideological line was the image of the consequences of environmental problems, realistically reflects the psychology of the soul of modern man, such qualities as patriotism, citizenship,sinlessness, pettiness, courage, activity and other contradictions of human behavioral psychology. The article defines the poetic meaning of the context of the relationship between the character and nature, social and social environment through the combination of realistic character and artistic fiction in epic works. The author also considers how the harmony and coexistence of an individual and the social environment are shown in modern Kazakh novels through the integrity of the realistic character and artistic fiction. Other problems are also analyzed, for example, the role of women's and mother's love in the development of human civilization.

Keywords*: literary character, poetic features, maternal position, humanity, charity, realistic character, artistic fiction.*

Кіріспе

Көркем әдебиет шығармаларының барлығы да сөз өнері мұраларына тән дәстүрлерді ұстанады, жетілдіре, жаңғырта жалғастырады. Халықтың тұрмыс-салтындағы, еңбек, шаруашылық, кәсіп салаларындағы қалыптасқан жұмыс ырғағын, дағдыларын, табиғи қалпымен бейнелеуге мән беріледі.

Шығармалардың мазмұны мен пішініндегі тұрмыс қозғалысындағы табиғилық сақталмаса, өнер туындылары жасандылыққа ұрынады. Халық қабылдамайды. Жүздеген қаламгерлердің ішінен суреткерлердің дараланатын себебі – туындыларының халықтық қабылдау ықыласын тез арада иеленетіндігі. Жазушының шығармасындағы реалистік қиял қосылуының шынайы жемісі адамдардың тұрмысын, жан әлемін, терең аша білуінен анықталады.

Көркем шығарманың реалистік сипаты – өмір құбылыстарын кешенді, күрделі қайшылықтарымен жинақтап танытатын поэтикалық ерекшелік. Фольклор мұраларында да, әдебиет туындыларында да реалистік сипат негізге алынады. Реалистік сипат дегеніміз – реализм көркемдік әдісі бойынша шығармалардың мазмұны мен пішіні жүйесін құрайтын желі.

Адамдардың тұрмыстағы іс-әрекеттерін өзара қарым-қатынастарын табиғи болмысымен ала отырып, өнер психологиясы заңдылығымен суреттеу, бейнелеу, эпикалық баяндау, лирикалық әуенмен тұтастыра жазу – қаламгерлердің реалистік ұстанымын айқындайды. Академик З. Ахметов реализм көркемдік әдісі ұстанымындағы шығармалардың поэтикалық сипатындағы өмірлік болмыстың тарихи шындықпен негізделуін тұжырымдайды:

«Реализм әдісі суреткерден өмір құбылыстарын, маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді. Егер романтизм әдісі көбінесе сирек кездесетін ерекше жағдайларға көңіл аударса, реализм айналадағы нақтылы өмір құбылыстарын толық көрсету қажеттігін мойындайды. Реалистік принцип жаңа дәуір әдебиеті мен көркем өнерде жаңа сипатқа ие болып, әдебиеттің халықтық демократияшылдық принциптерімен жалғастық тапты. ... реалистік әдістің негізгі өзгешелігі өмірдегі типтік жағдайларды кеңінен қамтып, қай құбылыстың болсын даралық белгілерін де, жинақталған көптеген құбылыстарға ортақ сипаттарын да нанымды суреттеп, нағыз типтік дәрежедегі көркем образдар, бейне-тұлғалар жасау дейміз» [З. Ахметов,Т. Шаңбаев, 1996,172-173 б].

Әлем әдебиеті шығармаларындағы осы реалистік әдіспен жазу үрдісі арнасында адамдардың әрқайсысының ішкі жан әлемі құбылыстары, өзара қарым-қатынастарындағы үйлесімі мен қақтығыстары, отбасылық және жалпы әлеуметтік-қоғамдық тұрмыстағы тіршілік болмысы, адам мен табиғат қозғалыстары сабақтастығы – сан алуан мәселелер реалистік сипаттағы шығармашылық үрдіс жолын қалыптастырды. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының барлық кезеңдерінде де реалистік сипат негізгі көркемдік желіні құрады.

Реалистік сипат – көркем шығармадағы тарихилыққа негіз болатын поэтикалық ерекшелік. Реализм әдісіне арқау болған халық тұрмысындағы әлеуметтік-қақтығыстардың, қайшылықтардың көркемдік шешіммен жазылуы уақыт шындығын танытады.

Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығының көрінісі классикалық әдеби даму арнасында танылады. Роман жанрындағы шығармалардың эпикалық мол тыныстық құрылымында қаламгерлер уақыт пен кеңістіктегі халық тарихы оқиғаларының шиеленісті кезеңдерін реалистік сипатпен бейнелейді.

Нәтижелер мен талқылау.XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ романдарының реалистік сипатын дәйектеген тақырып саласы – адамдар мен қоршаған табиғат ортасының хал-ахуалы. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуынан, Семей полигонындағы ядролық сынақ жарылыстарынан туындаған зардаптарды арқау еткен көркем шығармалар әдебиеттегі өзекті мәселелерді қамтуымен танылды. Заманымыздың экологиялық өзекті мәселелерін арқау еткен көркем шығармалар уақыт шындығын туындылардың мазмұны мен пішінінде қамтып, адам мен табиғат тағдырының күрделі жағдайын реалистікпен жазудың тың бағдарына жол салды.

Жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романының идеялық-композициялық желісінде XX ғасырдың соңғы онжылдығы XXI ғасырдың басындағы қазақ тұрмысының реалистік сипаты қамтылған. Он төрт тараудан тұратын романның композициясында бірнеше идеялық желілер саралана алынған: біріншісі – экологиялық апатты жағдайға ұшыраған Арал теңізінің, ондағы Барсакелмес аралындағы материалдық және рухани азып-тоза бастаған адамдардың ауыр хал-ахуалы; екіншісі – отарлық ықпалдың, экологиялық апаттың зардаптары тисе де, тектілігі жоғалмаған қазақтың ұлттық ділінің мықтылығын, қанының тазалығын, рухының биіктігін дәлелдеу.

Романдағы идеялық-композииялық басты желіні құрап тұрған табиғаттың апатты жағдайы мен адамдардың рухани әлеміндегі азып-тозу белгілері егіздеген болмысын автор экологиялық дағдарыс

ахуалы арнасында тоғыстырып бейнелегісі келгенін аңғарамыз. Шынында да, XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі XXI ғасырдың басындағы адамзат ұрпақтары мен табиғат құбылыстары болмысындағы қалыптасқан қалыптан тыс ауытқулар, өзгерістер, тосын апаттар, т.б. – бәрі де экологиялық зардаптардың көрсеткіштері.

Эколог ғалымдар академик Ә. Бейсенова, профессор Ж. Шілдебаев осы апатты жағдайдың себебі мен салдары туралы пікірлерін білдіруде:

« ... Арал апаты планеталық сипат алды. Оның зиянды әсерін, қазірдің өзінде көптеген мемлекеттер басынан кешіруде. Міне, сондықтан АҚШ, Жапония және басқалары Аралды құтқаруға байланысты шараларға қатысуға келісімін берді» [Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж., 1998, б.5-6].

Аралды тартылып бара жатқан теңіз маңайындағы көлдерді қалпына келтіру, Әмудария мен Сырдария өзендері суларының қажетті мөлшермен теңіз айдынына құйылуы, аймақтағы халық шаруашылығын дамыту, адамдардың денсаулығын сауықтыру, т.б. ондаған өзекті мәселелерде де республикалық және халықаралық талқылаулар арқауына айналып келеді. Ғылыми-зерттеулер, болжамдар, ұсыныстар, публицистикалық мақалалар, арнау жырлар, ән-өлеңдер [Зерттеулер мен мақалалар, 1989] уақыт пен кеңістіктегі адам мен табиғат тұтастығының мәңгілік болмысын, ұлттық және жалпыадамзаттық маңыздылығын дәлелдей түсті.

Романның басты кейіпкерлері – XX ғасырдың 80–90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қоғамдық-әлеуметтік құрылыс ықпалындағы адамдар.

Роман композициясындағы әр кезең оқиғаларынан құралған сюжеттік бөліктерде Баймырза тағдырынан туындаған екі желілі сала егізделе өріліп отырады: біріншісі – заңды әйелі Салтанат пен одан туған баласы Ғафизге байланысты оқиғалар; екіншісі – Барсакелмес аралына барған кезекті іс сапарында сондағы көңіл қосқан келіншек Ұмытхан мен содан туған баласы Қабыл-Қабылан тағдыры.

Қ. Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романындағы әйелдер бейнелері де шығарманың идеялық-композициялық желісіндегі оқиғалардан танылады. Ең басты кейіпкерлер ретінде Баймырзаның заңды әйелі Салтанаттың және Барсакелмес қорығында болған кезінде көңілдес болған Ұмытханның бейнелері дараланған.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі Салтанат композициялық желіде бірнеше рет көрінеді. Көйбінесе автордың эпикалық баяндауларының, портреттік бейнелеулерінің аясында көрінетін әйелдер бейнелерінен уақыт шындығы айқын аңғарылады.

Салтанат – отбасы берекесін қалыптастыратын, ерінің қас-қабағын, хал-жағдайын үнемі негізгі ойы да, жұмысы да, тәні де сұлу қазақ әйелінің көркем жинақталған тұлғасы. Салтанатты романның алғашқы бөлігінде қатерлі ісікпен ауырған диагнозымен ауруханада жатқан жағдайында көреміз. Баймырзамен отасқаннан бері отбасылық-жұптастық ұмырда сүйкімді, сұлу келбетімен де, күйеуінің қызмет бабындағы ерте кетіп кеш келетін, тіпті алысқа іс сапарлап кететін жүріс-тұрыстарында да жайлы мінезімен баурап, бәйек болып жүретін Салтанаттың кенеттен қатерлі ісік ауруымен ауырып, операция жасалғанына да, оған дейінгі кескен-келбетімен, мінез-құлық мәдениетімен ешкімге сүйкімсіз болмағанына да авторлық баяндаулар мен бейнелеулер арқылы қанығамыз:

«Сәтін салғанда аты-жөндері белгілі, қолдары жеңіл деген білікті дәрігерлерді тап келтірер ме. Қуықтағы қатерлі ісікті түп-тамырымен қас-қағымда сылды да тастады. Бір адамға қиянаты жоқ Салтанатты ылғи да періштелер жебеп жүр екен ғой сөйтсе. Ие, өйтпесе не көріпті. Өсек-аяңнан бойын аулақ ұстады, таза жүрді. Әйел боп әлдекімдердің үсті-бастарындағы алпыншақ-салпыншақтарына қызыққан да емес және соған бола Баймырзаны да мазалағаны шамасы. Одан қайта Құдай жаратқан кескен-келбетім аман болсын деп тіледі. Несін айтатыны бар, сұлу, көрікті! Көпіртіп опа-далап жақпаса да, екі бетінің ұшынан алаулап қан тамып тұрады ылғи да. Жасы елудің ішіне кірсе де дене мүшесінде мін жоқ. Ақ сазандай былқылдаған ақторғын келіншек» [Жиенбай Қ.,2002, 89 б].

Мұғалім мамандығы бар Салтанаттың соңғы он жылда үй шаруасымен ғана айналысқаны, анау-мынау жеңіл сырқаттануын («Анда-санда сұққылап шаншитындығы...») өзінше дәрі-дәрмек ішіп, онысын күйеуіне білдірмей-ақ жүрген Салтанаттың кенеттен қатерлі ісікпен ауруханаға түскені, шұғыл операция жасалғаны – бәрі де кейіпкерді даралап танытуға дәлелдемелік сипат алған. Себебі, осы ауыртпалықтардың кезінде Салтанат осы хал-ахуалының күйеуіне, баласына, жалпы маңайына ешқандай алаңдаушылық келмеуін ойлап күйзеледі.

Салтанаттың әдеби кейіпкер тұлғасына тән мынадай поэтикалық ерекшеліктерін байқаймыз: біріншісі – келісті көркем кескін-келбетімен бейнеленгені; екіншісі – отбасының береке-бірлігін

нығайтқан сабырлы, көнбісті, тиянақты мінез байлығымен дараланауы; күйеуі Баймырза туралы неше түрлі алыпқашпа өсек-аяңға да мән бермейді, күйеуін сағынады да, бірақ сағынышын сабырлылыққа жеңдіреді.

Баймырзаның жесір әйелдермен жатып, хатшысымен қыдырып жүргенін біле жүре әйелге тән шынайы кеңдікпен көрінеді. Күйеуінің жұрт көзіне түсетін ұнамды жақтарын

«... балпиған Баймырзаның сырт пішіні қандай, қалың қасты қағысын қарасаңшы! Жақұттай жанар ше!.; «Яғни, Салтанаттың күйеуі – талай көздің құртына айналған аса мейірімді әрі көрікті адам» [Жиенбай Қ., 97 б] да жұбайлық тұрмысының мақтанышы санайды.

Қызмет барысында жүдеп-жадап, шаршап-шалдығып жүргенін жан жүйесімен кезінген Салтанат күйеуін баласындай баптайды («Содан Салтанаттың сүргін жүгірісі басталады. Бір жетіге дейін Баймырза – байекеңнің асты-үстіне түсіп, жас сәбиді күткендей өбектейді»).

Салтанаттың отбасындағы әйелдік-аналық ұстанымы – «Сағыныш, сағынышыңды жау жесін. Ер адамның төбе көрсетіп, үйден кіріп-шығып жүргендігінің өзі тақияңа тар келмес» [Жиенбай Қ. 99б]. Салтанаттың өзіне деген мөлдір сезімінің алдында Баймырза қипақтаумен, қуыстанумен жүреді. «Ұрының арты-қуыс» екендігі ақиқат. Әуелгі жылдардағы қыз бен жігіт, қалыңдық пен күйеу кездеріндегідей, студенттер жатақханасы алдындағы саябақтағыдай сапардан келген сәтте бетінен, аузынан, көзінен шөпілдетіп «Өліп-өшіп сүйетін, тамақтан иіскейтін күйеу қара жердің тоңын аударып келгендей... діңкесі құрып диванда сұлық...» [Жиенбай Қ. 98б]. жатып қалатын жағдайына да үйренген Салтанаттың әйелдік ықыласын бағаламай жүрген Баймырза арқылы жазушы сол тектес қуыс кеуде пенделердің де рухани болмысын көз алдымызға елестетеді.

Өзіне шын берілген адал жарының көзіне шөп салып жүрген, үнемі қызметте жүргенін сылтау етіп, алыста да, жақында да жүргенінде бөтен әйелдермен көңіл көтерумен уақытын өткізетіндердің іс-әрекеттері Баймырза арқылы саралана байқалады.

Шығарма желісіндегі оқиғалар барысында Салтанаттың адалдығы, аңқаулығы, жары мен баласы Ғафизге деген махаббаты, соларды алаңдатпау үшін тіпті өзінің ауруына да мән бермеуі – бәрі жинақтала келе қазақ әйелінің рухани болмыс бітімі дараланады. Мінездеу мен даралау – көркем шығармадағы кейіпкерді сомдаудағы шеберлік қолданысы.

Әрине, Салтанат бейнесінің даралана сомдалуында реалистік сипат пен ойдан шығарудың тұтасуын аңғарамыз. Күйеуінің өзіне деген жалған қарым-қатынастарын жүрегі сезсе де сыр бермей, сынын да сырын, да бірқалыпты ұстанған Салтанаттай әйел-ана бейнесін жасауда қаламгердің классикалық көркемдік тәсілдерге жүгінгені анық. Осыған байланысты академик З. Қабдоловтың ғылыми-теориялық тұжырымын басты дәйек ретінде айта аламыз:

«Ойдан шығару – образға барар жол; суреткердің өмірде көрген-білгенін ойша өңдеудің, қорытудың жинақтаудың тәсілі. Ойдан шығару жоқ жерде әдебиеттегі адам туралы ұғым болуы мүмкін емес. Өйткені, ойдан шығару арқылы суреткер болашақ көркем образдың эскизін алдымен өзі ойша жасап, көз алдына ойша елестетіп, ойша көріп алады.

Суреткердің өз ойында нақты түрде мүсінделмеген, суреткердің көз алдына затты түрде елес бермеген бейне оның шығармасында тірі қаһарманға айналуы мүмкін емес. Бұл ретте, керек десеңіз, көркем талант дегеннің айрықша құпиясы мен күші суреткердің өзі жасамақ болған көркем бейненің кескін-кейпін, түр-тұлғасын өзінше көре білу қабілетіне, осыған орай қиял құпиясына, ойдан шығара білу күшіне байланысты» [Қабдолов З., 1983,89 б].

Демек, романдағы Салтанат – өмірлік шындық пен қиял тұтасуымен сомдалған бейне. Автордың көркемдік шешімі бойынша Салтанаттың ауруы қатерлі ісік болмай шығады, сауығып ауруханадан шығады. Баласы Ғафиздің жастайынан емін-еркін өсуіне, білім алуына, отбасын құруына, өмір бойы қамқорлық жасаған, тіпті балалы-шағалы болған кезінде де сол ықылас үзбеген ана махаббаты – бастан-аяқ өріліп отырады.

Салтанат арқылы әйел-ана махаббаты арқылы өсіп-өркендеген адамзат өркениеті дамуының ұлы жолы айқындалады.

Романдағы Ұмытхан ару бейнесі де өмір шындығы тағылымына негізделгендігімен ерекшеленеді. Алғашқы қосылған күйеуі балалы бола қоймағанына бола ажырасып кеткен Ұмытханның тағдыры – көптеген адамдарға тән өмір шындығы.

Ата-аналарының келісімімен Тұрсынбай теміржол техникумын, Ұмытхан медучилищені бітірген жылы, Аралдың тақтай портында комсомолдық үйлену тойын өткізіп үйленген-ді. «... екеуі бірін-бірі

сүйіп, өліп-өшпесе де, ел қатарлы өмір сүрген» [Жиенбай Қ. 133б]. Емханаға медбике боп орналасқан Ұмытхан мен теміржолдағы тепловоз машинисінің көмекшісі боп орналасқан Тұрсынбек екеуінің үш-төрт жылдық жұбайылық тұрмысының жолында «Ұмытханның құрсақ көтермегендігі қиын болды, ақылға сыймады» [Жиенбай Қ. 133б]. Бірте-бірте мінезі өзгерген Тұрсынбай ішіп келеді, жарына қол көтере бастайды, енесі де бедеу келіннен құтылуды, үйіне апарып тастауды айтады.

Автор: «Апарып тастамай-ақ Ұмытхан өзі кеткен» [Жиенбай Қ., 133б] деген сөйлем арқылы өз тағдырының жаңа жолын іздеген арудың мұратын аңғартады. Ұмытханның медбике болып барған жері – Арал теңізінің ортасындағы Барсакелмес қорығы. Қорықтың жағдайын авторлық баяндаумен елестетеміз:

«Бар-жоғы алты-жеті үй. «Бала-шағасын қосқанда жиырма-отыздай адам. Жан-жағың азынаған теңіз... Айтушылар сеймардың әңгімелеріне қарағанда қорықшылар да қызық халық. Жалғыз ауыз сөзін сатып аласың, өзге ағайындарды былай қойғанда, өз-өздерімен де тонның ішкі бауындай араласпайды-мыс, арнап шақырмаса бір-бірлерінің үйлеріне ретсіз бара бермейді-міс. Әйтеуір, ертеңді-кеш ермектері – қорықты бір айналып шығу» [Жиенбай Қ., 134б].

Ұмытхан – тағдыр тәлкегіне мойымай, өзіндік бақытын іздеу жолын ұстанған жігерлі әйел жынысы өкілдерінің көркем жинақталған тұлғасы. Теңіз ортасында Барсакелмеске барғаны да, ондағы адамдар үшін дәрігерлік қызмет жасауды жолға қойғаны, жігерлі әйел-күрескердің табиғи бітім-болмысын көрсетеді:

«Ұмытханның Барсакелмеске келуі аралдағы тіршілікті түбірімен өзгертіп жіберген-ді. Екі бөлмелі тоқал тамның екі жағынан екі есік шығарттырып алды. Бірі – жатар орын, екіншісі – емхана. Алдымен үйме-үй кіріп, қорықшылардың тұрмыс-жағдайларымен танысты. Отбасы мүшелерін тізімге алды. Дәрігер қызға жалаңаш тәнін көрсеткісі келмейтіндер талай сылтауды үйіп төкті-ай келіп. Үйлеріне түнемей, қорықшының қамыс қосында қонып қалатындарды қатаң тәртіпке шақырды. Монша жаққызды. Қорықшылардың қарақошқыл өңдеріне қан жүгіре бастады. Баяғы жаға жайлауға кететін, алқам-салқам жүріс аяғын таратты» [Жиенбай Қ., 135б]. Бұл – мамандығы бойынша адамдардың тұрмысына қолынан келгенше жақсылық жасауға ұмтылатын іскер адамдар қызметі ықпалының көрінісі.

Жеке басының отбасылық-тұрмыстық сәтсіздігінен күйреп, қирап қалмай, өзіндік еңбек құлшынысымен тіршілік әлеміне жақсылық жасауды зор бақыт санайтын адамдар да мол. Бала тумағаны үшін өзін ұрып-соға бастаған сезімсіз Тұрсынбайдан, бедеу келіннен құтылуды айтып бебеулеген безбүйрек енеден өзі кетіп құтылған Ұмытхан арудың ешкім барғысы келмейтін Барсакелмес қорығына дәрігер болып барғаны, адамдарды емделуге, тазалықпен жүріп-тұруға үйретуі, өзінің сол қызметіне мейлінше ықыласты пейілімен кірісуі – бәрі де Жаратушы Алла сыйлаған ұлы тіршілікті адамгершілік-имандылық көзқараспен бағалаудың үлгісі.

Қазақ фольклорындағы мақал-мәтелдерде де сапалы ұрпақтың дүниеге келуі халықтың мәңгілік болашағы болатынын ойлау даналық түйіндеулерін дүниеге келтірген. Мысалы: «Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер», «Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді», «Болар бала боғынан», «Балаң болса шоқ болсын, шоқ болмаса жоқ болсын», «Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік», «Талапты бала – талпынған құстай, құмары қанбас аспанға ұшпай», т.б. [Ө. Тұрманжанов, 2004, 99-102 б].

Ұмытханның поэтикалық бейнесін даралауда мынадай қасиеттері саралана байқалады: біріншісі – сәтсіздіктен мойымайтын, қарапайым қызметімен әлеуметтік ортаға өзіндік үлесін, жақсылығын жасай алатын күрескерлігі, қайсарлығы; екіншісі – кескін-келбетімен, сүйкімді жүріс-тұрысымен адам назарын аударатын сұлулығының сақталғаны.

Роман кейіпкерлері Ұмытхан мен Баймырза тағдырларының сабақтасатын жері – олардың Барсакелмес қорығындағы дастарқан үстіндегі алғашқы жүздесіп отырған сәті. Республика су шаруашылығы министрінің орынбасары Баймырзаның министрліктің, аудан басшыларының Арал теңізіндегі Барсакелмес қорығында аунап-қунап жатып екі – үш күн аң аулайды [Жиенбай Қ. 137б] деген ұйғарымымен келген сапары Ұмытхан екеуінің бір-біріне көңілдері ауғанына, оның арты Ұмытханның екі қабат болуы, Қабыл есімді перзентті болғанына ұласты. Ұмытханның Баймырза назарына ілінген сәті де өмір шындығына сәйкес қалпынша суреттелген:

«Ал мына керемет Баймырзаның үш ұйықтаса түсіне кірер ме? Жан-жағын телегей-теңіз қоршаған аралда адам айтса нанғысыз айдай сұлу шынашағын майыстырып, қарсы алдында шай құйып отыр.

Жебе кірпіктерін әнтек қағысының өзі неге тұрады! Дала желі армансыз сүйген бейкүнә бетінде бір сызық әжім жоқ. Опа-далаптан ада. Бәрі табиғи, орынды-орынсыз сызыла қалатын қазақы ибалықтың илеуіне көніп, соған біржола құлаған да емес, танымайтын өзге жұрттың алдында именбей кісіге тіктеліп қарайтын әдемі жанар үн-түнсіз өз иіріміне батырып барады» [Жиенбай Қ. 139б].

Ұмытханның өз сезімін ардақтаудағы қасиетін де шығармадағы баяндаулардан түсінеміз. Күйеуінен ажырасқалы ешкімге назарын да салмаған Ұмытхан Баймырзаның өзіне көңілі ауғанын, өзінің де соған ықыласты екенін сезінеді. «Басы бос, етегіне оралып жатқан баласы жоқ, сыбай-салтаң» Ұмытханның өзіне көзін тіккендерді де, сөзін салғындарды да қайтарып тастап, абыройын, арын асқақ ұстап келген еді.

Роман кейіпкерінің осындай берік жан дүниесінің Баймырзамен кездескеннен кейінгі психологиялық хал-ахуалын жазушы табиғи қалпымен елестетеді:

«Ал мына Баймырзаның бір пәлесі бар, арбап алатын бір сиқыры бар. Оның екі күннен соң Баракелместен мүлдем жоғалатынын, келісті кескін-келбетін енді қайтып көре алмайтындығын, жолдарының жуық маңда қайта тоғыспайтындығын білсе де, белгісіз бір тылсым құштің әсерімен Баймырзаны ойлайды. Көзі ілінісіп кетсе де соны көреді» [Жиенбай Қ. 143б].

Ұмытхан мен Баймырза көңілдері тоғысуының екі күндік қауышуы нәтижесін автор «Құрсақ көтермегендігі үшін күйеуінен ажыраған Ұмытхан бойына бала бітіп қалғанын екі айдан соң барып бір – ақ аңғарды» [Жиенбай Қ. 143б] деп түйіндейді.

Ұмытхан – өз бақытын аялау, сақтау жолында қайсарлығын, батылдығын ешқашан жоғалтпайтын әйел-аналардың жинақталған тұлғасы.

Екі күндік төсектегі қауышудан кейін өмір бойы жүздеспесе де Баймырзаның амандығын, абыройын ойлаумен жүреді.

«Сол Баймырза қонақ болып кеткеннен тура тоғыз ай, тоғыз күн өткенде ... бұл тағдырдың шеберлігіне не берерсің, Ұмытхан босанды ғой» [Жиенбай Қ. 204б]. Қабылы құндақтауға жараған кезде Баймырзадан сүйінші сұрауға Ұмытхан қалаға келеді, телефон соғып, сүйінші сұрайды. Шошып кеткен Баймырза өзінің үкімет адамы екенін, Қабылды баласы деп білгісі келмейтінін мәлімдегені, сол азар да безер қалпынан айнымай өткені – роман композициясында бастан-аяқ өрілген. Ал, Ұмытхан өз ісін мойындауға ерлігі жетпеген мүсәпір Баймырзаны сүйген көңіл отын өшірмей, оған зияны тимеуін ойлап оған ауырып жатқанда да келмейді.

Ұмытхан – өзіне кездейсоқ бақыт-перзент сыйлаған Жаратушы Аллаға дән риза әйел. Баласы Қабылдың жастайынан ең асыл, жақсы қасиеттермен қалыптасып өскеніне аналық махаббатымен жүрегі елжірей қуанады, шүкіршілік етеді. Әсіресе, қорықтың аң-құстарын атуға келгендерге қарсы тұрып, мылтықтарын тартып алып, өздеріне қарата тек қорқытып атып қуып жіберген баласының қайсарлығына, әрі оларды өлтірмеген ұстамдылығына сүйсінеді:

«Біреулерге шектен тыс қызу қандылау боп көрінгенімен тормозы мықты ғой Қабылжанның! Аңғарымпаз. Жан-жағын телегей-теңіз қоршаған аралда тел өскендігінің белгісі шығар, бәлкім, әрбір істің шешімін тез таба қояды. Тіл-көзден сақтасын, басы мәшине секілді бейнебір. Алдағы күндердің де шаруасын тез шешеді. Ашуын ақылға жеңдіре біледі. Сол түбің түскірлердің тұқымын тұздай құртар еді ғой басқа біреу болғанда! Қолында алтыатар. Неден қорықсын, қоғадай жапырар. Ал Қабылдың сол ұстамдылығын ескерді ме әлгі қорқаулардың біреуі» [Жиенбай Қ. 200б].

Бұл – тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен перзентіне арналған бүкіл Ананың мәңгілік көзқарасының үні. Перзентінің бойындағы жақсы қасиеттеріне қуаттана, шабыттана өмір сүретін ана атаулының жүректері фәниден бақидан өткендерінше тек ғана перзенті үшін соғады. Ұмытхан баласы Қабылының аң-құстарды қыруға келген браконьерлерге қарсы тұрғанына қуанады, бірақ сол келген әкім-қаралар балаларының өздеріне қарсы шығып айбат шеккен Қабылдың қылығын керісінше бағалатып, түрмеге тықтырған әділетсіздікке күйінеді. Озбыр өзімшілдердің қорлығына еріксіз бас иіп, Қабылдың соларда кешірім сұрауын да өтінеді, тіпті өзі-ақ жалынып кешірім сұрағысы келеді. Бірақ, өзінің де, шешесінің де озбырлардан кешірім сұрауына Қабыл көнбейді.

Ұмытхан тіпті сол сәтте Баймырзаның Қабылдың әкесі екендігін мақтаныш етіп, мынау қорлықтан, жазықсыз жазалаудан соның құтқаруынан да үміттенеді. Өзі шын жақсы көрген адамның табиғи бітім – болмысынан әлдеқайда зор, биік қалпын ойымен, қиялымен жасап алатын адам санасы көркемдік ойлауының құдіреті – қалыптасқан жағдай. Романда Ұмытхан мен Қабыл хал-ахуалының осындай шиеленісті сәтінде Баймырзаның Аралға іссапармен келіп, кенет сырқаттанып ауруханаға түсіп қалуы да Жаратушы Алла құдіретінің қисыны тұрғысында баяндалған.

«Міне, мынадан кейін Құдай жоқ дегенді аузың қисаймай қалай айтарсың?! Ұмытхан мен Қабылдың көз жасы қойсын ба! Әй-шайға қаратпай Баймырзаны дедектетіп құм жағадан бір-ақ шығарды. Баймырзаның басқадай шаруасы бар ма, жоқ па, ол жағы Ұмытханға бәрібір. Баймырза тек Қабыл үшін ғана келген болып есептеледі. Ал, қалай екен, Қабылдың әкесін көріп алыңдар, әне!» [Жиенбай Қ. 201б].

Бұл – Ұмытханның ішкі жан әлеміндегі ойлардың авторлық баяндау арқылы жеткізілген көрінісі. Жазушы осы арада Ұмытханның жан әлемі байлығына тән бояуларды тағы да қоюлата түседі. Ауруханадағы Баймырзаға әуелде «Екі көзі төрт болып балаң түрмеде жатыр, құтқарып ал!» деуге бел буа келіп, «Сабақты ине сәтімен. Бала әкесімен, әке баласымен табыссын»! [Жиенбай Қ. 202б] – деген ойға бекінеді.

Бөгетті су шайып кеткен арпалыс кезіндегі қолайсыздықтардан ауырып қалған Баймырзаның енді ғана ептеп жақсара бастаған хал-ахуалына өзінің кездескені өте қатты әсер ететінін Ұмытхан жан жүрегімен сезінеді. Тіпті, осында келген бетте-ақ Баймырзаның Барсакелмеске өздеріне келмегенін де ренішпен есіне алады. Ұмытханның, одан туған баласы Қабылдың бар екенін ескермеген сезімсіз Баймырзаға барудың ретсіздігін әйел-ана түсінеді. Тағдырдың ауыр сынақтарынан өтіп келе жатқан әйел-ана жан әлемінің ең ақырғы түйінінде адамгершілік асыл қасиетінен айнымайтыны, өр намыс иесі екендігі дәлелденеді:

«Ұмытхан орнынан бір отырып, бір тұрды. Е, үкімет адамы, әлі өзгермеген екен-ау! Бала керек болса ... шынымен жүрегі бар пенде болса, осында келгелі де бір жұма болды емес пе?! Туған жерге келген сапарын алдымен сол алғашқы табаны тиген Барсакелместен бастамас па! Барсакелместен бастаса қара дауылға ұрынар ма еді, ұрынбас па еді?! Ал мен Баймырзаның алдына не деп бармақпын? Ұят-ай, өлім-ай! Үкімет адамының атына, кір келтіріп жүрермін. Тіпті күздің қара суығына ұрынып әлсіреп, жатқан үкімет адамы Ұмытханның келгендігін естігенде есінен танар... Жүріп кетер байқаусызда.

Ұмытхан ауыр күрсінді. Сарғыш сөмкесін қолына алып, кері бұрылды» [Жиенбай Қ. 204-205б].

Бұл – әйел-ана тағдырының күрделі қайшылықты жағдайының көрінісі. Өзі сүйген, ұнатқан адамына деген махаббатын мәңгі биік ұстайтын, өмірдің талай ауыр сынақты белестерінде де сол «сүйіктісінің» ұсақтығын, бейшаралығын елемей, өзіндік ар биіктігінен төмендегісі келмейтін асыл ару-аналар да көп қой мынау жалған дүниеде?! Ұмытхан – хакім Абай өлеңіндегідей «Шыдайды риза болып жар ісіне қорлық пен мазағына табынса да» тұғырындағы арулардың көркем жинақталған тұлғасы.

Көркем шығармадағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы өмір шындығының эстетикалық болмысын жан-жақты түсінуге жетелейді. Қазіргі қазақ романдарының реалистік сипатына қоршаған жаратылыс ортасы мен адамдар тағдырлары сабақтастығы арқау етілген. Әсіресе, адамдардың материалдық және рухани игіліктерді игеру жолындағы іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған экологиялық апатты жағдайлардың тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі көріністері көркем әдебиет шығармаларында реализм әдісімен бейнеленді.

Көркем әдебиет шығармаларында адамдар мен олар мекендейтін географиялық мекендердің табиғи тұтастығын бейнелеуде ұлттық және жалпы– адамзаттық гуманистік – адамгершілік дүниетаным сабақтастығы да басты назарға алынады. Адамдар өмір сүретін мекендер – Жер планетасын құрайтын ғаламдық кеңістіктің бөлшектері. Планетадағы алты құрлықтың (Азия, Еуропа, Австралия, Африка, Америка, Антарктида) – барлығы да адам мен табиғат тұтастығының көрсеткіштері.

Жаратушы Алланың құдіретімен пайда болған, біртіндеп дамып қалыптасқан ғарыштық-ғаламдық кеңістік жүйесі, ондағы жанды, жансыз денелер, су, ауа – бәрі де үйлесім заңдылығымен айқындалады.

Роман – осындай тіршілік кеңістігін эпикалық мол көлеммен қамтитын шығарма. Қазіргі әлеуметтік-психологиялық романдарда жаратылыс құбылыстары ортасындағы тарихи жағдайлар, жеке адамдар, отбасылар арқылы, халық тұрмысының біртұтас әлемі, жетістіктер мен кемшіліктер, бақыттылық пен бақытсыздық, қуаныш пен қасірет, т.б. – жалпы алғанда қарама-қайшылықтар арнасындағы тіршілік ағысы тарихи шындық пен көркемдік шешім заңдылығымен жазылған.

Қорытынды

Қазіргі қазақ романы – әлем әдебиеттері тарихындағы озық классикалық үрдістер жалғастығындағы жанр. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың бас кезіндегі әдеби үдерістің көрнекі саласын құрап келе жатқан қазақ романдарындағы өмір шындығының тарихилықпен, суреткерлік көркемдік

шешіммен жазылғаны ұлттық сөз өнері дәстүрінің өркениет кеңістігіндегі классикалық деңгейін танытады. Бұл орайда, әдебиеттанушы-ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірімен біздің ойымыз сабақтас естіледі:

«Қазіргі қазақ романы тарих бетінде сақталған белгілі оқиғаның болған жағдайын, оның басты қозғаушы күштерін саралап талдай отырып, соның бәрінің логикалық және психологиялық дәлелін, жүйесін көркемдік заңдылықтарына орай анықтайды. ... Тарихи шындықтың дәлелдігін сақтай отырып, оған белгілі бір ой, мағына жарығын терең әрі шебер екшеп түсіру өмірлік құбылысты терең және жан-жақты ғана емес, сонымен бірге мүлде жаңа қырынан тануды қамтамасыз етті» [Дәдебаев Ж.,1991,,121 б].

Демек, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат дегеніміз – тарихилық негізділіктің көрсеткіші. Тарихилық негізіндегі эпикалық шығармада поэтикалық көркемдік қиял арқылы қосылған бейнелеулер адам санасындағы эстетикалық,адамгершілік дүниетанымының шынайылығын, тереңдіктерін көрсетеді. Көркемдік ойлау тереңдіктері мен кеңістіктерінің эпикалық шығармалардағы поэтикалық сипаты ұлттық және жалпыадамзаттық көзқарастардың ортақ бірлігін аңғартады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығы арқылы шығармаларға арқау болған қайшылықтар мен қақтығыстар негізі, жеке адам мен қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның үндестігі мен үйлесімсіздігі, т.б. мәселелер поэтикалық тұтастықпен анықталады.

XX ғасырда бүкіл планетаға зардабын тигізіп отырған экологиялық апаттардың қоғамды, мемлекетті, ғылымды басқарып отырған жеке адамдардан бастау алып, көзқарастар қақтығыстарының себептер мен салдарлары эпикалық шығармалар желісінде айқындалған. Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипаттың көркем шындықпен оқырмандар көңілінен орын алуында әдеби бейнелеулердің көркемдік қиялмен өрнектелуі де эпикалық туындылардың өнернамалық болмысын аша түскендігі танылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З. Ахметов,Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2.. Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж. Экология негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1998. – 77 б.
3. Арал тағдыры: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1989. – 272 б.
4. Жиенбай Қ. Даңқ түрмесінің тұтқыны: Роман, әңгімелер, хикаят. – Алматы: Өлке, 2002. – 320 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1983. – 368 б.
6. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Құрастырған Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Білім, 2004. – 272 с.
7. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.

АЙТБЕНБЕТОВА АЙГУЛ КАДЫРЖАНОВНА
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік мемлекеттік университеті

МОЛДАБАЕВА ЗУХРА МИРАМБЕКОВНА
аға оқытушы
Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«ӨТІРІК»-«ШЫНДЫҚ» КОНЦЕПТІ: ОППОЗИЦИЯСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (Абай шығармалары негізінде)

Түйін. *Поэтикалық көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде сол ұлттың сонымен қатар жекелеген тілдік тұлғалардың санасындағы дүниенің бейнесін, айнала қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Сондықтан да осы бағытта ұсынылып отырған мақалады Абай шығармаларындағы «өтірік», «шындық» концептілері танымдық тұрғыдан талданады.*

Түйінді сөздер*: тілдік таным, тіл білімі, когнитивтік лингвистика, шындық концептісі, өтірік концептісі, алдау концептісі*

Резюме. *На основе когнитивного анализа поэтических текстов можно познать языковое сознание личности. Для постижения внутренней сути и природы языка необходимо пропустить его через призму восприятия мировоззрений Абая Кунанбаева.*

Ключевые слова:*языковое познание, языкознание, когнитивная лингвистика, концепт истины, концепт лжи, концепт обмана*

Summary. *Based on a cognitive analysis of poetic texts, one can recognize the linguistic consciousness of a person. To comprehend the inner essence and nature of the language, it is necessary to pass it through the prism of perception of the worldviews of AbayKunanbaev.*

Keywords*: linguistics, linguistics, cognitive linguistics, the concept of truth, the concept of lies, the concept of deception.*

Тіл біліміндегі қарқынды дамып келе жатқан антропоцентристік бағыттың бірі – когнитивтік лингвистика.Ол тілді таным құралы ретінде тануды мақсат тұтады. Таным – когнитивтік лингвистика нысаны. Таным– концептілердіңпайда болу және өзгеру үдерісі, сондықтан да концепт когнитивтік лингвистиканың ең маңызды нысаны болып табылады. Концепттер біздің санамыздың, қоршаған орта туралы біліміміздің негізгі бөлігі бола отырып, философияның, психологияның, когнитивтік лингвистиканың, лингвомәдениеттанудың, т.с.с. гуманитарлық пәндердің зерттеу нысаны болып табылады.

Тіл білімінде концептті танымның мазмұны, мағынаның синонимі ретінде түсіндіретін негізге сүйенген үш түрлі бағыттағы көзқарас бар. Бірінші бағытты ұстанушылар концептті қарастыруда мәдениеттану аспектісіне көп көңіл бөледі. Мәдениет концептілердің бірлігі мен олардың өзара байланысы деп түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан қарағанда, концепт – адамның ментальдік әлеміндегі мәдениеттің негізгі ошағы. Мұндай түсінік тұрғысында тілдің ролі екінші кезекте, яғни көмекші құрал ретінде қалады.

Концептті түсіндіруге бағытталған екіншікезекте (Н.Д.Арутюнова және оның мектебі, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев және т.б.) тілдік белгінің семантикасын концепт мазмұнын сипаттайтын бірден бір құрал деп көрсетеді.

Д.К. Лихачев, Е.С. Кубряковалар бастаған үшінші түсінікті ұсынушылар концепттек қана сөз мағынасынан шықпайды, ол сөз мағынасы мен адамның жеке, халықтық тәжірибелерінің тоғысуының нәтижесі болып табылады деп таниды. Яғни, концепт сөз бен шындық өмір арасын байланыстырушы [1 Маслова В.А.,2004]. Алғалым Е.С. Кубрякованың берген анықтамасы бойынша: концепт–»ментальдік сөздік қордың белсенді, мазмұнды есте сақтау бірлігінің, мидың концептуальдік жүйесі мен әлем келбетінің адам психикасында бейнеленуі» [Маслова В.А., 2004, 32 б].

Когнитивтік лингвистикалық мәні зор, өз алдына жан-жақты зерттеуді қажет ететін концептілер – шындық пен өтірік. Осы зерттеуімізде шындық, өтірікконцептілерінің Абай шығармаларындағы көрінісін сөз етпекпіз.

Ғалым Р. Сыздық Абай шығармаларының тілін талдай келе: «... Абай өлеңдерінің негізгі тақырыбы адам, оның психологиялық күйі, қимыл-харекеті, ішкі, сыртқы портреті... Бұл тақырыптарды Абай бұрынғы ақын-жырауларша жалпы Констанция немесе сол адамға қарата айтылатын дидактикалық үгіт-ақыл түрінде қозғамайды, ол адамның сын-сипат, іс-әрекетін нақты суреттейді, әр іс-қимыл, мінез-құлықты жеке-жеке дәл атау түрінде жырлайды. Сондықтан адамның психологиялық күйін білдіретін сөздерді өлең тіліне молынан енгізеді. Бұл өзіне дейінгі қазақ поэзиясында көзге түспеген құбылыс» [Сыздықова Р.,1995,68б], – деп баға берген болатын.

Мінез-құлық–»адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын оның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы» [Философиялық сөздік, 1996, – 289], – десек, Абай шығармаларындағы кең сөз болған мінез-құлық концептілері – шындық пен өтірік.

Шындықконцептісі туралысөз болғанда ақиқат туралы айтпай кетуге болмайды. Бір қарағанда шындық пен ақиқат өзара байланысты болғанымен, тілдік танымда қарама-қарсы қойылады. Ғалымдар Г.В. Булыгина мен А.Д. Шмелевтер «шындық пен ақиқат бір ғана жалпы философиялықконцептінің екі жағы: шындық бұл ұғымның практикалық аспектісін көрсетсе, ақиқат теориялық аспектісін меңзейді», – деп таниды [Маслова В.А. 2004,217 б].

Қазіргі тілдік танымда ақиқатты мәңгілікпен байланыстырса, шындық жер бетіндегі тіршілікпен, әлеуметтік өмірмен байланыстырылады. Яғни, ақиқат – біреу, шындық әркімнің өз танымында.

Абай танымында ақиқаттың мағыналық эквиваленті – дін, Алла:

Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,

Хақиқатта, дін дағы тереңінде [Абай, 2002, – 187].

Алла тағала өзі – хақиқатжолы [Абай, Қара сөз,1993, – 81].

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат,оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр [Абай, Қара сөз, 1993, – 81].

Абай шығармаларындағы шындықконцептісінің сипатын төмендегідей семантика-прагматикалық топтарға бөліп көрсетуге болады:

1.**Адам шындыққа ұмтылуы, шындықпен өмір сүруі керек:**

Надандарға бой берме,

Шын сөзбенен өлсеңіз [Абай,2002, – 31].

Сөзіне қарай кісіні ал

Кісіге қарап сөзалма.

Шын сөзқайсысы біле алмай,

Әр нәрседен құрқалма [Абай, 2002, – 32].

Шыниланда, таза ойла бір иманды [Абай, 2002, – 24].

...шынды білмек құмарың бар болса, адамдық қалайықты, ықыласты құлағыңды қой [Абай. Қара-сөз, 1993,82б].

2. Шындық өзіне қарама-қарсы категория (өтірік) арқылы бағаланады:

Рас сөздің кім білер қасиетін

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек [Абай, 2002, – 11].

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса жарайды, қылса сұхбат [Абай, 2002, – 23].

Өңкей жалғанмақтанмен,

Шынның бетін бояйды.

Бұл сөзімде жалғанжоқ

Айтылмай сөзім қалған жоқ

Абайлаңыз, байқаңыз –

Елдің жайы солай-ды [Абай, 2002, -42].

Онда оны алдайды, мұндамұны

Жанын берсе табылмас сөздің шыны[Абай, 2002, – 139].

...ақты қара деп, қараны ақдеп, я өтірікті шындеп ант ететұғын кісіні не дейміз? [Абай, Қара сөз, 1993,– 32].

Өтірік – көп аспектілі ұғым. Оның тұрмыстық, философиялық, логикалық, психологиялық, этикалық, құқықтық және лингвистикалық қырлары бар. Тұрмыстық тұрғыдан қарағанда, өтірік – алдау, қосып айту, мақтаншақтық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтамаға сүйенсек «өтірік -шындыққа жұғыспайтын, жалған, рас емес»[6. 598].

Ал қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде өтірікті–»шын мәніндегі жағдайды әдейі бұрмалауға саятын қарым-қатынас феномені»[Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: 2002,170б] – деп көрсетеді. Бұдан түйетініміз, өтірік шындыққа қарама-қарсы категория.

Абай шығармаларындағы өтірік тконцептісін төмендегідей топтастыруға болады:

Адам бойындағы кеселді мінез-құлық сипаты:

Мансап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап
Бұларды керек қылмыс ешкім қалап,
Терең ой, терең ғылым іздемейді
Өтірік пен өсекті жүндей сабап [Абай,2002,49б].
Адам дегендаңқым бар,
Адамқылмасхалқым бар.
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылда [Абай,2002, 97б].

Бір жолаушы алыс жерге барған еліне өз елін мақтаймын деп өтіріктісыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай?[Абай, Қара сөз,1993,107б]

Жаман құлықтан аулақ болуға шақырады:

Өсек, өтірік,мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның, білсеңіз [Абай,2002,31б].

Үлкендік – адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық, өзін осындайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі.

3. Қоғамдағы үлкен кесел тұрғысында сипат тапқан:

Ел қағынды,
Малсабылды,
Ұрлық, өтірікгу де гу [Абай,2002,129б].
Өтірік, ұрлық
Үкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Өтірік шағым толды ғой
Өкінер уақытың болды ғой [Абай,2002,70б].

Ендігі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әр түрлі қылмыстық іс көрсетіп арыз береді. Оған дознание тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін [Абай, Қара сөз,1993, 12б].

...назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді [Абай, Қара сөз,1993, 13б].

4. Ұлтты аздырар жағымсыз мінез-құлық:

Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазан ортасында да ұрлық, өтірік,өсек қастық қылып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп,өрістерлік күн болар ма екен? [Абай, Қарасөз,1993, – 109].

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақта қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақсада, соны әбден естіп ұқпай кетпей тұғыны қалай? [Абай.Қарасөз, 1993, 109 б].

Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы десек, өтіріктің синонимі болып табылатын алдау сөзі Абай шығармаларында актив қолданылады.

Абай шығармалары тілінде синонимдердің қолданылу шеберлігі жайында ғалым Р. Сыздық былай дейді: «Абай синонимдерді таңдауда нағыз ұтқырлықтанытқан Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады» [Сыздықова Р.,1995, 80б].

Алдау – «әдейі немесе ойнап әзіл үшін айтылған өтірік, жалған сөз» [Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: 2002,17]. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіндегі деректерге сүйенсек: «алдау сөзінің түбір форматы ал – өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын өлі түбір. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, ал сөзі о баста «алдау» деген мағынада қолданылған. Ал кейбір көне түркі жазуларында және осы күнгі кейбір түркі тілдерінде **ал** сөзі жеке, дербес қолданылып, «алдау, қулық, өтірікайту»дегенмағыналарда жұмсалады»[Қазақтілітерминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: 2002, 32б]. Ол сөз арқылыда, іс арқылыда көрініс табады. **Өз** қоғамындағы мақсатқа жетудің маңызды құралы болып табылған алдау Абай өлеңдерінде де, қара сөздерінде де кеңкөрініс тапқан:

Көңілім қайтты достанда, дұшпаннанда,
Алдамаған кім қалды тірі жанда? [Абай,2002, 18б].
Баяғы қулық, бір алдау
Қысылған жерде жан жалдау[Абай,2002, 73б].
Ары кеткен алдағыш
Мені-ақ алда, сөкпейін [Абай,2002, 224 6].
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда? [Абай,2002, 224 6].
Шотқара кірсе алдап,шықса күлген,
Елірмелі Досаққа кісімсінген[Абай, 2002, 224 6].
Көзді көрсең – бересің, тайсаң – танып,
Алдамшы көрінгеннің несіп айда [Абай,2002, 224 6].
Малға достың мұңы жоқ малданбасқа,
Аларында шара жоқ алдамасқа [Абай,2002,172 6].

...қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай? [Абай, 2002, 72 б].

Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау,дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра **алмағандық [**Абай, Қара сөз,1993, **103б].**

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу, алдайбілу – мақтан[Абай, Қара сөз,1993, 113б].

Өтірікті болмаған нәрсенің ойдан шығарылған көрінісі немесе болған нәрсені саналы түрде жоққа шығару (жасыру) деп қабылдасақ, шындық пен өтіріктің арақатынасы философиялық терістеуді терістеу заңдылығына құрылғандығын көре аламыз. Ал «әр түрлі мәселелер, заттар, процестер және т.б. бірін бірі қабылдамау, теріске шығару арқылы байланысты болған кезде ғана олар бір-біріне қарама-қарсылыққұратындығын» ескерсек, Абай шығармаларында да шындық, өтірік тұжырымдары өзара қарама– қарсылық түзіп тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. -Мн., 2004 – 256 с.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – А., 1995. – 208 б.
3. Философиялық сөздік. – А., 1996. – 525 б.
4. Абай.Қ алың елім казағым... – А., 2002. – 224 6.
5. Абай. Қарасөз. Поэмалар. – А., 1993. – 272 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ. -П. – А., 1983.
7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – А., 2002. – 256 б.
8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – А., 1966. – 240 б.

ӘОЖ 81’367333

ЕСЖАНОВА ГУЛЬЧАТ ҚУАНЫШҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессоры
«Тілдер» кафедрасы
М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы

ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Резюме. *Мақалада тікелей толықтыруды зерттеу, оны ресімделген және ресімделмеген түрде қолдану қарастырылады.Тікелей толықтыруды қолданудың тән белгілері мен ережелері: қызметтік сөздердің түрлері мен рөлі; тікелей толықтырудың түрлері; зерттелетін құбылыстың ұқсас категориялардан айырмашылығы және айыптаушы іс аяқталуының нұсқалары.*

Сондай-ақ мақалада предикат, өтпелі етістікпен және предикатпен, өтпелі емес етістікпен тікелей толықтыру нысаны қарастырылады. Бұл мақалада міндетті түрде айыптаушы іс аффиксін талап ететін тікелей толықтыруды қолдану мысалдары берілген.

Мақала соңында зерттеу қорытындысы шығарылды,негізгі қорытындылар мен ережелер тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: *тікелей қосымша, жанама қосымша, айыптаушы іс, аффикс, етістік.*

Резюме. *В статье рассматриваетсяисследование прямого дополнения, употребление его в оформленном и неоформленном виде.Характерные признаки и правила использования прямого дополнения: формы и роль служебных слов; виды прямого дополнения; отличие исследуемого явления от аналогичных категории и варианты окончаний винительного падежа.*

А также в статье рассматривается форма прямого дополнения как при сказуемом, выраженным переходным глаголом, так и сказуемым, выраженным непереходным глаголом. В данной статье даются примеры использования прямого дополнения , которые обязательно требуют аффикса винительного падежа.

В заключении статьи подведены итоги исследования, сформулированы основные выводы и положения.

Ключевые слова: *прямое дополнение, косвенное дополнение, винительный падеж,аффикс, глагол.*

Summary. *The article touches upon the issue of the study of a direct supplement, its use in a formal and unformed form. Much attention is given to the characteristic features, rules of using direct complement: forms and role of service words; types of direct complement; difference of the studied phenomenon from similar categories and variants of accusative case endings.*

The article also considers the form of direct complement for both a predicate expressed by a transitive verb and a predicate expressed by an intransitive verb. This article provides examples of using a direct complement that necessarily require an accusative affix.

In conclusion, the article summarized the study, formulated the main conclusions and provisions.

Key words: *direct supplement, accusative case, affix, verb, indirect complement.*

Жалпы сөйлем мүшелері туралы алғашқы мағлұлаттарды XX ғ.басындағы еңбектерден аламыз. Әрине,ол еңбектерде көбіне тұрлаулы мүшелер,ал тұрлаусыз мүшелер ішінен тек анықтауыш аздап айтылып келді. Ал, пысықтауыш, толықтауыш деген терминдер қолданылмағанымен, кейбір пысықтауыштың түрлері айтылып жүреді.

Толыктауыштың сөйлем мүшесі екендігі, атаулы, жасаулы,т үрлері сөз болмағанымен, ура толықтауыштың көрінісі ретінде табыс септігін сөз етпегені кемде кем. Әрине онда табыс септігі қай жағынан көрінеді? деген сауал да туу мүмкін. Ол еңбектерде табыс септігі сөйлем мүшесі тұрғысынан айтылады, бірақ оны толықтауыш,оның бір түрі тура толықтауыш еді деген тұрғыда емес, тек табыс септікті сөздің жалғауының ашық не жасырын түрінің қыры мен сырына үңілуден туған ойлар еді. Сондықтан да ол еңбектерде тек табыс септікті сөздердің жалғаулы, жалғаусыз түрінің белгілі мәселесіне қатысы жайлы айтылды.

А.Казем-Бек табыс септігінің екі жақты қолданылуын да айта келіп, табыс жалғаулы сөз өзі қатысты етістіктен алшақ тұрған сайын белгісіз болады деп көрсетті .[Казем – Бек М.А.,1846, с.176]. Осы сияқты пікірді Алтай тілі грамматикасында «Винительный падеж употребляется с приставкой, когда им обозначается предмет определенный, а без приставки, когда предмет неопределенный» [Грамматика алтайского языка.,1869, с.42] деп берді.

П.М. Мелиоранский: «Употребление оформленного и неоформленного винительного падежа весьма часто зависст от личного взгяда говорящего или пишущего» [Мелиоранский П.М.,1897, с.15] деп басқаша қарауды ұсынады.

Міне, бұл пікірлерге қарағанда қалайда тура толықтауыш болатын табыс септігі әйтеуір басқа қырынан болса да сөз болып отырады. Әсіресе, соңғы ғалымның еңбегінде анықтауыш жеке беріліп, оның кейбір мәселелері айтылғанымен, толықтауыш деген термин тек сөз арасында ғана сөз болып қалады.

Бұл жерде жоғарыдағы үш ғалымның пікірлеріне шолу жасағанымыз олар А. Байтұрсыновтан бұрын айтылғандықтан болатын.

Жалпы түркологиялық әдебиеттерде табыс септігінің жасырын түрін атауының өзі әртүрлі. «Грамматика алтайского языка» кітабының авторлары бір ғана табыс септігінің жасырын түріне байланысты «винительный падеж без приставки», «винительный без аффикса», немесе «винительный падеж неоформленный» деп үш түрлі атаса [Грамматика алтайского языка.,1869, с.144]. В.М. Насилов оны «безаффиксальный винительный падеж» [Насилов В.М.,1940, с.48] деп отырып, тура толықтауышты толықтауыштан бөліп алып, тұрлаулы мүшелер ретінде қарауды ұсынғаны белгілі. А.П. Поцелуевский «прямое дополнение в форме абсалютного падежа» [Поцелуевский А.П., 1943,с.44]»основным (неопределенным)», Е.И.Убрятова «неоформленный падеж» деп береді [Убрятова Е.И., 1948, с.61-64]

А.Байтұрсынов еңбегінде қазақ тілі ғылымында алғашқы рет толықтауыш, оның жасаулы, сұрауы түрлері қысқаша айтылмағанмен түсінікті етіп мысылдармен дәлелдеп келтірілмеген. Автор жанама деген сөзді қолданбағанымен бірақ оны жасайтын септік жалғаулары, сұраулары, жасалу жолдары көрсетілген. Осы еңбекте тура толықтауышты былай көрсетеді: «Жалғаусыз және жалғаулықсыз толықтауыш тіра толықтауыш деп аталады» [Байтұрсынов А., 1992,б.280] деп екі нәрсенің бетін ашады.

Біріншіден, жанама толықтауыш туралы айтылмаса да, тура толықтауыш терминін дұрыс көрсеткен. Автор ондай тепминді қазақ тіл білімінде алғаш көрсете білді деп бағалау орынды, өйткені толықтауыштың бір түрі ретінде бұл термин мәнін күні бүгінге дейін жоғалтқан жоқ.

Екіншіден, автор тура толықтауыш жалғаулы, жалғаусық қолдануын да нақты көрсеткен. Мысалы: Әкесі баласына кітап сатып алды-сөйлемін автор былай талдауды ұсынады:

Әкесі не қылды?-сатып алды.

Кім сатып алды? – әкесі.

Не сатып алды? – кітап.

Міне осындағы кітап толықтауышы әрі тура толықтауыш, әрі жалғаусыз деп беруін мәселені дұрыс түсіндіруі деп білеміз.

С. Аманжолов 1940 жалғы «Ғылыми синтаксисінде» толықтаушқа арнайы орын береді, бірақ бұл еңбегінде автор оның түрлеріне тоқталмайды тек жалпы айтып өтеді. Осы еңбекте автор толықтауыш зат есім, сын есім, сан есім, есімдік есімшелерден жасалатынын айта келіп олардың сұрауларына мектеп грамматикасынан бөлек қайда? қайдан? сұрауларын қосады [Аманжолов С., 1940, б.80].

С.Аманжоловтың бұл пікірінелеріне қарағанда, арнайы түрде тура толықтауыш деп атамағанымен, тура толықтауыштың сұраулары ретінде кімді? нені? кімін? несін? беруі орынды. Осы сұраулар негізінде зат есім, сан есім, есімдік, есімшелерден тура толықтауыш жасалады деп түсінуге болады.

Автор толықтауышқа қатысты туралы; жөнінде жайында, тақырыпта сөздерін 1940 жылғы синтаксисінде пысықтауыш деп сөздерге қатысты сөздерді толықтауышқа жатқызған. Бірақ оның қай толықтауыш екенін ажыратпаған.

Табыс септігі, оның әсіресе жалғаусыз қолданылуы, ондай кездегі оның стилистикалық қолданылуы туралы Ж.К. Балтабаеваның диссертациясында негізінде табыс жалғауының тек жалғаусыз қолданылуы ғана сөз болған. Онда автор А.Н. Кононов, А.М. Щербаков пікірлері негізіндегі ескі түркі жазуларында табыс септігінің ашық түріне қарағанда жасырын түрінің көп қолданыс тапқанын, сол сияқты атау септік пен табыс септігі жалғауының жасырын түрінің өзіндік ерекшеліктерін, керісінше қазіргі әдеби тілде табыс септігінің ашық түрін оның жасырын түріне қарағанда өте мол екенін статистикалық тәжірибе ретінде көрсете білген.[Балтабаева Ж.К., 1983, б.116]

Ж.К. Балтабаева табыс септігінің ашық түрде келуі туралы «Анализ слов, которые обязательно требуют аффикса винительного падежа, показал , что обязательность аффиксальной формы винительного падежа появляется там, где нарушается первоначальная структура объективного словосочетания, например, при инверсии әкел – кітапты» – деуі көңілге қонымды [Балтабаева Ж.К., 1984, с.6].

Тюрколог Н.К. Дмитриев тура толықтауыш туралы біраз мәселені көтергенімен, назар аударатын бір мәселе: «Вообще нужно сказать, что старая книжная (т.е. скорее татарская, чем башкирская) схема – прямое дополнение + косвенное – в современном разговорном и литературном языке постоянно заменяется обратной, некоторую роль здесь, может быть, играет влияние русского языка, которое под-

держывает в башкирской прозе безраличное отношение к обеим схемам» [Дмитриев Н.К.,1948, с.63] деп кейде табыс септікті сөз бен жанама септікті сөздердің де өзара тіркесі бізде бар екенін құптау керек. А.Н. Кононов басқа түркологтарға қарағанда толықтауышты үшке бөледі: тура, жанама, және относительное (послесложное). Автор толықтауыштың соңғы түріне неізгі сөздердің шылаулар арқылы келуін жатқызады. Автор толықтауыш сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің бірі дейді, енді оның жоғарыда көрсетілген түрлерін сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері деп өте кең алуы ойланарлық. Автор тура толықтауыштың жалғаусыз түрлері қабыса, жалғаулы түрлері меңгеріле байланысатынын даралап көрсетуі де орынды [Кононов А.Н.,1960, с.94].

Тюрколог Е.И. Убрятов тура толықтауыштың меңгеретін етістіктерінің басқа түркі тіпті орыс тілдеріне қарағанда өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Егер басқа тілдерде сабақты, салт етістіктерге байланысты тура және жанама толықтауыштар деп бөлінсе, ал якут тілінде «Прямое дополнение одинаково возможно как при сказуемом, выраженным переходным глаголом, так и сказуемым, выраженным непереходным глаголом» жеген пікірінен якут тілінде салт, сабақты етістіктердің жігі онша біліне бермейтіні сол тілге тән сияқты. Сол сияқты Е.И. Убрятова табыс септігі үнемі толықтауыш мүшесі бола бермейді дей келіп «Говоря о дополнении, выраженным именем в винительном падеже, следует однако, иметь в виду, что не всегда форма винительного падежа имени означает, что данное имя непременно является дополнением в предложении. В целом ряде случаев имя в форме винительного падежа выполняет совсем иную синтаксическую роль» деп , табыс жалғаулы (үсүһүн – третьи его) – сан есім, батйын – дуолун – достояние – пысықтауыш дейді. Осы сияқты есімше, қимыл есімді табыс жалғаулы сөздер де тура толықтауыш тұлғасында болғанымен, оларды толықтауыш бола алмайды дей келіп, оның аясын тарылтып жібереді.

Сол сияқты автордың тура толықтауыштың түрлері туралы пікірлері ойланарылық. Оны автордың өз сөзімен берелік; «Прямое дополнение в якутском языке может быть выражено любой склоняемой частью речи. Формы прямого дополнения очень разнообразны. Оно может быть выражено в винительном неоформленном, частном винительном – собирательном и исходном падежах. Форма прямого дополнения зависит не только от управления глагола, но и от целого ряда других условий; структуры предложения, формы сказуемого, глагола, характера дополнения (определенность объекта частью или целиком он подвергается действию, его отношения к действию – сказуемому и т.д.)» [Убрятова Е.И.,1948,с.61] – деп, тура толықтауышқа қатысты төмендегідей бірнеше мәселелерді көтерді.

Біріншіден, тура толықтауыш ретінде якут тіліндегі септелетін сөз таптарының кейбірі ғана жұмсалады. Екіншіден, көп тілдерде тура толықтауыш жалғаулы және жалғаусыз түрде жұмсалса, бұл тіде оның бес түрлі көрінісі бар;

Табыс жалғаулы;

Табыс жалғауының жасырын түрі;

Частный падеж түркі тілдерінің ол -да,-де,-та,-те жалғаулы сөздердің объектіні көрсетуі деуден пайда болған түрі:

Табыс-жинақтау септігі арқылы;

Шығыс септігі арқылы.

Әрине, біз бұл жерде автордың табыс септігінің жалғауын және жалғаусыз түрлерін негізге алғанмен, ал оның басқа түрлерінің басқа септік жалғауларында табыс септігінің мағынасын беруі сол тілдің өзіндік ерекшелігі деп білеміз.

Сол сияқты автор табыс септікті сөздердің синтаксистік қызметі жөнінде де ерекше пікірде. Автор «в целом ряде случаев имя в форме винительного падежа выполняет совсем иную синтаксическую роль» деп, олардың толықтауыштан да басқа сөйлем мүшелері болатынын сол тіл материалдары бойынша көрсеткен.

Автор якут тіліндегі қимыл есімнің (отглагольные имена) толықтауыш қызметінде реалды объектіні көрсетпей, етістікті күшейту үшін үнемі жұмсалады деген пікірі ой тастайды.

Автор табыс септігінің жасырын түріндегі қолдануы туралы «Прямое дополнение в неоформленном падеже в якутском языке употребляется в тех случаях, когда центр тяжести значения лежит не на объекте, а на самом действии» деп, ондай кезде етістік баяндауыштың қызметін ерекше көрсетеді. Бұл мәселе туралы қазақ тілінде де ойлануды қажет етеді. Сол сияқты табыс жалғаулытолықтауыштың жасалуына қарағанда табыс жалғаулының жасырын түріндегі толықтауыштың жасалуында есімдердің барлығының жұмсалмайтынын да ерекше атап көрсетеді. Бұл тілде тура толықтауыштың бес түрлі көрсеткіші бола тұрып, тура толықтауыш өзінің басыңқы сыңарымен тек меңгеріле байланысады.

Э. Севортян да «Прямое дополнение в турецком языке» деген мақаласында негізінде тура толықтауыш, оның сұраулары, жасалуы туралы мәселе қозғамай, тек ондағы табыс септігінің жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуы туралы айтса, ал «Грамматика алтайского языка» деген еңбекте

П.М. Мелиоранский, Н. Ашмарин, Н. Катанов, А. Казем-Бек, В. Гордиевский, онан кейінгі Н. Дмитриев еңбектеріндегі көзқарастарға шолу жасайды. Автор тура толықтауыш деген терминнің сол «Алтай тілі грамматикасында» және

А.Казем-Бектің «Общая грамматика турецко – татарского языка» еңбектерінде де бар екендігіне тоқталады. Нақтылай айтатын болсақ, түрік тіліндегі тура толықтауыш және оның кейде негізгі сөз бен етістіктің бір сөйлем мүшесі болып келуі мен тура толықтауыштың табыс септігінде келуі туралы сөз етеді. Әйтседе осы еңбекте автор екі жақты пікірді қолдайды. Кейде белгілікті негізгі фактор етсе, кейде грамматикалық көрсеткіштер, әсіресе, анықтауыштары бар сөздер үнемі жалғаулы түрде тура толықтауыш болады деген пікірге саяды [32;81-105].

Қырғыз тілінің синтаксис маманы И.Д. Жакубов та толықтауыш. Оның тура және жанама түрлерін нақты көрсете келіп, олардың зат есім, есімдік, сын есім, үстеу арқылы болуын көрсетеді. Әсіресе автор тура толықтауыш туралы айта келіп, «прямое дополнение относится в основном к глагольным или глагольно-именным членам предложения, обозначает предмет, выражается в формах винительного и отчасти исходного падежа» дегенде автордың тура толықтауышты жатыс септікте де келеді деп, жанама толықтауышқа қатысты септік жалғаулырының ішінде тағы да жатыс (исходный падеж) септігін келтіруін ойлану керек.

Осы сияқты пікілерді басқа түркі тілі мамандарының еңбектерінен көруге болады.

Тура толықтауыштар көбіне оқулықтар көлемінде ғана беріліп келсе, қырғыз тілінің маманы Қ.А. Джапарова «Прямое дополнение в киргизком языке» атты кандидаттық диссертациясын 1981 жылы жазды. Осы мәселені арнайы зерттеу арқылы оның табиғатын аша түскен.

Жалпы түркологияда табыс жалғауының ашық қолдануы туралы толық жазған ғалым – Е.И.Убрятова. Автордың негізінен проф. М.Б алақаев пікірлерін қуаттағанын ескертіп, табыс жалғауының үнемі жалғаулы болуын ұсынған пікірлерін қайталамауды жөн көрдік.

Қортындылай келгенде бүкіл түркологияда табыс жалғауының байланысатын сөзінен алшақ, іргелес тұрып жалғаулы жұмсалуы проф.М.Балақаев пен Е.И.Убрятоваға тән демекпіз.

Е.И. Убрятованың якут тілінде табыс жалғаудың мағынасын басқа да септіктер береді деген пікірі якут тіліне сай келер. Қазақ тілінде табыс жалғаулы сөздер: Қаланы көрді.

Бір септік жалғаулы сөздер алмасып келуі бар болғанымен, оның ішінде тура толықтауыш тек табыс жалғаулы сөздерден болатынын білеміз. Ал жатыс, шығыс жалғаулы сөздер басқа сөйлем мүшелері болып келетіні белгілі.

Табыс жалғаулы сөздердің жалғаусыз жалғануы стильдік ерекшелікке байланысты болатын мәселе.

Негізінде табыс жалғаулының жасырын келуі мына фактірлерге байланысты:

1. Біріңғай толықтауыштардың алдыңғылары жалғаусыз айтылады. Дала, қаланы шарлады.

2. Табыс септігінің жасырын келуі көбіне табыс септіктегі сөз бен етістіктердің тұрақтылық мәнге аусуынан деуі де дұрыс: от жағу, хат жазу.

3. Тура толықтауыштың жасырын түрде мол жұмсалатын түрлері жайлы анық пікірлер жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Казем – Бек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка.-Казань:Типография имп.АН,1846.-176с
2. Грамматика алтайского языка.-Казань:типография университета,1869.-142с.
3. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-крского языка. – СПб:Типография имп.АН,1897.-15с.
4. Насилов В.М. Грамматика уйгурского языка.-М.:Изд-во вост.лит.,1940.-48с.
5. Поцелуевский А.П. основы синтаксиса туркменского литературногоязыка.– Ашхабад:Мектеп,1943.-44с.
6. Убрятова Е.И. Исследование по синтаксису якутского языка.– М.-Л.:Изд-во Ан СССР, 1948.-с.61-64
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.– Алматы:Ана тілі , 1992.-280б.
8. Аманжолов С.Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы.-Алматы: Қазақ мемлекиеттік баспасы, 1940.-Б.77-121.
9. Балтабаева Ж.К. Табыс септік формаларының қолданылуындағы кейбір ерекшеліктері. Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы.-Атматы:Ғылым,1983,-116б.
10. Балтабаева Ж.К. Семантико-стилистические функции неоформленного родительного – винительного падежей в казахском языке.Автореф.диссертации к.филол.н.-Алматы,1984.-С.6-16
11. Дмитриев Н.К.Грамматика башкирского языка.-М.-Л.:Изд-во АН СССР,1948.-С.61-64.
12. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. –М.-Л.:Изд-во АН СССР, 1960.-С. 94-97.
13. Севортян Э.В. Прямое дополнение в турецком языке.//Вестник Москов.Универ-та.-1948.-№12. С 81-105.

IRSTI 16.21.27

ZHALGASBAYEVA GULFAIRUZ DZHAMBULKYZY
master student of Al-Farabi Kazakh National University
Faculty of philology and world languages
Department of translation studies

FEATURES OF THE TRANSMISSION IN THE HISTORY OF B. SOKPAKBAYEV «MY NAME IS KOZHA»

Түйін. *Қазіргі қазақ балалар әдебиеті оқырманды жеке басының проблемалары мен тәжірибелерін шешуге итермелейтін бірқатар моральдық және психологиялық мәселелерді көтереді. Әдебиетті ұлттық бояумен және ерекшелігімен толтыру, сонымен қатар, халықтардың дәстүрлерімен танысуға, олардың тарихы мен мәдениетін білуге мүмкіндік береді.*

Қазақ әдебиетінде балалар әңгімелерін ересектер мен балалардың бірнеше ұрпағы оқып, қайта оқыған автор бар, ол – Бердібек Соқпақбаев. Оның есімін дәріптеген кітап «Менің атым Қожа» деп аталады.

Түйінді сөздер*: аударма, балалар әдебиеті, автор, фильм, халықаралық.*

Резюме. *Современная казахская детская литература поднимает ряд морально-психологических проблем, которые могут побудить читателя решить свои личные проблемы и переживания. Наполнение литературы национальным колоритом и уникальной самобытностью позволяет, кроме того, знакомиться с традициями народов, знать их историю и культуру.*

В казахской литературе есть автор, чьи детские рассказы читают и перечитывают несколько поколений взрослых и детей. Книга, прославившая имя Бердибека Сокпакбаева, называется «Менин атым Кожа» («Меня зовут Кожа»).

Ключевые слова*: перевод, детская литература, автор, фильм, интернационал.*

Summary. *Kazakh modern children's literature raises a number of moral and psychological issues that can lead the reader to solve their personal problems and experiences. Filling literature with national colour and unique originality allows, in addition, to get acquainted with traditions of the people, to know their history and culture.*

In Kazakh literature there is an author whose children 's stories read and re-read several generations of adults and children. The book which glorified a name of Berdibek Sokpakbayev is called «Menin atym Kozha» («My name is Kozha»).

Key words: *translation, children 's literature, author, film, international.*

Introduction

The translation of fiction has its own features, the main of which can be considered that it has relative autonomy towards the original. When translating artistic text, the translator is given great freedom of action, which is unusual for working with texts of other genres. Thus, the translator of the artistic work becomes as if a co-author of this work, he needs to convey all the content, emotional and expressiveness of the original and try to bring the impact of the translation text on readers closer to the effect of the original on the original audience *[Commissarov V.N., 1990, p. 51]*. However, the very concept of «good translation» is difficult to define quite clearly, as any assessment in this case will be subjective.

However, it can be said with full certainty that a good translation is perceived by the reader not as a translation, but almost as a text in the native language. Thus, the main task of artistic translation will be to produce a work capable of having an artistic and aesthetic impact. And although translation becomes an integral part of other literature, the original work still remains within the culture in which it was written and has a certain style. Differences in cultures often become in the way of a translator to achieve the desired result, as often elements of the same culture do not possess any close counterparts in translation language culture. And yet, the main criterion for the evaluation of artistic translation is not only proximity to the text, but also preservation of the style of the work and individuality of the author *[Solodub Yu. P., 2005, p. 44*].

In the process of translation it is important to preserve the artistic and aesthetic identity of the original, which manifests itself in various forms and is due not only to the individual style of the author, but also to social and cultural factors *[Besborodov A.V., 1992, p. 7]*.

In order to preserve the artistic identity of the original text as a whole, it makes sense to take into account not only individual translation techniques, but also the set of these techniques and to trace the tendency of the

translator ‘s work. From this point of view A.V.Fedorov identifies three settings of the translator – three main trends: installation in the native language, preservation of foreign language in the language and smoothing translation.

The first of these trends occurs when the translator avoids any foreign nature and replaces any unfamiliar concepts and language turnover with the similarly specific means of translation language *[Fyodorov A.V., 2006, p. 37]*.

Main part

The translator also has the opportunity to convey other people’s images as they are, often blindly copying the original. In such a case, the translator often becomes the object of accusations (often fair) in the damage of the language of translation, but the translator still has the right to emphasize the alien nature of the original, and such a technique is very often used by translators of exotic literature *[Rosenthal D.E., Telenkova M.A.., 1976, p. 39]*.

In addition to the opposite trends presented above, there is a third, which is something between the previous ones – it is a smoothing translation. This method does not imply preservation of national-linguistic and substantive features of the original, nor does it introduce specific features of the language into which the work is translated, i.e. the more neutral language is used *[Alekseeva I.S., 2004, p. 44]*.

Kazakh modern children’s literature raises a number of moral and psychological issues that can lead the reader to solve their personal problems and experiences. Filling literature with national colour and unique originality allows, in addition, to get acquainted with traditions of the people, to know their history and culture.

The most famous Kazakh writer B. Sokpakbayev brought the story «My name is Kozha». It was published in the publishing house Children’s Literature, and then from the Russian language was translated into many languages and published abroad: in France, Poland, Czechoslovakia, Bulgaria. And only then did she return home – to her native, Kazakh, readers.

In Kazakh literature there is an author whose children ‘s stories read and re-read several generations of adults and children. The book which glorified a name of Berdibek Sokpakbayev is called «Menin atym Kozha» («My name is Kozha»). «What is experienced as a child,» wrote Berdibek Sokpakbayev, «is never forgotten. Impressions are not scarce, do not cool. They warm like a heat under a layer of ash. It is necessary to blow this layer and fire breaks out!.. «The writer himself had a childhood not easy, though in his own way happy. He was born Berdibek Sokpakbayev in 1924 in one of the mountain auls of Narynkol district of Almaty region. The boy grew up in a poor family, and at the age of eight he lost his mother, and this pain haunted him for the rest of his life. Sokpakbayev in detail described the first years of the life in the book «Балалық шаққа саяхат» («A travel to the childhood») which left in 1960, but children’s memoirs, of course, are present at all books by the author. They say, despite life difficulties, little Berdibek was characterized by curiosity and ability. The love of knowledge and reading was instilled in the boy by his older brother Satylgan, who later died in the war...

The hero of the story «My name is Kozha» – fantasist and shalun, he gets into the most incredible situations, but comes out of them with honor, thanks not only to his intelligence, but also to good, responsive heart, loyalty in friendship. These qualities cannot but cause sympathy for him, and the name Kozha has long become negative. Because the main character of the book is not characterized by special obedience, it was not wanted to print for a long time, because in those times it was considered that such heroes can only be negative, and it is necessary to raise children on the example of exclusively positive characters. Socpakbayev strongly proved that the hero of the book should have the right to mistakes, he should pass through the tests, and only in this case he is able to become a person. The heroes of Socpakbayev, especially the Kozha itself, are autobiographical. But the works of a talented Kazakh writer are devoid of the nazidity characteristic of Soviet children ‘s literature. There are no moral lessons in them. The heroes of Sokpakbayev are living and disobedient, peculiar and amazing, how amazing the magical world of childhood is. Growing up, we forget these feelings of joyful discovery of the universe, and only a few lucky people know how to keep in their heart child impressiveness and immediate. It was such an adult talented child that Berdibek Sokpakbayev himself was. This is how he recalls his childhood:... «I was one of those few unpossed who usually never went into class until he nicknamed the last call. It was impossible for me to sit somewhere outside of class for a long time, except to tie. «The legendary story «My name is Kozha» was released by Children ‘s Literature Publishing House in 1957 and instantly gained popularity and spread in translations into foreign languages around the world. Heroes of children ‘s agendas of Socpakbayev grow in difficult post-war times. But how much light and joy, direct and

naughty in their characters! Boy Kozha takes his mother ‘s experiences acutely, he grows up in a family without a father, he has conflicts with his classmates and teachers. He is a creative nature, a poet, but he never gives up and does not give the frustration to master his thoughts.

The main theme of the lead is that of growing up. Before our eyes the naughty Kozha becomes different, he honestly tries to change for the better, for the first time understanding what responsibility lies on his shoulders. Responsibility for loved ones – mother and grandmother, for himself, for his future. Perhaps the events taking place in the life of the Kozha are not special, and his adventures are deprived of all heroic. The fate of Kozha is that of the thousands and thousands of his peers who became our grandparents today. If you are wondering how and what they lived more than half a century ago, read the book «My name is Kozha». Behind the realities of the old time you will find the same experiences and thoughts that are characteristic of you, modern teenagers. Even during his life Berdibek Sokpakbayev became a classic of Kazakh literature. His books were published in large editions, they were willingly read in libraries. The writer also created plays and film scores. And on his agendas «My name is Kozha» and «Journey to Childhood» films were made. The film «My name is Kozha» was released in 1963. In 1967, she was awarded at the International Film Festival for Children and Youth Films in Cannes. This film has become one of the most beloved in the country, and it can quite be called «cult».

Behind the realities of the old time you will find the same experiences and thoughts that are characteristic of you, modern teenagers. Even during his life Berdibek Sokpakbayev became a classic of Kazakh literature. His books were published in large editions, they were willingly read in libraries. The writer also created plays and film scores. This film has become one of the most beloved in the country, and it can quite be called «cult.» The masterfully written story «My name is Kozha,» based on the life and realities of folk life of that era, is imbued with light sadness and good-natured humor. It is a unique book that awakens the best feelings in readers. After all, Berdibek Sokpakbayev all his life, like his heroes, believed that «the bird of dreams flies over the world, flies to the stars, and no one can stop its strong and inspired flight» *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 56]*.

The attention of the writer in this work is attracted not by events that leave a mark in history, but by the daily course of days filled with various incidents in the life of a teenager. Every manifestation of life turns out to be truly significant for the hero, every detail of it – important, every moment – essential. None of the events went without a trace. The main and building force in shaping the character ‘s personality is the family. Here the foundation of the soul is laid. For Kozhabergen, the hero of the lead, the family is mother and grandmother. Unpossed Kozha says proudly about his family: «Do the three of us, me, she [mother] and grandmother, do not live so peacefully and amicably?.. Mother is respected for good character and bright head all in an aul...».

«It ‘s a sin to brag, but not just in the whole aul, but even in the whole area there ‘s probably no man as hard-working as my grandmother. I ‘ve never been able to see my grandmother sleeping: wake up before she does, or go to bed later than her. Grandma in the morning cotton, milks two cows, brings milk to the separator, quakes it, cuts curd, knocks butter, brings order to the house, dries the kizyak, cooks, wipes... In short, the whole house is only on it and holds.

Dostoyevsky also argued that the condition for the correct upbringing of the child is love: «If the parents are kind, if their love for the children is jealous and hot, the children will forgive them a lot and forget a lot then not only from the comic and ugly, but will not even condemn them without appeal for the very bad works of them, on the contrary, their hearts will certainly find mitigating circumstances» *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 30]*. Grandma, teaching his grandson, does not hide his warm relationship to him, and when such an example in front of his eyes, the hero, despite many misdeeds committed by him, grows responsive to someone else ‘s grief, loyal in friendship, irreconcilable to evil.

The narrative is conducted on behalf of the teenage boy himself, who admits in «The Entrance» that «the dream of becoming a writer appeared in me, the Kozha of Kadyrov, even in the earliest childhood». The main condition that a young writer sets himself is «no one... Not to give any reason to accuse me of writing at least one untrue word.... « This truthfulness allows you to survive with the hero events that influence personality formation. Trying to prove that he is «not such a small child» and can continue his friendship with the Sultan, for whom a bad reputation has been established, and remain an honest man, Kozha becomes an accomplice to the crime: drank someone else ‘s kumys and eaten meat, stolen Kozha. His firm conviction: «It is better to break the discipline a thousand times, a hundred times not to learn the lesson, to repel ten girls and break the nose of Zhantas twenty, even thirty times, than to steal at least a promo or a feather. Whoever is able to steal can commit any, the most vile crime» – did not save him from complicity in the theft committed by the Sultan. It ‘s a shame to remember the hero about the misconduct committed. But in the process of self-observation, self-deepening there is a knowledge of itself *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 28]*.

A deep trail leaves a conversation in the hero ‘s soul about his father with the school guard who takes place during the pedal council. Kozhabergen expects his fate, dear man – mother – where his fate is decided. The side where she sits is scary. And how important it was to hear the boy good words about his father, whom he hardly remembers. The author ‘s attention is directed to the thoughts, experiences of the hero. Kozha knows how to analyze his actions, suffer because of the committed misconduct: «And I condemned my mother to such shame! Because of me, she has to make excuses, feel guilty, beg strangers... Why I was born such a jerk and a shalopai!» *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 45]*.

The process of personality formation begins with the search for moral guidance. By carefully prescribing the hero ‘s flour before the meeting, in fact, the author tells about the man ‘s path to Truth, and, ultimately, to himself:... «By doing something, you need to think not only about whether you can make excuses, but also about the fact that in the end your actions will turn out....» *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 56]*.

Kozha doesn ‘t just live with impressions. He makes them the subject of analysis, finding them appropriate interpretations and anchoring them in his memory.

Painful questions to yourself, the decision to stop recklessness, the promise to correct – the way of self-analysis of the hero.

It is worth noting the vitality, the ease of the narrative. The hero judges himself at a secret meeting that ends the tale. One question on the agenda is how to become an exemplary and disciplined student. With enough irony, looking in the mirror, the hero is angry with himself:

«– Stand up!» I yelled and knocked my fist on the table. Kara Kozha jumped up on her leg-

He sat down again *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 68]*.

The decision of the secret meeting is a six-point programme of action with notes, the most important of which the hero himself considers the last section: «If I fail this great test... I don ‘t need to learn. I must then choose a different path in life to become human and not make my unhappy (because of my own son!) mum experience all the bully antics I will commit. The decision is made unanimously!».

The inner world of the hero is qualitatively modified: it is filled with social and psychological content. Kozhabergen is already able to assess the situation, see himself from the outside. There will be many such situations and clashes where there is an internal struggle. It is in overcoming them that a person is emerging to prepare him for equal participation in life *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 75]*.

Throughout the story the hero survived the rift of relations with classmates, teachers, Zhanar, and also loved ones brought a lot of trouble. At the end of the work Kozhabergen comes to the consciousness of his own imperfection: in it the critical attitude towards himself is awakened.

Conclusion

The search for an exit, developed «program» of correction ends with laughter.

The hero immediately recalls the saying of Grandma: «Wind cleans the air, laughter – soul.»He» became somehow careless and suddenly good and fun». And the boy notices that he has not seen such a wonderful night for a long time: the month, which contracted a wonderful mood, shines in the whole. Unity with nature, the feeling of itself as an integral part of it creates in the soul of the boy the expectation of happiness. Living label language, trusting intonation, light irony to himself and others, awe towards loved ones – these are the artistic features that help to reveal to the author the way of formation of the teenager.

«What is experienced as a child», the writer said, «is never forgotten.

Impressions are not scarce, do not cool. They warm like a heat under a layer of ash. It is necessary to blow this layer and fire breaks out!..» *[Sokpakbayev B.Y., 2019, p. 84]*. Childhood for B.Sokpakbayev has always remained a source of human personality formation.

REFERENCES:

1. Commissar V.N. Theory of Translation. – M.: «VW», 1990. – 251 p.
2. Solodub Yu. P. Theory and practice of artistic translation: educational manual for students of lingv, factoring higher educational institutions/Yu. P. Solodub. – M.: Publishing center «Academy», 2005. – 304 p.
3. Besborodov A.V.Funkational correspondence of linguistic methods of aesthetic influence in the original and translation of the artistic text. – M., 1992. – 130 p.
4. Fyodorov A.V. About artist translation. Works of 1920-1940 s. – SPb.: «Faculty of Literature of SPbSU», 2006. – 256 p.
5. Rosenthal D.E., Telenkova M.A. Dictionary – Handbook of linguistic terms – M.: «Enlightenment», 1976 – 399 p.
6. Alekseeva I.S. Introduction to Translation – Study Manual for School Files and Language Factoring Schools. – SPb.: «Faculty of Literature of SPbSU», 2004. – 352 p.
7. Sokpakbayev B.Y.Menin atym Kozha. – Shymkent:»Dariya», 2019. – 136 p.

УДК811 632.4

КАКЖАНОВА ФАЗИРА АЙДАРХАНОВНА
профессор
Кафедры иностранной филологии
КарГУ имени Е.А.Букетова

ЖҰМАН АЛТЫНАЙ КАНАТОВНА
магистр гуманитарных наук
Кафедры иностранной филологии,
КарГУ имени Е.А.Букетова

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ PERFECT АСПЕКТІСІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ШАҚ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Түйін. *Қазақ тілінде аспект (вид,түрлену) категориясының жоқтығынан ағылшын аспектілері қазақ тіліне шақ категориясымен аударылады. Осы мақалада қарайтынымыз ағылшын тілінің Perfect аспектісінің шақ арқылы аударылу жолдарын талдау. Perfect аспект істеліп болған істі көрсетеді, қазақ тілінде істеліп болған іс тек өткен және келер шақтарда беріледі. Қазақ тілінде ресми түрде 8-9 шақ категориясы бар. Қазақ тілі өткен және келер шақтарының ішінен ағылшын тілінің Perfect аспектісінің мағынасын және берілу жоспарына дәл түсіп ашатын шақ жоқ, бірақ түрлену категориясы болмағандықтан, біз оларды түрлену категориясын қазақ тіліне аудару үшін қолданамыз. Ескерте кететін жәйт, түрлену категориясы ол шақ категориясы емес, сондықтан балама аударманы табу қиын.*

Түйінді сөздер*: түрлену, шақ, Perfect, аналитикалық, көмекші етістіктер.*

Резюме. *Из-за отсутствия категории вида в казахском языке, английские виды переводятся с помошью категории времени. В этой статье рассматриваем перевод Perfect аспекта с помошью категории времени. Perfect аспект выражает совершенные действия, совершенные действия в казахском языке бывают только в прошедшем и будущем временах. Казахский язык имеет официально 8-9 времен. Среди этих времен прошедшего и будущего времени нет таких времен по плану выражения и содержания соответствовали бы английскому Perfect аспекту, но из -за отсутствия вида категория времени используется для их перевода. Надо заметить, что категория вида не является категорией времени и найти эквивалентный перевод практически невозможно.*

Ключевые слова*: вид, время, Perfect, аналитический, вспомогательные глаголы.*

Summary. *Due to the lack of an aspect category in the Kazakh language, all English aspects can be translated by using the tense category. This article is devoted to the translation of the Perfect aspect by tense category. Perfect aspect expresses completed actions, the Kazakh language has only in the past and future tenses of the completed actions. The Kazakh language has officially 8-9 tenses. Among these past and future tenses, there are no such tenses according to the plan of expression and content correspond to the English Perfect aspect, since there is no the aspect category in the Kazakh language, therefore we use them to translate the category of the English aspects into Kazakh. It should be noted that the category of the aspect is not the category of tense and it is almost impossible to find an equivalent translation.*

Key words*: aspect, tense, semantics, Perfect, analytical, an auxiliary verb.*

Кіріспе

Ағылшын тілінің грамматикасында етістік күрделі сөз таптарының бірі. Бүгінгі таңда етістік морфалогиялық жүйесі түрлі категорияларға негізделген: шақ, түрлену (аспект), етіс және басқа категорияларды иемденген жалғыз сөз табы. Ағылшын тілінің түрлену категориясын қазақ тіліне аудару күрделі мәселелердің бірі болып табылады, өйткені қазақ тілінде түрлену категориясы берілмеген. Бұл олқылық әсіресе қазақ тілінен ағылшын тіліне немесе керісінше аударғанда байқалады.

Түрлену категориясын қазіргі таңдағы түрлену теориясының анықтамасы бойынша, ол істің «уақыт өте келе жасалатын» немесе»уақыт аралығында бөлінуін» болып табылады [Пешковкий А.М., 2001, 105 б]. «Түрлену ол істің ішкі даму стадиясын көрсететін тілдік көрініс» [Какжанова Ф.А., 2010, 7 б].

Ағылшын тілінде етістіктің төрт түрлену категориясы бар. Олар: Indefinite, Continuous, Perfect, Perfect Continuous, осы көрсетілген төрт аспектінің ішінде перфект ерекше аспект болып табылады.

Негізгі бөлім

Ағылшын тілінің төрт аспектісінің ішіндегі ең күрделісі – бұл Perfect аспектісі. Ағылшын тілінің бұл аспектісі қазақ тіліне аударған кезде біраз қиындықтар туғызады. Ағылшын тілінде бұл аспект нәтижесі бар істерді көрсетеді, ал қазақ тілінде істеліп болған істер тек осы және келер шақтарда аударылады.

Ғалымдардың Perfect аспектісі төңірегіндегі ойын 3 топқа бөліп қарастырсақ, олар:

1. Perfect формасын түрлену категориясына жатады. Бұл теорияны ұстанатындарға Б.А. Ильиш [Ильиш Б.А.., 1948, 142 б], Г.Н. Воронцованы [Воронцова Г.Н., 1960, 213 б] және т.б. жатқызуға болды. Олар уақыт пен түрлену категориясын ажыратып, бірақ олардың бір – біріне ілеспелі деп санайды. Олар Perfect формасын істеп болынған істің өтуін білдіретін түрлену формасы ретінде қарастырады.

2. Perfect формасы грамматикалық уақыт категориясына жатады. Perfect формалары уақыт категориясына жату теориясы шетелдік ғылыми шеңберінде кең өріс алған. Бұл теорияны қолдайтындар қатарына Г. Суит, [H.Sweet, 1948, 100 p], И.П. Иванова [Иванова И.П., 1981, 63 б] жатқызуға болады. Олар Perfect формасын уақыт санатына қосады.

3. Perfect формасы уақыт және түрлену категорияларынан тұратын ерекше грамматикалық категорияға жатқызылады.

Б.А. Ильиш Perfect формаларды уақыт және түрлену мағыналын білдіретін тәсіл ретінде қарастырады [Ilysh B.A., 1948], А.И. Смирницкий Perfect-ті не түр, не уақыт категориясына жатқызбай, өзінің «уақыт қатынас категориясын» ұсынды [Смирницкий А.И., 1959].

Perfect туралы берілген ойларды сараптай отыра, біз оны уақыт категориясы деген оймен келіспейміз, оны түрлену категориясына жатқызамыз. «Perfect аспект істің шегіне жетіп аяқталғанын көрсетеді» [Какжанова Ф.А., 2010].

Ағылшын тіліндегі Perfect аспектісі барлық шақтарда істелініп болған істерге қолданылады.

Perfect аспектісі көмекші етістік **to have** және Participle II арқылы беріледі. Ағылшын тілінде бұл түрлену аналитикалық жолмен беріледі. Оның формуласын әрбір ағылшын тілін оқитын оқушы біледі.

Қазақ тілінде түрлену категориясының жоқтығынан ағылшын аспектерін қазақ тіліне шақ категориясмен аударуға тура келеді. Бұл мақалада, қазіргі таңда Perfect аспектісін аударуда қолданылып жүрген шақтар беріледі.

Perfect үш шаққа бөлінеді. Олар: Present Perfect (осы шақ), Past Perfect (өткен шақ), Future Perfect (келер шақ).

Жұмысымыздың басты тақырыбы Perfect аспектісінің қазақ тіліне берілу кезіндегі қолданып жүрген шақтар болғандықтан ағылшын және американ әдебиеттерден перфект формасындағы сөйлемдерді қазақ тіліне аударылған сөйлемдердің шақтарын береміз.

I Present Perfect аспектің жай бұрынғы өткен шақпен берілуі. Бұрынғы өткен шақ іс – істің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқашан бұрын болғанын білдіреді [Салқынбай А., 2008, 251 б].

Жай бұрынғы өткен шақ формасы: негізгі етістік + (-ған, – ген, -қан, – кен -ып, -іп, -п) + жіктік жалғау. Мысалы:

Түпнұсқа: ‘Yes,’ I remarked, ‘you’ve seen a good many alterations, I suppose? (E. Bronte, 41)

Аудармасы: Иә, мен сіздің көптеген өзгерістерді көргеніңізді байқадым.

Қорытынды: көр, -ген жұрнағы мен жіктік жалғау арқылы жасалған – бұрынғы өткен шақпен берілген.

2. Present Perfect күрделі бұрынғы өткен шақпен берілетін сөйлемдер:

Берілу формасы негізгі етісті + (-ып, -іп, -п+бер+ған, – ген)

Түпнұсқа: (1) They are handkerchiefs that I’ve had made for the name-day of my mother,» she said (W. S.Maugham.224).

Аудармасы: Бұлар менің анамның туған күніне жасап берген орамалдар, деді ол.

Қорытынды : жасап, -п жұрнағы; бер –көмекші етістік, -ген жалғауы арқылы беріліп тұр.

Түпнұсқа: (2) He motioned for me to sit on the wooden chair he’d brought in from the kitchen (N. Sparks,40).

Аудармасы: Ол маған ас бөлмесінен әкеліп берген орындыққа отыруды ұсынды.

Қорытынды: әкел + іп, бер – көмекші етістік, – ген жұрнағы арқылы жасалған.

Present Perfect – тің болымсыз түрі бұрынғы өткен шақпен беріледі. Жасалу формасы: түбір морфемасы + (-ған, -ген, -қан, -кен) +жоқ, емес + жіктік жалғау. Сөйлемдердегі істер бұрын болғанын, ал

салдары осы шақта өтіп жатқаның көрсетеді. Ағылшын тілінде Perfect формасы осы шақта тұрса, қазақ тіліне олар бұрынғы өткен шақпен беріледі.

Мысалы:

Түпнұсқа: (1) I **have not come** here since that night, he said to himself. George Radfoot, the man he had met on the ship, had taken him to Rogue Riderhood (Ch. Dickens, 54).

Аудармасы: Мен осында өткен түннен бері келген **жоқпын**, деп ол өзіне айтты. Кемеде кездестірген жігіт Джордж Райдхуд оны Рог Райдэхудқа апарды.

Қорытынды: келген **жоқпын** негізгі етістік кел+ген мен жоқ сөзі арқылы жасалған.

Ағылшын тілінде де қазақ тілінде де болымсыз мағынаны білдіру үшін негізгі етістікке берілген шақтың жалғауы мен болымсыз мағынаны білдіретін болымсыздықты көрсететін сөздер қолданылады. Бұндай сөйлемдердің берілу жолдары бірдей.

Ағылшын тілінің осы щақтағы Perfect аспектісі бұрынғы өткен шақпен берілген, ағылшын тілінің осы шақтағы Perfect аспектісі басталған ісің осы уақыттағы нәтижесін көрсету керек, ал мұндағы бұрынғы өткен шақ берілген істің сөйлеп тұрған уақыттан әлде қашан бұрын істелгенін көрсетеді, бұл мағынамен бұрынғы өткен шақ Perfect аспектісінің мазмұнын ашпайды. Бұрынғы өткен шақ істің істелгені туралы жалпы мағұлмат береді.

Өткен шақтағы перфекті аударудағы қолданылған шақтар.

в) Past Perfect аспекттің жай бұрынғы өткен шақпен аударылуы.

Берілу жолдары: Формасы: негіз +(-ған, – ген, -қан, – кен)+жіктік жалғау. Негіз+(-ған, – ген, -қан, – кен)+-е+-ді+жіктік жалғау. Негіз+(-ған, – ген, -қан, – кен).

Түпнұсқа: (1)We usually sat in a small plot where the Preston family had been buried (A. Conan Doyle, 52).

Аудармасы: Біз әдетте Престон отбасы жерленген кішкентай учаскеде отырдық.

Қорытынды: Past Perfect аспекті had been buried күрделі бұрынғы өткен шақпен аударылған жерлен+ген.

Түпнұсқа: (2) It was the first time I'd ever raised my voice to her (N.Sparks 63).

Аудармасы: Бұл менің оған алғаш рет дауыс көтергенім еді.

Қорытынды: көтер+ ген , – ім жіктік жалғау және еді көмекші сөзі арқылы жасалған.

Past Perfect аспектің болымсыз түрі, болымсыз бұрынғы өткен шақпен беріледі.

Түпнұсқа: Probably she had not touched her dress since yester evening (E. Bronte,187).

Аудармасы: Ол кешегі кештен бері оның көйлегіне тиіскен жоқ.

Қорытынды: had not touched бұрынғы өткен шақ, тиіс +-кен мен жоқ көмекші сөзі арқыды жасалған

Ағылшын тілінің өткен шақтағы Perfect аспектісі жалпы күрделі сөйлемдерде қолданылады, бұл мағынаны көрсету үшін ағылшын тіліндегі сөйлемде өткен шақта төткен екі іс берілген, яғни Past Perfect және Past Indefinite. Past perfect аспектісіндегі істеліп болған іс had been buried арқылы берілсе, сөйлемнің екінші бөлігінде Past Indefinite аспектісінде жалпы істелген өткендегі іс берілген. Бір іс әрекет екінші бір әрекеттен бұрын аяқталғанын көрсетеді, егер іс -әрекетке бірінші бітсе, оны перфект аспектісімен береді. We usually sat in a small plot where the Preston family had been buried, мына сөйлемде Perfect формасында берілген had been buried, Past Indefinite аспектісіндегі sat, баяндауышы көрсеткен іске дейін орындалған. Бұл істі бұрынғы өткен шақ бере алмайды. Бұрынғы өткен шақ істің істелгені туралы жалпы мағұлмат береді.

II . Present Perfect аспектің қазақ тіліне жедел өткен шақпен берілуі.

Жедел өткен шақ іс-әрекет пен қимыл-қозғалыстың сөйлеп тұрған сәттен аз ғана уақыт бұрын өткенін білдіреді [Исаев С.М.,2007, 90 б]. Жай жедел өткен шақ негізгі етістікке грамматикалық бірліктерді, яғни –ды, – ді, -ты, -ті жалғаулар мен жіктік жалғаулардың жалғануы арқылы жасалынады.

Түпнұсқа: (1) Dear Pa, I have been away from you too long (Ch. Dickens,41).

Аудармасы: Қымбатты әкешім мен ұзақ уақыт бойы сізден алыста болдым.

Қорытынды: перфект: have been away бол, -ды + -м жалғауы арқылы жедел өткен шақпен беріліп тұр.

Түпнұсқа: (2) She had lied so much and she could lie so easily(W. S. Maugham.175).

Аудармасы: Ол өттірікті өте көп айтты және өтірікті оңай айта алды.

Қорытынды: перфект: had lied– бол, -ды + м жалғауы арқылы жедел өткен шақпен беріліп тұр

Ағылшын тілінде берілген сөйлемдер өткендегі нәтижелі іс– әрекеттерді көрсетеді. Мысалдағы бірінші сөйлемге назар аударсақ, Қымбатты әкешім мен ұзақ уақыт бойы сізден алыста болдым

бұл сөйлемде баласының әкесінен ұзақ уақыт бойы және осы уақытты қоса алғанда алыста болуын білдіреді.

а) Perfect берілген қазақтың шақтар көлемінен шығып аналитикалық түрде, яғни көсемшеге көмекші етістіктер: біт, бол, ал т.б. жалғану арқылы беріліп жүр, бірақ дәл осы көмекші етістіктермен берілген шақтар жоқ. Аудармашы контексті еске ала отырып аударған.

Түпнұсқа: I have counted the mummies, and they are four hundred in number'

Аудармасы: (1) Мен мумияларды санап **біт**тім және олардың саны төрт жүз.

Қорытынды: санап – жедел өткен шақтың көрсеткіші, **біт** көмекші етістігі және –ті +-м жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалған.

Түпнұсқа:I have just returned from a visit to my landlord the solitary neighbor that I shall be troubled with (E. Bronte.3).

Аудармасы: Мен мені мазалайтын үй иесіне, көршіме барып жаңа ғана қайтып келдім.

Қорытынды: **қайт +ып кел+ді+м** – жедел өткен шақтың көрсеткіші – п жұрнағы мен **кел** көмекші етістігі және –ді + -м жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалған.

Түпнұсқа I've already received the application (N. Sparks,36).

Аудармасы: Мен өтінішті **қабылдап алдым**

Қорытынды: қабылд +ап + **ал** көмекші етістік ал+ -ды +–**м** арқылы берілген.

Жедел өткен шақтың жұрнағына көмекші етістіктер: ал, бол, біт қолдану арқылы берілген.

Future Perfect аспект – келер шақтағы перфект.

Future Perfect аспект қазақ тіліне болжалды келер шақпен. Болжалды келер шақ іс – қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді. Жасалу формасы: негізгі еістік+ -ар, -ер, -р+жіктік жалғау.

Түпнұсқа: «Yes, young man,» said he, «you may write freely now, for by the time your letter reaches England we **shall have made** the plunge.» (A. Conan Doyle,57)

Аудармасы: Иә, жас жігітім –деді ол, қазір сіз еркін түрде хат жаза аласыз, сіздің хатыңыз Англияға жеткенше, біз батыл қадам **жасар.**

Қорытынды: бұл сөйлемде Future Perfect аспект **shall have made** күрделі жедел өткен **жасар** арқылы берілді.

Future Perfect аспектпен берілген сөйлемдерде келешекте істелетін іс – әрекеттер туралы айтылған. Болжалды келер шақ жалпы келешекте істелетін істерді берген.

Қорытынды

Қазақ тілінде түрлену категориясының болмауы салдарынан ағылшын тілінің аспектерін беруілу жоспарлары жоқ. Белгілі бір ұстамның жоқтығынан әрбір аударушы өзінің аудару тілдік құралдарын береді.

Perfect аспектісін берудегі қолданылған шақтарға шолу жасайтын болсақ, онда қолданылған бұрынғы өткен шақпен берілген Perfect аспектісі бұрынғы өткен шақтың мазмұны көрсетіп тұрғандай, ол істің сөйлеп тұрған уақыттан, әлде қашан бұрын істелгенін көрсетеді. Бұл шақ біткен іс туралы жалпы информация беріп тұр, ол істің шегіне жетіп бітті ме, ілде жәй біткен бе екенін көрсепейді. Бұл шақ Perfect аспектісінің мағыналық жақтан ашты деп айта алмаймыз.

Ағылшынның әр аспектісі, соның ішінде Perfect аспектісінің үш шағы бар: олар осы шақ, өткен шақ және келер шақ, бірақ қазақ тілінде істеліп болған іс тек өткен шақта беріледі, яғни осы жағдай Perfect аспектісінің осы шағын аударуда қиындық туғызады. Осы шақтағы Perfect аспектісі қазақ тіліне өткен шақ арқылы берілге тиісті, яғни ағылшын тілінің осы шақтағы Perfect аспектісінің баламасы болмағандықтан, ол ойды өткен шақта бере отырып Perfect аспектісінің мазмұн жоспарын бұрмалаймыз. Perfect аспектісінің осы шағы жедел өткен шақпен берілген, бұл іс уақыт жағынан осы шақтан алысқа кетпеген оның таяу уақытта болғандығын көрсеткені үшін ұолданылып тұр, бірақ дөп басып Perfect аспектісінің осы шақтағы мағынасын беріп тұрған жоқ. Аудармашы жедел осы шақтың жұрнағына (-п) оған тән емес көмекші етістікті қолдану арқылы Perfect аспектісінің мазмұнын ашқан.


Perfect аспекті күрделі аналитикалық формамен беріледі, мұндай форма қазақ тілінің берілген өткен шақтарының ішінде жоқ.

Етістіктің бір категориясының мағынасын екінші басқа бір категорияның мағынасымен беруге болмайды, олар екі түрлі категория.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Пешковкий А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – М., УРСС, –2001. – С. 105
2. Какжанова Ф.А. Проблема категории аспекта и её типология в английском языке. Караганда: КарГУ, 2010. – С. 7
3. Ilysh B.A. The structure of the Modern English. – M., 1948.
4. Смирницкий А.И. Морфология современного английского языка. – М., 1959
5. Аханова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ.Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. – Алматы: Арман, 2002. С.104 б.
6. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы, – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2008. –251б.
7. Исаев С.М. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007. – 90 б.

ӘОЖ 81’4



КЕНЖЕТАЕВА ГУЛЬЗИРА КАБАЕВНА
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті



БУЛЕГЕНОВА ИНДИРА БЕКТУРСЫНОВНА
1-курс докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

ЭМОЦИЯ – ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Түйін. *Заманауи қарым-қатынаста эмоцияның алар орны ерекше, осыған дәлел қоғамның этникалық, саяси, экономикалық, т.б. тұрғыдағы өзара қатынастары. Қазіргі таңдағы ғылымда, әсіресе, лингвистика ғылымында эмоцияның зерттеулер нысаны ретінде қарастырылуының өзіндік себептері бар. Эмоцияның когнитивті қызметі танымға түрткі болады, таным арқылы адам болып жатқан құбылыстарға өзінің сезімдерін білдіреді.*

Түйінді сөздер: *лингвистика, жағымды эмоциялар, жағымсыз эмоциялар, эмоционалдық құбылыс, когнитивті.*

Резюме. *В современной коммуникации особое место занимают эмоции, об этом свидетельствуют этнические, политические, экономические и другие взаимоотношения общества. С развитием науки была расширена область исследования эмоций. Когнитивно-психологические направления науки пришли к выводу, что эмоция является многофункциональной. То есть, когнитивная деятельность это толчок к познанию, благодаря чему человек выражает свои чувства к событим и явлениям.*

Ключевые слова: *лингвистика, положительные эмоции, отрицательные эмоции, эмоциональное явление, когнитивный.*

Summary. *Emotions occupy a special place in modern relations, as evidenced by the ethnic, political, economic and other relationships of society. In modern science, especially in linguistic science, there is a reason that emotion is considered as a subject of research. Cognitive psychology came to the conclusion that the emotion is multifunctional. That is, the cognitive activity of emotions will be a push to knowledge, through knowledge expresses their feelings to the phenomena that occur in humans.*

Key words: *linguistics, positive emotions, negative emotions, emotional phenomenon, cognitive.*

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінің даму деңгейінде эмоцияларды зерттеу маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Эмоциялар адамның тілдік санасы мен ойлау қабілетінің маңызды компоненттерінің бірі. Эмоция психологиялық құбылыс ретінде адам санасындағы адамның әлемге, қоршаған ортада болып

жатқан жайттарға деген жауабы. Адам қоғамда өмір сүретіндіктен өзінің әлеуметтік, рухани және т.б. қажеттіліктерінен түрлі сезімдерді бастан кешіреді. Яғни, сан алуан түрлі құбылыстардың жақсысына қуанып, жаманына мұңайып, ренжиді немесе ашуланады. Бұлардың барлығы қуаныш, шаттық, ыза, ашу, т.б. сезімдер тудырады.

Эмоциялар – бұл тілдегі нағыз адами фактор. Өз заманында Ш. Балли «тілдегі барлық нәрсе эмоционалды» деп тілдегі әрекетті эмоциялармен байланыстырған.Эмоциялардың тіл білімінде алатын орнына байланысты, оған деген қызығушылықтың артуына байланысты 1985 жылы Гарвард университетінде эмоцияларды зерттейтін халықаралық орталық ашылды. Сонымен қатар, 1987 жылы Берлиндегі XIV Халықаралық лингвисттер конгресінде Ф. Данеш тілдің эмоционалды аспектісі туралы баяндамасын оқыды. Баяндамада эмоция мен түйсіктің тығыз байланысы туралы айтылды және осы бағытта тілдің зерттелуінің лингвистикалық маңыздылығы туралы сөз қозғалды. Конференция шешімімен «тіл және эмоция» мәселесі лингвистикалық зерттеулердің бесбасымды бағыттарының біріне енгізілді. Бұл жайт көптеген отандық және шетелдік лингвисттердің эмоцияларды тілдік коммуникация мәселелерін зерттеу тақырыптары етіп қоюына алғышарт болды. Мәтін лингвистикасының мәселелерімен жұмыс жасау барысында неміс лингвисттері келесідей тұжырымға келді: кез-келген әдеби мәтін адамдардың эмоционалды өмірінің айқын көрсеткіші. Көркем шығармаларда тілдік қызметтің басты мақсаты эмоционалды байланыс немесе эмоциялардың прагматикалық функциясы. Шығармаларда эмоциялар тікелей емес, арнайы тілдік таңбалар арқылы беріліпотырады. Мәтін лингвистикасының арқасында 1991 жылы Дюссельдорфта өткен Anglistentag конференциясында 35 баяндаманың ішінен 18-і эмоция тіліне, лексикалық бірліктеріне, метафорасына арналды [Шаховский В.И., 2008, 416 с.].

Шетелде тілдің эмоционалды аспектісіне назар аударған ғалымдардың қатарына А. Вежбицкая, Б. Волек, Дж. Эйчистон, т.б., сонымен қатар көптеген отандық ғалымдар (Х.М. Нұрмұқанов, Ш.Н. Нұрғожина, З.Х. Ибадильдина, А.Ғ. Сембаева, А.А. Мұсабекова, Б.С. Жонкешов, К.С. Сарышова, С.Б. Қоянбекова) және ресейлік ғалымдардың (Л.Г. Бабенко, В.И. Болотов, С.Г. Воркачев, В.И. Жельвис, С.В. Ионова, Н.А. Лукьянова, Ю.М. Малинович, Э.А. Нушекян, Р.С. Сакиева, О.Е. Филимонова, З.Е. Фомина, В.И. Шаховский және т.б.) монографиялары, мақалалары, докторлық және кандидаттық диссертациялары кіреді.

Эмоция тіл теориясының құрамына кіретін, коммуникативті актының бейвербалды тәсілі болып табылады. Яғни, эмоциялар тілдегі вербалды және бейвербалды тәсілдермен бірге қарастырылады. Бейвербалды тәсілдердің көпшілігі әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен, дүниетанымымен тығыз байланыста. Бұл тәсілдер ұлттық психологиядан да хабар береді. Коммуникативті акт тек тіл арқылы ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың ым-ишараты мен қимыл-қозғалысы арқылы да жүзеге асады. Мысалы, «Еламанның ентігіп, ауырлау дем алған тынысы ғана естіліп тұр. Айғанша онан көз айырмай,иегін тізесіне сүйеп қапты» [Нұрпейісов Ә., 2004, 472б]. Бұл жерде кейіпкер болған жайтқа байланысты іштей өкініші мен наразылығын бейвербалды тәсілдер арқылы эмоционалдық күйін білдіріп тұр.

Адамның әр қилы сезімдерін жеткізуде тек сөздер арқылы ғана емес, дауыс ырғағы мен интонацияның атқаратын қызметі ерекше. Сөздің қандай эмоциямен айтылғанына қарай, сөйлеушінің эмоциясын аңғару қиын емес. «– О, көк тігілгір! О, қара байлаңғыр! Есіз қалғырдың мүлкі түге» [Нұрпейісов Ә., 2004, 472б.]. Бұл мысалдан кейіпкердің ашу мен ызадан туған эмоциясын көруге болады.

Эмоцияның лингвистикада зерттелуіне үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі А. Вежбицкаяның жұмыстарының ғылыми маңыздылығы зор. Ғалым 20 жылдан астам уақыттың ішінде эмоцияларды талқылау жүйесін құруға тырысты. Соңғы мақалаларының бірінде автор тілдің эмоцияларды мәдениетаралық деңгейде түсініп және қабылдануы үшін дұрыс интерпретациялануындағы атқаратын рөлін көрсеткен болатын. Тілдің адами эмоциялар атауларының ішкі құрылымына ене отырып, оларды концептуалдануы мен лексикализациялануы арқылы дәлелдеген [Bessemers M., Wierzbicka A. 2009, С.14-31].

Негізгі бөлім

1. Эмоция лингвистикасының негізі бірқатар ғалымдардың (К. Бюлер, Э. Сепир, Г. Гийом, Ш. Балли, ван Гиннекен, М. Бреаль) эмоционалды құрылымдардың тіл білімінде зерттеу нысаны болып-болмау мәселесінен басталды. Ғалымдардың пікірлері бір біріне қарама-қайшы болды: олардың бір

бөлігі (К. Бюлер, Э. Сепир, Г. Гийом) тілдің басты функциясы таным деп білсе, қалған бөлігі (Ш. Балли, ван Гиннекен, М. Бреаль) – эмоцияны білдіру функциясы деп білді. Осыған орай, М. Бреальдің пікіріне сүйенсек, сөз тек сипаттау, талқылау және баяндау үшін ғана жаратылмаған, сонымен қатар ешбір қарым-қатынас эмоциялардың сүйемелдеуінсіз жүзеге аспайды деп тұжырымдаған. Қазір лингвисттердің басым бөлігі сөзде эмоционалдылық компоненттерінің болуын растайды және сөйлеу стилистикасының сөйлеушінің эмоционалды халіне байланысты екенімен келіседі. Эмоциялар лингвистиканың зерттеу нысаны болғандықтан, басты назар эмотивті мән-мағынада болды. Яғни, тілдің, сөздің, сөйлемнің, мәтіннің эмотивтілігі тіл білімінің жаңа бағыты – эмотиологиямен зерттеледі [Зуева, Е.А., 2006. С. 148-154].

Эмоцияларды зерттеу амалдарының маңыздылығы когнитивті факторлармен бірге жүреді. Когнитология ғылымы эмотиологиямен тығыз байланысты. Бұл бүкіл когнитивті процесстердің эмоциялармен жұптасқандылығымен түсіндіріледі. В.И. Шаховский эмоциялардың сөздерде өз орнын табуы – бұл эмотивтілік теориясының семантикалық ерекшелігі деп тұжырымдайды. Барлық тілдерде эмотивті лексика бағалау белгісіне қарай жағымды және жағымсыз деп бөлінеді, жағымсыз эмоциялар жағымды эмоцияларға қарағанда көлемі жағынан басымырақ. Алайда жағымсыз эмоциялар жағымды эмоцияларға қарағанда азырақ қолданылады. Бұл жайт барлық халықтар мен мәдениеттерде байқалатындықтан, нәтижесінде,эмоционалдылық жүйесінің ұқсас екендігін қорытындылауға мүмкіндік береді. Жағымды эмоциялар саны жағынан аз болғанмен, көп қолданысқа ие. Психологиялық тұрғыдан бұл адамзат қарым-қатынаста өзара түсіністікке ұмтылуынан туған эмоциялар деп ойлаймыз.

Эмотиология когнитологиядағы эмоциялар туралы ақпараттарды қолдануда және эмоциялардың өзіндік лингвистикалық концепциясын әзірлеуде. Біздің ойымызша, оның осы уақытқа дейін лингвистикалық тұжырымдамалардың арасында болмауы лингвистикаға зерттеу нысаны ретінде кеш енгендігінен.Эмоциялардың тілдегі қолданысы, прагматикасы, қарым-қатынастық қызметі лингвистикалық, лингвомәдениеттану, әлеуметтік тіл білімі тұрғысынан қарастырылуы керек. Себебі, эмоция – мәдениет пен адам факторының тілдегі көрініс табатын элементтерінің бірі [Шаховский В.И., 2008, 416 с].

Сонымен, жоғарыда айтылғандай, адамдардың сан алуан қажеттіліктерінің орындалып не болмаса орындалмауына байланысты туатын эмоциялар жағымды және жағымсыз болып екіге бөлінеді. Ғ.Қ. Иманалиева «Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар» атты еңбегінде, адамның психикалық және көңіл-күй жағдайына әсер ету күшінен пайда болған эмоцияларды әлсіз және күшті эмоциялар деп бөледі. Мәселен, сағыныш, уайымәлсіз эмоция да, ашу, ыза, қуаныш, шаттық күшті эмоциялар тобына кіреді. Жағымды және жағымсыз эмоцияларда бір-біріне қарсы сезімдерден туындайды. Мысалы, сүйіспеншілік пен өшпенділік, ризашылық пен наразылық. Бір адамның дауыс ырғағын көтеріп интонациямен сөйлеуі, мысқылдап күлуі, жақтырмауы не болмаса менсінбеуі адам көңілін түсіретін болса, жолының болғыштығы, ауа-райының қолайлығы, мәселелерінің шешім табуы адамды қуанышқа кернейді. Жағымды эмоцияға қуану, сүйсіну, қызығу, шаттану секілді сезімдер кіретін болса, жағымсыз эмоцияларға қорқу, ашулану, кектену, сияқты эмоциялар жатады [Иманалиева Ғ.Қ.,2011.255б]. М.И. Черемисинаның ойынша, әрбір орындалып біткен іс-әрекеттен кейін түрлі эмоциялар пайда болады. Автордың пікірінше эмоция күші мен белгісі адамның көздеген мақсатына жетуіне тікелей байланысты[Черемисина М.И., 1979, С 13-17].

Тілімізде көркем шығармалардағы эмоционалды лексиканың қолданулы ерекшеліктері де арнайы зерттеу нысанына айналды. Х.М. Нұрмұқанов «Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведении М. Ауезова» атты кандидаттықдиссертациясында эмоциялардың тілден көрініс табу жолдары туралы сөз қозғайды. Біріншісі, эмоцияның сөз семантикасында тікелей болуын (қарағым, жаным), екіншісі сөздің ауыспалы мағынада қолданылуындағы эмоциялық ренктің болуы (өгіз), үшіншісі ешқандай мағынасы жоқ сөздердің де (тырралай) эмоциялық мәні болатынын атап көрсетті [Нұрмұқанов Х.М., 1969].

Ғ.Қ. Иманалиева жоғарыда айтылған еңбегінде, эмоционалды тілдік бірліктер барлық сөз таптарында,әсіресе, одағайларда кездесетіні туралы сөз қозғайды. Олар адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіреді. Осы қызметтеріне қарай автор одағайларды 3 топқа бөледі: 1) жағымды эмоция білдіретін одағайлар тобы, 2) жағымсыз эмоция білдіретін одағайлар тобы, 3) әрі жағымды әрі жағымсыз эмоция білдіретін одағайлар тобы. Жағымды эмоцияларды білдіретін одағайлар қатарына: Алақай! Бәлі! Бәрекелді! және т.б., жағымсыз эмоцияларды білдіретін топқа: Әттең! Қап! Пішту! және т.б. сияқты

одағайлар кіреді. Кейбір одағайлар көп функционалды болып келеді. Олар әрі жағымды әрі жағымсыз эмоциялар қызметін атқарады. Мысалы, «ай» одағайы таң қалуды, ал кейбір жағдайларда қорқуды білдіріп тұрады. Бұлардың қай мағынада қолданылып тұрғанын тек контекстке қарап ажырата аламыз. Мысалы,

1) Досан таңырқап қарап отырып:

– Ай, тегі пенде болмассың, сайтан шығарсың! – деді. (І. Жансүгіров)Автор бұл мысалда кейіпкердің таң қалуын сипаттайды.

2) – Ай, ер-ай! Неге соғар екенсің! (І. Жансүгіров). Бұл сөйлемнен кейіпкердің уайымдап қана қоймай, сонымен қатар болашақта неге тап болар деген үрейін, қорқыныш сезімін байқаймыз.

Адам түрлі эмоция салдарынан қимыл-қозғалыстар мен ым-ишара жасайды. Жағымды және жағымсыз эмоциялар әсерінен бір орында тұра қалу, қаша жөнелу, секіру, жүгіру сияқты күтпеген қозғалыстар жасауы мүмкін. Оның денесінің тепе-теңдігі де эмоциядан хабар береді. Паралингвистикалық амалдар күшті эмоция кезінде болады. Дауыс ырғағы, фонациялық тәсіл және интонация компоненттері де сөйлеушінің эмоциялық күйінен хабар береді. Яғни, ақпараттың жеткізілуіндегі дауыстың ерекшелігі маңызды фактор болып табылады [Иманалиева Ғ.Қ., 2011. 255б].

Негізінде сөздің мағынасы тікелей таным теориясымен байланысты. Сөздің мағынасы құбылыс не болмаса болып жатқан жайттар туралы толық түсінік пайда болған соң қалыптасады. Сөз мағынасының ауысуы, дәлірек айтқанда, сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы жағымды және жағымсыз эмоцияларды білдірудің тағы бір таптырмас жолы. Мәселен, жануарлар атауымен жағымды және жағымсыз эмоциялар білдіру үшін ауыспалы мағынада қолданамыз. Бұл күнделікті тұрмыс-тіршілікте жиі кездесетін жайт. «Иттің баласы!», «Хайуан!» секілді жағымсыз эмоцияларды білдіретін лексикалық бірліктер бұл жануарлардың мінезі мен сырт-пішіні ерекшеліктері сияқты қасиеттерін пайдалана отырып, өмірде болып жатқан жайттар мен қарым-қатынастар негізінде пайда болған. Ит, шошқа, хайуан, т.б. жағымсыз эмоцияларды білдіретін тілдік бірлік ретінде қолданылса, қазақта жағымды эмоцияны білдіретін жануарлар атаулары да бар. Мысалы: «Ботақаным!»,»Балапаным!»,»Қозым!»,»Қос қарлығашым!»,»Құлыным!» – бұл лексикалық бірліктер еркелету, көңілді марқайту мақсатында айтылады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, кейбір ғалымдардың пайымдауынша, табиғаты жағынан жағымсыз эмоциялар саны жағымды эмоциялар санынан анағұрлым басымырақ болады екен. Жағымсыз эмоция түрлері тұрмыстық-қарапайым лексикада өте жиі кездеседі. Тұрмыстық-қарапайым лексикада адамды кемсіту, кекету, мұқату, не болмаса зат құнын төмендету мақсатында қолданылатын дөрекі, тұрпайы сөздер бар. Мысалы: «салпаң құлақ», «су мұрын», «мыртық», «таз бас» және т.б.

Адам баласының қоғамдағы және үй ішіндегі ара-қатынасынан туындаған достық пен дұшпандылық, жақсылық пен жаманшылық қатынасынан да жағымды және жағымсыз эмоциялар туады. Бұл алғыс және қарғыс мағынасында айтылған тілдік бірліктер. Алғыс және қарғыс мағынада айтылған сөздер адамның істелген іске ризашылығынан, көңілінің толып-толмауынан туындайтын сөздер. Қарғыс мағынада айтылған сөздер біреуге айтылған реніш, өкпе, ызадан туған жаман тілек десек, ал бұл жағдайға қарама-қайшы сипатта айтылған сөздер мен тіркестер, яғни қуаныштан, ризашылықтан айтылған сөздер алғыс болып табылады. Мысалы:»Көзің аққыр!»,»Жаның шықсын!»,»Желкең үзілгір!»(қарғыс) «Мың жаса!»,»Құдай тілеуіңді берсін!» (алғыс). Қазақтың бойына туа біткен қасиеттердің бірі – бұл жасаған жақсылықты істеген адамға сырттай не болмаса көзінше алғысын айтып отыра жағымды эмоциясын білдіріп отырған. Тілек айту, бата беру, құттықтау мен алғыс айту мән-мазмұны мен қолданысында өзіндік ерекшеліктері болғанымен бәрі жағымды эмоциялар қатарына кіреді [Иманалиева Ғ.Қ., 2011. 255б.].

Қорытынды

Эмоцияларға қатысты айтылғандарды қорытындылай келе, эмоцияның сана мен тілдік мінез-құлқының негізі екендігіне ешқандай күмән жоқ. Себебі ешбір қарым-қатынас эмоциясыз болмайды. Адами эмоциялардың зерттеу кілті бұл – тіл. Ол эмоцияларды атайды, сипаттайды, ынталандырады, бағалайды, категорияландырады және т.б. Әртүрлі тілдердің материалдары негізінде эмоцияны лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде оның көптеген аспектілері мен мәселелері, қырлары анықталды. Эмоция лингвистиканың түрлі теориялық парадигмаларында: прагмалингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, т.б. даму перспектива-

лары белгіленді.Тіл білімінде эмоционалдылық құбылыс тілдік бірлік ретінде қарастырылса да, әлі ашылмаған қырлары мен шешімін таппаған мәселелері баршылық.

Әрине, эмоциялар БАҚ, саяси, тұрмыстық және басқа да қарым қатынастар сияқты бүкіл коммуникативтік кеңістікті жаулап алды. Тілдік сана мен ойлаудың маңызды компоненттеріне айналды және бұл көрініс бүкіл мәдениет пен тілдерге тән. Бұл жайт қарқынды жаһандық өзгерістермен түсіндірілмек.

Жағымды және жағымсыз эмоцияларға келер болсақ: «Ура!»,»Алақай!» одағайлары ешқандай жағдаятқа немесе дауыс ырғағы мен контекстке қарамастан тек жағымды эмоцияларды білдіреді. «Қап!»,»Әттең!» одағайлары тек жағымсыз эмоцияларды білдіреді. «Ойбай!»,»Япырмай!» одағайлары әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияларды білдіреді. Эмоцияның қай түріне жататындығын білу үшін ең алдымен контексттің, жағдаяттың және дауыс ырғағының көмегіне жүгінеміз. Эмоциялардың жағымды және жағымсыз түрлерін білдірудің жолдарының бірі сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы. Жағымсыз эмоция қарапайым-тұрмыстық лексикада да жиі қолданылады, жағымды және жағымсыз эмоцияның күші алғыс және қарғыс мағынасында айтылған лексикалық бірліктер арқылы байқалады.

Эмоционалдық процесстер философия, психология ғылымдарында ертеден қарастырылып келеді, алайда лингвистикалық тұрғыда аталған ғылымдармен салыстырғанда кеш зерттеле бастады. Эмоция лингвистикасы терминдері бірқалыпты жүйеге түспегендіктен, осы бағытта әлі де зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. Монография. Алматы: Қазақ университеті. – 2011. – 255 б.

2. Зуева, Е.А. Эмоции как объект лингвистических исследований // Е.А. Зуева ; БелГУ // Иностранные языки в профессиональном образовании: лингвометодический контекст : материалы межвуз. науч.-практ. конф., Белгород.–2006. //Белгор. ун-т потреб. кооперации. – Белгород. – 2006. – С. 148-154.

3 .Нұрмұқанов Х.М. Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведении М. Ауезова. Автореф. диссерт.канд.филол.наук. – Алма-Ата. – 1969.

4. Нұрпейісов Ә. «Қан мен тер». Трилогия. 1-том. – Алматы: Жазушы баспасы. – 2004. – 472 бет

5. Черемисина М.И. Экспрессивнй фонд и пути его изучения. //Актуальные проблемы лексикологии и словообрвзования. Новосибирск. 1979 г. Выпуск VIII. С 13-17.

6. Шаховский В.И. Лингвистическая теория эмоции. Монография. – Москва. – 2008. – 416 с.

7. Bessemers M., Wierzbicka A. emotion terms as a window on culture, social psychology and subjective experience \\ Язык и эмоции: номинативные и коммуникативные аспекты: Сборник научных трудов к юбелею В.И. Шаховского. – Волгоград. – 2009. – С.14-31.

ӘОЖ: 811.581’36: 811.581’25

ҚАЛИБЕКҰЛЫ ТОЛҚЫН
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДА

Түйін. *Жазуға тән шартты таңба болып табылатын тыныс белгілері жазба тілде де, ауызша сөйлеуде де маңызды қызмет атқарады.*

Барлық тілде тыныс белгілері атқаратын қызметі жағынан негізінен ұқсас болып келеді. Дегенмен әр тілдің өзіндік табиғи ерекшеліктері және оларды түсіндіруде сол тілде ғана ұшырасатын тыныс белгілері және олардың белгілі бір бейімделген қызметтері болады. Мақалада қытай тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қолданылуы, терминологиясы қарастырылып, қытай тіліндегі тыныс белгілеріне қатысты лингвистикалық терминдердің оқу құралы мен сөздіктердегі қазақша аудармаларына талдау жасалды.

Түйінді сөздер: *қытай тілі білімі, тыныс белгілері, сөйлем, аударма, термин.*

Резюме. *Знаки препинания, являясь одним из символов письма, важны как для письменного, так и для разговорного языка.*

Во всех языках знаки препинания по сути одинаковы. Однако каждый язык имеет свои естественные особенности и знаки препинания в своей интерпретации, а также свои специфические адаптивные функции. В статье рассматриваются виды и использование знаков препинания в китайском языке, терминология, анализ казахских переводов лингвистических терминов, связанных с пунктуацией в китайских учебниках и словарях.

Ключевые слова: *китайская лингвистика, знаки препинания, предложение, перевод, термин.*

Summary. *Punctuation marks, being one of the letters, is important for both written and spoken language.*

In all languages, punctuation marks is essentially the same. However, each language has its own natural features and punctuation in its interpretation, as well as its specific adaptive functions. The article discusses the types and use of terminology in Chinese, analysis of Kazakh translations of linguistic terms related to punctuation in Chinese textbooks and dictionaries.

Keywords: *Chinese linguistics, punctuation marks, sentence, translation, term.*

Кіріспе

Тыныс белгілері – жазу тіліне қызмет ететін шартты таңбалар, олар әліпбиге енбейтін графикалық таңбалар болып табылады. Тыныс белгілері мәтіннің құраушы бөліктерінің арасындағы құрылымдық-мазмұндық ұйымдасуды қамтамасыз етіп, ойды дұрыс түсінуге және дұрыс жүйелеуге мүмкіндік береді.

Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтпақшы ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуы тиіс [Сыздық Р., 2000, 3 б.].

Тыныс белгілерін дұрыс қоя білу синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тыныс белгілері сөйлеудің, сөйлемнің қандай бөлшектерден құралатындығын, оларды қандай ырғақпен, қандай мәнермен, қандай сазбен оқу керектігін, қай жерде үзіліс, қай жерде кідіріс барлығын байқату қызметін атқарады [Қордабаев Т., 1995,159 б.].

Тыныс белгілері әмбебаптық сипатқа ие болып келеді. Дегенмен бұл үзілді-кесілді пікір емес, өйткені әртүрлі тілдерде қолданылатын тыныс белгілері таңбалық тұрпаты жағынан бірдей болып келгенімен, қолданыстық жағынан келгенде олардың әрқайсысының өзіне ғана тән қызметтері болуы мүмкін. Әсіресе, мұндай ерекшелік қытай және қазақ тілдеріндегі тыныс белгілерін салғастырмалы талдауда анық байқалады. Мысалы, қытай тілінде үтірше (үтірден бөлек таңба), аралық белгі, дәріптеу белгісі, арнаулы атаулар белгісі, кітап аттары белгісі сияқты тыныс белгілері бар.

Негізгі бөлім

Тыныс белгілері – жазу тілінде қолданылатын көмекші құрал. Оқушы тыныс белгілерінің көмегі арқылы сөйлемнің құрылымдық ерекшелігін танып, айтылу сазын айырып, жазылған материалдың мазмұнын дұрыс түсінуге мүмкіндік алады. Сондай-ақ сөйлеуші өзінің айтайын деген ойын, сезімін нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізеді, басқалардың ойын да дұрыс түсіне алады.

Тыныс белгілері мүлде қойылмаған немесе қате қойылған сөйлемді оқу да, оның мағынасын түсіну де қиын. Мысалы: 不是我的错不是我的不对 деген сөйлемге ешқандай тыныс белгісі қойылмаған. Бұл сөйлем екі түрлі мағынаны білдіреді: біріншісі – «**Мен** қателік жасадым, жауапкершілікті өз мойнымма алуым керек», екіншісі – «**Мен** қателік жасамадым». Сөйлемге тыныс белгілерін қойсақ, сөйлем құрылымдық және мағыналық жақтан өзгеріп шыға келеді:

不是我的错，不是我的不对。

不，是我的错；不，是我的不对。

Қытай тіл біліміндегі тыныс белгілерінің атқаратын негізгі қызметтері:

1) сөйлемнің айтылу сазына қарай түрлерін ажырату. Сөйлем түрлі интонациямен айтылады. Сөйлем интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті болып бөлінеді. Сөйлемді ауызша айту кезінде дауыс ырғағының жоғары не төмен, көтеріңкі немесе бәсең болып өзгеруі түрлі интонацияны білдіреді. Жазуда әртүрлі тыныс белгісі қойылады. Мысалы:

他会唱歌。 他会唱歌？ 他会唱歌！

Осы үш сөйлемнің құрамындағы сөздер ұқсас, бірақ сөйлемнің соңында қойылған тыныс белгілері ұқсамайды. Бірінші сөйлем хабарлы интонацияны, екінші сөйлем сұраулық интонацияны, үшінші сөйлем лептік интонацияны білдіріп тұр.

2) сөйлемнің құрылымдық ерекшелігін көрсету. Тыныс белгілерінің қолданылуы сөйлемнің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Сөйлемнің ішінде жасалған дауыс кідірісі ұқсас болмаса, қойылатын тыныс белгілері де ұқсамайды, мағыналары да бірдей болмайды. Мысалы:

他喜欢我不喜欢？ Ол мені ұната ма, ұнатпай ма?

他喜欢，我不喜欢？ Ол ұнатады, мен ұнатпаймын ба?

他喜欢？我不喜欢。 Ол ұната ма? Мен ұнатпаймын.

他喜欢? 我不喜欢? Ол ұната ма? Мен ұнатпаймын ба?

他喜欢我？不喜欢。 Ол мені ұната ма? Ұнатпайды.

他喜欢我不？喜欢。 Ол мені ұната ма, ұнатпай ма? Ұнатады.

Бұл берілген алты сөйлемнің құрамындағы сөздер де, қойылған тыныс белгілері де ұқсас, алайда тыныс белгілерінің қойылған орындары бірдей емес, сондықтан сөйлемдер мағыналық тұрғыдан да әртүрлі.

爸爸、妈妈上班去了。

爸爸，妈妈上班去了。

爸爸：妈妈上班去了。(剧本中的台词драмалық шығармадағы кейіпкердің сөзі).

Жоғарыдағы үш сөйлемнің құрамындағы сөздер де, дауыс кідірісі жасалған орындары да бірдей болғанымен, қойылған тыныс белгілері ұқсамайды, сондықтан сөйлемдердің мағыналары да әртүрлі. Сөйтіп, құрылымдық жағынан ешбір айырмашылығы жоқ үш сөйлемнің мағыналық тұрғыдан үш түрлі болып келуі жазудағы тыныс белгісінің үш түрлі болуымен байланысты.

3) сөз бен сөз тіркесінің мағынасы мен қызметін айқындау. Кейбір сөздерге тыныс белгілері қойылғаннан кейін ол сөздердің нені білдіретіндігі анық байқалады. Мысалы:《孔乙己》。Бұл арада 孔乙己 (Kǒng Yǐjǐ) деген кісінің атына тыныс белгісі, яғни кітап аттары белгісі қойылғандықтан, 《孔乙己》(«Кун И-цзи») әдеби шығарманың аты дегенді білдіріп тұр.

Қытай тіліндегі тыныс белгілері: нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, үтір, үтірше, нүктелі үтір, қос нүкте, тырнақша, жақша, кітап аттары белгісі, сызықша, көп нүкте, байланыстыру белгісі, аралық белгі, дәріптеу белгісі, арнаулы атаулар белгісі және кітап аттары белгісі.

Біз қытай тіліндегі түр-тұрпаты мен қолданылуы өзгеше, қазақ тіліндегі аудармасы бірізге түспеген тыныс белгілеріне ғана тоқталамыз:

Нүкте句号jùhào (。). Қытай тілінде нүкте « 。 » белгісі арқылы беріледі. Бұл белгі байырғы қытай тілінен келген. Нүкте аяқталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемдерден соң қойылады: 阿拜 • 库南巴耶夫是哈萨克伟大的诗人。Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны.

Бәсең дауыспен айтылған бұйрықты сөйлемдерден кейін де нүкте қойылады:

请你再说一遍。Тағы бір рет қайталап айтыңызшы.

Қытай тілінде нүктенің тағы бір түрі бар, яғни кішкентай нүкте (·), бұл тыныс белгісі әдетте, ғылыми әдебиеттерде қолданылады.

Сұрау белгісі问号wènhào (？). Сұрау белгісінің басты қызметі – сөйлемнің аяқталғандығын

білдіріп, оны басқа сөйлемдерден ажыратып көрсету және сөйлемнің мағыналық жағынан сұраулы сөйлем екендігін таныту. Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады: 你叫什么名字？ Сенің атың кім?

Ескеретін жайт: Құрамында 谁 (кім), 什么 (не, немене), 怎么 (қалай, қайтіп) т.б. сұраулық сөздері бар сөйлемдер сұраулы сөйлем бола бермейді, сондықтан оларға сұрау белгісі қойылмайды:

我知道他姓什么。(Сөзбе-сөз: Мен білу ол фамилия кім) Мен оның фамилиясын білемін.

Сұрау есімдікті сұраулы сөйлемнің құрамында сұраулық есімдіктер, сұраулық демеуліктер жұмсалса да, жұмсалмаса да, тұтас сөйлемнің соңынан сұрау белгісі қойылады. Құрамында қанша сұраулы сөйлем болса, сонша сұрау белгісі қойылады:

除了他能去，谁还能去呢？你吗？你能去吗？我看你不能去吧?

Одан басқа, тағы кім бара алады? Сен ше? Сен бара аласың ба? Менше, сенің баруыңа болмайтын шығар?

Леп белгісі感叹号 gǎntànhào (！). Леп белгісінің негізгі қызметі – сөйлемнің аяқталғандығын білдіру, сонымен қатар сөйлемнің лепті сөйлем екендігін көрсету. Леп белгісі лепті сөйлемдерден кейін қойылады:

我多么想看看她! Мен оны қатты көргім келеді!

啊，原来如此! А, бәсе, солай екен ғой!

Көтеріңкі дауыспен айтылған бұйрықты сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойылады: 不许动！举起手来! Қозғалма! Қолыңды көтер!

Екі одағай сөз қатар келсе, әдетте соңындағы одағай сөзге леп белгісі қойылады: 啊，啊！春天来了。Ehe-hей! Көктем келді!

Лепті сөйлемдердің құрамындағы сөздер (немесе сөйлем мүшелері) инверсия жасалып айтылғанда, сөйлемнің ортасынан үтір, соңынан леп белгісі қойылады:

这最后一课，我真永远忘不了! (Сөзбе-сөз: Бұл ең соңғы сабақ, мен шынымен мәңгі ұмыта алмау) Ең соңғы сабақты мен ешқашан ұмытпаймын!

多漂亮啊，这朵花儿! (Сөзбе-сөз: Қандай әдемі, мына шоқ гүл!) Мына гүл қандай әдемі!

Үтір逗号 dòuhào (，). Үтір сөйлемнің ішіндегі дауыс кідірісін білдіреді. Үтір жай сөйлемдерді, ондағы сөздерді немесе сөз тіркестерін бір-бірінен бөлу үшін қолданылады. Үтір – функцияға ең бай белгі. Ол жазуда өте жиі қолданылады.

Үтірдің қолданылатын орындарды төмендегідей:

1) Үтір бастауыш пен баяндауыштың арасына да қойылады:

他，就是北京大学的校长。Ол – Бейжің университетінің ректоры.

我们大家吃饭用的碗，大部分是陶瓷碗。

Біздің тамақ ішетін ыдыстарымыздың басым бөлігі – керамикалық ыдыстар.

小孩子养成洗手的习惯，很好。

Кішкентай балалардың қол жуу әдетін қалыптастыруы – өте жақсы.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына, әдетте, үтір қойылмайды. Жоғарыда келтірілген мысалдардың құрамындағы бастауыш пен баяндауыштың арасына үтір қойылуының себебі: біріншіден, сөйлемде бастауышты басым мағынада айту үшін, екіншіден, сөйлемде бастауыш шұбалаңқы болғандықтан, үшіншіден, сөйлемде бастауыш предикативті тіркестен болғандықтан үтір қойылған.

2) Бастауыш пен баяндауыштың орны ауысқанда, баяндауыштан кейін үтір қойылады:

出来吧，你们。Бері шықсаңдаршы, сендер.

3) Үтір сөйлемнің басында келген пысықтауыштан кейін де қойылады:

现在，我该走了。(Сөзбе-сөз: Қазір, мен керек кету) Менің қазір кетуім керек.

4) Пысықтауыштар пысықтайтын сөзінен қашықтап, инверсия жасалып айтылғанда үтір қойылады: 他走过来了，悄悄地，慢慢地。(Сөзбе-сөз: Ол жүріп келді, еппен, ақырын) Ол еппен ақырын-ақырын жақындап келді.

5) Анықтауыштар анықтайтын сөзінен алшақ, инверсия жасалып айтылғанда үтір қойылады: 房后河边上有许多好看的石子儿，红的，黄的，粉的。Үйдің артындағы өзеннің бойында көптеген әдемі ұсақ тастар бар: қызыл, сары, қызғылт түсті.

6) Үтір сөйлемнің құрамындағы салаласа байланысқан сөз тіркестерін бір-бірінен бөліп тұрады: 这孩子聪明，伶俐，又好学习。Бұл бала ақылды, қағылез және оқуға ынталы.

7) Үтір сөйлемдегі қыстырма сөздердің соңынан кейін, оқшау сөздердің алдынан немесе соңынан қойылады:

你想想，你做得对不对？ Ойланшы, сенің істегенің дұрыс па, бұрыс па?

这么晚了，我想，他不会来了。Тым кеш болып кетті, меніңше, ол келмейді.

8) Көтеріңкі интонациясымен айтылмаған (немесе басым мағынада айтылмаған) одағай сөздерден кейін үтір қойылады: 嗯，我知道了。Иә, Түсіндім.

9) Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады:

尽管失败了，可他没有灰心。Сәтсіздіке ұшыраса да, сенімін жоғалтқан жоқ.

10) Үтір байланыстырушы дәнекер сөздердің соңынан да қойылады:

时间短，任务重，但是，我们有决心按期完成任务。

Уақыт аз, жүктелген міндет ауыр, бірақ, міндетті уақытында орындауға сенімдіміз.

Қытай тілінде үтірден басқа сөйлем ішіндегі дауыс кідірісін білдіретін тыныс белгілері – үтірше, нүктелі үтір және қос нүкте. Олардың әрқайсысының арнаулы қызметі бар.

Үтірше顿号dùnhào (、). Үтірше сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады, яғни сөйлемнің бірыңғай мүшелерін, салаласа байланысқан сөз тіркестерін бір-бірінен бөлу үшін қолданылады. Бұл жағдайда үтірше бірыңғай мүшелер арасында азырақ кідіріс барын білдіреді: 她美丽、大方、纯洁、开朗、贤淑。Ол – сұлу, ақкөңіл, пәк, ашық-жарқын, мейірімді қыз.

Ескерер жайт: Бірыңғай мүшелердің соңынан 啊， 哇， 啦， 呀 т.б. демеулік шылаулары қосылып айтылғанда, үтірше қойылмайды, үтір қойылады:

她兴趣很广, 什么唱歌呀, 跳舞呀, 打球呀, 她都喜欢。 Оның хоббиі көп: ән айту дейсің бе, би билеу дейсің бе, доп ойнау дейсің бе, ол осылардың барлығын жақсы көреді.

Үтірше реттік сандардан кейін де жиі қойылады:

一、二、三、…… 甲、乙、丙、……

Үтірше араб цифрымен жазылған жыл, ай, күннің ара-араларына да қойылады. Мысалы: 2020、3 、8. Араб цифрымен жазылған жыл, ай, күннің арасына байланыстыру белгісі де қойылады: 2020-03-08.

Қытай тілінде үтір де сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасындағы кідірісті білдіреді, бірақ үтіршеге қарағанда оның білдіретін кідірісі көбірек болады.

Бұл тыныс белгісі қазақ тіліне әртүрлі аударылып жүр.

М.Ілікеновтің «Ханзуша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде» бұл атауды «дұнхау, үтірше» деп берген [Ілікенов М., 1984, 55 б.].

Д.Назари «Ханзуша-қазақша тіл ғылымы атауларының салыстырмалы шағын сөздігінде» бұл атауды қазақшаға аудармай «дұнхау (ханзу тілінде сөйлемдегі бірыңғай мүшелер арасына қойылатын белгі» деп берген [Назари Д., 1985, 94 б.].

Д.Мәсімханұлы мен А.Әбиденқызының «Қытайша-қазақша үлкен сөздінде» 逗号-ды да, 顿号-ды да «үтір» болып аударылған [Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А., 2017, 185 б.; 193 б.]. Қытай тілінде 逗号 (үтір) мен 顿号 (үтірше) – бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі тыныс белгісі. Оларды бірінің орнына бірін қолдануға болмайды.

Т.Қалибекұлының «Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігінде» 顿号 «үтірше (、) (қытай тіліне тән тыныс белгісі)» деп берілген [Қалибекұлы Т., 2018, 64 б.].

А.Кенжебаеваның «Қытайша-орысша-қазақша-ағылшынша филология терминдері сөздігінде» «сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасына қойылатын үтір» деп берілген [Кенжебаева А., 2017, 29 б.]. Автордың «сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасына қойылатын үтір» деп атауына келісу қиын.

Жеті қанат боз үй.Қазақ баспанасы – киіз үйдің бірнеше түрі бар. Оларды сыртқы көрінісі мен көлеміне қарап ажыратады. Көшпелі киіз үйлер алты дөңгелекті арбаның үстіне орнатылған күйі бір жерден екінші жерге көшіп жүретін болған. Бұл туралы: «Наряду с юртой широко использовались при перекочевках неразборные жилища на повозках. Масуд бен Осман Кухистани сообщал, что кочевники обитали в жилищах на колесах, которые он называл «идущими палатками и шатрами». Судя по более полным описаниям таких жилищ Рузбиханом, форма их была различна. «Дома их... построенные по форме арб, поставлены на колесах, подобные небесной сфере». «Дома их, сделанное из деревьев, возвышаются ввысь, подобно двордцам... Стены их, сделанные из белого тополя, очень крепкие... Кибитку сверху покрывают войлогом разнообразной и редкосной окраски и овечьими шкурами. В них проживают султаны и знатные из казахов. Спереди и сзади этих кибиток устроены дверцы [Востров В.В., Захарова И.В.,1989,23-24].

Қазақ қоғамында киіз үй өнердің үздік үлгісі ғана емес, әрбір қазақ баласының беделі, байлығының көрсеткіші болып табылады. Хан-сұлтандардың, би-болыстардың, бай-манаптардың алыстан көзтартатын ақ орда, көк орда, ақ шаңқан үй, ақ үй, ақ отау, ақ боз үй, ақ тығыр, боз үй деп аталатын түрлері болған. Бұдан бөлек әлеуметтік топтарға тиселі қараша үй, қызыл отау, қара үй, қоңыр үй, лашық, сары үй деген атаулары қалыптасқан. Киіз үйді көшпелі өмір салтына ыңғайлы етіп 4, 5, 6, 7, 8, 10 қанатты және той салтанаты мен түрлі ас-жиын өткізу үшін 12, 14, 16 қанатты етіп жасалған. Кейбір зерттеулерде 24 қанатты киіз үйдің болғандығы, ондай үйлердің уығын ат үстінде тұрып байлайтыны туралы айтылады. Қазақтың Хан Орда, Хан Шатыр, Ақ Орда, Орда деп аталатын түрлері осындай көлемдегі үйлердің қатарына жатады. «Ақ орда – қазақ хандары мен сұлтандарының үйші шеберлерге арнайы жасататын, аса салтанатты, ақ, боз түсті киіз үйлері. Халық арасында мұндай үйді Орда деп те атай берген. Жалпы орда аталатын үйдің бәрі алыстан көзге түсіп тұратын ақ, ақ шаңқан, ақ боз, боз түсті киізбен жабылған. Мәселен, он төрт қанатты ақ боз үйін «Орда» деп атаған. [Энциклопедия, 2014,129] . Ал романда айтылған үйді жеті қанатты етіп суреттеуі, бір жағынан, көш жағдайы мен арба үстіне орналасу ыңғайлылығына байланысты, екінші жағынан, сұлтанның әл-ауқатын көрсету мақсаттында, соңында жеті санына қасиет телу мазмұнында болса керек.

Жалпы киіз үйдің әр бөлшегі көшпелі өмір салтына ыңғайлы етіп арнайы есеппен, математикалық дәлдікпен, наным-сеніммен ұштастыра жасалған. Мысалы шаңырақтан түскен күн сәулесінің шуағы уақыттың көрсеткіші бола алған. Бұл – астраномиялық біліммен байланыстырылады, яғни адам мен табиғаттың үндестігін көрсетеді. Бұдан бөлек күлдіреуіштерінің айқасуы (+ белгісімен) дүниенің төрт бөлігін білдіреді. Бұдан бөлек тепе-теңдік, бүтіндік, төрт құбыласының түгендігі, төрт түлігінің сай болуы – шаңырақтың символдық мәнін толықтыра түседі. «Дүние кеңістігінің дәл ортасында тұрмыз деп түсінген көне түркілер өздерінің мекенін сары бояуға салыстырып, Көкбөрінің ұрпағымыз деп есептеген. Мұндай түсініктің белгілері бүгінгі таңда Түркия мемлекетінде тұратын түрік халқында да сақталған. Олар өздерін төрт теңіз, яғни төрт үлкен судың ортасында тұрмыз (шығысынды – Көк көл, оңтүстігінде – Қызыл теңіз, батысында – Егеймен қоса Ақ теңіз, солтүстігінде – Қара теңіз) деп, шығысына – көк, оңтүстігіне – қызыл, батысына – ақ, солтүстігіне – қара бояу символын береді. Ежелгі бабаларымыз

дүниенің төрт бұрышын осылай танығаң [Тәжиев Қ., 2004, 106 б]. Ал шаңырақтың күн секілді дөңгелек болуынан басқа да қазақ халқының тұрмыс-салтында қалыптасқан түсініктер мен ұлттық символға айналған белгілері бар. Мысалы, қазақ қандай қиын заман болса да шаңырағын жұртына тастамаған, киіз үйдің басқа бөліктері ескеріп ауыстырылса да, шаңырақты жаңартпаған және құрастырмай дайын күйінде алып жүрген. Бұл – бабаларымыздың шаңырақты қасиетті санап, кие тұтуының белгісі.

Бір айырма – жармаға түпте тоғыз, алда тіркесе қатарласқан жеті, ең баста екеу – жиыны он сегіз түйе. Адамзат тарихында сан ұғымы пайда болғанға дейін саусақпен санау әдісі қалыптасқан деген пікір айтылады. Осы санаудың негізінде сан ұғымы туып, уақыт өте кеңейе түсті. Бұл пайымдаудың дәлдігіне бабаларымыздың малды түгендеу әрекеттерінің негізі жатыр десек те болады. Себебі ежелгі қазақтар төрт түлік малдарын санамай түгендеген және малдың санын дәл, толық айтпаған. Мұнысы «малға көз тиеді» деп санға қасиет телу болса керек. Дәл осы тектес санауға қатысты наным сақа ұлтында да кездеседі. Сақалар сібір бұғысын қолға үйретуші ретінде олардың санын дәл санау дұрыс емес деп санайды. Бабаларымыз нақты сандардың орнына «үйір», «табын», «отар», «жүз қаралы» деген сияқты сандық мағынадағы сөздерді қолданған. Бұл – сандардың табулық сипаты.

Көне түркі тайпалары «қорадағы малын санағанда, бір-бірлеп шығарып, әр жүздіктен соң, қойдың құмалағын қолдарына қысып отырды. Бұл – жаңылып қалмастың амалы еді» [Тілеубекұлы Т., 2006].

Енді «түпте тоғыз, алда тіркесе қатарласқан жеті, ең баста екеу – жиыны он сегіз түйе» – дегендегі түйенің санына назар аударсақ. Ең баста екеу. Қазақтың танымы бойынша екі саны тіршіліктің негізі болып саналады. Бұл – жұптастыру, толықтыру, қосу. Этногроф Ш. Уәлиханов зерттеулерінде екі санына қатысты біршама ойлар айтылған. Оның айтуынша қазақ әйелінің шаш өрімі екеу болса, оның күйеуге тигенінің белгісі. Ал жалғыз өрім – басы бостықты білдіреді деген. Бұл санның салтқа сіңуі. Және қазақ халқының қыз баласымен тілдеспей-ақ, оның әлеуметтік жағдайынан хабардар болуы үшін жасалған дүние екенін айта кеткен абзал.

Яғни дүниенің бастауы мен халықтың көбеюі осы екі деген сан астарына жасырынған. Көбею басы саналған. Көштегі он сегіз түйенің басын екі түйеге бастатудың да символдық мәні осында жатса керек.

Тірекесе қатарласқан жеті. Жеті саны – әлем халықтарында өзінің символдық мәнімен, киелі мағынасымен ұлттық ұғымға орныққан сан. Жеті санының магиялық сипаты туралы көптеген ғалымдар өз еңбектерінде (Дүсіпбаева Қ.С., Шаһарман Г.П.,Тәжиев Қ. т.б.) оның морфологиялық, астрологиялық, діни, тағы басқа ғажайып сырға ие екенін нақты мысалдармен дәлелдеп, жеті санын «магическая семерка», «сумма мира» деп те атаған [Топоров В.Н., 1982, 294 б]. Күнделікті тұрмыс – тіршіліктен бастап, күрделі жағдайларға дейін қолданыста жүрген бұл санның маңызы ерекше. Бұл санмен байланысты идея халық арасында қалыптанып салт, заң болып кеткендігін толық дәлелдейтін, бір мысал –ол «жеті атадан әрі ғана қыз алысу» заңы. Бертін келе алыс-жақындықтың өлшемі де осы «жетімен» өлшеніп, ең болмағанда әр рудың адамы жеті атасын – бергі шежіресін білуге міндетті болған. Осыдан барып, «жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз қалған.

Халықтың белгілі бір санды қасиетті деп есептеуінің тереңінде сол халықтың өзі киелі деп есептеген санға көп тұрақтағанын білдіруі мүмкін.Жоғарыда атап өткеніміздей, санаудың, санның өзі адамзатпен бірге әсте-әсте дамыды. Яғни бүгін бізге белгілі санның барлығы бір күнде ойлап табыла салған жоқ-ты. Мысалы, қазақтағы «үш» саны қасиетті сандар қатарында. Ол ошаққа байланысты айтылады көбіне. «Ошақтың үш бұты» дейді қазақ. «Үш жүзі» тағы бар. Жалпы қазақ халқының, одан арыдағы түркінің де танымында қасиетті саналған бұл сан – сол бабаларымыздың үйренуге ұзақ тұрақтаған саны болуыықтимал. Сонымен қатар үш бұрыш фигурасы геометриядағы ең берік фигура саналады. Мысалы біздің бала кезіміздің жасап өскен қайық, қағаз қалпақ, қағаш ұшақ секілді ойыншықтарымыздың бәріде үшбұрыштың беріктігіне құрылған. Яғни ошақтың үш бұты, халықтың үш жүзге бөлінуінің астарында берікке, бірлікке деген сенім жатса керек. Бұл санның сокральділігінен бөлек, қазақ халқының математикалық, геометриялық білімінің де жоғарылығын аңғартады.

Жеті саны да сол сияқты. Көш суретіндегі жеті түйе осы мифологиялық жеті санына байланысты деуге толық негіз бар. Жоғарыда біз атаған «саха» халқы бұғыларын осы «жетілік» шектеумен санайды. Яғни бір жеті, екі жеті деген секілді. Бұл да халық түсінігінде, тарихында ұзақ тоқталған сан.

Түптегі тоғыз. «Тоғыз» санының қазақтың ескі салтынан орын тепкенін: бір руды екінші руға, бір кісінің екінші кісіге төлейтін айыбының «бір тоғыз», «үш тоғыз...», «тоғыз тоғыз» болып келуі айқындайды. Тоғыз саны да жеті санына ұқсас, көбіне салыстырмалы түрде көптік, тұрақтылық, киелі мәнімен өзге сандардан ерекшеленіп, рухани мәдениетіміздің әр қырынан көрініс тапқан.

Халық түсінігінің сандарының дамуы барысында жеті санына тоқталған кезде ең көп деген түсінік «жеті» санына тоқталған болса, дами келе енді «тоғызға» жетті. Жоғарыда айтып өткен сақа тайпаларының «жеті» санымен шектелуінің негізінде осы халықтың сандарының дамуы жатыр. Олар, қазақ сияқты бір кездері «жеті» санын ең жоғарғы, киелі деп есептеп, одан ары дамыған жоқ. Осы келтірген ақпараттарға қарап отырып, түркі халықтары сақа халқымен «жеті» санының дамуы кезіне дейін бір халық болып өмір сүрді деуімізге толық негіз бар. Одан ары бұл халықтар бөлініп, әрқайсысы өз даму жолымен кете барды. Тоғыз қазақтағы көптің түйіні болып есептеледі. Көш соңындағы, «түптегі тоғыз түйенің» мәнісі осы жерден шығады. Қазақтың көптік ұғымының «тоғыз» санымен шектелгенін «білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» деген сөзден-ақ байқауымызға болады. Кез-келген дүниеге қазақтың өзінің сөзі мен өзінің мәдениеті жауап беріп тұрады. Бұл қазақ мәдениетінің шырмауықша байланысының айғағы.

Он сегіз түйе. Екі тоғыз қосылып он сегіз болады. Яғни бұрынғы щектеумен айтқан, он сегіз түйе емес, екі тоғыз түйе болмақ.

Үш айыр құйрықты, енсіз қызыл күрең ту. Қазақ қоғамында тудың пайда болуы тікелей жылқының құйрығымен байланысты болған. Ол туралы ел аузында «ту құйрық» деген тіркес қалыптасқан. Бұл туралы Доспамбет жырау «Ту құйрығы бір тұтам, Тұлпар міндім өкінбен» деп жырлайды («Бес ғасыр жырлайды»). Тарихи деректерде, ертегілерде батырлар тұлпарының құйрығын найзасына тағып, ту еткендігі туралы айталады. Уақыт өте келе туды малдың терісінен, кейін қалың матадан жасап, жылқы құйрығын шашақ еткен көрінеді. Ал тудың түсітайпаның, рудың ерекшелігіне, ханның, сұлтанның, батырдың тегіне қарай түрліше бола береді. Мысалы Абылайдың туы ақ, Барақтікі қызыл, Кенесарынікі жасыл. Үзіндіде берілген тудың үш айыр құйрықты болуы үш санының символдық мәнін білдіреді. Әуелі бір мен екінің қосындысы ретінде қандай да бір істің бастамасы мен жалғасын білдірсе, одан бөлек үштік бірлік деген ұғымды аңғартады. Жалпы көшпенділер өмірінде үш санымен байланысты қалыптасқан наным-сенімдер, салт-дәстүрлер, түсініктер өте көп. Үш саны көне түркі тілдерінде «туыстық», «қандастық» және «руластық» мағынасын білдерген. мифтік үш әлемнен Көк (аспан), Жер, Жер асты бастау алалы. Кейбір түркітанушы ғалымдардың (А.М.Щербак, Я.В.Севортян, Б.А.Серебренников) пікірінше, көне түркі ескерткіштерінде үш саны туыстас, қандас, рулас, жақын адам мағынасында қолданылған дейді. Осы тұста біз жоғарыда апат өткен үшбұрыш фигурасының беріктігін тағы еске түсіріп көріңіз.

Қорытынды

Халық басынан өткен ешбір оқиға оның ауыз әдебиетінен көрініс таппай қоймайды. Сондықтан кез келген мифтің, аңыздың тіпті ертегінің астарында тарихи шындық жатқаны талас тудырмаса керек.

Атақты этнограф Л.Штернберг «Этнография негізіндегі алғашқы дін» еңбегінде: «Халықтың тарихы мен танымын фольклорынан тануға болады. Сонымен қатар бұл тұрғыда халықтардың салт-дәстүрі, музыка өнері де назардан тыс қалмауы керек», – деген[Штернберг Л.Я., 1936]. Бұл сөзді толықтыра түсу үшін, халық танымындағы сокральды сандар жүйесін де қосуға болады. Яғни ұлт танымын тану үшін оның фольклорын, музыкасын, салт-дәстүрі мен сокральды сандар жүйесін де зерттеуіміз керек. Сонда ғана зерттеудің төрт құбыласы тек болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қожахметова М. Адам құпия. – Алматы, 1997. – 234б.
2. Мағауин М. Аласапыран: Тарихи роман. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 496б.
3. Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны. – Москва, 1957.
4. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алматы: Наука, 1989. – 181 с.
5. Қазақтың этнографиялық көтегориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014.
6. Тәжиев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Фил.ғыл.кан.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – Түркістан, 2004. –145 б.
7. Тілеубекұлы Т. Сандар әлеміне саяхат.– Қарағанды, Болашақ-Баспа. 2006. –191 б.
8. Топоров В.Н. Числа. Мифы народов мира. Т 2. –М., 1982. – 630с.
9. Штернберг Л.Я. Первобытная религия. Исследования, статьи, лекции. / Издательство института народов севера ЦИК СССР им. П.Г. Сминовича./ – Ленинград. 1936. – 570 с.

RYSKELDINA ANAR ABLAYEVNA
c.p.sc., associate professor of foreign philology department
Y.A. Buketov Karaganda State University

OPPORTUNITIES OF APPLYING THE METHOD OF CRAMMING IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Түйін. *Мақалада білім алушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескеру арқылы, сөздерді жаттап есте сақтаудың нәтижелі әр түрлі әдістері туралы баяндалады. Мақала барысында шетел тілін үйренуде механикалық жаттаудың маңыздылығы айтылады. Қатынас құралы ретінде шетел тілін нақты меңгерудің міндетті шарты оның ойлаумен байланысы. Бұл шетел тілін үйренудегі негізгі ерекшелік. Шетел тілін үйренудің бастапқы кезеңінде жаттау әдісін әр түрлі қарама қайшылықсыз әдістермен қонымды ұштастырып, білім алушылардың жас шамасына, дайындығына, тілді игерудегі психологиялық, физиологиялық жеке ерекшеліктеріне қарай қолдану керек деген қорытынды жасалады. Сонымен қатар әдістерді таңдау оқытушыға да байланысты.*

Түйінді сөздер: *әдіс, оқыту, студент, шетел тілі, процесс, білім, сөйлеу, материал, іс –әрекет*

Резюме. *В статье описываются разнообразные методики для эффективного запоминания слов, учитывающие особенности восприятия информации у обучающихся. По ходу статьи устанавливается, что механическое запоминание полезно в изучении иностранных языков. Связь иностранного языка с мышлением является непременным условием подлинного владения языком как средством общения. Этого требует специфика владения иностранным языком. Делается вывод, что метод зубрежки следует больше применить на начальном этапе изучения иностранного языка, но только в сочетании разнообразных разумных методов, которые не столько противоречат друг другу, сколько взаимодополняют друг друга, соответствующих к подготовкам, возрастными и индивидуальными особенностями обучающихся, знанием психолого-физиологических механизмов, лежащих в основе усвоения языковых средств. Также определено, что выбор соотношения методов зависит и от подхода преподавателя.*

Ключевые слова: *метод, обучение, студент, иностранный язык, процесс, знание, речь, материал, деятельность.*

Summary. *The article describes the various techniques for effective memorizing of words that take into account peculiarities of students perception of information. On the course of the article mechanical memorizing is considered to be useful in the acquisition of foreign languages. Connection of a foreign language with thinking is an indispensable condition of original language proficiency as the means of communication. It is demanded by specifics of foreign language skills. The conclusion is that it is necessary to apply the method of cramming more at the initial stages of learning a foreign language, but only in combination of various reasonable methods which do not as much contradict each other as inter-complement one another, corresponding to the training, age and specific features of students, knowledge of the psychologicaland physiological mechanisms which are at the cornerstone of mastering language means. It is also defined that the choice of a ratio of methods depends on the approach of a teacher.*

Keywords: *method, training, student, foreign language, process, knowledge, speech, activity.*

The method is a way of learning and a way of managing students 'cognitive activities. The most important purpose of teaching methods is the comprehensive formation of a young specialist in the educational process of the university. The University learning process gives a great place to the creative cognitive activity of students, their autonomous work, which is increasingly approaching to the research. Therefore, university learning methods and teaching (cognition) can be seen as a relatively independent, interpenetrating unity. They can be divided into three groups:

1. Methods for the transmission, perception and learning of knowledge (lectures, textbooks, audio and video films, TV shows, consultations);

2. Methods of application and consolidation of knowledge and development of skills and skills (seminars and practical exercises, performance of various written work, practice);

3. Methods of taking into account students 'knowledge and training (ongoing study of students' educational activities, colloquiums, assessments of written work, credits, examinations and defence of final papers) [L.I. Rubinsky, I.I. Kobylyatsky, 1985].

The methods of the first group give not only the opportunity to perceive and absorb new knowledge, but also to consolidate them, to develop intellectual abilities and skills. The methods of the second group during theprocess of the application of knowledge provide an opportunity to consolidate knowledge and develop

skills, while contributing to the enhancement and expansion of knowledge. This division of teaching methods of perception andacquisition, application and consolidation, consideration of knowledge corresponds according to the logic of the educational process in higher school. Meaningful perception leads to conscious learning, and the appropriate application of knowledge provides for strong consolidation and the development of practical, professional learning skills based on them.

The choice of training method at different stages of learning must be different. If at the initial stage of learning a foreign language students accumulate knowledge, at the latter stages they improve the acquired knowledge by applying it in practice.

We will point out the following among the specific patterns of pedagogical provision of memorization, which record leading didactic ideas and regulate the process of learning through its system of principles:

1. Speech formation and development depends on the degree of adaptation to speech activity;

2. Taking functional and stylistic language laws into account in its development provides a communicative basis for speech learning;

3. Development of mutually agreed speech activities on professionally oriented communication needs;

4. Meeting communication needs for professional activities. The interrelationship and unity of learning general and professionally meaningful speech that defines speech development;

5. The continuity of process of training in professionally focused speech, allocation of levels, stages, steps and degree of proficiency of the foreign speech in the course of professional training;

6. Socialization of foreign language speech training at the university. Individual and collective beginnings in learning, subject-subject relationships in learning.

The established patterns determined the choice of the system of principles the realization of which is based on the pedagogical support of professionally oriented foreign-language competences formation as optimization, interconnected teaching aspects of speech activities; communicativeness; taking into account mother tongue, authenticity, dialogue; interaction of teacher and student, and etc.

The principle of professional orientation implies a reliance on factual, linguistic and value aspects (discussion of phenomena of general and world culture; problems of the multicultural world, socio-cultural portraits of different countries in the context of transformations and trends in the socio-cultural space, etc.), which allow to include foreign culture in the real life process of the student as a result of expansion of his intercultural experience.

The principle of interculturalism implies the orientation of foreign language education towards the development of the ability to carry out activities as an educator, translator, organizer through the development of professional motivation, knowledge and skills, communication; self-development.

The principle of interprandial relations implies the expansion of the system of foreign language knowledge by comparing the information received about certain subjects, concepts, phenomena of the surrounding world with the information obtained about them in classes of other disciplines.

The principle of optimization is the conscious choice in each specific situation and act of training activity of the optimal option of work taking into account the efficiency and expenditure of time and resources.

The principle of integrated teaching of speech activities is language teaching aimed at simultaneous formation of four types of activities within the framework of sequential-temporal ratio.

The principle of communicativity involves teaching a foreign language as a means of social interaction; being readiness to communicate with speakers of other languages and cultures; use of real communication situations in classes, organization of creative activity, application of collective forms of training, use of problem situations, creative forms of classes providing for involvement of students in general activity.

The principle of taking into account the mother tongue provides the organization of the educational process inclusion of the mother tongue; it is implemented in two forms: 1) latent (hidden) support, i.e. selection and supply of material with the setting to prevent possible interference of the native language; 2) comparison of features of native and studied languages in order to avoid inadequate interpretations and misunderstanding of individual phenomena.

The principle of authenticity is the rational use of original foreign language materials in terms of text selection and its methodological processing.

The principle of dialogue implies multilevel interaction of students both in the process of interpersonal communication and in the process of working with sources of information, because the sphere of activity of specialists in the field of education requires the ability to express their thoughts clearly, to convince, to argue,

to make judgements, to choose the optimal style of communication in different situations, to organize and maintain intercultural dialogue/polylog. This principle includes cultural, confessional and psychological components.

The principle of interaction between the teacher and the student – the content of this principle is the exchange of the general cultural and professional values of the teacher and the student; creation, in the process of which mutual enrichment of personality of both takes place.

There are two directions in the work of university teachers. The essence of the first is to conduct classes so as to cause students thirst for search, the desire to find material on their own, to check the calculation. Another direction is to give the learners systematic knowledge embedded in the curricula, and the learners are required to remember it accurately and completely. This difference in approach to teaching depends on academic training and teacher experience. The main reason is that there are two opposite views in the learning process.

Proponents of creativity in teaching and activity of students in study assume that the main thing in training of the specialist is not only to extract the knowledge himself, but to develop on the basis of this knowledge the scientific thinking and professional creative approach to knowledge and manufacturing of students, the ability to independently and freely use knowledge to solve specific tasks. This is a direction that is consistent with the requirements of scientific and technological progress.

Representatives of the second direction see the main task in providing students with complete and accurate knowledge of the facts. Active perception of the new material fails without establishing a connection with the previously studied material. At the initial stage of studying disciplines, learners need to have full knowledge of curriculum topics, as the programme material of each discipline has multilateral relationships with different disciplines. Many of the provisions of the software materials on which one has to rely when studying a new one are remembered quite well due to their cramming.

Teachers of this direction evaluate knowledge based mainly on a quantitative measure and widely use as one of the methods of teaching speech in a foreign language the learning by heart of a wide variety of foreign language materials. According to the assignments of teachers of this direction, teachers literally «swot up» passages of texts of any genre, dialogues, numerous speech and language samples and models, etc. One of the typical tasks of teachers is to listen to foreign language speech material and remember in all details certain material. Accordingly, the execution of additional tasks of the listened material is also checked. The more accurate the reproduction of the learned, the higher the rating the interviewee receives. It is considered that the described method of training is very useful and necessary primarily for the creation and development of the ability to speak a foreign language.

There are often opinions of various people that cramming as a training method consisting in storing of the text by heart is a negative method of learning. The basis of this method is repetition.

In terms of duration, the memory classification system identifies five of its types, among which short term, operational and long term memory are of interest for our study. Short term memory is one of the mental processes, which is characterized by time-limited storage of information (not more than 30 seconds) and number-limited retention of elements (5 – 9 units). The information is received for short term storage using sensory sensations. An important point contributing to the «selection» of material is the focus of human attention on certain objects. Only present knowledge is stored. Once this knowledge is no longer relevant to humans, it tends to be forgotten or transferred into long term memory.

Short term and long term memory are interconnected: first short term memory operates, then long-term memory gradually occurs. The typical amount of short term memory is seven to nine words. However, memory training can significantly increase this indicator. The task of the teacher is to ensure the new vocabulary through special techniques that is firmly fixed in long term memory.

Typically, the memorization of new lexical units is achieved by learning words and translation. The following exercise may serve as a classic example: the student writes 10 new words on the left part of the sheet, on the right their translation. At the first stage the word and translation is read aloud, at the next stages the sheet is closed in half and the translation of the word either into English or Russian is reproduced. In this kind of exercise, only writing or the sound of a word is remembered, while neither the sound nor the form of a word is associated with meaning. As a result, most words are quickly forgotten. When studying a foreign language by means of a grammar-translation method, students are offered a number of question-response exercises, substitution exercises and replacement of some parts of speech into others, drawing up educational dialogues not related to natural speech intence, learning artificially created texts or parts however, this method is not effective.

The key to storage is search, and the key to search is information that must be supplemented regularly and sequentially. The learner can significantly improve the effect of memory only by correctly organizing the information. The teacher using mnemotechnical r ways as intensive methods of studying of language has to show various modes of work with information.

Modern higher education institutions give a huge amount of information, so it is impossible to remember it by heart. Excessive use of the crammimg leads to a bad habit of relying solely on mechanical memorization and loss of interest in learning in general. With abundant learning by heart of various models and samples, the speech of the vast majority of those who study foreign language becomes «not lifelike.» Consisting of ready speech constructions, it does not express the speaker's thoughts with sufficient accuracy. For example, if the sentences of this type «Where in such cases of disagreement over usage of standard and dialect forms of a language can people appeal for authority?» One obvious answer might be to linguistics. The academic discipline charged with the study of language. There, surely, decisive and authoritative judgments can be found?» are learned by the student. If you ask him to convey its content in his own words, he is unable to say in the process of his active speech anything like» When there is a disagreement over the usage of standard and dialect forms of a language people expect decisive and authoritative answers from linguists». The trainees are completely dependent on the learned model or sample and cannot change it in any way, that is, to ease the sentences or do so with a great waste of time. A student retells a previously learned text very slowly because he was asked to change the tense forms of verbs in that text. Sometimes the preparation of retelling is also characterized by learning by heart.

The student compiles the text and quickly tells the audience, if to stop and ask a question on the text suddenly, he will not immediately answer the question and forgets how to continue the retelling and asks to start it from the very beginning. Once students often listened to dialogues of linguaphone course «Parkers' family «or others, where there were many expressions like «I don 't think you should drink soda with ice,»«It is not allowed to drink soda with ice», «Will you be kind to give me...?», and when they make up dialogues of their own, they give speech the same intonational design as in English speech and it creates some awkwardness, because neither our conversation style nor our intonational design are suitable for English speech [K.N. Kulakov, 1980].

It should also be noted if English speech is full of polite expressions: «Could you give, please..., Be so kind... and so on,» and our speech is saturated often with prohibitions and commands like» Don't open. Don't do this. Give me... «etc. Therefore, teachers should take into account psychological patterns of speech. When reproducing learned by heart topic, the direct connection of a foreign language with thinking becomes extremely difficult, the student can speak only by heart, practically he will not be able to express his own thoughts.

Various methods and their combinations are used as leading ones during the process of crammimg foreign words:

– according to the classification based on activity type of training: the methods providing mastering an academic subject (verbal, visual, reproductive, problem solving, inductive, deductive);

– according to classification by degree and the nature of participation of students in educational process: active (communicative method, group method, game method, method of projects) and passive methods (teacher's monologue, reading literature).

Communicative method involves practical orientation of the lesson. The method serves not only to develop communicative abilities, but is also the channel through which cognition takes place and as a means of developing the personality of the student and teacher. The communication method of learning is based on the concept of situativeness. A feature of this method is often occurring spontaneity of communication, in which its content is not always predictable, transitions to different topics are possible, unknown/forgotten words are required, grammar is not known, various communicative strategies are used to give an accessible form to the content of the statement.

Another feature of the method is that communicative exercises affect the emotional and intellectual spheres of the student, resulting in further development of his personality and expansion of his cultural picture of the world.

Group method allows to develop the ability to interact in the team, the ability to learn the lesson effectively and independently. Group activity contributes to the activation of training, develops communicative qualities of the person, his intelligence. Group training is carried out most effectively when forming lexical and gram-

matical skills, working with the text, when repeating the previous material, when communicating in the studied language. Learning takes place through the exchange of experience (including foreign language); interaction of students in a relaxed environment activates their thought and foreign language speech activities.

Game method contributes to the intensification of cramming, performing the functions of communication successfully (including inter-ethnic, related to the learning of sociocultural values), socialization (inclusion in the system of social relations) and self-realization (manifestation of abilities and hidden opportunities). In terms of targeted orientations, an important component of students 'foreign language instruction is didactic games: language/preparatory (lexical, grammatical), and speech/creative (situational, role playing, business). Situation games are based on situations from life, roles involve performing certain plays individually by each player or a group; business games involve a process of solving a particular problem, in which game players develop roles and rules. The advantage of the game method is that it is compatible with all methods and forms of study and allows students to work without emotional tension, turning the occupation into an interesting event.

Cramming or frequently repeated repetition includes secondary perception and reflection of the studied material, strengthens in the consciousness of students those traces and connections that have formed in the primary perception of the educational material.

I.P. Pavlov wrote that the newly formed connection in the cerebral cortex is usually weak and unstable, and without timely repetition of the newly formed paths and traces it can very soon break and even disappear at all [I. P. Pavlov, 2010]. Stressing this students «thought activities feature, I.T. Ogorodnikov noted that repetition performs three functions:

1. Secondly records in the memory of students the facts and concepts studied, thus giving them greater stability;

2. Clarifies the issues and aspects of the studied phenomena, which in the primary perception of material remain in the shadow;

3. Forms skills and abilities, which are acquired as a result of repeated topics, exercises [I.T. Ogorodnikov, 2010].

According to G.I.Schukina, in the formation and strengthening of these «traces» and «temporary ties,» a large role belongs to «pror experience,» the use of which activates the whole process of primary and subsequent consolidation and repetition [G.I. Schukina, 1981].

Cramming model fragments of literature, especially poems, enriches the language of students, allows them to remember and actively use new words and brilliant speech locutions. It is not uncommon to remember some rules, such as the list of non-standard verbs, pronunciation of English words, reciting of poems, various exceptions are simply impossible by understanding, then the only working method cramming remains. Cramming gives a high rate of remembering for very small volumes of information. It is especially useful when it is necessary to exclude corruptions of remembered text, for example, religious texts, incantations, anthem, some articles of laws, some definitions of terms. When the penetration into the essence of the subject takes too long or is impossible within the allotted time due to the low initial level of students, then the most useful method is cramming. Actually cramming is the easiest, clear and easy way of storing of studied material. It is necessary in the initial stages of foreign language instruction to properly formation of initial speech abilities and pronunciation skills. Sound perception of the material is carried out by repeatedly perceiving new words in the composition of speech samples, researchers reproduce them in a complex, on the basis of well-known grammatical forms and structures, and in parallel.

Cramming is the main method of study in Japanese educational institutions. It is considered that learning by heart allows to penetrate deep into the subject, and verbal repetition of what is written in the textbook or said by the teacher shows of a special high educated state. Japanese students learn whole textbooks. «It is typical for a Japanese to think of himself as a member of a group, to get satisfaction from group achievement of group goals. In Japanese traditions, one of the worst sins was considered to reject or ignore any attempt of group opinions, decisions, prohibitions, norms of behavior or to show individualism at all» [Yu.N. Kovalenko, 2015].

It should be noted that the cramming is very boring and tedious, not everyone is able to do it for a long time. But it is the usual thing to do for Japanese students. For example, they prepare for a philosophy seminar together, one student recites Kant's «Critique of Pure Reason,»bleak and not loudly as a prayer and another student follows the book and corrects when he is wrong. On graduating from the university students have developed a competent literary speech and can give a speech at any moment without training anywhere, without

looking at any papers displaying a high level of professionalism. Sometimes you think «couldn't he learn the half of the page» when you saw an official reading from the paper. No foreigner reads from paper at all. This shows their particular erudity.

The method ofcramming is very useful in the learning process of foreign languages. It is possible and necessary to learn by heart a lot, including phraseological combinations and expressions, idiomatic phrases, peculiar speech locutions in classes of a foreign language. The link between foreign language and thinking is a prerequisite for genuine language proficiency as a means of communication. This is required by the specificity of foreign language proficiency.

The cramming method should be applied more at the initial stage of learning a foreign language. Learners can easily proceed to the next stages of speech study such as listening and speaking, finding out learners «attitudes to certain facts, their own opinions, skills to give motivated assessments of events with more vocabulary, «images» and « models» of foreign speech. The choice of method is determined largely by the personality of the teacher. The applied methods affect the students refracting through the teacher's personality. It should be noted that the cramming is very boring and tedious, not everyone is able to do it for a long time, but nevertheless it is one of the useful and necessary ways of enriching speech habits.

Thus, it is possible to achieve more effective learning only in a combination of a variety of reasonable methods, which are not so much contradictory to each other as complementary to each other, corresponding to the preparation, age and individual characteristics of the students, knowledge of the psychological and physiological mechanisms underlying on the basis of the learning of language means, operations and actions.

REFERENCES:

1. L.I. Rubinsky, I.I. Kobylyatsky. Fundamentals of pedagogics. Publishing house: Enlightenment, 1985 – 219 p.
2. K.N. Kulakov. Learning foreign language and speech material. M, 1980.
3. I. P. Pavlov. Lectures on the function of large hemispheres of the brain. Publishing house – Librocom, 2010. – 210 p.
4. I.T. Ogorodnikov. Optimal learning and comparative effectiveness of individual learning methods. M, 2010.-18 p.
5. G.I. Schukina. Pedagogical methods and techniques. M: 1981. 140 p.
6. Yu.N. Kovalenko. Memorizing foreign language words. Minsk, 2015. 120 p.

ӘОЖ 811.124

САДУАҚАС НҰРБОЛ АБДУЛЛАҰЛЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

КУШКИМБАЕВА АЙНҰР СЕРІКБАЙҚЫЗЫ
PhD., доцент
Қазақ әдебиеті кафедрасы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ТУРАЛЫ

Түйін. *Мақалада қазақ тіліндегі латын графикасы жән оның жазылуы туралы айтылады. Жақсы емле болу үшін алдымен әліпбіміз жақсы құрастырылған болуы тиіс. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбіміздің ұтымды тұстарымен қатар, өз көзқарасымыз бойынша, әлі де ойланатын тұстарын көрсеткіміз келеді. Латыннегізді әліпбиімізге енгізілмеген кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің жаңа емле ережелері бойынша жазылуы да реттелді. Қазақ тілі емлесінің ережесінде кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі бұрынғы жазуымыздан өзгеше екеніне назар аудару керек.Латын графикасындағы әліпби мен жазуымыз қазақ тілінің болашағына жаңа бір серпін беріп, ұлттық бояуын кіргізіп, әлем тілдерімен бәсекелес дамуына даңғыл жол ашады деп есептейміз.*

Түйінді сөздер: *латын әліпбиі, дыбыс, әріп, ереже, сингармонизм, қазақ тілі, жазылуы*

Резюме. *В статье говорится о написании латинской графики в казахском языке. Для того, чтобы наш алфавит был орфографически грамотным, он должен быть правильно сконструирован. Переход на латинскую графику в казахском языке находится в стадии разработки, но мы считаем, что он необходим. Следует обратить внимание на то, что в правилах орфографии казахского языка, некоторые кириллические буквы и орфографические слова отличаются от прежнего написания. Поэтому, упорядочено написание букв кириллицы и иностранных слов по новым орфографическим правилам, не включенным в латиницу.*

Мы считаем, что данные изменения придадут новый национальный окрас, а также новый импульс в развитии казахского языка. Это нововведение откроет путь к способности успешно конкурировать с развитыми языками мира.

Ключевые слова: *латинский, буква, звук, алфавит, написание, правило, казахский язык, сингармонизм.*

Summary. *The article deals with the Latin graphics written in the Kazakh language. Our alphabet will be properly spelt if it is correctly constructed. We believe that it is necessary to make transition of the Kazakh language into the Latin alphabet which is under development now. It should be pointed out that in the Kazakh language spelling rules, some Cyrillic letters and spelling words differ from the previous ones. Therefore, it is necessary to compile alphabetical Cyrillic letters and a foreign dictionary according to new spelling rules that are not included in the Latin alphabet.*

We believe that these changes would bring a new national coloring and fresh impetus to the Kazakh language development. This changeswould give the opportunity to compete favorably with the world's most well developed languages.

Keywords: *Latin, letter, sound, alphabet, spelling, rule, Kazakh language, singarmonism.*

Әліпби мен жазу – әрбір халықтың рухани құндылығы, оның мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол –елдіңтарихы мен мәдени өмірінің шындығы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Өткен ғасыр басында қазақтың біртуар оқымыстыларының бірі Х.Досмұхамедұлы: «Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады»,– деп, адам сауатты болған сайын өзге тілдің әсерін сезінбейтінін айтып кеткен екен[Досмұхамедов Х.,1991,91 б]. Сондықтан тіл мәселесі қашанда маңыздылығын жоймайды. Барша жұртқа белгілі жай, ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында:»Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондайақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», -деп, бұл шараның басты маңыздылығын атап көрсетті[Н.Ә.Назарбаев,1 б.].Бұл мақала қазақ жазуын латын қарпіне көшіру арқылы мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, рухани жаңғыру бағытындағы маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болған еді.

Жақсы емле болу үшін алдымен әліпбиіміз жақсы құрастырылған болуы тиіс. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиіміздің ұтымды тұстарымен қатар, өз көзқарасымыз бойынша, әлі де ойланатын тұстарын көрсеткіміз келеді.Қазіргі кезде жұртшылық соңғы бекітілген әліпбиді басшылыққа алып, жазуға үйреніп жатыр[Н.Ә.Назарбаев,1-2 б.]. Бұл әліпбиде латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға, қазақ тілінің үндесім талаптарына бейімдеуге, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударылған. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі– акутта әріпүсті бір ноқат алынуы. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Ал түрік жазуында әріп үстінде қос ноқат тұрады. Бұл жазу барысында ноқаттың бірі көрінбей қалса да, екіншісі көрінетіндіктен түрік ағайындар жазуының бір жетістігі деуге болады. Әліпбиімізге 34 дыбыс алынып, олар 32 әріппен таңбаланған. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, h, х, ч) бар. Әліпбиде Hh-[х], [h] және I-[и], [й] болып, бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар.Тіліміздегі 6 дыбыс (ә, ө, ү, ғ, ң, у) әріпүсті ноқат арқылы, екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch-[Ч], Sh-[Ш]). Қос әріппен берілген «pasha» сияқты сөздерді «пасха», «пacha», «паша» деп үш түрлі оқуға жол беретін sh(ш) диграфын сөз ішінде дәл тану да оңай бола бермейді. Сол сияқты «Асхат», «асхана» (Ashat, ashana) деген сөздерді «Ашат», «ашана» деп те әртүрлі оқуға тура келеді.Әліпбиде Іı -[и], [й] таңбасы үстінде нүктесі жоқ екен. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і»және «и,й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай да жазуда қосымша қиындық келтіреді. Сонымен бірге кейбір халықаралық сөздерді жазуымыз үшін әліпбиімізде қазіргі ағылшын әліпбиіндегі әріптерді, шама келгенше, түгел қамту керек деген де пікірлер бар. Олардың айтуынша, латынның «с» әрпі арқылы жазылатын ағылшын тіліндегі жалпы жұртқа кең танылған көптеген қысқарған атаулар бар екен. Мысалы, ғалым Н.Рсалиеваның көретуінше, «CD – ағыл.т. Cross Dresser – a member of one sex who likes to dress as the other sex; Бұл ер адамша киінетін әйел кісі, әйел адамша киінетін ер кісі; SD – ағыл.т. South Dakota, АҚШ-тың бір штаты» деген мағына береді екен[Н.Рсалиева,2019,4 б.].CD мен SD тілде жиі ұшырасатын өз алдына бөлек-бөлек ұғымдар, басым көпшілігі IT терминдері болғандықтан, халықаралық қолданыста олардың өзгеріссіз ағылшын тіліндегі нұсқасында жүретіні аян. Сондықтан осы екі қысқарған бас әріпке қатысты басқа да мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ал біздің әліпбиде латынның «с» әрпі жоқ, оны басқа әріппен, яғни «s» әрпімен ауыстырып жазсақ, жалпы жұртқа танылған атауларды біз де, өзге де түсінбей қалады екен.Мысалы, ғалым Н.Рсалиева әліпбиімізде «с» әрпі жоқ болғандықтан «с» дәруменін «s» әрпіменбелгілеуге болмайтынын, себебі медицинада «s» әрпімен жазылатын дәрумен де бар екенін айтады[Н.Рсалиева, 2019,4 б.].Латыннегізді әліпбидің үш нұсқасы жарияланып, оның соңғы нұсқасын бекітіп алдық. Қазір әліпбидің акут және умлаут нұсқаларын да талқылау жүріп жатыр. Бұл нұсқаларда «у» дыбысы өзіне туыс емес «ұ», «ү»дыбыстарымен бір қатарда ұқсас (U, Ū, Ü) әріптермен таңбалаған. Осы кезге дейінгі тілдік қолданысымыздың өткеніне зер салар болсақ, әсіресе, қазіргі жаһандану кезеңіндегі жағдайда әр текті дыбыстың ұқсас таңбалануы салдарынан осы дыбыстардың үшеуін де бір ғана «у»дыбысымен айтып, осы таңбамен жазуға жол беретінін ескеру керек. Сондықтан «U» таңбасын «ұ, ү»дыбыстарына қалдырып, «у»дыбысын базалық латын әліпбиіндегі дауыссыз дыбысқа қатысты «W w»таңбасымен беру қажет деп ойлаймыз. Сонымен бірге бұл әріптің орыс тілінен енген сөздердегі дауысты дыбысты таңбалауы оның екінші қызметі деп есептелуі керек. Маман ретінде, әліпбиіміздң әлі де жетілдіре түсетін тұстары бар екенін, әуелі әліпбиді дұрыстап, содан кейін барып емлені дұрыстау керектігін айтып жүрміз.

Бұрынғы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді ол азайды.Бір елдің сөзі екіншісіне өтуі, яғни бір тілден екінші тілге сөз ауысуы қалыпты жағдай. Бірақ кез-келген тіл басқа тілден келген кірме сөздерді өзгертіп, өз сөзі етіп алады. Сонда басқа тілдің заңдылықтары кедергі болып, тілді бұзып тұрмайды. Ал қазақ тіліне өзгеріссіз енген өзге тіл сөздері тіліміздің лексикалық жүйесіне салмақ түсіріп, тілімізде қазақ-орыс сөздері мидай араласып, тіл мәдениетіне кері әсер етіп келеді. Тағы бір заңдылық, бір тілден екінші тілге сөз ауысса да, тіл дыбыстары ауыспауы керек. Кешегі кеңестік жүйенің кезінде қазақ тілі дыбыс жүйесінде жоқ орыс тілінің «и, ё, э, ю, я, в, ф, х, ц, ч, щ, ь, ъ» әріптері әліпбиімізге енгізілгені баршаға аян. Онымен қоймай, әліпбиіміз кирилл жазуына ауыстырылып, орыс тілінен және сол арқылы басқа тілден енген өзге сөздерді де орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де солай қолданылуы керек деген талап қойылды. Сөйтіп тілімізге жат дыбыс тіркестері де еш кедергісіз еніп, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен өзіндік реңін жоғалта бастады.Қазіргі кезде тіліміздің өзіндік үндесім заңдылықтарына кедергі келтіріп жүрген осы артық дыбыстар әліпбиімізден

шығарылды. Сонымен бірге соңғы кезеңге дейін терминологиямызды өзге тілдерден дайын қалпында қабылданған терминдер құрап, ұлт тілінде термин жасауға да мән берілмей келген еді. Терминология саласының білікті ғалымдарының бірі Б.Қалиұлы «әрбір ұлт тілінің өз терминдері болуы керек» деген қағиданы ұстана отырып, егер шетел сөздері мен терминдері тілімізде біртіндеп көбейе берсе, «олар тілміздің ұлттық, тілдік ерекшелігін жегі құрттай жеп, біртіндеп құртып бітіреді», – деген орынды алаңдаушылық білдіріп, қазақша термин жасау жолдары туралы өзінің нақты ұсыныстарын айтып келеді[Б.Қалиұлы,1999,232 б.]. Сондықтан ана тіліміздің ұлттық ерекшелігін сақтау үшін өзге тілдердің әріптерін әліпбиге шамадан тыс көп алуға болмайды. Қазіргі бекітілген жаңа әліпбиіміздегіәріп саны қазіргі жазудың талабын орындай алатындай деңгейде азайтылды.

Қазіргі кезде жұртшылық осы жаңа әліпбиіміз негізінде жасалған қазақ тілі емлесі ережелері бойынша жазуға белсенділік танытып жатыр[Жаңа әліпби...]. Олар өзара хабар алмасу, жеке дүкен, басқа да шаруашылықтарының атын жазуға ықылас танытып келеді. Дегенмен жаңа емлеміздегі [ұу], [үу], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасы туралы мәселе тілші ғалымдар арасында өте қызу талқыланып отыр.Бұл мәселе жөніндегі пікірталас А.Байтұрсынов,Қ.Жұбанов кезеңінен басталған болатын. А.Байтұрсынов та бұл мәселені «ұзын естілетін», «қысқа естілетін»жағдайы туралы айтып кеткен болатын. Қазіргі латын негізді емледе қазақ жазуындағы ұу/үу, ый/ій қосар әріптерді бұрынғыдай бір ғана «у» мен «и» таңбалары арқылы жазу ұсынылған[6.6]. Бұлай таңбалау жазуда әріп үнемділігіне де пайдалы болғандығы айтылып келеді. Бірақ бұл қосар дыбыстардың бір ғана «и», «у» әріптерімен жазылуының ерекшеліктерін мектепте дұрыс түсіндіре білу керек. Қазақ жазуында «и» мен «у» – орыс тіліндегі сөздер құрамында келетін дауысты дыбыс, қазақ тіліне кірме дыбыстар деп есептеледі. Қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында дауысты «и», «у»дыбысы жоқ, олар үнді дауыссыз дыбыс деп есептеледі.Сондықтан осы дыбыстарды айту-жазу заңдылықтарын шатастырмай қолдану жолдарына әдістеме жұмыстарында ерекше назар аударған жөн. Ережедегі «сый», «тый» сөздері қатарына «мый» деп жазуды қосу керектігі айтылды.

Латыннегізді әліпбиімізге енгізілмеген кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің жаңа емле ережелері бойынша жазылуы да реттелді.Қазақ тілі емлесінің ережесінде кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі бұрынғы жазуымыздан өзгеше екеніне назар аудару керек. Бұрын шеттілдік сөздер өзгеріссіз жазылып келсе, енді қазақ әліпбиіне икемделіп жазылады: «Ё» әрпі «ө» әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: манёвр-манөвр (manóvr), бруселёз-бруселөз (brýseló z), актёр-актөр (aktór), дирижёр-дирижөр (dırıjór), режисёр-режисөр (rejısór), ал осы сөздерге қосымшалар қазақ тілінің заңдылығына сай жалғанады. «Ц» әрпі және «сц» әріп тіркесі «s» әрпі арқылы жазылады: цирк-сирк(sırk), цифр-сифр (sıfr), цилиндр – силиндр (sılındr), циркул-сиркул (sırkýl); дециметр– десиметр (desımetr), медицсина-медисина (medısına), абзац– абзас (abzas), ал қатар келген «ц» әрпі «ts» тіркесі арқылы таңбаланады: питса-pıtsa, Нитса-Nıtsa, т.б.Ал»-тч» дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі «т» әрпі түсіріліп жазылады: скош-skoch, скеш-skech, маш-mach. «Щ» әрпі төл сөздерде «shsh» әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде «sh» әрпімен таңбаланады: асшшы-ashshy, тұшшы-tushshy, кешше-keshshe; училище-ýchılıshe, прапоршик-praporshık. «Э» әрпі «е» әрпімен жазылады: елемент-element, елеватор-elevator, епопеиа-ерореıа, поетика-poetıka, коефисент-koefisent. «Ю» әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен айу, ойу, кайута, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен таңбаланады: парашют-парашүт (parashút), абсолют-абсолүт (absalút), глюкоза-глүкоза (glúkoza), компьютер-компүтер (kompúter), тьютор-түтор(tútor). Көріп отырғандай, «ю» әрпі үш түрлі жазылады екен: 1). төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «йу» әріп тіркесімен(аю-айу, ою-ойу, Юрмала-Иурмала) жазылады. 2). Дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ү» әрпімен (парашют-парашүт, абсолют-абсолүт, глюкоза-глүкоза, валюта-валүта, бюллетень-бүлетен,продюсер-продүсер, люкс-лүкс, компьютер-компүтер, тьютор-түтор,рюкзак-рүкзак, сюжет-сүжет)таңбаланады. 3). «и» әрпінен кейін тұрған «ю» орнына «у» жазылады: қию-қиу, кию-киу,дию-диу[6.7].

Ал жіңішкелік белгісі (ь) бар сөздерді де енді қалай жазудың жолдары көрсетіліп отыр.Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады да, жазуда жіңішкелік белгі ескерілмейді. Мысалы, «ансамбль –ансәмбл, альманах-әлманах, альфа-әлфа» деп жіңішкелік белгі ескерілмей оны «ә» дыбысымен айтамыз. Ал «медальон-медалөн, батальон-баталөн» деген сөздерде «ө» дыбысымен айтып, осылай жазамыз. Емлемізді әлі

жетілдіре түсу керек, себебі сөздеріміз аралас буынмен жазылып тұр деген пікірлер де бар. Бұл жерде де жіңішкелік белгі орны жіңішке айтылғанмен, бүкіл сөз аралас буынмен жазылады. Бұл жазылым, қанша өзгерткенімізбен, орыс тілінің айтылымын сақтап тұрғанын көрсетеді. Осы мәселелерге көңіл бөліп, орфоэпияда қазақы дұрыс айтылымын сақтау керек(әлібөм, әнсәмбіл). Кейбір жағдайда мағынаға нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің орнына «и» әрпі жазылады екен(Пьер-Пиер, пьеса-пиеса)[6.7].

«Е» әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ъ) субъект, объект деген сияқты сөздерде ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады. Бұл ереже де тіліміздің үндесімін сақтауға бейімделгенімен, сөз аралас буынды болып тұр. «Дж» әріп тіркесі бар сөздерде «д» әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: менеджер-менежер, джинси– жинси. Ал «-дж» әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгеретін жағдайда «д» әрпі сақталып жазылады: бүджет, лоджы[6.7].

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі, сөз ортасындағы қайталама «сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу» дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады деген ереже бар. Осы ережеге сәйкес «класс», «металл», «программа», «комиссар», «грамматика», т.б. осы сияқты сөздердегі бірдей екі қайталама дауыссыз дыбыстардың біреуін ғана жазамыз[6.7].

Осы ережені толықтырып, араб-парсы тілдерінен келген сөздердегі қатар келген бірдей дауыссыздардың да біреуін түсіріп жазуды заңдастыру керек деп есептейміз. Мысалы, «махаббат», «ләззат» деген сөздердегі геминанттардың (бб, зз) бізге қажеті жоқ, оларды біз бір дыбыспен де айтамыз:ма-ха-бат, лә-зат

Сөз соңындағы «-нг» әріп тіркесі «ң» әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: боулинг-боулиң, рейтинг-рейтиң. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында «w» әрпімен басталатын кейбір сөздер «у» әрпімен жазылады: уатсап, уйкипедиа.Күнделікті өмірде адам аттары төлқұжатта дұрыс жазылмай жүргені айтылып келеді. Кез-келген адамнан аты-жөнін жазып беруді өтінсек, олар «паспорт бойынша жазайын ба, әлде, дұрысын жазайын ба?» деп қарсы сұрақ қояды. Бұл қазіргі жазуымыздың ащы шындығы, неге латынға өтіп жатқанымыздың бір себебін танытады. Ереже бойынша араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: Ысқақ, Ырысжан, Ырысалды, Қасен, Құсайын, Қадиша, Пазыл, т.б. Ал біріккен сөз сыңарларының жігіндегі дыбыстар ауызша айтылуына сай жазылады: Айғыз, Байгелді, Бибажар, Есенғұл, т.б. [6.7].

Қазақ тілінің жаңа емлесінде 76-98 параграфтар арасындағы 22 ережешеттілдік сөздердің емлесіне берілген екен. Әрине, өзге сөздерді жазуға арналған ереже көп, бірақ тілдің жағдайын жеткізетін болғандықтан мұндай ережелер көптік етпейді деп есептеуге болар. Осы ережелердің орфоэпиялық жағымен де байланысына ерекше мән беріп, тіліміздің үндесіміне сай айтылуына бейімдеу керек.

Қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуі бүгінгі жастарға көп қиындық тудырмайды деп ойлаймыз. Қазіргі жастар ағылшын тілін мектепте оқығандықтан латын әріптерінің жазылуы мен оқылуын өте жақсы біледі. Қазақ жазуына ұсынылған латын әліпбиінің нұсқасын жастар қазірдің өзінде бір-бірімен хабарласу құралы ретінде қолданып жүргенін көріп, біліп жүрміз. Бірақ олардыңкүнделікті хабарламаларына зер салсақ, латын әріптерінің қолданысында төмендегідей өзгешеліктерді байқауға болады:

кириллица	латын
у	u
ш	w/sh
я	ya
х	Kh

Мысалы тау сөзін «tau», шаңғы «wangy»,Әлия «Aliya» деп жазатынын көруге болады. Сонымен қатар қазақ тілінің төл дыбыстарын да ешқандай ерекшеліксіз жазатындар кездеседі:

кириллица	латын
г,ғ	g
ү,ұ,у	u
а,ә	a
к,қ	k
о,ө	o

Егер өз тіліміздегі әр дыбысты өз орнымен пайдалана білмесек, онда тіл мәдениетіне, тілдік қолданысқа кері әсер етеді. Сондықтан тілді пайдаланушылар, әсіресе, тіл үйретушілер осы мәселелерге жете назар аударып отыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғамымызда латын әріптерін танымайтын адам жоқ. Сондықтан алғашқы кездегі баяу оқып, асықпай жазуға шыдасақ, аз ғана уақытта көзіміз де, қолымыз да үйреніп, тез оқып-жазуға дағдыланып кетеміз. Ал емле ережелерінің түп негізі сақталған. Сондықтан латын графикасындағы әліпби мен жазуымыз қазақ тілінің болашағына жаңа бір серпін беріп, ұлттық бояуын кіргізіп, әлем тілдерімен бәсекелес дамуына даңғыл жол ашады деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. -176 б.

2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44 (20.477). 14.04.2017 ж. 1– 2 б.

3. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. №637 Жарлығы. 19.01.2018 ж. Астана, Ақорда.// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000637

4. Рсалиева Н. «С» дәруменін қалай жазамыз? //»ANA TILI» ұлт газеті. №13(1479). 28.03.-03.04.2019ж.– 4-б.

5. Қалиұлы Б. Қазақ терминдерінің жасалуы жайында // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі. – Алматы: Арыс, 1999. – 227-233 бб.

6. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері.//EGEMEN QAZAQSTAN газеті. №11(29490). 18 қаңтар 2019 ж. – 1 және 6-7 беттер.

ӘОЖ 37.016:811.512.122’243

САТБЕКОВА АЙГҮЛ АМАНТАЙҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі
ҚазҰҚПУ

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ГЕНДЕРЛІК ТАБИҒАТЫ

Түйін. *Бұл мақалада жоғары оқу орындарында білім беруге де гендерлік тұрғыдан талдау жасалынуы қажет екендігі туралы, сонымен қатар жобалай оқыту технологиясы негізінде студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, ақпараттық кеңістікте дұрыс жол табу, сыни және шығармашылық ой дамыту басты орын алатындығы жайлы кеңінен сөз етіледі.*

Түйінді сөздер: *қазақ тілі, жобалай оқыту технологиясы, білім беру, таным, гендерлік талдау.*

Резюме. *В данной статье обсуждается необходимость гендерного анализа высшего образования, а также развитие познавательных навыков студентов на основе проектной технологии обучения, поиск правильного пути в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления.*

Ключевые слова: *казахский язык, технология проектного обучения, образование, познание, гендерный анализ.*

Summary. *This article discusses the need for a gender analysis of higher education, as well as the development of students’ cognitive skills based on project-based learning technology, finding the right path in the information space, and developing critical and creative thinking.*

Keywords: *the Kazakh language, technology projective teaching, educational,cognition, gender analysis.*

Кіріспе

Гендерлік талдау біртіндеп өмірдің барлық саласына еніп жатыр. Сондықтан жоғары оқу орындарында білім беруге де гендерлік тұрғыдан талдау жасалынуы қажет. Әлеуметтік-гендерлік мәселе әлеуметтік және гендерлік талдаудың жеке-жеке талдау әдістерін араластыра қолдана отырып, интерактивті әдістерді қолдану қажеттігін дәлелдейді.

Интерактив әдістер арқылы тұлғалардың өзара қарым-қатынасқа түсуі – бойжеткен студенттердің өздерінің әлеуметтік орнын түсінуге, болашақтағы мамандығына биік жауапкершілікпен қарауына, нарық экономикасындағы бәсекелестікке төтеп бере алуы үшін білімді өз бетімен көп іздеуге тура келетінін түсінуге, өз бетімен шешім қабылдай білуге дағдыландырылуының кепілі.

Осы бағыттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін студенттерге тіл сабағында ұсынылатын гендерлік тақырыптармен байланысты жобалар орындатудың маңызы зор. Жобаларға гендерлік мәні айқын көрінетін тақырыптарды енгізіп, оларды талдау жолдары студенттерге жүйелі түрде үйретіледі.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының» 4-бөлімінде « 4.2. Гендерлік саясатты іске асыру стратегиясы» [Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2016] мәселесі кең түрде қарастырылған.Осыған сәйкес, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанында Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты қызмет атқарады. Институттың стратегиялық мақсаты – 2018-2021 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын 2015жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 70 сессиясында қабылдаған Тұрақты даму мақсатының «Барлық әйелдер мен қыз балалардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және құқықтары мен мүмкіншіліктер ауқымын кеңейту» туралы 5-ші мақсаты бойынша жүзеге асыру. Институт гендерлік теңдік идеясын дамытуды білікті педагог кадрларын дайындау және ғылыми зерттеулер арқылы іске асырады. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты еліміздің эгалитарлы саясатын іске асырудағы шешуші орталық. Институт барлық әйелдер мен қыз балалардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және құқықтары мен мүмкіншіліктер ауқымын кеңейтуді негізге алған.

Қыздар университетінде ұйымдастырылған «Қазақ аруы» атты арнайы курста студенттерге адамгершілік, имандылық, парасаттылық, елжандылық тәрбиесін берумен қатар, зиялылық, іскерлік, өнерді дәріптеушілік қасиеттерді дарытуға көп көңіл бөлінеді. «Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағытталған. Арнайы курсының негізгі мақсаты: қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруын қалыптастыру [Беркімбаева Ш.К.,Қожахметова К.Ж., 2007]

Қазақстан Республикасының әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен даму барысында гендерлік бағыттың дамуы да үлкен мәртебе болып танылады. Сондықтан да Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде оқытылатын барлық пәндер жүйесінің бір компоненті есебінде, мейлі арнаулы курстар түрінде болса да, гендерлік міндеттің бір мәселесі қарастырылып отырылуы заңдылық.

Аталған құжатта гендерлік білім берудің қажеттілігі гендерлік саясатты күшейтуге мүмкіндік беретіні туралы атап көрсетілген. Сонымен қатар, қазақ әйелдері үшін аса маңызды болып табылатын мынадай мәселелердің осы құжатта атап көрсетілуін мақұлдау керек:

– гендерлік оқу-ағарту мәселелеріне жеткілікті түрде назар аудармау қоғамдағы демократиялық үдерістердің даму қарқынын төмендетуі мүмкін;

– білім деңгейінің жоғары болуы жұмыс істейтін маман әйелдердің кәсіптік және лауазымдық өсу перспективаларына кепілдік бермейді;

– гендерлік оқу-ағарту қажеттілігі туралы ақпараттық науқандардың болмауы қабылданатын шаралардың тиімділігін кемітеді.

Осы айтылғандар, біздің ойымызша, жоғары оқу орындарында оқытылатын барлық пәндік курстарға, соның ішінде Қыздар педагогикалық университетіне тікелей қатысты. Осы себепті гендерлік саясаттың тиімділікпен жүзеге асуында «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінің де қоса алатын ішкі мүмкіндіктерін іздестіру – пән оқытушыларының міндеті.

Соңғы жылдары академиялық білім беру саласында гендерлік теорияны негізге алу өрістеп келе жатқаны анық байқалатыны туралы профессор Б.Хасанұлы [Хасанұлы Б., 2003], қырғыздың әлеуметтанушы ғалымы Г.Ибраева да атап көрсетеді [Ибраева Г., 2006].

Гендерлік талдау әдістері төмендегідей болып келеді:

– гендерлік проблемалық топты анықтау;

– ол топтың ішіндегі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айқын көрсететін топты анықтау;

– түрлі әлеуметтік топтар тәжірибесінен кесінді ала отырып, гендерлік проблемалық жағдаятты басқару факторларын анықтау және талдау;

– анықталған гендерлік проблеманы шешудің стратегиясын, әлеуметтік басқару жүйесінің мүмкіндіктерін және ресурстар көлемін анықтау.

Біздің зерттеу нысанымыз қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы болғандықтан, гендерлік теорияның тілді оқытуға тигізетін игі әсерлерін де қарастырып, тиімді тұстарын зерттеуімізге теориялық тұғыр жасау орынды болмақ. Әрине, гендерлік теорияны толыққанды талдау біздің міндетімізге кірмейді. Бірақ, Қыздар педагогикалық университеті болған соң, оның өзіндік бір ерекшелігі қамтылуын қажет санадық. Өйткені әйел затының білім алу ерекшелігі осы Қыздар университетінде айқын танылады және қай пәнді оқытуда да сол ерекшелік бір леп беріп тұратыны белгілі. Сондықтан қыз баланың бірнеше жыл Қыздар университетінде педагогикалық мамандыққа ие болу мақсатында жоғары білім алу барысындағы жобалау жүйесін гендерлік теорияға сүйеніп жасау қажеттігі туындады. Өйткені гендерлік теорияны барлық әдістемелік, педагогикалық зерттеулерде назарға алудың өзі Қыздар педагогикалық университетінің болашақ даму бағытын да айқындауға үлес қоса алады.

Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада оқытудың да өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Біздің ойымызша, қазақ тілін жобалау технологиясы арқылы оқытуда, көбінесе Ана, Отан-ана, Жер-ана, Қазақ қызы, Қазақ әйелі, Әйел ұстаз, Әйел-ғалым, Әйел-іскер адам, Әйел – ғарышкер, Әйел – өнерпаз, Әйел –саясаткер, Әйел –дәрігер бейнелеріне байланысты тақырыпты жоспарлаудың өзі гендерлік теорияның қазақ тілін оқыту әдістемесіне негіз бола алады. Әрине, қазақ тілін оқытудың «әйелдік» ерекшеліктері деген мәселені қоюдың өзі тосын болып көрінуі мүмкін. Бірақ қыздарға арналған университетте қызмет ете

отырып, бұл мәселенің әлеуметтік тұрғыдан өзектілікпен айқын қойылып отырғанын да түсіну керек деп ойлаймыз.

Қыз балалардың болашақ мұғалім қызметін игеру барысында «Қазақ тілі» пәнінің де алатын үлкен орны бар екені белгілі. Сол маңызды орынның бір тармағын гендерлік ерекшелікпен байланысты қарастыратын болсақ, онда қазақ тілін сапалы оқытудың тағы бір арнасы анықталатыны даусыз.

Осы ерекшелікті қазақ тілін оқытуда қолдану жолдарын жобалаған кезде, біздің ойымызша, мынандай үш кезеңді қамту керек:

1. Қазақ тілі сабақтарында студент қыздарды мұғалім мамандығына деген кәсіби көзқарасына «ұстаз – оқушының рухани ата-анасы» қағидасына сәйкес, шәкіртіне деген құрметпен қарай алатын ерекше сезімге бөлейтін жоба жұмыстарын жүргізу кезеңі;

2. Қазақ халқының этнопедагогикалық әдістерін қазақ тілі сабақтарында қолдану арқылы «әйел мұғалім мен қыз бала оқушы» және «әйел мұғалім мен ер бала оқушы» қарым-қатынасына талдау жасауды үйрете отырып, жаңа технологиялардың маңызды мақсаты ретінде «субъект – субъектілік» қатынасының мәнін түсіндіру;

3. Қазақ тілін оқыта отырып, студент қыздардың мұғалімдік кәсіптің қыр-сырын түрлі ойын жағдаяттар арқылы тануы барысында олардың сол жағдаяттарды шешудегі әлеуметтік қана емес, гендерлік ерекшеліктеріне де назар қойып, ол құбылыстарды талдай алатын білік-дағдыларды қалыптастыру кезеңі[Сатбекова А.А., 2019].

Қазақ этнопедагогикасында әйелді құрметтеу мен әйелдің тәрбиеші ретіндегі ұлы орны туралы материалдар жеткілікті болғандықтан, бұл бағыттағы жобалау жұмысын жүргізу қиын да болмайды, қайта студенттердің қазақ тілін терең танып-білсем деген қызығушылығы арта түседі.

Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту технологиясы білімнің практикамен тығыз байланысты болуына себін тигізіп қана қоймайды, солай болуын талап етеді. Жобаны орындау барысында студенттер қазақстандық әйелдердің нарық заманындағы шынайы бейнесін тани алады.

Осындай жобалардың негізінде студент қыздардың саналы білім алуы дами түседі. Өйткені білім беру саласында дәл гендерлік тұрғыдан қарау жолы толық қалыптаспай жатқандықтан, қоғамның тірегі тәрбиелілік екенін түсінеді. Ал тәрбиеліліктің шығар көзі әйел затының аналық шынайы тәрбиесі арқылы ғана қалыптасып жетілетінін де студенттер өз бетімен жүргізген ізденістері арқылы жадына сақтайды.

Жобалай оқыту технологиясын қолдануда студенттер белгілі бір оқу – танымдық мақсатқа қол жеткізіп, белгілі бір оқу міндеттерін шешеді. Жобалау барысы даралық жұмыс түрінде немесе топтық түрде жүргізіледі. Бұл бағыттағы жоба әдісін қолданудың бір үлгісін келтірейік.

Жобаның тақырыбы:

Қазақ халық педагогикасындағы әйел затының тәрбиесі және оның игі тұстарын жандандыру мәселелері.

Жобаның мақсаты:

• Қазақ халық педагогикасындағы әйел заты тәрбиесінің негіздерін анықтау

• Әйел заты тәрбиесінің барлық адамзат қоғамы үшін маңызын тану мақсатында өзге ұлттардағы әйел заты тәрбиесімен салыстыру.

• Қазіргі заманға сай әйел заты тәрбиесіндегі ерекшеліктерді (артықшылықтар мен кемшіліктері) анықтау.

Жобаның белгілері:

• Жобадағы негізгі қызмет түріне қарай танылатын доминанттық белгілері бойынша – зерттеушілік қолданбалы жоба.

• Пәндік мазмұндық аясы бойынша – пәнаралық жоба.

• Жобаны координациялау сипаты бойынша – ашық.

• Контакт жасау бағыты бойынша – Алматы қаласында.

• Жобаның ұзақтығы бойынша – 1 ай.

Жобаның типі – лингвистикалық және мәдениеттану.

Жобаны сыртқы бағалау параметрлері:

• тақырыптың өзектілігі мен мәнділігі жағынан оқылып жатқан «Қазақ тілі» пәні мен жоба ретінде алынып отырған «Қазақ халық педагогикасындағы әйел затының тәрбиесі және оның игі тұстарын жандандыру мәселелері» тақырыбының өзара бірімен бірінің байланыстылығы;

• зерттеу әдістерін дұрыс таңдалғандығы мен алынған нәтижелерді өңдеу әдістерінің дұрыстығы;
• жобаға қатысушы топтың әрбір мүшесінің белсенділік дәрежесі;
• қабылданған шешімнің ұжымдық сипатта болуы;
• жобаның эстетикалық көркемдігі деп белгіленді[Сатбекова А.А., 2013, 210 б].

Қазақ халқы ұлды «шаңырақ иесі» деп, ал қызды «қонақ» деп тәрбиелеген. Қыз баланы, сонымен бірге, ел ішін жақындастыратын ерекше символ ретінде бағалаған. Студенттер қазақ тілінің бай қорынан қазақ қыздарының тәрбиесімен байланысты тарихта сақталған биік идеалды образдарды таба алады. Сондықтан қазақ тіліндегі қазақ қыздары туралы лиро-эпостық жырлардың тілін жоба тақырыбы етіп беруге болады.

Гендерлік тақырыпты жоба етіп ұсына отырып, студенттерге қазақ тілінен тапсырмалар орындату міндеттеледі. Дегенмен де, қазақ тілінен зерттеулер жасату барысында студенттерге гендерлік талдау әдістері де және гендерлік әдістерді қолдану жолдарынан білім беру де – аса қажетті талап болмақ. Гендерлік әдістердің мынадай түрлері таныстырылады:

КАРТАҒА ТҮСІРУ – Mapping (Картирование). Бұл әдіс бойынша студенттер тобы өздері тұратын (не оқитын) қаланың мөлтек аудандарын ірілеу етіп КАРТАҒА түсіреді. Ондағы қазақша көше атауларын, жарнамаларды талдаудан өткізеді. Оларға этимологиялық, лексика-грамматикалық сипаттамалар жасайды. Көшеде тұрған халыққа қызмет көрсету орындарында қанша ер адам, қанша әйел адам қызмет ететініне де талдау жасауға болады. Түрлі көшелердің атауларын жазған карталарға салыстырулар жасау негізінде тілдік және әлеуметтік мәселелер туралы есеп түрінде мәтін құрайды.

ГАРВАРД ТАЛДАУ ӘДІСІ – (Harvard Analytical Framework – (Гарвардский метод анализа) үш негізгі элементтен тұрады: әрекет түрлеріне шолу жасау; қолжетімділік пен бақылауға шолу жасау; адамдарға бағытталған жоспар жасау [Ибраева Г., 2006].

Қорытынды

Студенттерге гендерлік білім беру негізінде жобалау технологиясы одан әрі байып, білімнің адам үшін құндылық қыры айқындала түсетініне дау жоқ. Өйткені гендерлік әдіс арқылы студенттің:

– гендерлік айырмашылықтарды тануға қажетті құралдарды меңгеру және қазақ тіліндегі ер мен әйел тілдерінің ерекшеліктерінің қызметтегі қолданыс табиғатын тани білу дағдысы қалыптасады.

– гендерлік тақырыптарды жоба етіп беру арқылы қазақ тіліндегі ер мен әйел тілі тұрғысындағы байлық, ұлттық дәстүрлерді тани алады.

Гендерлік әдістер мынадай ұстанымдарға негізделеді:

1) студенттер қазақ тілінің гендерлік ерекшеліктерін зерттеуге кірісерде, өздерінің де гендерлік ерекшеліктерін таниды;

2) студенттер қазақ тіліне гендерлік тұрғыдан талдау жасау үшін гендерлік әдістен білімі болуы міндетті болып саналады;

3) студенттер жоба тақырыбының гендерлік қырын анықтауда жобаны орындаудың ұзақ болуы дұрыс деп есептеледі.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесінде қыз бала ерекше орын алады. Әйел-ана бейнесі, Ұмай-Ана, Томирис-Тұмар, Зарина, Гүлбаршын, Құртқа, Қыз Жібек, Баян сұлу бейнелері – қазақ халқының мәдени мұрасында ерекше орны бар тұлғалар. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясында студенттерге осы тұлғалар туралы ізденістер жасауды тапсыру арқылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіндегі мұражай материалдарымен танысу, талдау, қазақ тіліндегі көне сөздер мен атауларды білгізу сияқты жоба жұмыстары студенттердің ерекше ынтасымен, ықыласымен орындалды.

Қазақ тілін гендерлік аспектіде оқыту – болашақта қолға алынатын ерекше әдістеме, бірақ жобалай оқыту технологиясында бұл бағыт студенттерде ерекше бір серпін туғызған болатын. Сондықтан жобалай оқыту технологиясының қамтитын саласы да, бағыты да осылай молая береді деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы // Әділет ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. Беркімбаева Ш.К.,Қожахметова К.Ж.Гендерлік білім: теориясы мен тәжірибесі.-Алматы, 2007.

3. Хасанұлы Б. Актуальные проблемы формирования гендерного направления в казахском языкознании // Психолингвистика и социолингвистика: состояние и перспективы: Материалы международной конференции, посв. 70-летию КазНУ им. Аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С.284-288.

4. Ибраева Г. Гендерные исследования (Региональная антология исследований из восьми стран СНГ: Армении, Азербайджана, Грузии, Казахстана, Кыргызстана, Молдовы, Таджикистана и Узбекистана). – М.: Вариант, 2006. – 512 с.

5. Сатбекова А.А. Рухани жаңғыру: қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы (гуманитарлық бөлім). Монография. Алматы, ТОО «ЛантарТрейд», 2019. – 220 бет.

6. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Оқу құралы. – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2013. – 210 б.

ӘОЖ 81, 25

СӘТЕНОВА СЕРІККҮЛ КӨПЕШБАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

АЛШИНБАЕВА ЖУЛДЫЗ КУАНЫШЕВНА
магистр, аға оқытушы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ЗАМАНАУИ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАҒЫТТАРЫ

Түйін. *Мақалада фразеологизмдердің отандық және шетел тіл білімінде зерттелуі, жіктелімі, жіктелу негіздері тәрізді мәселелер қарастырылды. Отандық және шетел тіл біліміндегі зерттеулердің бағыттары, олардың ерекшеліктері анықталды. В.В.Виноградовтың славян тілдерінің тілдік бірліктеріне негізделген жіктелімінің герман, роман тілдері фразеологизмдерін зерттеуде алатын орны нақтыланды. Сондай-ақ отандық тіл біліміндегі қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс тілдеріне қатысты салғастырмалы зерттеулер, олардың бағыттары сараланды. Ағылшын фразеологтары зерттеулерінің басым бөлігінің қолданбалы мақсатқа негізделгендігі анықталды. Фразеологизм құрамындағы сыңарлардың ішінде жиі қайталанып келіп, ұйытқы сөз қызметін атқаратын бірліктердің қызметі, олардың тақырыптық топтың түзілуіне ықпалы сипатталды. Сөздің фразеологизмнің тірек мүшесі ретіндегі қызметі, қолданылу жиілігі немесе оның осы қызметтегі рөлінің шектеулілігі белгілі бір тілдік заңдылыққа байланысты екендігі нақтыланды.*

Түйінді сөздер: *фразеологизм, салғастырмалы фразеология, жіктелім, фразажасам, ұйытқы сөз, түпдерек.*

Резюме. *В статье рассматриваются такие вопросы, как изучение фразеологии в отечественной и зарубежной лингвистике, их классификация и основы классификации. Определены направления исследований в отечественной и зарубежной лингвистике и выявлены их особенности. Выяснена роль классификации В.В. Виноградова, основанных на языковых единицах славянских языков в изучении германской и романской фразеологиии. Проведен анализ сопоставительного исследования казахского, русского, английского, французского и немецкого языков в отечественной лингвистике, а также были дифференцированы их направления. Было установлено, что большая часть исследований английских фразеологов основан в прикладных целях. Описаны функция компонентов фразеологизма, которые часто повторяются и служат катализатором и их влияние на формирование тематической группы. Было уточнено, что функция слова как ключевого элемента фразеологии, частота его использования или ограниченность его роли в этой функции зависят от определенных языковых законов.*

Ключевые слова: *фразеологизм, сопоставительная фразеология, классификация, словообразование, стержневое слово, первоисточник.*

Summary. *The current paper considers issues of phraseology in domestic and foreign linguistics, its classification and the basis of classification. The trends of research in domestic and foreign linguistics are determined and their features are revealed. The role of the classification of V.V. Vinogradov, based on the linguistic units of the Slavic languages in the study of Germanic and Romanesque phraseology has been explored. An analysis of a contrastive study of Kazakh, Russian, English, French and German languages in Russian linguistics has been carried out, and their directions have been differentiated. It has been identified that most of the researches of English phraseologists are based on applied purposes. The function of phraseological unit components that are often repeated and serve as a catalyst and their influence on the formation of a thematic group have been described. It has been clarified that the function of a word as a key element of phraseology, the frequency of its use or the limitations of its role in this function depend on certain language rules.*

Key words: *phraseologism, comparative phraseology, classification, word formation, core word, primary source.*

Кіріспе

Тілдегі тұрақты тіркестер, олардың құрылымдық ерекшеліктері, семантикалық дамуы, заңдылықтары танымал тілдердің көпшілігінде зерттеліп келеді. Себебі, олардың шығу төркіні, мағынасы, тұлғасы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы көркем, мазмұны терең, көлемі шағын тіркестерді қай халық болмасын орнымен, тиімді пайдалануға мән береді. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-салалы тізбектерді жинақтап, жүйелеу, оларға тән заңдылықтарды, шығу төркінін анықтау және осы тәрізді сан алуан мәселелерді талдап, тарқату заманауи тұрғыдан өзекті мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Фразеологизмдердің әлем тілдерінің басым көпшілігінде дерлік зерттеліп келе жатқандығына қарамастан, олардың бағыт-бағдарын айқындау мәселесі назардан

тыс қалып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Әрине шағын мақала аясында осы бір көлемді де күрделі мәселені толық қамту мүмкін емес, дегенмен қысқаша шолу жасауға тырыстық.

Фразеологизмдер мен мақал–мәтелдер, қанатты, нақыл сөздер әртүрлі тарихи деректерді өз бойына «жинақтаған» тұрақты тілдік бірліктер қатарына жатады, олардың тілде қалыптасуының бастау негізі ұмытылып немесе көмескіленіп, қолдануға даяр тілдік құралға айналған. Осы бір құрылымы ерекше тілдік орамдарды зерттеу, талдап-тарату нәтижесінде белгілі бір халықтың тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен ұстанымдары, тұрмыс-тіршілігі мен қоршаған ортасы т.б. жөнінде көптеген мағлұматтарға қол жеткізіледі. Себебі, тіл мен қоғамның, мәдениеттің дамуы бір-бірімен тығыз байланысты, біріндегі өзгерістің келесісіне ықпал ететіндігі түсінікті. Қоғамға және мәдениетке қатысты тарихи құнды деректер тілде ғасырлар бойы сақталып, сұрыпталып, кейде азды-көпті өзгерістермен бүгінгі күнге дейін жетуі мүмкін, осындай маңызды ақпарат көзінің бірі әрбір тілдегі тұрақты тіркестер болып табылады.

Негізгі бөлім

Тіл мен мәдениет сабақтастығының, тығыз байланысының көрсеткіші саналатын тұрақты тілдік бірліктердің астарында ұлттық болмыс, таным, ұстаным көрініс береді. Айшықты сөз өрнектерінің ұйқасын, үйлесімін тауып, жүйелі түрде өру логикаға, қабілет пен сезімталдыққа, абстракциялық ойлау жүйесіне байланысты. Фразеологизмдер өзінің құрылымы, әуезділігі, терең мағыналылығы, ұйқасы, үйлесімі, бейнелілігі т.б. арқылы белгілі бір халықтың сөз саптауына тән ерекшеліктерді танытады.

Әрбір тілдегі тұрақты тіркестердің ауқымды бөлігі халықтың өміріне, тұрмыс–тіршілігіне, салт–дәстүріне, әдет–ғұрып, діни наным–сеніміне т.б., ал келесі тобы шешендік өнерге қатысты туындаған. Мысалы, зерттеу барысында қазақ тіліндегі тұрақты сөз орамдарының ауқымды тобының өзінің бастауын шешендік өнер дәстүрінен алатындығы анықталды, алайда бұл барлық тілдерге тән құбылыс емес. Олардың шығу төркінін, тілде қалыптасуы мен даму үдерісін, сондай-ақ құрамы мен құрылымының тіркестің тұрақты қалыпқа енуіне, қолдану жиілігіне, қолдануға даяр болуына ықпалын зерттеу олардың тілдік табиғатынан, халық өмірімен астасып жатқан этномәдени, этнотарихи түпдеректерден мол мағлұмат береді.

Фразеология саласын тіл білімінің жеке пәні ретінде калыптастыруда, оның зерттеу нысанын, тілдегі орны мен табиғатын, әдіс-тәсілдерін анықтауда В.В.Виноградов, Ю.Ю.Авалиани, Н.М. Шанский, В.Л. Архангельский, О.С.Ахманова, А.М. Бабкин., В.П. Жуков, Б.А.Ларин, В.М. Мокиенко, В.Н. Телия, М.М. Копыленко, Л.И. Ройзензон т.б. және жекелеген түркі тілдері бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізген І. Кеңесбаев, Р.Сәрсембаев, Ә. Қайдар, К.Ю. Алиев, Ш.У. Рахматуллаев, Г.А.Байрамов, З.Г.Ураксин, Г.Х.Ахунзянов т.б. сынды түркітанушы ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен іргелі еңбектерінің алатын орны ерекше. Осындай ізденістердің барысында фразеологияның мәнін, аумағы мен міндеттерін түсінуде, фразеологизмдерді бір жүйеге түсіріп, топтастыруда әртүрлі көзқарастар орын алды. Белгілі бір лингвистикалық бағыттың қалыптасуы мен дамуы барысында мұндай өзгешеліктердің болуы заңды құбылыс. Бұл фразеология мәселелерінің күрделілігін, тереңірек, жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Фразеология саласына жататын тұрақты тіркестердің жалпы атауы ретінде, әдетте «фразеологиялық бірлік» (фразеологическая единица) термині жиі қолданылады. Бұл терминді алғаш қолданысқа енгізген академик В.В. Виноградов екендігі белгілі. Фразеология мәселелеріне арналған еңбектерде көптеген ғалымдар В.В.Виноградов классификациясының өзіндік мәні бар екендігін, жалпы атау ретінде «фразеологиялық бірлік» терминінің қолайлылығын қолдай отырып, дегенмен жіктелімінде көптеген даулы мәселелердің, көмескі жайттардың барлығын атап көрсетті. В.Н. Телия фразеологизм деп танылатын барлық фразеологизмдерді «фразеологиялық орам» (фразеологический оборот) немесе «фразеологизм» деп атауды ұсынды.

В.В.Виноградовтың фразеологизмдерді топтастыру барысында қалыптастырған терминдерін әрбір ұлттық тіл өзінше аударып, қолданып келеді. Славян және түркі тілдерімен қатар герман, роман тілдері фразеологизмдерін зерттеуші ғалымдардың да В.В.Виноградов жіктеліміне сүйенетіндігін (А.В. Кунин, A.P.Gowie, P.Howarth т.б.) атап өткеніміз жөн. Ғалым Н.Н.Амосованың «ағылшын фразеологиялық қорын зерттеуге арналған жұмыстардың барлығы дерлік В.В.Виноградов теориясын басшылыққа алады» деген пайымдауы көп нәрсені аңғартады [Амосова Н.Н., 2013, б. 216]. Ал француз тілі фразеологизмдеріне қатысты кешенді зерттеу жұмыстарымен танымал ғалым А.Г.Назарян бұл пікірдің басқа шетел тілдерін зерттеушілерге де қатысты екендігін ескертеді [Назарян А.Г., 1987, б. 288].

Ағылшын тілінде де фразеологизмдер жүйелі түрде зерттеліп келеді, дегенмен зерттеу бағыттарында өзгешеліктер бар. Зерттеу барысында ағылшын ғалымдарының басым бөлігінің зерттеулері фразеологизмдердің құрылымын, олардың ауызекі тіл мен жазба тілдегі қолданысын зерттеуге арналғандығы анықталды. Сондай-ақ, тілде жиі және сирек қолданылатын тұрақты тілдік бірліктер мен олардың стильдік ерекшеліктері қарастырылған. Әртүрлі мақсатқа негізделген көптеген сөздіктердің құрастырылуын ерекше атап өткеніміз жөн. Жалпы алғанда, ағылшын фразеологизмдерін зерттеуге арналған жұмыстардың ауқымды бөлігі қолданбалы мақсатқа және компьютерлік лингвистикаға негізделген деген тұжырым жасауға болады.

Қазақ тілінің фразеологизмдеріне қатысты сөз қозғағанда отандық фразеологияның қалыптасуына елеулі үлес қосып, дамуына ықпал еткен І.Кеңесбаевтың зерттеулерін, ғалымның осыдан қырық жылдан астам уақыт өтсе де өз мәні мен құндылығын сақтаған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегін ерекше атап өткеніміз жөн. Аталған еңбектегі фразеология саласының алатын орны мен зерттеу нысаны, олардың ерек белгілері, басқа тұрақты тіркестерден өзгешелігі, варианттылығы, көпмағыналылығы т.б. тәрізді фразеологизмдер табиғатына қатысты сөздік материалына қосымша берілген теориялық тұжырымдары көптеген зерттеу жұмыстарына арқау болды. Ғалымның қазақ тіліндегі фразеологизмдерді фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес деп екі топқа бөлгендігі, алғашқысына идиом сипатындағы бірліктерді жатқызғандығы белгілі. Ал тіл теориясына қатысты еңбектерімен танымал ғалым К.Аханов аталмыш бірліктер тобын семантикалық тұрғыдан төрт топқа бөліп қарастырады. Дегенмен бір тілге қатысты фразеологизмдердің жіктеліміне қатысты әртүрлі пікірдің қалыптасуы жас зерттеушілер мен білім алушыларға азды-көпті қиындықтар туғызатыны мәлім.

Байқап отырсақ, жоғарыда келтірілген жіктелімдердің барлығы дерлік семантикаға негізделген. Демек фразеологизм құрамындағы бірліктердің арасындағы мағыналық байланыстың көмескіленуі, әлсіреуі немесе жойылып кетуі фразеологизмдерді топтастыруға негіз болған. Фразеологизмдерді мағыналық тұрғыдан қарастыру, талдау дұрыс, дегенмен оның құрамы мен құрылымы да назардан тыс қалмауы қажет. Фразеологизмдердің тілде қалыптасуы мен мағынасы тұтас, қолдануға даяр тұрақты бірлікке айналуына құрылымдық ерекшеліктерінің де мәні зор.

Жоғарыда аталған фразеологизмдердің мағына тұтастығы, тіркес тұрақтылығы, қолдану тиянақтылығы (даяр тұруы) тәрізді жасалу шарттары жалпы тұрақты тіркестердің, оның ішінде, фразеологизмдердің барлық түріне тән белгілер болып саналады.

Тілдерді, әсіресе, үнді-еуропа тілдерінің фонетикалық, грамматикалық, лексикалық т.б. жүйелерін салыстырмалы типологиялық әдіспен зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алғанымен, бүгінгі таңда бұл лингвистикалық бағыт салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі ретінде қалыптасты. Ал түркі тілдерін герман, роман тілдерімен, оның ішінде, қазақ тілін ағылшын, неміс, француз, итальян т.б. тілдерімен салғастыра зерттеу бертін келе қолға алына бастағандықтан, шешімін таппаған соны мәселелер, міндеттер баршылық.

Халықаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас дамыған қазіргі таңда генетикалық жағынан алшақ жатқан әртіптес тілдерді өзара салғастыра зерттеу өзекті де күрделі мәселелердің қатарына жатады. Осыған орай халықтық мұра саналатын фразеологизмдер тобы кейінгі кезеңдері антропоцентристік бағытта кешенді түрде салыстырыла және салғастырыла зерттеле бастады, бұл зерттеулердің теориялық және практикалық мәні зор.

Салыстырмалы және салғастырмалы фразеологияның теориялық негізін қалыптастыруда, зерттеу нысаны мен әдіс-тәсілдерін анықтауда А.М. Бабкин, В.В. Виноградов, Н.М. Шанский, Н.И. Амосова, І.К. Кеңесбаев, Ә.Т. Қайдар, М.М. Копыленко, И.И. Чернышева, В.В. Кунин, В.П. Жуков, Д. Добровольский, А.Д. Райхштейн, Ө. Айтбаев, Н.М. Уәли, С.Е. Исабеков, т.б. сынды ғалымдардың тың тұжырымдары мен құнды пікір-пайымдауларын ерекше атап өткеніміз жөн.

Екі немесе бірнеше тілдегі тұрақты бірліктерді салыстыра және салғастыра зерттеуге арналған жұмыстар фразеология саласының теориясына белгілі бір дәрежеде өзіндік үлес қосады. Осындай зерттеулердің нәтижесінде көптеген теориялық әрі практикалық мәні зор күрделі мәселелердің күңгірт тұстары айқындалары анық. Мысалы, отандық тіл білімінде фразеологизмдер С.Е. Исабековтың, М.Х. Әбілғалиеваның, Э.Т. Мұқышеваның (орыс, неміс), М.Т. Сәбитованың, Р.Қ. Смағұлованың т.б. (қазақ, неміс), К.К. Дүйсекованың (қазақ, француз), Р.М. Алғымбаеваның (орыс, қазақ, француз), Д.М. Марданованың (ағылшын, түрік), А.Қ. Сағынтаеваның (орыс, ағылшын), Т.Ж. Мықтыбаеваның,

Ф.А. Оспанованың (қазақ, ағылшын), А.Б. Донбаеваның, Ж. Есенғалиеваның (қазақ, араб), Б.Н. Жұбатованың (қазақ, араб, парсы тілдері) және тағы да басқа бірқатар ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі мақсатта салғастырмалы негізде жан-жақты талданып, көптеген универсалды құбылыстар мен заңдылықтар, тілдік ерекшеліктер анықталды. Дегенмен салғастырмалы фразеологиядағы арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер әлі де болса баршылық. Түркі тілдері фразеологизмдерін салыстыра зерттеу бағытында да жан-жақты жұмыстар жүргізілуі қажет. Ә. Қайдар, Р. Сыздық, З.Г. Ураксин, Р.Х. Аннаева және тағы да басқа танымал ғалымдардың түркі фразеологизмдерін салыстыра зерттеудің қажеттігі жөнінде пікірін толығымен құптаймыз.

Әлем тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра немесе салғастыра зерттеудің мәні жөнінде белгілі ғалым А.Д. Райхштейннің: «Сопоставление конкретных языковых единиц в отдельных языковых парах, характерное для прикладных направлений сопоставительного анализа, дает полный материал для более широких типологических обобщений, которые в свою очередь позволяют выделить самые глубинные сходства и различия между языками, проявляющиеся в частичности и в конкретных соответствиях» [Райхштейн А.Д., 1980, б. 143] деген тұжырымы жоғарыда айтылған пікірді нақтылай түседі.

Ал түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу олардың туыстығын, түркілік таным ортақтығын, рухани, мәдени құндылықтар сәйкестігін танытып қана қоймай, әрбір ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға да септігін тигізеді.

Тілдік орамдардың құрамындағы кейбір компоненттер семантикалық жағынан ерекшеленіп, ұйытқы, тірек сөз қызметін атқарады. Осындай ұйытқы сөздердің қатарына сан есімдер, топонимдер, флора, фауна, соматикалық атаулар т.б. жатады. Осы мәселеге қатысты І. Кеңесбаевтың «Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше ФЕ-лерде қайталанып отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл. Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің мәні зор. Бірде дене мүшелеріне (соматикалық принципке) байланысты, бірде төрт түлік мал, егін, т.б. шаруашылыққа, флора, фаунаға, байланысты алуан түрлі фразеологизмдерге арнайы көңіл бөлу керек-ақ» деген пікірі зерттеу жұмыстарының бірнеше бағытта жүргізілуіне арқау болды [Кеңесбаев І., 1977, б. 712].

Қазіргі таңда тіл білімінде тілдердің лексика-фразеологиялық жүйесін тақырыптық топтарға бөліп зерттеу әдісі кең көлемде жүргізіліп, өз нәтижелерін беруде. Осы мәселелерге арналған зерттеулер екі бағытта жүргізіліп келеді, біріншісі кәсіптік терминологияға (саяси, әскери, теңіз шаруашылығы, спорттық т.б.) байланысты қалыптасқан фразеологизмдер. Екінші бағыт бойынша кәсіптік емес тақырыптық топтарға жататын фразеологизмдер, мысалы, соматикалық (О. Назаров, М.Х. Әбілғалиева, Б.К. Уызбаева, Г. Сағидолда), алғыс, қарғыс мәнді (С. Төлекова), фауна және флора (Р. Смағұлова, Т. Мықтыбаева), тағам (А. Жылқыбаева), ру-тайпа (Ш.Б. Сейітова) атауларына, табу және эвфемизмдерге (Ә. Ахметов, А. Сағынтаева) т.б. қатысты фразеологизмдер қарастырылған. Салыстырмалы түрде алғанда, кәсіптік емес тақырыптық топтарға жататын фразеологизмдерді зерттеу қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Осы орайда аударману саласына қатысты фразеологиялық зерттеулердің санаулы екендігін атап өткіміз келеді, демек алдағы уақытта осы бағытта жұмыс жүргізу керек. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс терең әрі жан-жақты талдауды қажет етеді, себебі зерттеу барысында аудармада орын алатын қателіктердің басым бөлігі тұрақты тіркестерге қатысты екендігі анықталды.

Фразажасам үдерісінде қай тілдік бірліктің ұйытқы сөз ретінде белсенді қызмет атқаратындығы жөнінде жан-жақты зерттеу жүргізіп, талдау барысында ғана нақты тұжырым жасауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің басым көпшілігі төрт түлік атаулары негізінде қалыптасқан болса, ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің ауқымды тобын теңіз шаруашылығына қатысты тілдік бірліктер құрайтындығы ғылыми зерттеулер нәтижесінде нақтыланды. Әр халықтың дүниені бейнелі қабылдауының түп негізінде қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды сол халықтың тұрмыс-жағдайына, салт-дәстүрі мен мәдени өміріне тікелей қатысы бар заттармен салыстыру әрекеті жатыр. Сөздің фразажасам белсенділігіне оның фономорфологиялық табиғатының да әсері мол. Бір немесе екі буындық ықшам құрылым сөздің фразеологизм құрамында жиірек кездесуіне ықпал етеді, ал көпбуындық құрылым бұл мүмкіндікті шектейді.

Фразеологизмнің мағынасында белгілі бір затты, болмысты не құбылысты сипаттайтын дара белгілер неғұрлым көбірек болса, оны осы тұрақты тіркестің көмегімен бейнелеу мүмкіндігі соғұрлым арта түседі. Сондай-ақ тілдегі сөздердің фразажасам үдерісіндегі рөлі, ұйытқы сөз ретіндегі қызметі,

қолдану жиілігі әртүрлі болып келеді, ол тілдің заңдылығына байланысты. Бұл заңдылықты Н.Д.Петрова: а) сөздің көнелігімен, ә) морфологиялық құрылымының қарапайым болуымен, б) жиі қолданылуымен сабақтастырады [Петрова Н.Д., 1983, б. 24].

Қандай да бір сөзде жоғарыда аталған белгілер неғұрлым толығырақ кездессе, сөздің фразажасам белсенділігі соғұрлым жоғары болады және керісінше деп түйеді.Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ғалымның тілдік бірліктердің фразажасам белсенділігіне қатысты пайымдауын қолдауға негіз бар деп есептейміз.

Қорытынды

Сан мыңдаған фразеологизмдерді өзара топтастырып, жан-жақты зерттеу арқылы ғана халықтың тіл байлығын, өмір-тарихын, кәсібі (белгілі бір кәсіппен қаншалықты айналысқанын) мен тұрмыс-тіршілігін анықтауға болады. Осы жүйеде топтастырудың нәтижесінде белгілі бір ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, діни наным-сенімі, ұлттық ерекшеліктері мен игі қасиеттері айқындалады.

Фразеологизмдерді мағыналық және тақырыптық топтарға жіктеп зерттеу этнолингвистика үшін де маңызды. Себебі, өмірдің әрбір саласында қайталанып, әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің шығу төркіні, тілдегі орны мен қолданыс аясы, мән-мағынасы этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында кеңірек айқындала түседі. Сондықтан да болар, академик Ә.Т.Қайдар өзінің этнолингвистикалық зерттеулерінде тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға жіктеп, оларды өзара байланысты салаларға бөліп қарастырады. Тілдердегі тұрақты бірліктерді осы бағытта салыстыра және салғастыра зерттеу фразеологиялық жүйедегі сәйкестіктер мен тілдік ерекшеліктерді анықтауға, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Көркем шығарма тілін нәрлендіріп, бейнелеуші фразеологизмдер тілдің көркемдеу жүйесін, ұлттық нақышын бүкіл бедерімен, бояуымен айқын көрсетеді. Сондықтан жан-жақты жүргізіліп жатқан фразеологиялық зерттеулер олардың тілде қалыптасу заңдылықтарын, құрылымдық өзгерісін, семантикалық дамуын, қолданыс аясының кеңеюін немесе керісінше тарылуын, оның себеп-салдарын анықтауға септігін тигізеді. Сонымен қатар жеке тілдің фразеологиясына және салыстырмалы, салғастырмалы, аударматанымдық фразеологиялық зерттеулерге қатысты ғылыми жұмыстарды саралап, болашақ ізденістердің аясын айқындау да бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. 3-е изд.– М.:Эдиториал УРСС,2013.–216 с.

2. Назарян А.Г. Фразеология современного французского языка. – М.: Высшая школа, 1987.–288 с.

3. Райхштейн А.Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии. – М.: Высшая школа, 1980. – 143 с.

4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.–Алматы: Ғылым, 1977.–712 б.

5. Петрова Н.Д. Фразеотематическое поле зоосемизмов в современном английском языке: автореф. к.ф.н. – К., 1983. –24 с.



СЕЙІТБЕКОВА АЙНҰР АТАШБЕККЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢА МАҒЫНА ҮСТЕГЕН АРАБ, ПАРСЫ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАНУЫ

Түйін. *Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшуде қазақ тілінің лексикографиялық базасын қайта әзірлеу, толықтыру, түзету жұмыстары жүргізіледі. Соның ішінде қазақ әдеби тілінің негізгі қабатын құрайтын араб, парсы сөздерінің сөздігін әзірлеу барысында кирилл әліпбиіндегі болған кейбір орфографиялық кемшіліктерді, семантикалық өзгерістерді саралауды қажет етеді. Осыған байланысты мақалада жаңа әліпби негізінде жаңа мағына үстеген араб, парсы бірліктерінің лексикорафиялануы жайында сөз болады. Оның ішінде бүгінгі таңда ғылымның әр саласында жаңа мағына үстеген араб, парсы тілдік бірліктерді сөздік мақалаға енгізу қажеттілігі қарастырылады. Автор тарапынан жаңа графикамен түзілетін сөздікке араб, парсы тілдік бірліктерді тіркеуде лексикографиялық критерийлер ұсынылады.*

Түйінді сөздер: *сөздік, сөзтізбе, сөздік мақала, араб сөздері, парсы сөздері, жаңа әліпби, мағына.*

Резюме. *Переход на новую латинскую графику казахского алфавита предполагает разработку, дополнение и корректировку лексикографической базы казахского языка. В процессе разработки словаря арабских и персидских слов, которые составляют основной пласт казахского литературного языка, необходимо проанализировать некоторые орфографические недостатки и семантические изменения в кириллице. В связи с этим в статье поднимается вопрос о лексикографировании арабских и персидских лексических единиц с новыми значениями. Для этого рассматривается необходимость разъяснения значений арабских и персидских языковых единиц при внедрении в различные сферы науки, которые на сегодняшний день имеют новые значения.Автором разработаны лексикографические критерии для введения арабских и персидских слов в словарь новой латинской графики.*

Ключевые слова: *словарь, реестр, значение слов, арабские слова, персидские слова, новая графика, значение*

Sammary. *The transition to the new Latin script of the Kazakh alphabet involves the development, addition and adjustment of the lexicographic base of the Kazakh language. In the process of developing a dictionary of Arabic and Persian words, which make up the main layer of the Kazakh literary language, it is necessary to analyze some spelling flaws and semantic changes in the Cyrillic alphabet. In this regard, the article raises the issue of lexicography of Arabic and Persian lexical units with new meanings. To this end, the need for clarification of the meanings of the Arabic and Persian language units when introduced into various fields of science, which today have new meanings, is considered. The author developed lexicographic criteria for introducing Arabic and Persian words into the dictionary of new Latin graphics.*

Key words: *dictionary, registry, meaning of words, arabic words, persianwords, new graphics, meaning.*

Жаңа әліпбиге көшу барысында үлкен жауапкершілікті талап ететін лингвистикалық жұмыстардың бірі –сөздік әзірлеу. Себебісөздік халықтың жаңа графикамен сауаттандырудың әрі функционалдық тұрғыдан практикалыққажеттілігіне жарататын қажетті құралы. Сөздіктің түрлері көп. Соның ішіндеқазақ әдеби тілінің негізгі қабатын құрайтын араб, парсы сөздерінің кирилл әліпбиіндегіорфографиялық, графикалық кемшіліктерді саралап,уақыт өтуімен байланысты болғансемантикалықөзгерістер мен жаңадан туындаған тілдік бірліктерді еңгізіп, жаңа графикамен араб, парсы сөздерінің арнайы сөздігін әзірлеу уақыт талабынан туындап отырған іргелі лексикографиялық жұмыстардың бірі. Латын әліпбиіне бізден ертерек көшкен түркі халықтарының тәжірибесі көрсеткендей, халықтың жаңа графикамен оқу, жазу-сызу барысында лингвистикалық, психологиялық дискомфортқа ұшырамас үшін, жаңа графикаға көзшалымы бірте-бірте үйрену үшін екіграфикалы (латын және кирил) параллель сөздіктерін әзірлеуден бастаған жөн.

Қазіргі қазақ тіл білімінде араб және парсы сөздеріне қатысты зерттеулер Л.З.Рүстемовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздер», «Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов», Н.Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі», Е.Бекмұхановтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері», А.Дәдебаев пен Ж. Қайырбековтың «Арабша-қазақша сөздігі» атты еңбектерімен белгілі. Бұл сөздіктер қазақ лексикографиясында үлкен ізденіспен құрастырылған сөздіктер ретінде бағаланып

келеді. Сөздіктердегі сөзтізбеге алынған араб және парсы сөздерінің дефициясын жеткізуде, жүйелеуде, тарихи сөздердің құрамын анықтауда құнды материалдар ретінде қолданылатынымыз сөзсіз. Сондай-ақ, профессор Ислам Жеменейдің «Қазақша-парсыша», «Парсыша-қазақша» екі томдық сөздігі тәжірибелік лексикографияда тіл лексикасын ғылыми тұрғыдан зерттеуде, тіл үйренуде, белгілі дәрежеде ғылыми-практикалық қолданыс қажеттілігін қанағаттандыруда маңызды қызметтерді атқарып келеді.

Қазіргі тіл тұтынушысына бүгінге дейін жалпыхалықтық кең қолданыстағы араб, парсы тілдік бірліктермен қоса қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылмайтын ескі кітаби сөздер мен ішінара аймақтық сөздерді де қамтыған «Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінің» орны айрықша.

Ал енді жаңа графикаға көшу барысында осындай ғылыми лексикографиялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, қазіргі сөздік қорымызға бұрыннан ертеректе енген және егемендік алғаннан кейінгі жылдар ішінде тіліміз, дініміз қайта жаңғырып, неологизмге айналған кейбір ескіліктегі араб, парсы тілдік бірліктерді қайта жинақтап, толықтырып, сұрыптап, сөздікке тіркеп, реттеп, мән-мағынасын ашу – кезек күттірмейтін мәселе. Бұндай сөздіктер практикалық тұрғыдан қазіргі қоғамның тілтанымдық әлеуетін көтеруге де, білімін кеңейтуге де септігін тигізетіні сөзсіз. Сөзді лексикографиялау дәстүрі бойынша, атау сөздер мен олардың құрамы ескеріледі. Осыған орай жаңа графикадағы араб, парсы түсіндірме сөздігімакроқұрылымы мен микроқұрылымыннақтылау арқылы түзіледі. Сөздіктің макроқұрылымынасөзтізбе құрамы, атау сөздер іріктелсе, микроқұрылымынасөздік мақаланың көлемі, пішіні, белгі сөзі, этимоны, латын әріпімен жазылған транслитерациясы, әртүрлі тұлғада жазылып жүрген сөздерді латын графикасымен орфографиялау мәселесі, сөздің семантикасы, семантикалық варианттары, семантикалық өрісі, дәйектемелік материалдары қамтылады.Сонымен сөздіктіңсөзтізбесінеенетін араб, парсы кірме сөздер құрамын былайша бөлуге болады:

- жалпыхалықтық қолданыстағы араб, парсы сөздері;
- ескі кітаби сөздер;
- діни сөздер;
- аймақтық қолданыстағы араб, парсы сөздері.

Сөздік мақалаға осы топтағы сөздердің негізгі мағыналарынан бөлек мазмұны жағынан жаңаша мән алған араб, парсы сөздеріде қамтылатындықтан, жаңалану дәрежесіне талдау жұмыстарын жүргізуді жөн көріп отырмыз. Лексикологияда жаңа сөздер өзінің жасалу жолына қарай лексикалық және семантикалық неологизмдер деп бөлінеді. Лексикалық неологизмдерге қазақ халқының ұғымында болмаған, араб, парсы тілінен ертеректерухани дүниемен байланысты енген абстракт атауларды (ауа, жан, рух, махаббат, т.б.) жатқызуға болады. Уақыт өте кейбір араб, парсы сөздері семантикалық өзгерістерге түсу арқылы жаңа атауларға ие болуын семантикалық неологизмдерге жатқызамыз. Академик Р. Сыздықтың айтуынша, «жаңа сөз» деп жүргеніміздің бір алуаны – жаңа мағына үстеп, «тонын айналдырып киген» байырғы сөздер. Демек, жаңа дегеніміздің өзі – бұрынғы барлардың не тұлғасы, не мағынасы құбылған «жаңғырықтары» [Сыздық Р.,2009,145-б.].

Жалпыхалықтық қолданыстағы араб, парсы сөздері.Ең әуелі сөзтізбе құрамына төл сөздеріміздей болып қабылданып кеткен әдеби тілде белсенді қолданылатын **араб тілінен**: айла, алқа, азамат, азан, әмір, әлем, әріп,әтір, әулие, ғайып, ғажап, махаббат, мәдениет, мекен, мейірім, нұр, ноқат, ниет, сауап, тылсым, қуат, т.б.,**парсы тілінен**: баба, баға, барабар, бәйт, бейғам, бекем, жад, жан, жексенбі, жомарт, зардап, зергер, кедей,қошемет, кент, саз, сағыз, сая, тамаша, тілмаш, ұстара, шаршы, шеңгел, т.б.енген сөздер алынады. Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық технологияның қарыштап дамуына байланысты осындай жалпыхалықтық әдеби тілдегі кең қолданыстағы араб, парсы сөздерінің терминдік мән алып, жаңа мазмұнға ие болды. Бұл үрдіс отызыншы жылдардан басталғаны белгілі. Академик Р. Сыздық: «Жаңа сөздер» деген категорияға жататын тілдік құбылыстың қазақ тіліне қауырт және көптеп пайда болған тұсы XX ғасырдың алғашқы екі онжылдығы деп батыл айтуға болады», – дейді [Сыздық Р.,2009,133-б.].Содан бері араб, парсы сөздері қазақ тілінің терминдік қорын толықтырып, ғылымның әр саласының терминологиялық сөздіктеріне енгізілді. А.Е. Есенқұлов пен Н. Әшімбаева философиялық терминдерге сандық зерттеу жүргізу барысында 1200-ден аса терминдердің50-ден астамының тегі араб пен парсынікі деген тұжырым айтады [Есенқұлов А., Әшімбаева Н., 1990, 88-б.]. Әсіресе, олардың біршама пайызы қоғамдық ғылымдар саласында, соңғы жылдары техника, компьютерлену салаларында да орын алған. Мәселен, жалпы әдеби тілде «адам баласына тән ой, ес, қапер» мағынасындағы парсының йад (داي)жадсөзі қазақ тілінде кибернетика мен компьютерлік технологияда «машинаның есте сақтау қабілетін» білдіретін термин ретінде қалыптасып кетті.Сондай-ақ, араб тілінде «күш, энергия», «қабілеттілік», «отряд, полиция

корпусы» деген мағыналарды білдіретін куат(قوة)сөзі термин ретінде мағыналық өрісі кеңейіп, «энергия», «физикалық шама» мағыналарында қолданыс тауып, салалық сөздікке тіркелген. Әдеби тілімізге ертеден сіңісіп кетен арабтың торапсөзінің»жолдардың тоғысқан жері», «астық бастыратын, қырман көтеретін жер» деген мағыналары бар. Тіпті тілімізде «тоғыз жолдың торабы» деген фразеологиялық тіркес көпшіліке белгілі. Қазіргі таңда бұл сөз техникалық және компьютерлік терминдік мәнге ие болып, семантикалық ауқымы кеңейген: 1.»мәшине, құрылғы, тетіктің қарапайым элементтентұратын бөлігі»; 2. «екі бағдарламаны байланыстыратын желі»; 3. «өнеркәсіптегі бірнеше тетіктердің жиынтығы»; 4. «жүзетін көліктің жылдамдығын анықтауға арналған жылдамдық бірлігі».

Жалпыхалықтық белсенді қолданыстағы араб, парсы сөздерінкалькалау тәсілі де техникалық, компьютерлік, т.б. терминдердің нормалануына септігін тигізіп отыр:пәрмен (команда),мұрағат(архив), дерекхана (библиотека), хабар (сообщение), амал (операция), перне (клавиша), пернетақта, лақаб (ярлык),себет (корзина), науа (желоб), т.б. Әзірленетін сөздіктің сөздік мақаласына осы сөздердің негізгі мағынасымен қатар қосымша үстеген жаңа мағынасын да енгізуді қажет етеді:

ПӘРМЕН [ир.] з а т. 1. Қарқынды екпін, күш, қайрат-жігер, тегеурінді қуат. Оленді енді бұрылам дегенше қолымдағы найзаны п ә р м е н і м е н жіберіп кеп қалдым (Е. Салихов, Алақан). 2. Күрделі бір істі орындату үшін берілетін әмір, бұйрық, тиісті жарлық. Ей, алла, разымын салғаныңа, Жеткізбей армандамын алғаныңа. Билетіп, Шам, Бағдат, жетпісәлем, Көндірдім талай елді п ә р м а н ы м а. Бірапла, жалғыз ұлбер, жарылқайкөр! Көреалмай армандамын қалғаныма. Кетейін өзім барда патша сайлап, Артымда тапсырайын қалғаныма!» (Ә. Найманбаев, Шығ.).[ҚӘТС, 2011, 12-т., 338-б].3. Ақпар. Компьютерлік бағдарлама қандай бір тапсырманы орындатуға берілген нұсқау.П ә р м е н бойынша компьютер абоненттің нөмірін тереді.

ПЕРНЕ[ир.] з а т. 1. Домбыра, гитара, мандолин сияқты ішекті аспаптарды ойнағанда дыбысты күшейту, анықтай түсу үшін саусақпаен басатын мал ішектерінен я сымнан жасалған тетік.Әншінің сүйрік саусақтары домбыраның қос шегінде п е р н е бойымен жорғалай жөнеледі («Қаз. әдеб.»). 2. ауыс. Нәзік, сезім.Жаралы бір жан жатыр құба жонда, Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда. П е р н е с і, нұры кеткен көзіменен, Қарайды бейшара жан оңға, солға (М. Жұмабаев, Шығ.).[ҚӘТС,2011, 12-т., 358-б].3. Пернетақтадағы сандық және әріптік түймеше.Қазіргі таңда кеңінен тараған Windows-қа лайықталған пернетақта 104 п е р н е де н тұрады, оның екеуі – Windows терезелері бейнеленген п е р н е л е р (https://kk.wikipedia.org/).

Мазмұн жағынан жаңа мағына үстеген араб, парсы сөздері қоры бүгінгі таңда кітаби лексиканың, діни, жергілікті (аймақтық) тіл ерекшеліктеріндегі сөздердің семантикалық түрленуінен де, өзара ауыстүйісуінен детолығып отыр.

Ескі кітаби сөздер.XV–XVIII ғғ.жазба мұралар тіліндегі және XIX–XX ғғ. ақын-жазушылар шығармаларындағы ескі кітаби сөздердің бірқатары қолданыстан шығып кетсе, бірқатары мағынасын сақтап қалғандар да, жаңа мағынаға ие болғандар да бар.Түркі жазба ескерткіштер тіліндегі билік, атақ-лауазым саласындағы атаулар патша, маслихат, мәжіліс, әкім, астана,сарай, сарбаз, патша, майдан, т.б. қазіргі мемлекеттік басқару аппараттарында жаңаша сипат алып, нормативтік мәртебеге ие болған. Әсіресе, заң саласына қатысты терминдік ұғымдардың басым көпшілігі – байырғы араб, парсы сөздері. Бүгінгі таңдамағыналары сақталып, семантикалық өрісі кеңейген сөздердің қатарына қарар, бап, мүлік, құн,т.б.сөздерін жатқызуға болады. Мына кестеден салыстырып көрейік:

Жазба ескерткіштерде:	Қазіргі қазақ әдеби тілінде:
ҚАРАР (ар.) قرار –шешім. Шолар асул мыңары білән мұндағ қарарда хан алдында ерділер. Солар негізгі мың адамдарымен хан алдында осындай шешімде еді («Жамиғат тауарих»). Сыр суыны кечмекні қарар беріб кетді. Сыр өзенін кешіп өтуді бұйырып кетті («Түркі шежіресі»).Бұ қауым раст көңілі білән ел болды мұндақ қарарува муқаррар болды. Бұл қауым шын көңілмен (Шыңғыс ханға) ел болды, осындай нақты шешім қабылдады (ЖТ).Андын соң Кутан бір қарардатұрды андағ шарх берілді. Одан соң Кутан бір шешімге келіп, мынадай мәлімдеме жасалды (ЖТ).[Сейітбекова А., 2014, 244-б.].	**ҚАРАР[ар. باب] зат. заң. 1.Конституцияның құқықта парламент палаталарының бірі қабылдайтын құжаттардың атауы. Қарар заң жобарынан гөрі басқаша тәртіппен талқыланады және мемлекет басшысының қол қоюына берілмейді (ҚҰЭ). 2. Алқалы орнаған мәжілісінде немесе қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің жиналысында қайсыбір мәселені талқылау нәтижесінжже қабылданған шешім.Мәжіліс спикері орынбасарының сөзіне жүгінсек, Еуропарламент қарары қандай да бір елге елеулі нұқсан келтірмейді екен. Оның үстіне мемлекеттердің көбі мұндай қарарға елең етпейді де («Түркістан»)[ҚӘТС, 2011, 9-т., 349-б].**

БАБ(ар.)**باب** – тарау, бөлім.Туркига қылыб ажамдан бұ кітабмарифаткаачты секіз түрлү **баб**. Түркі тілінде парсыдан аударылып бұл кітап, білімге ашты сегіз түрлі бап (Гүлістан түрікшесі). Бұ кітабны ибтидақылдұқ шаджара и түркі ат қойдұқ тақы токұз **баб** қойдұқ. Бұл кітапты (жазуды) бастадық, (оған) «Түркі шежіресі» деп ат қойдық та тоғыз тарауға бөлдік (Түркі шежіресі) [Сейітбекова А., 2014, 70-б.].	**БАБ[ар. باب] зат. заң. – белгілі бір құжаттың тармағы, тарауы; статья. Республика Президенті мен Парламентініңі ара қатынасындағы Президенттік заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылауға және дауыс беруге қайтаруға конституциялық құқығы өте маңызды құрал болып табылады («Егемен Қазақстан»)[ҚӘТС, 2011, 2-т., 706-б].**

Осындай ескілікте қолданылған мақлұқат, набатат, мүкәммал қазіргі мектеп оқулықтары мәтіндерінде» жәндік, құрт-құмырсқа, бақа-шаян» мағынасындағы تاقولخم (махлуқат^{ун}) мақлұқат (фауна), «өсімдіктер, өсімдік әлемі» мәніндегі اتابنت (набатат^{ун}) нәбатат (флора) қолданыс тапқан.

Жаңа мағына ие болған сөздердің қатарына араб тіліндегі «1) аяқталған; 2) толық; 3)ауыс. байлық» мағынасындағы لمكم (мукаммал^{ун}) мүкәммал сөзін жатызуға болады. Қазіргі қазақ тілінде «инвентарь» сөзінің аудармасын беріп отыр, яғни «мекеменің, жеке адамның мүлкіне жататын барлық нәрселер» деген мағынада жаңа атаудың қатарынан орын алған.

Діни сөздер. Бүгінгі таңда еліміздегі қалалық үлкен мешіттерде, әлеуметтік желілерде дінтанушы ғалымдардың, имамдардың, молдалардың Алланы тану, Аллаға құлшылық етуге бағытталған насихаттау шаралары мен дәрістері діни сананың жаңғыруына септігін тигізіп отыр.Осы ретте уағызшылар діни ұғымдарды түсіндіруде араб тіліндегі түпнұсқасымен айтуды дәстүрге айналдырған: Аллах (Алла емес), халал (адал емес), ширк (күнә емес), уахи келді (хабар келді емес), мазхаб жолы (тура жол емес), мурид (шәкірт емес), сахаба (достары емес),муджахит (күресуші емес), т.б. Соданқоғамда, әсіресе, жастар арасында діни ұғымдар мен түсініктерді түпнұсқа тіліндегі айтылуындай қаз-қалпында қабылдап, игере бастаған. Сондай-ақ, діни орталықтардың ашылуы, діни кітаптардың шығуы Құран сүрелері мен аяттарын түпнұсқа тіліндегідей жазу да белең алған: мазхаб (мазхап емес), хиджаб (хиджап емес),жихад (жихат емес), т.б. Сонымен қатар XVIII–XX ғғ. кітаби лексикадағы діни сөздер күні бүгінге дейін әртүрлі нұсқада жазылып жүр: мүбарак/мүбәрак/мүбәрік,уажіп/ уәжіп, т.б.Сондықтан жаңасөздікке тіркелетін жаңартылған діни мазмұндағы сөздерді сұрыптауды, түрлі нұсқалармен жазылған сөздерді біріздендіруді қажет етеді.

Жергілікті (аймақтық) сөздер. Қазақ тіліндегі жаңа бірліктердің тағы бір көзі – жергілікті (аймақтық) сөздер.Кейбір тілдік бірліктер сөйлеу тілі жүйесінен әдеби тілдің жүйесінене терминжасам жүйесіне өтеді. Мәселен, еліміздің батыс, шығыс аймақтарында «асыл, өте жақсы, ерекше, тәуір» деген мағынадағы дегдар сөзі әдеби тілдің нормасына өткен.Мәселен,

Ол бір **дегдар** тұқым, әкесі де **дегдар** кісі болушы еді (Сем., Ақс.).

Өзім естіген білген, өткен кеткен дүниедегі **дегдар** даңқты әйелдердің бір де біреуін маңаламайды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

Сөзтізбеге аймақтық қолданыстағы араб, парсы сөздерінің мағыналық өрісі терминдік мән алғандарын да байқауға болады. Еліміздің оңтүстік өңірінде парсының «үйдің кіреберіс бөлмесі, ауызүй»; «мекеме ғимараттарындағы ұзын, ортақ кіреберіс»; ауыс. «босаға» мағыналарында қолданылатын **дәліз** сөзіэкономика саласында»бір елдің екінші елге, бір жерден екінші жерге тесерусіз, қараусыз өтіп кететін аралық» деген терминдік мәнге ие болған. Мәселен,

Жаздыгүні көбінесе **дәлдізде** отырамыз. Үйіміз үш бөлмелі, оның бірі – **дәлдіз** (Маң., Маңғ.).

Қазақстанның бас кеденшісі Мәжит Есенбаев өзінің соңғы бір сұхбатында осы механизмнің қазақстандық кеден органдарында қолға алынғанын, яғни **«жасыл дәлізбен»** өтуге құзырлы тұлғалардың тізбесі жасалып жатқанын айтқан болатын [URL: http://www.halyk-gazeti.kz/].

«Дәліз» сөзімен дәліз инвестициялық бағдарламасы, жеке дәліз, жасыл дәліз, т.б. тіркестер пайда болған.

Аффиксация тәсілі арқылы жасалған жаңа бірліктер.Уақыт өткен сайын қоғамдағы жаңа ақпараттар ағымы мен технологияның үздіксіз дамуына байланысты араб, парсы лексикалық түбірлерінен, сөзжасам жасайтынөнімді жұрнақтарынан туындаған жаңа мазмұндағы кірмелердің қазіргі тіл иемелдерінің ауызша және жазба тілінде жиі байқалады. Парсы тіліндегі**жо** – жер, **наме** – хат,**хана** – үй, **қағаз**лексикалық тілдік бірліктер және»кәрдән – істеу, жасау»етістігінің осы шағы «**кәр-кер, гер**»,»хурдан – жеу, ішу» етістігінің осы шағы «**хор-қор**» өздерінің номинативтік мағыналарын айырылып, қазақ тілінде сөзжасам аффикстері қызметінде жұмсалады. Соңғы кездерібаспасөз беттерінде, ресми іскағаздарында бұл сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған бізге белгілі қызметкер, жемқор, дәріханада, т.б. сөздерінен

бөлек жаңадан туындаған тілдік бірліктердіңбелсенділігі артып келе жатыр: құзырхат,жалгер, үміткер, зияткер, мәтінгер, тәлімгер, қаламгер, дерекқор, растама, ысырапқор, т.б. Парсының сөзалды **-бей** жұрнағы тіл білімі саласында жаңа терминдер жасауға ұйытқы болып отыр: бейүндес, бейтілдік, бейфенитті (тұлға), бейресми, бейтарап, т.б. Әсіресе сөз соңына -ет, -ят, -атаффикстерінің жалғануы арқылы жасалған өркени**ет**, руханиі**ят**, жағда**ят**, ислами**ят**, т.б. жаңа тілдік бірліктердің қолданысы жоғары. Сөзжасам құбылысы төл сөздер мен араб, парсы, орыс тілі мен араб, парсы тілдік бірліктерінің бірігуі арқылы жасалған гибрид сөздер де баспасөз беттерінде, ғылыми мәтіндерде жиілеп бара жатыр: мәтінтану, мәтіннама,тақырыптама (тематика)уақытсыймдылық, қуатсыйымдылық, пікіралмасу, т.б. Осындай жаңадан туындаған тілдік бірліктерді де сөздікке енгізуді қажет етеді.

Әдеби тілімізде қолдану жиілігі жоғары тілдік бірліктердің семантикалық өрісіне назар аударайық. Қазақ әдеби тілі сөздігінде тіркелген «нақты мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға заң арқылы берілетін өкілеттіктің, құқықтың және міндеттердің жиынтығы» мағынасында қолданылатын арабтың құзыретсөзі қазіргі БАҚ құраладары мәтіндерінде және педагогика саласында дефинициясы нақтыланбағанын байқауға болады. Педагогика саласында бірде «құзырет – практикалық тәжірибенің,ұсталықтың және білімнің негізінде ойдағыдай әрекет ете білу», енді бірі «құзыретті» – «бір нәрсе жайында өзінің дәлелді, абыройлы пікірін білдіре алатындай білімді меңгеру, бір салаға қатысты хабардарлық, беделділік» дегентағы басқамағынаныбілдіреді.Осылайша педагогтар арасында қолданылып жүрген «құзырет» сөзінің әртүрлі қолданысқа ие болғаны байқалады. Осыған байланысты бұл сөздің дефениціясын нақтылап, сөздікке енгізуді қажет. Осы сияқты терминком бекіткен терминдер қатарынан орын алған мүкәммал (инвентарь), мәтінгер (текстолог),напақа(алимент), сазгер, шәкіл, т.б.сөздікке тіркеуді қажет ететін лексикалық бірліктер.

Тілімізде белгілі бір құбылысты, ұғым-түсінікті, атаудың екі-үш, кейде одан да көп варианттары қатар, жарыса қолданыла беруі орын алған. Оның бірі төл сөзіміздей игеріліп кеткенараб, парсы сөздері болса, екіншісі орыс сөздері болады. Мысалы, қазіргі күндерде, мұрағат – архив, мұражай – музей, пайыз – процент сияқты сөздер қатарласа қолданылып келеді. Кейде араб, парсы тілінен енген сөздердің өздері қатар жарыса қолданылады: уәж – себеп, «условие» сөзі шарт – талап, т.б. Осындай жаңа тілдік бірліктердің орныуына, біріншіден, уақыттың, екіншіден, қоғамның талғамы, үшіншіден, лингвистикалық талдауларды қажет етеді.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі және түрлі салаларда жаңа мағына үстеген араб, парсы сөздерінің қоры ескі кітаби лексиканың, діни, жергілікті (аймақтық) тіл ерекшеліктерінде қолданылатын сөздердің семантикалық түрленуі мен дифференциялану процесіне түсуі арқылы жаңарған.Осыған орай қазіргі қолданыстағы жаңааараб, парсы тілдік бірліктерінекі топқа бөлуге болады:

1. қалыптанып, нормаланып кеткен жаңа бірліктер;
2. босаң нормада тұрған жаңа қолданыстар.

Сонымен жаңа графикамен түзілетін сөздікке араб, парсы тілдік бірліктерді тіркеуде келесі лексикографиялық критерийлерді назарға алуды жөн санаймыз:

біріншіден, әртүрлі дефиницияда қолданылып жүрген кейбір лексикалық бірліктердің мағыналарын нақтылау;

екіншіден, тіл иелмендерінің қолданысында функционалдылығы жоғары, бірақ әдеби нормаға еніп орнықпағандарды сөздікке тіркеу;

үшіншіден, жалпыхалықтық қолданыстағы,кітаби тілдегі, діни, жергілікті (аймақтық) тіл ерекшеліктеріндегі сөздердің семантикалық өзгерістерінен болған жаңа тілдік бірліктерді сөздік мақалаға енгізу;

төртіншіден, жазу-сызда әртүрлі тұлғада жазылып жүрген мүбарак/мүбәрак/мүбәрік, мазхаб/мазхап, уажіп/ уәжіп, марқабат/мархабат, патсайы/батсайы т.б.араб, парсы сөздерін біріздендіру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есенқұлов А., Әшімбаева Н. Кірме сөздерден жасалған философиялық терминдер // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. 86-93 бб.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.

3. Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

4. Сейітбекова А. Араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі (XII-XVII ғғ. жазба ескерткіштер негізінде). – Алматы: мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. -452 б.

URL: http://www.halyk-gazeti.kz/

УДК 378.02:37.016
ҒТАХР 14.35.09



СЕИТОВА ГАУХАР АМАНЖОЛОВНА
докторант
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

КУНАКОВА КЛАРА УМИРЗАКОВНА
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНЕ ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Түйін. *Ұсынылған мақала техникалық мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім берудің негіздерін айқындайды және қазіргі кезеңдегі шеттілдік білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастыру-әдістемелік шарттарына тоқталады. Шетелде өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі, шетел тіліндегі техникалық құжаттамамен жұмыс істеу, шетелдік әріптестермен іскерлік келіссөздер жүргізу, халықаралық кәсіби байланысты кеңейту техникалық мамандық студенттерінің шеттілдік білімдерін тереңдетуді және шеттілдік кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды көздейді. Білікті, кәсіби мамандарға қол жеткізу мақсатындағы білім беруді оңтайландырудың басты бағыттарының бірі білім беру мазмұнын қайта қарастырып, инновациялық әдістер мен интерактивті технологияларды жан-жақты енгізу болып табылады. Шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті техникалық мамандықтар студенттеріне кәсіби тұрғыда дайындау барысында қалыптастырудың маңыздылығын нақтылайды және шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік ұғымын анықтайды.*

Түйінді сөздер: *шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік, техникалық мамандықтар студенттері, ұйымдастыру-әдістемелік шарттар, халықаралық кәсіби байланыс.*

Резюме. *Предлагаемая статья определяет основы обучения иностранным языкам студентов технических специальностей. Основное внимание уделено организационно-методическим условиям реализации обучения иностранному языку на современном этапе. Обновление содержательного компонента образования является одним из главных составляющих обнавления образовательного процесса для подготовки конкурентоспособных специалистов, внедрение новых подходов и инновационных интерактивных технологий. Указывается на важность формирования профессиональной коммуникативной компетенции по иностранному языку в рамках профессиональной подготовки специалистов технического профиля. Определяет понятие иноязычной коммуникативной компетенции.*

Ключевые слова: *иноязычная коммуникативная компетентность, студенты технических специальностей, организационно-методические условия, международная профессиональная коммуникация.*

Summary. *The proposed article defines the fundamentals of teaching foreign languages to students of technical specialties. The main attention is paid to the organizational and methodological conditions for the implementation of teaching a foreign language at the present stage. One of the main directions of modernization of education is updating the content of education to train competitive specialists, introducing new approaches and innovative interactive technologies. The importance of the formation of professional communicative competence in a foreign language in the framework of professional training of technical specialists is indicated. Defines the concept of foreign communicative competence.*

Keywords: *foreign-language communicative competence, students of technical specialties, organizational and methodological conditions, international professional communication.*

Кіріспе

Жаһандану дәуіріндегі Қазақстанның дүниежүзілік білім беру мен мәдениетке бірігуіне негізделген жоғары кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері жоғары оқу орындары түлектерін даярлау деңгейіне қоғам тарапынан жаңа талаптар қоюда. Солардың бірі кәсіби шеттілдік

құзыреттілікті қалыптастыру, себебі шетел тілінде өз бетінше кәсіби қарым-қатынас орната алу және ұйымдастырушылық қабілеттерін де шетел тілінде жүзеге асыра алу заман талабының сұраныстары. Аталмыш талаптар шетел тілін оқыту үдерісі сатыларын жетілдіру керектігін көрсетеді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ісінің мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Олар ең алдымен, Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [URL: http://egi.kz/wp-content/uploads/2016/], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [URL: http://adilet.zan.kz/], Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [URL: http://adilet.zan.kz/kaz/], Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы [http://government.kz] сияқты еліміздің негізгі нормативтік құжаттарында көрініс табуда.

Аталмыш талаптарды жүзеге асыру жолында еліміздің білім беру саласында әр тараптан жан-жақты жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының экономикалық өсімін ұлғайтудың бірден-бір жолы әр сала бойынша, оның ішінде техникалық салалар бойынша нағыз өз ісінің кәсіби құзыретті мамандарын даярлау болып табылады.

Қазіргі жағдайда жоғары білім беру ұйымдарының тілдік емес факультеттерінде «Шетел тілі» пәнінің рөлі шеттілдік қарым-қатынас болашақ маманның кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылуына байланысты арта түсті.

Негізгі бөлім

Қазіргі жаһандану кезеңінде болашақ инженерлердің кәсіби құзыреттіліктерінің бірі аудармашылар көмегінсіз шетел тілінде өз саласы шеңберінде кәсіби қызмет жүргізу, қарым-қатынас орнату қабілеттілігі болып табылады. Халықаралық кәсіби байланысты кеңейту, шетелдік әріптестермен іскерлік келіссөздер жүргізу, шет тіліндегі техникалық құжаттамамен жұмыс істеу, шетелде өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі болашақ инженерлерді оқытуда шетел тілінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануды және техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шеттілдік құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді.

Білікті, кәсіби мамандарға қол жеткізу мақсатындағы білім беруді оңтайландырудың басты бағыттарының бірі білім беру мазмұнын қайта қарастырып, инновациялық әдістер мен интерактивті технологияларды жан-жақты енгізу болып табылады. Сонымен қатар, білім сапасын бағалауда құзыреттілікке негізделген тәсілді пайдалану маңызды.

Білім берудің құзыреттілікке негізделген нұсқасы студенттердің болашақ кәсіби қызметінде алған білімдерін іс жүзінде қолдануға және сапалы түрде орындауға қабілеттілігін білдіреді, яғни тек академиялық білімдермен шектелмейді. Осыған байланысты теория мен практика талаптары арасындағы алшақтықты жою құзыреттілікке бағытталған білім берудің мақсаты болып табылады. Бұл дегеніміз болашақ мамандардың университет қабырғасында алатын білім көлемінің негізгі бағытын осы құзыреттіліктерді игеруге, яғни білім беру басымдықтарын қызмет барысында қолданылатын құзыреттер жиынтығына қарай бағыттау, межелеген деңгейге жету қажеттілігін білдіреді. Құзыреттіліктер жиынтығына бағытталған білім беру тәсілі нәтижеге қол жеткізуді көздейді, бірақ, дәстүрлі білім беру тәсілінде нәтиже деп алынған ақпараттар жиынтығын бағалаймыз, ал құзыреттілікке бағытталған білім беру нәтижесі болашақ маманның жұмыс барысында орын алатын қалыпты және қалыпсыз жағдаяттар барысында да білімі мен біліктілігін дұрыс қолдана білу әрекеті.

Құзыреттілікке бағытталған білім беру тәсілінің басым тұстарының бірі тұлғаның жеке дара қасиеттері мен қабілеттерінің кәсіби құзыреттілік пен құзыреттерден тұратын білім қоржынын толтыруға тікелей әсер етуінде, яғни, алған теориялық білімдерін тек бір сала сарынында емес жан-жақты пайдалана алу мүмкіндігінде болып отыр [URL: https://cyberleninka.ru/article/v/integrativno-tselostnyy-podhod-kak-evristicheskoe-osnovanie-podgotovki-sotsialno-kompetentnostnyh-spetsialistov-vinzhenerno].

1. Көріп отырғанымыздай, бүгінгі заман талабының сұранысына ие болған құзыреттілікке негізделген тәсіл білім беру мақсаты мен мазмұнын өзгертеді. Себебі, қолданылып келген білім жүйесі студенттерге фундаменталды білімдерді дәріптеді, бұл іс жүзінде тәжірибелік-бағдарланған кадрлардың жетіспеушілігіне алып келді. Бүгінгі күннің басымдықтары іс жүзінде машықтанған, кәсіптік қызметке тез бейімделуге қабілетті және шығармашылық ойлау қабілетіне ие мамандардың пайдасына ауысқан.

Дегенмен, іс жүзінде, түлектердің көпшілігі бұған дайын емес. Бұл ішінара қазақстандық білім беру жүйесіне құзыреттілікке бағытталған тәсілді енгізудің себебі. Сол себепті С.С.Құнанбаеваның айтуынша, теория мен практиканың өзара тығыз әрекеттесуін көздейтін құзыреттілікке бағытталған тәсіл мамандар дайындаудың ұлттық моделін жобалаудың негізіне айналуы тиіс [6 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Алматы, 2014.-208с.].

Сонымен, жоғары кәсіби білім беру ісінде құзыреттілікке бағытталған тәсіл білім беру жүйесін жаңғырту үдерісінде маңызды тұжырымдамалық ережелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Басым бағдарды құзыреттілік тәсіл білім берудің әдіснамалық негізі ретінде білім беру мақсаттарына бағыттайды: білім беру сапасы, білім алушының тұлғалық қасиеттері, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, білім алу және әлеуметтенуді дамыту. Дегенмен, басты мақсат қызмет барысында қажетті барлық кәсіби құзыреттіліктерге ие маманды қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік негізіндегі оқыту нәтижесінің сапасы «маман бейіні» ретінде анықталатын студенттердің жоғары оқу орнында ие болатын құзыреттіліктерден тұратын жиынтығымен сәйкестік тұрғысынан бағалауды білдіреді.

Бұл жүйеленген стандарттар жиынтығы әлеуетті жұмыс берушілердің сұраныстарын, қызметтің спецификалық ерекшеліктерін, болашақ мамандарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ, студенттердің жеке тараптарының және қоғамдық талаптарын көрсетуі керек.

Көптеген шетелдік компанияларының сұраныстары бойынша олардың болашақ қызметкерлері тек техникалық кәсіби білім құзыреттіліктермен ғана емес, сондай-ақ жалпы бейіндегі пәндердің құзыреттерімен қамтылуы тиіс, мысалы:

– инженер мамандығының негізгі болмысымен қатар, қоғам мен мамандық алдындағы қызмет ету міндеттері, инженерлік шешімдер үшін жауапкершілікті сезінуді түсіну, соның ішінде әлеуметтік және экологиялық контекстте;

– жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеуге қабілеттілік;

– жобалық қызметтерге араласу мүмкіндігі;

– мамандық аясындағы шығармашылық ізденіс;

– өз бетімен кәсіби құзыреттілікті үздіксіз білім алумен тереңдету қабілеті мен қажеттілігін түсіну;

– экономикалық аспектілерді, сапа мәселелерін, жабдықтармен жұмыс жасауды білу;

– ақпаратты қолдана білу;

– басқарушылық, техникалық және жеке аспектілерді қамтитын көшбасшылық қабілеті;

– кәсіби ортада және қоғамда тиімді қарым-қатынастың әр түрлі әдістерін (есептерді жазу, материалдарды ұсыну, анық және түсінікті нұсқаулықтарды беру және қабылдау) қолдана білу;

– халықаралық командалармен жұмыс жасау барысында қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті деңгейде шет тілдерін білу [URL: https://elibrary.ru/].

Көрсетілген талаптар бүгінгі күннің маманынан орасан зор кәсіби, шығармашылық талаптардан бөлек осы біліктілікті шетелдік әріптестермен жүргізе алу мүмкіндігін қарастыратын шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қамтиды. Әрине, бұл жұмыс берушілерге қазіргі жаһандану дәуірінде әлемдік аренада бәсекеге қабілетті және қарқынды дамып келе жатқан халықаралық қатынастардың ұтқыр қатысушылары болуға мүмкіндік береді.

Инженерия, техника және технология салалары мамандарына қойылатын кәсіби талаптар кешенінде шеттілдік құзыреттіліктің маңыздылығын анықтау үшін заманауи еңбек нарығы жоғарыда аталған мамандардың кәсіби даярлығына қойып отырған міндеттерін айқындау қажет.

Бүгінгі күні инженерлік-техникалық қызметті жүзеге асыру келесі үрдістермен сипатталады:

– техникалық объектілерді әлеуметтік және мәдени ортаға интеграцияланған күрделі жүйелер ретінде қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында техникалық қызметтің барлық салаларын ақпараттандыру, өндіріс пен технологиялардың ғылыми дамуын арттыру;

– болашақ мамандардың игерген білімдер, іскерлік дағдылар, әлеуметтік тәжірибені негізгі кәсіби қызметінен өзге салаларда да кеңінен қолдануға бағыттайтын техника мен технология үлгілерінің тез ауысуы;

– болашақ техника мамандарын даярлауда академиялық ұтқырлыққа, коммуникативтікке, ақпараттандыруға, креативтікке негізделген бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу практикасына байланысты инновациялық компонентті нығайту;

– техникалық қызметтің мәдени, моральдық және гуманистік болмысының күшеуі білім беру үдерісін маманның жаңа кәсіби техникалық мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды;

– Мамандарды дайындауда ынтымақтастықтың, өзара түсіністіктің, іскерлік қарым-қатынастың, командада нәтижелі жұмыстың қажеттілігін қамтамасыз ететін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттайтын инженерлер қызметінің ұйымдастыру-басқару саласын арттыру [URL: https://megalektsii.ru/s14095t9.html].

Осылайша, техникалық қызмет жоғарыда көрсетілген инженерия мен техника саласындағы үрдістер негізінде осы бағыттағы мамандардан коммуникативтік және ұтқырлық сияқты сипаттамалардың болуын талап ететіні анық, ал бұл олардың тілдік шеберлігі мен дағдыларының деңгейіне тікелей байланысты. Демек, қызмет бейініне сәйкес келетін тілдік дайындық инженерлік-техникалық сала мамандарын кәсіби даярлауда негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Көріп отырғанымыздай, бүгінгі заман талабының сұранысына ие білім берудегі негізі әдіснамалық тәсіл ретінде қабылданған құзыреттілік тәсілдің мақсаты кәсіби қызмет атқаруға қажетті барлық біліктіліктерді игерген білікті маманды қалыптастыру. Осы кәсіби біліктіліктің бірі шеттілдік құзыреттілік болып табылады, нақтырақ айтсақ, шетел тілінде еркін кәсіби қарым-қатынас жүргізуге қауқарлы шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру техникалық бейіндегі маман даярлаудың бір сатысы [Шайхызада Ж.Г., 2016., с.102].

Дегенмен, шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті анықтау үшін ғалымдар мен сарапшылар әлі күнге дейін нақты ортақ пікірге келмеген «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын қарастыру қажет.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде құзыреттілік ұғымы негізгі ұғым ретінде әрекет етеді, өйткені құзыреттілік:

1) білім берудің зияткерлік және дағдылы құрамдас бөлігін біріктіреді;

2) құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» («шығу стандарты») қалыптасатын білім мазмұнын түсіндіру қойылған;

3) негізгі құзыреттілік интегративтік табиғатқа ие, өйткені ол өзіне мәдениет пен қызметтің кең ауқымына жататын біртектес немесе туыстық дағдылар мен білімді таңдайды [URL: https://cyberleninka.ru/ (дата обращения: 26.04.2020).

Кәсіби құзыреттілік ұғымы ресейлік және отандық білім беруде де қарастырылды. Білім беру мазмұнын жобалау, дағдыларды, іс-әрекет тәсілдерін меңгеруге бағдарлау М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий, В.В. Давыдов, Т.Т. Ковалева, И.Д. Фрумин, В.А Болотов, Д.Н. Кулибаева, А.У. Муханбетжанова және тағы басқа ресейлік және отандық педагогтардың зерттеулеріндегі жетекші идеялар болды [URL: https://studopedia.ru/5_.html].

И.А. Зимняя Н. Хомский ұсынған құзыреттілік тұжырымдамасын ұстана отырып және әлеуеттіөзекті, когнитивті-жеке тұлғалық негіздер бойынша «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын шектей отырып, «құзыреттілікті» адамның біліміне негізделетін өзекті, тұлғалық сапасы қалыптасатын, адамның әлеуметтік-кәсіптік мінез-құлқына, интеллектуалдық және тұлғалылығымен байланысты тұлғалық қасиеттері деп түсінеді [URL: http://www.eidos.ru/].

Құзырет пен құзыреттілік түсініктерін қарастыру кезінде тұтастық идеясын көптеген авторлар атап көрсетеді. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсілінің мәселелерін зерттейтін авторлардың құзыретке қарағанда құзыреттілік кеңірек ұғым дейтін пікірлері ортақ. Мазмұндық тұрғыда құзыреттілік (біліктіліктің, білімнің, дағдылардың белгілі бір жиынтығынан басқа) әлеуметтік нормаларды, құндылықты бағдарларды игеру және беру үдерісін, өз қызметінде оларды іске асыру қабілетін, өз кәсібіне құндылық ретінде көзқарасты біріктіреді.

Г.С. Сухобскаяның пікірінше, құзыреттілік тәжірибеде туындайтын кәсіби педагогикалық міндеттерді шешуде педагог бойында көрінетін білім мен білік жүйесін білдіреді [Сухобская Г.С., Божко Н.М., 1995. № 4. – 19с.].

В.С. Безрукова «кәсіби сауатты пайымдауларды, бағалауды, пікірлерді айтуға мүмкіндік беретін білім мен іскерлікті меңгеруді» құзыреттілік деп түсінеді [Безрукова В.С.,1999. № 8. – 27с.].

Е.А. Царькова сонымен қатар құзыреттілікті жеке тұлғаның сапалы интеграцияланған сипаттамасы ретінде анықтайды, ол білім беру үдерісінде ие болатын кәсіби және әлеуметтік-маңызды қасиеттердің жиынтығын және жеке құндылықты қажеттіліктерді жүзеге асырудың тиімді тетігі ретінде қызмет ететін дәрежесін анықтайды [Царькова Е.А.,2004. № 6. – 5с].

М.А. Чошановтың пікірінше, құзыреттілік-бұл тек білімді меңгеру ғана емес, оларды жаңарту мен нақты жағдайларда пайдалануға үнемі ұмтылу, яғни жедел және ұтқыр білімді меңгеру; бұл ең оңтайлы

және тиімді шешімдерді таңдау және жалған шешімдерді қабылдамау қабілетін білдіретін ойлаудың икемділігі мен сындарлығы [Чошанов М.А.,1996. – 67с.].

Осылайша, құзыреттілік ұғымының өзін талдауға арналған материалдарды зерделеу бізге, бірінші ден, осы ұғымның бірыңғай айқын анықтамасының жоқтығы туралы; екіншіден, оның түрлі ғалымдардың жұмыстарындағы мәнін түсінудің ұқсастығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әр түрлі ғалымдардың көзқарастарын талдау құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді [URL: https://cyberleninka.ru/ osnova-sovremennogo-obrazovaniya (дата обращения: 26.04.2020).

Құзыреттілік тәсілді іске асырудың әдіснамалық негізін құрайтын принциптеріне: білім берудің вариативтілігі, жеке тұлғаның дербес дамуына қабілеттілік, өзін-өзі дамытуына білім беруді орталықтандыру, автономдық білім берудің ұжымдық және топтық нысандарымен ұштастыру, жеке тұлғаның, білім берудің және қызметтің дамуы жатады.

Осылайша, білім берудегі құзыреттілік тәсіл бойынша теориялық дереккөздерді зерттеу келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Психология мен педагогика бағытындағы әдебиеттер бойынша қазіргі білім беруді дамытудың жетекші әдіснамалық бағдары құзыреттілік тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, құзыреттілік тәсілдің терминологиялық аппараты әлі толық қалыптаспауы салдарынан ғылымда негізгі категориялардың түрлі түсіндірмелері орын алуда және ғалымдардың көзқарастарын талдау құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді. Әлемдік білім берудің ағымдағы тәжірибесінде құзыреттіліктерді дайындауға қойылатын белгілі бір талап, ал құзыреттілік-бұл нақты маманның жеке сипаттамаларына байланысты құзыреттілікті меңгеру дәрежесі.

Қорытынды

Өзге тілді кәсіби коммуникативтік құзыреттілік ұғымына қайта орала отырып, аталған құзыреттілікті дамыту ЖОО-ның техникалық мамандықтарының студенттеріне шетел тілін оқыту әдістемесінде айқындалатын, кәсіби деңгейде екінші тілде қарым-қатынас жасауға қабілетті, техникалық бейіндегі болашақ маманды қалыптастыру. Осылайша, жоғарыда көрсетілген үрдістер жоғары оқу орнының түлегіне жаңа талаптар қояды. Бұл кәсіби міндеттерді шешу үшін білімді, іскерлікті, тәжірибені үнемі және белсенді түрде иемденуге және пайдалануға қабілетті, жақсы қалыптасқан шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке ие және оны өзінің кәсіби қызметінің құрылымына біріктіре алатын кәсіби және психологиялық бейімделген маман болуы тиіс.

Осының нәтижесінде, шеттілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілікке ие техникалық бейіндегі мамандарға деген сұраныстың артуы болашақ мамандардың кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру кезінде шеттілдік білім беруді негізгі компоненттердің бірі етеді. Басқаша айтқанда, жоғарыда айтылғандардың негізінде өзге тілді кәсіби коммуникативтік құзыреттілік маманның тұлға құрылымының ажырамас компоненті ретінде қарастырылады деп айтуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электронды ресурс]. – 2016. URL: http://egi.kz/wp-content/uploads/2016/03/KAZ-GOSO-2012-s-izm.pdf (қаралған күні 01.03.2019)

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысы [Электронды ресурс]. – 2018. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000460 (қаралған күні 01.03.2019)

3. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс]. – 2014. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627 (қаралған күні 01.03.2019)

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Кіру режимі: http://government.kz (қаралған күні 20.03.2019).

5. Чапаев Н.К., Нурутдинова Ж.В. Интегративно-целостный подход как эвристическое основание подготовки социально-компетентностных специалистов в инженерно-педагогическом вузе // Образование и наука. -2009. № 5 (62). [Электрон.ресурс] URL: https://cyberleninka.ru/article/v/integrativno-tselostnyy-podhod-kak-evristicheskoe-osnovanie-podgotovki-sotsialno-kompetentnostnyh-spetsialistov-vinzhenerno (қаралған күні 01.05.2019 ж.)

6. Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Алматы, 2014.-208с.

7. Ситцев В.М., Рачков М.Ю. Сертификация российских специалистов на звание «Евроинженер»// Инженерное образование.-2010.-№6.-С.63-70. [Электрон.ресурс] URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=25445415 (қаралған күні 04.04.2019)

8. Зорина О.С. Формирование коммуникативных компетенций у будущих инженеров на основе интерактивных методов обучения. [Электрон.ресурс] URL: https://megalektsii.ru/s14095t9.html (қаралған күні 03.05.2019 ж.)

9. Шайхызада Ж.Г. Иноязычное образование в контексте профессиональной подготовки студентов инженерных специальностей // Филология, переводоведение, лингво дидактика: актуальные проблемы и тенденции развития в эпоху глобализации: матер. VIII международной науч.-практ. конф. (14 апреля 2016г.). – Чебоксары: Чуваш, гос. пед. ун-т, 2016. – С. 101-104. конференция материалдары

10. Ибрагимова Л. А., Петрова Г. А., Трофименко М. П. Компетентностный подход методологическая основа современного образования // Вестник НВГУ. 2010. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kompetentnostnyy-podhod-metodologicheskaya-osnova-sovremennogo-obrazovaniya (дата обращения: 26.04.2020). https://elibrary.ru/item.asp?id=17725071&

11. Базовое определение содержания образования. [Электрон.ресурс] URL: https://studopedia.ru/5_21453_bazovoe-opredelenie-soderzhaniya-obrazovaniya.html (қаралған күні 20.03.2019)

12. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования // Интернет-журнал «Эйдос». -2006. [Электрон.ресурс] URL: http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm (қаралған күні 29.03.2019)

13. Сухобская Г.С., Божко Н.М. Психотерапевтический эффект тренингов обучения для учителя // Информационный бюллетень. Проблемы непрерывного образования: педагогические кадры. – СПб., 1995. № 4. – С. 18-20.

14. Безрукова В.С. Образовательные технологии: ориентиры для выбора // Директор школы. – 1999. № 8. – С. 25-30.

15. Царькова Е.А. Компетентность в контексте модернизации профобразования // Профессиональное образование. – 2004. № 6. – С. 5-6.

16. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: методическое пособие. – М., 1996. – 160 с.

ҒТАМР 16.21

СЕЙІТОВА ШЫНАР БОТАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының докторы
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

ДОСКЕЕВА ШАЙЗА АСАНҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

АЯГӨЗ ӨҢІРІ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕР

Түйін. *Біздің мақаламызда қарастырып отырған Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданының мәдени және тарихи тұрмысын бейнелейтін топожүйесін зерттеу қазақ халқының қалыптасқан этно-территориялық санасын терең ұғынуға, ұлттық негіз ерекшеліктерін, рухани бастауларды түсінуге әсер етеді.*

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы Аягөз өңіріндегі топонимиялық атаулардыңэтимологиясы, қалыптасу кезеңдері салыстырмалы-тарихи тұрғыда қарастырылады.

Түйінді сөздер: *жер-су атаулары,топонимдер, микротопонимдер, этимология, қыстау, жайлау.*

Резюме. *Изучение топографии культурно-исторической жизни Аягузского района Восточно-Казахстанской области, которую мы рассматриваем в нашей статье, способствует более глубокому пониманию этнотерриториального самосознания казахского народа, особенностей национальной основы, духовных истоков.*

В статье рассматриваются этимология топонимических названий в Аягузском районе Восточно-Казахстанской области, этапы их формирования в сравнительно-историческом контексте.

Ключевые слова: *названия мест и вод, топонимы, микротопонимы, этимология, зимовка, пастбище.*

Summary. *Studying the topography of the cultural and historical life of the Ayagoz district of the East Kazakhstan region, which we consider in our article, contributes to a deeper understanding of the ethno-territorial identity of the Kazakh people, the characteristics of the national basis, and spiritual sources.*

The article discusses the etymology of toponymic names in the Ayagoz district of the East Kazakhstan region, the stages of their formation in a comparative-historical context.

Key words: *names of places and waters, toponyms, microtoponyms, etymology, wintering, pasture.*

Қазақ тіліндегі жер-су атаулары қазақ халқының ғасырлар бойы жүріп өткен жолының небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігері.

Аягөз атауы есте жоқ ескі заманнан бері қолданылып келе жатқан сөз, олай дейтініміз Аягөз өңірінің жаухарларының бірі он бес ғасырлық тарихы бар – Қозы Көрпеш Баян сұлу жырында Аягөз атауы кездеседі. Мысалы, Басынан ак Шәулінің дүрбі салып, Отырған Аягөзде елді көрді...[Сейдеханов К., 1985]. Осындай мысалдар Аягөз өңіріндегі кейбір атаулардың 15-20 ғасырлық тарихы бар екенін көрсетеді. Өлсе – дағы Қозыкем арманы жоқ, Суретболып бітіпті Аягөзге.(Жанақ.)

Аягөз бойында тұрған бұл кешен мен оның ішіндегі мүсін тастар – исламнан көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олар Түрік қағанаты кезінде (VI – VIII ғғ.) шыққан. Адамның суретін салған мүсін тасты халық сол кезден ерекше қадірлеген және бір ғажайып жері, олардың аты тек қана мүсін таста сақталып қоймай, жер аттарына да қойылып отырған. Оның зор дәлелі Баянның атымен аталатын сол жердегі «Баян жүрек» тауы, Аягөзге құятын екі өзеннің бірінің аты – Айтаңсық, бірінің аты – Айғыз. Бұлардың барлығы бір кездегі тарихта болған оқиғаны еске түсіріп, солардың халық ортасына көп тараған терең сырларын сақтап келген, әсіресе «Баян жүрек» тауы. Баян мен Қозы Көрпештің жиі қосылып сүйіскен жері деп білу керек.

Жырға сүйенсек Баянның сәлемдемелерін Қозыға жеткізер жолында Айбас барлығын әр жерде құлатып алған. Сол жерлер Баянның жіберген заттарымен аталған. Ал кейбір мекендерге Айбастың өзі атау беріп отырған. Мысалы: Жамшы (Тоқырауын), Қарқаралы, Домбыралы-Моншақты Баянауыл, Жауырбұғы және т.б.[Сейдеханов К., 1985]Қаратау, Тарбағатай жерге келді, Жәйтөбе, Қатынсу көлге келді.

Аягөз атауының этимологиясына келгенде халық арасында көптеген болжамдар орын алады. Соның бірі, «Аякөз» деген қыздың есімі. Бұл жер сол сұлу қыздың құрметіне қойылған. Екінші болжам, Өгізбен жер жыртып жүрген орыстан жол сұрамақ болып, қалай «шақыруды» білмеген қазақ

«Әй, өгіз!» деп дыбыстаған екен деген болжам бар. Үшінші болжам бойынша XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейінгі уақытта Аягөз аймағы жоңғарлардың болады. «Аягөз» атауы сол кезеңде пайда болған. Яғни Аягөз деген атау монғол тіліндегі Аяга және ус сөздерінің бірігуінен жасалып, «Кішкентай өзен» деген мағынаны берген. Монғол тілінің сөздігінде өзен – гол деп аударылады, көл – нур деген мағына береді. Егер сөз монғол тілінен келген болса, бұл жерде «ус» сөзінің орнына «гол»/ өзен атауы қолданылуы орынды деп ойлаймыз. Себебі, сол кезеңде қазақ топонимикасында монғол тілінен жасалған жер атауларында гол сөзінің қолданысы жиі орын алады. Біздің ойымызша, «Аягөз» атауының этимологиялық тарихы өте тереңде жатыр. Алдымен, Аягөз атауының «Қозы көрпеш Баян сұлу» жырында бірнеше жерде кездесетінін ескеретін болсақ, әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше, бұл жыр 15 ғасырлық тарихы бар, көне түркі заманына жататын туынды. Оған жырдан түркілік салт-дәстүрге, тілдік ерекшеліктерге байланысты жырдан дәлелдер де келтіріледі. Жыр ауыздан ауызға тарау барысында Аягөз атауы бертін кіруі мүмкін деген пікірлер де жоқ емес.

Ал «Аягөз» атауына тілдік тұрғыдан назар аударатын болсақ, біздің ойымызша, бұл атау екі компоненттен құралған: ай + өгуз (өзен)= Айөгуз. Яғни, Бірінші компоненті Ай сөзі этноним, яғни белгілі бір ру-тайпа атауы, немесе адам аты деп ойлаймыз. Олай дейтініміз, көне түркі жазба ескерткіштерінде Aj taz – Ай таз деген түркі тектес тайпа атауы кездеседі [Айдаров Ғ., 1996]. Сондай-ақ, Аягөз ауданы бойынша «Ай» деген атаумен берілген бірнеше жер аты кездеседі. Сол себепті қандай да бір «Ай» атты адам, немесе, ру-тайпаның бұл өңірді көне замандарда мекен етуі әбден мүмкін. Ал, «өгүз» сөзі көне түркі тілінде өзен мағынасында қолданылғаны белгілі. Мәселен, Білге қаған ескерткішінің шығыс жағы 15 жолы мен Күлтегін ескерткішінің шығыс жағы 17 жолда Қытайдың Хуан Гоу өзенін Y(a)ş(ı)l ögüz – Жасыл өгүз – Жасыл өзен деп береді. Сондай-ақ, Білге қаған ескерткішінің шығыс жағы 27 жолы мен Күлтегін ескерткішінің шығыс жағы 37 жолда қазіргі Ертіс өзенін (E)rt(i)ş ögüz – Ертіс өгүз – Ертіс өзені деп атайды. Көріп отырғанымыздай, өзен сөзінің көне түркі заманында географиялық термин ретінде өгүз деп аталуы кездеседі. Бұнымен бірге Атақты кумандар сөздігі Кодекс куманикуста да, өгүз – өзен деген аударма беріледі. Олай болатын болса, Аягөз атауы кіріккен сөз деуге болады. Оның бір құрамы өгүз – өзен сөзінен қалыптасқан. Яғни, Ай этнонимі мен өгүз/өзен сөзінің бірігуінен жасалған Айөгуз/ Айөгөз/Аягөз болуы ықтимал. Сондай-ақ, Махұт Қашқари сөздігінде аја / айа – алақанның іші [Қашқари М., 2003] деген мағынадағы сөз кездеседі. Олай болса, Айа+өгүз – Айаөгүз – Аягөз болуы да әбден мүмкін. Алдымен Балқаш көліне құятын аядай кішкене өзен атауы Аягөз пайда болып, кейін елді мекен атауына айналуы әбден мүмкін. Қалай болғанда да, біздің ойымызша, Аягөз атауы сонау көне түркі заманынан бері қалыптасып, топоним ретінде ғасырлар бойы келе жатқан атау. Оның дәлелі атаудың құрамындағы сөздердің көне түркілік, ортағасырлық ескерткіштерде орын алуы деп ойлаймыз.

Экспедиция барысында біз сұхбаттасудың сәті түскен аягөздіктердің тілі шыққан баласы мен жағын таянған ақсақалы да, үлкені де кішісі де туған жерінің жер-су атауларын, тарихын, табиғи ерекшелігін тектеп айтып берумен ғана шектелмей, атауға қатысты аңыздардың, оқиғалардың білгірі екенін де көрсете білді. Атап айтсақ аягөздік Бақытөмір Шалғынбай, ақшатаулық Дүйсенбаев Нұртөлеу, Шәушиев Ерғазы, Жөкіжанов Мерхат, Бозай ауылынан Смағұлов Досжан, айғыздық Сүлейменов Аманғазы, Мыңбұлақ ауылынан Мұхамеджанов Бақытжан, Абдильдинов Кеңес, тарбағатайлық Узбеков Сапар, Назаров Мұқан, Құдайбергенов Өсиет, ақшилік Мүбәрәк Дәурен, Бектұров Ілияс, қарағаштық Қыдырманов Орыншайық, сарыарқалық Сұлтанмахмұт Баяхметұлы, Емелтау ауылынан Рахымбек Ыбырайұлы, Ақшәулі ауылынан Байғалиев Тұяқ, Мәдениет ауылынан Азденов Жұман, Өркен ауылынан Бөрібаев Төлеубай, Мұқыш Үсен, баршатастық Құрмашев Майдан, малкелділік көзі қарақты көкірегі ояу, шежіреші-тарихшы Нәстілек Сәменбетов т.б. мырзалар өз жерінің, туған ауылының өткен-кеткен тарихын жер атауларымен ұштастыра отырып, өлшеусіз мағлұматтар берді. Аягөз аудандық «Мөлдір сана» газеті мен Аягөз әлемі: республикалық қоғамдық-әдеби журналы арқылы да мол қазынаға кенелгенімізді де айта кетуіміз қажет. Жер атаулары тарихи тұлғаларға да бай. Атап айтқанда, Бердіқожа батыр күмбезі – XVIII ғ. соңында Ұлы жүз Шанышқылы руынан шыққан қазақтың атақты батыры Бердіқожаға тұрғызылған, Жаппар қожа күмбезі – Жаппар Думан Қожаұлы – XVIII ғасырда өмір сүрген. Руы – Қожа. Шұбартау керейлеріне ислам дінін насихаттаушы, ағартушы, білімді, әулие адам болған, Қасабай – Қаракерей Қабанбай батырдың серігі, Абылай хан әскерінің мыңбасысы болған. Ол XVIII ғ. өмір сүріп, 15 жасынан қазақ-жоңғар соғыстарында 35 жыл бойы соғысып, талай-талай жекпе-жектерде қалмақтың бірнеше мықты деген нояндарын жеңіп, жер жастандырған батыр.

Қисық хан кесенесі – 1780 жылы дүниеге келген, 1844 жылы аға сұлтан болып сайланған. Ел ішіне қарадан хан болып шыққан Қисық мырза атымен танымал. Қожаберген -жырау есімімен байланысты аталған, Қожаберген қалмақтармен соғыс кезінде Қабанбайдың кеңесшісі болған. Қолына қобыз ұстап жүрген көрінеді. Ақши ауылының шығысындағы тауға өзінің бармағын кесіп тастап кеткендіктен тауды Қожаберген атап кеткен екен–мыс.

Атауларды қолданылу ерекшелігіне қарай қыстау (қыстаулықтар), төлдемелер, көктеме, күзеу, жайлау деп мал ыңғайына қарай жер ыңғайлаған

қазақтық салтымен рет ретімен тізбелей бергенде, аягөздіктердің жер жағдайына қанықтығына тәнті боласың. Мысалы, Отияр, Керегетас, Борлы, Сөрелі, Мәтен, Мақыжан, Қасқырсай, Қызылшоқы, Қызылқайнар, Құсмұрын, Майлышат, Қос жігіт, Қос қатын, Үшсұлу, Шектібай, Би Боранбай шатқалы, Балалар, Көкжайдақ, Ақжайдақ, Қалмақемел, Қалпақтас, Қобының жолы, Қожаберген т.б. секілді жер-су аттарының өзіндік тарихы мен аталу себептері бар. Бұл атаулар аталған өңірдегі жергілікті тұрғындардың өмір тіршілігінен тарихи-әлеуметтік, тарихи-лингвистикалық тұрғыда мол деректер береді.

Қазақ халқының өз танымы тұрғысынан табаны тиген жерлерге ол жердің, немесе өлкенің кескін келбетіне, сыр сипатына қарай сөзбен белгі қойып, айдар таға білуі өзіндік ұлттық шығармашылық өнердің қандай қасиетке ие екендігін көрсетеді. Әр атауды жер бедеріне, ерекше бір белгісіне орай өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Мәселен, ақ көбік атып жататын асау ағынды, тұңғиық иірімді өзен аңғарында балық көп болғандықтан шат – Балықшат, Баршатас елді мекенінен батысқа қарай – 110 км жерде, Жорға тауының солтүстік беткейінен ағып шығып жатқан бұлақты суының шипалы, емдік қасиетіне байланысты Әулиебұлақ (Әулие қыз бұлағы), жер бедерінің ерекшелігіне, яғни бұйраттанып, бұжырланып, қарайып көрінуіне байланысты сайды Қарабұжыр, ерте заманда қыс мезгілінде жолды қар басып қалған кезде өгізді айғайлатып отырып өтетін кезеңдіАйғайкезең деп атап кеткен.

Арнайы жасақталған экспедиция барысында мыңнан астам жер-су атаулары жинастырылды.

Өңірлік атаулардың басым көпшілігі белгілі алқапты мекен еткен халықтың өмір дерегінен хабардар ететіні белгілі. Атап айтқанда, жерінің ерекшелігіне орайлас қойылған атаулар, мысалы: Малтүгел, Қарашоқы, Қызылкесік, Қызыладыр, Мойылды, Қырықоба, Қызылсу, Қызылқия, Құсмұрын т.б. Сондай-ақ, бұл аймақта о баста ру атаулары болған, содан кісі атауларына ауысқан, немесе керісінше, яғни жеке адам есімдерінің ру атауларына ауысу фактілері де көптеп орын алған.

Аягөз ауданына қарасты көші-қон атауларын жинастыру барысында да кейбір топонимдердің кісі аттарынан ешбір қосымшасыз жасалғандығын бағамдауға болады. Бұл тәсілдер арқылы қазақ тілінде көбіне микротопонимдер пайда болады. Ал, кісі аттарының топонимдерге, топонимдердің кісі аттарына ауысу үдерісі ежелден келе жатқан лингвистикалық және тарихи-этнографиялық құбылыс. Мысалы, Аққожа, Бектұр, Бердіқожа, Дәулет, Лепсібай, Лаубай, Қыржыбай, Құлабай, Қондыбай т.б..

Қазақ халқы ежелден көшпелі мал шаруашылығына бейімделіп, мал тұяғына ере отырып, жер жағдайын мал ыңғайына қарай таңдай отырып, сол жердің ерекшелігін баса көрсететін ат қоюы, жер-су атауларының ерекше маңызды факторға айналғанының көрінісі. Халқымыздың қоршаған әлем туралы түсініктері жер-су атауларымызда көрініс тауып отырған. Әр атауда ұлттық болмыс, дүниетаным, салт дәстүрдің кумулятивті жинақталуы нәтижесінде қоныста, жұртты, жайлау, күзеу, қыстау ерекшелігін дәлдікпен бере алғандықтан да тарихи атаулар ұлттық бірегейлестіру ретінде құнды.

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстан өлкесінің мәдени және тарихи тұрмысын бейнелейтін топонимдері зерттеушілердің үлкен қызығушылығын тудыруы мүмкін. Тарихи жағдайлар, бір кездерде осы жерлерде болған оқиғалар, олармен байланысты куәгерлердің әңгімелері, елді мекендердегі белгілер т.т. өңірдің қайталанбас келбеті мен ұлттық ерекшелігін құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сейдеханов К. Қозы Көрпеш Баян сұлу: лиро-эпос жыры. – Алматы: Жалын, 1985.-96 б.

2. Айдаров Ғ. «Күлтегін ескерткіші». – Алматы: Санат, 1996. –177 б. Күлтегін ескерткішінің шығыс жағы, 34 жол.

3. Қашқари М. Түрік сөздігі «Дивани лүгат-ит Түрк», сөздігі әзірлеген Türk Dili Kurumu, 2003 жыл 1-том, 348 б., (85 бет).

ҒТАМР 16.21

СЕЙІТОВА ШЫНАР БОТАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының докторы
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

ҚАСЫМОВА ӘСЕМ ӘЛЕНҚЫЗЫ
PhD доктор
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЯГӨЗ АУДАНЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫН ТОПТАСТЫРУ

Түйін. *Мақаладақазақ халқының ғасырлар бойы жүріп өткен жолының небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігері, қазақ ономастикасының құрамдас бөлігі – қазақ тіліндегі жер-су атаулары қарастырылады.*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданындағы топонимдердің лексика-семантикалық ерекшелігі және тақырыптық тобы анықталып, топтастырылды.

Түйінді сөздер: *этнотопонимдер, антропотопонимдер, хороним, гидроним, ороним, некроним, ойконим, зооним.*

Резюме. *В статье рассматривается лингвистическое наследие многовекового образа жизни казахского народа, составляющая казахской ономастики – топонимы в казахском языке.*

В статье раскрываются и группируются лексико-семантические особенности и тематические группы топонимов в Аягузском районе Восточно-Казахстанской области.

Ключевые слова: *этнотопонимы, антропотопонимы, горонимы, гидронимы, оронимы, некронимы, ойконимы, зоонимы.*

Summary. *The article examines the linguistic heritage of the centuries-old lifestyle of the Kazakh people, a component of the Kazakh onomastics – toponyms in the Kazakh language.*

The article reveals and groups lexical and semantic features and thematic groups of toponyms in the Ayagoz district of the East Kazakhstan region.

Key words: *ethnic names, anthropotoponyms, horonyms, hydronyms, oronyms, necronyms, oikonyms, zoonyms.*

Жер-су атауларын мазмұн-мағынасы жағынан бірнеше тақырыптарға жіктеп, тақырыпқа орай шоғырландырып, топтастырып қолданылу өрісін анықтауға болады. Бұлай топтастыру арқылы жер-су атауларының рухани,

мәдени өмірдің қай саласында көбірек, қай саласында азырақ қолданылуы, оның тарихи-лингвистикалық уәжін айқындай түсуге мүмкіншілік береді. Сондықтан да зерттеулер тіл байлығын ірі және шағын топтарға бөліп, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра өзара сала-салаға бөліп қарастырады. Жинақталған жер-су атауларын төмендегі рет бойынша топтастыруды жөн санадық.

2-кесте

Аягөз ауданы жер-су атауларының сандық көрсеткіші

Антропоним	Этнотопоним	Хороним	Гидроним	Ороним	Ойконим	Некроним	Дромоним	Зооним	Фитоним	БАРЛЫҒЫ
323	12	24	201	210	444	90	7	56	111	1478

Аягөз өңіріндегі этнотопонимдер мен антропотопонимдер: Айнабай, Ақай, Ақайдар, Абылай, Абылғазы, Ағали, Ажар, Аққүшік, Аққожа, Ақтай, Ақышбай, Алдаберген, Алыпсатар, Алтынай, Арғынбай, Арпабай, Атабай, Атақан, Атығай, Ахметқұл, Әбдіразақ, Әбдірахман, Әбутәліп, Әбілпейіз, Әзқожа, Әли, Әлі, Әмірбай, Әпсейіт, Әсетер, Байбол, Байғабыл, Байғара, Байсақ, Байсұлтан, Байтөле,

Бақытбек, Балапан, Балға, Балдыр, Балқыбек, Балтақай, Барлықбай, Бекбай, Бектұр, Берліқожа, Биса, Бозай, Бозтай, Болпаш, Бостанбай, Бош, Бөкембай, Бөкеш, Бұланбай, Бұтабай және т.б.

Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың саяси, әлеуметтік маңызы болды. Сол сияқты тіліміздегі ру, тайпа, халық аттары мен кісі аттарының өзара байланысы, ауысу процесі тарихи дәуірлермен ұштасып келе жатқан құбылыс. Жалпы этнонимдер, оның ішінде Шығыс Қазақстан аймағына қарасты ру-тайпа атаулары да белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму барысынан, оның әлеуметтік жағдаяттарынан, ұстанған ұстанымдарынан, тарихи оқиғалардан көрініс беріп отыратын құнды тілдік дереккөз болғандықтан, кешенді пәндер негізінде, атап айтқанда, тарих, этнология, этнография, лингвистика тұрғысынан зерттеуді қажет ететін мирас болып саналады. Себебі қазақ халқын идентификациялайтын бірден-бір көз – этноним атауының аясында шоғырланатын ұлт болмысы сынды пайым-байқау, ұғым-түсініктің бастауы, толыса түсетін арнасы, ел іші әңгімесінің төңірегінде өрбитін қайнар, ол – халық тілінде сақталған этнонимдік аталымдар [Сейітова Ш.Б., 2009]. Шығыс Қазақстан аймағындағы топонимдер құрамында осы өңірлерді ежелден мекендеп келе жатқан ру-тайпа және сол ру-тайпалардың құрамындағы белгілі адамдардың атына байланысты қойылған этнотопонимдерді кездестіретініміз сөзсіз. Мысалы, Қасабай, Бәйтен, Керей, Матақ, Шақантай т.б. батырлар атына қойылған атаулар. Бұл атаулар жоңғар соғысы кезінде ерен ерлік көрсеткен батырлар атына немесе олардың жайлаған қонысына қатысты қойылған атаулар. Бұл топтағы атаулар аталған өңірдегі жергілікті тұрғындардың өмір тіршілігінен, тарихи-әлеуметтік, тарихи-лингвистикалық тұрғыда мол деректер береді. Жиналған атаулар: 323 21,8% пайызын құрайды.

Хороним – әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары. Жалпы Аягөз ауданын 23 ауылдық округ және Аягөз қаласы жатады. Жиналған атауларды 1, 6% құрайды. Кестеде көрсетілген ауылдық округтерге барып, жергілікті тұрғындарман, ақпарат тасушы кісілермен сұхбаттасып, көптеген мәліметтер жазылып алынды. Негізгі көрсеткішті екінші кестеден көре аласыздар. (2 – кестені қараңыз)

Гидроним – су объектілерінің атаулары. Осы өңірдегі Аягөз, Мамырсу, Нарын Дағанды, Еспе, Жіңішке, Игілік, Терісайрық, Кеңсай, Күп, Қайрақты, Қарақол, Қараөткел, Қарасу, Қорық, Құрайлы, Қусақ, Құр өзен,Қыздың суы, Қызылсу, Тансық, Кеңбұлақ, Киіксу, Көкен, Көкбұлақ, Күркіреме, Көлденеңсу, Қайбұлақ, Қайыңды, Қалғұты, Қалпе, Қаракөз, Қасқа су, Қасқабұлақ, Қотырбұлақ, Құрттыбұлақ, Майбастау, Молбастау, Мұздыбұлақ, Мұқанбұлақ, Сарыалақаз, Тақырбастау, Талдыбұлақ атты өзен-көлдері мен бұлақ-бастауларының әрқайсының өзіндіг ерекшеліктері мен аталу тарихы бар. Жинақталған атаулар – 201, бар атаудың 13,5 % пайызын құрайды. Атаулар, біріншіден, табиғи ерекшелігіне байланысты: Құр, Құрттыбұлақ, Тақырбастау, Терісайырық, Батпақ т.б.; екіншіден, көлеміне қатысты: Жіңішке, Молбастау т.б.; үшіншіден, ұқсатуға байланысты: Қаракөз, Аққөз, Аққияқ, Ақсабұлақ, Балға т.б.; төртіншіден, түсіне қатысты: Көкбұлақ, Қарасу, Қызылсу, Балакөксала т.б., бесіншіден, өсімдік атауларына қатысты: Құрайлы, Қайыңды, Ақтоған, Ақтомар т.б.; алтыншыдан, жан-жануар атына қатысты: Киіксу, Сарыалақаз, Балықбай т.б., жетіншіден, судың құрамына қатысты: Ащысу, Ащыөзек, Борлы т.б., сегізіншіден басқа тілден енген атаулар: Нарын, Дағанды, Көкідаба т.б. қойылған. Ал антропогидронимдер басқа жіктеулерге қарағанда сан жағынан басым емес.


Ороним – таудың, қыраттың, шоқының атаулары. Жинақталған атаулар – 201, бар атаудың 13,5 % пайызын құрайды. Мысалы, Адырдың биігі, Айнаң ұшқан, Айыртас, Өгізтау, Ақирек, Ақшатау, Ақтөбе, Ақшәулі, Қоңыршәулі, Бала Шәулі, Ақшоқы, Көкетау, Алтынқазған, Алтынқазық, Амалдық, Аманбай жотасы, Арғынбай, Арқарлы, Арсалаң, Аяққарауыл, Балтатарақ, Барлықызыл, Бәйтен биігі, Битентау, Борлышоқы, Бөрлі, Дәрігер, Досқана т.б. Аягөз өңіріне қатысты оронимдер, көбінесе кісі аттарынан жасалған, себебі белгілі бір оқиғаға қатысты. Мысалы, Айнаң ұшқан (Жорға тауының батыс жағындағы жақпар тас Төлеңгіт руының Қалмақ-Қанай аталығынан шыққан Айнаң Кішенұлы (шын аты – Өмірзақ) бидің аң қағып жүргенде атымен қалың қарға құлаған жері [СәменбетұлыН., 2011]. Бәйтен биігі (Тік шаншылған тау. Аңыз бойынша ғашығын тау басына алып шығып, қуғыншыларға тас домалатып, қорғанып паналаған Бәйтен деген жігіттің құрметіне аталған. [СәменбетұлыН., 2011]; түсіне қатысты: Барлықызыл, Ақшоқы, Ақшатау, Ақирек; зоонимдерге байланысты: Өгізтау, Ақшәлі, Қоңыршәулі, Арқарлы, Бөрлі және т.б.

Ойконим -— елді-мекендердің (ауыл, кент, қала) атаулары. Жинақталған атаулар – 444, бар атаудың 30,3 % пайызын құрайды. Атаулардың ішінде басымдықты ойконимдерге береміз, себебі сан жағынан басқа жіктерге қарағанда алдыңғы қатарда. Ойконимдерге ауыл, кент, қала ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының дәстүрлі қоныстары: қыстау, жайлау, күзеу де кірді. Нақты айтқанда, қазақ тіліндегі

жер-су атауларын зерттеуде қазіргі тіл ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, лингвомәдени, тарихи, экстралингвистикалық тұрғыдан ұлттың мәдени ақпараты жинақталған код ретінде қарастыруға мән беру, топонимдердің тілдік табиғаты мен этномәдени сипаты, лексика-семантикалық ерекшелігінің қарастырылуы ұлтты өз қалыбында бірегейлестірудің көзі де болып саналады. Жинақталған ойконимдерді де бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, санға қатысты: Үшқайшы, Үшқызыл, Үшқұдық, Үшқоңыр, Екінші қызай т.б.; кісі атына қатысты: Ханкелді, Хамит, Байғонның қорасы, Байғара т.б.; фитонимдік атаулар: Бүрген, Изенді, Қайыңды, Өркен т.б.; соматикалық атаулар: Иықбүрген, Иықбұлақ,Смағұл тұмсығы т.б.; табиғи ерекшелігіне қатысты: Борлы, Жылыбұлақ, Сұлушоқы, Желдіқара т.б.; жан-жануарларға қатысты: Жыланды, Жылқыбұлақ, Тайсойған т.б.; Аталмыш атаулардың мазмұн межесіне тірек, негіз – ұлттың өміріндегі әртүрлі құбылыстар, күнделікті тұрмыс-тіршілік әрекеті нәтижесінде туындайтын сан алуан жағдаяттар.

Некроним – бейіт, мола, күмбез атаулары. Жинақталған атаулар – 90, бар атаудың 6 % пайызын құрайды. Қазақ «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ұстанымды жадында берік сақтағандықтан да болар, арауақтарға деген құрметі ерекше. Жалпы бейіт, мола, күмбез атаулары сол жерге қойылған адам есімімен тікелей байланысты. Біріншіден, ел ісінің тізгінін ұстаған небір дүлдүлдерге, билерге тұрғызылған. М.: (Байқара би – ж.а., бейіт, Қарағаш а.о.)Байқара би Құттыбайұлы 1699 жылы дүниеге келіп, 1775 жылы қайтыс болған. Ата-бабасының жолын үлгі етіп билікке ерте араласқан. Өз заманында шешімді де, шешен билердің бірі болды; екіншіден, елін, жерін қорғаған, ұрыста ерекше көзге түскен, алапат күш иелері батырларға қойылған ескерткіш ретінде де. М.: Матақ, Шақантай(Қосағаш а.о.) – батырлар күмбездері. Шақантай күмбезі – 1993 жылы үкімет қаржысына салынған, ал Матақ күмбезін – 2008 жылы ұрпағы Гүлзира Мұратбеккызы өз қаражатына салғызған. Осы Қарауыл төбе басындағы және айналасындағы күмбез-зираттар мемлекет қарауына алынған. Матақ Майбасарұлы, Шақантай Жауғашарұлы – руы Керей-Жастабан-Бегімбет-Бекназар тобынан шыққан батырлар,XVIII ғасырда өмір сүрген адамдар[СәменбетұлыН.,2011].

Аягөз топонимиясында түске байланысты географиялық атаулар аз емес. Бұлдардың құрамында қара, ақ, қызыл, сары, көк сын есімдері жиі кездеседі. Мысалы: ақ – Ақбаз, Ақбастау, Ақбейіт, Ақбиік, Ақбоз, Ақбұлақ, Ақдала, Ақжайдақ, Ақирек, Ақкөз, Аккілет, Ақкұдық, Ақөзек, Ақсораң, Ақтас, Ақтоғай, Ақтоған, Ақшатау,Ақшәулі, Ақши, Ақшоқы; қара – Қара ажырық, Қара жартас, Қара шоқы, Қарабаз, Қарабастау, Қарабиік, Қарабұжыр, Қарабұлақ, Қарабұта, Қарағаш, Қаражал, Қаражартас, Қаражоса, Қарариек, Қаракөз, Қарақойтас; сары – Сарыөзек, Сарыалақаз, Сарыапан, Сарыбел, Сарыбұйрат, Сарыбұлақ, Сарықамыс, Сарышоқы; көк – Көкала, Көкащы, Көкдала; қоңыр – Қоңыртау, Қоңыршәулі, Үшқоңыр; қызыл – Қызылқайнар, Қызыл, Қызылбастау, Қызылжал, Қызылсу, Қызылқия, Қызылқұдық, Қызыладыр; шұбар – Шұбаркұдық, Шұбарайғыр, Шұбарағаш, Шұбартөбе, Шұбартау, Шұбартөс. (Сурет 1.)




1-сурет. Аягөз ауданы түске қатысты жер-су атауларының деңгейлік көрсеткіші

Аягөз ауданы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігін қарастырғанда байқағанымыз, түске қатысты болса, бірінші орынды қара түске, екінші орынды ақ түске қатысты, үшінші орында қызыл, сары, сосын көк түске қатысты онимдер алады. Жер-су атауларына түске қатысты атаулар берілгенде басқа түске қарағанда қара түс басым екендігі көрініп тұр. Себебі қара түс, көбінесе, қарайған түсіне қатысты алынғаны байқалады.

Зоонимге (жануар мен құстарға) қатысты топонимдерге Арқарлы, Алабайтал, Алаайғыр, Сарыат, Биесимас, Түйетас, Торыаттыңжолы, Тайсары, Жылқыүріккен, Биеарқан, Биебау, Биесыймас, Суырлы, Жыланды, Атсауған, Бөрілі және т.б. Үй жануарлары аттарымен қойылған топонимдер метафоралық атау болып келеді немесе белгілі бір жануарға байланысты тікелей сол жерде өткен оқиғаны көрсетеді. Мысалы, Түйетас атауы ұқсату белгісіне байланысты қойылған атау болса, жергілікті халықтың этимологиясы бойынша Биесимас атауы таудың тар жеріне «Буаз бие сыймайды» деген мағынада қойылған. Белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атаулар қатарына Қасқаатсойған, Тайсойған, Қасқырөлген, Қасқасойған, Қысырсауған топонимдерін жатқызуға болады. Жануарлар дүниесіне қатысты атаулардың тақырыптық тобын қарастыра отырып, қазақ халқының ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілігімен сабақтас болып келген күн көрісі: азығы, киім-кешегі, құрал-жабдығына айналған төрт түлікке, сахара төсін ен жайлаған аң құсқа, суын мекендеген балығына, олардың атауларын қатыстыра отырып қалыптасқан сөз оралымдарына тоқталмай өту мүмкін емес.

Аягөз топонимиясындағы фитонимдер (өсімдік атауы) де аз емес. Мысалы, Аққияқ, Ақши, Көккия, Қопа, Тарлаулы, Жүзағаш, Ақтоғай, Қызылағаш, Құрайлы, Қарағаш, Бидайық, Қарашілік, Қызылшілік, Сушілік, Шілікті, Асылшілік, Бестерек, Белтерек, Көктерек, Қоғалы, Сайқамыс, Сарықамыс, Үлкен қамысты, Кіші қамысты, Қамыстықұдық, Қайыңды және т.б.Көшпенділік жағдай, мал шаруашылығы кәсібі халықты табиғаттың сан-салалы құбылыстарына зер салуына мәжбүр еткен. Көне замандардан бері-ақ халық өзінің айналасындағы күнделікті оқиғаларды көріп біліп, табиғи құбылыстарды, оның жалпы заңдылықтарын аңғаруды үйренген. Сол заңдылықтарды, тәжірибе нәтижелерін өз мүдделеріне пайдалануға тырысқан. Сөйтіп, өсімдіктің қасиетін екшей келе даралап, жер атауы ретінде уәж етіп қабылдаған. Өсімдікке қатысты қойылған атаулардың халық тұрмысындағы әдет-ғұрпын, салтын, наным-сенімін, ырым-тыйымын, шаруашылық жүргізу дәстүрін, тарихи оқиғалар үрдісін, ұлттық ерекшіліктер мен т.б. қасиеттер белгісін айқындауға қатысы барлығын байқауға болады.

Жер-су атаулары құрамының сандық қатысына байланысты қалыптасқан тілдік бірліктердегі сандар, көбінесе, үш, бес, жеті, қырық, жүз және мың т.б. цифрлар болып келеді. Сан есімнің қатысуымен жасалған атаулар мағынасы мен мазмұны жағынан әрқилы, олардың басым көпшілігі сандардың қазақи ұғымдағы киелілігі мен қасиетіне де байланысты. Сандардың барлығының өзіндік ерекшелігі, берер мағынасы бар. Сандарға қатысты қойылған жер-су атаулары да аз емес. Қатар орналасқан табиғи нысандарды атау үшін «қос» сөзі қолданылады да «екі» деген сандық мағынаны білдіреді. Мысалы, Қосағаш, Қосмола, Қосбейіт, Қосқатын, Қосқонған, Қосқыз және т.б. (Сурет 2)



2-сурет. Аягөз ауданы топонимдеріндегі санға қатысты жер-су атауларының көрсеткіші

Үш санымен байланысты атаулар: Үшбиік, Үштөбе, Үшқайшы, Үш қоңыр, Үшқызыл, Үшсұлу, Үшасу, Үшаша, Үшбастау, Үшкүмбез, Үшқайың, Үшбұлақ, Үшжайнақ және т.б.

Бес санына қатысты жер-су атаулары: Бесбақан, Бесбұлақ, Бескекіл, Бескөнек, Бескұдық, Бесоба, Бестаз, Бестерек, Бесшоқы,Бесобаор және т.б.

Жеті атауына қатысты Жетібатыр, Жетібастау топонимдері бар.

Қырық, жүз және мың сөздерінен құралған топонимдер аталған географиялық нысанның нақты санын көрсетпейді, «көп» мағынасында қолданылады. Мысалы, Қырықоба, Қырықошақ, Мыңбұлақ, Жүзағаш, Жүзжылдық.

Берілген тілдік бірліктер жұмыстың мақсатына орай топтастырылып, мағыналық реңкі қарастырылды. Зерттеу нысанына алынған этностың ұлттық таным әлемін қалыптастырған ономастикалық материал қазақ тілі лексикологиялық қорына қосылған рухани мәнділік пен құндылыққа ие мағыналық бірліктер. Қарастырылып отырған онимдердің тақырыптық өрісі, белгілі бір тақырыптық топқа жататын онимдердің қолдану жиілігі анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша)филология ғылымд. д-ры... автореф.: 10.02.02 / Сейітова.Ш.Б.– Алматы, 2009.– 54 б.

2. СәменбетұлыН. Шұбартау көтерілісі. Тарихи-деректі жинақ. – Семей, «Талант», 2011ж. – 174 б.

УДК81751

SALKYNBAI ANARKUL BEKMYRZAKYZY
doctor of Philological Sciences, professor
Faculty of philology and world languages
Al-Farabi Kazakh National University

ANARBEKOVA ULZHAN USENKYZY
master of Human Sciences, doctoral student
Faculty of philology and world languages
Al-Farabi Kazakh National University

AKHMET BAITURSYNULY – FOUNDER OF KAZAKH GRAMMATOLOGY

Түйін. *Ақымет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық әліпбиін алғаш жасап шығарған реформатор. Қазақ грамматикасы бойынша терминдер атауларын алғаш қазақи етіп жасап, ұсынушы әрі қолданысқа енгізуші. Қазақ балаларының сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектердің авторы. Бұл мақалада қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Ақымет Байтұрсынұлының қазақ грамматолоиясының негізін қалаушы қазақтан шыққан алғашқы грамматолог ғалым екендігі жайында сөз етіледі. Тұжырымдамалар нақты дәйектемелермен бекітіледі.*

Грамматология жазудың не екендігін, жазу мен сөйлеудің байланысын, жазу емлесін қарастырады. Қазақ тіл ғылымында бұл салада көптеген лингвист ғалымдар өнімді жұмыс істеп келеді. Ал, бұл саланы тұңғыш зерттеп, зерделеген қазақтың маңдайына біткен біртуар ғалым – Ақымет Байтұрсынұлы.

Түйінді сөздер: *грамматология, жазу, сөйлеу, дыбыс, емле, тыныс белгісі*

Резюме. *Ахмет Байтурсынулы – реформатор создавший новый образец казахского национального алфавита. Он первым сформировал названия терминов на казахском языке. Автор учебников по грамотности казахских детей «Оқуқұралы» (1912), «Тілқұралы» (1914), «Әліпби» для грамотности взрослых (1924), «ЖаңаӘліпби» (1926). Эта статья рассказывает об основателе казахского языкознания Ахмете Байтурсынулы, как о первом лингвисте-грамматологе, основателе казахской грамматологии. Концепции подкрепляются конкретными аргументами.*

Грамматология рассматривает вопросы как что такое письмо, взаимодействие между письмом и речью, и правописание языка. В области казахского языкознания в этом направлении успешно работают многие лингвисты. Первым казахским ученым, кто начал изучать эту область является Ахмет Байтурсынулы.

Ключевые слова: *грамматология, письмо, речь, звук, правописание, пунктуация.*

Summary. *AkhmetBaitursynuly is the reformer who first created the Kazakh national alphabet. He was the first scholar who made grammar terms in the Kazakh language and offered them into use. He's the author of many books and following textbooks: «Oku kuraly» (1912) written for the foundation of Kazakh children literacy; «Tilkuraly» (1914); «Alipbi» (1924) written for the foundation of Kazakh adult literacy; «Zhanaalipbi» (1926). This article dwells upon the fact that the founder scholar of the Kazakh linguistics AkhmetBaitusynuly is the founder of grammatology and he is the first Kazakh scientist who left valuable works in this field. We will approve given conceptions with accurate proofs.*

Grammatology examines the definition of writing, the analysis of the structural properties of scripts, and the relationship between writing and speech. There are a few scientists who have been working fruitfully on this field. Nevertheless, the first scholar who explored the field about writing, the inimitable researcher – AkhmetBaitursynuly.

Key words: *grammatology, writing, speech, sound, spelling, punctuation.*

Introduction

It has been more than 200 thousand years since the first time mankind stepped on the Earth and started to inhabit the land.As it's known from all holy books that Man first learned the names of all things [Quran, Baqara,32]. We consider that he learned them orally, which means he remembered sounds of the names. So, sounds of the names were clear from the beginning. Also, Adam learned the meaning and notion of these names. In the course of everyday life, the worldview of man had developed, and new notions had formed. There was a need for communicating from a far distance. For that reason, people had started to send their messages through things, pictures, marks, different symbols. Over time, it has influenced the writing of various kinds that we know today. Labelling and marking of names have been performed in a variety of ways,

depending on the specific causes of such external factors like the area of human spread across the world, natural conditions, weather.

It is well-known that there is a universal concept behind the recognition of the human world. The sky is «the sky», the earth is «the earth», the mother is the «mother», the child is the «child», the father is the «father» (we can continue the chain of examples without ceasing) – a common idea for all mankind.The meaning of names, general recognition of the world is common to mankind, but over time, their way of sounding and marking becomes different in various places. That is, the way we speak and write has varied. It is not surprising that similar words are now common in not-relative languages as well as in relative languages. The reason is they all have one root from the beginning. However, although the division of languages into related and non-related may be due to the small number of similarities, historically neighbouring, the question that all languages have one root from the ancient time is still needed to be deeply investigated. For example, the words friend (dos) = दोस्त (dost), enemy (dushpan) = दुश्मन (dushman) in the Kazakh language from the Turkic language group, and in the Hindi (Hindi) language which is from the Indo-European language group, have a separate writing way but have same pronunciation and meaning. Several research works have done, and many scientific papers have published in history and linguistics fields to find out the period of this process. These questions still need to be explored.

Main part

So, nowadays each country has its language, and the majority of them have their writing system. Each of them is unique. One of them is the Kazakh language which belongs to the Turkic group languages. It is a unique beautiful language that has a long historical development. In this article, we are going to discuss writing as a science and its founding scientist in the Kazakh land. According to scientists, the earliest types of writing date back to at least 5-6 thousand years ago.

Ancient writing includes the flower and gem languages, quipu writing (by Perubian Incas), wampus (North American Indians), knot writing, the writing of the Maya, the Aztec, the Simeria, the Egyptian, and the Chinese.

Although linguistic scholars have been researching writing for hundreds of years, it has been Ignace Jay Gelb, a Polish scientist who presented it as a separate science and named science about writing –grammatology. In his book called «A study of writing» which was published in 1952 first, then in 1963, who wrote the following: «The aim of this book is to lay a foundation for a full science of writing, yet to be written. To the new science we could give the name ‘grammatology’, following partially the term ‘grammatography’ which was used some years ago in a title of a book on writing published in England. This term seems to me better suited than either ‘graphology’, which could lead to a misunderstanding, or ‘philography’ (a new term coined in contrast to ‘philology’), which is not so exact as ‘grammatology’» [Gelb I.J.,1963, p. 23].

Grammatology examines the typology of writing, graphics, analysis, and the relationship between writing and speaking. Some scholars include the history of writing.

The term was later used in another book by the French philosopher Jacques Derrida, entitled «of Grammatology», published in 1967. In this book, he wanted to show that writing is not just a simple form of speech reproduction, it has a profound effect on the general nature of knowledge that has given in writing.

So, in the broadest sense of the word, the term grammatology is the science that constitutes a system of research into writing. We might have called a scholar in this field a grammatologist. Who is the first grammatologist of the Kazakh grammatology? Who is the scientist who defined writing, showed the types of it, examined the relationship between writing and speaking? Further on, this article will dwell upon these questions.

«**The language is the biggest human sign of the human being, one of the most powerful weapons of mankind. What difficult situation humans are going to face if they lose their languages, and their ability to speak? Nowadays, if people would have lost their writing, and wouldn’t have been able to write, then their situation would be any better than losing their language**»[Baitursynov A., 1992, p.141].

These lines belong to the founder of the Kazakh linguistics, Turkologist, poet, literary critic, teacher, translator, publicist and public figure AkhmetBaitursynuly.

He emphasized that language is not only a means of communication but also the strongest sign of a human being which sets man apart from other creatures. He understood that in modern life man will defeat another man not by weapon but with words. So, he paid attention on the fact that language is a new weapon of mankind. Of course, it’s clear that behind the word there is knowledge. By showing how important the language is, he conveyed that the importance of writing is no less than that.

AkhmetBaitursynulyis a reformer who first created the Kazakh national alphabet. He was the first scholar who made grammar terms in the Kazakh language and offered them into use. He's the author of many books and following textbooks: «Oku kuraly» (1912) written for the foundation of Kazakh children literacy; «Tilkuraly» (1914); «Alipbi» (1924) written for the foundation of Kazakh adult literacy; «Zhanaalipbi» (1926).

AkhmetBaitursynulyis the founder of the Kazakh grammatology. We have every reason to say so. As we have already mentioned, grammatology examines what writing is: definition, typology, and the relationship between writing and speech. Among Kazakh scholars AkhmetBaitursynuly was the first one who made his interpretation on what is writing, its relationship between speaking and reading, wrote the national alphabet for the convenience of writing in Kazakh.

To prove our words, we would like to demonstrate AkhmetBaitusynly's sayings by classifying them as writing and speaking; writing and sound; writing and reading; types of writing; writing and spelling; symbols used in writing.

Writing and speaking.»**Our age is the time of writing: the time when writing has become a higher degree than speaking. We can't talk to each other orally from distance: by writing, a person on the one edge of the world can communicate with a person on the other end of the world. Therefore, the need for being able to write is more significant than being able to speak. Just as a speech system must be a coherent and exact speech, it is essential to write a word coherently, precisely and beautifully. To be able to write the word system correctly: it's needed to know where words change, how they can be complicated and continue».**[Baitursynov A., 1992, p.141].

Here are some information to understand:

1) writing – the important (communication) means of the time;
2) there are two types of communication: written and spoken;
3) writing is more important than oral communication;
4) disadvantage of oral communication – oral communication from afar is impossible;
5) advantage of writing communication is that it allows long-distance communication;
6) being able to speak is a need for mankind;
7) the need to write for a person is greater than the ability to speak;
8) A person needs to have a consistent and logical speech, and as to how important it is, it is very important to write the words logically and consistently even when writing;
9) there is a way to spell out the word system and logic, and it must be read and learned;
10) words have their particular places when we write them, and those places are usually variable, and they have ways in complication and continuation. A person needs to know it to write systematically correct.

We could take ten key facts concerning writing and speech from the scholar's words.We can analyze and synthesize each of them separately, and we can collect a wealth of materials and have a profound conversation about it.We would like to call this information as **ten specific theoretical foundations** of AkhmetBaitursynuly inclusion in the field of grammatology: the relationship between writing and speaking.

Writing and sound.»**Writing is a sign of sound. Each sound has its symbol, as in each country. We recognize sound by looking at its symbol»**[Baitursynov A., 1992, p. 332]. As mentioned in the introduction to this article, humans have learned the sounds and meaning of names. And, the labelling of sounds is writing. The Swedish scholar Ferdinand de Saussure in his work «Course in General Linguistic» published first in 1916, states:»Language and writing are two distinct systems of signs; the second exists for the sole purpose of representing the first» [Ferdinand de Saussure, 1959, p. 23]. Here, two scholars' points agree by saying that writing is a sign of sounds. However, furthermore, de Saussure claimed that the objective of linguistics is not a form of writing and speaking orally but only the form of spoken speech. By this, he showed that the role of writing is low. AkhmetBaitursynuly reported that sounds of each country have signs and that we recognize sounds through signs, that is, we recognize sounds through writing. By this, he showed the role of writing. A few years later, AkhmetBaitursynuly by indicating that writing is a drawing of letters gave a broader definition to writing. In other words, first, he said writing is the sign of sound, then he changed it into that letter is a sign of sound and writing is the row of letters. And it clearly shows that there are letters for those sounds, that we need to be able to recognize them, we need to be able to write the letter we recognize, and we need to be able to pronounce the letter we wrote. This, in turn, will make a person literate. As we can see, AkhmetBaitursynuly left his meaningful conclusions about writing and sound. These conclusions deserve to be the basis of writing in the Kazakh linguistics.

Writing and reading.The scholar didn't stop by raising the level of writing from being a sign of sound to the row of letters. In his article called «Which method is good?» (1928) by concluding that writing is the basis of literacy, he broadened further the meaning of the writing.

«Who is a literate person? – We mean someone who knows how to read and write.

Is there a person who can read, but can't write? – Yes, there is. Most of the old-timers knew how to read but did not know how to write.

Can we call them a complete literate people? – No, we can't. They are half-literate people.

Is there a person who can write, but can't read? – No. Those who can write can read.If that is so, which one is the basis of literacy: writing or reading? – Of course, writing»[Baitursynuly A., 1928, p. 3-11].

By these words, Akhmet Baitursynuly clearly emphasized the importance of writing in society and human life. In society, everyone should be literate, that is, able to read and write. Plus, people need to be able to understand, think, analyze what they read and write. The scientist noted that the need for literacy was caused by not reading but writing.He considered reading as an additional education that you could learn with writing skill.By reading this, readers should not think that reading is not significant. We just need to understand that the scientist wanted to convey that writing is more important than reading. There was no reading at the time of writing.By this, we understand that writing has emerged before reading and then occurred a need for reading.

As can be seen from the scholar's conclusions, the notion of writing is gradually expanding. We can understand it this way, or we can assume that writing has a versatile function. In any case, the point here is that the scientist looks at writing from different perspectives and makes many definitions. He also could convey the importance of writing to the reader variously.He also emphasized the close relationship between writing and reading.

Types of writing.In his article «Which Method is Best,» he analyses the writing system of languages as English, French, Chinese, Italian, and Turkic. Some countries use letters for writing some use signs. He illustrated the correspondence of sounds and letters with examples from each language. From among Turkic languages he took Kazakh and Kyrgyz languages.

The following illustration shows a writing group set up by the scholar:




Figure 1. Types of writing[5:3-11]

Writing and spelling.Akhmet Baitursynuly, considering the languages of that time, divided the existing spellings into four systems: the sign system, the traditional (historical) system, the relative system and the sound system. The first is a spelling-based order.The first is a spelling that has the same rule with the basis of sign-based writing. This system refers to the Chinese language. Traditional spelling is the spelling that had used for a long time. The scholar takes English as an example for this group. And, for the relative spelling, as an example, he takes the Russian language. This spelling group focuses not only on the beginning of the words, on the pronunciation of other related words as well. The latter uses spelling as you hear the sounds of a word. Examples Of this spelling system are Italian, German, and Kazakh languages.

As the pronunciation and spelling of the word become farther away, the spelling order becomes closer to a sign-based spelling.We believe that the ideal variant of letter-based spelling is the one that has the same pronunciation and spelling. In this case, we can see that the latter spelling system is most convenient for both:

learning and teaching, and for usage.»**A crystal-clear language which has correct spelling among Turkic languages is the Kazakh language»** [Baitursynuly A., 1913, p.113].

«I think spelling emerged for writing and writing for language. For that reason, we shouldn't change the language for spelling, but adjust spelling to language»[Baitursynuly A., 1913, p.110].According to the scientist, the spelling should follow all the laws of language and should be easy to write, to read, to teach. It should show the peculiarities of the language. In the following article, we will discuss the writing and spelling topics with various examples.

Symbols used in writing.Grammatology may also examine signs that have a specific purpose in the writing process. Each country has different names for those symbols. But in the Kazakh language, everyone had called them differently by looking at their pictures.The scholar in his textbook called «Tilzhumsar» published in 1928 named the symbols used in writing. And not only did the scholar look at the drawings of the signs, but also their role and function. The following are the symbols and their functions used in writing, in the words of the scholar:

Tynystyk (respiratory mark) (.) – asign to the place where the voice should stop.

Zhapsarlyk(adjoining mark) (,) – a sign used when the voice doesn't stop, but there is a pause between words. Such openness between words happens in the adjoining places of sentences.

Kosarlyk (double mark) (=) –A sign to the place where one word is said twice, two words said quickly in a row, to connect two parts of one word.

Tastarlyk (leaving mark) (–) – a mark instead of an unwritten word.

Daldeulik (accuracy mark) («») – a mark on the place where thought will be accurately marked»[Baitursynuly Akhmet, 1928].

Names of symbols had given accurately by their functions and meaning. From this, we can see that the scholar was able to use the skill and mobility of his thoughts correctly for language. The reason for saying that is it's easy for learners to understand and accept these names of symbols.It's also easier for learners to learn the meaning and function of the mark by associating it with their knowledge. Unfortunately, today the names of these signs are not used in the Kazakh language. We use Russian translations.

However, this proofs that Akhmet Baitursynuly is the first linguist among Kazakh scholars who paid attention to the punctuations used in writing suggested the solution, and that he worked hard in this area of linguistics.

Conclusion

1. From the standpoint of pragmalinguistics, discourse is an interactive activity of the participants of communication, establishing and maintaining contact, emotional and informational exchange, influencing each other, interweaving instantly changing communicative strategies and their verbal and non-verbal incarnations in the practiceof communication, identifying communicative moves in their unity explicit and implicit content.

2. From the positions of psycholinguistics, discourse is interesting as the deployment of switching from the internal code toexternal verbalization in the processes of speech generation and its interpretation taking

into account the socio-psychological types of linguistic personalities, role installations and prescriptions. Psycholinguists are also interested in the types of speech errors and violations of communicative competence.

3. Linguistic and stylistic analysis of discourse is focused on identifying communication registers, distinguishing oral and written speech in their genre varieties, defining functional parameters of communication based on its units (characteristic of functional styles).

4. The structural-linguistic description of the discourse implies its segmentation and aims to highlight the actual textual features of communication – the content and formal coherenceof the discourse, ways to switch topics, modal limiters (hedges), large and small text blocks.

5. From the position of sociolinguistics, researcher V.I. Karasik, identifies two main types of discourse: personal (person-centered) and institutional. For the formation of discursive competence among students, it is obviously important to consider the discus from the point of view of sociolinguistics (sociolinguistic subcompetence)

Institutional discourse is viewed by scientists as communication within a given framework of status-role relationships, which involves two signs: goals and participants in communication. The main participants of the institutional discourse are representatives of the institute (agents) and people referring to them (clients).

When modeling institutional discourse, a number of features are distinguished, which include participants, conditions, organization, methods and material of communication, i.e. people in their status-role and situational-communicative roles, communication and communication environment, motives, goals, strategies, channel, mode, tone, style and genreof communication, and finally, a significant body of communication (texts and / or non-verbal signs) [Weichman G. A, 1990, p.12].

Institutional communication is called communication in peculiar masks.

It is noted that it is the stencil of communication that fundamentally distinguishes institutional discourse from personal discourse and the featureof institutional discourse lies in the typeof discourse, i.e. in the typeof social institution (political discourse – power, pedagogical – education, medical – health, etc.), is associated with certain functions of people, behavioral stereotypes, as well as texts produced in this social institution.

Thus, the rangeof consideration of the concept of «discourse» is quite wide and allows us to consider many theoretical and practical issues of textology from the point of view of the «reversal» of the text and immersion in the situation of communication.

Most clearly stand out three main classes of useof the term «discourse», correlated with various national traditions and contributions of specific authors.

The first class includes the actual linguistic useof this term, historically the first of which was its use in the titleof the article Discourse analysis of the American linguist Z. Harris, published in 1952. In full, this term was in demand in linguistics after about two decades. Actually, the linguistic uses of the term «discourse» themselves are very diverse, but on the whole, attempts to clarify and develop traditional notions of speech, text, and dialogue are seen behind them.

The transition from the concept of speech to the concept of discourse is associated with the desire to introduce into the classical opposition of language and speech, belonging to F. de Saussure, some third member – something paradoxically and «more verbal» than the speech itself, and at the same time – more using traditional linguistic methods, more formal and thus «more linguistic». On theone hand, discourse is thought of as a speech inscribed in a communicative situation and, therefore, as a category with a more distinct social content in comparison with the individual's speech activity; According to the aphoristic expression of N. D. Arutyunova, «discourse is speech immersed in life».

On theother hand, the actual practiceof modern (from the mid-1970s) discursive analysis is associated with the study of patterns of information movement in a communicative situation, carried out primarily through theexchangeof replicas; thus, a certain structureof dialogue interaction is actually described, which continues a completely structuralist (although usually not called such) line, the beginning of which was laid by Harris. At the same time, however, the dynamic natureof discourse is emphasized, which is done to distinguish between the notion of discourse and the traditional view of the text as a static structure.

The first class of understanding of the term «discourse» is presented mainly in theEnglish-language scientific tradition, to which a number of scholars from continental Europe belong; However, outsideof this tradition, the Belgian scholar E. Byouissant has long spoken about discourse as the «third member» of the Kossyurov opposition, and the French linguist E. Benveniste has consistently used the term «discourse» (discours) instead of «speech» (parole).

The second class of useof the term «discourse», which in recent years has gone beyond science and has become popular in journalism, goes back to the French structuralists and poststructuralists, and above all to M. Foucault, although A.Greimas, F also played an important part in justifying these uses. Derrida, J. Kristeva; Later, this understanding was partly modified by M. Peshoet al. Behind these uses there is a desire to clarify the traditional notions of style (in the broadest possible meaning that they mean, saying «style is a person») and individual language (cf. traditional expressions of Dostoevsky's style, the languageof Pushkin or the languageof Bolshevism with such more modern-sounding expressions as the modern Russian political discourseor the discourseof Ronald Reagan). Thus, the term «discourse» (as well as a derivative and often replacing it with the term «discursive practices», also used by Foucault) describes the way of speaking and necessarily has a definition – WHAT or WHAT is the discourse, because researchers are not interested in discourse in general, but its specific types, given by a wide rangeof parameters: purely linguistic features (to theextent that they can be clearly identified), stylistic specificity (largely determined by quantitative trends in lzovanii language means), as well as the specifics of subjects, belief systems, ways of reasoning, etc. (one could say that the discourse in this understanding is a stylistic specificity plus the ideology behind it). Moreover, it is assumed that the way of speaking largely predetermines and creates the subject sphereof the discourse itself, as well as the corresponding social institutions. This kind of understanding, of course, is also highly sociological. In essence, the definition of ANY or WHAT discourse can be regarded as an indication of the communicative identity of the subject of social action, and this subject can be concrete, group or even abstract: using, for example, theexpression discourseof violence, they mean not so much violence, as much as the abstract social agent «violence» manifests itself in communicative forms – which is fully consistent with traditional expressions such as languageof violence.

Finally, there is a third useof the term «discourse», associated primarily with the nameof the German philosopher and sociologist J. Habermas. It can be considered specific with respect to the previous understanding, but it has significant specificity. In this third understanding, «discourse» is a special ideal typeof communication, carried out in the greatest possible distance from social reality, traditions, authority, communicative routine, etc. and aimed at a critical discussion and justification of the views and actions of the participants of communication. From the point of view of the second understanding, this can be called the «discourseof rationality», the very word «discourse» here clearly refers to the fundamental text of scientific rationalism – Discourseon the method of R. Descartes (in theoriginal – «Discours de la méthode» translate and as 'method discourse'). All threeof these macro-understandings (as well as their varieties) interacted and interact with each other; in particular, the formation of the French school of discourse analysis of the 1970s was significantly influenced by the publication in 1969 of the French translation of the above-mentioned work of Z. Harris 1952. This circumstance further complicates the general pictureof the useof the term «discourse» in the humanities. In addition, it should be borne in mind that this term can be used not only as generic, but also in relation to specific patterns of language interaction, for example: The duration of a given discourse is 2 minutes.

The content of the discursive processes is idio-ethnic in form and universal in essence and meaning (the understanding of the universal / idio-ethnic ratio is a development of the ideas of SD Katsnelson). There are probably universal and idio-ethnic features in the structuring of discourse. The presenceof a universal base and idio-ethnic types provides a basis for comparing discursive processes in various linguistic cultures.

Thus, in all cultures, the sphereof political discourse is developing, which is the sceneof the manifestation of universal strategies of aggression and reconciliation in discursive practices related to the separation, approval and manifestation of power. Typical genres of this discursive sphere will have idio-ethnic features both in terms of their typical set for this linguistic culture, and in terms of their linguistic (and non-verbal) implementation. For example, American political discourse includes such a traditional genre as the President's Saturday 'address (in fact, a typeof political prayer that aims to unite the nation, confirm the authority and national symbols). At the same time, the genreof the President's New Year's address is highlighted, in which the conceptual content in terms of functions and means of their execution is comparable to the above-mentioned American one.

In the study of discourse, including in a comparative aspect, the relevant allocation of structural units of different levels of analysis, as well as the social spheres of application of discursive practices.

Continuity / discreteness subjectivity / intersubjective discourse.

Theorigins of the study of speech, discourse, dialogue and text, the distinction between static and dynamic aspects and an increase in attention to dynamic, to real language processes lie in the writings of V.

von Humboldt (ενέργεια), F.de Saussure (parole, discours), L. Wittgenstein (language game), L.V. Scherby (language /speech / speech activity), E. Benvenista (double meaning: semiotic in language and semantic in speech). Theorientation to cognitive and social processes has also becomeessential for the study of discourse. Comparing discursive practices, we find differences in the very social environment inherent in each culture. At the same time, it is the social environment that is the initial basis for the comparison of discourses and texts.

The theory of discourse is believed to have its origin in the concept of E. Benveniste, who delimits the narrative plan (récit) and the plan of the language assigned to the speaking person (discours). Discourse is a way to update the language in speech. A similar distinction was alsoobserved in L.Sherby: language as a system and as an ability, speech activity and language material, texts (cf. also competence and performance by N.Homsky). Signs of procedural and intersubjective discourse are reflected in the definition of speech activity, and signs of the text as a form or method of speech realization of discourse, as a statically existing speech product – in the definition of speech material. A communicative (discursive) event is a process, it is continual, but it can be discretized, segmented, divided into units. Discourse articulation is its constituting property (cf. «articulate speech»)[Ormakhanova E. N., 2018, p.10].

Procedurality and articulation, as well as subjectivity and intersubjectivity are the constituent signs of discourse. Thus, the discourse is the process and the result of the activity of the subject and the interaction of the subjects, language (communication, discursive) personalities.

The speech act in the theory of speech acts, practiced by the followers of Austin-Searle, does not indicate the possibility of oneor another of its interpretations to the hearers. Toovercome this shortcoming of the theory of speech acts, in the analysis of discourse, the notions of a communicative (speech) courseor a discursive act are used. A communicative course can be implemented both in a single speech act and in a sequenceof speech acts, under the auspices of a single communicative focus (goal): REQUEST + ARGUMENTATION + EMOTION. Weourselves are not local, everything is stung, give for bread!

A communicative tactical move is determined by its role in the deployment of discourse, in the continuation of speech interaction, in a discursive strategy. A replica may formally coincide with a discursive act (move), but it may include several moves: Both, and theother, and preferably more, and tell me what time it is! The tactical organization of discourse, its connection with the general strategy of speech interaction is determined by the social status, psychological characteristics of communicants, the chronotopeof the situation and the stateof communicators. A communicative (discursive) strategy unites a chain of communicative tactical moves (sometimes deviations) aimed at achieving the global goal of verbal interaction.

The implementation of discursive acts and strategies also reveals the idio-ethnic features of discursive practices and, therefore, falls within the competenceof comparative discourse studies.

REFERENCES:

1. Ilish, B. A. History of the English language. Moscow, 1968.
2. Baker, Paul, and Sibonile Ellece. Key Terms in Discourse Analysis. 1st ed., Bloomsbury Academic, 2013.
3. Weichman G. A. New in English grammar. Moscow, 1990.
4. Ormakhanova E. N. TV discourse: system-functional aspect (based on the material of the entertainment and publicistic program «Talent show». The Republic Of Kazakhstan, Almaty, 2018.

ТҰРЫСБЕКОВА ӘСЕМ ЕРІККЫЗЫ
журналистика және филология кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
asemerikovna85@gmail.com

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ МЕНТАЛИТЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Түйін. *Қаламгерлер туындыларында нағыз адамдық белгісі, ұлттық менталитеттің көрінісі – кісілік мінез-құлыққа баса назар аударады. Адамның өзі қымбат бола бермеуі мүмкін, адамгершілігі қымбат. Ізгілік – ізгілікпен қайтады. Адамгершілік – адамгершілікпен қайтады. Әрдайым өмірдің, адам болмысының шуақты жақтарына назар аударатын Әбіш Кекілбаевтың шығармаларының басым көпшілігі адам бойындағы тазалық, ізгілік атаулының табиғи қалпы бұзылмаған, қаймағы сылынбаған шағын нәзік көңілмен бейнеленеді.*

Кілт сөздер: *менталитет, идеология, мінез – құлық, әдет-ғұрып, салт-сана.*

Резюме. *В произведениях писателя настоящее качество человека, его национальный менталитет проявляется в поведении человека. В человеке ценится его человечность. Добро возвращается добром. Человечность возвращается человечностью. Большинство произведений Абиша Кекилбаева, который всегда обращает внимание яркой стороне жизни и человеческой природе, характеризуются изображением чистой человеческой души и добродетели.*

Ключевые слова: *менталитет, идеялогия, традиции и обычаи.*

Summary. *In the writer's works, the real quality of a person, his national mentality is manifested in person's behavior. A person's humanity is highly appreciated. Good goes round. Humanity goes round. Vast majority of works of Abish Kekilbayev, who normally pays attention to the bright side of life and human nature, are characterized by the image of a pure human soul and virtue.*

Key words: *mentality, ideology, spirit, behavior, customs and traditions, traditions and consciousness.*

Ұлт менталитетінің мән-мағынасын тереңнен барлап, зерттеп, атқаратын қызметін, оның қамтитын көлемін білмейінше, ол жайлы сөз қозғау орынсыз. Менталитет бізге батыс елдерінен жеткені мәлім. Білім, ғылымнан қаншама ғасырлық қазынасы бар қаншама кереметтерді жасап, әлемге иелік еткен француздар менталитетті «inentalite», ағылшындар «mentality», немістер «mentalitat» деп айтып, жазады. Үш тілде жазылуы да, дыбысталуы да ұқсас терминнің латын тілінен алынғанын мойындамасқа болмайды. Отандық ғылымда менталитет терминіне баса назар аударып, халқымыздың тұрмысы, қоғамдық құрылысы, рухани мұраларын байыптап, зерттеп толымды пікір айтып, оны әлемдік деңгейдегі «менталитет» сөзінің мәні мен мағынасын, тарихи тамырын тереңдеп қазып, философиялық тұрғыдан тұжырым жасап жүрген философ ғалымдарымыз. Олардың түсінігі ақиқаттан алшақ кетпейді. Менталитет ойдан шығарыла салған сөз емес, ол уақыттың, заманның тудырған, философиялық ұғымның дамып, өзінің қамтитын объектісі зерттемеске болмайтын деңгейге жеткен соң, ғалымдарды толғандыра бастағаны ақиқат. Демек, менталитет белгілі бір ортаға сай қалыптасады. Оны қалыптастыруға әлеуметтік мәдени, саяси-экономикалық ортаның талабы себепші болғанын аңғарамыз. Философия ғылымдарының докторы Төлеуғали Бурбаев: «Менталитет мәселесі – табиғаты жағынан күрделі құбылыс. Менталитет дегеніміз синкреттік рухани тұтастыққа негізделген адамның мінез-құлқы, ойлау ерекшелігі, дүниені сезінуі мен қабылдауы, саналылық пен бейсаналылықтың тұтастығы. Ұлт менталитетін де осы айқындайды. Олар ұрпақтан-ұрпаққа бейсаналылық түрде жеткізіліп, ұлт өкілдерінің мінез-құлқы мен дүниеге көзқарасында, өмір салты мен әдетінде, дәстүр мен салтында, философиясы мен ғылымында, мәдениетінде, өнері мен музыкасында, жалпы рухани болмысында көрініс табады. Советтік дәуірде ұлттар менталитеті коммунистік идеология тұрғысынан қаралып, «совет адамын» қалыптастыру теориясы ұлт ерекшеліктерін жоюға бағытталды» [Бурбаев Т.. 2001, 238-б], -деп менталитет термині атқаратын, құшаққа сыймайтын қызметін санап, «қолыңызға» ұстатады. Тек «саналылық», «бейсаналылық» тұтастығы бұлыңғырлау талданғаны болмаса, ғалымның логикасына қосылуға болады. Адам күнделікті құшағында жүріп бар ризығын сарқа пайдаланатын табиғат пен хайуанаттар әлемін ешқашан «бейсаналы» санамағаны қайта өзіне беймәлім, ақылы жетпейтін құбылысты шешуге табиғат тылсымына жүгінген. Мәселен, жұлдыздардың тууы, қозғалуы, хайуанаттардың

түрліше әрекеттерінен халқымыз ертеңгі, болашақты ауа райынан нақты жауап алған, бағытын меңзеген. Ақтұмсық құмырсқалардың илеуіне қарап адасып жүргенде оң мен солын байыптаған. Міне, сізге «бейсаналы» табиғат, хайуанаттар әлемі.

Иә, бүгінгі қазақ менталитетінде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, саф алтындай сақталып келген құндылықтар мен архетиптер жеткілікті. «Ол не?» дегенге философ Т.Бурбаев: «Шығыс менталитетіндегі үйлесім мен өлшемді игеру, эгоизмнен бас тарту; әрқашан да кішіпейіл, ізетті болу, адамдарға құрмет пен сыйластық тұрғысынан қарау, әдептілік, кеңпейілдік, жалпы адамгершілік принциптерді атауға болады» [Қирабаев С., 2009, 20-б], – деп орынды жауап береді. Архетип – не нәрсенің де бастауы. Ал, қазақ үшін басталған жақсы ырым болашақтан күдер үзбей, үмітін жалғаған. Т.Бурбаевта қостауымыз керек, бесікке бөлеу, ат қою, тұсау кесу, тоқым қағар т.б. философиялық астары күллі тарихында жаумен жағаласып, «тірі қалам ба, жоқ па?» деп уайыммен солмай, келер күннің арайлылығына имандай сеніп, сол күнге арыстандай арпалысқан қазақтың арманы жатыр. «Жауға жерін бермеген, қиянға қылыш сермеген» батыр бабаларымыздың алғы күндерге асыққан саф алтын ниеті – сол менталитеті.

Қазақ менталитетінің әлеуметтік табиғатын тануда құқықтық құндылықтардың алатын орны ерекше. Қазақ ешқашан құжынатып түрме, зындан жасамаған халық. Жеті атасын білу, руға, тайпаға, жүзге бөлінудің, осындай қылмыс әлемінің алдын алып, береке-бірлікке, ытымаққа шақыруға негізделген. «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің Күлтөбенің басында күнде кеңес құрып жүріп жазған «Жеті жарғысында» қазақтың өзіне ғана тән менталитеті тайға таңба басқандай.

Ұлттың рухани құндылығы – тілі мен дінінде, салты мен дәстүрінде, әдеті мен ғұрпында. Ұлтты жаңа сапаға енгізіп жаңартып, құнарландыратын, елдің елдігін, ұлттың ұлылығын танытатын осы құндылықтар. Жалпы жұртқа мәшһүр жай – имандылықтың екі босағасы бар, олар – ар мен ұят. Ар мен ұяттың түп тамыры тағы да сол салты мен дәстүрінде, әдеті мен ғұрпында жатыр. Ар мен ұятқа, дархандыққа кемел қазақ менталитетінің мәмлелік сипатын қоғамның саяси және идеологиялық өмірінен танып жүрген жайымыз бар. Күйреген коммунистік империяның орнында қалсақ та аз-ақ жылда әлемнің қуатты мемлекеттерінің біріне айналдық. Көршілерімізбен татумыз, 130-дан астап этностар ың-шыңсыз бірге өмір сүріп жатыр. Осының бәрі қанымызға сіңген, кешегі билер институтынан дарыған дипломатиялы, мәмлегерлік қасиетіміздің жасампаздығынан.

Қазақ менталитетін көркем шығармалар негізінде талдағанда табиғат пен қоғам, адам мен қоғам қарым-қатынасы контексінде қарастырсақ қанша диагнозды шатастырмай қоясыз, демек менталитет объективтік жағдайға байланысты орнығады. Сондықтан да, халықтың, жеке индивидтің бойындағы орныққан мінез-құлық, философия, адамгершілік нормалары, әдет-ғұрып, салт-сананы, менталитетті бір-ақ күнде, тіпті империялық пиғылмен біраз жылда ұлттың бойынан сығып, өшіру, жою мүмкін емес. Әйтсе де, менталитет мәңгі өзгеріске түспейтін қатып қалған конон деуге де болмайды, ол да ішкі сыртқы күштердің, ішкі даму, баю кемелденудің әсерінен өзгереді, прогреске сай келмейтін ескі әдет-ғұрыптар көшке ере алмай жоғалып, жаңа әдет-ғұрыптармен толысады. Кері жерге ұшырауы да кәдік. Болмыстың бір арнасы материалдық болса, екінші арнасы – рух. «Рух – халықтың материалдық, күнделікті өмір – тәшпұшынан тыс, әрі жоғары тұрған жан-дүниесі, оның бет бейнесінен көрінетін биік еңсесі, мәртебесі мен жігері. Оның негізі – өткен тарихы, салт-санасы, жыр-дастандары, жазба әдебиеті, ата-бабаларының өнегелі ерлік істері мен айтқан даналық нақыл сөздері, қиындықтарда желеп-жебеп жүретін аруақтар, сарқылмас күші, мұғалмас қаруы. Оны қорғайтын, қайрап-суаратын халықтың ізгі армандарына суарылған жалынды ұрандық сөздер мен биік мақсат-мұраттар. Қазақ халқының мерейі үстем, биік, пейілі кең, дастарханы мол, маңдайы жарқын, мақсат-бағдары жоғары әрі айтқыш, ата-бабаларының өсиетіне берік. Осыдан келіп оның рухани бейнесі сомдалады» [Кішібеков Д., 1999, 167-б], -деп қазақтың рухани бейнесіне қатысты менталитетті санамалап көрсеткен. Озық менталитет қазақта жетерлік, мәселен, қазақ қызын сөкпеген, балағаттамаған, ер адамдар қыздар жататын бөлмеге рұқсатсыз бас сұқпаған, қыздарын биязылыққа, ізеттілікке, инабатты, ибалылыққа, әдептілікке, тұрмысқа бейімділікке, үй шаруасын ұқыпты ұстауға үйреткен. Ырым мен тиымды қатал орындаған. Сыйлы қонаққа бас, басқаларға туыстығы, қоғамдағы орнына қарай сыбағаларын тартқан, қонақтың бәріне кәдесін айнытпай жасаған. Әйтсе де, ғалымдар әр халықтың өзіне ғана тән, басқаларға ұқсамайтын менталитеті болатынын дәлелдеуге тырысқан. Академик Д.Кішібеков: «Дегенмен әрбір халықтың өзінің менталитеті бар. Ол сол халықтың тарихына, географиялық ортасына, тұрмыс жағдайына т.б. факторларға байланысты. Соған сәйкес әр халықтың өзіне тән мінез-құлқы, әдет-

ғұрпы, салт-санасы қалыптасады» [Кішібеков Д., 1999, 197-б],– деп әр ұлттың менталитеті әрқалай болатынының себебі мен салдарын түстеп танытады. Сонымен, менталитетті кейіпкер бойынан қалай танып білудің өрісі ашылды. Біз көрнекті жазушылар Ә.Кекілбаев, Б.Нұржекеевтердің кейбір әңгіме, повестері мен романдарындағы ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрып, мінез-құлықты, менталитетінің көркем бейнелерін саралауда қаламгердің осы мәселелер төңірегіндегі ұстанымдарын, көріп білгенін байыптап беру және суреткерлік шеберліктеріне бойлау.

Қандай халықтың болсын сан ғасыр сарабынан өткен өзіне тән ұлттық үлгі өнегесі, миллиондаған ұрпағын тәрбиелеген салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-нанымы, менталитеті бар. Ұлтымыздың бойына жат, сіңбей, көзге бадырайып, анайы көрініп тұрған келеңсіздіктердің ең үлкен себебі – ұлттық дүниеден аулақтағанымыздан болып отырғандығын үнемі аңғартып отыру.

Тәрбиенің түп-тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызда десек, Кекілбаев шығармалары – сол асылымыздың бір сынығы. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тәтті тіршіліктің нәрі – адам баласының таным-түсінігі, мәдениеті мәйекті қасиеттерінің өрісін қазақтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен әрлендірген, шығармасының шамшырағына айналдырған аңыз, азаматтың адамгершілік қағидасы – туындының терең тенденциясы. Ұлттың ұлылығын танытуда қоғамдық қызметімен ғана емес, қаламымен де қамшылаған қаламгердің қазынасы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние, сөз асылын саралаған сүбелі үлес. Өсиет өнегені ой жүгіртіп, толғанып, тұшынып барып қабылдаған қаламгер шығармаға қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын дәйекті материал ретінде алған. Себебі «оның тамыры Қазақстан даласында көшіп жүрген тайпалардың творчествосымен астарласады, қазақтың халық болып қалыптасу дәуірінен әлдеқайда алыста жатыр» [Уразбаев Қ., 2007, 25-б].

Салт-сана, әдет-ғұрып бір халықтың өзіндік өзгешелігін айқындайтын ғасырлар бойына жалғасқан жазылмаған баба заңы іспетті. «Белгілі бір халықтың қандай халық екенін білгің келсе – салтын қара» деген көне нақыл да бар емес пе? Расында, жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан кез-келген халық пен ұлт-ұлыстың салт-дәстүріне қарап, оның қандай халық, қандай ұлт екенін білуге болады. Демек, белгілі бір халықтың ұлттық, ұлыстық салт-санасы, ата-мұрасы, дағды-дәстүрі болмауы мүмкін емес. Дамыған халықтың да, мешеу, әлсіз халықтың да тарихы осылай. Бұл сол халықтың тұтас тарихының өн бойында жасалады да, сол халықтың барлық өкіліне ортақ болады. Бұрынғы заманда бір халықтың салт-санасы, ұстанған дағды-дәстүрі енді бір ұлттың немесе халықтың адамы үшін мән-мағынасыз көрінуі тіпті ескінің қалдығы, ғұрапаттық болып көрінуі мүмкін. Бірақ сол ұлт, сол халықтың өз адамы үшін ол сонша құнды, сонша киелі саналып қасиеттелетіні даусыз. Ғасырлар бойғы баба заңы қасиетті салт-санамыздың жібі үзілмей бүгінге жетуінің бірден бір себебі осы. Бірақ бүгінгі ұрпақ осы жалғастықты қаншалықты сақтай алды, бұл – ойланатын мәселе.

Өзге халықтар секілді қазақ халқының да өзіне тән ерекшелігі, тұрмыс-салты, ғұрып-әдеті халықтың өркениетімен бірге дамып, кемелденіп, әр заман талабына сәйкесіп отырады. Дәуірдің өзгерісі мен халықтың әл-ауқатының көтеріліп, дамуына байланысты тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, дүниеге көзқарасы жаңа мазмұн алып, бұрынғы қалпын біртіндеп өзгертеді. Бір замандарда мал шаруашылығы мен егіншілікті, дала мәдениеті мен қала мәдениетін тең меңгерген халқымыз жат жұрттықтардың шапқыншылығы мен езгісі салдарынан данышпан даналары жазып қалдырған баға жетпес қыруар жазба материалдары мен кітаптарынан айырылып, еріксіз көшпелі өмірге бейімделді. Бірақ анталаған жаугершілік халқымызды қанкешті күйге түсіргенімен, оның зерделі де зерек, шежіре де шешен ұрпақтары ата-бабалары көкірегіне құйып, қанына сіңіріп кеткен салт-дәстүрімен рухани мәдениетін әсте жоя алған жоқ.

Жазушы Әбіш Кекілбаев шығармашылығының қазақ оқырманына рухани серік болғанына, міне, жарты ғасырдың жүзі болып қалды. Оның ойшыл да орамды өлеңдерінен бастап, өнерінің парқы мен нарқына таңғы шықтай мөлдіреп шыққан алғашқы әңгімелері, кең құлашты эпикалық қарымен көрінген романдарына дейін оқырман қауымды бір сәт бейтарап қалдырған емес.

Суреткер Әбіш Кекілбаев – көркемдіктің құрығаң көздеген нысанасына қапысыз салуға машықтанған эпик жазушы. Оның дарын табиғатына біткен аста-төк қабілет-шалымы да, әлемдік көркемөнер айдынының тұнығынан жүзіп жүріп сусындаған тәжірибесі де қыруар. Ол айта алған ой, ол кестелеп үлгерген өнер барша сыр-салмағымен, барша көркі бояуымен бүгінгі таңда тек қана Әбіштік ой, тек қана Әбіштік өнер болып отырған жоқ. Сонымен бірге қазіргі қазақ өнерінің және рухани ұмтылыстардың бедерлі бір айғағына айналып отыр.

Әдебиет қашан да, қай кезде де өткен жай туралы жазады. Болашақты болжау ғылымның ісі. Демек, әдебиет оқиға жиынтығы емес, оқиғадан кейінгі толғам. Яғни, әдебиет факты емес, постфактум. Мұның өзі сананың танымға айналуы деген сөз.

Әбіш Кекілбаев – өнер мен өмірдің осынау заңдылығын суреткер ретінде жан-жақты ашып көрсету үшін қаламын сайлаған, соған орай көркемдік тың тәсілдерге табан тіреген суреткер. Ол жалаң беллетризмнен мүлдем қара үзіп, ойшыл-интелектуалды прозаның тізгінін қарына ілген. Сондықтан, жазушының шығармалары «Не болды?» деген мәселелерді күйттемейді, «Неге олай болды?» деген сұрақтарды талдайды. Яғни, уақыттың осынау жаңа сапалы көркемдік сұранысын терең түсінген Кекілбаев суреткер ретінде өз шығармаларында қалай өмір сүруді айтпайды, не үшін өмір сүруді көлденең тартады.

Қазақ прозасында Әбіш Кекілбаев туындылары арқылы айырықша бой көрсеткен көркемдік тәсіл ретінде авторлық баяндауды, әңгімелік баяндауды, кейіпкерлік баяндауды айтуға болады. Осы баяндауларды табиғи субъективтендіру арқылы адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен адамзат арасындағы аса күрделі қатпарлы байланыстар сырының ашылуы көркемдік танымымызды тереңдетіп, рухани игілігімізге айналып отыр. Сондай-ақ, автор мен кейіпкердің ішкі монологтарында эмоциялық қуат дарыту да жазушының әбден шыңдалған, жиі қолданатын көркемдік тәсілі. Мұның өзі адам сезімінің не бір қатпарлы ағымдарын жарқырата көрсетуге дес берген қызық та қиын көркемдік құрал екенін айрықша атап өткен жөн.

Міне, көркем прозаның озық тәсілдерінің бір парасы ретінде мойындалған осы қасиеттер жазушы шығармалары арқылы қазақ прозасында бар тұлғасымен көрінеді. Жай көрініп қойған жоқ, өзге қаламгерлердің де қолдауын тауып, бүгінгі көркемдік ізденістеріміздің сапалық айғағы ретінде орнықты. Бұл жағдайды біз бүгінгі таңда қазақ прозасының жетістігі, қазақ өнерінің мақтанышы ретінде айта аламыз. Жазушы адам өмірбаянын, кейіпкер өмірбаянын жазатын суреткер емес. Ол адам санасының, кейіпкер санасының эволюциясына ден қоюшы суреткер. Егер әсерлеп айтатын болсақ, жазушы дүние дидарына жер басып жүрген пенде сияқты горизонталь бағытына қарамай, суреткер ретінде көктен, вертикаль бағытта қарайтын сияқты. Мысалға, «Аңыздың ақыры» мұнара адам құдіреттің қанатты шабытындай болып вертикаль бағытта көкке шаншылған. Ал, шыңырау құдығы тағы да сол адам құдіреттің жасампаз болмысындай болып вертикаль бағытта жеті қат жер қойнына сүңгиді.

Осы жағдайларды кездейсоқ фактілер жиынтығы деуге бола ма екен? Сондықтан да, Әбіш Кекілбаев адамзат әулетінің ғұмыр-шежіресіне бүгінгі және болашаққа қызмет ететін өмір тәжірибесі деп қарап, мәңгүрттіктен сақтандырады. Ия, тұңғыш рет қазақ әдебиетінде Кекілбаев көтерген «мәңгүрттік» мәселесі әлемнің озық ойлы ойшылдары мен суреткелерінің қызу қолдауын тапты. Шынында да, қазіргі адамзат баласы үшін өз әкесі мен шешесін ғана ұмыту емес, тарихтың сабағын ұмыту. Яғни, Абайды, Мұхтар Әуезовті, Махамбет пен Исатайды, Ілияс пен Сәкендерді ұмыту...

Әр жылдың бетін айқындап, жүгін көтеретін тұлғалар болады. Кейде соған қарап «Абай жылы», «Әуезов жылы» деп жатамыз. Ұрпақты өлгендердің сөзімен ғана емес, тірілердің өзімен көрістіріп тәрбиелеу мұрат қой. Шын талантты адам шығарма сыртын жылтыратып әрлеу, мәнерлеу, сырлау дегеннің бәрін жоққа шығарады. Шынайы көркемдік дегеніміз өмірдің өзіндей қарапайым қалпын сақтайды. Ол шындықтың сырын да, жарқын суретін де, әдемілігін де көз алдыңа жайып салады [Қирабаев С.. 2009, 5-б].

Әдебиет тақырып таңдамайды. Өйткені, өмір бар жерде әдебиет бар. Әр халықтың әдебиеті – оның сана-сезімінің көрінісі. Көркем туындыда әдебиет сол өмірдің өзімен тұтасып, бірігіп кетеді. Ұлттық ойды, халықтық сырды ашады. Өмір құбылыстарының бір-біріне ұқсамайтыны тәрізді, көркем шығарма да кейбір сюжеттік ұқсастықтары байқалып тұрса да, ой-сана көрінісін ашып талдауда бір-бірінен алшақ жатыр. Суреткер талантының биіктігі де осы ұқсамауында, даралықта. Жазушыда үлкен прозаға тән эпикалық кеңдік, асықпай баяндау, психологиялық тереңдік, философиялық толғаныс, кең тыныстылық бейнелі тіл өрнектері анық байқалады. Оның әңгіме-хикаяттары бізге солай көрінеді. Ол өзіне таныс өмірді, халық тарихы мен салт-санасын бейнелейтін аңыз-әңгімелерді, Маңғыстау елі мен жерінің ерекшеліктерін ашатын шежірелер мен көркем бояуларды молынан пайдаланып, оларды үлкен жазушыға тән байсалды проза үлгісіне сала суреттейді. Осы тұста туған жазушы шығармаларында екі үлкен тақырыптық жүйе бар. Бірі аңызда сақталған дала халықтарының рулық және таптық талас-тартыстары да, екіншісі – қарапайым, халық ортасының тіршілігі, оның адамдарын суреттеу талабы. Кекілбаев суреттеген халық аңыздары жазушының өзі өскен ортада көп айтылып, санаға жат-

талып қалған шындыққа негізделеді. Сөйтіп, жазушы тарихтың, көшпелі тіршіліктің сүреңсіз әдет-ғұрыптары мен салттарын бүгінгі оқырманның көз алдында тірілтті. Тарих сабағы жақсылықтан ғана тұрмайтынын, ұрпақты одан бездіретін, өзін аулақ ұстауға үйретететін ауыр оқиғалар сабағы болатынын көрсетті. Солардың қатарында ел арасы жауласушылығының қатігездігі, дәлелсіз, себепсіз қақтығысқан араздық сезімдері, ар-намыс дегенді жамылып, соны сылтау етіп рушылдықты, бөлінушілікті күйттеген сол заманның ұғым-түсініктері айқын ашылады.

Әлем әдебиетінде миф, аңызға ден қоюшылық – оны көркем әдебиетте пайдалану әуелден бар, жиі пайдаланып жүрген үрдіс. Тіпті шығыс дастандарында аңызсыз мифсіз оқиға суреттелінбейді, дамымайды. Қазақ қаламгерлерінің ішінде де Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, С.Санбаев тағы да басқалар аңызды жиі пайдаланған. Аңызды пайдалануда көсіліп қалам тартып, өзінің көркемдік шешімін әлемге танытқан үлкен суреткердің бірі – Ә.Кекілбаев. Оның «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Бәсеке», «Шыңырау» повестері аңыздық желіге құрылғанымен, арғы түбі шын өмірде болған оқиғаларға, ақиқатқа негізделген. Жазушының «Күй» повесі – батырлық адамгершілік, өнер рухын, құдіретін асқақтата, суреттеп, үлкен әлуметтік мәселелерді көтере білген шоқтығы биік туындысы. Повестің «Күй» аталуының да үлкен мәні бар. Мұнда суреттелетін барлық оқиғаны күй айтып тұр. Оның күрделі болатыны да сол себептен. Тіпті «Нар идірген» күйінде күй құдіреті адам түгіл айуанды елітіп, байланып қалған 62 тамырды босатып, тасемшекті жібітпейді ме? Әрбір күйдің өзіндік тарихы бар екені даусыз.

Халық басынан қандай күй кешсе де, қазақтар оны айна қатесіз күй тіліне түсіре білген. Сондықтан, қазақ халқы күйдің мәнін терең түсінеді және оны қастерлей біледі. Сондықтан да күй, қазақтың халықтық өнер дәстүрінде үлкен орынға ие алдымен аңызға негіз болған тарихи дерек – Абыл күйшінің түркімендердің қолына түсіп (тұтқын болып) өнері арқылы азат болуы. Екіншіден «Күй» повесінде негізгі арқау болған – Қарақалпақтың дөңіне байланысты айтылатын бүкіл Маңғыстау білетін аңыздар. Осы екеуін қаламгер бір-бірімен байланыстыра, сабақтастыра отырып, көптеген аңыздарды қабығынан аршып, өмірдің шындығына қарай бұрып әкелген.

Қазақ күйінің құдіретін жазушы анық мына бір жолдарда көрсеткен: «Күйші қадалып алған. Домбыраның қос ішегін еміне сауып, есілтіп отыр. Қара шанақтың көйгөйі көкірегіңді қысып ырқыңды алып барады. Қанша қатты болсаң да иліктірмей қоймайтын өз көкірігінен шыққан ерке сәбидей еліктіріп, ерітіп барады. Жүрегі шымырлады. Көмейі бітіп, көзінің алды жыбырлап кетті. Даулетжаны тап осындай қылқылдаса қабағынан қар жауып отыра алар ма еді. Мына күй қыршын кеткен боздақтарын, қаңырап қалған қара шаңырағын, жападан-жалғыз қуарып қалған қу басын бәрін-бәрін есіне салды» [Кекілбайұлы Ә.. 1999, 102-б]. Міне, оқиғаның шарықтау шегі – осы. Құдай-ау өмір бойы ат үстінде жорықта бірде жеңіп, бірде жеңілгенде де мұндай күйге түспеп еді. Айналасындағы адамдарға білдірмегенімен, дәл қазір жұмыртқадай қара домбырадан оңбай жеңілгенін сезіп-ақ отыр. Жүйке-жүйеңді босатқан қара шанақ онымен қоймай отырғандардың барлығын бітімге, бірлікке, татулыққа шақырғандай. Қазақ күй арқылы өзінің өткені мен бүгінін таниды. Төл өнерінің қатпар-қалтарысын қапысыз ұғатын ұлттық рух, менталитетінің құпиясын күйінен аңғарасыз.

Жауларының арасында отырып, өз өнерінің асқақтығын мойындатқан күйшінің құдіретін өнер рухын қаламгер жоғары биікке көтереді. Жауының өзін жуасытып, жеңіліс тапқызады. Жеңіс – өнердікі, өнер – рухтың құдыреті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999.-200б.

2. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана Елорда, 2001.-244б.

3. Уразбаев Қ. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі //Кандидаттық диссертация: филология ғылымы – 10.01.02. Түркістан: 2007. – 118 б.

4. Қирабаев С. Суреткер // Егемен Қазақстан № 24, 2009.

5. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 399 б.

ЧАЛТИКЕНОВА ЛЯЗЗАТ
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru

ТҮБІРГЕ СІҢІСКЕН ӨЛІ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ ЕСЕБІНЕН ЖАСАЛҒАН СӨЗ НҰСҚАЛАРЫ, ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Түйін. *Мақалада түбірге сіңіскен өлі жұрнақтар арқылы жасалған морфологиялық сөз нұсқалары және оны оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері қарастырылған. Септік формалар тірі қосымшалар деп есептелсе, кейде түбір құрамына кірігіп, оның ажырамас бөлігіне айналады. Септік жалғаулары, негізінен, сөз түрлендірушілік қызметті атқарады десек, берілген сөздерде көнеру, кірігу, сіңісу әрекетіне ұшырау арқылы сөзжасамдық қызметті иемденіп, морфологиялық нұсқа жасағандығы нақты мысалдар арқылы қарастырылған. Сонымен бірге, білімгерлерге теориялық тақырыпты жете меңгерулері үшін өзіндік жұмысқа практикалық тапсырмалар үлгілері берілген.*

Кілт сөздер: *түбірге сіңісу, сөз нұсқалары, өлі жұрнақтар, морфологиялық нұсқа, сөз түрлендіру, грамматикалық нұсқалылық, әдеби норма.*

ВАРИАНТЫ СЛОВ, ВОЗНИКШИЕ НА ОСНОВЕ НЕПРОДУКТИВНЫХ СУФФИКСОВ И МЕТОДИКА ИХ ОБУЧЕНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Резюме. *В данной статье рассматриваются морфологические варианты слов, возникшие за счет непродуктивных суффиксов и методика обучения их с использованием инновационнных технологий. Части слова, считающиес падежными формами, иногда входят в состав корня и считаются неделимой ее частью. Падежные окончания в своей основе выполняют функцию различных форм слова, в рассматриваемых архаизмах, в сложносокращенных словах, конверсии подвергаются в синтетическое словообразование,морфологические варианты рассматриваются на конкретных примерах. Вместе с тем, обучающимся даны практические задания для самостоятельного усвоения темы.*

Ключевые слова: *варианты слов, непродуктивные суффиксы, новые понятия, формообразующие суффиксы, падежные формы, притяжательные окончания, морфологичнские варианты, морфологические синонимы, грамматические варианты, литературная норма.*

OPTIONS WORDS THAT HAVE ARISEN ON THE BASIS OF UNPRODUCTIVE SUFFIXES, AND METHODS OF THEIR LEARNING USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES

Summary. *This article discusses the morphological variations of words that emerged from productive suffixes that are included in the root. Part of the word, schitayuschies case forms, sometimes part of the root and are considered indivisible part of it. Case endings basically perform the function of various forms of words, in these archaisms in slozhnosokraschennyh words undergo conversion to synthetic word formation, morphological variants discussed with specific examples. However, students given practical tasks for independent assimilation of the themes.*

Keywords: *variants of words, suffixes productive, unproductive suffixes, new concepts, formative suffixes case forms, possessive endings morfologichnskie options morphological synonyms, grammatical variants, the literary norm.*

Сөз тудыратын жұрнақтар түбірге жаңа лексикалық мағына үстейтіндіктен, өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады. Сөздердің түбірі бір болғанымен, олардың әрқайсысы басқа мағыналарды білдіреді де, грамматикалық мағынаны да қоса қамтиды. Өйткені, тіліміздегі сөздер құрамы, құрылымы жағынан құбылып, өзгеріп, тілімізде балама түрде жарыса қолданылуы мүмкін. Міне, осындай сөздердің өзгермелі табиғатының бір көрінісі – оның нұсқалылығы деп атауға болады. Қазақ тілінің даму барысында біз күнделікті сөз қолданыстарымызда бір ұғымды екі немесе одан да көп сөздермен жеткізу жағдайларын кездестіреміз. Біздің алдымызда тұрған мәселе түбірге сіңіскен өлі жұрнақтардың есебінен пайда болған нұсқаларды, өзгеру жағдайларын жан-жақты талдап көрсету.

Тілде өлі түбірлерге қосымшалардың кірігу әрекеті көбіне-көп бір буынды негіздер мен түбірлер құрамынан кездесіп отырады. Бұл мәселені өз еңбектерінде қарастырып өткен қазақ ғалымдарының қатарына Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, М. Томанов, А. Хасенова, Ә. Қайдаров, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеевaларды атауға болады. Ғалымдар өлі түбірлерге қосымшалардың кірігу жолын этимологиялық талдаулар арқылы ашып береді.

Ғалым А. Ысқақов ерте замандарда көнеріп, туынды сөздердің құрамына еніп, ол құрамнан бөлінбейтіндей күйге жетіп, жаңадан сөз тудырарлықтай түбірге айналған осындай көнеленген сөздерді көнеленген түбірлер деп атайды [Ысқақов А., 1991, 118-122б].

Түбір мен қосымшаның өзара сіңісіп кетуі жайлы ғалым М.Томанов «түбір мен қосымшаның өзара жымдасып кетуі кейде бастапқы түбірдің өзінің дербес мағынасын жоғалтып, ескірген болуы мүмкін» – дейді [Томанов М.. 1988, 86-89 б]. Академик Ә.Қайдаров тілдегі бір буынды түбір – негіздердің құрылымына талдау жасай келе, бүгінде түбірлердің тілден қосымшалармен кіріккен күйде ғана кездесетіні айтылады.

«Қазақ тіліндегі етіс аффикстерінің түбірге қабыса тікелей қосылатындығынан етістіктің кейбір түбірлері етіс аффикстерінің бірінсіз толық мағынада жұмсала алмайтындай «өлі» түбірлерге айналып кеткен» деген тұжырымды, соған қатысты талдауларды ғалым А.Қалыбаеваның еңбегінен кездестіре аламыз [Хасенова А.,1959, 27б].

Ғалым Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты еңбегінде көнеру, кірігу әрекеті сөзжасамның бір тәсілі екенін айқындай түседі [Оралбай Н., 2006, 27-35 б]. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеу сөздердің бір бөлігін септік жалғаулары арқылы жасалған сөздер тобы құрайды. Есім сөздер құрамындағы септік көрсеткіштерінің көнеріп, түбірге кірігу әрекеті негізінде жаңа лексикалық мағынаға ие сөздер пайда болады.

Ежелден// ежелгі. Бұрыннан келе жатқан, дағдылы, үйреншікті.

Ақжолдың шешесі Қанипа өзімнің де ежелден сыйлас қадірлі адамым деп еді (Н. Ғабдуллин). Ол өзінің ежелгі сүйкімді әдетімен қой көздерін күлімдете бір қарады (Ш. Сыздықов).

Қапыда// қапелімде//қапияда. Аңдамай қалып, байқамай тұрғанда.

Ұйықтап жатқан өкілдерді қапыда қолға түсіріп, қаруларын алды (Ж. Еділбаев). Қапелімде сөз таба алмаған Жантуар күмілжи берді (С. Шаймерденов). Қараңғы түнде қол бастап, қапияда жол тауып жауды жайратқан Заслоновтың есімін Одақта білмейтін жан жоқ (С. Мәуленов).

Шынымен//шынында. Түптеп келгенде, ақиқатына келсек, сайып келгенде.

Шынында пайдалы қазбалар байлығынан Қазақстан өз елінің мақтанышы десек, артық болмайды (О. Бейсеев). Айтжан жалт беруге ұялды, әлде шынымен масты ма, орнында қалт тұрып қалған (Ж. Молдағалиев).

Мұнда түбір мен қосымша жігі айқын көрінеді. Бастапқы түбір сөзді табу да қиын емес, оның мағынасын да анықтай аламыз. Бір өзгешелігі, бұл тұста септік жалғаулары көнеленіп, мағынаның өзгеруіне себепші болып, сөзжасамдық дәрежеге жетіп, қызмет атқарып, нұсқа сөздер жасап тұрғанын толықтай ашып, дәлелдеп береді. Тілдегі қосымшалардың түбірге кірігу, көнеру әрекеті сөзжасам үрдісіне қатыса отырып, бір сөз табының екінші сөз табына ауысуына да әсер етеді. Үстеулердің бұл тобы септік жалғауларының түбірге кірігіп, көмескіленуінің нәтижесінде басқа сөз таптарынан морфологиялық жолмен жасалады.

Кірігу әрекеті арқылы жұрнақтар өз мағыналарынан айрылып, бастапқы түбірмен бірігіп келіп, сіңісіп, жаңа мағынаға ие сөздер жасайды. Жұрнақтарды көбіне-көп өлі түбірлерге кіріккен күйінде кездестіре аламыз. Түбірге сіңіскен өлі жұрнақтар арқылы жасалған морфологиялық сөз нұсқаларын мынадай мысалдар арқылы дәлелдей аламыз.

Қақаю// қақию// қақшию. Бойын тіп-тік ұстау.

Сәдуге барып, әскери тәртіппен алдына қақайып, тұра қалды («От ортасы»). Тығыз сапқа тұрған қақиған қарулы адамдар оларды араларынан өткізіп тұрды (С.Мұқанов). Ахмедияр сол сазарған қалпы қаққан қазықтай қақшиып әлі тұр (Ө.Қанахин).

Қасарғыш//қасарыспа//қасарма. Қасарысып отырып алатын, қасарып қалған.

Қыңыр адам қасарғыш келеді, ақымақ хан бас алғыш келеді (Қ.Әміров). Бригадирдің қасарыспа мінезіне әрең төзсе де, Сағира өзін тежеп жұмсара сөйледі (С.Алдабергенов). Ол тіл алмайтын қасарма, бір қисайса, келісімге келмей, қитабанданып жатып алады (Ә.Нүрпейісов).

Өлі түбірлерге қосымшалардың кірігуі тарихи тұрғыдан екі морфеманың бір-біріне кірігуі және осы тәсіл арқылы қазіргі тілде түбірге сіңіскен өлі жұрнақтардың есебінен пайда болған нұсқаларды қазіргі уақытта көптеп кездестіреміз.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, білімгерге берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту технологиясы. Осы тақырыпты өтуде төмендегі практикалық тапсырмалар білімгерлердің танымдық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, креативті ойлауға, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралдары арқылы ойлау карталарын, қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керектігі туралы шешім шығаруға, ізденімпаздығын белсенді дамытуға негізделген. Төменде осы тақырып бойынша, модульдік оқыту технологиясына байланысты білімгерлердің теориялық материалдарды жете меңгерулері үшін өзіндік жұмыстарының үлгілері берілген.

1-тапсырма. Жауап беруді талап ететін сұрақтарды жазу

ББТЗО кестесі


Б Ол туралы мен не білемін?	Б Нені білгім келеді?	Т Көбірек ақпаратты мен қайдан таба аламын?	З Нені зерделеу керек?	О Одан әрі не істеу керек?

2-тапсырма. «Түбірге сіңіскен өлі жұрнақтардың есебінен пайда болған сөздер» деген тақырыпқа зерттеушілік әңгіме жүргізу.

1. Өздеріңіз оқыған мәліметті ұсыныңыздар.
2. Бір-бірлеріңізге сұрақ әзірлеңіздер.
3. Өз жауаптарыңызды дәлелдеңіздер.
4. Бір нақты келісімге келуге тырысыңыз, болмаса өз ойыңызды нақты дәлелдермен тұжырымдаңыз.

3-тапсырма. Кестені толтырыңыз және көркем шығармадан мысалдар келтіріңіз.

Қазақ тілінде екі немесе бірнеше аффиксті морфеманың күрделі бір бүтін аффикске айналдыратын тәсіл.



4-тапсырма. Өлі түбірлерге қатысты ауызша ақпаратты талдап салыстырыңыз, сын тұрғысынан бағалаңыз.

Түйін. *Мақалада алғашқы рет мұрағаттардан алынған құжаттарына сәйкес контрабас аспабының ұстаздары Зинатай Рахимбаева мен Валерий Сизиковтің өмірлері туралы жазылған.*

Олар 40 жылдан астам Шығыс Қазақстан облыстарында жұмыс істеген, Семей қаласының М. Тулебаев атындағы мемлекеттік колледжі және Өскемен қаласының ағайынды Абдуллиндер атындағы колледжі.

В. Сизиков (1981-1986) пен З. Рахимбаева (1967-1971), Қазақстанның контрабас мектебінің негізін калаушысы профессор К. Нарбековтың шәкірттері.

Түйінді сөздер: *мұғалім, контрабас, шығарма, Қазақстан, музыка.*

Резюме. *В статье впервые рассматривается личность педагоговпо классу контрабаса Зинатай Рахимбаевой и Валерия Сизикована основе архивных материалов.*

Они работают свыше 40 лет в Государственном музыкальномколледже им. М. Тулебаева города Семей и Восточно-Казахстанском колледже искусств имени братьев Абдуллиных г. Усть-Каменогорска.

В Алма-Атинской государственной консерватории имени КурмангазыВ. Сизиков (1981-1986) и З. Рахимбаева (1967-1971) учились у профессора К. Нарбекова, одного из основателей контрабасовой школы Казахстана.

Ключевые слова: *педагог, контрабас, произведение, Казахстан, музыка.*

Summary. *The article first examines the personality of double bass teachers ZinatayRakhimbayeva and Valery Sizikov based on archival materials.*

They have been working for over 40 years at the State College of Music named after M. Tulebaev of the city of Semey and the East Kazakhstan College of Arts named after the Abdullin brothers in Ust-Kamenogorsk.

V. Sizikov (1981-1986) and Z. Rakhimbaev (1967-1971) studied at the Alma-Ata State Conservatory named after Kurmangazy under professor K. Narbekov, one of the founders of the double bass school in Kazakhstan.

Keywords: teacher, double bass, work, Kazakhstan, music.

Введение

В 1950-е годы XX века доминировалав основном структура музыкального училища. Учебные заведения среднего звена открываются в таких городах, как Усть-Каменогорск (1955), Семипалатинск (1955), Петропавловск (1957), Гурьев (Атырау, 1958), Чимкент (Шымкент, 1958), Павлодар (1959).

Из приведенного перечня становится очевидным, что значительно расширилась география привлечения новых городов Казахстана. Музыкальные училища становятся центром музыкальной культуры городов, где проходят концерты, лектории, мастер-классы ведущих педагогов страны.

Архивные материалы свидетельствуют о том, что почти параллельно в 1955 году были открыты музучилища в Семипалатинске (Семей) и Усть-Каменогорске.

Эта статья посвящена изучению концертно-педагогической деятельности двух ведущих педагогов-контрабасистов г. Семей и Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области.

Зинатай Рахимбаеву и Валерия Сизикова (почти ровесников) объединяет многое: во-первых, они являются учениками Заслуженного артиста РК, профессора Алма-Атинской консерватории имени Курмангазы К.К. Нарбекова; во-вторых, в среднем звене они проработалисвыше 40-50 лет; в-третьих,будучи членами жюри в номинации «струнные инструменты» ведущие педагоги принимали участие в Республиканских конкурсах молодых исполнителей; в-четвертых, они воспитали лауреатов Республиканских и международных конкурсов, которые ныне работают в Казахстане и за рубежом.

Время всегда высвечивает в истории значительных персон, которые оказывают огромное воздействие на искусство. А роли личности в культуре никто еще не отменял. «Интересно посмотреть, теперь уже оценить по достоинству известную смелость юных казахских музыкантов, тогда еще только начинающих свой путь на скрипичный Олимп» [Капеу-Коханова М.Б., 2018, с. 120].



Основная часть

Рахимбаева Зинатай Джумагалиевна (07.01.1949), Отличник образования Республики Казахстан (1996), является первой женщиной-педагогом по классу контрабаса в республике.


В 1967-1971 годы онаучится в Алма-Атинском музыкальном училище имени П.И. Чайковского у Н.Я. Давыдова [Сатыбалдинов А.С., 2018, с. 232]. Но своим основным наставником она считает Заслуженного артиста КазССР, профессора Алма-Атинской консерватории имени Курмангазы Каримкула Кожахановича Нарбекова. В его классе она обучалась в течении шести лет (1971-1977).

С 1975 по 2016 годы З.Д. Рахимбаева работает в Семипалатинском музыкальном училище имени МуканаТулебаева (ныне КГКП «Музыкальное училище им. Мукана Тулебаева»). В ее трудовой книжке имеется всего лишь одна запись, которая подчеркивает, что много сил и времени преподаватель отдает любимому делу, своим ученикам.

В отличие от музыкальных центров (Алматы-Астана-Нур-Султан), в ее класс поступали учащиеся в основном из сельской местности, без музыкального образования. Педагогу приходилось начинать работу с самых азов: изучения нотной грамоты, устройства инструмента, постановки рук и т.д. Зачетыре года обучения студент добивался профессиональных успехов, исполняя сложные классические и современные произведения.

Спустя лишь пятнадцать лет, а именно, в 1990 году класс контрабаса Семипалатинского музыкального колледжа имени Мукана Тулебаева был признан в республике опорным базовым классомв подготовке молодых специалистов. Свидетельством этого незаурядного события является решение струнной кафедры Алма-Атинской государственной консерватории им. Курмангазы, утвержденное ректором Д.К. Касеиновым [Архив Рахимбаевой З.Д. 4, с. 1].

З.Д. Рахимбаеву отличают хорошие организаторские способности, активная жизненная позиция, всегда очень отзывчива и инициативна. Учитывая ее заслуги, удостоверение о присвоении квалификационной категории – преподавателя высшей категории–было выдано 10 мая 2011 года(Управлением образования Восточно-Казахстанской области).



Форма № 2

УДОСТОВЕРЕНИЕ

о присвоении квалификационной категории

Настоящее удостоверение выдано **Рахимбаевой Зинатай Джумагалиевне**

(фамилия, имя, отчество)

в том, что в соответствии с решением аттестационной комиссии от **«10» мая 2011 года** и приказом **Управления образования Восточно-Казахстанской области**

(полное наименование учреждения образования)

от **«10» мая 2011 года** № **225** ему(ей) присвоена квалификационная категория **преподаватель высшей категории**

(наименование должности и категория)

Руководитель учреждения образования

Секретарь

М.П. **«01» сентября 2011 года**

Регистрационный № **116**

«Контрабасовая школа г. Семей, возглавляемая Рахимбаевой З.Д. всегда отличалась своей крепкой игровой базой и все ее выпускники работали и работают в престижных оркестрах Республики Казахстана», – пишет преподаватель Казахского национального университета искусств С.С. Даиров [Архив Рахимбаевой З.Д. 5, с. 1].

Как председатель ПЦК (Предметно-цикловой комиссии) струнных инструментов колледжа Зинатай Джумагалиевна проводила занятия по таким дисциплинам, как «Специальный инструмент – контрабас», «Методика обучения игры на инструменте», «Педагогическая практика», «Изучение оркестровой партии», «Чтение оркестровых партитур», «Изучение репертуара ДМШ», «Родственные инструменты», «Камерный ансамбль», «Квартет».

В 2012 году по специальности 040402 3-2 струнные инструментыведущим педагогом были написаны рабочие учебные программы: «Специальность» (практическая дисциплина), «Изучение репертуара ДМШ», «Педагогическая практика», «Камерный ансамбль», «Изучение оркестровых партий». Они до сих пор имеют большую практическую значимость и широко используются в различных музыкальных колледжах страны.

З.Д. Рахимбаева – автор 4методических работ, в которых обобщила достижения сольного исполнительства ведущих контрабасистов за последние десятилетия и основные положения современной методики игры на контрабасе. В них содержится большой опыт музыканта-педагога.

1. Работа над художественным произведением в классе контрабасиста (методические указания). / «Музыкальное образование взгляд в будущее». К 60 музыкального училище Мукана Тулебаева. Семей: 2015. – С. 50-55.;
2. Методика обучения игре на контрабасе. Методико-исполнительский анализ концерта Вацлава Пихля. Муз.пособие. -Семей, 2015.–11 с.
3. Вопросы методики обучения игре на контрабасе для музыкальных учебных заведений по курсу педагогической практики. – Семей, 2015.
4. М.И. Фихтенгольц и его интерпретация полифонических произведений И.С. Баха (методические рекомендации). Корректор З.Д. Рахимбаева.

В статье «Работа над художественным произведением в классе контрабаса (методические указания) [Рахимбаева З.Д., 2015, 6, с. 50] З. Рахимбаева справедливо указывает, что принцип составления индивидуальных планов зависит от учета особенностей обучающегося, последовательности и постепенного усложнения художественно-технического развития. Немаловажное значение имеет желание и склонность ученика в выборе программы.

Ею особо отмечается, что в начальном периоде обучения нужно привлечь юного музыканта к раскрытию художественно-музыкального содержания, особенно, в пьесах малой формы. Причем, изучение «песен различных национальностей воспитывает учащегося в духе интернационализма» [Рахимбаева З., 20156, с. 51].

Как опытный педагог З. Рахимбаева считает, что ученик должен пройти инструктивно-технический материал – гаммы, этюды, упражнения для формирования исполнительских навыков. По ее мнению, в работе над Сонатой Марчелло, вначале надо поработать «над штрихом detache в различных вариантах»[Рахимбаева З.Д.6, с. 51]. Образцами для изучения являются этюды Шторха, Симандла, Драгонетти.

Одним из основных показателей качества подготовки специалистов является участие учащихся З.Д. Рахимбаевойна Республиканских конкурсах и фестивалях («Прииртышские напевы», детский конкурс «Юный музыкант» г. Семей), где они занимают призовые места. Среди них – Виктор Петрушенко (выпускник Московской консерватории им. П.И. Чайковского), Канат Уважанов (Заслуженный деятель Республики Казахстан), ЖасуланБейсембеков (Дипломант III степени, Астана, 2017).

В ее классе шла работа над изучением новых произведений композиторов Казахстана: «Романс» Б. Дальденбаева, «Скерцо для скрипки» А. Токсанбаева, «Прогулка в облаках» Л. Жумановой и другие в переложении для контрабаса и фортепиано (например, на концерте в ДМШ № 1, 12-14 марта 2014 года).

На базе музыкальногоколледжа им. М. Тулебаева З.Д. Рахимбаева регулярно проводила мастер-классы на тему «Работа над штриховой техникой в этюдах Шторха» (2012), «Работа над произведением, над идейно-художественной выразительностью» (2015), «Работа над выразительностью этюда Шторх-Грабе» (2016).Читала методические доклады на темы «Воспитание навыков игры в оркестре и в ансамбле контрабасиста» или «Штриховая техника контрабасиста» (2014).

Очень важно отметить, что многие выпускники музыкальных школ г.Семей непосредственно становились студентами колледжа им. М. Тулебаева. При этом, как отмечали ее коллеги,»председатель цикловой комиссии З.Д. Рахимбаева создала творческую атмосферу, вдохновляя преподавателей и студентов своего отделения высшими достижениями в педагогическом мастерстве» [Архив Рахимбаевой З.Д. , с. 2].

З.Д. Рахимбаева награждена медалью «Знак почета» за доблестный труд, нагрудным знаком «Отличник образования РК» (1996).

У истоков основания струнного отделения Восточно-Казахстанского Усть-Каменогорского музыкального училища (ныне КГКП «Восточно-Казахстанское училище искусств имени народных артистов братьев Абдуллиных») стояли такие педагоги, как Л.Ф. Стрелли (скрипка), Е.И. Пославский (контрабас), В.В. Дынник (контрабас).

В.С. Сизиков начинал обучаться игре на контрабасе у преподавателя-виолончелиста А.А. Портного [Струнное отделение, 2012 7 с.].В 1967 году Валерий закончил это учебное заведение по классу контрабаса.



Сизиков Валерий Степанович (25.12.1948) родился в Шемонаихинском районе Восточно-Казахстанской области. В 1970-1974 годах учился в Усть-Каменогорском Педагогическом институте (на музыкальном факультете).

Свою трудовую деятельность Валерий Степанович Сизиков начинает в Восточно-Казахстанском Усть-Каменогорском музыкальном училище как преподаватель по классу контрабаса, сразу же после возвращения из воинской службы. В родных стенах он проработал почти около полувека (1969-2018).

Одно из достоинств В.С. Сизикова как учителя – это способность сразу рассмотреть индивидуальные способности учащегося и понять, как их развить.

В течении пяти лет (1981-1986) он совершенствовал исполнительское мастерство в Алма-Атинской государственной консерватории имени Курмангазы в классе контрабасиста, Заслуженного артиста РК, профессора Каримкула Кожахановича Нарбекова.

Высокую оценку его игре на Государственном аттестационном экзамене дал Председатель комиссии, профессор Московской консерватории имени П.И. Чайковского Евгений Алексеевич Колосов.


ДИПЛОМ

ЛВ № 068390

ДИПЛОМ

ЛВ № 068390

Настоящий диплом выдан Сизикову Валерию Степановичу в том, что он в 1981 году поступил в Алма-Атинскую ордена Трудового Красного Знамени государственную консерваторию имени Курмангазы и в 1986 году окончил полный курс музыкальной академии по специальности контрабас

Решением Государственной экзаменационной комиссии от "12" мая 1986 г. Сизикову В.С. присвоена квалификация преподаватель, солист оркестра

Председатель Государственной экзаменационной комиссии Колосов

Ректор Зубилов

Секретарь

М. П. Город Алма-Ата май 1986 г.

Регистрационный № 4056

Московская типография Госкомиздата. 1985.

В 1980-х годахон работал в филармонии Восточно-Казахстанской области (по совместительству): артистом симфонического и камерного оркестра; ансамбле «Русские сувениры», оркестре казахских народных инструментов. В течении десяти лет (1980-1990) он успешно музицировал в джазовой группе «Диксиленд».

В 2013 году В.С. Сизикова приглашают в филармонию, в качестве артиста симфонического оркестра Акима области, где работает по настоящее время.

В 2010 году им написана методическая работа «Некоторые рекомендации в период начального обучения игре на контрабасе на основе современной методики», которая используется в учебном процессе колледжа.

В.С. Сизиков имеет многочисленные грамоты и благодарности за высокое профессиональное мастерство:

– Грамота за плодотворную педагогическую работу в воспитании музыканта и отличную подготовку ученика Райс Д.В. на 18 Республиканском конкурсе молодых исполнителей (МО РК, 1997);

– Благодарность за большой вклад в дело подготовки и воспитания будущих специалистов (Департамент образования ВКО, 2005);

– Диплом за участие ученика Солмаханова Рустама на 26 Республиканском конкурсе молодых исполнителей (МОН РК, 2005);

– Грамота в честь 50-летия филармонии (за активное участие и работу в коллективах симфоническом, камерном и казахском оркестрах (Областное управление культуры, 2008);

– Грамота за первое место в 32 Республиканском конкурсе за ученика О. Домашев (КазНУИ, 2011);

– Грамота в честь 10-летия оркестра Акима области (Департамент культуры ВКО, 2012);

В.С. Сизиков работал в составе жюри Республиканского конкурса молодых исполнителей в Астане (2011).

За полувековую педагогическую деятельность он выпустил лауреатов и дипломантов Республиканского конкурса. Это – Б. Шакаев,Р. Солмаханов, О. Домашев, С. Зиновьев.Его ученики сегодня работают в составе различных музыкальных коллективов страны.

Заключение

На рубеже XX -XXI века связь школ (московско-алматинская ветвь) воплотилась в исполнительской и педагогической деятельности Зинатай Джумагалиевны Рахимбаевой и Валерия Степановича

Сизикова. Практика показала, что они, в том числе, первая женщина-контрабасистка, внесли свою лепту в развитие струнно-смычкового искусства Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Капеу-Коханова М.Б. Балым Сералиевна Кожамкулова (к 80-летию со дня рождения). -Наука и жизнь Казахстана.-№ 3 (58), 2018. – С. 120-123

2. Сатыбалдинов А.С. Вклад Московской консерватории в развитие контрабасовой школы Казахстана. – Наука и жизнь Казахстана.-№ 7 (71), 2018. – С. 232-236

3. Архив З.Д. Рахимбаевой. Отзыв преподавателей ДМШ № 1 о деятельности струнного отделения музыкального колледжа им. М. Тулебаева г. Семей. – 3 с.

4. Архив З.Д. Рахимбаевой. Характеристика на преподавателя музыкального училища имени Мукана Тулебаева ПЦК «струнные инструменты» Рахимбаевой З.Д.– 2 с.

5. Архив З.Д. Рахимбаевой. Характеристика на студента 2 курса кафедры АВАК (альт, виолончель, арфа, контрабас) Казахской национальной академии музыки Петрушенко Виктора Алексеевича. – 2 с.

6. Рахимбаева З.Д. Работа над художественным произведением в классе контрабаса (методические указания) / Материалы научно-практической конференции «Музыкальное образование – взгляд в будущее». К 60-летию музыкального училища им. Мукана Тулебаева. –Семей, 2015. – С. 50-55

7. Струнное отделение Восточно-Казахстанского Усть-Каменогорского училища. – Усть– Каменогорск, 2012. – С. 3

УДК 7.072.3

НӘСІПҚАН МЫРЗАБЕК
магистрант
Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

САЛХАНОВА ЖАНАТ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ

Түйін. *Мақалада қазақ анимациясының шығу тарихы мен дамуына талдау жасалады. Отандық анимацияның даму барысы мен тоқырау тұстары көрсетіледі. Қазақ анимациясы қандай жолдар арқылы басқалардан оза алатындығына талдау жасалады. Аниматорларға қысқаша ұсыныстар айтылады. Қазақ анимациясы жөнінде жазылған мақалалар арқылы ой толықтырылып дәлелденеді. Бұл зерттеу жұмысындағы әдістер салыстармалы тұрғыда талдаулар жасалынады. Шетел және отандық анимациясының балаларға берер әсері қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *өнер, тарих, сурет, балалар, мультфильм, болашақ.*

Резюме. *В статье анализируется история возникновения и развития казахской анимации. Исследуется процесс развития отечественной анимации и критические ситуации. Анализируются прогнозы, по каким путям казахская анимация может опередить других, предлагаются краткие рекомендации аниматорам. Выводы автора статьи подтверждается и дополняется с использованием статей по проблемам казахской анимации. В качестве основных методов в этой исследовательской работе используется сравнительный анализ. Изучается влияние зарубежной и отечественной анимации на детей.*

Ключевые слова: *искусство, история, рисунок, дети, мультфильм, будущее.*

Summary. *The article analyzes the history of the emergence and development of Kazakh animation. The process of development of domestic animation and critical situations is investigated. Predictions are analyzed on which ways Kazakh animation can get ahead of others, brief recommendations are offered to animators. The conclusions of the author of the article are confirmed and supplemented using articles on the problems of Kazakh animation. As the main methods in this research work, comparative analysis is used. The influence of foreign and domestic animation on children is studied.*

Keywords: *art, history, drawing, children, cartoon, future.*

Кіріспе

Бір мезетотарда толған, қазақстандай алып елдің болашағы балалардың ертеңі бұғауда болмауы үшін, біз бүгіннен бастап оларға көңіл бөлуіміз керек. 1967 жылы Әмен Қайдар мультфильм жасау ойын айтқанда, сол кездегі «Қазақфильм» киностудиясының басшысы Камал Смайылов қолдаған екен. Сол замандағы тәртіп бойынша, есеп беру мақсатында мультфильмді Мәскеуге жібереді. Алайда Мәскеудегі «Қазақфильм» киностудиясының басшысы Цигеди шағын топтың үлкен жұмысына сенбей қарсылық білдірген. Бірақ Кәмал Смайлов батылдық танытып пікір айтқаннан кейін, Мәскеуден арнаулы мамандар келіп тексеріп барып ақыры жұмыс сәтімен біткен.

Тәуелсіз Қазақстанның өз билігі өзінде тұрғанда, аңыз ертегілерге бай қазақ халқының балалары өз тіліндегі, дәстүріндегі мультфильмдерге жұтаңдауына жол жоқ. Жоғарыда айтылған оқиғаларғада жарты ғасыр уақыт өтіпті. Мультфильмдері жоқ балалардың болашағы бұлыңғыр екені осы мақалада талданып сарапқа салынады.

Әдістер. Бұл зерттеу жұмысындағы әдістер салыстармалы тұрғыда талдаулар жасалынады. Қазақ анимациясы жөнінде жазылған мақалалар арқылы ой толықтырылып дәлелденеді.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ анимациясының пайда болуына тоқталсақ. Адамзат өресі артқан сайын өнердің құндылықтары мен мәні де арта түспек. Бірақ өткен ғасырлардан қалған, жартас бетіндегі таңбалар мен археологиялық қазбалар таңдай қақтырып, бүгінгі ғалымдар мен өнер адамдарының таңданысын тудыруда. Соларға қарап адамзат өркениеті мен өнері қай кезде де, адам жанымен үндесіп, өз орнын жоғалтпағанын аңғарамыз. Сол көнеден келе жатқаған жәдігерлердің көбі біздерге сурет болып сөйлейді. Сол сырлы суреттер бізге сан ғасырлық тарихты жырлайды. Бүгінгі күндері ол суреттерге жан бітіп, адамзат әлеміне Мултфильм деген атпен тыңнан түрен салды. Сол өнер балалардың болашағына тікелей байланысты болғанынан-ақ өз орнының әлде қайда биікте екенін білдіріп тұр.

Жалпы, сөзді түйіндеп келгенде мульт топтамалардың атасы сурет екені даусыз. Қазақ өнеріне кенжелеп келген сурет өнері Шоқан Уалиханов, Әбілхан Қастейевтерден бастау алады. Ал қазақта сол өнерге жан бітіріп қозғалысқа түсірген мультипликациялық өнер туындысының атасы Әмен Қайдар еді.

1967 жылы Әмен Қайдаровтың салған суреті бойынша, халық ертегісі негізінде тұңғыш түрлі-түсті «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты мультипликациялық фильм жасалды. Филімде қазақы болымыспен қатар қазақтың домбырасының үні әдемі үндескен. Бұл туындының тұсауы кесілген сәттен бастап 48 елде көрсетілімі болып, өнер саласында дүмпу тудырды. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында өткен Бүкілодақтық кинофестивальнда (1968), 1975 жылы халқаралық Нью-Йорк мультфильмдер фестивальнде «Қола Праксиноскоп» жүлдесін жеңіп алды. Бұл ахпараттарға сүйенсек көп еңбекті қажет ететін бұл өнер бізге үлкен табыспен келгені анық. Жарты ғасыр уақыт ішінде біз бұл салада қандай жетістіктерге жеткенімізге шолу жасап көрейік.

Бір мезет қазақ анимациясы тоқырау күйінде болғаны анық. Ол туралы мерзімді баспа беттерінде жиы жазылды. Осы проблема жөнінде «Айқын» газетінде қазақ анимациясының атасы Әмен Қайдардың Сейсен Әмірбекұлына берген сұхбатында «Не қазақ кинотеатыры жоқ, не көгілдір экранда балаларға арналған жібі түзу өнім жоқ. Аяқсыз қалған әңгіме бұл. Шынын айтқанда қазір менің ешқандай үмітім де, сенімім де қалған жоқ. Өзім де отандық мультфильм өндірісі туралы айта-айта қартайдым» деп өзі жол салған осы өнердің қазіргі хал жайына ащы сын айтады [Аспандиярқызы: 2012, 3 б].

Осы «Қазақ анимациясына қамқорлық қажет» деген мақалада Сейсен Әмірбекұлы да толғақты ой айтып «Жаһандану дүмпуінен келіп жатқан батыстың анимацияларындағы тасбауырлық, қатігездік, не болмаса алаяқтық нені де болса тез қабылдайтын жас ұрпаққа қажет пе? Егер де баламыз мейірімді, бауырмал, жанашыр, отансүйгіш һәм батыл да епті болып өссін десек, өзімізде бабадан атаға, атадан балаға мұра болып келе жатқан көл-көсір фольклорымыз тұр емес пе? Тәрбиелік маңызы зор, қаншама ертегі, аңыз әңгімелеріміз бар? Соларды кәдеге асыратын кез келген жоқ па?» дейді. Осындай мақалалар арт-артынан жарық көріп көп көңілінде бір алаңдаушылық туған сәттен бастап қазақ анимациясына жан бітті [Дүйсенбайқызы: 2013, 3 б].

Қазақ анимациясының дамуына тоқталсақ. «Сақ-жебе» киностудиясы түсірген, «Қошқар мен теке» мультфильмы қазақстанға тың серпін әкелгендей болды. Қысқа метірлі бұл фильм айтар ойымен де, қимыл қозғалысымен де көпті өзіне тартты. «Қазақ анимациясы қайдасың?» деп жар салған газет беттері енді мақтанышпен «қошқар мен теке» туралы жаза бастады. «Ана тілі» газеті 2013 жылы, 3 сәуірде шыққан санында «Науырыз мерекесі қарсаңында Ш.Айманов атындағы «Қазақфилфльм» АҚ балаларға үлкен сый жасады. «Ертөстік» ертегісінің желісі бойынша қазақ мультипликациясы тарихтағы тұңғыш ұлттық толықметыражды «Ертөстік және Айдаһар» атты анимациялық фильм көрерменге жол тартты. Енді кішкентай бүлдіршіндер қазақтың ертегі кейіпкерлерін 3D форматы арқылы тамашалай алады.» деп қуанышпен жар салған еді. Бұл филімнің режиссерлері Жәкен Дәненов және Рустам Тұралиев болатын. Міне осы арқылы қысқа метражды қазақ анимациясы кемеліне келгендей болды [Аймағанбет: 2018, 6 б].

Осыдан бастап «Сақ» киностудиясы 2016 жылы Батырхан Дәуренбековтың 76 минуттық «қазақ елі» толық метражды филымы, 2018 жылы Адай Әбілданың 60 минуттық «Күлтегін» фильмы, 2018 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында, Тұрдыбек Майданұлы мен Тілек Төлеуғазыұлының тарихи тақырыптағы 67 минуттық «Мұзбалақ» толық метражды анимациялық фильмін жасалды. Қазақ анимациясының жалпы даму кезеңдеріне қарап отырсақ, бір мезеттік тоқырау болғанымен мүлде ізсіз қалған емес. Сол жолда тер төккен Әмен қайдар сяқты аға буын өкілдер осы саланы дамыту үшін үздіксіз шәкірттер тәрбиеледі. Сол үміт ұшқыны түгінгі күні лаулаған жастарға, анимацияның жоқшыларына айналды.

2018 жылы шілде айында жарыққа шыққан «Мұзбалақ» филімі тұсауы кесілген сәттен бастап халқтың назарын өзіне тартты. Еліміздің 9 үлкен қалаларындағы кинотеатрларда халыққа ұсынылды. Сонымен бірге еліміздің Үздік анимациялық фильмі «Құлагер-2018» сыйлығын алды. Режиссер Тұрдыбек Майдан «Астана фильм академиясы» ұйымдастырған «Мемлекет мақтанышы-2018» байқауында Үздік режиссер наминациясы бойынша марапатталды. Осыдан кейін халқаралық көптеген кинофестивальдарға қатысып, жүлдеге ие болды. Жақында Францияда өткен әлемдік «Annecy» анимациялық фестивалінің кинонарығына қатысуға мүмкіндік алып, қазақ анимациясының тарихында бұрын-соңды бомаған жаңалық алып келді . Сонымен бірге осы жылы Ресейдің Ярославль қаласында өткен «Отбасымен бірге» атты фестивальге қатысып, «Қазылар алқасының арнайы жүлдесімен»

марапатталды.Үстіміздегі жылы қазанның 7-і мен 13-і аралығында Германияның Хемниц қаласында өткен 24-ші Халықаралық балалар мен жасөспірімдерге арналған Schlingel кинофестивалінде Германияның анимациялық фильмдер институты (DIAF) тағайындаған «Үздік анимациялық фильм» жүлдесімен марапатталды. Желтоқсанның 2-5 ы күндері Израильде өткен халықаралық «Near Nazareth festival» атты фестивальде тағы «Үздік анимациялық фильм» жүлдесімен марапатталды. Қазірге дейінгі мультфилімдердің арасында «Мұзбалақ» филімінің бірден осы атақтарға ие болуының сыры неде?

«Мұзбалақ» филіміне талдау жасау. Қазірге дейін айтылып жүрген сынный пікірлерде, біз кез келген сәтте өнер саласында тек өз құндылықтарымыз арқылы ғана басқалардан оза алатынымыз айтылады. Ендеше бұл филімнің артқшылығы қайсы. Белгілі фольклоршы, этнограф Болат Бопайұл 2018 жылы 20қазанда қамшы сайтына жазған мақаласында «Мұзбалақ» қазақстан тарихындағы «қарылғаштың құйрығы неге айыр?» анимациялық филімінен кейінгі жарыққа шыққан тарихи, ғылыми, көркемөнер туындысы. «Мұзбалақ» – ертегілік, аңыздық сана; Дінни сана; ғылыми сана сынды тарихтан бүгінге дейін қалыптасқан бес қат сананы филімнің басталуынан соңғы нүктесіне дейінгі оқиға желісіне сіңірген. Бейнелік, фантастикалық, логикалық, психологиялық, метафизикалық секілді осы бес түрлі ойлау тәсілін филімдегі үлкенді– кіші, жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің жан дүниесіндегі ашық және жасырын жатқан ой құпияларына сіңіріп, көрерменнің көз алдына кейіпкер харектірін терең аша білген.» деп ой түйеді.

Айтар ойымызға арқау болған, қыран тағдырына ден қойған жігіттер, жан-жақтылы шабыстыра ой қозғаған. Сценарийн жазғандар Ербол Бораншыұлы, Тұрдыбек Майданұлы, Тілек Төлеуғазыұлы, Адай Құнанбайұлы Әбілдинов, режиссерлері Тұрдыбек Майданұлы, Тілек Төлеуғазыұлы, өздерінің барып отырған тақырыбының салмағын жете түсінгені, «мұз балақ» анимациялы толық метрлы филімінен көрініп тұр. Қалай айтсақта кәсібилік деңгей, дыраматургиялық тартыс жүйелі де нанымды. Қазақ болымысын қалпын бұзбай көрсетіп бергені көңілді қуантады.

Филім нақтылы бір уақыт кезеңіне бағынбайды. Құс серісін алғаш қолға қодырған кезді, ешкім де дәп басып айта алмасы анық. Бұндай кезеңдер, көп филімдерде, жалаңаш тәндерін жапырақпен жасырған, болмаса, аң терілерін жамылшы еткен бір көріністермен көрсетілетін еді. Ал, мұзбалақта бәрі де басқаша, қазақы тірлік, ширақы көрініс. Нанымды оқиғалар. Бұл қазақ өркениетін балалар назарына да табысты сіңірері хақ.

Оқиға басталысымен өзіне баурап ала жөнеледі. «Енді қайтер екен?»– деп бірге тақым қысасыз. Су ағызған қызыл қан, үйқыдағы айдаһарды оятты. Қазірге дейінгі әлем киноларының ішінде, тура осындай адам қанымен тірілетін құбыжықтар, мүсіндер көптеп кездеседі. Бірақ біз білетін ондай фантазиялық филымдердің көбінде, қанмен оянған құбыжық көбінде сол жердегі жаман ниетті адамдар мен ғана жауласатын болса, ал, «мұзбалақтағы» айдаһар бүкіл адамзаттың жауы ретінде алынған. Ол обал сауапқа, жақсы мен жаманға айырмайды. Оның көзін жоғалту адам баласының еншісіне жазылмағаны, бақсы аузынан беріледі. Міне шығарға жол, сұрарға көмек жоқ. Кім құтқарады.

Екінші бір ұрымтал тұс, ауылға шапқан аждаһадан, ел есін жия алмай бас сауғалап қашқанда, ел басқарған батырлар аждаһаға қарсы шапты. Бірақ, іштегі ала жылан оянып арам пиғыл асыл ойды шаң қаптырды. Аждаһаны ноқталаған соңғы жіп үзілді. Елдің үміті, ердің тынысы адыра қалды. Адамдар кейде өзінің қара басының қамы үшін, қара орман халқын сататын пасықтығыда айқын көрініс берді. бұл қазақ тарихында талай белең берген көрініс еді ғой. Осындай сәттерде қашанда алып құлап, асыл сынып жатады. Тура осындай ақбоз атқа мініп, жанын шүперекке түйіп, айдаһарға жұтылған кім еді. Қаба сақал, халқының бағына туған Оспандай ер ақбоз атымен қоса, көз алдымызға сымдай тартылады. Оның да аяғына тұсау, қолына байлау болғандар бөтен адамдар емес еді. Қандай үйлесім тапқан сәйкестік. Қазақ тарихында асыл арманына жете алмай жол ортада көз жұмған ақ боз атты, аппақ арманды батырларымыз толып жатыр.

Жалпы Тұрдыбектің «аққазындада», Тілек екеуі бірлесіп жасаған»Тас түлегінде де» айдаһар кезігіп отырады. Осы бір ел жадынан өшіп елесіде қалмаған, аңыздарда ғана айтылып жүрген құбыжықты әркім өзінше көрсетті. Әр ұлыт өзінше түсінеді. Ал бұл жігіттер айдаһарды бура санды етіп барынша қазақ жанына жақындатқан. Олда, бұлардың ұлт тағдырына үңілгенінен шығар. Әрі шындыққа да жанасымды. Аңыздарда айтылатын айдаһар, жер бетін құртуға таяғанда, аллатағала жалбарынған барлық жан иесінің тілегін қабыл етіп, оған мұз тауға шығуға бұйрық берген. Сонда ол үш түнеп мұз тауға жетеді. Бірінші түнегенде иен үйге қонып сусы қалыпты, екінші түнеген жеріне ертесі түйе

жайылып, түсіп қалған бір тал түгін бура жеп қойып айбары бурада қалпты. Осылайша үш түнеген аждаһа үш жерге айбатын қалдырған екен де, өзі мұз тауға шығып мұз болып қатып қалған. Енді осы құрсаудан, ақыр заманда шығады-мыс. Ақпандағы аязда, аузынан ақ көбігі бұрқырап шабынған бура, қандай сесті болса, айдаһардың бір мысалыда сол шығар. Осыларға қарасақ бұл жігіттер қазақ аңыздарын сараптап, жарқыратып халқына тамаша туынды етіп ұсынып отыр. Бейне Мұқағалидың «күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын.»дегеніндей.

Үшінші, бүркіттің баласын шыңдауында кісіні тамсандырады. Ааппқ ана бүркіт, баласының тілеуін тілеп, жөн көрсетіп отыратын ақ кимешекті аналардай. қимылдары жанды, ширақы. Қазбауыр бұлттардың үстінде, қасқайған шыңның басында шеңгелімен тас үгітіп, жебедей атылады. Филымның тілдік тазалығыда керемет. «Ит жастанғанның ұқысы қанбайды» дегенді, Ақтайдың аузымен Шгірге «Сені жастанған елдің ұқысы қайдан оңсын!» деп береді. Осындай ұтымды сөздерді көп қолданған.

Жынмен тілдесіп, ғайыпты айтар бақсының үрейлі сөзі елдің есін жидырып, құтқарушы іздейді. Күндер өтіп белгі таяқтың белі жазылған сайын, елмен бірге абржисыз. Мың бір машақатта қолға түскен қыран оңайға көнбейді. Тізеге салып көндірем деген шегірдің әмірі, аспан еркесіне жүрмей, елдің еңсесі түседі. Бірақ, жүректегі мейірім бәрінде жеңе білді. Киіз үйдің маңдайшасында керіле жатқан аю терісіне қарап, сахара қалқының еңсесін езген бір күш жатқандай. Сол теріні жұлып алған Ақтайдың қолындағы өткір кездік, теріні сара тілгенде түскен күн шуағы жаныңды жадыратады. Қастықпен достық, үрей мен үміт алмасып барып ақыры ел тілегіне жетті. Әр кадырдегі бояу арқылы да талай нәрсе аңғартады. Шегірмен бірге суық түстер ілесе жүр. Ол, шегірдің жан дүниесі іспетті. Халықтың тілегі ақталып, айдаһар жер құшып, қыран мен Ақтай мұратына жеткенде көңілдегі гүл, көктем болып оралды.

Осы филім бізге быраз нәрсе ұқтырды. Толық метражды «Ертөстік және айдаһар» филымымен салыстырсақ. Екеуіде аңызға құрылған. Бірақ Ертөстікте халық күткен ертегі бұрмаланып, басқаша кейіпкерлер пайда болған. Кейде грек аңыздарындағы кейіпкерлердің салқыны тигендей сезіледі. Осындай халық жадына жат оқиғалар филімнің көркемдігіне тигізер әсері көп болып, режиссер мақсатына жете алмай жатады. Сондықтан, Әмен Қайдар салған сара жолдан таймай, халықтың өзіндегі құнды қазыналарын, балалар назарын тура Мұзбалақтағыдай әдемілеп ұсынсақ қазақ анимациясының болашағы алда дейміз.

Қорытынды

Мақаланы қортындылай келе, мынадай түйінге тоқталамыз. Қазақ анимациясы дамуына бірнеше фактор әсер едеді. Ең бірінші мемілекеттің қолдауы. Қаржылық көмек. Екінші таза кәсіби маман иесі. Үшінші ұлттық құндылықтар. Ұлттық құндылықтарға мән берген филім қашанды өз орнын жоғалтпай мәртебесі артатыны даусыз шындық.

Шетел филімдері қаптап баланың назарын уласа ол балада ертеңгі күнге, қазақ болашағына деген үміт оты әлсірей береді. Өз танымымен тәрбиеленбеген бала қашанда өз ортасын өгейсіп тұратыны ақиқат. Ыол үшін кез келген уақытта қазақстанның абыройын асырамыз, болашағын нұрландырамыз деген ой болса, сол отанның болашағы балалардың ертеңіне көңіл бөлуіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аспандиярқызы Г. Қазақ анимциясы қайдасың? – Қазақ үні. – 06.03. 2012 ж., 3 б.
2. Дүйсенбайқызы А. Мультфильмдердің бала тәрбиесіне әсері қандай? – Ана тілі. – 28.03. 2013 ж., 4 б.
3. Аймағанбет Г. Ұлттық анимцияның бүгіні мен болашағы. – Алматы ақшамы. –18. 05. 2018 ж., 6 б.

НӨГЕРБЕК БАУБЕК БАУЫРЖАНҰЛЫ
PhD доктор, доцент
«Кино тарихы мен теориясы» кафедрасы
Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА

САЛМОРБЕК ҚЫЗЫ БЕГИМАЙ
2 курс магистранты
Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІН ҚҰРУДАҒЫ ЖАҢА МОДЕЛЬ (2000-2009)

Түйін. *Бұл мақалада авторлар 2000 жылдардағы экранға шыққан қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі тарихи тұлғалар бейнелерінің трансформациялану үрдісі аясында зерттеу жүргізеді. Аталған уақыт аралығында тарихи тұлғаларды экранда бейнелеуде холливудтық моделінің қазақ көркемсуретті киносына ықпалы «Көшпенділер» (2005), «Мұстафа Шоқай» (2008) фильмдерінің мысалында кинотанушылық талдау тәсілін қолдану арқасында сарапталды.*

Түйінді сөздер: *қазақ көркемсуретті киносы, кинодағы тарихи жанр, кейіпкер, холливуд моделі.*

Резюме. *В данной статье авторы проводят исследование о процессе трансформации образов исторических личностей в казахских игровых фильмах 2000-х годов. Влияние голливудской модели на экранное отображение исторических личностей в казахском игровом кино за этот период времени было выявлено посредством метода киноведческого анализа на примере фильмов «Кочевник» (2005), «Мустафа Шокай» (2008).*

Ключевые слова: *казахское игровое кино, исторический жанр в кино, герой, голливудская модель.*

Summary. *In this article, the authors conduct research on the process of transformation of images of historical figures in Kazakh feature films of the 2000s. The influence of the Hollywood model on the screen representation of historical figures in the Kazakh feature film over this period of time was revealed by the method of cinema studies analysis on the example of the films «Nomad» (2005), «Mustafa Shokai» (2008).*

Keywords: *Kazakh cinema, historical genre in cinema, hero, Hollywood model.*

Кіріспе

Елдің өркениеті мен мәдениеті ең алдыменен сол елдің өнерімен өлшенетіні белгілі. Қазақстан егемендігін алып, өзінің көк туын желбіреткеннен бері ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміз де жаңа бір қарқынмен қарыштай дамып, өркендеп келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» дей келіп, «Қазақстан мәдениетінің дамуына жаңа импульстар беру керек екендігін» атап көрсеткен [Н.Ә.Назарбаев, жолдауы 2014],– деуінің мәні зор. Дәл осы пікірдің ұлттық кино өнеріне де қатысы бар екені сөзсіз. Өткен ғасырдың алғашқы жартысынан басталған ұлттық кино өнерінің тарихынан түрлі жанрға, түрлі тақырыптарға арналған, адамзаттың сан алуан тағдырын суреттеген көркем фильмдер түсіріліп келеді. Ғасырға жуық уақыттың ішінде өзінің негізгі бағытын қалыптастырып, түрлі режиссерлік ізденістерді паш еткен қазақ кино өнерінің шығармашылық даму жолында тарихи тақырыпқа түсірілген фильмдердің алар орны айрықша.

Мәдениет пен өнер – кез-келген халықтың ұлттық идеологиялары мен ұстанымдарын қалыптастырудың мықты құралы болып отыр. Ендеше мәдениет пен өнердің әлемдік өркениетте алатын орны мен атқаратын ролі, перспективалық даму платформаларының барлығы да бүгінгі өнер туындыларымен тығыз байланысты. Соның ішінде киноөнерінің атқарар ролі зор. Себебі, ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтарды киноөнері арқылы насихаттаудың орны ерекше.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алған соң, тарихқа деген жаңаша, тоталитарлық идеологиядан тыс көзбен қарау мүмкіндігі туды. Бұл үрдіс кино өнерінде де өз орнын тапты. Егемен еліміздің қоғамдық өмірінде болып жатқан елеулі жаңалықтар өнерге де өз ықпалын тигізіп отыр. Әсіресе, кино өнерінің бет алысы, өркендеу барысы көпшіліктің назарын өзіне аударып келеді.

2000-шы жылдары тарихи тұлғалардың экрандық бейнелері айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Өткен дәуірдің көрнекті қайраткерлері көпшілік көрерменнің талабына сай бейнелене бастады: олардың

жеке өміріне, махаббатына немесе жанр талабына сай экран кейіпкерлердің дүниеге келудегі тылсым дүниелерге (мысалға «Көшпенділер» (2005) фильміндегі Абылай хан) ерекше көңіл бөлінді.

Барынша жарнамаланған «Көшпенділер» (режиссерлері: И.Пассер, С.Бодров, Т.Теменов, 2005) Қазақстанның АҚШ-пен бірлескен мегажобасының басты кейіпкері Абылай хан. Ол шынайы өмірде болған, атақты тарихи тұлға. XVIII-ші ғасырдың екінші жартысында қазақ халқына жойылу қауіпі төнген саяси дағдарыс сәтінде маңызды рөл атқарып, ел іргесін аман сақтап қалған. Абылай хан қазақ халқының басын біріктіріп, Қалдан Серен бастаған жоңғар басқыншыларына тойтарыс берді. Айбынды Абылай ханның басшылығымен қазақтар жоңғарларға қарсы тұрып қана қоймай, оларды Қытай шекарасына дейін ығыстырып тастады. Кейін жоңғар халқын Цин-Маньчжур империясы тарих сахнасынан жойып жіберді.

Атақты ханның кинематографиялық бейнесі холлиудтық блокбастерлердің сұлбасымен жасалды, анығын айтқанда солардан көшіріліп алынды. Ал холлиудтық блокбастерлер негізінен фольклорлық-эпикалық аңыз, әпсана, ертегілерге сүйене отырып жасалады. Ондай кейіпкерге бірнеше нақты қасиеттер тән. Бұл қағидаға сай, кейіпкер жалғыз, жетім, оның өмір жолында көптеген сынақтар кездеседі, бірақ өзінің ерік-жігерінің арқасында барлық қиындықтарға төтеп береді, ең бастысы, міндетті түрде сүйіктісі болады және фильм соңында екеуі қалай болғанда да қосылады. «Көшпенділер» кинокартинасында бала Әбілмансұр (неге екені белгісіз фильмде оның есімін қысқартып, Мансұр деп қана атайды) жоңғардың кезекті шабуылынан соң жетім қалады. Кейін ол Ораздың (Төле бидің прототипі) қолында тәрбиеленеді. Тұтқынға түседі. Оны тұтқыннан сүйіктісі Гауһар құтқарады. Ол кезде бойжеткен өзі де жоңғарлардың тұтқынында отырған еді. Нәзік жанды арудың бас кейіпкерді құтқаруы, оның ақылы мен айласын көрсету, ер адамнан жоғары ету – холлиудтық экшн-блокбастерлердің басты қағидасы, ерекшелігі болып табылады. Фильм соңында Абылай хан елді біріктіріп, жоңғарлармен шайқасып, жеңіске жетеді. Бас кейіпкер халқын аман алып қалып, діттеген мұратына жетеді (хэппи-энд). Байқағанымыздай сюжет ерекше.

Өкінішке орай, барынша жарнамаланған, ауқымды қаржы жұмсалған «Көшпенділер» мега-жобасы ұлттық, халықтық, кассалық өзін-өзі ақтаған фильм бола алмады. Бұған Абылай ханның экрандағы бейнесі бірден-бір әсер етті. Аңызға айналған қазақ ханын сомдауға АҚШ-тан есімі көрермен қауымға беймәлім Куно Беккер есімді актер шақырылды. Актердың сыртқы физиогномиясы мен антропологиялық сұлбасы Абылай ханға маңайламады да. Оны ұлттық аудитория мүлдем қабылдамады. Холлиудттық ертегі фильм, аңыз фильм моделіне сәйкестендірілген бас кейіпкер бейнесі көрермен көңілінен шықпады.

2000-2009 жылдары түсірілген қазақ фильмдерінің ішінде С.Нарымбетовтың «Мұстафа Шоқай» (2008) кинокартинасын үлкен жобалардың бірі деуге болады. Бас кейіпкер – өмірде болған адам. Фильм Түркістанның ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, саясаткер, Түркістан автономиясының премьер-министрі Мұстафа Шоқайдың өмірі жайлы. Түркі тілдес халықтардың басын қосып Түркістан (Түркі халықтарының елі) мемлекетін құру туралы идеяны алғаш ұсынған жан. Мұстафа Шоқаймен Кеңес үкіметі де, Гитлерлік Германия да күресті. Ол жиырма жыл бойына Ыстанбұлда, Парижде, кейін Берлинде саяси эмиграцияда жүрді. Эмиграцияда шағатай тілінде «Яш Түркістан» атты саяси-қоғамдық журнал шығарды. Сол кезде түркі тілдес халықтар үшін шағатай тілі ортақ тіл болатын. Гитлерліктер Мұстафа Шоқайға Түркістан легионын басқаруды ұсынды. Бірақ, Мұстафа одан бас тартты. Әскери тұтқындағылардың аянышты халін көріп, ол фашистерге қарсы хат жазады. 1941 жылдың қараша айында жазған хатында: «XX-шы ғасырда сендердің қатыгездіктерің XIII-ші ғасырда өмір сүрген Шыңғыс ханның қатыгездігінен де асып түсті» деген [Садыкова Б.,2004,166 б]. 1941-ші жылдың қараша айының 27-ші жұлдызында Мұстафа Шоқай «Виктория» ауруханасында қайтыс болады. Ресми мәліметтерде сүзек ауруынан қайтты делінген. Бірақ, Мұстафаны фашистер у беріп өлтірді деген де жорамал бар. Себебі, ол олардың жолын кесті. Кеңестік уақытта Мұстафаның атын атау қауіпті еді. Оны Гитлерге қызмет еткен фашист-легионер деп есептеді. Бірақ, ақыры әділет орнады. Еліміздің тәуелсіздік таңы атқан күні Мұстафаның есімі ақталды. Мұстафа Шоқайдың өмірі туралы елімізде де, шет елде де көптеген кітаптар, монография, эсселер мен деректі фильмдер жарық көрді. Бірақ, Мұстафа туралы кино болмады. Ол туралы фильмді танымал қазақ кинорежиссері Сатыбалды Нарымбетов бірінші болып түсірді. Сөйтіп, әлемдік кино тарихында, бір кездері «халық жауы» атанған Мұстафа Шоқай жайлы көркемсуретті фильм жарыққа шықты.

Фильмде Мұстафа бейнесін (рөлді қырғыз актері Азиз Бейшеналиев сомдаған) тәуелсіздік үшін күрескен ұлы тұлға ретінде емес, саясат құрбаны болған қарапайым адам ретінде ғана көрсетілген.

Өнертану докторы, профессор, белгілі ресейлік кинотанушы Кирилл Разлогов өзінің «Әлем киносы. Экран өнері тарихы» кітабында «Мұстафа Шоқай» (2008) фильміне қатысты келесідей пікір білдірген: «1930-шы жылдардағы тарихи-революциялық кеңес киносының айнымас дәстүрімен түсірілген (айырмашылығы – большевиктердің қаһарман, әрі ақылгөй саясаткерлерден қанішер жауыз кейпіне айналып кетуінде ғана)» [Разлогов К.Э., 2011, 528 б]. Мұндай пайымдаумен келісе кетуге болмайды. Себебі, Сатыбалды Нарымбетовтың Мұстафасы отызыншы жылдары түсірілген тарихи-революциялық кинолардағы кейіпкерлерге мүлдем келмейді. Ол «Чапаев» (1934), «Амангелді» (1938), «Щорс» (1939) фильмдеріндегідей қылышын сермеп, қарсы келген жауға қасқайып қарап тұратын ер жүрек, тәуекелшіл емес. Керісінше көп ойланатын, күдіктеніп, сезіктеніп жүретін көзсіз ерлікке әсте қадам баспайтын, «қаһарман емес» кейіпкер. Мұстафа Шоқайдың кинодағы бейнесі Мәжит Бегалиннің «Оның уақыты келеді» (1957) фильміндегі Шоқан Уәлихановтың бейнесіне жақын. Олардың екеуі де халық мүддесін қорғаған, аса зиялы, біртуар азаматтар. Бірақ «Мұстафа Шоқай» фильмінің авторлары кейіпкердің жеке өміріне көбірек назар аударған. Қазан төңкерісі, Азаматтық соғыс пен Екінші дүниежүзілік соғысын өткерген Мұстафа мен Марияның (бұл рөлді әнші Карина Абдуллина сомдаған) махаббаты көрсетілген. Фильм Марияның естеліктерінен құрылған. Бұл холлиудтық фильмдердің классикалық әдістерінің бірі (мысалы, «Титаник» (1997) фильмі соның айқын дәлелі) саналады. Бейнелеудегі деректі нақтылықтан алшақтау, өткен дәуірдің тұрмысын қалыптастырудағы шарттылық, сән журналы бетінен көшіріп алынғандай заманауи актерлердің түр-келбетінің өткен ғасырда өмір сүрген кейіпкерлерімен ұштаспауы қазақ кинокөермендеріне көбінеки жақпады. Бірінші кезекте фильм кейіпкерлердің физиогномикасы бойынша көрерменді сендіре алмады. Себебі, Азиз Бейшеналиев пен Карина Абдуллинаның түр-келбеті қанша грим жасаса да, Мұстафа мен Марияға мүлдем ұқсамайды, әсіресе экрандағы Марияның бейнесі өмірдегісінен едәуір алшақ. Азиз Бейшеналиевтың бет-әлпеті Мұстафа Шоқайдың жас кезіндегі суреттеріне ұқсайды, ал ерексек шағындағы келбетінен ұқсастық табу қиын. Бұл жайт, ХХ-шы ғасырдың бірінші жартысында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, большевиктер партиясы тарапынан қысым көріп, эмиграцияға кетуге мәжбүр бола тұра, қазақтың ғана емес, жалпы түбі түркі халықтардың басын қосып, отыршылдықтан арылуыға, тәуелсіздікті құру үшін өмірінің соңына дейін жан-тәнімен күрескен ұлы Мұстафа Шоқайдың өмірі жайында шындықты көруге келген көрерменнің ықыласын су сепкендей басты. Көрермен қауым Мұстафа Шоқайды елі мен жерін бодандықтан құтқарып, өмірінің басты мұраты – Түркістан тәуелсіз автономиясын құрғысы келген батыл, ержүрек, кемеңгер күрескер, батыр азамат ретінде көргісі келді, экранда оның нақты ерлігімен танысуға үміттенді.

«Мұстафа Шоқай» фильмі туралы айтып кететін бір маңызды жайт бар. Бір жағынан жоғарыда айтып өткеніміздей актерлер өз кейіпкерлеріне ұқсамайды. Ал бұл холлиудтық кинолар моделінің қағидасына жат нәрсе болып табылады. Себебі, холлиудтық фильмдерде актер ойнап тұрған кейіпкеріне 100 пайыз ұқсауы керек. Бұл холлиуд киносының басты қағидасы, әрі артықшылық белгілерінің бірі. Мысалы, «Өмірге ұмтылыс» (1957) киносында суретші Винсент Ван Гогты ойнаған Керк Дуглас, «Малколм Икс» (1992) киносында 1960-шы жылғы афро-американдық қозғалыстың басшысы Малколм Икстың рөлін сомдаған Дэнзел Вашингтон, «Фрида» (2002) фильмінде мексикалық суретші Фрида Калоның рөлін сомдаған Сальма Хайек пен «Линкольн» (2012) фильмінде АҚШ-тың 16-шы президенті Авраам Линкольнді ойнаған Дэниэль Дэй Льюис осының айқын дәлелі. «Мұстафа Шоқай» фильмінің авторы басты рөлге кино және эстрада жұлдыздарын шақырған. Қырғыз актері Азиз Бейшеналиев «Мұстафа Шоқай» фильміне түскенге дейін ресейлік «Параграф 78: бірінші фильм» (2007) және «Параграф 78: екінші фильм» (2007) атты фильмдері мен бірнеше телесериалдағы рөлдері арқылы танылған. Ал Карина Абдуллина – танымал әнші, қазақ эстрадасының жұлдызы. Негізі бұл үрдіс те, яғни шоу-бизнес жұлдыздарын кино өнеріне тарту Холлиуд кино өндірісінің тағы бір моделі. Дей тұрғанмен, танымал адамдарға рөл берер сәтте фильм авторлары олардың ұқсастығын қаперге алмаған тәрізді. Соның салдарынан бас кейкерлер бейнесін көрермен қауымы қабылдамады. Белгілі кинотанушы Н.Рахманқызы: «Бүгінгі таңда белгілі бір тұлғаның өміріне арналған көркемсуретті фильмдер түсіру мәселесі тек біздің елде ғана емес, Орта Азия елдері киносында да өзекті әрі күрделі сұрақтың бірі болып отыр»,-деген [Рахманқызы Н., 2017,214 б]. ойына толық қосыламыз.

